

Ахмет Байтұрсынұлы

Тіл – құрал

Астана, 2009

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Тіл комитетінің тапсырысы бойынша дайындалған

Құрастырған: Е.Тілешов, филология ғылымдарының кандидаты

Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Алматы, «Сардар» баспасы,
2009 - 348 бет.

Жинаққа қазақ тіл білімінің негізін салушы Ахмет Байтұрсынұлының тілтану саласындағы еңбектері енгізілді. Атап айтқанда, «Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері», «Тіл – құрал. (Қазақ тілінің сарфы)» атты оқулықтары және автордың әліппи, емле, әдістеме жайында жазылған ғылыми және ғылыми-әдістемелік мақалалары да енгізілді. Кітап сонымен бірге алғысөзден, ғылыми түсініктемелерден, библиографиядан тұрады.

Кітап тілтанушы мамандарға, студенттерге, жалпы көпшілік қауымға арналған.

Қазақ руханиятының көсемі, қазақ тіл білімінің атасы

Ұлттың ұлт болып жасамағы үшін халық өзінің көсем боларлық перзенттерін туғызады. Олар тарихтың алмағайып шақтарында халқының басынан кешкен ауыртпалығын жеңілдетуге, оны өрге сүйреуге саналы ғұмырларын арнайды. Халқымыздың сондай көсем ұлы – Ахаң, әрбір қазақ тағзым етуге тиіс – Ахмет Байтұрсынұлы. Алаштың азаттық алу, халық санасын сілкіндіру мүмкіндігі берілген тарихи сәтте Ахаңның азаматтық ұлы жолы 1905 жылдардан басталды. Осы жылы ол Ә.Бөкейхан, Ж.Ақпаев, М.Дулатовтармен бірге Қоянды жәрмеңкесінде «Қарқаралы құзырхатын» ұйымдастырушылардың бірі болды. Бұл тарихымыздың бетбұрыс кезеңі болған Алаш қозғалысының басталуы еді. Осы уақыттан бастап өзінің саяси серіктерімен бірге Ахаңның қайраткерлік сапары басталып, кейін ол қаламгерлік, ғалымдық, ұстаздық сара жолға айналады. Оның саяси-әлеуметтік, ағартушылық мазмұндағы өлеңдері де осы жылдары жазыла бастады. 1909-1918 жылдар аралығы А.Байтұрсынұлы өмірінің қайраткерлік, шығармашылық алтын кезеңі болды. Осы жылдар аралығында «Қырық мысал», «Маса» жинақтары жарық көрді, «Қазақ» газеті шығып тұрды. Алашорданың Торғай облыстық комитетінің төрағасы, Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі ретінде тәуелсіздік үшін күреске түсті.

Халқымыздың рухани-мәдени өресі, тарихи жағдай – Ахмет Байтұрсынұлы тұлғасының басты үш қырын ашты. Олар: қайраткерлік, ғалымдық, қаламгерлік қабілеттері болатын. Ахаңның адами қабілеті ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігімен ұштасып, оны біз білетін ұлы тұлға деңгейіне жеткізді. Тұтас дәуірдің көсемі ретінде Ахаң халқына қалтықсыз қызмет ете отырып, өз тұрғыластарына да, өзінен соңғы ұрпаққа да зор ықпал етті. Ахаңның сол ұлы дәстүрі бүгінгі қазақтың да рухани қажетіне жарауда, Алаш баласының болашағымен бірге де өмір сүре бермек.

Ахаң салған осы кемел дәстүрдің бір тарауы – қазақ сөзінің қасиетін, табиғатын танытумен байланысты екендігі мәлім. Сондықтан да баршамыз оны қазақ тіл білімінің атасы дейміз. Оның бұл саладағы үлкен ізденістерінің басы – 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралы» болды. Бұл 1912-25 жылдар аралығында жеті рет басылған құрал, бұдан соң жарық көрген «Тіл құралдары» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс еді. Олар 14-15 жыл бойы қазақ балаларының бірнеше буынын тәрбиелеген, ана тілінің табиғатын танытқан қазақ тіліндегі басты кітаптар болды. Ахмет Байтұрсынұлының бұл кітаптарында тіліміздің бұғанға

дейін зерттелінбеген, жүйеленілмеген табиғатын ашып, оның фонетикалық, грамматикалық, стилистикалық жүйесі мен құрылымы дәйектелді. Тіліміздің дыбыстық жүйесін, лексикалық байлығын, сөз таптары мен сөз тұлғаларын, сөз қолдану мен сөйлем құраудың ерекшеліктерін танытқан көшбасшы ғалымның бұл еңбектері ана тіліміздің барлық негізгі заңдылықтарын қалыптастырды. Қазақ тілінің терминологиялық жүйесін жасаудағы ғалым еңбегі орасан зор. Байтұрсынұлы терминдері – тіліміздің термин жасаудағы байлығы мен бейімін, икемділігі мен әлеуетін ерекше байқатты. Оның терминдері қазақ тіл білімі саласында да, әдебиеттану ғылымы саласында да өміршеңдігін танытып, термин жасаудың кемел үлгісін көрсетіп, бүгіндері термин жасамның әдіснамалық, теориялық негізіне айналған. Қазақ тілінің оқулықтарын жазып, тіліміздің теориялық негіздерін жасаған А.Байтұрсынұлы – тілді игертудің, тіл табиғатын түсіндірудің амалдары мен әдістері жайына да ден қойып, ұлттық әдістеменің де негізін салды. Оның «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Әліп-би астары» кітаптары және мақалалары осы бағыттағы арналы ізденістерін, ұстаздың бай тәжірибесін көрсетті.

Ұлттық тіл біліміндегі, жалпы қазақ мәдениетіндегі өлшеусіз еңбегі – араб әріптерін негіз ете отырып, қазақтың жаңа әліпбиін өмірге келтіруі болатын. Халқымыздың рухани өмірінің бүтіндеушісі, түгендеушісі болған Ахаң қазақ баласының білім, ғылымды игеруінің алғышарты – төл әліпби қажет екендігін терең түйсініп, қазақ сөзін дәл бере алатын осы әліпбиін жасап шығарды. Бұл әліпби 1929 жылға дейін қолданылып, сол тұстағы тұтас буынның сауатын ашты. Ахаң әліпбиімен «Қазақ» газеті бастаған басылымдарымыз дүниеге келді. Жүсіпбек, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Бейімбет, Сәкен, Ілияс, Мұхтар, Сәбит, Ғабит бастаған қаншама қаламгерлердің шығармалары Ахаң әліпбиінде жазылды. Шетелдегі қазақтар әлі де осы әліпбиді қолдануда. 1920 жылдардың ортасында әліпби, жазу, емле мәселелеріне байланысты жиындарда, айтыс-тартыстарда Ахаң өз әліпбиінің оңтайлы екендігін сан дәлелдеді. Оның бұл ғылыми дәлелдері ұлы ұстаз-ғалымның білімі мен білік деңгейін, сөз сырын терең танудың кемел үлгісін байқатып берді.

Қайраткер ретінде де, ғалым-ұстаз ретінде де А.Байтұрсынұлы ұлтты тұтастырудағы, оның өмір сүруіндегі, рухани дүниесіндегі тілдің маңызы мен орнын ерекше бағалады. «Қазақ» газетіндегі мақалаларында ол үнемі тілді сақтау, дамыту мәселелерін көтеріп отырды. Тіл ұлттың жан дүниесі, сонымен бірге халықтың саяси-әлеуметтік өміріндегі пәрменді құрал ретінде оған айрықша мән берді. Сондықтан да ол тілдің ұлтты сақтаушылық, тұтастырушылық қасиеті мен маңызын терең түсіне

отырып: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» - деп жазды. Ахаңның тіл туралы терең тағылымдары бүгінгі заманымызбен үндесіп, ұрпақтың айта жүрер қанатты сөздеріне айналды.

Ахаңның қазақ тіл білімін қалыптастырудағы ұлы еңбегін атай отырып, біз оның және бір үлгісін ұмытпауымыз керек. Ол Ахаңның ғылым тілін, публицистикалық стилді қалыптастырудағы үлкен рөлі. Ол тілдің теориясын жасаушы ғана емес, сонымен бірге ғылыми, саяси, қоғамдық ойды берудің үздік үлгілерін көрсетіп берген қаламгер, көсемсөзші. Ол қолданған сөздер, оның сөйлемдері қазақ тілінің төл табиғатынан шығып, ұлттық ойлаудың деңгейін танытты. Асылы, Ахаң жалпы ұлт ісінің қай саласына болмасын білек сыбанып кіріссе де – қазақ баласының өзгемен тең болуын, білім өріне, мәдениет биігіне жетуін аңсады. Қазақ қоғамы үшін күрделі де қайшылықты болған жиырмамыншы ғасырдың бірінші ширегі қазақ мәдениеті, әдебиеті үшін ізденісті де, жемісті де жылдар болғаны белгілі. Осы кезеңде руханиятымыздың барлық саласына араласқан Ахаң тұтас буынның ұстазы болды. 1923 жылы қазақ тарихында тұңғыш рет мерейтой аталып өтілді. Ол Ахаңның елу жылдық мерейтойы болатын. Осы мерейтойда Ахаңды тұтас буынның ұстазы ретінде бағалаған Мұхтар Әуезов: «Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» деп ұлы ұстаздың көзі тірісінде үлкен тарихи бағасын берді. Ахаң туған халқының халін, рухани мұқтаждықтарын терең біле отырып, саралай келе, бүкіл саналы ғұмырын соларға арнады. Қазақтың рухани-мәдени дамуындағы ұлт тілінің айрықша маңызын терең сезіне келе, Алаш сөзінің табиғатын ашуға, қасиетін сездіруге қызмет жасады. Сондықтан Ахаң ойынан шыққан сөз, қаламынан туған еңбек қазақ баласының бүгініне де, ертеңіне де рухани жолбасшы болар деген берік сеніммен осы жинақты көпшілік қауымға ұсынуды жөн көрдік.

Е.Тілешов

Тіл – құрал

(Қазақ тілінің сарфы)

Бірінші жылдық
Орынбор – 1914

Сөз басы

Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедағы адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді.

Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Алыстан ауызбен сөйлесуге болмайды: жазумен дүнианың бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп жаза білуге: қай сөз қандай орында қалай өзгертіліп, қалайша біріне-бірі қиындасып, жалғасатын дағдысын білу керек. Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәтте жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде Һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде Һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін Һәр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс. Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, қазақ тілінің наху, сарфы да үйретілерге керек. Үш жылдық бастауыш мектептегі оқуға шамалап қазақ тілінің наху, сарфын бөліп, балаларға оқытуға ыңғайлы түрмен осы — «Тіл — құрал» деген кітапшаларды шығарудамыз.

«Тіл - құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл — қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезінде жат көрініп,

бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм орысша наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенмен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: онда арабша я орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа.

«Тіл — құрал» үш жылға бөлінгенде, бірінші жылда оқытуға ұйғарғанымыз: Сөйлеу мен сөйлемді айыру, сөз бен сөздің буынын айыру, буын мен буындағы дыбысты айыру, қазақ тіліндегі дыбыстар һәм оларға арналған харіфтер; Қазақ сөзіне жазылатын харіфтер турасындағы ережелер, қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары. Бірінші жылда үйретуге осы жеткілікті болар; үйткені, «Тіл — құралдағы» заттар қазақша һәм арабша алифбалардағы харіфтерді балалар үйреніп болғаннан кейін үйретіледі. Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал. Әсіресе, бірінші жыл оқылатын «Тіл — құралы» тіл білімінің негіз болғандықтан нық үйретілерге керек.

Қазақ тілі — түрік тілінің бір тарауы. Дүниядағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) Түбіршік тіл. 2) Жалғамалы тіл. 3) Қопармалы тіл. Түбіршік тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай һәм иапон тілдері. Жалғамалы тіл — сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл — сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болғандықтан жалғамалы. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей аяғына жалғау қосылып өзгеріледі. Жалғау екі түрлі: бірі сөздің тұлғасын өзгертсе де, ішкі мағанасын өзгертпейді, екіншісі сөздің тұлғасын да, мағанасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы тысқарғы, соңғысы ішкергі жалғау деп аталады. «Құлақ» деген сөзге «-тың» деген жалғау қоссақ, «құлақтың» болады. Тұлғасы өзгерілді, мағынасы өзгерілген жоқ. «Құлақтың» дегенде бастың мүшесінің атын көрсетеді. Егерде «құлақ» деген сөзге «-шын» деген жалғау қоссақ, «құлақшын» болады. Мұнда тұлғасы да, мағанасы да өзгерілді. «Құлақ» бастың мүшесін көрсетуші еді, «құлақшын» болған соң, басқа киетін киімнің атын көрсетіп тұр. Міні, сондықтан «-тың» тысқарғы, «-шын» ішкергі жалғау болады.

Екі түрлі жалғаудың тысқарғысы — сөйлегенде, жазғанда сөздерді біріне-бірін қиындастырып тізу үшін қажет, ішкергісі — бір мағаналы сөзден екінші мағаналы сөз шығарып, сөзден сөз туғызып, көбейтіп тілді байыту үшін қажет. Ішкергі жалғаудың бірсыпырасы осы бірінші жылдық «Тіл — құралда» сөз тұлғасын сөйлеген орындарда керсетілді. Тысқарғы жалғау туралы екінші жылдық «Тіл - құралда» айтылмақшы. Сөзді дұрыс

тізіп сөйлеу, әсіресе дұрыс тізіп жазу туралы үшінші жылдық «Тіл — құралда» айтылмақшы.

«Тіл — құралда» дағдыландыру, сынау деген сөздер ұшырайды. «Тіл — құралымен» балаларды оқытқанда, һәр қағида я ережені оқытқаннан кейін, балалар әбден түсіну үшін сөйлем сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айыртып үйрету. Солай бірнеше ірет істеп көрсеткеннен кейін балалар керек сөздерді өздері тауып, өздері айыруға дағдыланады. Сонан соң балалар дағдыланып, үйреніп болды ғой дегенде, нық біліп болған болмағанын байқау керек, сынау керек. Сынағанда үйренген қағида я ережелерді орнына келтіріп жаза ала ма? Жаза алмай ма? Соны сынау. Сондықтан мұғалім балалардың үйренген қағидасы, ережесі келетін сөздерді, ауыздан жаздыру тиіс. Яки, кітапшадағы жорта қате жазып қойған сөздерді дұрыстап жаздыру тиіс. Бір қағида я ережені балалар әбден үйреніп, тиісті орнында жұмсай білгеннен кейін ғана келесі қағида я ережені үйрету.

Сөз мүшелері Сөйлеу һәм сөйлем

1) Жер жұтуға тоймайды; От отынға тоймайды; Құлақ естуге тоймайды; Кісі ойға тоймайды; Бөрі қойға тоймайды.

Бұл сөйлеуде бес сөйлем сөз бар.

2) Еділ бойы тоғай бар, тоғай толған ноғай бар; Бурыл атта бұғау бар, оны да кесер егеу бар, сом темірге, балға бар, сом-сынғанға Алла бар. Бұл сөйлеуде алты сөйлем сөз бар.

Жоғарыда жазылған екі сөйлеуден көрінеді: бір сөйлеудің ішінде бірнеше сөйлем болатындығы. Алайық тағы да басқа бір сөйлеу, мәселен, «Аш бала тоқ баладай ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды» деген мақалды.

Бұл сөйлеудің ішінде екі сөйлем сөз бар. Оның бірі: «Аш бала тоқ баладай ойнамайды». Екіншісі: «Тоқ бала аш болам деп ойламайды».

Дағдыландыру. Төмендегі жазылған сөйлеулердің һәр қайсысының ішінде неше сөйлемнен барын айыртып, балаларды дағдыландыру керек.

Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады. Жоқтық ұят емес, байлық мұрат емес. Мал — жаным садағасы, жан — арым садағасы. Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз жігіт би болмас. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ. Сай сайға құяды, бай байға құяды, өзен өзенге құяды. Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ. Ашу дұшпан, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос. Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар

ұятқа. Шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңнан қалған құл емес. Атаң жаман кісі еді: ат бергеннің құлы еді, енен жаман кісі еді: Мәскеудің қара күні еді. Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ, қоян қолтық алысып, жығылсаң да арман жоқ.

Сөйлем һәм сөз

Бір сөйлемнің ішінде бірнеше сөз болады. Мәселен, «Аш бала тоқ баладай ойнамайды» деген сөйлемнің ішінде бес сөз бар: 1) аш, 2) бала, 3) тоқ, 4) баладай, 5) ойнамайды.

Алайық, «Тоқ бала аш болам деп ойламайды» деген сөйлемді. Мұның ішінде алты сөз бар: 1) тоқ, 2) бала, 3) аш, 4) болам, 5) деп, 6) ойламайды.

Дағдыландыру. Төмендегі жазылған сөйлемдердің һәр бірінің ішінде неше сөзден барын айырту.

Үлкен бастар, кіші қостар. Қоянды қамыс өлтірер, ерді намыс өлтірер. Орақшының жаманы орақ таңдайды. Хас жорғадан жортақ туар, хас батырдан қорқақ туар, хас шеберден шорқақ туар. Өз ақылын шамалаған қор болмас. Өзі білмес, өзгенің тілін алмас. Тентектің ақылы түстен кейін енеді. Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі, бетіне келер ұятын өзі біліп жуса игі. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада. Көп баланың ішіндегі қарт — бала болар, көп қарттың ішіндегі бала — дана болар. Білген кісі тауып айтады, білмеген кісі қауып айтады. Жібекті сақтай білмеген жүн етеді, қызды сақтай білмеген күң етеді.

Сынау. Төмендегі сөйлемдер ішінде неше сөзден бар екенін айырып, һәр сөйлемнің ішіндегі сөздерді бастан-аяқ нөмірлеп, жақша ішіне нөмірлерін қойып жазыңдар.

Үлгі: «Балалы үй базар» жазу керек: 1) балалы, 2) үй, 3) базар. Өлген келмес, өшкен жанбас. Берген алар, еккен орар. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Шам жарығы түбіне түспес. Аузы жаман елді былғар, аяғы жаман төрді былғар. Білегі толық бірді жығар, білімі толық мыңды жығар. Екі қатын алғанның дау үйінде, жаман қатын алғанның жау үйінде. Қайтып кірер есікті қатты серіппе. Төс табаны жайылған атан жүрер жол екен, төсегінен айрылған адам жүрер жол екен.

Сөз һәм буындар

Бір сөздің ішінде бірнеше буын болады. Мәселен, ат деген сөзде бір-ақ буын бар. А-та дегенде екі буын, а-та-лар дегенде үш буын; а-та-лар-ға

дегенде төрт буын; а-та-ла-ры-ма дегенде бес буын. Сөз буын санына қарай бір буынды, екі буынды, үш буынды, төрт буынды, онан көбі көп буынды сөз деп аталады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің буындарын айырту.

Бал, бала, балалар, сау, саулық, саусақ, сауда, саудагер, тай, тайау, тайғақ, тайлақ, тайғанақ, тайсалу, тайпалу, тайану, аш, ашық, ашқыш, ашқан, ашқарақ, ашқылтым, жан, дене, самай, сақал, мойын, кеуде, алақан, шеміршек, апа, қарындас, немере, нағашы, құдаша, қаз, қарға, қарақұс, қарлығаш, жапалақ, балықшы, жағалтай, күйкентай, безгелдек, қызғаншақ, қарғануға, сақтануға, аударуға, құлатуға, сескенуге, өстіруге, солқылдауға, сандырақтауға, шашыратуға, аударыстыруға, ұшыратуға.

Сынау. Төмендегі сөздерді буынға бөліңдер. Буындар арасына сызықша (-) қойыңдар.

Үлгі: сау-да, са-йақ, асық, тұш-қыл-тым, са-рым-сақ, мақ-та-ну-ға, жал-пыл-дау-ға, а-тыс-ты-ру-ға.

Ел құлағы елу. Бұлт ала, жер шола. Дауыл болмай, жауын болмас, ит баласы сауын болмас. Жақсы келсе құт, жаман келсе жұт. Тисе терекке, тимесе бұтаққа. Ер туған жеріне, ит тойған жеріне. Көп қорқытады, терең батырады. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алар. Арзанның сорпасы татымас. Бақыр қазан піскені баршамызға пайдалы. Көшсе, көш қасындамыз, отырса, от басындамыз. Үйге келгенде, үйдей өкпенді айтпа. Ас қадірін білмесең, ашаршылық берер сазанды, ат қадірін білмесең жайаушылық берер сазанды. Шақырғандарға бар, шаққандардан қаш. Шақырғандарды шақырармын, шақырмағандарға қақырармын.

Буын һәм дыбыс

Бір буынның ішінде бірнеше дыбыс болады. Мәселен, не?» «же!», «мә!», «ат», «аш» деген сөздердің ішінде бір-бір буыннан бар. Мұндағы һәр буында екі-екі дыбыстан бар. «Н-е?» (бірінші дыбыс «н», екінші дыбыс «е»), «ж-е!» (бірінші дыбыс «ж», екінші дыбыс «е»), «м-ә!» (1-ші дыбыс «м», 2-нші дыбыс «ә»), «а-т» (1-інші дыбыс «а», 2-нші дыбыс «т»), «а-ш» (1-нші дыбыс «а», 2-нші дыбыс «ш»).

Қап, бас, жел, күл, мес, сор, бай, жау деген сөздер бір буынды, бірақ бұлардың һәр буынында екіден емес, үш-үштен дыбыс бар: қ-а-п, б-а-с, ж-е-л, к-ү-л, м-е-с, с-о-р, б-а-й, ж-а-у.

Бір дыбысты буындар да болады. Мәселен, а-ра, а-та, а-ғу, а-су, а-зу, а-сы деген сөздердің бірінші буындарында бір-бір дыбыстан, екінші буындарында екі-екі дыбыстан бар.

Дыбыс таңбасын харіф деп атаймыз. Сондықтан жазған сөз ішінде пәлен харіф бар дейміз; айтқан сөз ішінде пәлен дыбыс бар дейміз. Дыбыс һәм харіф – екеуі екі басқа нәрсе. Біріне-бірін қатыстырып шатастырмасқа тиіс. Дыбыс естілетін, көрінбейтін нәрсе, харіф көрінетін, естілмейтін нәрсе.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің буындарында неше харіфтен бар екенін айырту.

Ақ, тоқ, саз, бет, күн, ай, бай, сай, тау, бау, ана, ара, жала, шана, азы, аты, асы, жасы, саны, жаны, аран, ажар, сараң, салақ, сарай, солай, бұлай, асау, жалау, тонау, ұзау, бұрау, арзан, шортан, бұршақ, қармақ, салмақ, алмалы, салмағы, тармағы, шарбағы, атпаған, жатпаған, қалмаған.

Сынау. Төмендегі сөздерді буынға бөлу, һәр буындағы харіфтің санын буын үстіне сипрмен қою керек.

Жарлы болсаң, арлы болма. Бар болсаң таспа, жоқ болсаң саспа. Барымен базар, жоқты қайдан табар. Пайдасыз болса, байдан без, панасыз болса, сайдан без. Бар мақтанса, табылар, жоқ мақтанса, шабылар. Талтаңдасаң, талтаңда! Ақшаң болса қалтаңда. Күлме досыңа, келер басыңа. Досқа күлкі, дұшпанға таба болма. Ақшаны жолда тапсаң да санап ал. Аңдамай сөйлеген ауырмай өлер. Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай құнаннан. Сыйыр сыйпағанды білмес, жаман сыйлағанды білмес. Кеше білмес жамандар, көшсе көлік өлтірер, сөйлей білмес жамандар, сөзді өзіне келтірер.

Қазақ сөзіндегі дыбыстар һәм олардың харіфтері

Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Олардың харіфтері мынау:

(а) ا (б) ب (п) پ (т) ت (ж) ج (ш) ش (д) د (р) ر (з) ز (с) س (ғ) غ (к) ق (к) ك (г) گ (н) ن (л) ل (м) م (н) ن (о) و (ұ) ؤ (и) ي (е) ه (ы) ي .

Дыбыстар дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болады. Соған қарай харіфтер де дауысты, дауыссыз һәм жарты дауысты болып бөлінеді.

Дауысты харіфтер: ا a, و o, ؤ ұ, ي ы-и, ي , ه e.

Сынау. Төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауысты харіфтердің астын сызып көрсетіңдер.

Басқа келген бәледен бастан құлақ садаға. Соқыр көргенінен жазбас. Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе. Бір аштың бір тоқтығы бар. Не ексең, соны орасың. Таспен ұрғанды аспен ұр. Құлақ естігенді көз көрер. Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек. Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсың. Берген жомарт емес, алған жомарт. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Өгізді өрге салма, қанатың

талар, жаманға жүзің салма, сағың сынар. Адасқанның артындағысы білер, жаңылғанның жанындағысы білер.

Дауысты дыбыстар сөз басында келсе, олардың харіфтерінің алдына сүйеу таяқ қойылып жазылады.

Дауыссыз харіфтер: (б) ب , (п) پ , (т) ت , (ж) ج , (ш) ش , (д) د , (р) ر , (з) ز , (с) س , (ғ) غ , (қ) ق , (к) ك , (г) گ , (ң) ڭ , (л) ل , (м) م , (н) ن .

Сынау. Төмендегі сөздерді буынға бөліп, буын ішіндегі дауыссыз харіфтердің астын сызып көрсетіндер.

Басқа келген бәледен бастан құлақ садаға. Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе. Бір аштың бір тоқтығы бар. Не ексең, соны оарсың. Таспен ұрғанды аспен ұр. Құлақ естігенді көз көрер. Ағаш көркі жапырақ, адам көркі шүберек. Кімнің жерін жерлесең, соның жырын жырларсың. Берген жомарт емес, алған жомарт. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Өгізді өрге салма, қанатың талар, жаманға жүзің салма, сағың сынар. Адасқанның артындағысы білер, жаңылғанның жанындағысы білер.

Жарты дауысты, яки орта дыбыстардың өз алдына оңаша харіфтері жоқ. Олардың орнына бүтін дауысты «у» һәм «й» харіфтері жүреді. Жарты дауысты дыбыстардың харіфтері екендігі дауысты дыбыстардың соңынан я алдынан бір буында келгенінен ғана байқалады. Бір буынның ішінде дауысты дыбыстардың соңында я алдында «у» я «й» тұрса, ол жарты дауысты харіфтер болады, мәселен: «ау» деген сөзде «у» дауысты харіфтің соңында тұр. Мұнда «у» бүтін емес, жарты дауысты харіф. «Ай» деген сөзде «й» дауысты харіфтің соңында тұр. Мұнда «й» бүтін емес жарты дауысты харіф, «у» һәм «й» харіфтері дауысты дыбыстарға да, жарты дауысты дыбыстарға да ортақ харіфтер болғандықтан, «тел» харіфтер деп аталады. Жарты дауысты харіфтер шолақ «у», шолақ «й» деп те аталады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты «у һәм «й»-лерді айырту.

Бай - байға құяр, сай-сайға құяр. Өзі тойса да көзі тоймайды. Айбар керек, әл керек, әлсіз айбар не керек? Ауру қалса да әдет қалмайды. Денсаулық – зор байлық. Айналырған ауру алмай қоймас. Сарт байыса – там салар, қазақ байыса – қатын алар. Тойға барсаң, тойып бар, жұмысыңды қойып бар. Ат аяғын тай басар. Аюдан қорыққан тоғайға бармас. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Тай тулап үйірінен шықпас. Ішің удай ашыйды, һеш амал жоқ етерге.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі жарты дауысты харіфтердің астын сызып көрсетіндер.

Той – тондынікі, ас – аттынікі. Бәрің бірдей тойшы болсаң, қу боларсың, бәрің бірдей қойшы болсаң, құл боларсың. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. Май сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер. Түйенің үлкені көпірде таяқ жейді. Бір байдың жұртына екі тышқан таласыпты. Ат аунаған жерде түк қалады. Атты қамшымен айдама, жеммен айда. Қойшы көп болса, қой арам өлер. Атпен ойнасаң, күйерсің, баламен ойнасаң, шаршарсың. Соңғы түйенің жүгі ауыр. Тай тулап, үйірден шықпас. Шірікке шыбын айналар. Жыртық үйге тамшы үйір, арық атқа қамшы үйір. Байтал шауып бәйге алмас. Екі кеме құйрығын, ұста, жетсін бұйрығын.

Дауыссыз дыбыстардың кейі қатаң, кейі ұяң болады. Соған қарай харіфтері де қатаң һәм ұяң деп аталады. Қатаң харіфтер: б, п, т, д, ш, с, г, қ, к, г.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң харіфтерді айырту.

Соқырдың қолына түспе, саңыраудың астына түспе. Берсең — аларсың, ексең — орарсың. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Базарға бар да, бағың сына. Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол, қызың өссе, қылықтымен ауыл бол. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер. Бүркіт қартайса, тышқан аулар. Ит жеңгенін талайды. Қуда сүт жоқ, жылқыда өт жоқ.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі қатаң харіфтердің астын сызып көрсетіндер.

Өлген келмес, өшкен жанбас. Жақсы келсе – құт, жаман келсе – жұт. Тисе терекке, тимесе бұтаққа. Жемісті ағаштың басы төмен. Көп тілегі көл. Ел құлағы елу. Жеті рет піш, бір рет кес. Көз қорқақ, қол батыр. Жер анасы, мал баласы. Күлме досыңа, келер басыңа. Тамыр тартқан тарықпас. Сақтықта қорлық жоқ. Шөп біткен жерге бітер. Аспанға қарай оқ атпа, өзіңнің түсер басыңа. Аш тамағым, тыныш құлағым. Тез қасыңда қисық ағаш жатпас. Шам жарығы түбіне түспес. Қойшы көп болса, қой арам өлер. Ит семірсе, иесін қабар. Ат аунаған жерінде түк қалады. Аман болса бұл басым, тағы шығар бұл шашым.

Ұяң харіфтер: ж, р, з, л, м, н, ң.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің ішіндегі ұяң харіфтерді айырту. Талтаңдасаң талтаңда, ақшаң болса қалтаңда. Берсең аларсың, ексең орарсың. Базар бар да бағың сына. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы. Асың барда ел таны, атың барда жер таны.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі ұяң харіфтердің астын сызып көрсетіндер.

Жақсыдан жаман туады, жүйріктен шабан туады. Тон жағасыз болмас, ел ағасыз болмас. Батыр ортақ, бай ортақ, төресі әділ би ортақ. Ханның басын хан жұтар, қардың басын қар жұтар. Сенікі, менікі деген – көңіл тарлығы; әрі жат, бері жат деген - төсек тарлығы. Тау мен тасты су бұзар, кісі арасын сөз бұзар. Ат ерінді келер, ер мұрынды келер. Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырларсың. Берген жомарт емес, алған жомарт.

Ұяң хари́фтер өзара екіге бөлінеді: 1) Ымыралы хари́фтер. 2) Ымырасыз хари́фтер. Ымыралы хари́фтер: ж, р, з, л. Ымырасыз хари́фтер: м, н, ң.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді көшіріп, ымыралы хари́фтердің астын бір сызып, ымырасыз хари́фтердің астын екі сызып көрсетіңдер.

Сан тимеске сан тиді, табақ-табақ нан тиді. Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы дер. Көне садақты деме, атқанын көрерсің, көне етікті деме, атасын білерсің. Жорға мінген жолдасынан айрылады, көп жасаған құрдасынан айрылады. Жығылған күреске тоймас. Саяқ жүрсең, таяқ жерсің. Тыңдамасқа сөйлеген есіл сөзім, жыламасқа жылаған екі көзім. Аузы күйген үріп ішер. Жеген білмес, тураған білер. Бұйдалаған тайлақтай, жетелеген мойнақтай. Көңіл кірі айтса кетер, көйлек кірі жуса кетер. Шын жомарт жоқтығын елемес, шын жүйрік тоқтығын елемес. Түлен түртпесе, түнде қайда барасың?

(Жазу) қағидалары

I-інші ереже

«А» дыбысының харфі сөз басында (ا) мен жазылады, басқа орында (ء) жазылады. Мәселен: **ات** (ат), **قوراق** (құрақ), **جيرا** (жыра).

Сынау. Төмендегі сөздердің (г) жазылатындарына оны қойып, қойылмайтындарына қоймай жаздырту.

Ауру астан, дау қарындастан. Отпен ойнама, күйерсің, баламен ойнама шаршарсың. Ұлың өссе, ұлықтымен ауыл бол, қызың өссе, қылықтымен ауыл бол. Ел ерге қарайды, ер жерге қарайды. Аузың қисық болса, айнаға өкпе жоқ. Иесін сыйлағанның итіне сүйек таста. Ер қапталы батқанын иесі білмес, ат білер, ағайынның азғанын ағайын білмес, жат білер. Арпа-бидай ас болар, алтын-күміс тас болар. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала.

Ескерту. Сөз басында «ا» дыбысы жоқ жерде ا харфі тұрса, ол басқа дауысты дыбысқа сүйеу үшін қойылған таяқ есебінде қойылса да айтылмайды.

2-нші ереже

«О» дыбысы сөздің бас буынында ғана естіледі. Басқа буындарында һәм дауысты дыбыстардан соң қазақ сөзінде һеш орында естілмейді, сондықтан бас буыннан басқа орында яки дауысты дыбыстан соң **ә** (о) жазылса, **ә** (ү) қылып оқу тиіс.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіртіп, **ә** (о) келетін жеріне **ә** (о) қойдырып, **ә** (ү) келетін жеріне **ә** қойдырып жаздырту.

Күресін қар көбейтер, қара қарын дау көбейтер. Бәрің бірдей қойшы болсаң, құл боларсың, бәрің бірдей тойшы болсаң – қу боларсың. Ауыл қонағы айда-жылда бір қонар. Құтты қонақ келсе, қой егіз табар, құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабар. Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман. Ас – адамның арқауы. Аман болса бұл басым, тағы шығар бұл шашым. Дертін тұмау болсын, қысың тұман болсын. Татулық – байлық. Төртеу түгел болса, төбедегіні алады, алтау ала болса, ауылдағы кетеді. Бай бір жұттық, батыр бір оқтық. Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп құлағынан айрылған. Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгірер.

3-нші ереже

«у» қысқа айтылатын дыбыс, «у» ұзын естілсе, ол жерде екі «у» болғандықтан, оның алдыңғысы бүтін «у», соңғысы жарты «у» - шолақ «у», «у» ұзын естілетін жерге екі «у» жазу тиіс.

Мысал: тұмсық, тұра, тұра, сұлу, суу.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіртіп, бір «у» жазатын жерге бір «у», екі «у» жазатын жерге екі «у» жаздыру.

Сұрап бергенше, соғып бер. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың. От пен су – тілсіз жау. Ер туған жеріне. Сиыр судан жерір, су сиырдан жерір. Егіз қозыдай тату бол. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ. Хакім тура болмаса, жұрт бұзылар, сауда таза болмаса, нарық бұзылар. Қуда сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. Шешінген судан тайынбас. Ұялған тек тұрмас. Сұлу – сұлу емес, сүйген сұлу. Рудан аз – адасқан қаз. Татуда бота тату. Сүмбіле туса, су суыр. Ашу келсе ақыл кетер, ашудан ақыл көп болса, ашу не етер. Қуыс үйден құр шықпас.

Қарны ашқан ханға қарайды; суыққа тонған күнге қарайды. Білегі жуан бірді жығады, білімі жуан мыңды жығады (жорта қаталы).

4-нші ереже

Шолақ **ә** (у) дауысты дыбыстардан соң ғана естіледі; сондықтан дауысты харіфтерден соң жазылған у шолақ болады. Бүтін «у» һеш орында дауысты харіфтен соң жазылмайды. Мәселен, *тау*, *туу*, *кеуде* деген сөздерде ірі жазылған харіфтер шолақ «у», «у» дыбысы ұзын естілетін орындарға екі «уу» жазылады. Тіпті ұзын естілетін орындарға

үш уу жазылады. Дауыссыз дыбыс соңында бас буыннан басқа орында яки дауысты дыбыс соңында, қай буында болса да, «у» үтірсіз жазылса да кате болмайды.

Сынау. Төмендегі сөздердің ішіндегі шолақ «у»-лардың астын сызып көрсетіндер.

Сөз сөзден тұады, сөйлемесе неден тұады?

Жақсы болсаң, жердей бол, бәрін шыдап көтерген, таза болсаң сұдай бол, бәрін жұуып көтерген. Жақсыдан жаман тұады, жүйріктен шабан тұады. Ерден тұуған қырымға қарайды, иттен тұуған жырымға қарайды. Қатты жерге су төксең, сұуыққа тайғақ болар, жаманға сырынды айтсаң, таршылықта айғақ болар. Аяғы жаман төрді былғар, аузы жаман елді былғар. Көсеу ұзын болса, қол күймес. Жел аударған қаңбақтай, сұу аударған діңгекдей. Күйеу жүз жылдық, құда мың жылдық. Дауыл болмай, жауын болмас; шұуақ болмай, қауын болмас; ит баласы сауын болмас; дау аяғы ауыл болмас, ауыл болса да, тәуір болмас. Дауды азсынба: көздей іс көлдей болууы оңай, көл сұуалмағы қиын. Тарыдай іс таудай болууы оңай, тау таусылмағы қиын.

Бұл мәтінде уу, уу әріптер тіркесі әдейі жазылды. Бітеу буын деген бас харфі де аяқ харфі де дауыссыз, яки жарты дауысты буын.

Ашық буын: бас харфі, я аяқ харфі дауысты буын.

5-нші ереже.

«Ы» харфі бас буында һәм барша бітеу буында жазылмайды. Ашық буында қалмай жазылды. Мәселен: «мысық» жазылады «ы»-сыз «мск» **مسیق** болып «мысығына» деген сөзде «ы» қалмай «мысығына» болып жазылады. Үйткені: «мы-сық» деген сөзде екі буын, бір буын «мы», екінші буын «сық», «мы» буынға-«ы» жазбаймыз бас буын болғандықтан, «сық» буынға «ы» жазбаймыз бітеу буын болғандықтан, сүйткен соң «мысық» **میسیق** (болып жазылмай, «мск» **مسیق** ғана болып жазылады «мысығына» деген сөзді буынға бөліп, харіфтерін түгел жазсақ, мәселен, «мы-сы-ғы-на» деп төрт буын болады. Бас буынға «ы» жазбаймыз: басқа «сы», «ғы» буындарға жазамыз, үйткені бұлар ашық буындар.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, «ы» жазылатын буындарына «ы» жазындар.

Алтын алма, алғыс ал, алғыс алтын емес пе? Асың-асың асыңа, береке берсін басыңа. Сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі. Жақын жолдың алысы жаман. Құлды құл десең, өлгісі келер, биді құл десең, күлкісі келер. Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын. Жаманнан жақсы туады, адам айтса нанғысыз, жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз. Дәм-тұзым тат, расынды айт. Өтірік деген дұшман бар, отқа сүйреп салады. Арамзаның

құйрығы тұтам. Жарлының байлығы – денінің саулығы. Ерте тұрғанның ырысы артық. Төсегіңе қарап, аяғыңды көсіл. Жарлылықтан жақсы жоқ: жатып ішер ас болса. Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жалғызын сойғызар. Барлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді. Шөбі жоқ деп жерден түңілме, малы жоқ деп ерден түңілме.

6-ншы ереже.

Шолақ «й» дауысты дыбыстардың ғана соңында я алдында естіледі. Сондықтан, дауысты дыбыстардан соң жазылған «и» бүтін «и» емес, шолақ «й» болады. Мәселен, тай, қойлар, құймақ, кій деген сездердегі «й»-лер. Бұл ережеге теріс сияқты көрінер «и» жазылмайын бас буындар. Мәселен «қыйсық» деген сөзде шолақ «й» дауыссыз «қ»-ның соңынан келіп тұр. Олай болғаны бас буында бүтін «и» жазылмағандықтан.

Бас буыннан басқа орындарда «и» ұзын естілген жерлерге екі «и» жазылады, тіпті ұзын естілген орындарға үш «и» жазылады.

«ы» бас буыннан басқа жерде шолақ «й»-дің алдында бір буынның ішінде келсе, бітеу болса да, қалмай жазылады.

Сынау. Төмендегі сөздерді кешіріп, шолақ «й-лердің астын сызып көрсетіндер.

Бай байға құяр, сай сайға құяр. Аузы қыйсық болса да, байдың ұлы сөйлесін. Ақшалының қолы ойнар, ақшасыздың көзі ойнар. Байғұстың аузы асқа тисе, мұрны қанайды. Кедейдің бір асағаны – шала байығаны. Тату болсаң балдай бол, араз болсаң тұздай бол. Айрылайын деген тамыр ердің артқы қасын сұрайды. Көз ауырса, қолың тый. Ит жүйрігін түлкі сүймес. Айналдырған ауру алмай қоймас. Ұры байымас, сұқ семіrmес. Жаманменен кеңессең, алдайды дер, жаман атпен су кешсең, жалдайды дер. Күнге күле сөйлесең, көйлегіне жамау сұрар. Аталы сөзді арсыз қайырар, жүйелі сөзді жөнсіз қайырар.

7-нші ереже

А, о, ы дыбыстары жіңішке естілетін сөздердің алдына дәйекші (ё) қойылады. Бұл дыбыстар жіңішке естілсе де, дәйекші қойылмайтын сөздер: к, г, е кіріскен сөздер.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп «ё» қоярлық сөздердің алдына дәйекші қойыңдар.

Өзіміздікі дегенде өгіз қара күшім бар, кісінікі дегенде қол тимейтін ісім бар. Иесі семіз, аты арық: тұз жұтынан сақтасын; қатыны семіз, ері арық: үй жұтынан сақтасын. Баланың сөзі батпандай, келіннің сөзі кетпендей. Ағаны көріп, іні өсер, апаны көріп, сіңлі өсер. Атасы басқа аттан түс, аталасым атқа мін. Түбі бірге түтпейді. Көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз. Өзі білмес, білгеннің тілін алмас. Бір көрген біліс, екі көрген таныс. Түсі қара болса да, іші сара. Ит жеңгенін талайды.

Шортанның өзі өлсе де, тісі өлмес; адамның өзі өлсе де, ісі өлмес. Білімсізбен алыспа, текке өмір тауыспа. Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. Оқу – білім азығы, білім — ырыс қазығы. Жібек асыра алмаса жүн болады, қыз асырай алмаса күң болады. Бала, баланың ісі шала. Інісі бардың тынысы бар. Сенікі, менікі деген көңіл тарлығы, әрі жат, бері жат деген төсек тарлығы (бұлар дәйекшісіз жорта қате жазылған).

8-нші ереже

«» сөздің бас буынында ғана жазылады. Басқа буындарда «» жазылады. Мәселен: ерке, кереге, терезе, келеке.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, (*) қойылған жерлерге тиісіне қарай , «», «» харіфтерін қойыңдар.

Жұрнақтар

1) Жұрнақ «-лық». Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки «р» болса осы «-лық» күйінде жалғанады; мәселен, бала - ба-лалық, жау - жаулық, қу - қулық, жабы - жабылық, бай - байлық.

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, жұрнақ -лық өзгеріліп, -дық болып жалғасады, мәселен, қымыз - қымыздық, хаж - хаждық, сал - салдық, қом - қом - дық, хан - хандық, аң - аңдық.

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, -лық, жұрнағы -тық болып жалғасады, мәселен, қап - қаптық, жұрт -жұрттық, аш - аштық, жас - жастық, сақ - сақтық.

Жіңішке сөздерде «-лық» орнына «-лік», «-дық» орнына «-дік», «-тық» орнына «-тік» болып жалғасады, мәселен, ер — ерлік, ел — елдік, тең — теңдік, ерке — еркелік, кедей — кедейлік, көп — көптік.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерге «-лық» жұрнағын жалғатып туынды сөз еткізу.

Бас, қас, мұрын, ауыз, ерін, тіл, қабырға, арқа, тері, өкпе, бел, тамыр, сан, тізе, балтыр, өкше, ұлтан, ата, ұл, аға, іні, апа, жиен, күйеу, бажа, құда, жігіт, қарт, шал, ас, су, шөп, от, ине, ат, жорға, айғыр, бұқа, қошқар, ит, қасқыр, түлкі, маймыл, ай, күн, жарық, қар, құйын, жыл, шілде, күз, түс, түн, күміс, төс, ала, сау, батыр, қу, жақын, зор, игі, жаман, тірі, нашар, қатты, семіз, жауыз, рас, ірі, қисық, сұлу, көркем, әдемі, мықты, жуас, ұяң, әңгі, монтаны, қиын, паң, аңқау, нас, салақ, шапшаң, таз, бос, дұрыс, тура, соқыр, сараң, тоқ, мас, сұм.

2) Жұрнақ «-шы». Бұл жұрнақ жуан-жіңішке сөздерге бірдей жалғанып, бірдей жазылады, бірақ жуан сөзде жуан айтылады, жіңішке сөзде

жіңішке айтылады. Мәселен, мал — малшы, ел — елші, жылқы — жылқышы, түйе — түйеші, алау — алаушы, егін — егінші.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-шы» жұрнағын қостырып, туынды сөз еткізу.

Аң, өлең, нан, үй, пеш, аяқ, қазан, темір, көмір, қырман, орақ, ат, бие, сиыр, балық, ойын, жыр, домбыра, қобыз, сырнай, арба, қарауыл, отын, шалшық, алтын, күміс, сыр, балта, бата, ара, етік, тігін, ой, той, төсек, өтірік, қала, базар, бас.

3) Жұрнақ «-шыл». Бұл жұрнақ та жуан-жіңішке сөздерге бірдей жалғанып, бірдей жазылады, жуан сөздерде жуан болып айтылады, жіңішке сөздерде жіңішке айтылады. Мәселен, қазақ — қазақшыл, жетек — жетекшіл, қара - қарашыл, күн - күншіл, қайғы - қайғышыл.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-шыл» жұрнағын қостырып туынды сөз істету.

Тер, кір, жер, қайың, төл, кек, есеп, ауыл, су, қымыз, жұрт, соқа, аян, өсек, жетек, уайым, тәуекел, ырым, амал, қызыл, өзім, өзге, ойын, шын, басқа, ертең, бүгін, еркін, тор, көп, тәсіл, әдіс.

4) Жұрнақ «-лас». Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки «р» болса, осы «-лас» күйінде жалғасады, мәселен, қора - қоралас, ау ~ аулас, ай - айлас, ақы - ақылас, сыр- сырлас.

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса «-лас» орнына «-дас» болып жалғасады. Мәселен, жол - жолдас, мұң -мұңдас, қан - қандас, ым — ымдас, тұз - тұздас.

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «-лас» орнына «-тас» болып жалғасады. Мәселен: от — оттас, тап — таптас, ошақ — ошақтас, қос — қостас, борыш — борыштас.

Түбір сөз жіңішке болса, «-лас» орнына «-лес», «-дас» орнына «-дес», «-тас» орнына «-тес» болып жалғасады, мәселен: төбе — төбелес, көл — көлдес, жер — жерлес, тілек — тілектес, шек — шектес, шөп — шөптес.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-лас», «-лес», «-дас», «-дес», «-тас», «-тес» жұрнақтарын жалғатып туынды сөз еткізу.

Бас, бауыр, бу, тізе, өкше, ата, қайын, құда, тоғай, сабақ, табақ, су, егін, туыс, заман, әріп, қарын, тұқым, қара, әлек, одақ, ақыл, пайда, жарна, қырман, соқа, үн, жайлау, суат, көңіл, бата, аяқ, отан, ру, енші, ен, таңба, ірге, сыбай, ұл, өріс, құдық, тек, дәм, олжа, аман, тілеу, от, шабын, қоныс, бөлік, сыбаға, кіндік.

5) Жұрнақ «-лы» — түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки «р» болса, осы «-лы» күйінде жалғасады, мәселен: бала — балалы, тау — таулы, тай — тайлы, қар — қарлы.

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «-лы» орнына «-ды» болып жалғасады; мәселен: мал — малды, саз — сазды, мұң — мұнды, сан ~ санды.

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, «-лы» орнына «-ты» болып жалғасады, мәселен: сап ~ сапты, ат — атты, тас — тасты, құлақ — құлақты, бұрыш — бұрышты.

Түбір сөз жіңішке болса, жұрнақтар да жіңішке болып жалғасады. Мәселен: шеге — шегелі, түйе — түйелі, тіреу - тіреулі, кегей - кегейлі, үрей – үрейлі, тек - текті, жел — желді, жер - жерлі, күш — күшті, ес - есті.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-лы» жұрнағын қостырып, туынды сөз еткізу.

Кісі, адам, дене, бас, шаш, сақал, самай, иек, мұрт, маңдай, кеуде, жүрек, бүйір, қарын, тамыр, тізе, табан, тобық, ата, ана, аға, іні, күйеу, жаға, етек, тон, мақта, ет, қымыз, айран, су, шөп, тары, сұлы, жуа, ағаш, мойыл, үй, томар, жылқы, жорға, құлын, бота, шағала, аң, аю, қасқыр, балық, ақша, бүйі, май, сүмбе, құндақ, алтын, күміс, ақыл, ес, үміт, сана, саңылау, қайғы, ашу, құла, күрең.

б) Жұрнақ «-лау» - түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки «р» болса, осы «-лау» күйінде жалғасады. Мәселен: бала - балалау, қара -қаралау, тау - таулау, сұлу - сұлулау, тар — тарлау, жар — жарлау.

Түбір сөздің аяғы «ұяң» дыбыс болса, «-лау» орнына «-дау» болып жалғасады. Мәселен: шал — шалдау, паң — паңдау, аз — аздау, шын — шындау.

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, «-лау» орнына «-тау» болып жалғасады. Мәселен: ақ — ақтау, жас — жастау, аш — аштау. Түбір сөз жіңішке болса, жұрнақ да жіңішкереді: «-лау» орнына «-леу», «-дау» орнына «-деу», «-тау» орнына «-теу» болып жалғасады. Мәселен: көне - көнелеу, ірі — ірілеу, кір — кірлеу, семіз — семіздеу, кең — кеңдеу, кем — кемдеу, төмен – төмендеу, көк — көктеу, сирек — сиректеу.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-лау» жұрнағын қостырып, туынды сөз еткізу.

Жаман, меңіреу, батыр, ер, ку, сұр, сары, кедей, жақын, жуық, үлкен, зор, өткір, биік, ескі, қызық, сасық, бүкір, қалың, жұқа, ыссы, суық, керең, терең, жылтыр, тегіс, жақсы, қымбат, алыс, ұзын, арзан, нашар, сұйық, ащы, жауыз, ерке, бұзық, тіке, қысқа, шолақ, көркем, жуас, ұяң, жеңіл, оңай, ылас, ылай, жас, ұсак, аласа, салақ, нас, сақау.

7) Жұрнақ «-сыз». Бұл жұрнақ түбір сөзге һәман осы күйінде қосылады. Жуан сөзге қосылса, жуан болып айтылады, жіңішке сөзге қосылса, жіңішке айтылады. Мәселен: құлақ — құлақсыз, иек — иексіз.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-сыз» жұрнағын қостырып, туынды сөз еткізу.

Бас, аяқ, қол, жол, пұл, жем, жең, тек, тең, ем, жел, көл, бет, еп, ат, кой, түйе, мал, ет, сүт, сорпа, нан, жан, ел, күн, бала, жала, қала, қора, албар, ау, тау, бота, жота, күй, ін, ой, от, құт, бақ, жақ, оқ, серік, ар, жар, түр, төл, түп, төл, түп, жіп, мұң, сан, тон, дақ, дәт, дәм, дәме, мін.

8) Жұрнақ «-ғы». Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, осы «-ғы» күйінде жалғасады. Мәселен: бұрын — бұрынғы, ар — аргы, соң - соңғы. Түбір сөз жіңішке болса, «-ғы» жұрнақ «-гі» болады. Мәселен: кеше — кешегі, бүгін - бүгінгі, кейін — кейінгі, төмен - төменгі.

Қатаң дыбыстардан кейін жуан сөздерде «-қы» болып, жіңішке сөздерде «-кі» болып өзгереді, мәселен: арт — артқы, сырт — сыртқы, түп – түпкіт, шет — шеткі.

9) Жұрнақ «-еке». Бұл жұрнақ түбір сөзге жалғаспай сызықпен бөлініп жазылғаны қолайлы: «еке» деген жұрнақ -еке деген сөзден азып болған сөз: би-еке, төре-еке, батыр-еке, Нұр-еке, әке-еке, аға-еке, шеше-еке.

10) Жұрнақ «-ншы». Бұл жұрнақ жуан сөзге жалғасса, жуан айтылады, жіңішке сөзге жалғасса, жіңішке болып айтылады. Мәселен: бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиыrmасыншы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерге «-ншы» жұрнағын қостырып, туынды сөз еткізу.

Он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз, жиырма тоғыз, отыз сегіз, қырық жеті, елу алты, алпыс бес, жетпіс төрт, сексен үш, тоқсан екі, бір жүз, он мың, жүз мың, жүз он, жүз жиырма.

11) Жұрнақ «-у». Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты дыбыс болса, яки жарты дауысты «у» болса, осы күйінде бір «у» болып жалғанады. Мәселен, қара -қарау, аса — асау, өте - өтеу, бу - буу.

Түбір сөздің аяғы дауыссыз дыбыс, яки жарты дауысты «у» болса, «-у» жұрнағы екі уу болып жалғасады; мәселен, ат-ату, қи-қию. Ескерту. Түбір сөздің аяғы «**у**» болса, «у» жұрнағы болып қосылады.

Оның мәнісі мынау: «у» дыбысының алдында «ы» дыбысы келсе, «у»-мен тұтасып, «у» сияқты айтылады. Мәселен: оқы — оқу, тоқы — тоқу.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-у» жұрнағын жалғатып, туынды сөз еткізу.

Ал, ұр, саба, қорық, күре, адас, сүз, ас, иле, төз, ауна, қайт, оқы, тоқы, сұрт, ұлы, өлше, құр, сөйле, сыз, шірі, калғы, сау, тый, ти, жи, ой, істе, тіле, жу, бу, ку, ту.

12) Жұрнақ «-ғыш». Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки ұяң дыбыс болса, осы «-ғыш» күйінде жалғасады. Мәселен, сана - санағыш, оқы - оқығыш, сау - сауғыш, бу - буғыш, тай - тайғыш, ал - алғыш.

Түбір сөздің аяғы қатаң дыбыс болса, «-ғыш» орнына «-қыш» болып жалғасады. Мәселен: айт – айтқыш, тап – тапқыш, бақ – баққыш, бас – басқыш, аш – ашқыш.

Түбір сөз жіңішке болса, «-ғыш» орнына «-гіш» болып, «-қыш» орнына «-кіш» болып жалғасады. Мәселен: сөйле – сөйлегіш, бер – бергіш, сұрт – сұрткіш.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-ғыш» жұрнағын жалғатып, туынды сөз еткізу.

Ұр, кер, күрес, сақта, мақта, жық, таста, баста, тер, көр, қақ, жақ, кір, сұрт, сас, асық, таңда, өлше, нан, кеп, теп, қара, кейі, бұйы, қый, мүжі, қары, қу, жу, бу, ой, қой, той, сой, же, де, тіле, кес, тес, ес, шаш, қаш, шеш, таң, жан, сал, бол, сол, құла, қала, қаз, бар, жар, көм, ем, ен, ер, жи, тый, қый, ій, ти, тұт, жорт, қыз, аз, жыр.

13) Жұрнақ «-ғын». Бұл жұрнақ та «-ғыш» сияқты түбір сөздің түріне һәм аяғына қарай «-қын», «-кін», «-гін» болып жалғасады. Мәселен: қу – қуғын, аз – азғын, қаш – қашқын, тас – тасқын, көш – көшкін, жүр – жүргін.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерге «-ғын» жұрнағын жалғатып, түбір сөз еткізу.

Ас, көр, төк, тұр, тарт, жұт, ұр, сау, жет, күт, өр, қыс, шақ, жек, төз, шап, қат, тап, той, тол, қыр, үз, бақ, бұр, соқ, сат тай, оз, өт, сол, ту, жырт, кес, соз, шаш, айт, ат, ау, қой, қос, күл, тық, түс, ек, ер, ақ, бат, сұрт.

14) Жұрнақ «-қ». Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, осы «қ» күйінде жалғанады, жіңішке болса, «қ» орнына «к» болып жалғанады. Мәселен: аш – ашық, тес – тесік.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөзге «-қ» жұрнағын қостырып, туынды сөз істету.

Ал, сал, ас, ал, төз, көр, кір, біл, сез, сыз, шірі, бөл, бер, сау, қыты, жет, ой, тіле, сасы, өксі, қада, қыс, жап, боя, біт, қаз, жар, үш, сүй, сын, кат, кез, тес, тол, ұза, қатыр, кекір, оз, жұл, таң, түсін, бұз, бұйыр, ес, жаз,

жап, тіл, жүз, иле, түкір, төле, үз, сол жырт, жай, кес, отыр, ау, жас, жара, жина, суы, түр, құс.

15) Жұрнақ «-ақ». Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, осы «ақ» күйінде, жіңішке болса, «-ақ» орнына «-ек» болып жалғанады. Мәселен: тур — турақ, кес — кесек.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-ақ» жұрнағын жалғатып туынды сөз еткізу.

Жат, қос, қорық, сүз, жұл, бол, жет, көм, тап, ор, аш, от құм, шаш, айт, ат, ій, шеш, көн, жүр, күш, қон, ұл, жат, қап жіп, кеп, көн, түп.

16) Жұрнақ «-ыс». Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, жуан айтылады, жіңішке болса, жіңішке айтылады. Мәселен: бар — барыс, кел — келіс.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-с» жұрнағын жалғатып, туынды еткізу.

Ал, бер, жүр, түр, айт, қон, тарт, ту, ат, жап, сау, бүр, біл, соқ, қақ, таны, жұқ, той, біт, шал, кір, шық, көр, тап, жүт, бөл, үр, ти, жек, төз, жат, ұқ, кара, жу, бақ, жұл, тала, жон.

17) Жұрнақ «-м». Бұл жұрнақ түбір сөз жуан болса, жуан айтылады, жіңішке болса, жіңішке айтылады. Мәселен: атта - аттам, тісте - тістем.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге «-м» жұрнағын жалғатып, туынды сөз істету.

Ат, сал, жар, бөл, кел, кет, ас, қос, тарт, сұқ, соқ, кес, от, күт, же, жаз, жыр, тіл, қала, байла, ора, іш, шайна, түт, жүт жай, сық, қыс, төз, қайт, қада, өлше, іл, үз, шаныш, тақ, түрт сыз, өл, сүйе, сүйке, жала, тат, ақ, төк, сау, түс.

18) Жұрнақ «-нды». Бұл жұрнақ та жуан сөзге жалғанса жуан болып, жіңішке сөзге жалғанса, жіңішке болып айтылады. Мәселен: қос — қосынды, кес — кесінді.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерге «-нды» жұрнағын жалғатып, туынды сөз істету.

Қу, бу, ту, жұу, бас, ас, тас, ақ, жақ, тақ, ұқ, тық, ек, төк жүгір, сат, қайт, сұрт, шық, жұл, үз, мүжі, жүт, сөйле, қыр ой, қуыр, ор, шақыр, қаз, боя, тап, жат, түкір, жібер, семір түрт, шеш, байла, тала.

19) Жұрнақ «-ма». Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты я жарты дауысты дыбыс болса, яки «р», «л» болса, осы «-ма» күйінде жалғасады. Мәселен: сана — санама, тасы — тасыма, ту — тума, сау — саума, жай — жайма, қыр — қырма, сал — салма.

Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «-ма» орнына «-ба» болып жалғасады. Мәселен: жаз — жазба, оң — оңба, жон — жонба.

Түбір сөздің аяғы қатаң болса, «-ма» орнына «-па» болып жалғасады. Мәселен: бас — баспа, ат — атпа, ақ — ақпа, жап — жаппа, аш — ашпа.

Түбір сөздер жіңішке болса, «-ма» орнына «-ме», «-ба» орнына «-бе», «-па» орнына «-пе» болып жалғасады. Мәселен: кер — керме, іл — ілме, ій — ійме, кез — кезбе, көм — көмбе, кес — кеспе, ек — екпе.

Дағдыландыру. Төмендегі түбір сөздерге -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтарын жалғатып, туынды сөз істету.

Сал, қаз, бат, жап, сүз, таста, ас, күре, қак, қада, кір, төк, сүрт, таңда, кара, жек, қыдыр, сыз, үр, соқ, тій, ой, қуыр, ор жап, ұста, тұттық, ора, сына, айнал, боя, бас, тура, жар, үш, жала, құй, қына, жақ, қыр, үз, шеш, құс, құла, жыр, жүз, кеш, көтер, тай, оз, жаныш, жай, соз, шаш, қайна, ау, кой, сық, ки, тоқы, шұқы, қыс, тара, көш.

Атауыш сөздер

I. Зат есім

Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін атайды. Мәселен, жер, тау, тас, су, ағаш, шөп, жапырақ, күн, ай, жұлдыз, бұлт, қар, жаңбыр, жел, су, сағым, кісі, мал, аң, құс, бақа, шаян, шыбын, шіркей, құрт, құмырсқа, қала, үй, төсек, орын, аяқ, табак, киім, қазан, ошақ, арба, шана, ер, тоқым, қамыт, доға, арқан, жіп, тамақ, сусын, қалам, сия, астық, жеміс, бақан, сойыл, құрық, таяқ, асық, топай, доп, қобыз, домбыра, сыбызғы, ақша, кез, қадақ, мылтық, найза, қылыш, қанжар, оқ.

Осындай нәрсенің өзін атайтын сөздерді зат есім дейміз. Зат туралы кім? не? деп сұраймыз. Кім? деп сұраймыз адам туралы. Не? деп сұраймыз басқа заттар туралы. Мысалы:

1) «Ат ерінді келер, ер мұрынды келер». «Кім мұрында келер?» — «ер». «Не ерінді келер?» - «ат».

2) «Ауруда шаншу жаман, сөзде қаңқу жаман». «Не жаман?» — «шаншу». «Не жаман? — «қаңқу».

3) Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады; қатты-қатты сөйлесең, кәфір діннен шығады». «Не іннен шығады?» — «жылан». «Кім діннен шығады?» - «кәфір».

4) «Ит тойған жеріне, ер туған жеріне». «Не тойған жеріне?» — «ит». «Кім туған жеріне? - «ер».

5) «Ас — адамның арқауы». «Адамның арқауы не?» - «ас». «Ас кімнің арқауы» — «адамның».

6) «Ананың көңлі балада, баланың көңлі далада». «Кімнің көңлі балада?» — «ананың». Кімнің көңлі далада?» — «баланың». Ананың көңлі кімде? — «балада». «Баланың көңлі неде?» — «далада».

Осындай кім? не? деп сұрауларға жауап болып айтылатын һәм нәрселердің атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз.

Дағдыландыру. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі зат есім сөздерді айырту. Аш кісі ұрысқақ, арық қой тырысқақ. Таспен ұрғанды аспен ұр. Еменнің иілгені - сынғаны, ердің ұялғаны - өлгені. Бұтаға қорғалаған торғай да қалады. Сиыр судан жериді, су сиырдан жериді. Аюдан қорыққан тоғайға бармас. Мұртына қарай іскегі, сабасына қарай піспегі. Май сасыса тұз себер, тұз сасыса не себер? Жел болмай, шөп қозғалмас. Жаз шананды сайла, қыс арбанды сайла. Пышақ берсең қынымен, қынын берсең, шынымен бер. Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ. Қазыға тойса, карта әлем сасиды. Оқ жетпес жерден қылыш суырма. Үйді қозғасаң, көшірерсің, отты қозғасаң, өшірерсің. Шоттың басын бассаң, сабы өзіне тиер. Айран сұрай келіп аяғыңды жасырма. Құр қасық ауыз жыртар. Тоқпағы зор болса, киіз қазық жерге кірер. Қалауын тапса қар жанар. Ет етке, сорпа бетке.

Сынау. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі зат есім сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Бағың артқан шағында жапалақ салсаң, қаз ілер, бағың тайған шағында сұңқар салсаң, аз ілер. Мал басқа бітер, қына тасқа бітер. Нар жолында жүк қалмас. Таяқ тайға жеткізер, тай құнанға жеткізер, құнан атқа жеткізер. Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді. Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар. Кісі болған кісіні кісесінен танымын, кісі болмас кісіні мүшесінен танымын. Бұлт ала, жер шола. Ай мен күндей һәркімге бірдей. Би баласы биге ұқсар: биік-биік тауға ұқсар; хан баласы ханға ұқсар: қанатын жайған қазға ұқсар; бай баласы байға ұқсар: байланбаған тайға ұқсар. Қайырымсыз болса, ханнан без, өткелсіз болса судан без; асусыз болса таудан без, пайдасыз болса байдан без, панасыз болса сайдан без. Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар, қой бағып, қойыртпақ ішкен озар. Үйеңкінің түбінен үйіріп алған қобызым, қарағайдың түбінен қайырып алған қобызым.

II. Сын есім

Сөздің кейбіреулері нәрсенің сынын атайды. Мәселен: жақсы, жаман, биік, зор, аласа, ұзын, қысқа, терең, тайыз, қатты, жұмсақ, қою, сұйық, бай, жарлы, жақын, алыс, аш, тоқ арзан, қымбат, қалың, жұқа, зерек, кешше, өткір, топас, семіз, арық, қараңғы, жарық, тұнық, лай, кәрі, жас, қиын, оңай, ауыр, жеңіл, сау, ауру, ақылды, ақымақ, есті, есалаң, ескі, жаңа, ұсақ, ірі, таза, тентек, жуас, сараң, жомарт, мырза, жылы, суық, тар, кең, бұзыр, тегіс.

Осындай нәрселердің сынын көрсететін сөздер сын есімдер деп аталады. Сын есімнің сұрауы: қандай? Мәселен, жаман төре жан алар.

Арық атқа қамшы жүк. Қандай атқа қамшы жүк? — Арық атқа қамшы жүк. «Жаман», «арық» деген сөздер «қандай» деп сұрағанға жауап һәм өздері нәрсенің сынын көрсетеді. Осындай «қандай?» деп сұрағанға жауап болатын сөздердің бәрі де сын есім болады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді айырту: қайсысы зат есім, қайсысы сын есім?

Жақсы кісі, жаман мал, биік тау, аласа ағаш, ұзын арқан, қысқа жіп, терең теңіз, тайыз кел, қатты құрт, жұмсақ нан, қою ауыл, өткір пышақ, топас кісі, семіз қой, арық ат, қараңғы қора, жарық түн, тұнық су, лай қақ, кәрі түйе, жас айғыр, қиын күй, оңай өлең, ауыр жүк, жеңіл сандық, сау жылқы, ауру сиыр, ақылды бала, ақымақ жігіт, ескі етік, жаңа шапан, ұсақ құм, ірі тары, таза жұрт, лас қора, сақ ит, салақ қатын, сұм бала, аңқау қойшы, жуан қарағай, жіңішке тал, жылы жаз, суық қыс, тар шалбар, кең жаға, бұдыр жер, тегіс дала.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, сын есім сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Аш бала тоқ баладай ойнамайды. Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге мал тұрар. Жаман сайға су түссе, өткел бермес кешуге. Бай кісі балпаң келер; жарлы кісі қалтаң келер. Жақсы кеңес жарты ырыс. Ұзын көсеу қол күйдірмес. Тура биде туған жоқ. Ауру күлкі сүймес. Жүйрік итті түлкі сүймес. Қысқа жіп күрмеуге келмес. Құтты қонақ келсе, қой егіз табар. Өткір пышақ қынға қас; өтірік сөз жанға қас. Арық малды асырасаң, аузы-мұрның май етер. Қараңғы үйде қабан күркүрейді. Кәрі түйе ойнақтаса, жұт болады. Арық атқа ауыр қамшы да жүк. Жыртық үйге тамшы ойнар. Шабан үйрек бұрын ұшар. Құрғақ қасық ауыз жыртар. Қуыс үйден құр шықпа. Аз асқа жасауыл болма. Көп асқа бөкеуіл болма! Жақын жолдың алысы жаман. Тез қасында қисық ағаш жатпас.

III. Сан есім

Кей сөздер нәрсенің санын атайды. Мәселен: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз, мың, он мың, жүз мың, миллион.

Нәрсенің санын сұрағанда неше? деп, яки қанша? деп сұраймыз. Неше? деп сұраймыз нәрсенің дәл санын білуге, мәселен: неше кісі келеді?» — үш кісі келеді. Қанша? деп сұраймыз нәрсенің дәл санын білуге емес, шамасын ғана білуге, мәселен: «қанша күн жүресің?» — «үш-төрт күн жүремін».

Тойда неше кісі болды? деп сұрамайды, қанша кісі болды? деп сұрайды; үйткені тойдағы кісілердің анық санын білуге емес, шамасын ғана білуге сұралады. Жауап беруші тойдағы кісілердің анық санын айта алмай, шамасын ғана айтады; мәселен, «екі жүз кісі болды» демейді, «екі жүздей кісі болды» дейді.

Жоғарғы келтірілген мысалды: «Неше кісі?» дегенге «үш кісі» деген сөз жауап; қанша кісі дегенде «екі жүздей кісі» деген сөз жауап; басқаша айтқанда «неше?» дегенге «үш», «қанша» дегенге «екі жүздей» деген сөздер жауап болып тұр. Міне, осы сияқты неше? қанша? деп сұрауға жауап болатын һәм нәрсенің санын көрсететін сөздерді сан есім дейміз. неше? деген сұрау нешеу? деп де айтылады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің ішіндегі сан есім сөздерді айырту.

Бір кісі, екі бит, үш жұмыртқа, төрт түйе, бес ат, алты бала, жеті қарға, сегіз бөрене, тоғыз үй, он балық, он бес сиыр, жиырма сом, жиырма төрт тиын, отыз тай, отыз алты асық, қырық жұлдыз, қырық үш күн, елу тоғыз жас, алпыс ара, алпыс екі құрт, жетпіс қой, жетпіс бір лақ, сексен кез, сексен жеті құлаш, тоқсан тоғай, тоқсан тоғыз торғай, жүз топай, мың пұт.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, сан есімнің астын сызып көрсетіндер.

Мың қойшыға бір басшы. Екі рудан би болса, ел байсал таппас, екі кісі қағысса, бір кісіге орын болар. Ер қаруы — бес қару. Бір кісі мың кісіге олжа салады. Бір күн дәм тартқанға қырық күн сәлем. Үйінде екі қатын болса, ойран болар, екі сиыр болса айран болар. Елу жылда ел жаңа. Жетесіз жаман жас бала тоқсандағы шалмен тең. Тоғышардың баласы жиырма бесте жаспын дер, ораздының баласы он бесінде жаспын дер. Жеті атасын білмеген — жетімдіктің салдары, әзіл сөзді ауырлау — шетіндіктің салдары. Өтірік екеу, шын төртеу. Жігіт кісіге жетпіс өнер де аз. Бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын, бір жақсы сөз бітірер мың көңілдің жарасын. Бас екеу болмай, мал екеу болмас. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. Төртеу түгел болса, төбедегіні алар, алтау ала болса, ауыздағы кетер. Сексен інген боталап, сегіз келін қомдасын.

IV. Есімдік

Кейбір сөздерді зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүргендіктен, есімдік дейміз. Мәселен, «Нұрман отыр» дегеннің орнына «ол отыр» деп айтамыз. «Мұғалім» дегеннің орнына «мен» деймін,

«шәкірт» дегеннің орнына «сен» деймін. Мұндай сөздер көбіне өзге есімдердің орнына жүретін болғандықтан, есімдік деп аталады.

Мәселен, есімдік сөздер: Мен, сен, ол, біз, сіз, олар, кім, не, қайсы, қандай, өзім, өзің, өзі, бұл, ол, мынау, анау, бірі, бәрі, менікі, сенікі, оныкі, өзімдікі, өзінікі, өзімдікі, басқанікі.

Сынау. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі есімдік сөздерді айырту.

Әрі жат, бері жат демек - төсек тарлығы, сенікі, менікі демек кеңіс тарлығы. Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар, өзгенікі дегенде анау-мынау ісім бар. Құлан өз қағынан жерімес. Сиыр өз тілінен қыршаңқы болады. Не ексең, соны орасың. Кім мықты, кім нашары мәлім болар, түскенде той томаға белін буып. Үйдің жылы-суығы қыс келгенде білінер, кімнің алыс-жуығы іс келгенде білінер. Аттың бәрі тұлпар емес, құстың бәрі сұңқар емес. Сіз деген — әдет, біз деген — көмек. Бүгін айдың нешесі? Қара қайсы? Хан қайсы? Елді ойлаған жан қайсы? Кімнің жерін жерлесен, соның жырын жырлайсың. Оны тастап, мұны алдың, мұннан тағы құр қалдың. Өзі қандай болса, сөзі сондай. Сен сұңқарсың, мең қумын. Саған дұшпан, маған жау. Жылқыда тұлпар сен едің, жігітте сұңқар мен едім. Сен астымда сау тұрсаң, қыдыра жалды қыл құйрық сенен озбас деп едім; аяғы екеу бір басты менен озбас деп едім. Бұл сөздің бәрі де рас, емес жалған.

V. Етістік

Кей сөздер нәрсенің істейтін ісін атайды. Мәселен, арт, тарт, ал, ұр, саба, соқ, қорық, күрес, маңыра, сөк, сүз, таста, шық, жық, ас, ал, төз, көр, қак, қада, кір, төк, өксі, таңда, сескен, ұлы, өлше, кеп, біл, сыз, бер, бас, ұста, ұр, ти, ой, күт, тұр, өр, шақ, жап, жек, бар, кет, тара, қара, жап, жала, күй, жап, қой, той, сой жой, жуу, бу, қу, жи, тый, қи, ки, ій. Мұндай сөздер етістік сөз деп аталады.

Етістік сөздердің сұрауы: не етпек? не істемек? не қылмақ? не болмақ? Етістіктің жалпы сұрауы: не етпек?

Мысалы: 1) «Қар жауады, кетеді» «Қар не етеді? — «жауады», «Қар не етеді?» - «кетеді». «Қой маңырайды, түйе боздайды, «Қой не істейді?» - «маңырайды». «Түйе не істейді?» - «боздайды». «Күн күркірейді», «Күн не қылады?» - «күркірейді». «От сөнді, ел жатты». «От не қылды?» сөнді». «Ел не қылды?» — «жатты». «Жас өсер, жарлы байыр», «Жас не қылар?» — «өсер», «жарлы не қылар» — «байыр». «Жауады», «кетеді», «маңырайды», «боздайды», «күркірейді», «жатты», «сөнді», «өсер», «байыр» деген сөздер не етеді? не істейді, не қылады? деп сұрағанға жауап һәм өздері істеген істі атайтын сөздер. Сондай не етпек? не істемек?

не қылмақ? деген сұрауларға жауап болатын сөздердің бәрі де етістік болады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі сөздерді айырту. Қайсысы зат есім, қайсысы етістік?

Кісі сөйлейді, түйе боздайды; ит үреді, қой маңырайды, қозы жамырайды. Бала ойнайды. Мен жүремін. Сен жүгіресің. Ол жазып отыр. Бұл оқып отыр, Бірман күліп тұр, Нұрман жылап тұр. Жел соғып тұр. Боран бұрқырап тұр. Көкті бұлт торлады. Күн шықты, тұман сейілді, жұрт оянды, төсектен тұрды. Мал өрді, өріске кетті. Нұрман киінді, жуынды, шай ішті, кітаптарын алды, оқуға кетті. Жаз болды. Қар ереді. Сулар ақты. Өзендер тасыды. Ел қыстаудан шықты. Жер көгерді. Мал тойынды. Малшы мал бағады. Жыршы өлең айтады. Домбырашы күй тартады. Екінші егін егеді. Хатшы қағаз жазады.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, етістік сөздердің астын сызып көрсетіндер.

Құс баласы қырымға қарайды, ит баласы жырымға қарайды. Күн жазға айналды, ет азға айналды. Сай сайға құяды, бай байға құяды. Оңқа ойын бұзар, тентек жиын бұзар. Көп азға қылған зорлығын айтады, аз кептен көрген қорлығын айтады. Жыртық тесікке күледі. Тез қасында қисық ағаш жатпайды. Шаруа жаз жазылады, қыс қысылады. Ұялмаған өлеңші болар. Ерінбеген етікші болар. Бақ-бақ еткен текені қыс түскенде көреміз, батырсынған жігітті іс түскенде көреміз. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Үйді қозғаған көшірер, отты қозғаған өшірер. Құр қасық ауыз жыртар. Сиыр судан жериді, су сиырдан жериді. Есек түйе болмайды, сиыр бие болмайды. Жақсы айғырдың үйірін ат жақтайды. Аталы сөзді арсыз қайыар. Мал көтерер өлімді, дос көтерер көңілді. Бірлік болмай, тірлік болмас. Жауға жаныңды бер, сырынды берме. Қылыш жарасы бітер, тіл жарасы бітпес. Ел ұрысыз болмас, тау берісіз болмас. Ордалы құлан ақсағын білдірмес. Жалт-жұлт етеді, жалмай жұтады. Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр.

Шылау сөздер

I. Үстеу

Кей сөздер басқа сөздердің мағынасын толықтыру үшін үстеу болады. Мәселен, «әрең келдім» дегенде, «әрең» демесе де келгендігі көрініп тұр, бірақ, «әрең»-ді қосқанда келгендіктің үстіне қалай келгендік көрініп тұр. «Әбден бітірді» дегенде, «әбден» демей де бітіргендік көрініп тұр, бірақ қалай бітіргендігі көрінбейді. «Бітірді»-нің үстіне «әбден» деген сөз жамалса қалай бітіргендігі де көрінеді. «Дәп тиді» дегенде тигендігі

«дөп» деп те айтпасақ та көрінеді, бірақ қалай тигендігі көрінбейді. «Деп» деген сөзді қосып айтсақ, қалай тигендігі көрінеді. «Ол әрі кетті», «Мен бері келдім дегенде» дегенде «әрі», «бері» деген сөздерді айтпасақ та, оның кеткендігі менің келгендігім көрініп тұр, бірақ оның қайда кеткендігі, менің қайда келгендігім «әрі», «бері» деген сөздерді айтпасақ, көрінбейді.

Сондай-ақ, «Бұрын адам аз, жер кең болған, енді адам көп, жер тар болды». «Бұрын» деген сөзді айтпасақ та адам аз болғаны, жер қашан кең болғаны көрінбейді. «Бұрын» деген сөзді қосып айтсақ, қашан болғандығы да көрініп, сөздің мағанасы түгелденеді. «Енді деген сөзді айтпай «адам көп, жер тар болды» десек те адам аз, жер тар болғандығы көрінеді. Бірақ, қашан солай болғандығы көрінбейді. «Енді» деген сөзді қосып айтсақ, адам қашан аз болғандығы, жер қашан тар болғандығы анық көрініп, сөздің мағынасы түгенделеді. Осындай сөз үстіне қосылып, сөздің мағынасын толықтыратын сөздерді үстеу сөз дейміз.

Көбінесе сөз орнына басқа сөздер, яки басқа сөзден туынды үстеу сөздер жүреді. Нағыз таза үстеу сөздер қазақ тілінде аз. Үстеу сөз де, туынды үстеу сөз де, үстеу сөз орындағы басқа сөз де – бәрі сұраудан білінеді. Қалай? Қашан? Қайда? деген сөздерге жауап болып айтылатын сөздердің бәрі де, я үстеу сөз, я соның орнындағы төлеу сөз.

Сынау. Төмендегі сөздерді көшіріп, үстеу сөздердің астын сызып көрсетіндер.

Кеше ыстық болды. Бүгін жаңбыр болып тұр. Былтыр қар ерте кетті, биыл кеш кетті. Мана басым ауырып еді, осы кезде ауырғаны қойды. Дүркін-дүркін ит үріп жатты.

Соңыра барып келермін. Баяғыда бір бай болған екен. Ат артынан аулақ жүр. Нұрман кітапты жылдам оқып шықты, Бірман шабан оқиды. Екі кісі ауыл сыртында оңаша сөйлесіп отыр екен. Ана кісі арман бара жатыр. Мына кісі бермен келе жатыр. Анда-санда айтақтаған дауыс естіледі. Екеуміз жүзбе-жүз сөйлестік. Осы сөзімді әдейі ауызма-ауыз өзіне айт. Құс кеш келді. Екеуі далаға бірге шықты. Ауылға жаяу келіп, жаяу жүрді. Бірге келіп, босқа кетті. «Бүгін ойнайын, ертең оқырмын» деп жалқау бала айтады; «бүгін оқиын, ертең ойнармын» деп іскер бала айтады.

II. Демеу

Демеу дегеніміз – екі сөздің арасын, яки екі сөйлемнің арасын жалғастыруға демеу болатын сөздер. Мәселен: «Мен де, сен де сонда болдың». «Ол оқыды да, жазды да».

«Де», «да» деген сөздер екі сөздің арасындағы жүйесін келтіріп, жалғастыруға демеу болып тұр.

«Я ол тұрар, я мен тұрармын». «Бұл жұмыс я бітер, я бітпес, яки осы күйінде қалар».

«Я», «яки» деген сөздер басқа сөздің арасындағы жүйелерін келтіріп, жалғастыруға демеу болып тұр.

«Мен саған ұрыстым ба?» «Әйтпесе сөктім бе?» «Немесе соқтым ба?» «Балаң қазақша оқи ма, орысша оқи ма, әлде тіпті босқа жүр ме?».

«Ба», «бе», «ма», «ме», «әлде», «әйтпесе», «немесе» деген сөздер басқа сөздердің арасындағы жүйесін келтіріп, жалғастыру үшін тұр.

Демеу сөздер қазақ тілінде аз. Оның көбі басқа сөзден шыққан туынды демеулер; мәселен, үйткені, сүйткені, үйтседе, бүйтседе, немесе – бәрі туынды демеулер.

Сынау. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп, ішіндегі демеу сөздердің астын сызып көрсетіндер.

Ол соған әлде күйеу, әлде құда, сүймейді қой атаулы мені жүдә, я жиенің я нағашың – әйтеуір саған ұқсас еді ол да. Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да жұмыссыз тек тұрған жоқ һеш бір жан да. Мен бүгін сабаққа бара алғаным жоқ. Үйткені басым ауырған. Басың ауырған шығар, сүйтсе де сабақтан қалғаның жарамаған екен. Әлде мен сылап-сипап бақпадым ба? Болмаса, жемнен қысып сақтадым ба? Әйтпесе әбзелдерің сәнді емес пе? Жібектен тізгініңді тақпадым ба? Малдырып үзеңгіңді сары алтынға, тағанды шын күмістен қақпадым ба? Оқымадың, қой бақтың, сүйткенде сен не таптың? Қалаға балаңды жібер немесе өзің барып кел. Үйтсе де, бүйтсе де һеш нәрсе өнетін емес. Береді деп ойлаймын, сүйтсе де сұрап көр. Бір мәнісі бар шығар, әйтпесе неге жазбасын. Ол саған ұрсар, әйтсе де бару, керек. Ол сенің арызыңды жазып бермес, үйкені жазбайтын адам.

III. Жалғаулық

Кей сөздер жалғау орнына жүреді һәм жалғаулар сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағана шықпайды. Сондай сөздерді жалғаулық дейміз. Жалғаулық сөздер қазақ тілінде тіпті аз. Мәселен: менен, үшін, арқылы, тақырыпты, туралы.

«Менен» алдындағы дыбыстың түріне қарай «бенен» болып та айтылады, қысқа түрінде «мен», «бен» болып айтылады.

Сынау. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп, жалғаулық сөздердің астын сызып көрсетіндер.

Күштіменен күреспе, байменен тіреспе. Отпен ойнама, күйерсің, баламен ойнама, шаршарсың. Бұлардың дауы жер тақырыпты. Олардың

дауы жесір тақырыпты. Хабарды телеграф арқылы алдым, хатты почта арқылы алдым. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін жоқ-барды, ертегіні термек үшін, Сезімді көкірегі, тілі орамды жастарға жаздым үлгі бермек үшін. Ат туралы сөзді қысқарталық. Қолымен істегенді мойынмен көтереді. Таспен ұрғанды аспен ұр.

IV. Одағай сөз

Кей сөздер басқа сөздерден оңаша, одағай айтылады. Мәселен, апырым-ай, шошып кеттім ғой. Ай-қай-қай! Жаным жаңа райыс тапты ғой. Ай-қай! Менің өз үйім, кең сарайым боз үйім. Әлди-әлди! Ақ бөпем. Пай-пай! Қалай аяңдайды? Ау-қау! деп дауыстап еді, сиыр мөңіреді. Тарс-тұрс еткен мылтықтың даусы естіледі. Сорап! Сорап! деген дауыс құлағыма келді.

Апрым-ай! Ай-қай-қай! Ай-қай! Әлди-әлди! Пай-пай! Ау-қау! Тарс-тұрс! Сорап! Сорап! Осылай айтылатын сөздерді одағай сөздер дейміз.

Одағай сөз қазақ тілінде көп. Қуаныш, реніш, күйініш, уайым, қайғы жан күйзелгенде, тән күйзелгенде, жан рахат тапқанда, тән рахат тапқанда шығатын дыбыстар, дауыстар, айтылатын сөздер, жанды һәм сөздер, хайуандарға айтатын сөздер, дауыстар, шақырулар бәрі одағай табына кіреді. Мәселен: әһ! Ах! Ой-бай-ай! Жаным-ай! Құдайым-ай! Апырым-ай! Ау! Отағасы-ау! Апырым-ау! Ай-қай! Е-е-е! Ой тәңірім-ай! Ойбай-ай! Күс-күс! Құр-құр! Хош! Қош, қош! Қош! Құру! Шөре-шөре! Ау-қау! Сорап! айт-айт! Тарс-тұрс, дүңк-дүңк, сықыр-сықыр, тырс-тырс, сарт-сұрт, қаңқ, пыс-пыс.

Сынау. Төмендегі сөйлемдерді көшіріп ішіндегі одағай сөздердің астын сызып көрсетіңдер.

Алақай! Әкем кітап әкеп берді. Ойбай! Көзі аларып кетті. Бұ қорлыққа қалай шыдармын, ойбай! Уһ! Жаңа адам болдым ғой. Жарықтық-ау! Не істе дейсің? Ой тәңірі-ай! Жоқ сөзді айтқаны несі. Апырым-ау! Мына бала таласады. Ойбай-ау! Құдай-ау! Мынасы кім еді? Е-е-е! Манағы көрген адамым сол екен ғой. Қой! Жай отыршы. Күс-күс! Жануар. «Әукім-әукім» деп еді, сиыр тыпырлағанын қойды. «Сорап-сорап» деген дауысты естіп түйелер құдыққа келді. Арбаға сиыр сүйкеліп жатыр «Өк!» деші. Түйе тұрып кетер, «шөк-шөк!» деп тұрғайсың. Қамыс ішінен «тарс-тұрс» еткен мылтық даусы шықты. «Күмп-күмп» пісіп сабадан қымыз құйды.

Күлдір-күлдір кісінетіп күрең мінген бар ма екен? Ал, келдік жаман жерге енді сақтан. Айқай! Менің өз үйім.

Қорыту

Сүйтіп, сөздер тұлғасына қарай беске бөлінеді: 1) Түбір сөз; 2) Туынды сөз (туғын сөз; 3) қос сөз; 4) қосалқы сөз; 5) Қосымшалар. Сөздер мағанасына қарай тоғыз тапқа бөлінеді: 1) Зат есім; 2) Сын есім; 3) Сан есім; 4) Есімдік; 5) Етістік; 6) Үстеу; 7) Демеу; 8) Жалғаулық; 9) Одағай.

Тасымал

Жазып келе жатқанда, жол аяғында орын аз қылап, сөз сыймайтын болса, ол сөзге тасымал керек, яғни сөзді екі бөліп, бір бөлігін сол жолда қалдырып, екінші бөлігін келесі жолға асыру керек.

Тасымал үшін, әуелі, сөзді буынға бөлу, сыймаған буындарын келесі жолға асыру. Бұл туралы қағида мынадай.

1) Тасымалдағанда әр буын бөлінбей, я тұтас қалады, я тұтас асырылады. Мәселен, жол аяғында «шақырғанға» деген сөз тұтас сыймайды. Не істемек керек? – Сөзді дұрыстап буынға бөлу керек болады: «Ша-қыр-ған-ға», «ша» буынды қалдырып, басқаларын келесі жолға асыруға болады; я «шақыр» деген екі буынын қалдырып, басқаларын асыруға болады, я «шақырған» деген буындарын қалдырып, жалғыз «ға» буынды асыруға да болады. Егер де «шак» деп бөліп, қалғанын асырсақ, яки «шақырға» деп бөліп, «нға»-ны асырсақ, дұрыс болмайды. Неге десек қағида бойынша буын бөлінбеске тиіс. Мұнда буындар бөлініп тұр, яғни, «шак» деп бөлгенде, «қыр» буын екі бөлініп тұр: «шақырғанда» деп бөлгенде «ған» буын екі бөлініп тұр.

2) Жалғыз хәріф буын бола тұрса да, қалынбайды да, асырылмайды да, мәселен, а-ға-лар деген сөзде бас буын жалғыз хәріф «а». Қағида бойынша «а» өз алдына буын бола тұрса да қалынбайды, яғни «а»-ны ғана қалдырып, басқа буындарын келесі жолға асырмаймыз.

Сүйтіп, жолға сыймаған сөзді тасымалдау үшін не істеу керек?

Әуелі, сөзді буынға дұрыс бөлу; екінші, бір буынды бөлмей, тұтас күйінде асырау; үшінші, жалғыз хәріфті, буын бола тұрса да, қалдырмай келесі жолға асыру.

Дағдыландыру. Һәр түрлі сөздерді алып тасымалдатып үйрету.

Мұғалімдер үшін баяндама

Қазақтың нағыз өз тіліндегі дыбыс 24. Бұлар 3 түрлі болғандықтан 3-ке бөлінеді.

5 дыбыс ашық айтылатын болғандықтан, дауыстап айтуға көнетін болғандықтан, ашық дыбыс, яки дауысты дыбыс деп аталады.

Он жеті дыбыс тұйық айтылатын болғандықтан, яғни дауыстап айтуға көнбейтін болғандықтан, тұйық дыбыс, яки дауыссыз дыбыс деп аталады.

Екі дыбыс дауысты дыбыстардай нағыз ашық айтылмайтын болғандықтан һәм дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын болғандықтан, орта дыбыс, яки жарты дауысты дыбыс деп аталады.

24 дыбысқа араб хәріфтерінен үйлескендерін өзгертпей, үйлеспегендерін өзгертіп хәріфтер арналды.

Әуелі, араб хәріфтері үйлесетін дыбыстарды айтып көрсетелік (Дыбыс үні қате ұғылмас үшін арабша һәм орысша екі әліппемен қатар көрсетеміз).

Дауысты дыбыстар: жоқ.

Дауыссыз дыбыстар: **ب** (б), **ت** (т), **ج** (ж), **د** (д), **ر** (р), **ز** (з), **س** (с), (жоқ), **ع** (жоқ), **ق** (жоқ), **ك** (к), **ل** (л), **م** (м), **ن** (н) бәрі он үш, жетпейтіні төртеу).

Жарты дауысты дыбыстар: (жоқ) **ي** (й)-екеу (түгел).

Дауысты дыбыс қазақ тілінде бесеу: оларға тура келетін араб әліппесінде бір де хәріф оқ.

Дауыссыз дыбыстар қазақ тілінде он жеті. Оларға тура келетін араб әліппесіндегі хәріфтер он үш, демек төртеуі жетпейді. Бұл хәріф жетпейтін дауыссыз төрт дыбыс үшін хәріфтер бұрын арналған. Арналған хәріфтер бәрібір араб хәріфтері, бірақ, олай-бұлай шет пұшпақтары ғана өзгертілген; мәселен, **ب** (б) харфінің нүктесін өзгертіп, **پ** (п) жасаған. **ج** харфінің нүктесін өзгертіп, **چ** (ш) жасаған; **ك** (к) харфінің үстін қосарлап **گ** (г) жасаған; **ك** (к) харфінің үстіне үш нүкте қойып **ڪ** (ң) жасаған. Осы даяр хәріфтерді біз де қабыл етеміз.

Дауысты дыбыстардың хәріф жетпейтіндері үшін мұндай арналған даяр хәріфтер жоқ. Олай болған соң, жоғарғы үлгі бойынша араб әріптерінің негіз тұлғасын бұзбай, шет пұшпағын ғана өзгертіп дауысты дыбыстарға да хәріф арнау тиіс.

1) Араб харфі тура келмейтін дауысты дыбыс: ат, жат, боран деген сөздерде: 1-сөзде ең әуелі естілетін, 2-сөзде «ж»-дан соң естілетін, 3-сөзде «р»-дан тең естілетін дыбыс; бұл дыбыс орысша «а» харфімен жазылады. Араб харфінен бұл дыбыс үшін **ا** (а) харфін арнадық.

2) Араб харфі келмейтін дауысты дыбыс: боқай, тоғай, қомағай деген сөздерде: 1-сөзде «б»-ның соңында, 2-сөзде «т» соңында, 3-сөзде «к»-ның соңында естілетін дыбыс. Бұл дыбыс орысша «о» харфімен жазылады. Араб харфінен бұл дыбыс үшін жарты дауысты ۉ харфін арнадық. Басқаны алмай мұны алудағы мәніс: жарты дауысты ۉ дыбысы қазақ сөзінде дауысты дыбыстардың соңында ғана айтылады; «о» дыбысы қазақ сөзінде һеш орнында дауысты дыбыстан соң айтылмайды. Олай болған соң дауысты харіфтің соңындағы ۉ харфін «о» шығар деп күдіктенуге орын жоқ, дауыссыз харіфтің соңындағы ۉ харфін жарты дауысты ۉ шығар деп күдіктенуге орын жоқ.

3) Араб харфі тура келмейтін дауысты дыбыс: тұмсық, сұйық, жұмыс деген сөздерде: 1-нші сөзде «т»-ның соңында, 2-нші сөзде «с»-ның соңында, 3-нші «ж»-ның соңында естілетін дыбыс, Бұл дыбыс орысша «у» харфімен жазылады.

Араб харфінен бұл үшін «ۉ» харфін алып, үстіне « ُ » (үтір) қойып, «ۉُ» жасап отырмыз.

Бұл жерде айтып ескертерлік бір сөз бар, ол мынау: жоғарыда айтып едік, «ۉ» харфі дауысты «о» дыбысы мен жарты дауысты у дыбысы үшін-екеуіне бірдей жүреді деп. Солай бола тұрса да осы үшінші пунктдағы «ۉُ» дыбысы мен жарты дауысты «ۉ» дыбысы – екеуінің үні жақын болғандықтан, оңайлық үшін жарты дауысты «ۉ» орнында «ۉُ» харфін жұмсаймыз. Асылында дұрысы арабтың жарты дауысты «ۉ» харфін қазақ тілінде де жарты дауысты дыбыс үшін жұмсау. Бұлай айту араб әліппесін оқытқанда, балаларды шатастырмасқа да жақсы. Бұл туралы мұғалімдер һәм басқалар не пікір айтар екен?

Араб харфі тура келмейтін дауысты дыбыс: тазы, тары, жабы деген сөздерде: 1-нші сөзде, 3-ның соңында, 2-нші сөзде р-ның соңында, 3-нші сөзде б-ның соңында естілетін дыбыс. Бұл дыбыс орысша «ы» харфімен жазылады.

Араб харфінен бұл үшін жарты дауысты «ۋ» (й) харфін арнап отырмыз. Мұны алудағы мәніс: әуелі, бұл екі дыбыстың үндері жақын; екінші жарты дауысты «ۋ» (ы) дауысты дыбыстан соң һеш орнында естілмейді. Солай болған соң дауысты харіфден соң тұрған «ۋ» (й) харфін «ы» дыбысы шығар деп күдіктенуге орын жоқ.

4) Араб харфі тура келмейтін дыбыс: мен, сен, жем деген сөздерде: 1-нші сөзде м-нің соңында, 2-нші сөзде с-ның соңында, 3-нші сөзде ж-ның соңында естілетін дыбыс. Бұл дыбыс орысша «э» харфімен жазылады.

Бұл дыбысты бұрын «ی» харфімен жазушы едік. «ی» харфі екі дыбысқа тел болып тұр. Оны да амалсыздықтан теліп отырмыз; енді үшінші дыбысқа телу қаншама амалсыздық дегенмен өте қолайсыз. Әсіресе қолайыз болатын себібі: «э» дыбысының «ی» (e) дыбысына ешбір ұқсастығы, жақындығы жоқ. «э» дыбысы «ی» гөрі ا (a)-ға жақын. «э» дыбысына арабдың «ه، هـ» харфі үйлесімді.

Сүйтіп «э» дыбысына «ه، هـ» (e) харфі алынды; бірақ сөздің басында келетін орында бұл харіфтердің жазуға қолайсыздығы болғандықтан, бас буынға ғана «هـ» харфі жазылды.

Жаңа бір айтарлық сөз: қазақша ақша, неше, жетінші, үш. Уа ғайри сондай сөздер ش (ш) дыбысымен айтылса да, ондай – дыбыс үшін ش харфін алмай, چ харфін алдық. Олай айтудағы мәніс: басқа түркілерден тым алыс кетпес үшін. Оны алғаннан қазақ тіліне келерлік еш кемшілік жоқ.

Тіл – құрал

(Қазақ тілінің сарфы)

Екінші жылдық
Орынбор – 1915

Сөйлеу бөлімдері

Зат есім

Зат есім – нәрселердің атын көрсететін сөздер. Нәрсе деп не түрлі де болса бар заттарды айтамыз. Зат тегінде екі түрлі. Біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіс келетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар. Екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар.

Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз.

Деректі заттардың есімін көрсететін сөздер, мысалы: жер, су, ай, күн, дыбыс, ән, күй, иіс-қоныс, дәм, ащылық, тұщылық, жылулық, суықтық уа ғайрилары.

Дерексіз заттардың есімін көрсететін сөздер. Мәселен: бақ, бәле, жан, өлім, мінез, ұят, реніш, қуаныш уа ғайрилары.

1) Дағдыландыру. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі деректі, дерексіз заттардың есімін айырту.

Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар. Өлген арыстаннан тірі тышқан артық. Ат аунаған жерге түк қалады. Иті құтырса, иесін қабар. Қойшы көп болса, қой арам өлер. Көлде жүрген қоңыр қаз көл қадірін білер ме? Шөлде жүрген дуадақ шөл қадірін білер ме? Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес. Шортанның өзі өлсе де, тісі өлмес. Көрмес түйені көрмес. Битке пышақ суырма! Екі сұңқар таласса, бір қарғаға жем түсер. Бүркіт қартайса, тышқан аулар. Құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. Ойлай берсең ой да көп, сана да көп, ойнай берсең ой да жоқ, сана да жоқ. Есің барда етегіңді жап. Ашу дұшпан, ақыл дос, ақылыңа ақыл қос. Сабыр түбі сары алтын. Сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа.

Зат есім екі түрлі болады: біреулері – нәрсенің дербес өз басына ғана қойылған: Жалқы есім. Екіншілері – нәрсенің біріне емес, барлық табына қойылған: Жалпы есім.

Жалқы есімдер: Ахмет, Ашымтай, Атығай, Қызылжар, Семей, Қырым, Қытай.

Жалпы есімдер: Кісі, еркек, қала, дала, ел, жұрт, ұлт, өлке, патшалық.

2) Дағдыландыру. Төмендегі сөйлемдердің ішіндегі жалқы һәм жалпы есімдерді айырту.

Сайымның ұлы Қараман! Қазанға кетіп барамын. Қобыланды батыр дем алып, алдыңғы жаққа қарады: көз ұшында бір адам шауып өтіп барады. Боқанға келді «Ар ма?» - деп, «Алдыңды кісі бар ма?» – деп. Жанақ тимей отыр қытығыма! Найманның кім жетеді ұшығына? Жиылып тамам арғын тең келе ме? Бір үйлі Тоқабайдай пұшығыма? Байлыққа кім тұрғанда Досан тұрған. Қорадан он төрт мың қой бірден өрген, Аламан шеннен шыққан. Асан тұрған, сөйлейді осы антұрған? Еділ қатса, кім өтпес; Едіге өлсе кім кетпес. Атаң жаман кісі еді: ат бергеннің құлы еді; шешен жаман кісі еді: Мәскеуден келген күн еді. Ыстамбұл патша болсаң да Құдыс Шамға, Бұхармен, Хүкім етсең де Хиндүстанға Ағылшын, Қытай, Йапон, Румды алып, дін түзеп, әмір етсең де бұл жаһанға. Тұтсаң да жеті ықылымның бәрін тегіс, кірерсің ақыр бір күн көрістанға. Есепсіз бай болсаң да Қарымбайдай; сахи боп мал шашсаң да Атымтайдай, Ақырда жатар орның тар лақат жай.

Зат есімде екі айырыс бар: 1) Жекелік; 2) Көптік.

Жекелік айырыс – нәрсенің жеке күйіндегі есімнің түрі, мәселен: ата, дене, омырау, белбеу, ой, сырнай, керней, ашу, шыны, қаз, құнан, аяқ, шелек.

Көптік айырыс – нәрсенің көп күйіндегі есімнің түрі, мәселен: аталар, денелер, омыраулар, белбеулер, ойлар, сырнайлар, кернейлер, ашулар, шынылар, қаздар, құнандар, аяқтар, шелектер.

3) Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді жекелік айырыстан көптік айырысқа көшірту.

Кісі, адам, жан, бас, шаш, маңдай, мый, желке, бет, жүз, көз, кірпік, қас, мұрын, танау, ауыз, ерін, тіл, тіс, мұрт, таңдай, тамақ, өңеш, жақ, құлақ, самай, иес, сақал, кеуде, қабырға, арқа, тері, өкпе бел, иін, аяқ, тізе, шөп, арпа, бидай, тары, сұлы, жүгері, жуа, шие, қайың, Жүке, ожау, аяқ, табақ, қар, жаңбыр, саз, балшық, бие, құлын, айғыр, қошқар, бұзау, қаз, үйрек, торғай, үкі, ителгі.

Зат есімде екі қалып бар: 1) Жай қалып; 2) Тәуелді қалып.

Жай қалып нәрсенің битарап күйіндегі есімнің түрі, мәселен, жекеше: ата, дене, омырау, белбеу, ой, үй, сырнай, керней, ашу, шыны, қаз, құнан, аяқ, шелек.

Көпше: аталар, денелер, омыраулар, белбеулер, ойлар, үйлер, сырнайлар, кернейлер, ашулар, шынылар, қаздар, құнандар, аяқтар, шелектер.

Тәуелді қалып – бір нәрсені екінші нәрсе меншіктеуін көрсеткендегі сөздің түрі.

Тәуелдік екі түрлі: 1) Оңаша тәуелдік; 2) Ортақ тәуелдік.

Онаша тәуелдік бір нәрсені екінші нәрсе онаша меншіктеуін көрсетеді. Ортақ тәуелдік бір нәрсені басқа нәрселер ортақ меншіктеуін көрсетеді.

Тәуелді қалып Онаша тәуелдік

Жекеше, 1-нші жақ (мендік): атам, денем, омырауым, белбеуім, ойым, үйім, сырнайым, кернейім, ашуым, шыным, қазым, құнаным, аяғым, шелегім.

2-нші жақ (сендік): атаң, денең, омырауың, белбеуің, ойың, үйің, сырнайың, кернейің, ашуың, шының, қазың, құнаның, аяғың, шелегің.

3-нші жақ (бөгделік): атасы, денесі, омырауы, белбеуі, ойы, үйі, сырнайы, кернейі, ашуы, шынысы, қазы, құнаны, аяғы, шелегі.

Көпше: 1-нші жақ (мендік): аталарым, денелерім, омырауларым, белбеулерім, ойларым, үйлерім, сырнайларым, кернейлерім, ашуларым, шыныларым, қаздарым, құнандарым, аяқтарым, шелектерім.

2-нші жақ (сендік): аталарың, денелерің, омырауларың, белбеулерің, ойларың, үйлерің, сырнайларың, кернейлерің, ашуларың, шыныларың, қаздарың, құнандарың, аяқтарың, шелектерің.

3-нші жақ (бөгделік): аталары, денелері, омыраулары, белбеулері, ойлары, үйлері, сырнайлары, кернейлері, ашулары, шынылары, қаздары, құнандары, аяқтары, шелектері.

4) Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша басқа зат есім сөздерді алып, онаша тәуелдік түріне түсірту.

Ортақ тәуелдік

Жекеше: 1-ші жақ (біздікі): атамыз, денеміз, омырауымыз, белбеуіміз, ойымыз, үйіміз, сырнайымыз, кернейіміз, ашуымыз, шынымыз, қазымыз, құнанымыз, аяғымыз, шелегіміз.

2-нші жақ (сіздік): атаңыз, денеңіз, омырауыңыз, белбеуіңіз, ойыңыз, үйіңіз, сырнайыңыз, кернейіңіз, ашуыңыз, шыныңыз, қазыңыз, құнаныңыз, аяғыңыз, шелегіңіз.

3-нші жақ (бөгделік): атасы, денесі, омырауы, белбеуі, ойы, үйі, сырнайы, кернейі, ашуы, шынысы, қазы, құнаны, аяғы, шелегі.

Көпше: 1-нші жақ (біздік): аталарымыз, денелеріміз, омырауларымыз, белбеулеріміз, ойларымыз, үйлеріміз, сырнайларымыз, кернейлеріміз, ашуларымыз, шыныларымыз, қаздарымыз, құнандарымыз, аяқтарымыз, шелектеріміз.

2-нші жақ (сіздік): аталарыңыз, денелеріңіз, омырауларыңыз, белбеулеріңіз, ойларыңыз, үйлеріңіз, сырнайларыңыз, кернейлеріңіз, ашуларыңыз, шыныларыңыз, қаздарыңыз, құнандарыңыз, аяқтарыңыз, шелектеріңіз.

3-нші жақ (бөгделік): аталары, денелері, омыраулары, белбеулері, ойлары, үйлері, сырнайлары, кернейлері, ашулары, шынылары, қаздары, құнандары, аяқтары, шелектері.

5) Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша басқа зат есім сөздерді алып ортақ тәуелдік түріне түсіру.

Ескерту: Анайылық ретпен сөйлегенде, оңаша тәуелдік түрмен айтылады, сыпайылық ретпен сөйлегенде, ортақ тәуелдік түрмен айтылады, мәселен:

Анайылық рет.

Жекеше: 1-нші жақ – атам, апам, балам, атым, асым, басым.

2-нші жақ – атаң, апан, балаң, атың, асың, басың.

3-нші жақ – атасы, апасы, баласы, аты, асы, басы.

Көпше: 1-нші жақ – аталарым, апаларым, балаларым, аттарым, астарым, бастарым.

2-нші жақ – аталарың, апаларың, балаларың, аттарың, астарың, бастарың.

3-нші жақ – аталары, апалары, балалары, аттары, астары, бастары.

Сыпайылық рет.

Жекеше: 1-нші жақ – атамыз, апамыз, баламыз, атымыз, асымыз, басымыз.

2-нші жақ – атаңыз, апаныз, балаңыз, атыңыз, асыңыз, басыңыз.

3-нші жақ – анайылық ретше.

6) Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді осы үлгі бойынша әуелі анайы ретке, сонан соң сыпайы ретке аударту (жекеше, көпше, үш жақтық түрлерімен).

Арба, көрпе, тау, егеу, тай, көмей, сый, ши, от, бет, саз, әз, таң, көң, нар, айыр.

Сұраулар.

Зат туралы қазақ тілінде екі сұрау бар: кісі туралы «кім?», басқа заттар туралы «не?» деп сұраймыз.

Жалғау һәм жалғаулықтар.

Жалғау екі түрлі: 1) Септік жалғау; 2) Көптік жалғау.

Септік жалғаулар сөздердің үйлесуіне сеп болады. Көптік жалғаулар нәрсенің жеке емес, көп күйдегі есімін көрсетеді.

Септік жалғау бесеу: 1) Ілік жалғау «-дың»; 2) Барыс жалғау «-ға»; 3) Табыс жалғау «-ды»; 4) Жатыс жалғау «-да»; 5) Шығыс жалғау «-дан».

Көптік жалғау біреу-ақ: «-лар». «-лар» жалғау жіңішке сөзде «-лер» болады.

Сөздің аяқ дыбысы дауыссыз, яки жарты дауысты болса, «-лар» жалғау «-дар» болып, «-лер» жалғау «-дер» болып өзгереді.

Жалғаулықтар: менен, үшін, арқылы, туралы, тақырыпты уа ғайри сондай жалғау мағынасында жүретін сөздер.

Алдындағы сөздің аяқ дыбысының әуеніне қарап, жалғаулық «бенен» болып та айтылады. Қысқа түрлері «мен», «бен».

Септік жалғаулықтар да сөздің аяқ дыбысына қарай түрліше жалғанады. Мысал үшін түрлі-түрлі сөздер алып, жалғап қарайық.

Жай қалып

Жуан сөздің аяғы дауысты дыбыс болса:

«Аға» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Аға	Кімдер? Ағалар
Ілік жалғау	Кімнің? Ағаның	Кімдердің? Ағалардың
Барыс жалғау	Кімге? Ағаға	Кімдерге? Ағаларға
Табыс жалғау	Кімді? Ағаны	Кімдерді? Ағаларды
Жатыс жалғау	Кімде? Ағада	Кімдерде? Ағаларда
Шығыс жалғау	Кімнен? Ағадан	Кімдерден? Ағалардан

Дағдыландыру. Аға, бала, ана, апа, қала, дала һәм басқа аяғы «а» сөздерді жалғаулату.

«Тары» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Тары	Нелер? Тарылар
Ілік жалғау	Ненің? Тарының	Нелердің? Тарылардың
Барыс жалғау	Неге? Тарыға	Нелерге? Тарыларға
Табыс жалғау	Нені? Тарыны	Нелерді? Тарыларды
Жатыс жалғау	Неде? Тарыда	Нелерде? Тарыларда
Шығыс жалғау	Неден? Тарыдан	Нелерден? Тарылардан

2) Дағдыландыру. Қазы, тазы, сұлы, қылы, шыны, талқы һәм басқа аяғы «ы» сөздерді жалғаулату.

Жіңішке сөздің аяғы дауысты болса:

«Кеме» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Кеме	Нелер? Кемелер
Ілік жалғау	Ненің? Кеменің	Нелердің? Кемелердің
Барыс жалғау	Неге? Кемеге	Нелерге? Кемелерге
Табыс жалғау	Нені? Кемені	Нелерді? Кемелерді
Жатыс жалғау	Неде? Кемеден	Нелерде? Кемелерде
Шығыс жалғау	Неден? Кемеден	Нелерден? Кемелерден

3) Дағдыландыру. Өке, шеше, шеге, көше, теке, тізе, түйе һәм басқа аяғы «е» сөздерді жалғаулату.

«Кісі» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Кісі	Кімдер? Кісілер
Ілік жалғау	Кімнің? Кісінің	Кімдердің? Кісілердің
Барыс жалғау	Кімге? Кісіге	Кімдерге? Кісілерге
Табыс жалғау	Кімді? Кісіні	Кімдерді? Кісілерді
Жатыс жалғау	Кімде? Кісінде	Кімдерде? Кісілерде
Шығыс жалғау	Кімнен? Кісіден	Кімдерден? Кісілерден

4) Дағдыландыру. Түлкі, күпі, ешкі, түрпі, келі, күлкі һәм басқа аяғы «і» сөздерді жалғаулату.

Жуан сөздің аяқ дыбысы жарты дауысты болса:

«Жау» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Жау	Кімдер? Жаулар
Ілік жалғау	Кімнің? Жаудың	Кімдердің? Жаулардың
Барыс жалғау	Кімге? Жауға	Кімдерге? Жауларға
Табыс жалғау	Кімді? Жауды	Кімдерді? Жауларды
Жатыс жалғау	Кімде? Жауда	Кімдерде? Жауларда
Шығыс жалғау	Кімнен? Жаудан	Кімдерден? Жаулардан

5) Дағдыландыру. Мынау сөздерді жалғаулату: Тау, бау, отау, танау, ау, су, бу, у.

«Тай» деген сөз	Жекеше	Көпше
-----------------	--------	-------

Атау	Не? Тай	Нелер? Тайлар
Ілік жалғау	Ненің? Тайдың	Нелердің? Тайлардың
Барыс жалғау	Неге? Тайға	Нелерге? Тайларға
Табыс жалғау	Нені? Тайды	Нелерді? Тайларды
Жатыс жалғау	Неде? Тайда	Нелерде? Тайларда
Шығыс жалғау	Неден? Тайдан	Нелерден? Тайлардан

6) Дағдыландыру. Мынау сөздерді жалғаулату: Қой, бой, май, сай, сый, мый, қый.

Жіңішке сөздің аяғы жарты дауысты болса:

«Күйеу» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Күйеу	Кімдер? Күйеулер
Ілік жалғау	Кімнің? Күйеудің	Кімдердің? Күйеулердің
Барыс жалғау	Кімге? Күйеуге	Кімдерге? Күйеулерге
Табыс жалғау	Кімді? Күйеуді	Кімдерді? Күйеулерді
Жатыс жалғау	Кімде? Күйеуде	Кімдерде? Күйеулерде
Шығыс жалғау	Кімнен? Күйеуден	Кімдерден? Күйеулерден

7) Дағдыландыру. Мынау сөздерді жалғаулату: Егеу, селеу, елеу, белбеу, көсеу.

«Үй» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Үй	Нелер? Үйлер
Ілік жалғау	Ненің? Үйдің	Нелердің? Үйлердің
Барыс жалғау	Неге? Үйге	Нелерге? Үйлерге
Табыс жалғау	Нені? Үйді	Нелерді? Үйлерді
Жатыс жалғау	Неде? Үйде	Нелерде? Үйлерде
Шығыс жалғау	Неден? Үйден	Нелерден? Үйлерден

8) Дағдыландыру. Мынау сөздерді жалғаулату: Күй, көмей, ши, ай, кеней, сәуегей.

Мұнан көрінеді: жіңішке сөздің аяғы жарты дауысты дыбыс болса, жалғауларда өзгеріс болатыны, мәселен, -ға жалғау -ге болып, -да

жалғауда болып, -дан жалғау -ден болып өзгерілгені; жаңа да көптік жалғаулар жіңішке сөздерде -лер болып өзгерілгені.

Ескерту. Жалғаулықтар жуан, жіңішке сөздердің бәріне бірдей. Мәселен, жау менен, жау үшін, жау арқылы, жау туралы, жау тақырыпты.

Тай... тай... тай... тай... тай...,

Күйеу... күйеу... күйеу... күйеу... күйеу...,

Үй... үй... үй... үй... үй...

Жуан сөздің аяғы қатаң дыбыс болса:

«Аяқ» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Аяқ	Нелер? Аяқтар
Ілік жалғау	Ненің? Аяқтың	Нелердің? Аяқтардың
Барыс жалғау	Неге? Аяққа	Нелерге? Аяқтарға
Табыс жалғау	Нені? Аяқты	Нелерді? Аяқтарды
Жатыс жалғау	Неде? Аяқта	Нелерде? Аяқтарда
Шығыс жалғау	Неден? Аяқтан	Нелерден? Аяқтардан

Ескерту. Сөз аяғы қатаң дыбыс болса, жалғау басындағы «д» дыбысы «т» сияқты естіледі. Ондай орында «т» сияқты естіледі. Ондай орында «т» жазбай, «д» қарпін жазу тиіс.

9) Дағдыландыру. Тайлақ, ат, құс, қап, шаш, топ һәм басқа аяғы қатаң дыбысты сөздерді жалғаулату.

Жіңішке сөздің аяғы қатаң дыбыс болса:

«Бет» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Бет	Нелер? Беттер
Ілік жалғау	Ненің? Беттің	Нелердің? Беттердің
Барыс жалғау	Неге? Бетке	Нелерге? Беттерге
Табыс жалғау	Нені? Бетті	Нелерді? Беттерді
Жатыс жалғау	Неде? Бетте	Нелерде? Беттерде
Шығыс жалғау	Неден? Беттен	Нелерден? Беттерден

10) Дағдыландыру. Ет, тіс, іш, жүрек, жіп, шөп һәм басқа аяғы қатаң дыбысты жіңішке сөздерді жалғаулату.

Жуан сөздің аяғы ымыралы дыбыс болса:

«Мал» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Мал	Нелер? Малдар

Ілік жалғау	Ненің? Малдың	Нелердің? Малдардың
Барыс жалғау	Неге? Малға	Нелерге? Малдарға
Табыс жалғау	Нені? Малды	Нелерді? Малдарды
Жатыс жалғау	Неде? Малда	Нелерде? Малдарда
Шығыс жалғау	Неден? Малдан	Нелерден? Малдардан

11) Дағдыландыру. Құл, жар, жаз, баж, жал, қыз, тұз һәм басқа аяғы ымыралы дыбысты жуан сөздерді жалғаулату.

Жіңішке сөздің аяғы ымыралы дыбыс болса:

«Көз» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Көз	Нелер? Көздер
Ілік жалғау	Ненің? Көздің	Нелердің? Көздердің
Барыс жалғау	Неге? Көзге	Нелерге? Көздерге
Табыс жалғау	Нені? Көзді	Нелерді? Көздерді
Жатыс жалғау	Неде? Көзде	Нелерде? Көздерде
Шығыс жалғау	Неден? Көзден	Нелерден? Көздерден

Ескерту. Сөз аяғы «р» болса, көптік жалғау «-дар», «-дер» болмай, «-лар», «-лер» күйінде қалады.

12) Дағдыландыру. Сөз, көл, ел, жер, із, көз һәм басқа аяғы ымыралы дыбысты жіңішке сөздерді жалғаулату.

Жуан сөздің аяғы ымырасыз дыбыс болса:

«Нан» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Нан	Нелер? Нандар
Ілік жалғау	Ненің? Нанның	Нелердің? Нандардың
Барыс жалғау	Неге? Нанға	Нелерге? Нандарға
Табыс жалғау	Нені? Нанды	Нелерді? Нандарды
Жатыс жалғау	Неде? Нанда	Нелерде? Нандарда
Шығыс жалғау	Неден? Наннан	Нелерден? Нандардан

13) Дағдыландыру. Жан, аң, шам, сам, шаң, таң һәм бас аяғы ымырасыз дыбысты жуан сөздерді жалғаулату.

Жіңішке сөздің аяғы ымырасыз дыбыс болса:

«Жем» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Жем	Нелер? Жемдер

Ілік жалғау	Ненің? Жемнің	Нелердің? Жемдердің
Барыс жалғау	Неге? Жемге	Нелерге? Жемдерге
Табыс жалғау	Нені? Жемді	Нелерді? Жемдерді
Жатыс жалғау	Неде? Жемде	Нелерде? Жемдерде
Шығыс жалғау	Неден? Жемнен	Нелерден? Жемдерден

14) Дағдыландыру. Сең, күн, ем, күң, кілем, жүген һәм басқа аяғы ымырасыз дыбысты жіңішке сөздерді жалғаулату.

Тәуелді қалып Оңаша тәуелдеу

Жуан сөздің аяғы жай қалыпта дауысты дыбыс болса, тәуелді қалыпта жалғаулар былай жалғанады.

«Ата» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Атам	Атаң	Атасы
Ілік жалғау	Атамның	Атаңның	Атасының
Барыс жалғау	Атама	Атаңа	Атасына
Табыс жалғау	Атамды	Атаңды	Атасын
Жатыс жалғау	Атамда	Атаңда	Атасында
Шығыс жалғау	Атамнан	Атаңнан	Атасынан
Көпше: Атау	Аталарым	Аталарың	Аталары
Ілік жалғау	Аталарымның	Аталарыңның	Аталарының
Барыс жалғау	Аталарыма	Аталарыңа	Аталарына
Табыс жалғау	Аталарымды	Аталарыңды	Аталарын
Жатыс жалғау	Аталарымда	Аталарыңда	Аталарында
Шығыс жалғау	Аталарымнан	Аталарыңнан	Аталарынан

15) Дағдыландыру. Бала, жаға, тары, шырпы, қора уа ғайри сондай сөздерді осы жоғарғы үлгі бойынша тәуелді қалыпта жалғаулату.

Жіңішке сөздің аяғы жай қалыпта дауысты дыбыс болса, тәуелді қалыпта жалғаулар былай жалғанады:

«Тері» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Терім	Терің	Терісі
Ілік жалғау	Терімнің	Теріңнің	Терісінің
Барыс жалғау	Теріме	Теріңе	Терісіне

Табыс жалғау	Терімді	Терінді	Терісін
Жатыс жалғау	Терімде	Терінде	Терісінде
Шығыс жалғау	Терімнен	Теріңнен	Терісінен
Көпше: Атау	Терілерім	Терілерің	Терілері
Ілік жалғау	Терілерімнің	Терілеріңнің	Терілерінің
Барыс жалғау	Терілеріме	Терілеріңе	Терілеріне
Табыс жалғау	Терілерімді	Терілеріңді	Терілерін
Жатыс жалғау	Терілерімде	Терілеріңде	Терілерінде
Шығыс жалғау	Терілерімнен	Терілеріңнен	Терілерінен

16) Дағдыландыру. Кеуде, шеге, түлкі, кірпі, күні уа ғайри сондай сөздерді осы көрсетілген үлгі бойынша тәуелді қалыпта жалғаулату.

Жуан сөздің аяғы жай қалыпта жарты дауысты дыбыс болса, тәуелді қалыпта жалғаулар былай жалғанады.

«Танау» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Танауым	Танауың	Танауы
Ілік жалғау	Танауымның	Танауыңның	Танауының
Барыс жалғау	Танауыма	Танауыңа	Танауына
Табыс жалғау	Танауымды	Танауыңды	Танауын
Жатыс жалғау	Танауымда	Танауыңда	Танауында
Шығыс жалғау	Танауымнан	Танауыңнан	Танауынан
Көпше: Атау	Танауларым	Танауларың	Танаулары
Ілік жалғау	Танауларымның	Танауларыңның	Танауларының
Барыс жалғау	Танауларыма	Танауларыңа	Танауларына
Табыс жалғау	Танауларымды	Танауларыңды	Танауларын
Жатыс жалғау	Танауларымда	Танауларыңда	Танауларында
Шығыс жалғау	Танауларымнан	Танауларыңнан	Танауларынан

17) Дағдыландыру. Ау, бау, тау, жау, қару, жылу уа ғайри сондай сөздерді осы көрсеткен үлгі бойынша тәуелді қалыпта жалғаулату.

«Қой» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Қойым	Қойың	Қойы
Ілік жалғау	Қойымның	Қойыңның	Қойының
Барыс жалғау	Қойыма	Қойыңа	Қойына

Табыс жалғау	Қойымды	Қойыңды	Қойын
Жатыс жалғау	Қойымда	Қойыңда	Қойында
Шығыс жалғау	Қойымнан	Қойыңнан	Қойынан
Көпше: Атау	Қойларым	Қойларың	Қойлары
Ілік жалғау	Қойларымның	Қойларыңның	Қойларының
Барыс жалғау	Қойларыма	Қойларыңа	Қойларына
Табыс жалғау	Қойларымды	Қойларыңды	Қойларын
Жатыс жалғау	Қойларымда	Қойларыңда	Қойларында
Шығыс жалғау	Қойларымнан	Қойларыңнан	Қойларынан

18) Дағдыландыру. Бай, малай, сай, тай, той, жай уа ғайри сондай сөздерді осы көрсеткен үлгі бойынша тәуелді қалыпта жалғаулату.

«Ми» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Миым	Миың	Миы
Ілік жалғау	Миымның	Миыңның	Миының
Барыс жалғау	Миыма	Миыңа	Миына
Табыс жалғау	Миымды	Миыңды	Миын
Жатыс жалғау	Миымда	Миыңда	Миында
Шығыс жалғау	Миымнан	Миыңнан	Миынан

Көпше: Атау	Миларым	Миларың	Милары
Ілік жалғау	Миларымның	Миларыңның	Миларының
Барыс жалғау	Миларыма	Миларыңа	Миларына
Табыс жалғау	Миларымды	Миларыңды	Миларын
Жатыс жалғау	Миларымда	Миларыңда	Миларында
Шығыс жалғау	Миларымнан	Миларыңнан	Миларынан

19) Дағдыландыру. Сый, қи уа ғайри сондай сөздерді осы көрсеткен үлгі бойынша тәуелді қалыпта жалғаулату.

Жіңішке сөздің аяғы жай қалыпта жарты дауысты дыбыс болса, тәуелді қалыпта жалғаулар былай жалғанады.

«Егеу» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Егеуім	Егеуің	Егеуі
Ілік жалғау	Егеуімнің	Егеуіңнің	Егеуінің
Барыс жалғау	Егеуіме	Егеуіңе	Егеуіне
Табыс жалғау	Егеуімді	Егеуіңді	Егеуін

Жатыс жалғау	Егеуімде	Егеуінде	Егеуінде
Шығыс жалғау	Егеуімнен	Егеуіңнен	Егеуінен
Көпше: Атау	Егеулерім	Егеулерің	Егеулері
Ілік жалғау	Егеулерімнің	Егеулеріңнің	Егеулерінің
Барыс жалғау	Егеулеріме	Егеулеріңе	Егеулеріне
Табыс жалғау	Егеулерімді	Егеулеріңді	Егеулерін
Жатыс жалғау	Егеулерімде	Егеулеріңде	Егеулерінде
Шығыс жалғау	Егеулерімнен	Егеулеріңнен	Егеулерінен

«Күй» деген сөз	1-ші жак	2-ші жак	3-ші жак
Жекеше: Атау	Күйім	Күйің	Күйі
Ілік жалғау	Күйімнің	Күйіңнің	Күйінің
Барыс жалғау	Күйіме	Күйіңе	Күйіне
Табыс жалғау	Күйімді	Күйіңді	Күйін
Жатыс жалғау	Күйімде	Күйіңде	Күйінде
Шығыс жалғау	Күйімнен	Күйіңнен	Күйінен
Көпше: Атау	Күйлерім	Күйлерің	Күйлері
Ілік жалғау	Күйлерімнің	Күйлеріңнің	Күйлерінің
Барыс жалғау	Күйлеріме	Күйлеріңе	Күйлеріне
Табыс жалғау	Күйлерімді	Күйлеріңді	Күйлерін
Жатыс жалғау	Күйлерімде	Күйлеріңде	Күйлерінде
Шығыс жалғау	Күйлерімнен	Күйлеріңнен	Күйлерінен

«Би» деген сөз	1-ші жак	2-ші жак	3-ші жак
Жекеше: Атау	Биім	биің	Биі
Ілік жалғау	Биімнің	Биіңнің	Биінің
Барыс жалғау	Биіме	Биіңе	Биіне
Табыс жалғау	Биімді	Биіңді	Биін
Жатыс жалғау	Биімде	Биіңде	Биінде
Шығыс жалғау	Биімнен	Биіңнен	Биінен

Көпше: Атау	Билерім	Билерің	Билері
Ілік жалғау	Билерімнің	Билеріңнің	Билерінің
Барыс жалғау	Билеріме	Билеріңе	Билеріне
Табыс жалғау	Билерімді	Билеріңді	Билерін
Жатыс жалғау	Билерімде	Билеріңде	Билерінде
Шығыс жалғау	Билерімнен	Билеріңнен	Билерінен

20) Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша үй, көмей, ій, ши, кеней уа ғайри жай қалыпта аяғында жарты дауысты «й» бар сөздерді жалғаулату.

Жуан сөздің аяғы жай қалыпта дауыссыз дыбыс болса, тәуелді қалыпта жалғаулар былай жалғанады.

«Мал» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Малым	Малың	Малы
Ілік жалғау	Малымның	Малыңның	Малының
Барыс жалғау	Малыма	Малыңа	Малына
Табыс жалғау	Малымды	Малыңды	Малын
Жатыс жалғау	Малымда	Малыңда	Малында
Шығыс жалғау	Малымнан	Малыңнан	Малынан
Көпше: Атау	Малдарым	Малдарың	Малдары
Ілік жалғау	Малдарымның	Малдарыңның	Малдарының
Барыс жалғау	Малдарыма	Малдарыңа	Малдарына
Табыс жалғау	Малдарымды	Малдарыңды	Малдарын
Жатыс жалғау	Малдарымда	Малдарыңда	Малдарында
Шығыс жалғау	Малдарымнан	Малдарыңнан	Малдарынан

21) Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша шал, қар, қаз, қап, қан, шак, ас уа ғайри сондай аяғы дауыссыз дыбысты сөздерді жалғаулату.

Жіңішке сөздің аяғы жай қалыпта дауыссыз дыбыс болса, тәуелді қалыпта жалғаулар былай жалғанады.

«Ет» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Етім	Етің	Еті
Ілік жалғау	Етімнің	Етіңнің	Етінің
Барыс жалғау	Етіме	Етіңе	Етіне
Табыс жалғау	Етімді	Етіңді	Етін
Жатыс жалғау	Етімде	Етіңде	Етінде
Шығыс жалғау	Етімнен	Етіңнен	Етінен
Көпше: Атау	Еттерім	Еттерің	Еттері
Ілік жалғау	Еттерімнің	Еттеріңнің	Еттерінің
Барыс жалғау	Еттеріме	Еттеріңе	Еттеріне
Табыс жалғау	Еттерімді	Еттеріңді	Еттерін

Жатыс жалғау	Еттерімде	Еттеріңде	Еттерінде
Шығыс жалғау	Еттерімнен	Еттеріңнен	Еттерінен

22) Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша ел, жыр, күз, бет, иек, күш, тіс, жең, жем уа ғайри сондай аяғы дауыссыз дыбысты жіңішке сөздерді тәуелді қалыпта жалғаулату.

Ортақ тәуелділік

Жуан сөздің аяғы жай қалыпта дауысты дыбыс болса, ортақ тәуелдік түріне жалғаулар былай жалғанады:

«Апа» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Апамыз	Апаңыз	Апасы
Ілік жалғау	Апамыздың	Апаңыздың	Апасының
Барыс жалғау	Апамызға	Апаңызға	Апасына
Табыс жалғау	Апамызды	Апаңызды	Апасын
Жатыс жалғау	Апамызда	Апаңызда	Апасында
Шығыс жалғау	Апамыздан	Апаңыздан	Апасынан
Көпше: Атау	Апаларымыз	Апаларыңыз	Апалары
Ілік жалғау	Апаларымыздың	Апаларыңыздың	Апаларының
Барыс жалғау	Апаларымызға	Апаларыңызға	Апаларына
Табыс жалғау	Апаларымызды	Апаларыңызды	Апаларын
Жатыс жалғау	Апаларымызда	Апаларыңызда	Апаларында
Шығыс жалғау	Апаларымыздан	Апаларыңыздан	Апаларынан

23) Дағдыландыру. Аяғында дауысты дыбыс бар жуан сөздерді осы үлгі бойынша жалғаулату. Жіңішке сөздің аяғы жай қалыпта дауысты дыбыс болса, ортақ тәуелдік қалыпта жалғаулар былай жалғанады:

«Іні» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Ініміз	Ініңіз	Інісі
Ілік жалғау	Ініміздің	Ініңіздің	Інісінің
Барыс жалғау	Інімізге	Ініңізге	Інісіне
Табыс жалғау	Інімізді	Ініңізді	Інісін
Жатыс жалғау	Інімізде	Ініңізде	Інісінде
Шығыс жалғау	Інімізден	Ініңізден	Інісінен
Көпше: Атау	Інілеріміз	Інілеріңіз	Інілері

Ілік жалғау	Інілеріміздің	Інілеріңіздің	Інілерінің
Барыс жалғау	Інілерімізге	Інілеріңізге	Інілеріне
Табыс жалғау	Інілерімізді	Інілеріңізді	Інілерін
Жатыс жалғау	Інілерімізде	Інілеріңізде	Інілерінде
Шығыс жалғау	Інілерімізден	Інілеріңізден	Інілерінен

24) Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша аяғы дауысты жіңішке сөздерді ортақ тәуелдік түрінде жалғаулату.

Жуан сөздің аяғы жай қалыпта дауыссыз я жарты дауысты дыбыс болса, ортақ тәуелдік түріне жалғаулар былай жалғанады:

«Бас» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Басымыз	Басыңыз	Басы
Ілік жалғау	Басымыздың	Басыңыздың	Басының
Барыс жалғау	Басымызға	Басыңызға	Басына
Табыс жалғау	Басымызды	Басыңызды	Басын
Жатыс жалғау	Басымызда	Басыңызда	Басында
Шығыс жалғау	Басымыздан	Басыңыздан	Басынан
Көпше: Атау	Бастарымыз	Бастарыңыз	Бастары
Ілік жалғау	Бастарымыздың	Бастарыңыздың	Бастарының
Барыс жалғау	Бастарымызға	Бастарыңызға	Бастарына
Табыс жалғау	Бастарымызды	Бастарыңызды	Бастарын
Жатыс жалғау	Бастарымызда	Бастарыңызда	Бастарында
Шығыс жалғау	Бастарымыздан	Бастарыңыздан	Бастарынан

25) Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша аяғы дауыссыз һәм жарты дауысты жуан сөздерді ортақ тәуелдік түрінде жалғаулату.

Жіңішке сөздің аяғы жай қалыпта дауыссыз я жарты дауысты дыбыс болса, ортақ тәуелдік түріне былай жалғанады.

«Күш» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Күшіміз	Күшіңіз	Күші
Ілік жалғау	Күшіміздің	Күшіңіздің	Күшінің
Барыс жалғау	Күшімізге	Күшіңізге	Күшіне
Табыс жалғау	Күшімізді	Күшіңізді	Күшін
Жатыс жалғау	Күшімізде	Күшіңізде	Күшінде
Шығыс жалғау	Күшімізден	Күшіңізден	Күшінен

Көпше: Атау	Күштеріміз	Күштеріңіз	Күштері
Ілік жалғау	Күштеріміздің	Күштеріңіздің	Күштерінің
Барыс жалғау	Күштерімізге	Күштеріңізге	Күштеріне
Табыс жалғау	Күштерімізді	Күштеріңізді	Күштерін
Жатыс жалғау	Күштерімізде	Күштеріңізде	Күштерінде
Шығыс жалғау	Күштерімізден	Күштеріңізден	Күштерінен

26) Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша жарты дауыссыз я жарты дауысты жіңішке сөздерді ортақ тәуелдік түрінде жалғаулату.

Жай қалып пен тәуелді қалып арасындағы айрықтар

Жай қалыпта	Битарап		Тәуелді қалыпта	
	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ	
Барыс жалғау	-ға, -ге	-а, -е	-на, -не	
Табыс жалғау	-ды, -ні	—	-н	
Жатыс жалғау	-да, -де	—	-нда, -нде	
Шығыс жалғау	-дан, -ден	—	-нан, -нен	
	-нан, -нен	—		

Қорыту Жалғаулар

- 1) Септік – -ның, -дың, -ға, -ге, -қа, -ке, -ны, -ды, -да, -дан, -нан, -ден, -нен.
- 2) Көптік – -лар, -лер, -дар, -дер.

Тәуелдіктер

- 1) Оңаша – -м, -ң, -ы, (-сы)
- 2) Ортақ – -мыз, (-ымыз), -ңыз, (-ыңыз), -ы, (-сы)

Зат есімнен туған сөздер

Түпкі зат есімдер түпкі заттың есімін көрсетеді. Түпкі затқа қатысқан екінші зат болса, ол екінші затты атау үшін түпкі заттың есіміне һәр түрлі жұрнақтар жалғанады. Мысалдар:

«-шы» жұрнақ заттың есіміне жалғанады: сол затқа қатысы бар адамдарды атау үшін. Мәселен: «Үй» деген сөзге «-ші» жұрнағын жалғап,

«үйші» дейміз, үй істейтін адамды атау үшін; «Жылқы» деген сөзге «-шы» жұрнағын жалғап, «жылқышы» дейміз, жылқы бағатын адамды атау үшін; «Балық» деген сөзге «-шы» жұрнағын жалғап, «балықшы» дейміз, балық аулайтын адамды атау үшін; «Егін» деген сөзге «-ші» жұрнағын жалғап, «егінші» дейміз, егін егуші адамды атау үшін. «Су» деген сөзге «-шы» жұрнағын жалғап, «сушы» дейміз, су таситын адамды атау үшін уа ғайри сондай.

1) Дағдыландыру. «-шы» жұрнағы жалғанарлық сөздерді тапқызып, жалғату.

«-лық» (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) жұрнақ зат есімге жалғанады.

Әуелі, сол зат үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін. Мәселен: «Арқа» деген сөзге «-лық» жұрнағын қосып, «арқалық» дейміз, арқа үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін; «Тер» деген сөзге «-лік» жұрнағын қосып, «терлік» дейміз, тер үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін; «Мұрын» деген сөзге «-дық» жұрнағын қосып, «мұрындық» дейміз, мұрын үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін; «Түн» деген сөзге «-дік» жұрнағын қосып, «түндік» дейміз, түн үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін; «От» деген сөзге «-тық» жұрнағын қосып, «оттық» дейміз, от үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін. «Өркеш» деген сөзге «-тік» жұрнағын қосып, «өркештік» дейміз, өркеш үшін жұмсалатын нәрсені атау үшін уа ғайри сондай.

Екінші, басқа нәрселерге сол затты өлшеу болатындығын көрсету үшін. Мәселен: «Ай» деген сөзге «-лық» жұрнағын жалғап «айлық» дейміз, айдың өлшей болғандығын көрсету үшін; «Түйе» деген сөзге «-лік» жұрнағын жалғап, «түйелік» дейміз, түйенің басқаларға өлшеу екендігін көрсету үшін; «Жыл» деген сөзге «-дық» жұрнағын жалғап, «жылдық» дейміз, жылдың басқаларға өлшеу болғандығын көрсету үшін; «Күн» деген сөзге «-дік» жұрнағын жалғап, «күндік» дейміз, күннің басқаларға өлшеу болғандығын көрсету үшін; «Оқ» деген сөзге «-тық» жұрнағын жалғап, «оқтық» дейміз, оқтық басқаларға өлшеу болғанын көрсету үшін; «Көйлек» деген сөзге «-тік» жұрнағын жалғап, «көйлектік» дейміз, көйлек басқаларға өлшеу болғанын көрсету үшін.

Үшінші, сол заттың қалпын көрсету үшін, мәселен: «Аға» деген сөзге «-лық» жұрнағын жалғап, «ағалық» дейміз, аға қалпын көрсету үшін; «Іні» деген сөзге «-лік» жұрнағын жалғап, «інілік» дейміз, іні қалпын көрсету үшін; «Шал» деген сөзге, «-дық» жұрнағын жалғап, «шалдық» дейміз, шал қалпын көрсету үшін. «Ел» деген сөзге «-дік» жұрнағын жалғап, «елдік» дейміз, ел қалпын көрсету үшін; «Жұрт» деген сөзге «-тық» жұрнағын жалғап, жұрттық дейміз, жұрт қалпын көрсету үшін.

2) Дағдыландыру. «-лық», (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) жұрнақ жалғанарлық сөздерді тапқызып, жалғату.

«-шылық» (-шілік) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол затқа лайық қалпын атау үшін. Мәселен: «Адам» деген сөзге «-шылық» жұрнағын жалғап, «адамшылық» дейміз, адамға лайық қалпын атау үшін; «Жігіт» деген сөзге «-шілік» жұрнағын жалғап, жігітшілік дейміз, жігітке лайық қалпын атау үшін; «Қазақ» деген сөзге «-шылық» жұрнағын жалғап, қазақшылық дейміз, қазаққа лайық қалпын атау үшін;

Ескерту. Бұл «-шылық» (-шілік) жұрнағынан «балықшылық», «егіншілік» деген сөздердегі «шылық», «шілік» жұрнақтарын айыру тиіс, үйткені «-шылық» екі жұрнақтан болған: «шы» һәм «-лық» (балықшылық, егіншілік) һәм бұлар заттың жай ғана қалпын көрсетеді.

«-шыл» жұрнақ зат есіміне жалғанады. Сол затты екінші зат жарататындығын, сүйетіндігін көрсету үшін. Мәселен: «Ұйқы» деген сөзге «шыл» жұрнағын жалғап, ұйқышыл деп, ұйқыны сүйетіндігін көрсетеміз; «Ұлт» деген сөзге «-шыл» жұрнағын жалғап, «ұлтшыл» деп, ұлтты сүйетіндігін көрсетеміз; «Қазақ» деген сөзге «-шыл» жұрнағын жалғап, «қазақшыл» деп, қазақты сүйетіндігін көрсетеміз уа ғайри сондай.

4) Дағдыландыру. «-шыл» жұрнағын жалғарлық сөздерді тапқызып, жалғату.

«-шық» (-шік) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол заттың кішкенелігін көрсету үшін. Мәселен: «Қап» деген сөзге «-шық» жұрнағын жалғап, «қапшық» деп, қаптың кішкенелігін көрсетеміз. «Үй» деген сөзге «-шік» жұрнағын жалғап, «үйшік» деп, үйдің кішкенелігін көрсетеміз уа ғайри сондай.

5) Дағдыландыру. «-шық» (-шік) жұрнақ жалғарлық сөздерді тапқызып, жалғату.

«-ша» (-ше) жұрнақ та зат есіміне жалғанады, сол заттың кішкенелігін көрсету үшін. Мәселен: «Құман» деген сөзге «-ша» жұрнағын жалғап «құманша» деп, құманның кішкенелігін көрсетеміз; «Көрпе» деген сөзге «-ше» жұрнағын жалғап, «көрпеше» деп, көрпенің кішкенелігін көрсетеміз уа ғайри сондай.

Ескерту. Құнанша, дөненше, бұқаша, өгізше, інгенше, тайынша ғайри сонда й сөздерді осы жолмен болған заттың кішкене һәм сүйкімділігін көрсету үшін сол заттың есіміне мынау жұрнақтар жалғанады: «-шақ», «-қан», «-қай». Мысалы: құлын – құлыншақ, бота – ботақан, бала – балақай.

6) Дағдыландыру. «-ша» (-ше) жұрнақ жалғанарлық сөздерді тапқызып жалғату.

«-қой» (-көй, -гөй) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол затты күйттеушіні атау үшін. Мәселен: «Сықақ» деген сөзге «-қой» жұрнағын жалғап, «сықаққой», деп күйттеушіні айтамыз; «Әзіл» деген сөзге «-гөй» жұрнағын жалғап «әзілгөй» деп, әзіл күйттеушіні атаймыз; «Бата» деген сөзге «-гөй» жұрнағын жалғап, «батагөй» деп, бата күйттеушіні атаймыз.

7) Дағдыландыру. «-қой» (-көй, -гөй) жұрнақ жалғанарлық сөздерді тапқызып, жалғату.

«-нікі» (-дікі) жұрнақ зат есіміне жалғанады, нәрсенің сол затқа тиісті екендігін көрсету үшін; Мәселен: «Кісі» деген сөзге «-нікі» жұрнағын жалғап, «кісінікі» дейміз, нәрсенің кісіге тиісті екендігін білдіру үшін; «Мал» деген сөзге «-дікі» жұрнағын жалғап, «малдікі» деп, нәрсенің малға тиісті екендігін білдіреміз уа ғайри сондай.

8) Дағдыландыру. «-нікі» (-дікі) жұрнақ жалғанарлық сөздер тапқызып жалғату.

«-лы» (-ды, -ты) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол заттың екінші затта барлығын, хатта молдығын да көрсету үшін. Мәселен: «Бала» деген сөзге «-лы» жұрнағын жалғап, «балалы» деп, баласы көптігін көрсетеміз. «Мал» деген сөзге «-ды» жұрнағын жалғап, «малды» деп, малы барлығын, молдығын көрсетеміз; «Ұлақ» деген сөзге «-ты» жұрнағын жалғап, «ұлақты» деп, ұлағы барлығын көрсетеміз уа ғайри сондай.

9) Дағдыландыру. «-лы» (-ды, -ты) жұрнақ жалғанарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-сыз» жұрнақ зат есіміне жалғанады сол заттың екінші затта жоқтығын көрсету үшін. Мәселен: «Бала» деген сөзге «-сыз» жұрнағын жалғап, «баласыз» деп, баласы жоқтығын көрсетеміз; «Мал» деген сөзге «-сыз» жұрнағын жалғап, «малсыз» деп, малы жоқтығы көрсетеміз; «Жан» деген сөзге «-сыз» жұрнағын жалғап, «жансыз» деп, жаны жоқтығын көрсетеміз уа ғайри сондай.

10) Дағдыландыру. «-сыз» жұрнағын жалғайтын сөздер тапқызып, жалғату.

«-лас» (-лес, -дас, -дес, -тас, -тес) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол затқа басқалар ортақ екендігін көрсету үшін. Мәселен: «Ата» деген сөзге «-лас» жұрнағын жалғап, «аталас» деп, атаға ортақ екендігін көрсетеміз; «Жер» деген сөзге «-лес» жұрнағын жалғап, «жерлес» деп, жерге ортақ екендігін көрсетеміз; «Жол» деген сөзге «-дас» жұрнағын жалғап, «жолдас» деп, жолға ортақтығын көрсетеміз; «Көл» деген сөзге «-дес» жұрнағын қосып, «көлдес» деп, көлге ортақ екендігін көрсетеміз; «Шек» деген сөзге «-тес» жұрнағын жалғап, «шектес» деп, шекке ортақ екендігін көрсетеміз уа ғайри сондай.

11) Дағдыландыру. «-лас» (-лес, -дас, -дес, -тас, -тес) жұрнағын жалғайтын сөздер тапқызып, жалғату.

«-еке» жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол затты зор тұту үшін я көңіл аулау үшін. «Аға» деген сөзге «-еке» деген жұрнақ жалғап, «ағаеке» десек, ағаны зор тұтқанымыз, яки көңілін аулағанымыз көрінеді. «-еке» жұрнақ жалпы есімге жай жалғанады. Жалпы есімге жалғанғанда ол есім қысқартылып айтылады. Мәселен: «Ысмайыл» деген есім, жұрнақ жалғанғанда қысқарылып, «Ыс-еке» болады; «Ыбраһім» деген есім, жұрнақ жалғанғанда қысқарылып, «Ыб-еке» болады уа ғайри сондай.

Ескерту. «-еке» жұрнақ көбінесе үлкен адамдарға айтылады. Кей сөздерде «-еке» орнына жалғыз «-й» қосылады, мәселен аға – ағай, апа – апай, ата – атай.

Кішіге сөйлегенде есіміне басқа жұрнақ, яки жұрнақ орнына бүтін сөз жалғанады, мәселен, -жан, -ан, -ман, -ш. Сүйткенде, «Тұрмұхаммед» деген есім «Тұрман» болып, «Ермұхаммед» деген есім «Ержан» болып, «Қосмұхаммед» деген есім «Қосан» болып, «Жұмағали» деген есім «Жұмаш» болып, уа ғайри сондай жұрнақтар, я сөздер қосылып айтылады.

12) Дағдыландыру. Жоғарыда көрсетілген «-еке», «-жан», «-ман», «-ан», «-ш» жұрнақтарын жалғарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-шаң» (-шең) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол зат екінші затқа көрнеу екендігін көрсету үшін, мәселен, «шапан» деген сөзге «-шаң» жұрнағын жалғап, «шапаншаң» дейміз: кісі үстінде шапан көрнеу екендігін көрсету үшін, «бөрік» деген сөзге «-шең» жұрнағын жалғап, «бөрікшең» дейміз, кісі басында бөрік көрнеу екендігін көрсету үшін.

Ескерту. «-шаң» (-шең) жұрнақ басқа мағанада да жүреді, яғни зат есіміне жалғанады басқа мағана туғызу үшін. Мәселен: «Ашу» деген сөзге «-шаң» жұрнағын жалғап, «ашушаң» дейміз, ашуы оңай пайда болғандығын көрсету үшін; «Тер» деген сөзге «-шең» жұрнағын жалғап, «тершең» дейміз, тері тез шығатындығын көрсету үшін; «Кір» деген сөзге «-шең» жұрнағын жалғап, «кіршең» дейміз, кірі оңай қонатындығын көрсету үшін.

Сүйтіп, «-шаң» (-шең) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол заттың оңай пайда болатындығын көрсету үшін де.

13) Дағдыландыру. «-шаң» (-шең) жұрнақтар екі түрлі мағанасында жалғанарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-а» (-е) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол затты іске айналдыру үшін. Мәселен: «Ас» деген сөзге «-а» жұрнағын жалғап, «аса» дейміз, асты іске айналдыру үшін; «Дем» деген сөзге «-е» жұрнағын жалғап, «деме» дейміз, демді іске аудару үшін.

14) Дағдыландыру. «-а» (-е) жұрнақ жалғарлық сөз тапқызып, жалғату.

«-ла» (-ле, -да, -де, -та, -те) жұрнақ зат есіміне жалғанады, істі сол затпен істеу үшін. Мәселен: «Таға» деген сөзге «-ла» жұрнағын жалғап, «тағала» дейміз, істі тағамен істей үшін; «Шеге» деген сөзге «-ле» жұрнағын жалғап, «шегеле» дейміз, істі шегемен істеу үшін; «Тұз» деген сөзге «-да» жұрнағын жалғап, «тұзда» дейміз, істі тұзбен істеу үшін; «Таяқ» деген сөзге «-та» жұрнағын жалғап, «таяқта» дейміз, істі таяқпен істеу үшін; «Тіс» деген сөзге «-те» жұрнағын жалғап, «тісте» дейміз, істі тіспен істеу үшін.

15) Дағдыландыру. «-ла» (-ле, -да, -де, -та, -те) жұрнақтар жалғанарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-ғар» (-қар, -кер) жұрнақ зат есіміне жалғанады, басқаны сол затта болдыру үшін. Мәселен: «Аң» деген сөзге «-ғар» жұрнағын жалғап, «аңғар» дейміз, аңында болдыру үшін; «Бас» деген сөзге «-қар» жұрнағын жалғап, «басқар» дейміз, басында болдыру үшін; «Ес» деген сөзге «-кер» жұрнағын жалғап, «ескер» дейміз, есінде болдыру үшін.

16) Дағдыландыру. «-ғар» (-қар, -кер) жұрнақ жалғанарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-сын» жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол зат сияқтану үшін. Мәселен: «Адам» деген сөзге «-сың» жұрнағын жалғап, «адамсың» дейміз, адам сияқтану үшін; «Жігіт» деген сөзге «-сің» жұрнағын жалғап, «жігітсің» дейміз, жігіт сияқтану үшін.

17) Дағдыландыру. «-сын» жұрнағы жалғарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-шыл» (-шіле) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол зат сияқты істеуді көрсету үшін. Мәселен: «Қазақ» деген сөзге «-шыла» жұрнағын жалғап, «қазақшыла» дейміз, қазақ сияқты істеу үшін; «Естек» деген сөзге «-шіле» жұрнағын қосып, «естекшіле» дейміз, естек сияқты істеу үшін.

18) Дағдыландыру. «-шыл» (-шіле) жұрнағын жалғарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-ық» (-ік) жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол зат пайда болуын көрсету үшін. Мәселен: «От» деген сөзге «-ық» жұрнағын жалғап, «отық» дейміз, от пайда болуын көрсету үшін; «Жел» деген сөзге «-ік» жұрнағын қосып, «желік» дейміз, жел пайда болуын көрсету үшін. Бұл жұрнақтар кей сөздерде «-ай» (-ей) жұрнақ та айтылады. Мәселен: «От» деген сөзге «-ай» жұрнағын жалғап, «отай» дейміз, от пайда болуын көрсету үшін; «Іс» деген сөзге «-ей» жұрнағын жалғап, «ісей» дейміз, іс пайда болуын көрсету үшін.

19) Дағдыландыру. «-ық» (-ік), «-ай» (-ей) жұрнақтар жалғанарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-гер» жұрнақ зат есіміне жалғанады, сол затты қолданушыны көрсету үшін. Мәселен: «Сауда» деген сөзге «-гер» жұрнағын жалғап, «саудагер» дейміз, сауданы қолданушыны көрсету үшін.

20) Дағдыландыру. «-гер» жұрнағы жалғанарлық сөздер тапқызып жалғату.

«-дай» (-дей) жұрнақ зат есіміне жалғанады, басқа затты сол затқа балау үшін, теңеу үшін. Мәселен: «Ай» деген сөзге «-дай» жұрнағын жалғап «айдай» дейміз, бір нәрсені айға балағанда; «Күн» деген сөзге «-дей» жұрнағын жалғап, «күндей» дейміз, нәрсені күнге балағанда; «Оқ» деген сөзге «-тай» жұрнағын жалғап «оқтай» дейміз, оққа балағанда; «Шөп» деген сөзге «-тей» жұрнағын жалғап, «шөптей» дейміз, шөпке балағанда.

21) Дағдыландыру. «-да» (-дей) жұрнағын жалғарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-дағы» (-дегі) жұрнақ зат есіміне жалғанады, нәрсенің болуы, сол затта екендігін көрсету үшін. Мәселен: «Тау» деген сөзге «-дағы» жұрнағы жалғап, «таудағы» дейміз, болуы тауда болса; «Үй» деген сөзге «-дегі» жұрнағын жалғап, «үйдегі» дейміз, болуы үйде болса; «Жас» деген сөзге «-тағы» жұрнағын жалғап, «жастағы» дейміз, болуы жас кезде болса; «Түс» деген сөзге «-тегі» жұрнағын жалғап, «түстегі» дейміз, болуы түс кезде болса.

22) Дағдыландыру. «-дағы» (-дегі) жұрнағын жалғарлық сөздер тапқызып, жалғату.

Сын есім

Нәрселердің сынын көрсететін сөздерді сын есім дейміз. Сын екі түрлі 1) Тек сыны, 2) Сыр сыны. Тек сыны нәрсенің тегін көрсетеді. Мәселен: ағаш аяқ, күміс қасық, алтын жүзік, қағаз ақша, жез құман, киіз қалпақ, мақта жіп, қайыс жүген уа ғайри сондайлар.

Іздету. Тек сыны сөздер таптыру.

Сыр сын нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін яғни, түрін, түсін, тегін, тұлғасын, пішінін, жайын, күйін көрсетеді, мәселен, биік, аласа, жуан, жіңішке, толық, нәзік, арық, семіз, тоқ, аш, шебер, шорқақ, ұста, олақ, ақ, кара, қызыл, сары, көк, жасыл, торы, күрең, шабдар, бурыл, зерек, кеше, тентек, жуас, шадыр, момын, қу, сұм, аңқау уа ғайри сондай.

Іздету. Сыр сын сөздер таптыру.

Сыр сынында үш шырай бар: 1) Жай шырай. 2) Талғаулы шырай. 3) Таңдаулы шырай.

Жай шырай артық-кем демей, нәрсенің сиқын жай көрсетеді. Мәселен: жақсы атан, жаман қой, тентек бала, жуас ат, шорқақ кісі, қызыл шүберек, биік ағаш уа ғайри сондайлар.

Талғаулы шырай нәрсе сиқының бірінен-бірі артық-кемдігін көрсетеді; оны көрсету үшін жай сындағы сөзге «-рақ», «-рек» деген талғау қосымшалары тіркеледі.

«-рақ» қосымша жуан сөзге, «-рек» қосымша жіңішке сөзге тіркеледі. Мәселен: жақсы – жақсырақ, жаман – жаманырақ, зерек – зерегірек, семіз – семізірек уа ғайри солайша.

1) Дағдыландыру. Төмендегі сөздерге талғау қосымшаларын тіркету.

Аласа, төмен, ақ, қызыл, сұр, кара, сары, шұбар, бай, батыр, жарлы, жақын, алыс, үлкен, кіші, биік, ескі, жаңа, терең, таяз, саяз, арзан, қымбат, қою, сұйық, ерке, тік, жеңіл, тегіс.

Іздету. Талғау қосымшаларын тіркерлік сөздер таптыру.

«-рақ», «-рек» қосымшаларсыз талғау шырай да болады. Мәселен: Сиырдан жылқы биік; Аттан атан мықты; Қарағайдан қайың аласа; Асаннан Досан кіші; Темірден ағаш жеңіл, уа ғайри сондай.

Талғау шырайын күшейткенде, көптеген сөз қосылып айтылады. Мәселен: Сиыр түйеден көп аласа; Қой аттан көп арзан; Талдан қарағай көп биік; Темірден ағаш көп жеңіл, уа ғайри солай.

2) Дағдыландыру. Төмендегі сөздерді талғау шыраймен күшейткізу.

Қыстан күз жылы, күзден шілде жылы; Айраннан қымыз жақсы; Ағаштан темір берік; Тезектен тас ауыр; Түлкіден қасқыр үлкен; Кесірткеден жылан ұзын; Түйеден піл зор; Шекпеннен күпі қалың; Бүлдіргеннен шие қызыл; Жазудан оқу оңай; Теңізден көл кіші; Айдан күн жарық; Таяқтан құрық ұзын; Бидайдан тары ұсақ; Киізден шүберек жұқа; Көлден теңіз терең; Қатықтан қымыз сұйық.

Іздету. Осылар сияқты сөздерді балаларға таптыру.

Таңдаулы шырай нәрсенің сиқы өте артық екенін көрсетеді. Оны көрсету үшін жай шырайдағы сөздің алдына ең, нақ, тап, тым, бек, хас деген сөздер қосылып айтылады. Мәселен: ең жақсы, нақ шешен, тап зерек, тым қорқақ, бек нәзік, хас батыр уа ғайри сондайлар,

3) Дағдыландыру. Жай шырайлы сөздер таптырып, оларға таңдау қосалқы сөздерін қостырту.

Таңдаулы шырай екінші түрлі де болады: жай шырайдағы сөз таңдаулы шырайға түсуге бас дыбыстары бөлек алынып, оған «-п» дыбысы жалғанып, сол бөлектенген дыбыстар сөз алдына қойылып айтылады. Мәселен: а-нық – ап-анық, ау-лақ – ап-аулақ, шо-лақ – шоп-

шолақ, қыс-қа – қып-қысқа, тай-пақ – тап-тайпақ, жал-пақ – жап-жалпақ, се-міз – сеп-семіз, ақ-шам – ап-ақшам уа ғайри сондайлар.

4) Дағдыландыру: Жай шырайдағы сөздерді тапқызып, оларға «-п» қостырып, таңдау шырай еткізу.

Кеңде таңдау қосалқы сөздердің орнына басқа сөздер де жүреді. Мәселен: өте жақсы, айрықша жүйрік, аса құнтақты, тіпті әдемі, артықша шебер. Өте, айрықша, артықша, тіпті, аса деген сөздер мұнда ең, нақ, тым, бек, хас деген сөздердің орнында айтылып тұр.

5) Дағдыландыру. Жай шырайдағы сөздерді тапқызып, оларға, өте, айрықша, артықша, аса, тіпті деген сөздерді қостырып, таңдау шырай еткізу.

Ескерту. Есімдер заттың сынын де, істің сынын да көрсетеді. Мәселен, жақсы: жақсы кісі деп те, жақсы еткен деп те айтамыз; Жаман ат деп те, жаман жүреді деп те айтамыз; Оңай жұмыс деп те айтамыз, оңай істедім деп те айтамыз; Шапшаң адам деп те, шабан жүреді деп те айтамыз уа ғайри сондай. Бұлар үстеу сөздердің орнына жүргендіктен, сын есім болмай, үстеу болады.

Сын есімнің кейбіреулері зат есімнің орнына жүреді. Мәселен: «Арзан еттің сорпасы татымас» дегеннің орнына «арзанның сорпасы татымас» деп айтылады. «Арзан еттің» деген екі сөздің орнына «арзан» деген жалғыз сөз жарап тұр. Сондықтан мұндай зат пен сын орнына бірдей жүретін сөздерді зат-сын дейміз. Жалғыз сынды ғана көрсететін сөзді жай-сын дейміз. Зат-сынның жалғаулары да, зат есім жалғаулары да бірдей. Жай-сынның жалғауы өзіне жалғанбай, соңындағы зат есімге жалғанады. Түсінікті болу үшін мысал келтіреміз.

Зат есім

1) «Аласа» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Аласа	Кімдер? Аласалар
Ілік жалғау	Кімнің? Аласаның	Кімдердің? Аласалардың
Барыс жалғау	Кімге? Аласаға	Кімдерге? Аласаларға
Табыс жалғау	Кімді? Аласаны	Кімдерді? Аласаларды
Жатыс жалғау	Кімде? Аласада	Кімдерде? Аласаларда
Шығыс жалғау	Кімнен? Аласадан	Кімдерден? Аласалардан

2) «Семіз» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Не? Семіз	Нелер? Семіздер
Ілік жалғау	Ненің? Семіздің	Нелердің? Семіздердің
Барыс жалғау	Неге? Семізге	Нелерге? Семіздерге

Табыс жалғау	Нені? Семізді	Нелерді? Семіздерді
Жатыс жалғау	Неде? Семізде	Нелерде? Семіздерде
Шығыс жалғау	Неден? Семізден	Нелерден? Семіздерден

Қысқасы: зат-сынның жалғаулары зат есімнің жалғауларындай аяқ дыбысына қарайды.

Зат-сын – зат есім сияқты жай қалпында да? Тәуелді қалпында да айтылады.

Дағдыландыру. Зат-сын сөздерді тауып алып жалғаулату. Мәселен, арзан, қымбат, асыл, жасық, бай, кедей уа ғайри сондай.

Жай сын

1) «Аласа адам» деген сөз

Жекеше: Атау	Қандай адам?	Аласа адам
Ілік жалғау	Қандай адамның?	Аласа адамның
Барыс жалғау	Қандай адамға?	Аласа адамға
Табыс жалғау	Қандай адамды?	Аласа адамды
Жатыс жалғау	Қандай адамда?	Аласа адамда
Шығыс жалғау	Қандай адамнан?	Аласа адамнан
Көпше: Атау	Қандай адамдар?	Аласа адамдар
Ілік жалғау	Қандай адамдардың?	Аласа адамдардың
Барыс жалғау	Қандай адамдарға?	Аласа адамдарға
Табыс жалғау	Қандай адамдарды?	Аласа адамдарды
Жатыс жалғау	Қандай адамдарда?	Аласа адамдарда
Шығыс жалғау	Қандай адамдардан?	Аласа адамдардан

2) «Семіз мал» деген сөз

Жекеше: Атау	Қандай мал?	Семіз мал
Ілік жалғау	Қандай малдың?	Семіз малдың
Барыс жалғау	Қандай малға?	Семіз малға
Табыс жалғау	Қандай малды?	Семіз малды
Жатыс жалғау	Қандай малда?	Семіз малда
Шығыс жалғау	Қандай малдан?	Семіз малдан
Көпше: Атау	Қандай малдар?	Семіз малдар
Ілік жалғау	Қандай малдардың?	Семіз малдардың
Барыс жалғау	Қандай малдарға?	Семіз малдарға
Табыс жалғау	Қандай малдарды?	Семіз малдарды

Жатыс жалғау	Қандай малдарда?	Семіз малдарда
Шығыс жалғау	Қандай малдардан?	Семіз малдардан

Мұнан көрінеді: жалғаулар сын есімге жалғанбай, соңындағы зат есімге жалғанатындығы.

Дағдыландыру. Жай сынды сөздерді жалғаулату. Мәселен: бай қазақ, сараң кісі, қара сиыр, торы ат, қызыл шапан, ақ көйлек, зерек бала уа ғайри сондай сөздер.

Тек сынын көрсететін сөздерге де жалғаулар осылайша жалғанады, яғни, нәрсенің тегін атаушы сөзге жалғанбай, нәрсенің өзін атаушы сөзге жалғанады. Мысалмен көрсетейік.

3) «Алтын ақша» деген сөз

Жекеше: Атау	Қандай ақша?	Алтын ақша
Ілік жалғау	Қандай ақшаның?	Алтын ақшаның
Барыс жалғау	Қандай ақшаға?	Алтын ақшаға
Табыс жалғау	Қандай ақшаны?	Алтын ақшаны
Жатыс жалғау	Қандай ақшада?	Алтын ақшада
Шығыс жалғау	Қандай ақшадан?	Алтын ақшадан
Көпше: Атау	Қандай ақшалар?	Алтын ақшалар
Ілік жалғау	Қандай ақшалардың?	Алтын ақшалардың
Барыс жалғау	Қандай ақшаларға?	Алтын ақшаларға
Табыс жалғау	Қандай ақшаларды?	Алтын ақшаларды
Жатыс жалғау	Қандай ақшаларда?	Алтын ақшаларда
Шығыс жалғау	Қандай ақшалардан?	Алтын ақшалардан

Ескерту. «Қандай ақша?» деген сөздердің орнына «не ақша?» деп те сұралады. Хәтте, тек сынында «қандайдан» гөрі «не» деп сұрау көбірек жұмсалады.

Дағдыландыру. Тек сынын көрсететін сөздерді жалғаулату. Мәселен: күміс қасық, ағаш аяқ, қайыс жүген уа ғайри сондай сөздерді.

Сын есімнен туған сөздерді.

Түбір сын есімдер заттың сындарын көрсетеді. Нәрсенің сыны қалыпты күйінен тысқары болса, яки, сыннан өтетін басқа нәрсе, я іс болса, сын есіміне һәр түрлі жұрнақтар жалғанады.

«-лау» (-леу, -дау, -деу, -тау, -теу) жұрнақ сын есіміне жалғанады, анық сол сын еместігін көрсету үшін. Мәселен: «Сары» деген сөзге «-лау» жұрнағын жалғап, «сарылау» деп, анық сары еместігін көрсетеміз; «Кір»

деген сөзге «-леу» жұрнағын жалғап, «кірлеу» деп, анық кір еместігін көрсетеміз; «Ұзын» деген сөзге «-дау» жұрнағын жалғап, «ұзындау» деп, онша ұзын еместігін көрсетеміз; «Күрең» деген сөзге «-деу» жұрнағын жалғап, «күрендеу» деп, анық күрең еместігін көрсетеміз; «Ақ» деген сөзге «-тау» жұрнағын жалғап, «ақтау» деп, анық ақ еместігін көрсетеміз; «Көк» деген сөзге «-теу» жұрнағын жалғап, «көктеу» деп, анық көк еместігін көрсетеміз уа ғайри сондай.

1) Дағдыландыру. «-лау» (-леу, -дау, -деу, -тау, -теу) жұрнақтары жалғанарлық сын есімдер тапқызып, жалғату.

«-шыл» жұрнақ сын есіміне жалғанады, сол сынға бейімдігін көрсету үшін. Мәселен: «Ақ» деген сөзге «-шыл» жұрнағын жалғап, «ақшыл» деп, ақ түске бейімдігін көрсетеміз; «Көк» деген сөзге «-шіл» жұрнағын жалғап, «көкшіл» деп, көк түске бейімдігін көрсетеміз.

Кей сын есімдерде «-шыл» орнына «-ғыл», «-ғылт» жұрнақтар жалғанады. Мәселен: «Сары» – «сарғыл» яки «сарғылт», «сұр» – «сұрғыл» яки «сұрғылт», «боз» – «бозғыл» яки «бозғылт», «қызыл» – «қызғыл» яки «қызғылт», «торы» – «торғыл» яки «торғылт» уа ғайри сондай.

Кей сын есімдерде «-ғылт» орнына «-қылтым» жұрнақ жалғанады. Мәселен: «ащы» – «ащқылтым», «тұщы» – «тұщқылтым».

2) Дағдыландыру. «-шыл», «-ғыл», «-ғылт», «-ғылтым» жұрнақтар жалғанарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-лық» (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) жұрнақ сын есіміне жалғанады, сол сыннан шыққан дерексіз заттың есімін көрсету үшін. Мәселен: «Жақсы» деген сөзге «-лық» жұрнағын жалғап, «жақсылық» деген заттың есімін көрсетеміз; «Игі» деген сөзге «-лік» жұрнағын жалғап, «игілік» деген заттың есімін көрсетеміз; «Араз» деген сөзге «-дық» жұрнағын жалғап, «араздық» деген заттың есімін көрсетеміз; «Тең» деген сөзге «-дік» жұрнағын жалғап, «теңдік» деген заттың есімін көрсетеміз; «Тоқ» деген сөзге «-тық» жұрнағын жалғап, «тоқтық» деген заттың есімін көрсетеміз; «Зерек» деген сөзге «-тік» жұрнағын жалғап, «зеректік» деген заттың есімін көрсетеміз уа ғайри сондай.

3) Дағдыландыру.«-лық» (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) жұрнақтары жалғанарлық сөздер тапқызып жалғату.

«-шылық» (-шілік) жұрнақ сын есіміне жалғанады, сол күй, қалып болғандығын көрсету үшін, Мәселен: «Тар» деген сөзге «-шылық» жұрнағын жалғап, «таршылық» деп тар күй, қалып болғандығын көрсетеміз; «Еркін» деген сөзге «-шілік» жұрнағын жалғап, «еркіншілік» деп еркін күй, қалып болғандығын көрсетеміз уа ғайри сондай.

4) Дағдыландыру. «-шылық» (-шілік) жұрнақтары жалғанарлық сөздер тапқызып, жалғату.

Ескерту. «Кішкене», (азғана) деген сын есімдер қос сөздер: кішкене – кіші, гәнә, азғана – аз, ғана.

«-ла» (-ле, -да, -де, -та, -те) жұрнақ сын есіміне жалғанады, сол түрде болдыру үшін. Мәселен: «Жақсы» деген сөзге «-ла» жұрнағын жалғап, «жақсыла» дейміз, жақсы түрде болдыру үшін; «Әдемі» деген сөзге «-ле» жұрнағын жалғап, «әдеміле» дейміз, әдемі түрде болдыру үшін; «Жаман» деген сөзге «-да» жұрнағын жалғап, «жаманда» дейміз, жаман түрде болдыру үшін; «Тең» деген сөзге «-де» жұрнағын жалғап, «теңде» дейміз, тең болдыру үшін; «Ақ» деген сөзге «-та» жұрнағын жалғап «ақта» дейміз, ақ түрде болдыру үшін; «Тегіс» деген сөзге «-те» жұрнағын жалғап «тегісте» дейміз, тегіс болдыру үшін.

5) Дағдыландыру. «-ла» (-ле, -да, -де, -та, -те) жұрнақтар жалғанарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-ар» (-ер) жұрнақ сын есіміне жалғанады, сол түрде болу үшін. Мәселен: «Ақ» деген сөзге «-ар» жұрнағын жалғап «ағар» дейміз, ақ түрде болуы үшін; «Көк» деген сөзге «-ер» жұрнағын жалғап, «көгер» дейміз, көк түрде болу үшін.

Бұл жұрнақтар орнына «-ай» (-ей) жұрнақтар да жалғанады. Мәселен: «Қоңыр» деген сөзге «-ай» жұрнағын жалғап, «қоңырай» дейміз, қоңыр түрде болу үшін; «Көп» деген сөзге «-ей» жұрнағын жалғап «көбей» дейміз, көп күйінде болу үшін.

Ескерту. «-ар» (-ер), «-ай» (-ей) жұрнақтар аяғы дауысты сөздерге «-р» болып жалғанады, мәселен, қысқы – қысқар, ескі – ескір.

6) Дағдыландыру. «-ар» (-ер), «-ай» (-ей) жұрнақтар жалғанарлық сөздер тапқызып, жалғату.

«-сын» жұрнақ сын есіміне жалғанады, сол сынды сияктану үшін. Мәселен: «Жақсы» деген сөзге «-сын» жұрнағы жалғап, «жақсысын» дейміз, жақсы сияктану үшін; «Үлкен» деген сөзге «-сін» жұрнағын жалғап, «үлкенсін» дейміз, үлкен сияктану үшін.

7) Дағдыландыру. «-сын» жұрнағын жалғарлық сөздер тапқызып, жалғату.

Сан есім

Сан есім нәрселердің есебін һәм ретін көрсететін сөздер. Есебін көрсететін сөздер, мәселен: Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың, миллион, түмен. Бұлар есептік деп аталады.

Ретін көрсететін сөздер, мәселен. Бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы,

жиыrmасыншы, отызыншы, қыркыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы, миллионыншы. Бұлар, реттік деп аталады.

Есептік сан екіге бөлінеді:

Бірі – жоғарғы көрсетілген қалыпта айтылады. Ол жай есептік. Екіншісі – зат есімге тіркелмей сөйленетіндігінен басқарақ айтылады: бір – біреу, екі – екеу, үш – үшеу, төрт – төртеу, бес – бесеу, алты – алтау, жеті – жетеу делініп. Бұлайша айтылу жетіге шейін-ақ бар. Бұлар жадағай есептік деп аталады.

Есептік үлкендете саналады, мәселен: «он бір» дегенде әуелі үлкенін айтып, сонан соң кішісін айтамыз: ол «онның» «бірден» үлкендігінен. «Елу алты» дегенде әуелі «елуді» айтып, сонан соң «алтыны» айтамыз: ол «елудің» «алтыдан» үлкендігінен. «Жүз елу» деген, әуелі «жүзді» айтып, сонан соң «елуді» айтамыз: ол «жүздің» «елуден» үлкендігінен.

Реттік те үлкендете саналады, мәселен «он бірінші» дегенде, әуелі «онды» айтып, сонан соң «бірінші» дейміз. «Жүз елуінші» дегенде, «жүзді» «елуіншіден» бұрын айтамыз. Реттікпен саналғанда есептікпен саналғандай айтылып келіп, ең ақырғы сөздің аяғына реттік жұрнағы «-ншы» жалғанады. Мәселен: «мың тоғыз жүз он төртінші», «мың тоғыз жүз он бесінші» дегендей.

Бұлардан басқа нәрсенің бүтіні емес, бөлімтігінің санын көрсететін сөздер бар. Олар темілдік аталады. Темілдік сан: жарты, жарым, ширек. Қазақ тілінде темілдік санның есімі тіпті аз.

Сан есім жалғаулары зат есім сын есім жалғауларымен бірдей. Айтылуына қарай жалғаулар, я тікелей санға жалғанады, я жанындағы басқа есімге жалғанады. Жадағай есептік басқа есімге қосарланып айтылмайтын болғандықтан, жалғаулар оларға қай кезде де өзіне жалғанады, мысалдар алып, қарайық.

Жай қалып Жадағай есептік

Жуан сөздің жалғаулары.

«Алтау» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Нешеу? Алтау	Нешеулер? Алтаулар
Ілік жалғау	Нешеудің?	Нешеулердің?
	Алтаудың	Алтаулардың
Барыс жалғау	Нешеуге? Алтауға	Нешеулерге? Алтауларға
Табыс жалғау	Нешеуді? Алтауды	Нешеулерді? Алтауларды

Жатыс жалғау	Нешеуде? Алтауда	Нешеулерде? Алтауларда
Шығыс жалғау	Нешеуден?	Нешеулерден?
	Алтаудан	Алтаулардан

Жіңішке сөздердің жалғаулары.

«Біреу» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Нешеу? Біреу	Нешеулер? Біреулер
Ілік жалғау	Нешеудің? Біреудің	Нешеулердің? Біреулердің
Барыс жалғау	Нешеуге? Біреуге	Нешеулерге? Біреулерге
Табыс жалғау	Нешеуді? Біреуді	Нешеулерді? Біреулерді
Жатыс жалғау	Нешеуде? Біреуде	Нешеулерде? Біреулерде
Шығыс жалғау	Нешеуден? Біреуден	Нешеулерден?
		Біреулерден

Дағдыландыру. Жадағай сандағы сөздердің баршасын жалғаулату.

Жай есептік

«Он кісі» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Неше кісі? Он кісі	Жоқ
Ілік жалғау	Неше кісінің? Он кісінің	—
Барыс жалғау	Неше кісіге? Он кісіге	—
Табыс жалғау	Неше кісіні? Он кісіні	—
Жатыс жалғау	Неше кісінде? Он кісінде	—
Шығыс жалғау	Неше кісіден? Он кісіден	—

Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша жай есептіктердің басқаларын жалғаулату.

Тәуелдік қалып

	Жадағай есептік	Оңаша тәуелдік	
«Алтау» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Алтауым	Алтауың	Алтауы
Ілік жалғау	Алтауымның	Алтауыңның	Алтауының
Барыс жалғау	Алтауыма	Алтауыңа	Алтауына
Табыс жалғау	Алтауымды	Алтауыңды	Алтауын
Жатыс жалғау	Алтауымда	Алтауыңда	Алтауында
Шығыс жалғау	Алтауымнан	Алтауыңнан	Алтауынан

Көпше: Атау	Алтауларым	Алтауларың	Алтаулары
Ілік жалғау	Алтауларымның	Алтауларыңның	Алтауларының
Барыс жалғау	Алтауларыма	Алтауларыңа	Алтауларына
Табыс жалғау	Алтауларымды	Алтауларыңды	Алтауларын
Жатыс жалғау	Алтауларымда	Алтауларыңда	Алтауларында
Шығыс жалғау	Алтауларымнан	Алтауларыңнан	Алтауларынан

Жадағай есептік

Оңаша тәуелдік

«Жетеу» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Жетеуіміз	Жетеуіңіз	Жетеуі
Ілік жалғау	Жетеуіміздің	Жетеуіңіздің	Жетеуінің
Барыс жалғау	Жетеуімізге	Жетеуіңізге	Жетеуіне
Табыс жалғау	Жетеуімізді	Жетеуіңізді	Жетеуін
Жатыс жалғау	Жетеуімізде	Жетеуіңізде	Жетеуінде
Шығыс жалғау	Жетеуімізден	Жетеуіңізден	Жетеуінен

Көпше: Атау	Жетеулеріміз	Жетеулеріңіз	Жетеулері
Ілік жалғау	Жетеулеріміздің	Жетеулеріңіздің	Жетеулерінің
Барыс жалғау	Жетеулерімізге	Жетеулеріңізге	Жетеулеріне
Табыс жалғау	Жетеулерімізді	Жетеулеріңізді	Жетеулерін
Жатыс жалғау	Жетеулерімізде	Жетеулеріңізде	Жетеулерінде
Шығыс жалғау	Жетеулерімізден	Жетеулеріңізден	Жетеулерінен

Дағдыландыру. Басқа жадағай есептік сөздерді ортақ тәуелдік түрінде жалғаулату.

Реттік Жай қалып

«Тоғызыншы» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Нешінші?	Нешіншілер?
Ілік жалғау	Тоғызыншы	Тоғызыншылар
	Нешіншінің?	Нешіншілердің?
	Тоғызыншының	Тоғызыншылардың
Барыс жалғау	Нешіншіге?	Нешіншілерге?
	Тоғызыншыға	Тоғызыншыларға

Табыс жалғау	Нешіншіні? Тоғызыншыны	Нешіншілерді? Тоғызыншыларды
Жатыс жалғау	Нешіншіде? Тоғызыншыда	Нешіншілерде? Тоғызыншыларда
Шығыс жалғау	Нешіншіден? Тоғызыншыдан	Нешіншілерден? Тоғызыншылардан

Дағдыландыру. Басқа реттіктерді алып, осы үлгі бойынша жалғаулату.

«-тық» жұрнағын жалғап, «алпыстық» деген: алпысқа жүретін заттың есімін атау үшін; «Жетпіс» деген сөзге «-тік» жұрнағын жалғап, «жетпістік» деген жетпіске жүретін затты атау үшін уа ғайри сондай.

Дағдыландыру. Сан есіміне «-лық» (-лік, -дық, -дік, -тық, -тік) жұрнақтарды жалғату.

2) «-ла» (-ле, -да, -де, -та, -те) жұрнақ. Бұл жұрнақ сан есіміне жалғанады: кілең сол санмен есептеу үшін. Мәселен: «Жиырма» деген сөзге «-ла» жұрнағын жалғап, «жиырма» дейміз, кілең жиырмамен есептеу үшін; «Екі» деген сөзге «-ле» жұрнағын жалғап, «екіле» дейміз, кілең екімен есептеу үшін; «Тоғыз» деген сөзге «-да» жұрнағын жалғап, «тоғызда» дейміз, кілең тоғызбен есептеу үшін; «Сегіз» деген сөзге «-де» жұрнағын жалғап, «сегізде» дейміз, кілең сегізбен есептеу үшін; «Қырық» деген сөзге «-та» жұрнағын жалғап, «қырықта» дейміз, кілең қырықпен есептеу үшін; «Үш» деген сөзге «-те» жұрнағын жалғап, «үште» дейміз, кілең үшпен есептеу үшін уа ғайри сондай.

I. Ескерту. «-ла» (-ле) жұрнақ жадағай сан есіміне жалғанса, сол санда болып, іс етуді көрсетеді. Мәселен: «Екеу» деген сөзге «-ле» жұрнағын жалғап, «екеуле» десек, екеу болып істе деген мағынада; «Алтау» деген сөзге «-ла» жұрнағын жалғап, «алтаула» десек, алтау болып істе деген мағынада.

II. Ескерту. «-ла» (-ле, -да, -де, -та, -те) жұрнақ орнына «-дан» (-ден), «-нан» (-нен) жалғаулар да айтылады. Мәселен: «Алтыла» дегеннің орнына «алтыдан» есепте дейміз; «Жетіле» дегеннің орнына «жетіден» есептейміз. Көбінесе бұл жалғаулармен айтылғанда сөз қайта айтылғаннан кейін жалғау қосылады, мәселен: «алты-алтыдан», «жеті-жетіден», «тоқсан-тоқсаннан», «сексен-сексеннен» уа ғайри солай.

Дағдыландыру. «-ла» (-ле, -да, -де, -та, -те) жұрнақтарын жай санға һәм жадағай санға жалғату.

Есімдік

Есімдік дегеніміз есімдердің яғни, зат есімнің, сын есімнің, сан есімнің орнына жүретін сөздер. Мәселен, мұғалім дегеннің орнына «мен» деймін, саған сөйлегенде атыңды атаудың орнына «Мен», «сен», «ол» деген сөздер зат есімнің орнына жүрген себептен есімдік болады.

Есімдік қазақ тілінде бес тарау болады: 1) Жіктеу есімдігі. 2) Сілтеу есімдігі. 3) Сұрау есімдігі. 4) Жалпылау есімдігі. 5) Танықтық есімдігі.

Жіктеу есімдігі

Жіктеу есімдігі дегеніміз сөйлеген кезде сөйлеушінің, тыңдаушының һәм бөгдедегілердің жігін ашатын сөздер. Сондықтан жіктеу есімдігі үш жақты болады: 1) Сөйлеуші үшін «мен» дейді, бұл бірінші жақ. 2) Тыңдаушыға сөйлеуші «сен» дейді, бұл екінші жақ. 3) Сөйлеуші өзі мен тыңдаушыдан басқаны «ол» дейді, бұл үшінші жақ.

Сыпайылап сөйлегенде сөйлеуші өзін «мен» деудің орнына «біз» дейді, тыңдаушыға сен деудің орнына «сіз» дейді, бөгде кісіні «ол» деудің орнына «о кісі» (ол кісі) дейді. Сондықтан «біз» бірінші жақ болады, «сіз» екінші жақ болады, «о кісі» үшінші жақ болады.

Жіктеу есімдігінің жалғыз ғана жалғаулары емес, өзі де азырақ өзгеріңкірейді. Мәселен:

«Мен» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Мен	Біз
Ілік жалғау	Кімнің? Менің	(меннің орнына) Біздің
Барыс жалғау	Кімге? Маған	(менге орнына) Бізге
Табыс жалғау	Кімді? Мені	(менді орнына) Бізді
Жатыс жалғау	Кімде? Менде	Бізде
Шығыс жалғау	Кімнен? Менен	(меннен орнына) Бізден
«Сен» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Сен	Кімдер? Сендер
Ілік жалғау	Кімнің? Сенің	Кімдердің?
	(сеннің орнына)	Сендердің
Барыс жалғау	Кімге? Саған	Кімдерге? Сендерге
	(сенге орнына)	
Табыс жалғау	Кімді? Сені	Кімдерді? Сендерді
	(Сенді орнына)	

Жатыс жалғау	Кімде? Сенде	Кімдерде? Сендерде
Шығыс жалғау	Кімнен? Сенен (сеннен орнына)	Кімдерден? Сендерден
«Ол» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Ол	Кімдер? Олар
Ілік жалғау	Кімнің? Оның (олдың орнына)	Кімдердің? Олардың
Барыс жалғау	Кімге? Оған (олға орнына)	Кімдерге? Оларға
Табыс жалғау	Кімді? Оны (Олды орнына)	Кімдерді? Оларды
Жатыс жалғау	Кімде? Онда (олда орнына)	Кімдерде? Оларда
Шығыс жалғау	Кімнен? Одан (олден орнына)	Кімдерден? Олардан

Жіктеу есімдігінің сыпайы түрі есімдіктерше жалғауланады. Мәселен, «біз», «сіз», «о кісі» деген сөздер.

Жекеше: Атау	Жетеуіміз	Жетеуіңіз	Жетеуі
Ілік жалғау	Жетеуіміздің	Жетеуіңіздің	Жетеуінің
Барыс жалғау	Жетеуімізге	Жетеуіңізге	Жетеуіне
Табыс жалғау	Жетеуімізді	Жетеуіңізді	Жетеуін
Жатыс жалғау	Жетеуімізде	Жетеуіңізде	Жетеуінде
Шығыс жалғау	Жетеуімізден	Жетеуіңізден	Жетеуінен
Көпше: Атау	Жетеулеріміз	Жетеулеріңіз	Жетеулері
Ілік жалғау	Жетеулеріміздің	Жетеулеріңіздің	Жетеулерінің
Барыс жалғау	Жетеулерімізге	Жетеулеріңізге	Жетеулеріне
Табыс жалғау	Жетеулерімізді	Жетеулеріңізді	Жетеулерін
Жатыс жалғау	Жетеулерімізде	Жетеулеріңізде	Жетеулерінде
Шығыс жалғау	Жетеулерімізден	Жетеулеріңізден	Жетеулерінен

Жекеше: Атау	Кім?	Біз	Сіз	О кісі
Ілік жалғау	Кімнің?	Біздің	Сіздің	О кісінің
Барыс жалғау	Кімге?	Бізге	Сізге	О кісіге
Табыс жалғау	Кімді?	Бізді	Сізді	О кісіні
Жатыс жалғау	Кімде?	Бізде	Сізде	О кісінде

Шығыс жалғау	Кімнен?	Бізден	Сізден	О кісіден
Көпше: Атау	Кімдер?	Біздер	Сіздер	О кісілер
Ілік жалғау	Кімдердің?	Біздердің	Сіздердің	О кісілердің
Барыс жалғау	Кімдерге?	Біздерге	Сіздерге	О кісілерге
Табыс жалғау	Кімдерді?	Біздерді	Сіздерді	О кісілерді
Жатыс жалғау	Кімдерде?	Біздерде	Сіздерде	О кісілерде
Шығыс жалғау	Кімдерден?	Біздерден	Сіздерден	О кісілерден

Сілтеу есімдігі

Сілтеу есімдігі дегеніміз – ол нәрсені көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, жақын нәрсені көрсеткенде: осы, бұл, мынау, сол, анау деген сөздер сілтеу есімдігі болады.

Сілтеу есімдігінің де жалғыз жалғаулары ғана өзгеріліп қана қоймайды, өздері де өзгеріпкіреді. Мысалмен көрсетейік:

1) «Осы» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Қайсы? Осы	Осылар
Ілік жалғау	Қайсының? Осының	Осылардың
Барыс жалғау	Қайсыға? Осыған (осыға орнына)	Осыларға
Табыс жалғау	Қайсыны? Осыны	Осыларды
Жатыс жалғау	Қайсыда? Осында (осыда орнына)	Осыларда
Шығыс жалғау	Қайсыдан? Осынан (осыдан орнына)	Осылардан
2) «Бұл» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Қайсы? Бұл	Бұлар
Ілік жалғау	Қайсының?	Бұлардың
	Бұның (бұлдың орнына)	
Барыс жалғау	Қайсыған? Бұған (бұлға орнына)	Бұларға
Табыс жалғау	Қайсыны? Бұны (бұлды орнына)	Бұларды
Жатыс жалғау	Қайсыда? Мұнда (бұлда орнына)	Бұларда
Шығыс жалғау	Қайсыдан? бұнан	Бұлардан

Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша «сол» деген сөзді жалғаулату.

3) «Мынау» деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Қайсы? Мынау	Мыналар

Ілік жалғау	Қайсының? Мынаның	Мыналардың
Барыс жалғау	Қайсыған? Мынаған (мынаға орнына)	Мыналарға
Табыс жалғау	Қайсыны? Мынаны	Мыналарды
Жатыс жалғау	Қайсыда? Мынада	Мыналарды
Шығыс жалғау	Қайсыдан? Мынадан	Мыналардан

Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша «ана» деген сөзді жалғаулату.

Сұрау есімдігі

Сұрау есімдігі дегеніміз – біреуден бір нәрсе туралы сұрағанда айтылатын сөздер. Адам туралы сұрасақ, «кім?» дейміз, басқа заттар туралы сұрасақ «не?» дейміз. Қай нәрсе екендігін сұрасақ «қайсы» дейміз. Нәрсенің сыны тақырыпты сұрасақ, «қандай?» дейміз. Нәрсенің дәл санын сұрасақ, «нешеу?», «неше?» дейміз. Нәрсенің дәл саны емес, шамасын сұрағанда «қанша» дейміз. Нәрсенің қатарда қайсы екендігін сұрасақ «нешінші?» дейміз. Мезгіл туралы сұрасақ, «қашан?» дейміз. Кім? не? Қайсы? Қандай? Нешеу? Неше? Қанша? Нешінші? Қашан? деген сөздер сұрау есімдігі болады. Сұрау есімдіктерінің бірсыпырасы есімдерше, бірсыпыралары есімдікше өзгереді, бірсыпыралары бұлардың бәрінде де басқаша өзгереді. Мысалмен көрсетейік:

Кім? Не? деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Не?	Кімдер? Нелер?
Ілік жалғау	Кімнің? Ненің?	Кімдердің? Нелердің?
Барыс жалғау	Кімге? Неге?	Кімдерге? Нелерге?
Табыс жалғау	Кімді? Нені?	Кімдерді? Нелерді?
Жатыс жалғау	Кімде? Неде?	Кімдерде? Нелерде?
Шығыс жалғау	Кімнен? Неден?	Кімдерден? Нелерден?
Нешеу?Нешінші? деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Нешеу? Нешінші?	Нешеулер? Нешіншілер?
Ілік жалғау	Нешеудің? Нешіншінің?	Нешеулердің? Нешіншілердің?
Барыс жалғау	Нешеуге? Нешіншіге?	Нешеулер? Нешіншілерге?
Табыс жалғау	Нешеуді?	Нешеулерді?

Жатыс жалғау	Нешіншіні? Нешеуде? Нешіншіде?	Нешіншілерді? Нешелерде? Нешіншілерде?
Шығыс жалғау	Нешеуден? Нешіншіден?	Нешеулерден? Нешіншілерден?
Қайсы? Қандай? деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Қайсы? Қандай?	Қайсылар? Қандайлар?
Ілік жалғау	Қайсының? Қандайдың?	Қайсылардың? Қандайлардың?
Барыс жалғау	Қайсыған? Қандайға?	Қайсыларға? Қандайларға?
Табыс жалғау	Қайсыны? Қандайды?	Қайсыларды? Қандайларды?
Жатыс жалғау	Қайсыда? Қандайда?	Қайсыларда? Қандайларда?
Шығыс жалғау	Қайсыдан? Қандайдан?	Қайсылардын? Қандайлардан?
Кім? Не? деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Кім? Не?	Кімдер? Нелер?
Ілік жалғау	Кімнің? Ненің?	Кімдердің? Нелердің?
Барыс жалғау	Кімге? Неге?	Кімдерге? Нелерге?
Табыс жалғау	Кімді? Нені?	Кімдерді? Нелерді?
Жатыс жалғау	Кімде? Неде?	Кімдерде? Нелерде?
Шығыс жалғау	Кімнен? Неден?	Кімдерден? Нелерден?
Қанша? Қашан? деген сөз	Жекеше	Көпше
Атау	Қанша? Қашан?	Жоқ
Ілік жалғау	Қаншаның?	—
Барыс жалғау	Қаншаға? Қашанға?	—
Табыс жалғау	Қаншаны?	—
Жатыс жалғау	Қаншада?	—
Шығыс жалғау	Қаншадан? Қашаннан?	—

Сұрау есімдіктерінің «қашан?» дегеннен басқалары тәуелді қалыппен де айтылады.

Дағдыландыру. Жоғарғы жазылған сұрау есімдіктердің бәрінде тәуелді қалыппен жалғаулату.

Жіктеу есімдігі

Жіктеу есімдігі дегеніміз – нәрсенің жігін айта сөйлегенде айтылатын сөздер. Мәселен, бәрі, барша.

«Һәр» деген сөз өзі жіктеу һәм басқа сөздерге де қосылып, жіктеу есімдігінің орнына жүреді. Мәселен, һәр кім, һәр бір, һәр қайсысы уа ғайри сондай сөздер.

Жіктеу есімдігі нәрсенің жігін бөлетін себебінен тәуелдік қосымшаларымен айтылады. Мысал келтірейік:

Анайы қалып

«Өз» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	өзім	өзің	өзі
Ілік жалғау	өзімнің	өзіңнің	өзінің
Барыс жалғау	өзіме	өзіңе	өзіне
Табыс жалғау	өзімді	өзіңді	өзін
Жатыс жалғау	өзімде	өзіңде	өзінде
Шығыс жалғау	өзімнен	өзіңнен	өзінен
Көпше: Атау	жоқ	өздерің	өздерінің
Ілік жалғау	—	өздеріңнің	өздерінің
Барыс жалғау	—	өздеріңе	өздеріне
Табыс жалғау	—	өздеріңді	өздерін
Жатыс жалғау	—	өздеріңде	өздерінде
Шығыс жалғау	—	өздеріңнен	өздерінен

Сыпайы қалып

	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	өзіміз	өзіңіз	—
Ілік жалғау	өзіміздің	өзіңіздің	—
Барыс жалғау	өзімізге	өзіңізге	—
Табыс жалғау	өзімізді	өзіңізді	—
Жатыс жалғау	өзімізде	өзіңізде	—
Шығыс жалғау	өзімізден	өзіңізден	—

Көпше: Атау	өздеріміз	өздеріңіз	—
Ілік жалғау	өздеріміздің	өздеріңіздің	—
Барыс жалғау	өздерімізге	өздеріңізге	—
Табыс жалғау	өздерімізді	өздеріңізді	—
Жатыс жалғау	өздерімізде	өздеріңізде	—
Шығыс жалғау	өздерімізден	өздеріңізден	—

Анайы қалып

«Бәрі» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Көпше: Атау	Жоқ	Бәрің	Бәрі
Ілік жалғау	—	Бәріңнің	Бәрінің
Барыс жалғау	—	Бәріңе	Бәріне
Табыс жалғау	—	Бәріңді	Бәрін
Жатыс жалғау	—	Бәріңде	Бәрінде
Шығыс жалғау	—	Бәріңнен	Бәрінен

Сыпайы қалып

«Бәрі» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Жоқ	Жоқ	Жоқ
Көпше: Атау	Бәріміз	Бәріңіз	Жоқ
Ілік жалғау	Бәріміздің	Бәріңіздің	—
Барыс жалғау	Бәрімізге	Бәрімізге	—
Табыс жалғау	Бәрімізді	Бәріңізді	—
Жатыс жалғау	Бәрімізде	Бәріңізде	—
Шығыс жалғау	Бәрімізден	Бәріңізден	—

Анайы қалып

«Барша» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	жоқ	Баршаң	Баршасы
Ілік жалғау	—	Баршаңның	Баршасының
Барыс жалғау	—	Баршаңа	Баршасына
Табыс жалғау	—	Баршаңды	Баршасын
Жатыс жалғау	—	Баршаңда	Баршасында

Шығыс жалғау	—	Баршаңнан	Баршасынан
Көпше: Атау	жоқ	Баршаларың	Баршалары
Ілік жалғау	—	Баршаларыңның	Баршаларының
Барыс жалғау	—	Баршаларыңа	Баршаларына
Табыс жалғау	—	Баршаларыңды	Баршаларын
Жатыс жалғау	—	Баршаларыңда	Баршаларында
Шығыс жалғау	—	Баршаларыңнан	Баршаларынан

Сыпайы қалып

«Барша» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Баршамыз	Баршаңыз	жоқ
Ілік жалғау	Баршамыздың	Баршаңыздың	—
Барыс жалғау	Баршамызға	Баршаңызға	—
Табыс жалғау	Баршамызды	Баршаңызды	—
Жатыс жалғау	Баршамызда	Баршаңызда	—
Шығыс жалғау	Баршамыздан	Баршаңыздан	—
Көпше: Атау	Баршаларымыз	Баршаларыңыз	жоқ
Ілік жалғау	Баршаларымызды	Баршаларыңыздың	—
Барыс жалғау	Баршаларымызға	Баршаларыңызға	—
Табыс жалғау	Баршаларымызды	Баршаларыңызды	—
Жатыс жалғау	Баршаларымызда	Баршаларыңызда	—
Шығыс жалғау	Баршаларымыздан	Баршаларыңыздан	—

Танықтық есімдігі

Танықтық есімдігі дегеніміз — нәрсенің жоқтығын яки, анық белгілі еместігін көрсеткенде айтылатын сөздер. Мәселен, ешкім, ештеме, дәнеме, ешбір. Бұлар жоқтықты көрсетеді. Кей, қайсыбір — бұлар түгел еместігін көрсетеді. Біреу, әлдекім, әлдене — анық белгілі еместігін көрсетеді.

Ешкім, ештеме, дәнеме, біреу, әлдекім, әлдене деген сөздердің есімдерше жалғаулары ғана өзгереді. Яғни, тәуелдік -ған жалғаулары қосылады, мәселен:

Анайы қалып

«Кей» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	—	Кейің	Кейі
Ілік жалғау	—	Кейіңнің	Кейінің
Барыс жалғау	—	Кейіңе	Кейіне
Табыс жалғау	—	Кейіңді	Кейінде
Жатыс жалғау	—	Кейіңе	Кейін
Шығыс жалғау	—	Кейіңнен	Кейінен

Сыпайы қалып

«Кей» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Кейіміз	Кейіңіз	—
Ілік жалғау	Кейіміздің	Кейіңіздің	—
Барыс жалғау	Кейімізге	Кейіңізге	—
Табыс жалғау	Кейімізді	Кейіңізді	—
Жатыс жалғау	Кейімізде	Кейіңізде	—
Шығыс жалғау	Кейімізден	Кейіңізден	—

Анайы қалып

«Ешбір» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	—	Ешбірің	Ешбірі
Ілік жалғау	—	Ешбіріңнің	Ешбірінің
Барыс жалғау	—	Ешбіріңе	Ешбіріне
Табыс жалғау	—	Ешбіріңді	Ешбірін
Жатыс жалғау	—	Ешбіріңде	Ешбірінде
Шығыс жалғау	—	Ешбіріңнен	Ешбірінен

Сыпайы қалып

«Кей» деген сөз	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жекеше: Атау	Ешбіріміз	Ешбіріңіз	—
Ілік жалғау	Ешбіріміздің	Ешбіріңіздің	—
Барыс жалғау	Ешбірімізге	Ешбіріңізге	—
Табыс жалғау	Ешбірімізді	Ешбіріңізді	—
Жатыс жалғау	Ешбірімізде	Ешбіріңізде	—
Шығыс жалғау	Ешбірімізден	Ешбіріңізден	—

Етістік

Етістік дегеніміз – заттардың еткен-етпеген істерін көрсететін сөздер.

«Бұлт торлады», «күн жауды», «су тасыды». «Бұлт торламады», «күн жаумады», «су тасымады» дейміз. Бұлт, күн, су – заттар, «торлады», «жауды», «тасыды» деген сөздер болған істерді көрсетеді. «Торламады», «жаумады», «тасымады» деген сөздер болмаған істерді көрсетеді. «Торлады – торламады», «жауды – жаумады», «тасыды – тасымады» деген сөздер етістік болады.

Етістік болған-болмаған екі түрлі істі көрсеткендіктен екіге бөлінеді.

1) Болымды. 2) Болымсыз. Мұнан басқа етістіктің өзгеше екі түрі бар: 1) Көсемше. 2) Есімше.

Дағдыландыру. Он болымды етістік, он болымсыз етістік сөз тапқызып жаздыру.

Етістер

Етістікте он түрлі етіс бар: 1) Сабақты етіс. 2) Салт етіс. 3) Ортақ етіс. 4) Өздік етіс. 5) Өзгелік етіс. 6) Беделді етіс. 7) Ырықсыз етіс. 8) Шағыс етіс. 9) Дүркінді етіс. Өсіңкі етіс.

Сабақты етіс

Сабақты етіс дейміз – еткен іске бір нәрсе сабақтаулы болса, мәселен: хат жаздым, шөп шаптым, қармақ салдым дегенде: жаздым, шаптым, салдым – істер.

«Хат жаздым» дегенде жазу ісіне хат сабақталып тұр. «Шөп шаптым» дегенде шабу ісіне шөп сабақталып тұр. «Қармақ салдым» дегенде салу ісіне қармақ сабақталып тұр. «Жаздым», «шаптым», «салдым» деген сияқты, нәрсе сабақталатын істі көрсететін сөздерді сабақты етіс дейміз.

Дағдыландыру. Қирағат кітабындағы мақаланың бірін алып, соның ішіндегі сабақты етістерді көрсеткізу.

Салт етіс

Салт етіс дейміз – еткен іске сабақталып, байланып тұрған нешнәрсе болмаса, мәселен: мен жүрмін, сен тұрсың, ол отыр.

Менің жүргеніме, сенің тұрғаныңа, оның отырғанына сабақталып тұрған ешнәрсе жоқ.

Ержан күлді, Нұрман жылады, Бірман жүгірді. Ержанның күлгеніне, Нұрманның жылағанына, Бірманның жүгіргеніне сабақталып тұрған ешнәрсе жоқ.

«Жүрмін», «тұрсын», «отыр», «күлді», «жылады», «жүгірді» деген сияқты сабақсыз істі көрсететін сөздерді салт етіс дейміз.

Дағдыландыру. Қирағат кітабынан бір мақала алып, сондағы салт етістіктерді көрсету.

Ортақ етіс

Ортақ етіс дейміз – іс жеке істелмесе, мәселен: бала жарысты, жау соғысты, балуан күресті.

Бала жалғыз жарысуға болмайды, біреумен жарысады; Жау өзімен өзі соғыспайды, біреумен соғысады; Балуан өзімен күреспейді, біреумен күреседі. Осындай жеке істелмейтін, екі жақтап істейтін істерді көрсететін сөздерді ортақ етіс дейміз.

Дағдыландыру. Қирағат кітабынан бір мақала алып, сонда ортақ етістерді көрсеткізу.

Өздік етіс

Өздік етіс дейміз – істеуі басқаға істерлік ісін өзіне істесе, мәселен: мен жуындым, сен тарандың, ол мақтанды.

«Жудым» десе, басқаны жуған болар еді; «жуындым» дегенде өзін жуған болады, яғни істі басқаға емес, өзіне істеген болады.

«Тарадым» десе, басқаны тараған болар еді, «тарандым» дегенде істі басқаға емес, өзіне істеген болады.

«Мақтады» десе, басқаны мақтаған болар еді, «мақтанды» дегенде басқаны емес, өзін мақтаған болады.

«Жуындым», «тарандың», «мақтанды» деген сияқты басқаға істерлік істі өзіне істеуді көрсететін сөздерді өздік етіс дейміз.

Дағдыландыру. Қирағат кітабынан бір мақала алып, сондағы өзіндік етістерді көрсеткізу.

Өзгелік етіс

Өзгелік етіс дейміз – біреудің ісіне себепкер болуды, мәселен: атты жүргізді, қойды өргізді, түйені тұрғызды дегенде аттың жүруіне, қойдың

өруіне, түйенің тұруына себепкер болғанды көрсетеді. Олар өздігінен істесе ата жүрді, қой өрді, түйе тұрды болар еді.

«Жүргіздім», «өргіздім», «тұрғыздым» деген сияқты – біреудің ісіне себепкер істі көрсететін сөздерді өзгелік етіс дейміз.

Дағдыландыру. Қирағат кітабынан бір мақала алып, сондағы өзгелік етістерді көрсеткізу.

Беделді етіс

Беделді етіс дейміз – істі біреу арқылы істеуді. Мәселен: хат жаздырды, өлең айттырды, үй салдырды, кітап алдырды дейміз.

«Жаздырды», «айттырды», «салдырды», «алдырды» дегенде бәрі біреу арқылы істеген іс болады. Осындай сөздерді беделді етіс дейміз.

Дағдыландыру. Қирағат кітабынан бір мақала алып, сондағы беделді етістерді көрсеткізу.

Ырықсыз етіс

Ырықсыз етіс дейміз – істелу ыркы істеушіден басқада болған істі. Мәселен: ат жегілді, қоян қуылды, қозы сойылды дегенде ат ырықсыз жегіліп тұр, қоян ырықсыз қуылып тұр, қой ырықсыз сойылып тұр.

«Жегілді», «қуылды», «сойылды» деген сияқты сөздерді ырықсыз етіс дейміз.

Дағдыландыру. Қирағат кітабынан бір мақала алып, сондағы ырықсыз етістерді көрсеткізу.

Шағыс етіс

Шағыс етіс дейміз – ортақ істі істеуге себепкер болуды. Мәселен, балаларды күрестірдім, елді табыстырдым, екі жағын соғыстырдым.

«Күрестірдім» дегенде күресулеріне мен себепкер болғанмын; «Табыстырдым» дегенде табысуларына мен себепкер болдым. «Соғыстырдым» дегенде соғысуларына мен себепкер болғанмын. «Күрестірдім», «табыстырдым», «соғыстырдым» деген сияқты сөздерді шағыс етіс дейміз.

Дағдыландыру. Қирағат кітабынан мақала алып, сондағы шағыс етістерді көрсеткізу.

Дүркінді етіс

Дүркінді етіс дейміз – қайта-қайта істелетін істі, мәселен: хат жазғылады, мылтық атқылады, қолынан жұлқылады. «Жазғылады», «атқылады», «жұлқылады» деген сөздер істің бір рет емес, бірнеше рет істелгенін көрсетеді. «Жазғылады», «атқылады», «жұлқылады» деген сияқты сөздерді дүркінді етіс дейміз.

Дағдыландыру. Қирағат кітабынан бір мақала алып, сондағы дүркінді етістерді көрсеткізу.

Өсіңкі етіс

Өсіңкі етіс дейміз – күшейген істі, мәселен: ат жүріңкіреді, су тасыңқырады, бала ұйықтаңқырады. «Жүріңкіреді» дегенде жүру күшейгені көрінеді, «тасыңқырады» дегенде тасқын күшейгені көрінеді, «ұйықтаңқырады» дегенде ұйқы күшейгені көрінеді. «Жүріңкіреді», «тасыңқырады», «ұйықтаңқырады» деген сияқты сөздерді өсіңкі етіс дейміз.

Дағдыландыру. Бала басына бірнеше өсіңкі істерді тапқызу.

Райлар

Етістікте 14 рай бар; 1) Тұйық рай. 2) Билік рай. 3) Ашық рай. 4) Шартты рай. 5) Ереуіл рай. 6) Реніш рай. 7) Қалау рай. 8) Сенімді рай. 9) Сенімсіз рай. 10) Мұң рай. 11) Көніс рай. 12) Қайрау рай. 13) Азалы рай. 14) Теріс рай.

Тұйық рай

Тұйық рай дейміз – істің беті белгісіз тұйық күйінде тұрғандағы айтылатын сөз түрін. Мәселен: қарамақ, саумақ, бармақ, жазбақ, атпақ, ермек, үймек, жүрмек, тізбек, кетпек дегенде кім? қашан? Қалай? істегені мәлім емес. Осындай сөздер тұйық рай болады.

Тұйық рай етістіктің бейтарап, жалпы түрі, сондықтан жалпы етістік жайынан сөйлегенде осы тұйық райдағы түрі алынады. Тұйық райдан әрі етістік өзгереді. Өзгергенде һәр райдың жалғауы өзінше басқа болады.

Райларда үш жақ болады: 1-ші жақ (айтушы), 2-ші жақ (тыңдаушы), 3-ші жақ (бөгделік). Екі айырыс бар: 1) Жекелік айырыс. 2) Көптік айырыс. Үш шақ бар: 1) Осы шақ. 2) Өткен шақ. 3) Келер шақ. Осы үш жақ, екі айырыс, үш жақ бойынша сөз түбірінің аяқ дыбысына қарай

етістік өзгереді. Етістік өзгеруі тұрасында дыбыстар екі-ақ тапқа бөлінеді: 1) Дауысты дыбыс. 2) Басқа дыбыстар (дауыссыз һәм жарты дауысты дыбыстар). Сөз түбірінің аяғы дауысты дыбыс болса, жалғау мен түбір арасына «и» дәнекер болады; дауыссыз, яки жарты дауысты дыбыс болса «а», «е» дәнекер болады.

Етістіктер райлармен өзгергенде екі түрлі айтылады: 1) Дара түрде. 2) Қосар түрде. Қосар түрде сөйлегенде көмекші етістіктер қосыла айтылады. Көмекші етістіктер дегеніміз; тұрмақ, жүрмек, отырмақ, жатпақ, бармақ, болмақ, алмақ, бермек, келмек, кетпек, көрмек, өтпек, тастамақ, қоймақ, қалмақ, имек. Мұнан басқа жай етістік болады.

Қосар түрде сөйлегенде, жай етістіктер мағына беруші болып, алда жүреді; көмекші етістіктер өзгеруші болып, сонда жүреді. Қосар түрін қоя тұрып, қазір де дара түрін көрсетеміз. Қосар түрі етістіктің көсемше һәм есімше түрлері жайынан сөйлегенде көрсетілмекші.

Етістіктің түпкі түрі салт етіс пен сабақты етіс; өзгелері туынды етістер. Сондықтан бастапқы екеуі екі-ақ мүшелі 1) Түбір. 2) Жалғау. Басқа етістер үш мүшелі 1) Түбір. 2) Жұрнақ. 3) Жалғау. Түбір мен жұрнақ екеуін жалғаудан айырып сөйлегенде, тұқыл дейміз. Сүйтіп жалғау түпкі етістердің түбіріне жалғанады; туынды етістердің тұқылына жалғанады. Етістік жалғаулары есім жалғауларынан өзгеше болғандықтан, һәм һәр заттың ісінің жігін айырып айтатын болғандықтан жалғау орнына жіктеу дейміз.

Билік рай

Билік рай дейміз – істі істеуге-істемеуге кесіп айтқандағы сөз түрін. Һәр етістіктен түбірі мен тұқылын алып, билік рай түрінде жіктеп айтып көрейік. Болымды түрде: жазбақ (сабақты етіс), жыламақ (салт етіс), күреспек (ортақ етіс), жуынбақ (өздік етіс), жатқызбақ (өзгелік етіс), қаздырмақ (беделді етіс), жегілмек (ырықсыз етіс), атыстырмақ (шағысты етіс), шапқыламақ (дүркінді етіс), алыққырамақ (өсіңкі етіс); Болымсыз түрде: жазбасқа, жыламасқа, күреспеске, жуынбасқа, қаздырмасқа, жатқызбасқа, жегілмеске, атыстырмасқа, шапқыламасқа, алыққырамасқа.

Жіктеу

Болымды түрлері

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жаз	Жазайын	Жаз	Жазсын
Жыла	Жылайын	Жыла	Жыласын

Күрес	Күресейін	Күрес	Күрессін
Жуын	Жуынайын	Жуын	Жуынсын
Қаздыр	Қаздырайын	Қаздыр	Қаздырсын
Жатқыз	Жатқызайын	Жатқыз	Жатқызсын
Жегіл	Жегілейін	Жегіл	Жегілсін
Атыстыр	Атыстырайын	Атыстыр	Атыстырсын
Шапқыла	Шапқылайын	Шапқыла	Шапқыласын
Алықыра	Алықырайын	Алықыра	Алықырасын

Көпше:			
Жаз	Жазайық	Жазыңдар	Жазсын
Жыла	Жылайық	Жылаңдар	Жыласын
Күрес	Күресейік	Күресіңдер	Күрессін
Жуын	Жуынайық	Жуыныңдар	Жуынсын
Қаздыр	Қаздырайық	Қаздырыңдар	Қаздырсын
Жатқыз	Жатқызайық	Жатқызыңдар	Жатқызсын
Жегіл	Жегілейік	Жегіліңдер	Жегілсін
Атыстыр	Атыстырайық	Атыстырыңдар	Атыстырсын
Шапқыла	Шапқылайық	Шапқылаңдар	Шапқыласын
Алықыра	Алықырайық	Алықырандар	Алықырасын

Болымсыз түрлері

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жазба	Жазбайын	Жазба	Жазбасын
Жылама	Жыламайын	Жылама	Жыламасын
Күреспе	Күреспейін	Күреспе	Күреспесін
Жуынба	Жуынбайын	Жуынба	Жуынбасын
Қаздырма	Қаздырмайын	Қаздырма	Қаздырмасын
Жатқызба	Жатқызбайын	Жатқызба	Жатқызбасын
Жегілме	Жегілмейін	Жегілме	Жегілмесін
Атыстырма	Атыстырмайын	Атыстырма	Атыстырмасын
Шапқылама	Шапқыламайын	Шапқылама	Шапқыламасын
Алықырама	Алықырамайын	Алықырама	Алықырамасын

Көпше:			
Жазба	Жазбайық	Жазбаңдар	Жазбасын
Жылама	Жыламайық	Жыламаңдар	Жыламасын
Күреспе	Күреспейік	Күреспеңдер	Күреспесін
Жуынба	Жуынбайық	Жуынбаңдар	Жуынбасын
Қаздырма	Қаздырмайық	Қаздырмаңдар	Қаздырмасын

Жатқызба	Жатқызбайық	Жатқызбаңдар	Жатқызбасын
Жегілме	Жегілмейік	Жегілмендер	Жегілмесін
Атыстырма	Атыстырмайық	Атыстырмаңдар	Атыстырмасын
Шапқылама	Шапқыламайық	Шапқыламаңдар	Шапқыламасын
Алыққырама	Алыққырамайық	Алыққырамаңдар	Алыққырамасын

Дағдыландыру. Һәр істен Һәр түрлі сөздер алып, билік раймен жіктету.

Ашық рай

Ашық рай дейміз – істі ашық баяндайтын сөздің түрін. Ашық райдағы сөздер билік райдағы айырыс, үш жақтан бас үш мезгілмен сөйленіп өзгереді.

Жіктеу Осы шак

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жаз	Жазамын	Жазасың	Жазады
Жыла	Жылаймын	Жылайсың	Жылайды
Күрес	Күресемін	Күресесің	Күреседі
Жуын	Жуынамын	Жуынасың	Жуынады
Қаздыр	Қаздырамын	Қаздырасың	Қаздырады
Жатқыз	Жатқызамын	Жатқызасың	Жатқызады
Жегіл	Жегілемін	Жегілесің	Жегіледі
Атыстыр	Атыстырамын	Атыстырасың	Атыстырады
Шапқыла	Шапқылаймын	Шапқылайсың	Шапқылайды
Алыққыра	Алыққыраймын	Алыққырайсың	Алыққырайды

Көпше:

Жаз	Жазамыз	Жазасыңдар	Жазады
Жыла	Жылаймыз	Жылайсыңдар	Жылайды
Күрес	Күресеміз	Күресесіңдер	Күреседі
Жуын	Жуынамыз	Жуынасыңдар	Жуынады
Қаздыр	Қаздырамыз	Қаздырасыңдар	Қаздырады
Жатқыз	Жатқызамыз	Жатқызасыңдар	Жатқызады
Жегіл	Жегілеміз	Жегілесіңдер	Жегіледі
Атыстыр	Атыстырамыз	Атыстырасыңдар	Атыстырады

Шапқыла	Шапқылаймыз	Шапқылайсыңдар	Шапқылайды
Алыңқыра	Алыңқыраймыз	Алыңқырайсыңдар	Алыңқырайды

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жазба	Жазбаймын	Жазбайсың	Жазбайды
Жылама	Жыламаймын	Жыламайсың	Жыламайды
Күреспе	Күреспеймін	Күреспейсің	Күреспейді
Жуынба	Жуынбаймын	Жуынбайсың	Жуынбайды
Қаздырма	Қаздырмаймын	Қаздырмайсың	Қаздырмайды
Жатқызба	Жатқызбаймын	Жатқызбайсың	Жатқызбайды
Жегілме	Жегілмеймін	Жегілмейсің	Жегілмейді
Атыстырма	Атыстырмаймын	Атыстырмайсың	Атыстырмайды
Шапқылама	Шапқыламаймын	Шапқыламайсың	Шапқыламайды
Алыңқырама	Алыңқырамаймын	Алыңқырамайсың	Алыңқырамайды

Көпше:

Жазба	Жазбаймыз	Жазбайсыңдар	Жазбайды
Жылама	Жыламаймыз	Жыламайсыңдар	Жыламайды
Күреспе	Күреспейміз	Күреспейсіңдер	Күреспейді
Жуынба	Жуынбаймыз	Жуынбайсыңдар	Жуынбайды
Қаздырма	Қаздырмаймыз	Қаздырмайсыңдар	Қаздырмайды
Жатқызба	Жатқызбаймыз	Жатқызбайсыңдар	Жатқызбайды
Жегілме	Жегілмейміз	Жегілмейсіңдер	Жегілмейді
Атыстырма	Атыстырмаймыз	Атыстырмайсыңдар	Атыстырмайды
Шапқылама	Шапқыламаймыз	Шапқыламайсыңдар	Шапқыламайды
Алыңқырама	Алыңқырамаймыз	Алыңқырамайсыңдар	Алыңқырамайды

Дағдыландыру. Һәр етістен сөздер алын, осы үлгі бойынша ашық райдың осы шағымен жіктету.

Өткен шақ

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жаз	Жаздым	Жаздың	Жазды
Жыла	Жыладым	Жыладың	Жылады
Күрес	Күрестім	Күрестің	Күресті
Жуын	Жуындым	Жуындың	Жуынды
Қаздыр	Қаздырдым	Қаздырдың	Қаздырды

Жатқыз	Жатқыздым	Жатқыздың	Жатқызды
Жегіл	Жегілдім	Жегілдің	Жегілді
Атыстыр	Атыстырдым	Атыстырдың	Атыстырды
Шапқыла	Шапқыладым	Шапқыладың	Шапқылады
Алыққыра	Алыққырадым	Алыққырадың	Алыққырады

Көпше:

Жаз	Жаздық	Жаздыңдар	Жазды
Жыла	Жыладық	Жыладыңдар	Жылады
Күрес	Күрестік	Күрестіңдер	Күресті
Жуын	Жуындық	Жуындыңдар	Жуынды
Қаздыр	Қаздырдық	Қаздырдыңдар	Қаздырды
Жатқыз	Жатқыздық	Жатқыздыңдар	Жатқызды
Жегіл	Жегілдік	Жегілдіңдер	Жегілді
Атыстыр	Атыстырдық	Атыстырдыңдар	Атыстырды
Шапқыла	Шапқыладық	Шапқыладыңдар	Шапқылады
Алыққыра	Алыққырадық	Алыққырадыңдар	Алыққырады

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жазба	Жазбадым	Жазбадың	Жазбады
Жылама	Жыламадым	Жыламадың	Жыламады
Күреспе	Күреспедім	Күреспедің	Күреспеді
Жуынба	Жуынбадым	Жуынбадың	Жуынбады
Қаздырма	Қаздырмадым	Қаздырмадың	Қаздырмады
Жатқызба	Жатқызбадым	Жатқызбадың	Жатқызбады
Жегілме	Жегілмедім	Жегілмедің	Жегілмеді
Атыстырма	Атыстырмадым	Атыстырмадың	Атыстырмады
Шапқылама	Шапқыламадым	Шапқыламадың	Шапқыламады
Алыққырама	Алыққырамадым	Алыққырамадың	Алыққырамады

Көпше:

Жазба	Жазбадық	Жазбадыңдар	Жазбады
Жылама	Жыламадық	Жыламадыңдар	Жыламады
Күреспе	Күреспедік	Күреспедіңдер	Күреспеді
Жуынба	Жуынбадық	Жуынбадыңдар	Жуынбады
Қаздырма	Қаздырмадық	Қаздырмадыңдар	Қаздырмады
Жатқызба	Жатқызбадық	Жатқызбадыңдар	Жатқызбады
Жегілме	Жегілмедік	Жегілмедіңдер	Жегілмеді
Атыстырма	Атыстырмадық	Атыстырмадыңдар	Атыстырмады

Шапқылама	Шапқыламадық	Шапқыламадыңдар	Шапқыламады
Алыққырама	Алыққырамадық	Алыққырамадыңдар	Алыққырамады

Дағдыландыру. Нәр етістен нәр түрлі сөздер алып, осы үлгі бойынша ашық райдың өткен шағымен жіктету.

Келер шак

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жак	2-ші жак	3-ші жак
Жаз	Жазармын	Жазарсың	Жазар
Жыла	Жылармын	Жыларсың	Жылар
Күрес	Күресермін	Күресерсің	Күресер
Жуын	Жуынармын	Жуынарсың	Жуынар
Қаздыр	Қаздырармын	Қаздырарсың	Қаздырар
Жатқыз	Жатқызармын	Жатқызарсың	Жатқызар
Жегіл	Жегілермін	Жегілерсің	Жегілер
Атыстыр	Атыстырармын	Атыстырарсың	Атыстырар
Шапқыла	Шапқылармын	Шапқыларсың	Шапқылар
Алыққыра	Алыққырармын	Алыққырарсың	Алыққырар

Көпше:

Жаз	Жазармыз	Жазарсыңдар	Жазар
Жыла	Жылармыз	Жыларсыңдар	Жылар
Күрес	Күресерміз	Күресерсіңдер	Күресер
Жуын	Жуынармыз	Жуынарсыңдар	Жуынар
Қаздыр	Қаздырармыз	Қаздырарсыңдар	Қаздырар
Жатқыз	Жатқызармыз	Жатқызарсыңдар	Жатқызар
Жегіл	Жегілерміз	Жегілерсіңдер	Жегілер
Атыстыр	Атыстырармыз	Атыстырарсыңдар	Атыстырар
Шапқыла	Шапқылармыз	Шапқыларсыңдар	Шапқылар
Алыққыра	Алыққырармыз	Алыққырарсыңдар	Алыққырар

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	1-ші жак	2-ші жак	3-ші жак
Жазба	Жазбаспын	Жазбассың	Жазбас
Жылама	Жыламаспын	Жыламассың	Жыламас
Күреспе	Күреспеспін	Күреспессің	Күреспес
Жуынба	Жуынбаспын	Жуынбассың	Жуынбас
Қаздырма	Қаздырмаспын	Қаздырмассың	Қаздырмас

Жатқызба	Жатқызбасын	Жатқызбасың	Жатқызбас
Жегілме	Жегілмеспін	Жегілмессің	Жегілмес
Атыстырма	Атыстырмасын	Атыстырмасың	Атыстырмас
Шапқылама	Шапқыламасын	Шапқыламасың	Шапқыламас
Алықырама	Алықырамасын	Алықырамасың	Алықырамас

Көпше:

Жазба	Жазбаспыз	Жазбассыңдар	Жазбас
Жылама	Жыламаспыз	Жыламассыңдар	Жыламас
Күреспе	Күреспеспіз	Күреспессіңдер	Күреспес
Жуынба	Жуынбаспыз	Жуынбассыңдар	Жуынбас
Қаздырма	Қаздырмасыз	Қаздырмассыңдар	Қаздырмас
Жатқызба	Жатқызбаспыз	Жатқызбассыңдар	Жатқызбас
Жегілме	Жегілмеспіз	Жегілмессіңдер	Жегілмес
Атыстырма	Атыстырмасыз	Атыстырмассыңдар	Атыстырмас
Шапқылама	Шапқыламаспыз	Шапқыламассыңдар	Шапқыламас
Алықырама	Алықырамаспыз	Алықырамассыңдар	Алықырамас

Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша һәр етістен, сөз алып, ашық райдың келер шағымен жіктету.

Шартты рай

Шартты рай дейміз – істің істелуіне шарт көрсететін сөздің түрі. Мәселен: «Берсең аларсың, ексең орарсың». Алуға – беру шарттығын, оруға – егу шарттығын «берсең», «ексең» деген сөздер көрсетіп тұр. Сөздің осындай түрі шартты рай болады.

Жоғарыда билік рай һәм ашық раймен айтылған сөздерді шартты раймен айтып көрейік.

Жіктеу

Болымды түрлері

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жаз	Жазсам	Жазсаң	Жазса
Жыла	Жыласам	Жыласаң	Жыласа
Күрес	Күрессем	Күрессең	Күрессе
Жуын	Жуынсам	Жуынсаң	Жуынса
Қаздыр	Қаздырсам	Қаздырсаң	Қаздырса

Жатқыз	Жатқызсам	Жатқызсаң	Жатқызса
Жегіл	Жегілсем	Жегілсең	Жегілсе
Атыстыр	Атыстырсам	Атыстырсаң	Атыстырса
Шапқыла	Шапқыласам	Шапқыласаң	Шапқыласа
Алықыра	Алықырасам	Алықырасаң	Алықыраса

Көпше:

Жаз	Жазсақ	Жазсаңдар	Жазса
Жыла	Жыласақ	Жыласаңдар	Жыласа
Күрес	Күрессек	Күрессеңдер	Күрессе
Жуын	Жуынсақ	Жуынсаңдар	Жуынса
Қаздыр	Қаздырсақ	Қаздырсаңдар	Қаздырса
Жатқыз	Жатқызсақ	Жатқызсаңдар	Жатқызса
Жегіл	Жегілсек	Жегілсеңдер	Жегілсе
Атыстыр	Атыстырсақ	Атыстырсаңдар	Атыстырса
Шапқыла	Шапқыласақ	Шапқыласаңдар	Шапқыласа
Алықыра	Алықырасақ	Алықырасаңдар	Алықыраса

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жазба	Жазбасам	Жазбасаң	Жазбаса
Жылама	Жыламасам	Жыламасаң	Жыламаса
Күреспе	Күреспесем	Күреспесең	Күреспесе
Жуынба	Жуынбасам	Жуынбасаң	Жуынбаса
Қаздырма	Қаздырмасам	Қаздырмасаң	Қаздырмаса
Жатқызба	Жатқызбасам	Жатқызбасаң	Жатқызбаса
Жегілме	Жегілмесем	Жегілмесең	Жегілмесе
Атыстырма	Атыстырмасам	Атыстырмасаң	Атыстырмаса
Шапқылама	Шапқыламасам	Шапқыламасаң	Шапқыламаса
Алықырама	Алықырамасам	Алықырамасаң	Алықырамаса

Көпше:

Жазба	Жазбасақ	Жазбасаңдар	Жазбаса
Жылама	Жыламасақ	Жыламасаңдар	Жыламаса
Күреспе	Күреспесек	Күреспесеңдер	Күреспесе
Жуынба	Жуынбасақ	Жуынбасаңдар	Жуынбаса
Қаздырма	Қаздырмасақ	Қаздырмасаңдар	Қаздырмаса
Жатқызба	Жатқызбасақ	Жатқызбасаңдар	Жатқызбаса
Жегілме	Жегілмесек	Жегілмесеңдер	Жегілмесе
Атыстырма	Атыстырмасақ	Атыстырмасаңдар	Атыстырмаса

Шапқылама	Шапқыламасақ	Шапқыламасаңдар	Шапқыламаса
Алыңқырама	Алыңқырамасақ	Алыңқырамасаңдар	Алыңқырамаса

Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша һәр етістен сөздер алып, шартты раймен жіктеміз.

Ереуіл рай

Ереуіл рай дейміз – істейтін істің мақсұтына болымы қарсы, ереуіл болғанда, айтылатын сөз түрін. Мәселен: «Сұрасаң да бермеймін, сүйресен де ермеймін» деген сөздерде «сұрасаң да», «сүйресен де» деген ереуіл рай болады. Сұрағанда алу мақсұт, сүйрегенде еру мақсұт еді. Бермеген соң, ермеген соң, істің болымы істің мақсұтына қарсы келіп тұр. Сөздің осындай түрі ереуіл рай болады.

Жоғарыда билік, ашық һәм шартты райлармен айтылған сөздерді ереуіл раймен айтып көрейік.

Жіктеу

Болымды түрлері			
Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жаз	Жазсамда ¹	Жазсаңда	Жазсада
Жыла	Жыласамда	Жыласаңда	Жыласада
Күрес	Күрессемде	Күрессеңде	Күресседе
Жуын	Жуынсамда	Жуынсаңда	Жуынсада
Қаздыр	Қаздырсамда	Қаздырсаңда	Қаздырсада
Жатқыз	Жатқызсамда	Жатқызсаңда	Жатқызсада
Жегіл	Жегілсемде	Жегілсеңде	Жегілседе
Атыстыр	Атыстырсамда	Атыстырсаңда	Атыстырсада
Шапқыла	Шапқыласамда	Шапқыласаңда	Шапқыласада
Алыңқыра	Алыңқырасамда	Алыңқырасаңда	Алыңқырасада
Көпше:			
Жаз	Жазсақта	Жазсаңдарда	Жазсада
Жыла	Жыласақта	Жыласаңдарда	Жыласада
Күрес	Күрессекте	Күрессеңдерде	Күресседе
Жуын	Жуынсақта	Жуынсаңдарда	Жуынсада
Қаздыр	Қаздырсақта	Қаздырсаңдарда	Қаздырсада

Жатқыз	Жатқызсақта	Жатқызсандарда	Жатқызсада
Жегіл	Жегілсекте	Жегілсендерде	Жегілседе
Атыстыр	Атыстырсақта	Атыстырсандарда	Атыстырсада
Шапқыла	Шапқыласақта	Шапқыласандарда	Шапқыласада
Алыңқыра	Алыңқырасақта	Алыңқырасандарда	Алыңқырасада

Болымсыз түрлері

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жазба	Жазбасамда	Жазбасаңда	Жазбасада
Жылама	Жыламасамда	Жыламасаңда	Жыламасада
Күреспе	Күреспесемде	Күреспесеңде	Күреспеседе
Жуынба	Жуынбасамда	Жуынбасаңда	Жуынбасада
Қаздырма	Қаздырмасамда	Қаздырмасаңда	Қаздырмасада
Жатқызба	Жатқызбасамда	Жатқызбасаңда	Жатқызбасада
Жегілме	Жегілмесемде	Жегілмесеңде	Жегілмеседе
Атыстырма	Атыстырмасамда	Атыстырмасаңда	Атыстырмасада
Шапқылама	Шапқыламасамда	Шапқыламасаңда	Шапқыламасада
Алыңқырама	Алыңқырамасамда	Алыңқырамасаңда	Алыңқырамасада

Көпше:

Жазба	Жазбасақта	Жазбасандарда	Жазбасада
Жылама	Жыламасақта	Жыламасандарда	Жыламасада
Күреспе	Күреспесекте	Күреспесендерде	Күреспеседе
Жуынба	Жуынбасақта	Жуынбасандарда	Жуынбасада
Қаздырма	Қаздырмасақта	Қаздырмасандарда	Қаздырмасада
Жатқызба	Жатқызбасақта	Жатқызбасандарда	Жатқызбасада
Жегілме	Жегілмесекте	Жегілмесендерде	Жегілмеседе
Атыстырма	Атыстырмасақта	Атыстырмасандарда	Атыстырмасада
Шапқылама	Шапқыламасақта	Шапқыламасандарда	Шапқыламасада
Алыңқырама	Алыңқырамасақта	Алыңқырамасандарда	Алыңқырамасада

Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша һәр етістен сөздер алып, ереуіл раймен жіктеу.

Реніш рай

Реніш рай дейміз – істеген-істемеген істерге реніш еткенде айтылатын сөз түрін. Мәселен: «Шақырғанда, барсамшы!», «Көрдім деп айтпсамшы!». «Барсамшы» дегенде бармағанына реніш айтады.

«Айтпасамшы» дегенде айтқанына реніш айтады. «Барсамшы», «айтпасамшы» деген реніш көрсететін сөздер реніш рай болады.

Жоғарыда басқа райлармен айтылған сөздерді реніш раймен айтып қарайық.

Болымды түрлері

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жаз	Жазсамшы	Жазсаңшы	Жазсайшы
Жыла	Жыласамшы	Жыласаңшы	Жыласайшы
Күрес	Күрессемші	Күрессеңші	Күрессейші
Жуын	Жуынсамшы	Жуынсаңшы	Жуынсайшы
Қаздыр	Қаздырсамшы	Қаздырсаңшы	Қаздырсайшы
Жатқыз	Жатқызсамшы	Жатқызсаңшы	Жатқызсайшы
Жегіл	Жегілсемші	Жегілсеңші	Жегілсейші
Атыстыр	Атыстырсамшы	Атыстырсаңшы	Атыстырсайшы
Шапқыла	Шапқыласамшы	Шапқыласаңшы	Шапқыласайшы
Алыңқыра	Алыңқырасамшы	Алыңқырасаңшы	Алыңқырасайшы

Көпше:

Жаз	Жазсақшы	Жазсандаршы	Жазсайшы
Жыла	Жыласақшы	Жыласандаршы	Жыласайшы
Күрес	Күрессекші	Күрессеңдерші	Күрессейші
Жуын	Жуынсақшы	Жуынсандаршы	Жуынсайшы
Қаздыр	Қаздырсақшы	Қаздырсандаршы	Қаздырсайшы
Жатқыз	Жатқызсақшы	Жатқызсандаршы	Жатқызсайшы
Жегіл	Жегілсекші	Жегілсеңдерші	Жегілсейші
Атыстыр	Атыстырсақшы	Атыстырсандаршы	Атыстырсайшы
Шапқыла	Шапқыласақшы	Шапқыласандаршы	Шапқыласайшы
Алыңқыра	Алыңқырасақшы	Алыңқырасандаршы	Алыңқырасайшы

Болымсыз түрлері

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Жазба	Жазбасамшы	Жазбасаңшы	Жазбасайшы
Жылама	Жыламасамшы	Жыламасаңшы	Жыламасайшы
Күреспе	Күреспесемші	Күреспесеңші	Күреспесейші
Жуынба	Жуынбасамшы	Жуынбасаңшы	Жуынбасайшы
Қаздырма	Қаздырмасамшы	Қаздырмасаңшы	Қаздырмасайшы
Жатқызба	Жатқызбасамшы	Жатқызбасаңшы	Жатқызбасайшы
Жегілме	Жегілмесемші	Жегілмесеңші	Жегілмесейші
Атыстырма	Атыстырмасамшы	Атыстырмасаңшы	Атыстырмасайшы

Шапқылама	Шапқыламасамшы	Шапқыламасаңшы	Шапқыламасайшы
Алыққырама	Алыққырамасамшы	Алыққырамасаңшы	Алыққырамасайшы

Көпше:

Жазба	Жазбасақшы	Жазбасандаршы	Жазбасайшы
Жылама	Жыламасақшы	Жыламасандаршы	Жыламасайшы
Күреспе	Күrespесекші	Күrespесендерші	Күrespесейші
Жуынба	Жуынбасақшы	Жуынбасандаршы	Жуынбасайшы
Қаздырма	Қаздырмасақшы	Қаздырмасандаршы	Қаздырмасайшы
Жатқызба	Жатқызбасақшы	Жатқызбасандаршы	Жатқызбасайшы
Жегілме	Жегіlmесекші	Жегіlmесендерші	Жегіlmесейші
Атыстырма	Атыстырмасақшы	Атыстырмасандаршы	Атыстырмасайшы
Шапқылама	Шапқыламасақшы	Шапқыламасандарші	Шапқыламасайшы
Алыққырама	Алыққырамасақшы	Алыққырамасандаршы	Алыққырамасайшы

Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша һәр етістен сөздер алып, реніш райымен жіктеу.

Қалау рай

Қалау рай дейміз – істі көңіл қалау, қаламауын көрсететін сөз түрін. Мәселен: барсам екен, бармасам екен; Айтсаң екен, айтпасаң екен; Білдірсе екен, білдірмесе екен деген сияқты сөздер қалау рай болады.

Жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, шапқыла, алыққыра деген сөздерді басқа райларда көрсеткен үлгі бойынша болымды-болымсыз түрлерде, жекеше, көпше, үш жақпен айтқызу.

Дағдыландыру үшін һәр етістен сөздер алып жоғарғы үлгілер бойынша қалау раймен жіктету.

Сенімді рай

Сенімді рай дейміз – істің іселу-істелмеуіне көңіл сеніп сөйлегенде айтылатын сөз түрін. Мәселен: алғаймын, алмағаймын, тұрғайсың, тұрмағайсың, болғай, болмағай деген сияқты сөздер сенімді рай болады: жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, шапқыла, алыққыра деген сөздерді басқа райлардағы үлгі бойынша болымды - болымсыз түрлерінде жекеше, көпше, үш жақпен айтқызу.

Дағдыландыру үшін һәр етістен сөздер алып, сол үлгілер бойынша қалау раймен жіктету.

Сенімсіз рай

Сенімсіз рай дейміз – істің болу – болмасына көңіл сенбегенін көрсететін сөздің түрін. Мәселен: Барар ма екем, бармас па екем; Көрер ме екенсің, көрмес пе екенсің; Жүрер ме екен, жүрмес пе екен деген сияқты сөздер сенімсіз рай болады.

Жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, шапқыла, алыңқыра деген сөздерді басқа райлардағы үлгі бойынша болымды - болымсыз түрлерінде, жекеше, көпше, үш жақпен айтқызу.

Дағдыландыру үшін һәр етістен сөздер алып, сол үлгілер бойынша сенімсіз раймен жіктету.

Болжал рай

Болжал рай дейміз – істі шартқа қарайлап болжалдағандағы сөздің түрін. Мәселен, оқыр едім (ақшам болса), ішер едің (су болса), барар еді (жалдаса) деген сияқты сөздер болжал рай болады.

Жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, шапқыла, алыңқыра деген сөздерді басқа райлардағы үлгі бойынша болымды - болымсыз түрлерінде жекеше, көпше, үш жақпен айтқызу.

Дағдыландыру үшін һәр етістен сөздер алып, алдыңғы үлгілер бойынша болжал раймен жіктету.

Мұң рай

Мұң рай дейміз – істерлік іске мұң болғанда айтылатын сөздің түрін. Мәселен, айтар ма едім, айтпас па едім, жүрер ме едің, жүрмес пе едің деген сияқты сөздер мұң рай болады.

Жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, шапқыла, алыңқыра деген сөздерді басқа райлардағы үлгі бойынша болымды - болымсыз түрлерінде жекеше, көпше, үш жақпен айтқызу.

Дағдыландыру үшін әр етістен сөздер алып, мұң раймен жіктету.

Көніс рай

Көніс рай дейміз – іске көнгенде, мойындағанда айтылатын сөз түрін. Мәселен, кетемін – та, кетпеймін – та, барамын – та, бармайсың – та, көреді – та, көрмейді – та.

Ескерту. Көніс рай екінші түрлі де айтылады, мәселен, кетемін – тағы, кетпеймін тағы, кетесін – тағы, кетпейсін – тағы, кетпейді – тағы деген сөздер де көніс рай болады.

Жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, шапқыла, алыңқыра деген сөздерді басқа райлардағы үлгі бойынша айтқызу.

Дағдыландыру үшін әр етістен сөздер алып, алдыңғы үлгілер бойынша көніс раймен жіктету.

Қайрау рай

Қайрау рай дейміз – істі істеуге я істемеуге қайрай сөйлегендегі сөз түрін. Мәселен, барайыншы, бармайыншы, баршы, бармақшы, барсыншы, бармасыншы деген сияқты сөздер қайрау рай болады.

Жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, шапқыла, алыңқыра деген сөздерді басқа райлардағы үлгі бойынша айтқызу.

Дағдыландыру үшін әр етістен сөздер алып, жоғары үлгілер бойынша қайрау раймен жіктету.

Азалы рай

Азалы рай дейміз – қайрау райын азамен айтылатын түрін. Мәселен, жүрсейші, жүрмесейші, қалсайшы, қаламасайшы, барсайшы, бармасайшы. Ескерту. Азалы райдың түріне жақын өтініштеу рай бар: Мәселен: барсана, тұрсана, жүрсана, қойсана, кетсана уа ғайри солай. Бұл рай бұрын айтылса да, бұл күнде тіпті айтылмайды десе де болар. Некен-саяк бұрынғы ертегілерде ғана келеді («Қара батыр» деген ертегіні қара).

Жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, шапқыла, алыңқыра деген сөздерді басқа райлардағы үлгі бойынша азалы раймен айтқызу.

Дағдыландыру үшін әр етістен сөздер алып, алдыңғы үлгілер бойынша азалы раймен жіктету.

Теріс рай

Теріс рай дейміз – істелетін іске айтылатын сөз теріс түрін. Мәселен, барса игі едім, бармаса игі едім, алса игі едің, алмаса игі едің, жүрсе игі еді, жүрмесе игі еді деген сөздер теріс рай болады.

Жаз, жыла, күрес, жуын, қаздыр, жатқыз, жегіл, шапқыла, алыңқыра деген сөздерді басқа райлардағы үлгі бойынша айтқызу.

Дағдыландыру үшін әр етістен сөздер алып, алдағы үлгі бойынша теріс раймен жіктету.

Жай етістіктің өзгерісі осы көрсетілгенше. Көмекші етістіктердің кейбіреулері осы шақпен сөйлегенде жай етістіктің жіктелуінен өзгеше айтылады. Мұндай етістіктер төртеу-ақ: жүрмек, тұрмақ, отырмақ, жатпақ. Осы жақпен жіктеп, өзгеше түрде айтып қарайық.

Осы шақ

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
жүр	жүрмін	жүрсін	жүр
тұр	тұрмын	тұрсын	тұр
отыр	отырмын	отырсын	отыр
жат	жатырмын	жатырсын	жатыр
Көпше:			
жүр	жүрміз	жүрсіндер	жүр
тұр	тұрмыз	тұрсындар	тұр
отыр	отырмыз	отырсындар	отыр
жат	жатырмыз	жатырсындар	жатыр

Болымсыз түрлері жай етістіктерше жіктелді.

Бұл түрінің осы шағы нағыз осы шақ болады. Сыпайылық һәм анайылық ретпен сөйлеу етістікте де бар. Анайылық ретпен сөйлегенде жоғарыда көрсетілген қалыпша айтылады. Сыпайылық ретпен сөйлегенде тыңдаушыға сөйлеуші «сіз» «-ыңыз» қосып сөйлейді. Мәселен:

Жекеше:

Билік рай:	«Бар»	орнына	«барыңыз»
Ашық рай:	1) «Барасың»	орнына	«барасыз»
	2) «Бардың»	орнына	«бардыңыз»
	3) «Барарсын»	орнына	«барарсыз»
Шартты рай:	«Барсаң»	орнына	«барсаңыз»
Ерулі рай:	«Барсаңда»	орнына	«барсаңызда»
Азалы рай:	«Барсаңшы»	орнына	«барсаңызшы»

басқалары да осылайша.

Көпше:

Билік рай:	«Барындар»	орнына	«барыңыздар»
Ашық рай:	1) «Барасындар»	орнына	«барарсындар»
	2) «Бардыңдар»	орнына	«бардыңыздар»
	3) «Барарсындар»	орнына	«барарсындар»

Шартты рай: «Барсаңдар»	орнына	«барсаңыздар»
Ерулі рай: «Барсаңдар да»	орнына	«барсаңыздар да»
Азалы рай: «Барсаңдаршы»	орнына	«барсаңыздаршы»

басқалары да осылайша.

Көсемше

Көсемше дейміз – екі етістік қосарынан сөйлегенде, алдында айтылатын етістіктің қысқа түрін. Мәселен, жаза бер, қарап тұр, жүріп келді дегенде алдыңғы сөздер көсемше етістік болады.

Көсемше үш түрлі: 1) Үнемді. 2) Үнемсіз. 3) Ниетті.

Үнемді көсемше – созымды істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айта бердім, айта бердің, айта берді.

Үнемсіз көсемше – созымсыз, бірден бітетін істі көрсету үшін айтылады. Мәселен, айтып бердім, айтып бердің, айтып береді.

Ниетті көсемше – істеуге ниеттеніп тұрғанды көрсететін сөз түрі. Мәселен, барғалы тұрмын, барғалы тұрсың, барғалы тұр уа ғайри солай.

Жоғарыда райлар турасында сөйлегенде етістіктер қосарлы күйінде, көсемше түрде айтылады деп едік. Сол қосарлы күйі көсемше түрде қалай айтылатындығын көрсету үшін жоғарыдағы райларынан жіктеген сөздерден: аяқ дыбысы дауысты бір сөз, аяқ дыбысы дауыссыз я болмаса жарты дауысты бір сөз алып һәм көмекші етістіктерден бірнешесін алып, қосарлы түрде өзертіп көрейік.

Тұйық рай

Жаза бермек, сынай тұрмақ.

Билік рай

Үнемді көсемше
Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жаза берейін сынай тұрайын	2-ші жақ жаза бер сынау тұр	3-ші жақ жаза берсін сынай тұрсын
Көпше:	жаза берейік сынай тұрайық	жаза беріңдер сынай тұрыңдар	жаза берсін сынай тұрсын

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жаза бермейін сынай тұрмайын	жаза берме сынай тұрма	жаза бермесін сынай тұрмасын
Көпше:	жаза бермейік сынай тұрмайық	жаза бермеңдер сынай тұрмаңдар	жаза бермесін сынай тұрмасын

Үнемсіз көсемше
Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жазып берейін сынап тұрайын	2-ші жақ жазып бер сынап тұр	3-ші жақ жазып берсін сынап тұрсын
Көпше:	жазып берейік сынап тұрайық	жазып беріңдер сынап тұрыңдар	жазып берсін сынап тұрсын

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жазып бермейін сынап тұрмайын	жазып берме сынап тұрма	жазып бермесін сынап тұрмасын
Көпше:	жазып бермейік сынап тұрмайық	жазып бермеңдер сынап тұрмаңдар	жазып бермесін сынап тұрмасын

Дағдыландыру. Әр етістен әр түрлі сөздер алып, осы үлгі бойынша қосар түрде билік раймен жіктету.

Ашық рай Осы шақ

Үнемді көсемше
Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жаза беремін сынай тұрамын	2-ші жақ жаза бересің сынай тұрасың	3-ші жақ жаза береді сынай тұрады
Көпше:	жаза береміз сынай тұрамыз	жаза бересіңдер сынай тұрасыңдар	жаза береді сынай тұрады

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жаза бермеймін сынай тұрмаймын	жаза бермейсің сынай тұрмайсың	жаза бермейді сынай тұрмайды
---------	-----------------------------------	-----------------------------------	---------------------------------

Көпше:	жаза бермейміз сынай тұрмаймыз	жаза бермейсіңдер сынай тұрмайсыңдар	жаза бермейді сынай тұрмайды
--------	-----------------------------------	---	---------------------------------

Үнемсіз көсемше
Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жазып беремін сынап тұрамын	2-ші жақ жазып бересің сынап тұрасың	3-ші жақ жазып береді сынап тұрады
---------	--	--	--

Көпше:	жазып береміз сынап тұрамыз	жазып бересіңдер сынап тұрасыңдар	жазып береді сынап тұрады
--------	--------------------------------	--------------------------------------	------------------------------

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жазып бермеймін сынап тұрмаймын	жазып бермейсің сынап тұрмайсың	жазып бермейді сынап тұрмайды
---------	------------------------------------	------------------------------------	----------------------------------

Көпше:	жазып бермейміз сынап тұрмаймыз	жазып бермейсіңдер сынап тұрмайсыңдар	жазып бермейді сынап тұрмайды
--------	------------------------------------	--	----------------------------------

Дағдыландыру. һәр етістен әр түрлі сөздер алып, осы үлгі бойынша қосар түрде ашық райдың осы шағын жіктету.

Өткен шақ

Үнемді көсемше
Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жаза бердім сынай тұрдым	2-ші жақ жаза бердің сынай тұрдың	3-ші жақ жаза берді сынай тұрды
---------	---	---	---------------------------------------

Көпше:	жаза берді сынай тұрды	жаза бердіңдер сынай тұрдыңдар	жаза берді сынай тұрды
--------	---------------------------	-----------------------------------	---------------------------

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жаза бермедім сынай тұрмадым	жаза бермедің сынай тұрмадың	жаза бермеді сынай тұрмады
---------	---------------------------------	---------------------------------	-------------------------------

Көпше:	жаза бермедік сынай тұрмадық	жаза бермедіндер сынай тұрмадыңдар	жаза бермеді сынай тұрмады
--------	---------------------------------	---------------------------------------	-------------------------------

Үнемсіз көсемше

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жазып бердім сынап тұрдым	2-ші жақ жазып бердің сынап тұрдың	3-ші жақ жазып берді сынап тұрды
---------	--	--	--

Көпше:	жазып бердік сынап тұрдық	жазып бердіңдер сынап тұрдыңдар	жазып берді сынап тұрды
--------	------------------------------	------------------------------------	----------------------------

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жазып бермедім сынап тұрмадым	жазып бермедің сынап тұрмадың	жазып бермеді сынап тұрмады
---------	----------------------------------	----------------------------------	--------------------------------

Көпше:	жазып бермедік сынап тұрмадық	жазып бермедіндер сынап тұрмадыңдар	жазып бермеді сынап тұрмады
--------	----------------------------------	--	--------------------------------

Дағдыландыру. һәр етістен әр түрлі сөздер алып, осы үлгі бойынша қосар түрде ашық райдың өткен шағымен жіктету.

Келер шақ

Үнемді көсемше

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жаза берермін сынай тұрармын	2-ші жақ жаза берерсің сынай тұрарсың	3-ші жақ жаза берер сынай тұрар
---------	---	---	---------------------------------------

Көпше:	жаза берерміз сынай тұрармыз	жаза берерсіңдер сынай тұрарсыңдар	жаза берер сынай тұрар
--------	---------------------------------	---------------------------------------	---------------------------

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жаза бермеспін сынай тұрмаспын	жаза бермессің сынай тұрмассың	жаза бермес сынай тұрмас
Көпше:	жаза бермеспіз сынай тұрмаспыз	жаза бермессіңдер сынай тұрмассыңдар	жаза бермес сынай тұрмас

Үнемсіз көсемше
Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жазып берермін сынап тұрармын	2-ші жақ жазып берерсің сынап тұрарсың	3-ші жақ жазып берер сынап тұрар
Көпше:	жазып берерміз сынап тұрармыз	жазып берерсіңдер сынап тұрарсыңдар	жазып берер сынап тұрар

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жазып бермеспін сынап тұрмаспын	жазып бермессің сынап тұрмассың	жазып бермес сынап тұрмас
Көпше:	жазып бермеспіз сынап тұрмаспыз	жазып бермессіңдер сынап тұрмассыңдар	жазып бермес сынап тұрмас

Дағдыландыру. һәр етістен әр түрлі сөздер алып, осы үлгі бойынша қосар түрде ашық райдың келер шағымен жіктету.

Шартты рай

Үнемді көсемше
Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жаза берсем сынай тұрсам	2-ші жақ жаза берсең сынай тұрсаң	3-ші жақ жаза берсе сынай тұрса
Көпше:	жаза берсек сынай тұрсақ	жаза берсеңдер сынай тұрсаңдар	жаза берсе сынай тұрса

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жаза бермесем сынай тұрмасам	жаза бермесең сынай тұрмасаң	жаза бермесе сынай тұрмаса
---------	---------------------------------	---------------------------------	-------------------------------

Көпше:	жаза бермесек сынай тұрмасақ	жаза бермесеңдер сынай тұрмасаңдар	жаза бермесе сынай тұрмаса
--------	---------------------------------	---------------------------------------	-------------------------------

Үнемсіз көсемше

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жазып берсем сынап тұрсам	2-ші жақ жазып берсең сынап тұрсаң	3-ші жақ жазып берсе сынап тұрса
---------	--	--	--

Көпше:	жазып берсек сынап тұрсақ	жазып берсеңдер сынап тұрсаңдар	жазып берсе сынап тұрса
--------	------------------------------	------------------------------------	----------------------------

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жазып бермесем сынап тұрмасам	жазып бермесең сынап тұрмасаң	жазып бермесе сынап тұрмаса
---------	----------------------------------	----------------------------------	--------------------------------

Көпше:	жазып бермесек сынап тұрмасақ	жазып бермесеңдер сынап тұрмасаңдар	жазып бермесе сынап тұрмаса
--------	----------------------------------	--	--------------------------------

Дағдыландыру. һәр етістен әр түрлі сөздер алып, осы үлгі бойынша қосар түрде шартты раймен жіктету.

Ереуіл рай

Үнемді көсемше

Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жаза берсем де сынай тұрсам да	2-ші жақ жаза берсең де сынай тұрсаң да	3-ші жақ жаза берсе де сынай тұрса да
---------	---	---	---

Көпше:	жаза берсек те сынай тұрсақ та	жаза берсеңдер де сынай тұрсаңдар да	жаза берсе де сынай тұрса да
--------	-----------------------------------	---	---------------------------------

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жаза бермесем де сынай тұрмасам да	жаза бермесең де сынай тұрмасаң да	жаза бермесе де сынай тұрмаса да
---------	---------------------------------------	---------------------------------------	-------------------------------------

Көпше:	жаза бермесек те сынай тұрмасақ та	жаза бермесендер де сынай тұрмасаңдар да	жаза бермесе де сынай тұрмаса да
--------	---------------------------------------	---	-------------------------------------

Үнемсіз көсемше
Болымды түрлері:

Жекеше:	1-ші жақ жазып берсемде сынап тұрсамда	2-ші жақ жазып берсеңде сынап тұрсаңда	3-ші жақ жазып берседе сынап тұрсада
---------	--	--	--

Көпше:	жазып берсекте сынап тұрсақта	жазып берсеңдерде сынап тұрсаңдарда	жазып берседе сынап тұрсада
--------	----------------------------------	--	--------------------------------

Болымсыз түрлері:

Жекеше:	жазып бермесемде сынап тұрмасамда	жазып бермесенде сынап тұрмасаңда	жазып бермеседе сынап тұрмасада
---------	--------------------------------------	--------------------------------------	------------------------------------

Көпше:	жазып бермесекте сынап тұрмасақта	жазып бермесендерде сынап тұрмасаңдарда	жазып бермеседе сынап тұрмасада
--------	--------------------------------------	--	------------------------------------

Дағдыландыру. һәр етістен әр түрлі сөздер алып, осы үлгі бойынша қосар түрде ереуіл раймен жіктету.

Реніш рай

Бұл рай үшін де жаза бермек, сынай тұрмақ деген сөздерді алып, басқа райлардағы көрсеткен үлгі бойынша үнемді, үнемсіз көсемшенің болымды, болымсыз түрлерінде қосар күйде айтқызу.

Дағдыландыру үшін әр етістен әр түрлі сөздер алып, алдағы үлгілер бойынша реніш райымен жіктету.

Қалау рай, сенімді рай, болжам рай, мұң рай, көніс рай, қайрау рай, азалы рай, теріс рай – бұлар үшін де жаза бермек, сынай тұрмақ деген сөздерді алып, басқа райларда көрсеткен үлгі бойынша үнемді, үнемсіз көсемшенің болымды, болымсыз түрлерінде қосар күйде айтқызу.

Дағдыландыру үшін әр етістен әр түрлі сөздер алып, алдағы үлгілер бойынша жіктету.

Ниетті көсемше де үнемді көсемше сияқты жалғыз-ақ айырмасы сол үнемді көсемшенің жалғауы «-а» (жіңішке сөзде «-е») һәм «-й», ниетті көсемшеде «-ғалы» (жіңішке сөзде «-гелі»).

Есімше

Есімше дейміз – есім сияқты айтылатын етістіктің түрін мәселен, айтушы адам, шабатын ат, жазған хат дегенде «айтушы», «шабатын», «жазған» деген сөздер есімше болады. Есім сияқты дейтініміз: сын есімше «қандай?» деп сұраймыз.

Есімше үш түрлі: 1) Осы шақтық. 2) Өткен шақтық. 3) Ұйғарынды.

Осы шақтық есімше дейміз – осы шақта істеп тұрғанды көрсеткенде. Мәселен, өлең айтушы, бие сауушы, құдық қазушы деген сияқты сөздер.

Өткен шақтық есімше дейміз – бұрын істелген істі көрсететін іс түрін. Мәселен, өлең айтқан, бие сауған, құдық қазған дегендегі «айтқан», «сауған», «қазған» деген сияқты сөздер өткен шақтық есімше болады.

Ұйғарынды есімше дейміз – істеуге ұйғарылған істі көрсету үшін айтылатын сөз түрін. Мәселен, жазатын хат, сөйлейтін сөз, көретін көз дегендегі «жазатын», «сөйлейтін», «көретін» деген сияқты сөздер ұйғарынды есімше болады.

Есімшеге есімдер сияқты жалғаулар да, етістіктер сияқты жіктеулер де жалғанады. Жіктегенде де есімдерше жіктеледі. Әуелі есімдерше өзгертіп, сонан соң етістікше өзгертіп қарайық.

Жалғаулар Жай қалып

«Барушы», Жекеше: Ұйғарынды	«барған», Осы шақтық		«баратын» Өткен шақтық
Атау	барушы	барған	баратын
Ілік жалғау	барушының	барғанның	баратынның
Барыс жалғау	барушыға	барғанға	баратынға
Табыс жалғау	барушыны	барғанды	баратынды
Жатыс жалғау	барушыда	барғанда	баратында
Шығыс жалғау	барушыдан	барғаннан	баратыннан
Көпше: Ұйғарынды	Осы шақтық		Өткен шақтық
Атау	барушылар	барғандар	баратындар
Ілік жалғау	барушыларды	барғандардың	баратындардың
Барыс жалғау	барушыларға	барғандарға	баратындарға
Табыс жалғау	барушыларды	барғандарды	баратындарды
Шығыс жалғау	барушылардан	барғандардан	баратындардан

Дағдыландыру. Райларда алынған басқа сөздерді де есімше түрінде алып, осы үлгі бойынша есімдерше жай қалыпта жалғаулату.

Тәуелді қалып Оңаша тәуелдік

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Атау:			
Осы шақтық	барушым	барушың	барушысы
Өткен шақтық	барғаным	барғаның	барғаны
Ұйғарынды	баратыным	баратының	баратыны
Ілік жалғау:			
Осы шақтық	барушымның	барушыңның	барушысының
Өткен шақтық	барғанымның	барғаныңның	барғанының
Ұйғарынды	баратынымның	баратыныңның	баратынының
Барыс жалғау:			
Осы шақтық	барушыма	барушыңа	барушысына
Өткен шақтық	барғаныма	барғаныңа	барғанына
Ұйғарынды	баратыныма	баратыныңа	баратынына
Табыс жалғау:			
Осы шақтық	барушымды	барушыңды	барушысын
Өткен шақтық	барғанымды	барғаныңды	барғанын
Ұйғарынды	баратынымды	баратыныңды	баратынын
Жатыс жалғау:			
Осы шақтық	барушымда	барушыңда	барушысында
Өткен шақтық	барғанымда	барғаныңда	барғанында
Ұйғарынды	баратынымда	баратыныңда	баратынында
Шығыс жалғау:			
Осы шақтық	барушымнан	барушыңнан	барушысынан
Өткен шақтық	барғанымнан	барғаныңнан	барғанынан
Ұйғарынды	баратынымнан	баратыныңнан	баратынынан

Көпше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Атау:			
Осы шақтық	барушыларым	барушыларың	барушылары
Өткен шақтық	барғандарым	барғаның	барғандары
Ұйғарынды	баратындарым	баратындарың	баратындары
Ілік жалғау:			
Осы шақтық	барушыларымның	барушыларыңның	барушыларының

Өткен шақтық	барғандарымның	барғандарыңның	барғандарының
Ұйғарынды	баратындарымның	баратындарыңның	баратындарының
Барыс жалғау:			
Осы шақтық	барушыларыма	барушыларыңа	барушыларына
Өткен шақтық	барғандарыма	барғандарыңа	барғандарына
Ұйғарынды	баратындарыма	баратындарыңа	баратындарына
Табыс жалғау:			
Осы шақтық	барушыларымды	барушыларыңды	барушыларын
Өткен шақтық	барғандарымды	барғандарыңды	барғандарын
Ұйғарынды	баратындарымды	баратындарыңды	баратындарын
Жатыс жалғау:			
Осы шақтық	барушыларымда	барушыларыңда	барушыларында
Өткен шақтық	барғандарымда	барғандарыңда	барғандарында
Ұйғарынды	баратындарымда	баратындарыңда	баратындарында
Шығыс жалғау:			
Осы шақтық	барушыларымнан	барушыларыңнан	барушыларынан
Өткен шақтық	барғандарымнан	барғандарыңнан	барғандарынан
Ұйғарынды	баратындарымнан	баратындарыңнан	баратындарынан

Дағдыландыру. Осы үлгі бойынша басқа сөздерді де есімше түрінде алып, оңаша тәуелдік қалыпта жалғаулату.

Ортақ тәуелділік

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Атау:			
Осы шақтық	барушымыз	барушыңыз	барушысы
Өткен шақтық	барғанымыз	барғаныңыз	барғаны
Ұйғарынды	баратынымыз	баратыныңыз	баратыны
Ілік жалғау:			
Осы шақтық	барушымыздың	барушыңыздың	барушысының
Өткен шақтық	барғанымыздың	барғаныңыздың	барғанының
Ұйғарынды	баратынымыздың	баратыныңыздың	баратынының
Барыс жалғау:			
Осы шақтық	барушымызға	барушыңызға	барушысына
Өткен шақтық	барғанымызға	барғаныңызға	барғанына
Ұйғарынды	баратынымызға	баратыныңызға	баратынына
Табыс жалғау:			
Осы шақтық	барушымызды	барушыңызды	барушысын
Өткен шақтық	барғанымызды	барғаныңызды	барғанын

Ұйғарынды	баратынымызды	баратыныңызды	баратынын
Жатыс жалғау:			
Осы шақтық	барушымызда	барушыңызда	барушысында
Өткен шақтық	барғанымызда	барғаныңызда	барғанында
Ұйғарынды	баратынымызда	баратыныңызда	баратынында
Шығыс жалғау:			
Осы шақтық	барушымыздан	барушыңыздан	барушысынан
Өткен шақтық	барғанымыздан	барғаныңыздан	барғанынан
Ұйғарынды	баратынымыздан	баратыныңыздан	баратынынан

Көпше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Атау:			
Осы шақтық	барушыларымыз	барушыларыңыз	барушылары
Өткен шақтық	барғандарымыз	барғандарыңыз	барғандары
Ұйғарынды	баратындарымыз	баратындарыңыз	баратындары
Ілік жалғау:			
Осы шақтық	барушыларымыз	барушыларыңыздың	барушыларының
Өткен шақтық	барғандарымыз	барғандарыңыздың	барғандарының
Ұйғарынды	баратындарымыз	баратындарыңыздың	баратындарының
Барыс жалғау:			
Осы шақтық	барушыларымызға	барушыларыңызға	барушыларына
Өткен шақтық	барғандарымызға	барғандарыңызға	барғандарына
Ұйғарынды	баратындарымызға	баратындарыңызға	баратындарына
Табыс жалғау:			
Осы шақтық	барушыларымызды	барушыларыңызды	барушыларын
Өткен шақтық	барғандарымызды	барғандарыңызды	барғандарын
Ұйғарынды	баратындарымызды	баратындарыңызды	баратындарын
Жатыс жалғау:			
Осы шақтық	барушыларымызда	барушыларыңызда	барушыларында
Өткен шақтық	барғандарымызда	барғандарыңызда	барғандарында
Ұйғарынды	баратындарымызда	баратындарыңызда	баратындарында
Шығыс жалғау:			
Осы шақтың	барушыларымыздан	барушыларыңыздан	барушыларынан
Өткен шақтық	барғандарымыздан	барғандарыңыздан	барғандарынан
Ұйғарынды	баратындарымыз	баратындарыңыздан	баратындарынан

Дағдыландыру. Басқа сөздерді алып, осы үлгі бойынша есімше түрінде ортақ тәуелдік қалыпта жалғаулату.

Жіктеу (жай түрде)

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Осы шақтық	барушымын	барушысын	барушы
Өткен шақтық	барғанымын	барғансын	барғаныды
Ұйғарынды	баратынымын	баратынсын	баратынды
Көпше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Осы шақтық	барушымыз	барушысыңдар	барушы
Өткен шақтық	барғанбыз	барғансыңдар	барғанды
Ұйғарынды	баратынбыз	баратынсыңдар	баратынды

Дағдыландыру. Басқа сөздерді есімше түрінде алып, осы үлгі бойынша жіктету.

Жіктеу (қосар түрде)

Жекеше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Осы шақтық	барушы едім	барушы едің	барушы еді
Өткен шақтық	барған едім	барған едің	барған еді
Ұйғарынды	баратын едім	баратын едің	баратын еді.
Көпше:	1-ші жақ	2-ші жақ	3-ші жақ
Осы шақтық	барушы едік	барушы едіңдер	барушы еді
Өткен шақтық	барған едік	барған едіңдер	барған еді
Ұйғарынды	баратын едік	баратын едіңдер	баратын еді

Дағдыландыру. Басқа сөздерді есімше түрінде алып, осы үлгі бойынша жіктету.

Ескерту. Есімшеге «еді» қосылып айтылса, бұрынғы істі көрсетеді. Сондықтан ол түрін «бұрынғылық» дейміз, есімшеге «екен» қосылып айтылса, баяғы істі көрсетеді: сондықтан бұл түрін «баяғылық» дейміз. Мәселен, барушы едім, барушы едің, барушы еді – бұлар бұрынғылық. Барған екенмін, барған екенсің, барған екен – бұлар баяғылық.

Етістіктен туған сөздер

Етістіктің түпкі түрі сабақты һәм салтаң етіс. Осы екі етістің түбіріне түрлі жұрнақтар жалғанып, түрлі сөздер туады. Етіс жұрнақтар: 1) Бір етістен екінші етістік сөздер туғызады. 2) Етістерден сөздер туғызады. Сабақты етіс пен салтаң етістен басқалары туынды етіс.

Туынды етістердегі жұрнақтар:

- 1) «-с» жұрнақ (ұр – ұрыс, күре – күрес, соқ – соғыс)
- 2) «-н» жұрнақ (жу – жуан, тара – таран, бақ – бағын)
- 3) «-дыр» (-тыр) жұрнақ (қаз – қаздыр, қал – қалдыр, айт – айттыр)
- 4) «-қыз» (-ғыз, -кіз, -гіз) жұрнақ (жатқыз, барғыз, жеткіз, бергіз)
- 5) «-л» жұрнақ (ас – асыл, жек – жегіл)
- 6) «-т» жұрнақ (құла – құлат, ер – ерт, құры – құрт).
- 7) «-тыр» жұрнақ (құла – құлаттыр, сұра – сұраттыр, күре – күреттір).
- 8) «-стыр» (ұр – ұрыстыр, соқ – соғыстыр, күре – күрестір).
- 9) «-қыла» (-ғыла, -кіле, -гіле) жұрнақ (шап – шапқыла, жу – жуғыла, кес – кескіле, тіл – тілгіле).
- 10) «-ыңқыра» (-іңкіре) жұрнақ (ал – алыңқыра, барыңқыра, беріңкіре, жүріңкіре). Бұлар етіс жұрнақтары деп аталады.

Етістіктен туатын басқа сөздердегі жұрнақтар:

1) «-у», «-м», «-с», «-ш» жұрнақтар етістік түбіріне жалғанып, сол етістік көрсететін ісін атайды. Мәселен, сұра – сұрау, сау – сауу, айт – айту, оқы – оқу, ал – алым, біл – білім, өл – өлім, ас – асым, сау – сауым, бар – барыс, жүр – жүріс, қу – қуыс, қара – қарас, қуан – қуаныш.

Дағдыландыру. Тұр, қос, қой, саба, сана, бу уа ғайри сондай етістік түбірлерін алып, «у», «м», «а», «й» жұрнақтарын жалғату.

2) «-ымсақ» (-імсек), «-аған» (-еген), «-шақ» (-шек), «-қақ» (-ғақ) жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғанып, сол етістік көрсететін істі істеуге заттың сүйегіне біткен мінезін атайды. Мәселен, ал – алымсақ, кел – келімсек, қаш – қашаған, көр – көреген, ұрын – ұрыншақ, ерін – еріншек, ұрыс – ұрысқақ, сын – сынғақ.

Дағдыландыру. Жара, бер, қап, кет, теп, ұмыт, жирен, теріс – оң уа ғайри сондай етістік түбірлерін алып, әлгі жұрнақтарды жалғату.

3) «-қыш» (-ғыш, -кіш, -гіш) «-қыр» (-ғыр, -кір, -гір) жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғанып, сол етістік көрсететін істі істеуге жанды нәрсе болса, ұсталығын, икемділігін атайды, жансыз нәрсе болса, сол іске қолайлы, жақсылығын атайды, яки әншейін сол іске құрал нәрселігін атайды. Мәселен, жанды нәрселер туралы: айт – айтқыш, сой – сойғыш, кес – кескіш, көр – көргіш, тап – тапқыр, ал – алғыр, үш – үшкір, біл – білгір. Жансыз нәрселер туралы: ақ – аққыш, жан – жанғыш, өс – өскіш, сын – сынғыш, тұт – тұтқыр, өт – өткір, бас – басқыш, сыпыр – сыпырғыш, сұрт – сұрткіш, кер – кергіш.

Дағдыландыру. Ат, сау, қыс, ұт, күл, жау, тұт, өң, көн, тес уа ғайри сондай етістік түбірлерін алып, әлгі жұрнақтарды жалғату.

4) «-уыш», «-гі», «-қ» (-к) жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғанып, сол етістік көрсететін іске құралдығын атайды. Мәселен, ора – орауыш, бұр – бұрғы, сүз – сүзгі, тара – тарақ, төсе – төсек.

Дағдыландыру. Тырна, қыр, тая, ес уа ғайри сондай етістік түбірлерін алып, әлгі жұрнақтарды жалғату.

Ескерту. «-қ» (-к) жұрнақ басқа мағынада да жалғанады, мәселен, аш – ашық, тес – тесік, ұш – ұшық, кет – кетік уа ғайри сондай.

5) «-қын» (-ғын), «-ма» (-ба, -ме, -бе), «-мал», «-мақыл» (-бақыл, -мекіл, -бекіл) жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғанып, сол етістік көрсететін істің түрін атайды, тас – тасқын, қыр – қырғын, сал – салма, тарт – тартпа, өр – өрме, кес – кеспе, тасы – тасымал, айны – айнымал, таста – тастамақыл, ат – атпақыл, шерт – шертпекіл, иір – иірмекіл.

Дағдыландыру. Қаш, шал, сана, орама, бас, тер, сез уа ғайри сондай етістік түбірлерін алып, әлгі жұрнақтарды жалғату.

6) «-ақ» (-ек), «-н» жұрнақтар етістік түбірлеріне жалғанып, сол етістік көрсететін істерден өнген затты атайды, мәселен, қаш – қашақ, кес – кесек, шап – шабын, ек – егін.

Дағдыландыру. Қос, қон, жат, бөл, ақ, жек, шық уа ғайри сондай етістік түбірлерін алып, жалғату.

7) «-лық» (-лік) жұрнақ етістіктің келер шақ түріне жалғанып, сол етістік көрсететін істі істеуге тұрарлық күйін атайды. Мәселен, барар – барарлық, көрер – көрерлік.

Дағдыландыру. Келер шақ түрдегі етістіктерді алып, «-лық» (-лік) жұрнағын жалғату.

8) «-уыл» (-уіл) жұрнақ етістікке жалғанып, сол етістік көрсететін істі істеушіні атайды. Мәселен, жаса – жасауыл, жорт – жортуыл, бөге – бөгеуіл.

Сол мағынада етістіктің келер шақ түріне «-ман» (-мен) жұрнақ жалғанады. Мәселен, алар – аларман, берер – берермен.

Дағдыландыру. Етістіктің түбірлерін һәм келер шақ түрлерін алып, «-уыл» (-уіл) һәм «-ман» (-мен) жұрнақтарды жалғату.

Үстеу

Үстеу дейміз – сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздерді толықтыру, күшейту үшін айтылатын сөздерді. Мәселен, «тым жақсы», «он есе», «тап өзі», «әрең келдім» уа ғайри сондай.

«Қалай?» - «тым жақсы», «қанша?» - «он есе», «қайсысы?» - «тап өзі», «қайттың?» - «әрең келдім».

Қазақ тілінде түпкі үстеу сөздер, тіпті аз. Көбінесе, үстеу мағынасында басқа есімдерден, есімдіктен, етістіктен шыққан сөздер жүреді. Әуелі түпкі үстеу сөздерді алып қарайық:

Сан есім һәм есімді күшейтуші үстеулерді жай – үстеу дейміз, олар мынау: әбден, тым, тіпті, хас, сірә, есе, тап, нағыз, нақ, әрең, дәл, дөп, дейім, әрі, бері, әбден, бұрын, енді, мана, әні, міне, ең, ылғи, таман, сайын, әлі, жория, жорта, дік.

Дағдыландыру. Осы үстеулерге жалғас айтарлық сан есім, сын есім, есімдік, етістік сөздер тапқызып, айтқызу.

Үстеу бес түрлі: 1) Нықтаулық. 2) Сынаулық. 3) Өлшеулік. 4) Мезгілдік. 5) Мекендік.

Нықтаулық үстеу

Нықтаулық үстеу дейміз – басқа сөздердің мағынасын нағыздау үшін айтылатын сөздерді. Мәселен, ең жақсы, бек нашар, әбден қанды, тым шабан, өте тығыз, тіпті қысқа, тап өзі, нақ сол, нағыз арзан, дәл тиді, дөп келді, дәлме-дәл он кісі, хас жаман, қасақана айтты, әдейі айтпады, жүдә шаршады, тікелей қоя берді, әсіресе мақтағаны. Көбінесе қарап отырғаны. Осындағы ірі харіптермен жазылған сөздер нықтаулық үстеу болады. Бұлардан басқа да сөздердің мағынасын күшейтетін, нықтайтын сөздер нықтаулық үстеу болады.

Дағдыландыру. Осындағы нықтаулық үстеулердің қасындағы сөздердің орнына лайық басқа сөздерді қойғызып айтқызу һәм жазғызу.

Сынаулық үстеу

Сынаулық үстеу дейміз – істің сынын көрсететін сөздерді. Сынаулық үстеу болатын – зат есім, сын есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың үстеу екен – еместігін сұраудан айырамыз. Сынаулық үстеу сұрауы: қалай? қалайша? Осы сұрауға жауап болмаған сөз үстеу болмайды.

Жақсы оқиды, жаман жазады, сыбай қонады, жаяу жүреді дегенде, ірі жазылған сөздер қалай? деп сұрағанға жауап болып тұр (оқиды қалай? – жақсы, жазады қалай? – жаман, қонады қалай? – сыбай, жүреді қалай? – жаяу). Бұлар үстеу орнына жүретін сын есімдері.

Шалқасынан түсті, етбетінен құлады, орысша айтуы, адамша сөйледі дегенде ірі жазылған сөздер қалай? деп сұрағанға жауап болып тұр (түсті

қалай? – шалқасынан, құлады қалай? – етбетінен, сөйледі қалай? – адамша). Бұлар үстеу орнына жүретін зат есімдер.

Екі – екіден бөлді, үш – үштен алды, төрт – төрттен қойды, он – оннан санады, жиырмадан үлестірді дегенде ірі жазылған сөздер қалай? деп сұрағанға жауап болып тұр (бөлді қалай? – екі - екіден, алды қалай? – үш - үштен, қойды қалай? – төрт – төрттен, санады қалай? – он – оннан, үлестірді қалай? - жиырмадан). Бұлар үстеу орнына жүретін сан есімдер.

Олай айтпады, солай сөйледі, бұлайша етпелік, сеніңше болсын, біздерше ойламапты дегенде ірі жазылған сөздер қалай? қалайша? деп сұрағанға жауап болып тұр (Айтпады қалай? – олай, сөйледі қалай? – солай, етпелік қалайша? – бұлайша, болсын қалайша? – сеніңше, ойламапты қалайша? - біздерше). Бұлар үстеу орнына жүретін есімдіктер.

Саулап жанды, жантайып жатты, еңкейіп қарады, еңіреп жылады дегенде ірі жазылған сөздер қалай? деп сұрағанға жауап болып тұр (жанды қалай? – саулап, жатты қалай? – жантайып, қарады қалай? – еңкейіп, жылады қалай? – еңіреп). Бұлар үстеу орнына жүретін етістіктің көсемше түрлері.

Дағдыландыру. Мұндағы көрсетілгеннен басқа сынаулық үстеу орнына жүретін атаушы сөздер тапқызып жаздыру.

Өлшеулік үстеу

Өлшеулік үстеу дейміз – сынның я істің шамасын көрсететін сөздерді. Өлшеулік үстеу болатын зат есім, сын есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың да үстеу екен – еместігін сұраудан айырамыз. Өлшеулік үстеу сұраулары: қанша? неше есе? Осы сұрауға жауап болмаған сөз өлшеулік үстеу болмайды.

Түске шейін ұйықтады, кешке дейін жатты, ауылға шейін қуды дейміз. «Түске шейін», «кешке дейін», «ауылға шейін» деген сөздер қанша? деп сұрағанға жауап болады, (ұйықтады қанша? – түске шейін, жатты қанша? – кешке дейін, қуды қанша? – ауылға шейін). Бұлар үстеу орнындағы зат есім сөздер.

Аз берді, көп алды дейміз. «Аз», «көп» деген сөздер қанша? деп сұрағанға жауап болады, (берді қанша? – аз, алды қанша? – көп). Бұлар үстеу орнындағы сын есім сөздер.

Екі есе артық, бес есе кем дейміз. «Екі есе», «бес есе» деген сөздер неше есе? деп сұрағанға жауап болады, (артық неше есе? – екі есе, кем неше есе? – бес есе). Бұлар үстеу орнындағы сан есім сөздер.

Сонша әдемі, мұнша кешікті, онша шапшаң емес дейміз. «Сонша», «мұнша», «онша» деген сөздер қанша? деп сұрағанға жауап болады,

(қанша әдемі? – сонша әдемі, кешікті қанша? – мұнша кешікті, шапшаң емес қанша? – онша). Бұлар үстеу орнындағы есімдіктер.

Тойғанша жеді, қанғанша ішті, жеткенше шапты дейміз. «Тойғанша», «қанғанша», «жеткенше» деген сөздер қанша? деп сұрағанға жауап болады, (қанша жеді? – тойғанша, ішті қанша? – қанғанша, шапты қанша? – жеткенше). Бұлар үстеу орнындағы етістік сөздер.

Дағдыландыру. Мұндағы көрсетілгеннен басқа өлшеулік үстеу орнына жүретін сөздер тапқызып жаздырту.

Мезгілдік үстеу

Мезгілдік үстеу дейміз - істің мезгілін көрсететін сөздерді. Мезгілдік үстеу болатын зат есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың үстеу екен – емесін сұраудан айырамыз. Мезгілдік үстеу сұраулары: қашан? қашаннан? Бұл сұрауларға жауап болмаған сөз мезгілдік үстеу болмайды.

Атам заманнан солай, күн сайын толады дейміз. «Атам заманнан», «күн сайын» деген сөздер қашаннан? қашан? деп сұрағанға жауап болады, (қашаннан солай? – атам заманнан, қашан толады? – күн сайын). Бұлар үстеу орнындағы зат есім сөздер.

Мұнан басқа туынды һәм түпкі үстеулер бар. Мәселен, бүгін, кеше, ертең, биыл, бүрсі күн (бұрнағы күн), бұрнағы жыл, алдыңғы күн, алдыңғы жыл, соңыра, қашаннан, ілезде (бұлар туынды үстеу), бұрын, мана, әлі, тағы, дәйім, дереу (бұлар түпкі мезгілдік үстеулер).

Дағдыландыру. Мұндағы көрсетілгеннен басқа мезгілдік үстеу орнына жүретін атауыш сөздер тапқызып жаздырту.

Мекендік үстеу

Мекендік үстеу дейміз – істің мекенін көрсететін сөздерді. Мекендік үстеу болатын зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік сөздер. Бұлардың мекендік үстеу екен-емесін сұраудан айырамыз. Мекендік үстеу сұраулары: қайда? қайдан? Бұл сұрауларға жауап болмаған сөздер мекендік үстеу болмайды.

Тыста жатыр, қалаға барды, жайлаудан қайтты дейміз. «тыста», «қалаға», «жайлаудан» деген сөздер қайда? Қайдан? деп сұрағанға жауап болады (жатыр қайда? – тыста, барды қайда? – қалаға, айтты қайдан? – жайлаудан). Бұлар үстеу орнындағы зат есім сөздер.

Онда бармады, мұнда келді дейміз. «Онда», «мұнда» деген сөздер қайда? қайдан? деп сұрағанға жауап болады (бармады қайда? – онда, келді қайда? – мұнда).

Бұлар үстеу орнына жүретін атауыш сөздер тапқызып, жаздырту.

Демеу

Демеу дейміз – сөздің я сөйлемдердің арасын үйлестіруге демеу болатын сөздерді. Қазақ тілінде түбір демеу сөздер, тіпті жоқ қасында. Мәселен: Сұрау демеу: ма, ба, ме, бе, да; Жай демеу: ғой, ақ, әше, бәсе, әлде, та, тағы, бәлкім. Көбінесе демеу орнына басқа сөздер жүреді. Басқа сөздер дегенде демеу орнына есімдік пен етістік екеуінің біте қайнаған сияқты қосылған түрлері әсіресе көп жүреді. Мысал: үйткені, (олай еткені дегеннен қысқарған), үйтпесе (олай етпесе), үйткенде (олай еткенде), үйтпесіне (олай етпесіне), үйткенше (олай еткенше), сүйтіп (солай етіп), сүйтседе (солай етседе), сүйткенде (солай еткенде), сүйткен сайын (солай еткен сайын), қайткенде (қалай еткенде), қайткенде де (қалай еткенде де), әйтпесе (алай етпесе), немесе (не емес болса), әйтсе де (алай етсе де).

Бұлардан басқа демеу орнында толық күйінде айтылмаған етістік, һәм басқа сөздер де бар. Мәселен: олай болса, олай болғанда, солай болған соң, болмаса, қайта, неғұрлым, соғұрлым, неге десем уа ғайри сондай сөздер.

Демеу орнына «мен» (бен) жалғаулық та жүреді.

Басқа жұрнақ демеу сөздерінен қазаққа кіріп, сіңіскен: һәм, я, яки, егер, уа. Сұрау демеуден басқалары өзге сөзге қосылмай жазылады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің арасындағы демеу сөздерді тапқызу.

Бара ма, бармай ма – белгісіз. Барамыз ғой, барған соң, көреміз ғой. Соның айтқаны-ақ болсыншы. Сен келмейді екенсің, әже мен барайын. Бәсе, солай болса керек. Әлде сен оқымадың ба? Мен бара алмасам, бәлкім өзің келерсің. Түріне қарағанда малы жоқтай ғой. Ол кешке келетін шығар, үйткені жылқыны да көре қайтатын шығар. Жайлауға көшетін болдық, үйтпесе малы тұратын емес. Қонақ келіп шыға алмадым, әйтпесе мана келетін едім. Су өткел бермес, үйткенде не қылмақпыз? Ағын бөгетті бұза беретін, үйтпесіне амал табу керек. Кеш барсақ, кеш келеді екенбіз, үйткенше ерте барып, ерте келейік. Түлкі талай жалтарып, айлады, сүйткенде тазы қоймайды. Ол мені көп алдағаны бар, сүйткен үшін сенбеймін. Қайткенде жақсы болар екен? – қайткенде де жақсы болмас. Ол өзі барар, үйтпесе сен бар. Жүре тұрсын, немесе күте тұрсын. Әйтсе де болады екен. Үйтпесіне қоймады.

Жалғаулықтар

Жалғаулық дейміз – жалғау орнына жүріп, жалғау сияқты басқа сөздердің шылауында тұрмаса, өз алдына мағына шықпайтын сөздерді. Жалғаулық сөздер қазақ тілінде аз. Болғаны мынау-ақ: менен (бенен, мен, бен), үшін, шейін, дейін, таман, сайын, гөрі, арқылы, тақырыпты, туралы.

Көбінесе, жалғаулықтар орнына басқа сөздер жүреді. Мәселен, әрі, бері, соң, бойы, бойын, бөтен, басқа, өзге, орнына, басына, қасына, жанына, қасында уа ғайри сондай сөздер.

Ескерту. Шейін, дейін жалғаулықтар барыс жалғаудан соң қойылады, гөрі жалғаулық шығыс жалғаудан соң қойылады, басқалары жалғаусыз түрінің соңынан қойылады. Жалғаулық орнына жүретін сөздердің: әрі, бері, соң, бөтен, басқа, өзге дегендері шығыс жалғаудан соң қойылады, бой, бойын дегендер табыс жалғаудан соң я тікелей жалғаусыз түрінен соң қойылады, басқалары ілік жалғаудан соң я, тіпті жалғаусыз түрінен соң қойылады.

Дағдыландыру. Төмендегі сөздердің соңынан жалғаулықтарды я жалғаулықтар орнына жүретін сөздерді қойып жаздырту.

Құдай, аллаһ, әулие, періште, пайғамбар, ұжмақ, тамұқ, кісі, адам, жан, дене, бас, шаш, маңдай, ми, желке, бет, жүз, көз, қарашық, көз-қабақ, кіпік, құлақ, жас, қас, мұрын, жел-безек, ауыз, ерін, тіл, тіс, таңдай, азу, ақыл азу, түп азу, самай, иек, жақ, сақал, мұрт, ата, миық, езу, мойын, кеуде, көкірек, омырау, өкпе, бауыр, жүрек, қолқа, өт, ұйқы, қарын, жұлын, тамыр, қара тамыр, күре тамыр, бауыр, ішек қарын, ішек бүйен, ұлтабар, қатпаршақ, тақия қарын, таз қарын, шандыр, шажыр қай, талақ, кіндік, құрсақ, қол, аяқ, арқа, жаурын, білек, йық, иін, қар, шынтақ, саусақ, шеміршек, сіңір, сүйек, жілік, жамбас, балтыр, тізе, сан, қоң, таң, борбай, бақай, өкше, тобық, топай, асық, мойын омыртқа, арқа омыртқа (қара омыртқа), бел омыртқа, құйымшақ, кеңірдек, көмек, жұтқыншақ, бүйрек, алақан, бармақ, тырнақ.

Одағай

Одағай дейміз – одағайланып, оңаша айтылатан сөздерді. Одағай сөздер қазақ тілінде көп. Барша шапшаң болған істі көрсету үшін айтылатын, барша жекіру, ақыру, тыйу, қайыру, тоқтату, басу, жұбату үшін айтылатын барша қуаныш, реніш, кейістік, уайым, қайғы, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, шошығанда, таңданғанда, тамсанғанда, жан я тән күйзелгенде, қиналғанда, я рахаттанғанда

айтылатын сөздер һәм шығатын дыбыстар – бәрі одағай болады. Солай болған соң да одағай бірнеше топқа бөлінеді.

1) Ілезік одағай: лап, шап, жұлт, жалт, зып, сып, дік, күмп, дүрс, күрс, мырс, қалт, бырт, кірт, кілт, тырс, шақ, тақ, шық, зырқ, дүңк, асп, қып, жып уа ғайри сондай сөздер (лап етіп, шап етіп дегендегі сияқты).

2) Еліктеу одағай: шыр-шыр! быр-быр! сықыр-сықыр! күлдір-күлдір! былдыр-былдыр! дыбыр-дыбыр! қарқ-қарқ! қаңқ-қаңқ! сүңк-сүңк! шық-шық, маңқ-маңқ! күмп-күмп! дүңк-дүңк! пыс-пыс! уа ғайри сондай сөздер.

3) Шақырыс одағай, адамды шақырғанда әй! «аттан!» һәм ұран сөздер, һәр жүздің, һәр рудың, һәр атаның шақыратын өз ұрандары болғандықтан, қазақ ұран сөздері басқа-басқа. Бірақ қазақ біткеннің бәріне бірдей жалпы ұраны «алаш!». Малды шақырғанда түйеге күс-күс!, жылқыға: құру-құру!, сырға: ау-қау!, қойға: пышайт-пышайт!, ешкіге: шөре-шөре!, итті шақырғанда: ка-ка!, көйт-көйт!, құсты шақырғанда: қайт-кел!, мысықты шақырғанда: мыс-мыс!

Суға шақырғанда, түйеге: сорап-сорап, жылқыға ысқырғылайды, сиырға: шәум-шәум!, қойға һәм ешкіге: құрай-құрай!, итке: күш-күш!, мысыққа міш-міш!

Жекіргенде адамға: тек! тәйт! қой!, түйеге: шөк, жылқыға: құрр! құрр! сиырға: өк! өк!, қойға: шәйт! шәйт!, итке: кет!, мысыққа: бырс!

Мейіріммен я жұмсақ раймен айтқанда, адамға: қарағым! өкпем! сәулем! жаным! жүгерім! қалқам! қарашығым! айналайын! садаған кетейін! құрбандығың болайын! Мал турасында түйеге: шөк, жануар, шөк!, жылқыға: құр, жануар, құр!, сырға: әукім, әукім!, қойға: қош, жануар!, итке: күшім! күшім!, мысыққа: мышым, мышым!, күйзелгенде: ух!, ах!, ай (жаным-ай), қуанғанда: алақай!, қойшы!, жақтырмағанда: апырым-ау! жаным-ау! жарықтық-ау! шіркін-ау! отағасы-ау! ойбай-ау! күйінгенде: апырым-ай! құдай-ай! ойбай-ай!, сыйынғанда: а, құдай! а, аруақ! а, бабам пәленше! я құдай! я аруақ! я, бабам пәленше (тілегенде де осы сөздер айтылады), қорыққанда: ойбай! аллаһ!, таңырқағанда: пай-пай! апырым-ай! ах! шіркін-ай! ах!, өкінгенде: қап! ах!, қайғынғанда: ух!, опық жегенде: әттегене-ай! (әттең ғана-ай); кіжінгенде: әттең! әттең ғана!, ұнатқанда: әйа!, қостағанда: ой, пәлі!, сүйінгенде: бәрекелде (бәраһ аллаһ)! жарайды!, алғыс бергенде: көп жаса! жасың ұзақ болсын!, әйел сәлем еткенде: көп жаса! ұл тап!, қарғағанда: құдай ұрсын! аруақ атсын! ант соқсын!, сөйлес қылғанда: үйде кім-ау! Сөйлеселік-ау!, көрмей сұрағанда: Бұ қайсың-ай!, бала тербеткенде: әлди! Әлди!, жетелегенде: ал! Қанекей!

Одағайдан туған сөздер

Одағайдан екі түрлі сөз туады. Басқа сөздер одағайдан көмекші етістік һәм жұрнақ арқылы туады; Етістік арқылы, мәселен, лап ету, шап ету, жалт ету, жылт ету, зып ету, сып ету, дік ету, күмп ету, дүрс ету, мырс ету, қылт ету, барт ету, кірт ету, кілт ету, тырс ету, шақ ету, тақ ету, шық ету, зырқ ету, дүк ету, сап ету, қып ету, жып ету.

Жұрнақ арқылы мәселен: лапылдау, шапылдау, жылтылдау, зыпылдау, сыпылдау, дікілдеу, күмпілдеу, дүрсілдеу, күрсілдеу, мырсылдау, тырсылдау, шықылдау, тақылдау, шиқылдау, қыпылдау, жылпылдау.

Еліктеу одағайдан да осылайша етістік һәм жұрнақ арқылы туады; Етістік арқылы, мәселен: шыр-шыр ету, быр-быр ету, сықыр-сықыр ету, сылдыр-сылдыр ету, күлдір-күлдір ету, былдыр-былдыр ету, дыбыр-дыбыр ету, қарқ-қарқ ету, қаңқ-қаңқ ету, сұңқ-сұңқ ету, шық-шық ету, маңқ-маңқ ету, күмп-күмп ету, дүңк-дүңк ету, пыс-пыс ету.

Жұрнақ арқылы, мәселен: шырылдау, бырылдау, сыпырлау, салдырлау, күлдірлеу, қаңқылдау, сұңқылдау, шықылдау, маңқылдау, күмпілдеу, дүңкілдеу, пысылдау.

Шақырыс одағайлардан жұрнақ арқылы ғана туады. Мәселен: аттандау, алаштау, көс-көстеу, құрулау, ауқаулау, бышайттау, шөре-шөрелер, көйт-көйттеу, қайткелдеу, мысмыстау, сораптау, шәйімдеу, құрайлау, күш-күштеу, мыш-мыштау.

Мұнан басқа одағайлардан туатын сөздер: апырымдау, ойбайлау, ахылау, ухілеу, әлдилеу, уа ғайри сондайлар.

Тіл – құрал

(Сөйлем жүйесі мен түрлері)

Үшінші тіл танытқыш кітап
Қызылорда – 1925

Сөйлем жүйесі

Сөйлем дегеніміз – сөздің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлеген де, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиындастырады. Қыры келетін сөздер, тұрған күйінде алса да, қиындаса қалады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп қиюын келтіреміз.

Қыры келетін, келмейтін сөздерді мысалмен көрсетейік: «қыс қатты, қар қалың, күн суық» дегенде үш сөйлем бар. Үшеуінің де ішіндегі сөздер өзгерілместен алынған, жана өзгерілмей-ақ қырлары келіп қиындасып тұр. Енді басқа сөйлемдерді алып қарайық: «Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада». Мұнда да үш сөйлем. Үшеуінің де ішіндегі сөздер өзгерілмей алынған бір сөз жоқ – бәрі де өзгеріліп тұр. Қырларын келтіріп, қиындастыру үшін өзгертпей, тұрған-тұрған түпкілікті күйінде алсақ, қырлары жанаспайды, біріне-бірі қиыспайды. Қырларын өзгертпей алып қарайық, не болып шығар екен: «Ел, мал, дала, біткен, жан, жала, көп, жат, қала» - осы сөздерден «елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада» деген ойларды ұғуға болар ма? – Әрине, болмайды.

Сондықтан, ауызша шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны - сөздердің басы мағаналы болып құралуы (қысқа айтқанда, сөйлемнің мағанасы). Олай болмаса, құр сөздердің басын құрап айтқанмен, сөйлем болмайды. Сөйлем ішіндегі сөздердің басын түсінікті етіп құрастыру, сөйлемдерді түсінікті етіп жасау туралы сөз табиғатынан шыққан түрлі заңдар, тәртіптер бар – қысқасынан айтқанда, өз алдына білерлік толып жатқан білімдер бар.

Ол білімдер сөйлем жүйесі деп аталады. Сөйлем жүйесі екіге бөлінеді; бірі – сөйлем ішіндегі сөздер тұрасындағы білім. Сөйлем ішіндегі сөздер сөйлем мүшелері деп аталады.

Сөйлем мүшелері

Сөйлем мүшелері тұрлаулы, тұрлаусыз болып екіге бөлінеді. Тұрлаулы мүше болады сөйлем болған жерде қалмай айтылатын сөздер немесе, қалса да қалғандығы сезіліп тұратын сөздер. Мәселен, «асыл тастан, ақыл жастан» я болмаса «баланы жастан, қатынды бастан» дегенде: бірінші мысалда «шығады» деген сөз, екінші мысалда «үйрет» я «үйрету» деген сөз қалып тұрғандығы сезіліп тұр. Не болмаса, «жығылған адам күреске тоймас», «аузы күйген адам үріп ішер».

Осындай сөйлем ішінде бірде болып, бірде болмайтын сөздер немесе, керек болған жерде айтылып, керек болмаған орында айтылмай қалып отырған сөздер, жана да, қалған жерде қалғандығы ашық сезілмейтін сөздер тұрлаусыз мүше деп аталады. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері екеу: 1) Бас мүше. 2) Баяншы мүше.

Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін. Ол қазық сөз болатын қандай сөз? Сөйлегенде бір нәрсе туралы сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын сөйлейміз. Сөйлем ішінде сол нәрсенің атын көрсететін сөз бас мүше болады. Ол нәрсенің сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын айтып баяндайтын сөз баяншы мүше болады.

Бұлар бас мүше мен баяншы мүшенің ішкі белгілері. Бұлардан басқа тысқы белгілері бар.

Бас мүшенің тысқы белгілері «кім?» «не?» деген сұрауларға жауап беру. Баяншы мүшенің тысқы белгілері, негізі «не етпек?», «не қылмақ?», «қайтпек?», «не болмақ?», «нешік?», «немене?», «қалай?», «кімдікі?», «қайсы?», «ненікі?» деген сұрауларға жауап беру.

Жеңілдік үшін бас мүше – бастауыш деп, баяншы – баяндауыш деп аталады. Мұнан бұлай жеңілдік үшін бас мүше, баяншы мүше деп жатпай, бастауыш, баяндауыш деп қысқа түрлерін тұтынамыз.

Бірнеше сөйлемдерді мысалға алып, бастауыш пен баяндауыш қалай табылатынын көрейік.

Бастауыш Бастауыш болатын сөз таптары

Әуелі бастауыш болатын – атау тұлғасындағы зат есім. Мысалы: Бала ойнайды. Ат шабады. От жанады. Бұл сөйлемдердің ішінде бастауыш қай сөз екенін әуелі ішкі белгісімен тауып қарайық. Олай табу үшін мысалға алынған әрқасысысында не туралы сөйленіп тұрғанын ашу керек.

1-інші сөйлем: Бала ойнайды. Мұнда кім турасынан сөйленіп тұр? – Бала турасынан.

2-інші сөйлем. Ат шабады. Мұнда не турасынан сөйленіп тұр? – Ат турасынан.

3-інші сөйлем: От жанады. Мұнда не турасынан сөйленіп тұр? – От турасынан.

Сүйтіп, бұл сөйлемдерде бала, ат, от турасынан сөйленген болып шықты. Олай болса, бұл сөздерде бастауыштың ішкі белгілері бар, сондықтан бұлар бастауыш болуға тиіс.

Енді тысқы белгілерімен тауып қаралық. Олай табу үшін «кім?», «не?» деп сұрау салу керек. Сол сұрауға қай сөз жауап берсе, ашып айтқанда, қай сөз сұрауға жауап болып табылса, сол сөз бастауыш болмақ. 1-інші сөйлем: Бала ойнайды. Кім ойнайды? – Бала. 2-інші сөйлем: Ат шабады. Не шабады? – ат. 3-інші сөйлем: От жанады. Не жанады? – от. Сүйтіп, бұл сөйлемдерде «кім?», «не?» деген сұрауларға жауап берген сөздер: бала, ат, от болып шықты. Олай болса, бұл сөздерде бастауыштың тысқы белгілері бар болып табылды. Ішкі, тысқы екі белгісі де бар болған соң, бұл сөздер бастауыш болады.

Бала, ат, от – атау тұлғасындағы тұрған зат есімдер. Екінші, бастауыш болатын – атау тұлғасындағы сын есім. Мысалы: Көп қорқытады, терең батырады. Бұл сөйлемдерде сөйленіп, сөз болып отырған – көп пен терең. Солай болған соң ішкі белгісі бойынша бастауыш көп пен терең болуға тиіс. Тысқы белгісімен қарағанда, «кім қорқытады?» - көп, «не батырады?» - терең. Мұнда да «кім?», «не?» деген сұрауларға жауап беріп тұрған «көп» пен «терең» деген сөздер. Ішкі, тысқы белгісі бірден табылып тұрған соң, бұл сөздер бастауыш болады. «Көп», «терең» деген сөздер атау тұлғасында тұрған сын есімдер. Үшінші, бастауыш болатын атау тұлғалы сан есім, мысалы: Берерменге бесеу көп. Біреу тойып секіреді. Ішкі белгісі бойынша бастауыш бесеу, біреу болуға тиіс, өйткені 1-інші сөйлемде сөз болып отырған бесеу, 2-інші сөйлемде біреу деген сөздер.

Тысқы белгісімен іздесек: берерменге не көп? – бесеу, кім тойып секіреді? – біреу.

Бұл бастауыштың тысқы белгілері бесеу, біреу деген сөздерден табылған соң, бастауыш осылар болады.

Бесеу, біреу атау тұлғасында тұрған сан есімдер.

Төртінші, бастауыш болатын – атау тұлғалы есімдік.

Мысалы: Мен келдім, сен кеттің. Ол терең, бұл тайыз.

1-інші сөйлемде мен туралы, 2-інші сөйлем де бұл туралы сөйленіп тұр. Сондықтан, мен, сен, ол, бұл бастауыш болады. Бұл ішкі белгісі бойынша. Енді тысқы белгісімен қарайық: Кім келді? – мен, кім кетті? – сен, не терең? – ол, не тайыз? – бұл. «Кім?», «не?» деген сұрауларға жауап беріп тұрған сөздер – мен, сен, ол, бұл. Сондықтан бұл сөздер бастауыш болатыны даусыз.

Сүйтіп, мен, сен, ол, бұл деген сөздер ішкі белгісімен де бастауыш болып шығып тұр.

Бұл сөздер атау тұлғасында тұрған есімдіктер.

Бесінші, бастауыш болатын – етістіктің тұйық райы мен есімшеге айналған түрлері. Мысалы: Алыспақ жоқ, атыспақ бар. Оқу оңайланды. Жығылған күреске тоймас.

Мұнда сөз болып отырғандар: 1-інші сөйлемде алыспақ, 2-інші сөйлемде атыспақ, 3-інші сөйлемде оқу, 4-інші сөйлемде жығылған.

Ішкі белгісінше алыспақ, атыспақ, оқу, жығылған бастауыш болады (солар туралы сөйлеп отырмыз). Тысқы белгісінше де бастауыш болатын сол сөздер: не жоқ? – алыспақ, не бар? – атыспақ, не оңайланды? – оқу, кім күреске тоймас? – жығылған.

Алыспақ, атыспақ, етістіктің тұйық райындағы сөздер, оқу мен жығылған есімшеге айналған түріндегі сөздер.

Алтыншы, бастауыш болатын – үстеу жана үстеу орнында жүретін сөздер. Мысалы: Әрі алыстатады, бері жақындатады, шапшаң асықтырады, соңыра кешіктіреді. Бұл сөйлемдерде әрі, бері, шапшаң, соңыра туралы сөйленіп тұр. Бұлар бастауыш болу керек. Бұл ішкі белгісінше, не алыстатады? – әрі, не жақындатады? – бері, не асықтырады? – шапшаң, не кешіктіреді? – соңыра. Сұрау бойынша да немесе тысқы белгісі бойынша дегенде де әрі, бері, шапшаң, соңыра деген сөздер бастауыш болады.

Бұл төрт сөздің төртеуі де не үстеулер, не үстеу орнына жүретін сөздер.

Жетінші, бастауыш болатын – демеу мен демеу орнында жүретін сөздер. Мысалы: «Әлде» аз айтылады, «ба» көп айтылады, «бәлки» сирек айтылады. Бұл сөйлемдерде сөз болып тұрған «әлде», «ба», «бәлки» бастауыш болып шығады. «Әлде», «ба», «бәлки» деген сөздер демеулер.

Сегізінші, бастауыш болатын – жалғаулық жана да жалғаулық орнында жүретін сөздер. Мысалы: «Үшін» үш айтылғанда, «арқылы» бір де айтылмайды. Мұнда сөз болып тұрған «үшін» мен «арқылы». Сондықтан бұлар бастауыш болады дейміз. Бұл ішкі белгісіне қарап айтып тұрғанымыз.

Енді тысқы белгісіне қарайық. Не үш айтылғанда? – «үшін». Не бір де айтылмайды? — «арқылы». Тысқы белгісі бойынша да бастауыш болатын «үшін» мен «арқылы». «Үшін», «арқылы» деген сөздер жалғаулықтар.

Тоғызыншы, бастауыш болатын — одағай. Мысалы: Ә, құдай!», «о, құдай» — күйзелгеннің белгісі, «тек!», «тәйт!», «шәйт!» — бұйырғанның белгісі. Мұнда сөз болып тұрған «ә, құдай!», «о, құдай!», «тек!», «тәйт!», «шәйт!», сондықтан бұл сөздер бастауыш болады. Бұл ішкі белгісімен білгеніміз.

Енді тысқы белгісімен қарайық. Не күйзелгеннің белгісі? - «ә, құдай!», «о, құдай!», не бұйырғанның белгісі? — «тек!», «тәйт!», «шәйт!» тысқы белгісімен де бұл сөздер бастауыш болып шықты. «Ә, құдай, «о құдай!», «тек!», «тәйт!», «шәйт!» деген сөздер одағайлар.

Оныншы, бастауыш болатын – бүтін сөйлем. Мысалы: «Сенікі, менікі» деген көңіл тарлығы, «ары жат, бері жат» деген төсек тарлығы.

Мұнда айтылып тұр «менікі, сенікі деген» жана «ары жат, бері жат» деген» туралы. Сондықтан бұл сөйлемдер ішкі белгісі бойынша бастауыш болуға тиіс. Тынсқы белгісі бойынша не болып шығар екен.

Не көңіл тарлығы? — «сенікі, менікі деген». Не төсек тарлығы? — «ары жат, бері жат!» деген тысқы белгісі бойынша да бұл сөйлемдер бастауыш болып шықты. Сүйтіп, енді қорытып айтқанымызда, бастауыш болады сөз таптарының тоғызы да:

1)Зат есім. 2) Сын есім. 3) Сан есім. 4) Есімдік. 5) Етістік. 6) Үстеу. 7) Демеу. 8) Жалғаулық. 9) Одағай жана бүтін сөйлемдер.

Қосарлы бастауыш. Бастауыш бір сөзбен айтылмай, бірнеше сөзбен айтылса, қосарлы немесе күрделі деп атаймыз.

Мысалдар:

1) Тамағы жоқтық таптырар. Мұнда тамақ жоқтық жайынан айтылып тұр. Не таптырар? – тамағы жоқтық (бастауыш екі сөзбен айтылып тұр).

2) Асық ойнаған азар. Мұнда асық ойнаған туралы айтылып тұр. Кім азар? – асық ойнаған.

3) Жөнге тартқан жөндер. Мұнда жөнге тартқан туралы айтылып тұр. Кім жөндер? – жөнге тартқан.

4) Сыпыра жалмаң жалмар. Мұнда сыпыра жалмаң жайынан айтылып тұр. Кім жалмар? – сыпыра жалмаң.

5) Тоны жаман тоңар. Мұн да тоны жаман туралы айтылып тұр. Кім тоңар? – Тоны жаман.

6) Жеті атасын білмеген – жетім. Мұнда жеті атасын білмегеннің жайынан айтылып тұр. Кім жетім? – жеті атасын білмеген.

Асылында, бастауыш болатын – зат есім. Бастауыш болған жерде зат есім болмай қалмайды. Бірақ бірде айтылады, бірде айтылмай ойда тұрады. Зат есімнен басқа бастауыш болған сөздер зат есімнен басқа бастауыш болаған сөздер зат есімнің орнында немесе арқасында бастауыш бола алады. Жоғарыда мысалға алынған сөйлемдерде сөйлеу бөлімдерінің бәрі бастауыш болуға жарайтын болып шықты. Түбін қазып қарастыра келгенде, солардың бәрі де зат есімнің орнында тұрғандықтан, не зат

есімнің көмегі болғандықтан. Сол бастауыштардың түбін қазыңқырап қарастырып көрейік, қалай бастауыш болып тұр екен.

Зат есімнен басқа бастауыш болып тұрған әуелі – сын есім. Мысалға алынған: Көп қорқытады, терең батырады. «Көп қорқытады» деген де қорқытатын шөп емес, әрине адам. «Терең батырады» дегенде де батыратын терең су екені анық. Олай болса мұндағы «көп» пен «терең» - «көп адам», «терең су» деген сөздердің орнында тұр. Жеңілдік үшін «адам» мен «су» деген сөздер айтылмаған, бірақ ойда тұр.

Екінші – сан есім. Мысалға алынған: Берерменге бес те көп, аларманға алты да аз. Біреу тойып секіреді. «Бес те», «алты да» дегенде, мұнда нәрсе көңілде тұр. Құр ғана сан болса, азсынуға да, көпсінуге де орын болмас еді: «Бесеу», «алтау» нәрсесіз құр сан болса, берермен бесеу түгіл, мыңын көпсінбес еді, аларман алтау түгіл, бірін де азсынбас еді. Берермен көпсінетіні, аларман азсынатыны – берілетін, алынатын құр сан емес, нәрсе болғандығы. Мұндағы «бесеу» мен «алтау» сан ғана емес, нәрсені де көрсетіп тұр.

Сондай-ақ, біреу тойып секіреді дегенде, әрине, сан секірмейді. Олай болса, «біреу» деген сөз мұнда зат есім орнында тұр.

Үшінші — есімдік. Мысалға алынған: Мен келдім, сен келдің; Ол терең, бұл тайыз.

Есімдік өзі есім орнына жүретін сөз болған соң, бастауыш болған есімдіктер зат есім орнында тұрғаны анық. Мен, сен, ол, бұл — бәрі де зат есім орнына жүретін есімдіктер.

Төртінші — етістік. Мысалға алынған: Алыспақ жоқ, атыспақ бар. Оқу оңайланды. Жығылған күреске тоймас. Алыспақ, атыспақ деген сөздер бұл жерде алысу, атысу, оқу – іс есімдерін көрсететін етістіктен шыққан зат есімдері. «Жығылған күреске тоймас» дегенде, күреске тоймайтын жығылған мал я ағаш емес, адам екендігі анық. Солай болған соң «жығылған» деген сөздің бастауыш болып тұрғаны - «жығылған адам» дегеннің орнында тұрғандықтан. Жеңілдік үшін «адам» айтылмаған, бірақ көңілде тұр.

Бесінші – үстеу. Мысалға алынған: Әрі алыстатады, бері жақындатады, шапшаң асықтырады, соқыра кешіктіреді. Жеңілдік үшін қысқартпай айтқанда, бұл сөздер бұлай айтылар еді: Әрі деу – алыстатады, бері деу – жақындатады. Шапшаң деу – асықтырады, соқыра деу – кешіктіреді. «Деу» деген сот бәрінде де айтылмаған. «Деу» - етістіктен шыққан зат есім. «Әрі», «бері», шапшаң», «соқыра» деген сөздердің бастауыш болып

тұрғандары «әрі деу», «бері деу», «шапшаң деу», «соңыра деу» орнында болғандықтан.

Бастауыш болған демеу, жалғаулық, одағай — бәрі де осы ретпен болып тұр.

Сүйтіп, түбін қазып қарастырып келгенде, бастауыш болатын — зат есім. Басқа сөз таптары зат есімнің орнында немесе арқасында ғана бастауыш бола алады.

Баяндауыш Баяндауыш болатын сөз таптары

Әуелі, баяндауыш болады — етістік. Мысалы: Қой үрікті. Ит үрді. Адам айқайлады. Бұл сөйлемдердің ішінде баяндауыш болатын қай сөз екенін әуелі ішкі белгісімен тауып қарайық. Баяндауыш болмақ керек қандай сөздер? Жоғарыда айтуымыз бойынша, баяндауыш болатын сөз бастауыш атаған нәрсенің не сыр-сипатын, не амалын, не жайын, не болмысын көрсету керек. Олай болса, алынған сөйлемдердің ішіндегі бастауышты тауып, сонан соң ол бастауыш атаған нәрсенің не сыр-сипатын, не амалын, не жайын, не болмысын көрсететін сөзді табу керек.

1-інші сөйлем: Қой үрікті. Не үрікті? — қой. Бастауыш қой деген сөз болып шықты. Үрікті деген сөз қойдың не істегенін амалын көрсетіп тұр.

2-інші сөйлем: Ит үрді. Не үрді? — ит. Бастауыш ит деген сөз болып шықты. Үрді деген сөз иттің не істегенін — амалын көрсетіп тұр.

3-інші сөйлем: Адам айқайлады. Кім айқайлады? — адам. Бастауыш адам деген сөз болып шықты. Айқайлады деген сөз адамның не істегенін — амалын көрсетіп тұр.

Сүйтіп, бұл сөйлемдердің ішінде бастауыш атаған нәрселердің амалын көрсетуші үрікті, үрді, айқайлады деген сөздер болып шықты немесе, екінші сөзбен айтқанда, баяндауыштың ішкі белгісі осы сөздерге келеді. Сондықтан бұл сөздер баяндауыш болуға тиіс.

Енді тысқы белгісімен тауып көрейік. Баяндауыштың тысқы белгісі — «не етпек?», «не қылмақ?», «қайтпек?», «не болмақ?», «нешік?», «немене?», «қалай?», «кімдікі?», я «ненікі?», «қайсы?» негізді сұрауларға жауап беру. Сондықтан бұл негізді сұраулар баяндауыш сұраулары деп аталады.

Алынған сөйлемдер ішінде қай сөз баяндауыш сұрауларына жауап берер екен, қарайық.

1-інші сөйлем: Қой үрікті.

Қой не етті? — үрікті.

2-інші сөйлем: Ит үрді. Ит қайтті? — үрді.

3-інші сөйлем: Адам айқайлады. Адам не қылды? — айқайлады. Мұнда «не етті?», «қайтті?», «не қылды?» деген баяндауыш сұрауларына жауап беріп тұрған тағы сол үрікті, үрді, айқайлады деген сөздер. Олай болса, баяндауыштың тысқы белгілері де осы сөздерге келіп тұр. Ішкі, тысқы белгісі бірдей келген соң, баяндауыш болып тұрған осы сөздер — үрікті, үрді, айқайлады деген сөздер — етістіктер. Етістіктің есімше мен көсемше түрлері де баяндауыш болады. Етістік есімше түрінде қосар күйінде ғана баяндауыш болады. Екеуіне де мысал келтірейік. Есімше дара күйінде баяндауыш болатынына мысалдар.

1) Мен сөйлеушімін, сен тыңдаушысың. Мұнда «сөйлеушімін», «тыңдаушысың» деген сөздер «мен», «сен» жайын баяндап тұр (бұл — баяндауыштың ішкі белгісі). Мен неменемін? — сөйлеушімін. Сен неменесің? — тыңдаушысың (бұл — баяндауыштың тысқы белгісі).

2) Заман өзгерген, білім күшейген. Мұнда «өзгерген», «күшейген» деген сөздер «заман» мен «білім» жайын айтып, бірінің өзгергендігін, екіншісінің күшейгендігін баяндап тұр (бұл — ішкі белгісімен қарағандағысы). Заман не еткен? - өзгерген. Білім не еткен? - күшейген. (Бұл — тысқы белгілері).

3) Біреу беретін, біреу алатын. Мұнда біреу жайынан беретіндігі мен алатындығы сөйленіп тұр. (Бұл — ішкі белгілері). Біреу не ететін? — беретін. Біреу не ететін? — алатын. (Бұл — тысқы белгілері).

Есімше мен көсемше қосар күйінде баяндауыш болатынына мысалдар:

1) Бала жылай берген. Кім жылай берген? — бала (бастауыш). Бала не қылған? — жылай берген (баяндауыш).

2) Оспан оқып жүрген. Кім оқып жүрген? — Оспан (бастауыш). Оспан не қылған? — оқып жүрген (баяндауыш).

3) Асан айтқан екен.

Кім айтқан екен? — Асан (бастауыш). Асан не қылған екен? — айтқан екен (баяндауыш).

Көсемше баяндауыш болатынына мысалдар.

1) Ат тулай берді.

Не тулай берді? — ат (бастауыш). Ат не қылды? — тулай берді (баяндауыш).

2)Әлжан алып берді.

Кім алып берді? — Әлжан (бастауыш). Әлжан не қылды? — алып берді (баяндауыш).

3)Тауық, ұша алмайды.

Не ұша алмайды? — тауық (бастауыш). Тауық не ете алмайды? — ұша алмайды (баяндауыш).

4)Ақын айта беріпті.

Кім айта беріпті? — Ақын (бастауыш). Ақын не етіпті? — айта беріпті (баяндауыш).

Екінші — баяндауыш болатын сын есім. Қыс жақсы. Мал семіз. Ел тоқ. Не жақсы? — қыс. Не семіз? — мал. Кім тоқ? — Ел. Қыс, мал, ел - бастауыштар. Баяндауыш болатын сөз, әуелі, ішкі белгісімен келу үшін бастауыш атаған нәрсенің, яғни қыстың, малдың, елдің я амалын, я жайын, я болмысын көрсету керек, екінші, баяндауыштың тысқы белгісі болған сұрауларға жауап беру керек. Қалай болар екен, қарайық.

1-інші сөйлем: Қыс жақсы. Қыс қалай? — жақсы.

2-інші сөйлем. Мал семіз. Мал қалай? — семіз.

3-інші сөйлем: Ел тоқ. Ел қалай? — тоқ.

Мұнда жақсы, семіз, тоқ деген сөздер қыстың, малдың, елдің жай-күйін көрсетіп тұр. Жана «қалай?» деген баяндауыш сұрауына жауап беріп тұр.

Ол баяндауыштың ішкі-тысқы белгісі бірдей осы сөздерге келгенін көрсетеді. Сондықтан бұл сөздер баяндауыш болады. Жақсы, семіз, тоқ деген сөздер сын есімдер.

Үшінші — баяндауыш болады — зат есім. Мысалы: Ат — көлік. Атшы — кісі. Қамшы — қару. Не көлік? — ат. Кім кісі? — атшы. Не қару? — қамшы. Ат, атшы, қамшы бастауыштар. Баяндауыш болатын сөзде оның ішкі-тысқы белгілері болу керек.

Ат немене? — көлік. Атшы немене? — кісі. Қамшы немене? — қару. Көлік, кісі, қару деген сөздер аттың, атшының, қамшының немене болатын болмысын айтып тұр. Сондықтан бұлар баяндауыштың ішкі белгісіне тура келеді.

Көлік, кісі, қару деген сөздер «немене?» деген баяндауыштың сұрауына да жауап беріп тұр. Бұл тысқы белгісіне тура келгені, баяндауыштың ішкі, тысқы белгісіне бірдей келген соң, бұл сөздер, әрине, баяндауыш болмақ.

Көлік, кісі, қару — зат есімдер.

Төртінші – баяндауыш болатын – сан есім. Мысалы: Ер кезегі үш. Не үш? - ер кезегі. Ер кезегі деген сөз бастауыш.

Баяндауыш болатын сөзде оның ішкі-тысқы белгілері болу керек.

Ер кезегі немене? — үш. Үш деген сөз ер кезегінің немене болатынын айтып тұр. Болмысын айтып тұрған соң, бұл сөз баяндауыш болмақ (ішкі белгісі бойынша).

Үш деген сөз «немене?» деген баяндауыштың сұрауына жауап беріп тұр. Бұл тысқы белгісінің де осы сөзден табылғанын көрсетеді. Ішкі-тысқы белгісі келгені «үш» деген сөз баяндауыш болғанын көрсетеді. Үш деген сөз сан есім.

Бесінші — баяндауыш болатын есімдік. Мысал: Медеуі — мен. Омары — ол. Өтегені — өзі. Мен кім? — Медеуі. Ол кім? — Омары. Өзі кім? — Өтегені. Медеуі, Омары, Өтегені деген сөздер бастауыштар. Баяндауыш болатын сөзде ішкі-тысқы баяндауыш белгісі бұларға тиіс.

Медеуі қайсы? — мен. Омары қайсы? — ол. Өтегені қайсы? — өзі. Мен, ол, өзі деген сөздер Медеуінің, Омарының, Өтегенінің кім болатындығын айтып тұр. Болмысын айтып тұрған соң, бұл сөздер баяндауыш болады.

Оның үстіне мен, ол, өзі деген сөздер «қайсы?» деген баяндауыш сұрауына жауап беріп тұр.

Ішкі-тысқы белгісі бірдей келген соң, бұл сөздер, әрине, баяндауыш болады.

Мен, ол, өзі деген сөздер есімдіктер.

Алтыншы – етістікпен қосыла одағай және басқа сөздер – баяндауыш болады. Мысал: Мылтық тарс етті. От жылт етті. Күн жаз болды. Ет аз болды. Беретіні бес екен.

Не тарс етті? — мылтық. Не жылт етті? — от. Не жаз болды? — күн. Не аз болды? — ет. Несі бес екен? — беретіні.

Мылтық, от, күн, ет, беретіні деген сөздер — бастауыштар. Баяндауыш болатын сөзде ішкі-тысқы баяндауыш белгісі боларға керек. Мылтық не етті? — тарс етті. От не етті? — жылт етті. Күн қайтті? — жаз болды. Ет қайтті? — аз болды. Беретіні не екен? — бес екен. Тарс етті, жылт етті, жаз болды, аз болды, бес екен деген сөздер мылтықтың, оттың, күннің, еттің, беретінінің амалдарын, жайларын, болмыстарын айтып отыр. Онымен тұрмай жана да баяндауыш сұрауларына жауап беріп тұр, Сондықтан ол

сөздер баяндауыш болады. «Тарс етті» дегенде, «тарс» — одағай, «етті» — етістік. «Жылт етті» дегенде, «жылт» одағай, «етті» — етістік. «Жаз болды» дегенде «жаз» — зат есім, «болды» — етістік. «Аз болды» дегенде, «аз» — сын есім, «болды» — етістік. «Бес екен» дегенде, «бес» — сан есім, «екен» — етістік. Мұнан көрініп тұр: бәрінде де түрлі сөздер етістікке қосылып баяндауыш болып шыққаны. Осындай екі сөзден, үш сөзден, әйтеуір, бір емес, бірнеше сөзден қосылып болған баяндауыш қосарлы немесе күрделі деп аталатыны жоғарыда айтылған.

Жетінші – баяндауыш болады – бүтін сөйлем. Мысал: «Білемін» деген — «бүлемін» деген болады. «Білемін» деген (бастауыш). «Білемін» деген немене? - «бүлемін» деген (баяндауыш). Бұл — тысқы белгісімен табу. Ішкі белгісімен қарайық: мұнда не жайынан айтылып тұр? - «білемін» дегеннің жайынан. Оның жайынан не айтылып тұр? — оның «бүлемін» деген болатындығы айтылып тұр. Бұл мысалда бастауыш та баяндауыш та бүтін сөйлемнен болған. Баяндауыш бастауышқа жақтарымен ғана жанасып, қиындасады. Мысал: Мен оқыдым. Сен жазу жаздың. Ол шай қайнатты. Мұнда әр жақ өз жағымен жанасып, қиындасып тұр.

Мен кітап оқыдым, сен жазу жазды, ол шай қайнаттым, шай қайнаттың деп айтылмайды. Сөйлем ішіндегі сөздер қиындаспай кетеді. Мұндай әр жақ өз жағымен жанасу жалғыз етіс болған баяндауышта емес, басқа сөз таптарынан болған баяндауыштарда да бар.

Мысал: мен жаспын, сен жассың, ол жас, біз жаспыз, сіз жассыз, басқалары жана солай. Бірақ «да», «де» демеулер қосылғанда, бұл ымыра бұзылып, «да» айтылады.

Мысал: мен де жас, сен де жас, ол да жас, біз де жас, сіз де жас, олар да жас деп айтуға да болады.

Ескерту. Етістіктен болған баяндауыштардағы ымыра «да», «де» демеулер қосылса да бұзылмайды.

Баяндауыш жекелік, көптік жүзінен де ымыраласады. Бірақ ол ымырасы толық емес, тұрақты емес.

Мысал: мен барамын, сен барасын, ол барады, біз барамыз, сіз барасыз немесе сендер барасындар. Олар барады («барадылар» орнына «барады» болып тұр). Мен саумын, сен саусың, ол сау, біз саумыз, сіз саусыз немесе сендер саусындар, олар сау («саулар» орнына «сау» ғана болып тұр). Мұнан не көрініп тұр? Жекелік, көптік жүзінен бірінші,

екінші жақтарында баяндауыш бастауышпен ымыраласып, үшінші жаққа келгенде көпше айтылмай, ымырадан шығып кететіні көрініп тұр.

Сүйтіп, баяндауыш бастауышпен жеке айтылғанда үш жағымен ымыраласып, көпше айтылғанда, үшінші жағымен ымыраласпайтын болып шығады.

Басым жақ

Бастауыш бір жақты болса, баяндауыш онымен айтылған түрде ымыраласады. Бастауыш әр жақты болса, мәселен, бастауыш біреу емес, бірнеше болса жана әрқайсы әр жақты болса, онда баяндауыш басым жағымен ымыраласады.

Бізге мәлім бірінші жақ айтушы, екінші жақ тыңдаушы, үшінші жақ бөгделік болатыны. Бірінші, екінші, үшінші жақ қатар келгенде айтушы сөзді өзіне орайлай сөйлегендіктен, бірінші жақ екінші, үшінші жақтан басым болады. Сондықтан айтушы мен тыңдаушы екеуінің бірдей амалын, жайын, болмысын көрсететін баяндауыш да бірінші жақпен айтылады.

Мысал: 1) мен, сен — екеуміз барамыз. 2) мен, сен, Омар — үшеуміз кетеміз. Бірінші мысалда — мен, сен — екеуі де бастауыш. Екеуі екі жақ: мен — бірінші жақ, сен — екінші жақ. Бұл екеуінің бірдей амалын көрсетіп тұрған ортақ баяндауыш «барамыз» бірінші жақпен ғана айтылып тұр. Екінші мысалда — мен, сен, Омар — үшеуі де бастауыш. Үшеуі — үш жақ. Мен – бірінші жақ. Сен — екінші жақ. Омар — үшінші жақ. Бұл үшеуінің бірдей амалын көрсетіп тұрған ортақ баяндауыш «кетеміз» — бірінші жақпен ғана айтылып тұр.

Бірінші, екінші, үшінші жақ — үшеуі қатар келген жерде бірінші жақ басым болады деген осы.

Айтушы жақ өзіне қоспай, тыңдаушымен бөгделік жақты сөз қылғанда, сөзді тыңдаушы жағына орайлай сөйлейді. Сондықтан екінші жақ үшінші жақтан басым болады. Тыңдаушы мен бөгделік екеуінің амалын, жайын, болмысын көрсететін баяндауыш екінші жақпен айтылады.

Мысалы: Сен, Омар екеуің келерсіңдер. Бұл мысалда «сен», «Омар» екеуі де бастауыш. Екеуі екі жақ. Сен – екінші жақ, Омар – үшінші жақ. Екеуінің амалын бірдей көрсетіп тұрған баяндауыш «келерсіңдер» екінші жақпен айтылып тұр.

Екінші, үшінші жақ екеуі қатар келген жерде екінші жақ басым болады дегеннің мағанасы осы.

Қосарлы баяндауыш

Жоғарыда баяндауыш екі немесе үш, әйтеуір бір сөз емес, бірнеше сөзбен айтылған болса, «қосарлы» баяндауыш болады деп айтылды.

Жай баяндауыш жай етістікпен айтылады, қосарлы баяндауыш көмекші етістіктер қосылып айылғанда болады. Бірақ, етістік жүрмеген жерде баяндауыш болса, олар етістік көмегімен ғана бола алады. Оларға көмек болатын көбінесе, көмекші етістіктер. Көмегі үртіс көріне болмай, көрінбей болатын да орындары бар. Бірақ түбін қазып, қарастырып келгенде, баяндауыш болған жерде етістік бар екені даусыз болып шығады. Етістік көмегі көріне болатын орындары мен көрінбей болатын орындарына мысал келтіріп көрейік.

1) Күн жаз болды; 2) Ет аз болды.

Мұнда бірінші мысалда күн – бастауыш, жаз болды – баяндауыш. Екінші мысалда ет – бастауыш, аз болды – баяндауыш. Жаз болды, аз болды деген баяндауыштың екеуі де екі сөзбен айтылған. Екі сөзбен айтылған соң, бұлар қосарлы баяндауыш болады. Қосарлы баяндауыш көмекші етістік қосылған жерде болады. Бұл екі баяндауыш та, «жаз болды», «аз болды» дегенде, «болды» көмекші етістік екендігі көзге көрініп тұр.

1) Ағаш көркі жапырақ. 2) Адам көркі шүберек.

Мұнда бірінші мысалда бастауыш – көркі, екінші мысалда да бастауыш – көркі. Баяндауыш бірінші мысалда – жапырақ, екінші мысалда – шүберек.

Жапырақ, шүберек деген сөздер етістік көмегінсіз-ақ баяндауыш болып тұрған сияқты көрініп тұр. Шынында олай емес, мұнда да етістіктің жасырын көмегі бар. Ол көмегі, егер, жоғарыдағы мысалға алынған сөйлемдерді қысқартпай, толық түрінде айтсақ көрінеді. Мәселен: Ағаш көркі жапырақ болады. Адам көркі шүберек болады десек, қысқартып айтқанда, көрінбей тұрған көмекші етістік – «болады» толықтырып айтқанда шыға келеді.

Етістік көмегімен баяндауыш болатын сөз таптары: 1) Зат есім. 2) Сын есім. 3) Есімдік. 4) Етістік (есімше, көсемше түрінде).

Мысал: 1) Жаман жүрісінен құл болады. 2) Жақсы жүрісінен пұл болады. 3) Жұп негізі – екі. 4) Оспан – осы. 5) Ол – біздің қорғаушымыз. 6) От жанып тұр. Бұл мысалдарда: 1) Баяндауыш – құл болады. Құл – зат есім, болады – көмекші етістік. 2) Баяндауыш – пұл болады. Пұл – сын есім, болады – көмекші етістік.

2) Баяндауыш – екі. Екі – сан есім, болады деген көмекші етістіктің көрінбей тұрған көмегі бар (Жұп негізі екі болады). 4) Баяндауыш осы. Осы – есімдік. Етістіктің көрінбей тұрған «болады» деген көмегі бар

(Оспан осы болады). 5) Баяндауыш – қорғаушымыз. Қорғаушымыз – есімше. Мұнда да етістіктің көрінбей тұрған көмегі бар. (Ол біздің қорғаушымыз болады). 6) Баяндауыш – жанып тұр. Жанып – көсемше, тұр – көмекші етістік.

Жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем

Баяндауышы мен бастауышы бар екі мүшелі сөйлем ғана жалаң сөйлем деп аталады. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің тұрлаулы мүшелері, олардан басқа сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері де бар деп жоғарыда айтылды. Бастауыш, баяндауыштан басқа мүшелері бар сөйлем жайылма сөйлем деп аталады.

Сөйлеудің асыл мағанасы – біреуге білдірейін деген ойын айту. Айтушының мақсаты – тыңдаушыға ойын түгел түсіндіру. Ойын түсіндіру үшін соған керек сөздерді алу қажет. Бір сөзді ойын анықтау үшін алса, екінші сөзді ойын толықтау үшін алады, үшінші сөзді ойын пысықтау үшін алады. Сондықтан сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері: 1) Анықтауыш мүше. 2) Толықтауыш мүше. 3)пысықтауыш сөздер болып үшке бөлінеді.

Анықтауыш

Анықтауыш деп сөйлем ішінде анықтық үшін айтылатын сөзді айтамыз. Мәселен, алайық «Қысқа жіп күрмеуге келмес» деген сөйлемді. Не күрмеуге келмес? – жіп. Жіп не етпес? – күрмеуге келмес. Мұнда жіп – бастауыш, күрмеуге келмес – баяндауыш. «Қысқа» деген сөз не болмақ? Бұл «қысқа» деген сөзді айтпай, құр «жіп күрмеуге келмес» деп ғана қойсақ, қандай жіп күрмеуге келмейтіні белгісіз, жіптің бәрі күрмеуге келмейтін сияқты болып шығады. Күрмеуге келмейтін аты жіп болғанның бәрі емес, «қысқа жіп». «Қысқа» деген сөз қосылса, күрмеуге келмейтін қандай жіп екені ашылып, анықталады. Сондықтан «қысқа» деген сөз мұнда анықталады. Сондықтан «қысқа» деген сөз мұнда анықтық үшін алынған сөз болады. Ондай сөз сөйлемнің «анықтауыш мүшесі» деп немесе жеңілдік үшін тікелей «анықтауыш» деп аталады. Өлгі айтылған – анықтауыштың ішкі белгісі. Мұнан басқа тысқы белгілері бар. Олары «қандай?», «не?», «неше?», «нешінші?», «кімнің?», «не етуші?», «не еткен?» деген сұрауларға жауап беру. Бұл сұраулар анықтауыш сұраулары деп аталады.

Сөйлем ішінде анықтауыш қай сөз екенін осы сұраулармен жана ішкі белгісімен табамыз.

Анықтауыш болатын сөз таптары

Әуелі, анықтауыш болатын – сын есім.

1) Мысал: Аш кісі ұрысқақ? Кім ұрысқақ? – кісі. Аш кісі қалай? – ұрысқақ, қандай кісі ұрысқақ? – аш (кісі). «Аш» дегенді айтпай, тек қана «кісі ұрысқақ» дегенде, қандай кісі ұрысқақ болатыны белгісіз, кісінің бәрі ұрысқақ сияқты болып шығады. Дұрысында, кісінің бәрі ұрысқақ емес, аш кісі ұрысқақ келеді. «Аш» деген сөз ұрысқақ болатын қандай кісі екенін айтып, анықтап тұр жана қандай? деген анықтауыш сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан алынған сөйлемнің ішінде «аш» деген сөз анықтауыш болады. Бұл сөз – сын есім (сыр сыны).

2) Мысал: Алтын жүзік жоғалды. Не жоғалды? – жүзік. Жүзік не қылды? – жоғалды. Қандай жүзік жоғалды? – алтын (жүзік). «Алтын» дегенді айтпай, «жүзік жоғалды» деп ғана қойғанда, жоғалған қандай жүзік екені белгісіз, әйтеуір бір жүзік жоғалған болып шығады. «Алтын» деген сөз – жоғалған жүзік қандай екенін ашып, анықтап тұр жана «қандай?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр («қандай жүзік?» деп сұраудың орнына «не жүзік?» деп те сұрайды). Сондықтан, «алтын» деген сөз анықтауыш болады. Бұл сөз жүзіктің неден жасалған тегін көрсететін сын есім (тек сыны).

Екінші – анықтауыш болатын – зат есім (жалқы, жалпы түрінде).

1-інші мысал: Асан ауылнай келді. Кім келді? – ауылнай. Ауылнай не қылды? – келді. Қай ауылнай келді? – Асан (ауылнай).

«Асан» демей, құр ауылнай екені белгісіз, әйтеуір бір ауылнай келген болып шығады. «Асан ауылнай келді» дегенде, «Асан» деген сөз қай ауылнай келгенін ашып, анықтап тұр жана «қай?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөз анықтауыш болады. «Асан» - жалқы зат есім.

2-інші мысал: Хан Жәнібек қайғырды. Кім қайғырды? – Жәнібек. Не қылды? – қайғырды. Қай Жәнібек қайғырды? – хан (Жәнібек). Хан дегенді айтпай, тек «Жәнібек қайғырды» деп ғана қойсақ, қай Жәнібек қайғырғаны белгісіз болар еді. Үйткені, Жәнібек атты адам көп. Хан дегенді қосып айтқанда, қай Жәнібек екені ашылып, анық болады. «Хан» деген сөз қай Жәнібек екенін де ашып, анықтап тұр. Сондықтан, хан – анықтауыш болады. Хан – зат есім.

3-інші мысал: Арыстан, аң патшасы ауырыпты. Кім ауырыпты? Арыстан. Арыстан қайтіпті? – ауырыпты. Қай арыстан ауырыпты? - аң патшасы (арыстан). «Аң патшасы» дегенді айтпай, «арыстан» «ауырыпты» деп ғана қойсақ, ауырған аң арыстан ба, Арыстан атты адам ба, белгісіз болады. «Аң патшасы арыстан» дегенде қай арыстан ауырғаны ашылып,

анық болады. Бұл «аң патшасы» деген «қай?» деген анықтауыш сұрауында жауап беріп тұр, қай арыстан ауырғанын да анықтап тұр, сондықтан анықтауыш болады. Аң патшасы – зат есім.

4-інші мысал: Шебердің қолы ортақ. Шебердің несі ортақ? Шебердің қолы қалай? – ортақ. Кімнің қолы ортақ? – шебердің, «шебердің» дегенді айтпай, құр «қолы ортақ» деп қойғанда, кімнің қолы ортақ болатыны белгісіз, әйтеуір біреудің қолы ортақ болып шығар еді. «Шебердің» деген қосылғанда, ортақ болатын шебердің қолы екендігі ашылып, анықталады. «Шебердің» деген сөз ортақ болатын кімнің қолы екенін анықтап тұрған соң жана «кімнің?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұрған соң анықтауыш болады. Шебердің – зат есім (иелік жалғау).

Үшінші – анықтауыш болатын – сан есім (есептік, реттік екі түрінде де). Мысал:

1) Үш жыл өтті. 2) Төртінші жыл жетті. Не өтті? – жыл. Жыл не өтті? – өтті. Неше жыл өтті? – үш (жыл). «Үшті» айтпай, тек «жыл өтті» деп қойғанда, неше жыл өткені белгісіз, бір ғана жыл өткен деп түсінуге болады.

Өткен бір жыл емес, үш жыл, «Үш» деген сөз өткен неше жыл екенін ашып, анық көрсетеді жана «неше?» деген анықтауыш сұрауына жауап береді. Екінші мысалда: «төртінші» демей, құр «жыл жетті» деп қойғанда, нешінші жыл жеткені белгісіз, әйтеуір бір жыл жеткен болады да қояды. «Төртінші» деген сөзді қосқанда, жыл анықталып, нешінші екені ашылады. «Төртінші» деген сөз жылдың нешінші екенін анықтап та тұр, «нешінші?» деген анықтауыш сұрағына жауап та беріп тұр. «Үш», «төртінші» деген сөздер мысалға алынған сөйлемдердің ішінде жылдың нешеу жана нешінші екенін анықтап тұрған соң жана «неше?», «нешінші?» деген анықтауыш сұрауларына жауап беріп тұрған соң, анықтауыш болады.

«Үш», «төртінші» деген сөздің біреуі есептік сан есім, екіншісі реттік сан есім.

Төртінші – анықтауыш болатын – есімдік. Мысал: 1) Біздің ауыл көшті. 2) Осы ат жүйрік. 1) Не көшті? – ауыл. Біздің ауыл не өтті? – көшті. Қай ауыл көшті? – біздің (ауыл). 2) Не жүйрік? – ат. Осы ат қалай? – жүйрік. Қай ат жүйрік? – осы (ат). Біздің дегенді айтпай, «ауыл көшті» деп ғана қойса, қай ауыл көшкені белгісіз болар еді. «Біздің» деген сөз қай ауыл көшкенін ашып, анық көрсетіп тұр жана «қай?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр.

Екінші мысалда: «ат жүйрік» деп ғана қойса, қай аттың жүйріктігі айтылып тұрғаны белгісіз, аттың бәрі жүйрік деген болып шығады. «Осы»

деген сөз қай аттың жүйрік екенін анықтайды жана «қай?» деген анықтауыш сұрауына жауап береді.

Сүйтіп, «біздің», «осы» деген сөздер сөйлем ішіндегі сөздерді анықтап, анықтауыш сұрауларына жауап беріп тұрған соң, анықтауыш болады. Бұл сөздің екеуі де есімдік, біреуі жіктеу есімдігі, екіншісі сілтеу есімдігі.

Бесінші — анықтауыш болатын — етістік (көбінесе, есімше түрінде). Мысалы: 1) Алушы адам алданды. 2) Барған кісі келмеді. 1) Кім алданды? – адам. Алушы адам не қылды? – алданды. Қай адам алданды? – алушы (адам). 2) Кім келмеді? – кісі. Барған кісі не қылды? – келмеді. Қай кісі келмеді? — барған (кісі). «Алушы» дегенді айтпай, құр «адам алданды» деп ғана қойса, қай адам алданғаны белгісіз, әйтеуір адам алданған ғана болып табылады. «Алушы» деген сөз қосылса, алданған қай адам екені ашылып, анықталады. «Алушы» деген сөз «қай?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр.

Екінші мысалда: «Барған» деген сөзді айтпай, «кісі келмеді» деп қана қойғанда, келмеген қай кісі екені белгісіз, тек біреу келмеген болып шығады. «Барған» деген сөзді қосқанда, келмеген қай кісі екені анық болады. «Барған» деген сөз қай деген анықтауыш сұрауына да жауап беріп тұр. «Алушы», барған» деген сөздер анықтауыш. Бұл сөздің екеуі де есімше етістік, бірі — осы шақтық, екіншісі — өткен шақтық түрде айтылған.

Ескерту. Етістік жалғыз есімше түрінде ғана анықтауыш болмайды. Басқа түрінде де болады. Мәселен: Алмақтың бермегі бар. Алмақтың несі бар? – бермегі (бастауыш), алмақтық бермегі нешік? — бар (баяндауыш). Ненің бермегі бар? – алмақтың (анықтауыш). Етістіктің басқа түрлері де осылайша. Алтыншы — анықтауыш болатын — үстеу. Мысал: «Әбденнің» айтылуы жіңішке. «Әбденнің» несі жіңішке? — айтылуы (бастауыш). «Әбденнің» айтылуы қалай? — жіңішке (баяндауыш). Ненің айтылуы жіңішке? - «әбденнің» (анықтауыш).

Сүйтіп, бұл мысалда «әбденнің» анықтауыш болады, үйткені «әбден» деген сөзді айтпай, тек «айтылуы жіңішке» деп қойса, ненің айтылуы екені белгісіз болар еді. «Әбденнің» деген сөз айтылғанда, ненің айтылуы жіңішке екендігі анық болады.

Осылайша демеу, жалғаулық, одағай, қатта бүтін сөйлем анықтауыш болады. Мысалдар:

1) «да»-ның мағынасы екі түрлі. «да»-ның несі екі түрлі? — мағанасы (бастауыш). «да»-ның мағынасы қалай? - екі түрлі (баяндауыш). Ненің мағанасы екі түрлі? - «да»-ның (анықтауыш).

2. «менен»-нің айтылуы екі түрлі. мененнің несі екі түрлі? - айтылуы (бастауыш). «менен»-нің айтылуы қалай? — екі түрлі (баяндауыш). Ненің айтылуы екі түрлі? - «менен»-нің (анықтауыш).

3) «Ойбайдың» аяғы жылау болды. «Ойбайдың» несі жылау болды? — аяғы (бастауыш). «Ойбайдың» аяғы немене болды? — жылау болды (баяндауыш). Ненің аяғы жылау болды? - «ойбайдың» (анықтауыш).

4) «Адам болды» дегеннің алды жайлы. «Адам болды» дегеннің несі жайлы? — алды (бастауыш). «Адам болды» дегеннің алды қалай?—жайлы(баяндауыш).

Кімнің алды жайлы? - «адам болды» дегеннің (анықтауыш).

Толықтауыш

Толықтауыш деп нәрсе амалын, жайын, болмысын толықтыру үшін айтылатын сөзді айтамыз. Сөйлем ішінде нәрсенің амалын, жайын, болмысын айтатын сөз көбіне баяндауыш. Солай болған соң, толықтауыш көбінесе, баяндауышты толықтау үшін айтылатын сөйлем мүшесі болып шығады.

Мысал үшін алайық: «Мерген құс атты» деген сөйлемді. Кім атты? — мерген. Мерген не қылды? атты. Не атты? — құс. Мұнда «мерген» деген сөз бастауыш, «атты» деген сөз баяндауыш.

«Құс» деген сөз не болмақшы? Мұның не болатынын білу үшін «құс» деген сөз неге айтылып тұрғанын ашу керек, тегінде неменеге керек болғаннан айтылып тұрғанын білу керек. Оны білу үшін «құс» деген сөзді тастап, тіпті айтпай қоя тұрып қарау керек. Айтпағанда келетін кемшілік бар ма екен? Жана қандай екен? Құс дегенді қалдырып, «мерген атты» деп ғана қойғанда, мерген атқанын ғана білеміз, нені атқанын білмейміз. Екінші сөзбен айтқанда, мергеннің амалын ғана білеміз, ол амалын неге жұмсағанын білмейміз. «Атты» дегенде нені атқаны белгісіз болып, сөйлемнің жетпей тұрған жері бар: амал неге жұмсалғанын айтпай тұр, сөйлемде кемістік бар. Сол кемістікті толықтыратын сөз — «құс», «құс атты» дегенде мерген амалы неге жұмсалғаны мағлұм болады. «Құс» деген сөздің жоқтығынан «атты» деген сөзге келіп тұрған кемшілік жоғалады. «Атты» — баяндауыш. «Атты» деген сөзге келіп тұрған кемшілік жоғалып, мұның толыққаны баяндауыш толыққаны болып табылады. Сүйтіп, «құс» деген «атты» деген баяндауышты толықтаушы сөз болып шықты. Жоғарыда ондай баяндауышты толықтау үшін айтылатын сөз толықтауыш болады дедік. Бұл — ішкі белгісі.

Мұнан басқа толықтауыштың тысқы белгілері бар. Ол белгілері — толықтауыш сұрауларына жауап беру. Толықтауыш сұраулары мынау: кімге?», «неге?», «кімді?», «нені?», «не?», «кімде?», «неде?», «кімнен?», «неден?», «не қылуға?», «не етуге?», жана да «кім?», «не?» деген сұрауларға «мен», «үшін», «туралы, «тақырыпты» және басқа жалғаулықтар қосылу мүмкін. Сөйлем ішінде толықтауышты осы сұраулармен, жоғарыда айтылған ішкі белгісімен табамыз.

Әуелі — толықтауыш болады зат есім (жалғаулы-жалғаусыз жана жалғаулық қосылған күйінде). Мысал: 1) Әкесі баласына кітап сатып алды. 2) Асан Үсенмен ақылдасты. 1) Кім кітап сатып алды? — әкесі. Әкесі не қылды? сатып алды. Не сатып алды? — кітап. Кімге сатып алды? — баласына. 2) Кім ақылдасты? — Асан. Асан не қылды? — ақылдасты. Кіммен ақылдасты? — Үсенмен.

1-інші мысалда — «кітап», «баласына» деген сөздер «сатып алды» деген баяндауышты толықтап тұр. Жана «не?», «кімге?» деген толықтауыш сұрауларына жауап беріп тұр.

2-інші мысалда «Үсенмен» деген сөз «ақылдасты» деген баяндауышты толықтап тұр жана «кіммен?» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр.

Сондықтан «кітап», «баласына», «Үсенмен» деген сөздер толықтауыш болады. «Кітап», «баласына», «Үсенмен» деген сөздер — зат есім (бірінші сөз жалғаулықпен тұр). Жалғаусыз жана жалғаулықсыз толықтауыш тура толықтауыш деп аталады.

Екінші — толықтауыш болатын — сын есім. Жалғаулы күйінде. Мысал: Күштіден істі озды? Кім озды? — істі. Істі не қылды? — озды. Кімнен озды? — күштіден. Мұнда «күштіден» деген сөз «озды» деген баяндауышты толықтап тұр жана «кімнен?» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан «күштіден» толықтауыш болады. «Күштіден» — сын есім (жалғаулы).

Үшінші — толықтауыш болатын — сан есім, жалғаулы күйінде, мысал: Бала төрт пен бесті қоса алмады. Кім қоса алмады? — бала. Бала не қылды? — қоса алмады. Нені қоса алмады? — бесті. Немен қоса алмады? — төртпен. Мұнда «төрт» пен «бесті» деген сөздер «қоса алмады» деген баяндауышты толықтап тұр. Жана «немен?» «нені?» деген толықтауыш сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұлар толықтауыш болады. «Бесті», «төртпен» деген сөздер сан есім (жалғаулы жана жалғаулық қосылған күйінде).

Төртінші — толықтауыш болады — есімдік. Мысал: 1) Бізде азық жоқ; 2) Сенде жазық жоқ. 1) Не жоқ? — азық. Азық нешік? — жоқ. Кімде жоқ? — бізде. 2) Не жоқ? — жазық. Нешік? — жоқ. Кімде жоқ? — сенде.

Мұнда «бізде», «сенде» деген сөздер «жоқ» деген баяндауышты толықтап тұр жана «кімде?» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұлар толықтауыш болады.

«Бізде», «сізде» деген сөздер есімдік (жалғаулы күйінде).

Бесінші — толықтауыш болатын — етістік. Етістік толықтауыш болады, көбінесе есімге айналған түрі мен есімше түрінде. 1) Мысал: Күресуге дәрмен жоқ. Не жоқ? — дәрмен. Дәрмен нешік? — жоқ. Неменеге жоқ? — күресуге. 2) Мысал: Жұмаш жүру үшін қайғырмады. Кім қайғырмады? — Жұмаш. Жұмаш не қылды? — қайғырмады. Немене үшін қайғырмады? — жүру үшін. 3) Мысал: Қорушыны торушы алады. Кім алады? — торушы. Торушы не қылады? — алады. Кімді алады? — торушыны. 4) Мысал: Жаман сыйлағанды білмес. Кім білмес? — жаман. Жаман не етпес? — білмес. Нені білмес? — сыйлағанды. 1-інші мысалда «күресуге» деген сөз «жоқ» деген баяндауышты толықтап тұр, 2-інші мысалда «жүру үшін» деген сөз «қайғырмады» деген баяндауышты толықтап тұр. 3-інші мысалда «қорушыны» деген сөз «алады» деген баяндауышты толықтап тұр. 4-інші мысалда «сыйлағанды» деген сөз «білмес» деген баяндауышты толықтап тұр. Жана да бұл «күресуге», «жүру үшін», «қорушыны», «сыйлағанды» деген сөздер «неменеге?», «немене үшін?», «кімді?», «нені?» деген толықтауыш сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұлар толықтауыш болады («күресуге», «жүру үшін» етістіктің есімге айналған түрлері, «қорушыны», «сыйлағанды» есімшенің осы шақтық, өткен шақтық түрлері).

Алтыншы — толықтауыш болатын — үстеу. Мысал: «Әні»-ден «міні» көп айтылады. Не көп айтылады? — «міні». «Міні» не етеді? — көп айтылады. «Міні» неден көп айтылады? — «әні»-ден. Мұнда «әні»-ден деген «көп айтылады» деген баяндауышты толықтап тұр жана «неден?» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер толықтауыш болады. «Әні» — үстеу. Осы сияқты демеу де, жалғаулық та, одағай да, қатта буын сөйлем де толықтауыш бола алады.

1) «Әше»-ден «тағы» көп жұмсалады. Не көп жұмсалады? — «тағы» (бастауыш). «Тағы» не қылады? — көп жұмсалады (баяндауыш). Неден көп жұмсалады? — «әше»-ден (толықтауыш). Әше, тағы — үстеулер.

2) Мен «дейін»-нен «шейін»-ді көп айтамын. Кім «дейін»-нен «шейін»-ді көп айтады? — мен (бастауыш). Мен не етемін? — көп айтамын (баяндауыш). Мен нені көп айтамын? — «шейін»-ді (толықтауыш). Мен «шейінді неден көп айтамын? — «дейіннен» (толықтауыш). «Дейін», «шейін» — жалғаулықтар.

3) «Ой, Аллаңнан» ойбайым тыныш. Не тыныш? — ойбайым (бастауыш). Ойбайым қалай? — тыныш (баяндауыш). Ойбайым неден тыныш? — «ой, Аллаңнан» (толықтауыш). «Ой, Алла!» — одағай.

4) «Бай бол» дегеннен адам байымайды. Кім байымайды? — адам (бастауыш). Адам не қылмайды? — байымайды (баяндауыш). Адам неден байымайды? — «бай бол» дегеннен (толықтауыш). «Бай бол» деген — бүтін сөйлем.

Пысықтауыш сөздер

Пысықтауыш сөздер деп амал пысықтау үшін айтылатын сөздерді айтамыз. Сөйлем ішінде нәрсенің амалын көрсететін сөз — баяндауыш. Сондықтан пысықтауыш сөздер баяндауышты пысықтайтын сөздер болып шығады. Бұлар баяндауышты қалай пысықтайды? Әуелі баяндауыш көрсетіп тұрған амалдың мезгілін айтып, екінші, орнын айтып, үшінші, сынын, сыйқын айтып, төртінші, себебін айтып, бесінші, мақсатын айтып пысықтайды. Сондықтан пысықтауыш сөздердің өзі бес топқа бөлінеді. Жана да әр тобы өзінің пысықтау мәнісіне қарай: Мезгіл пысықтауыш; Мекен пысықтауыш; Сын пысықтауыш; Себеп пысықтауыш; Мақсат пысықтауыш деп аталады. Амалдың мезгілін мекенін, сынын, себебін, мақсатын көрсету бұл пысықтауыш сөздердің ішкі белгілері, бұлардан басқа тысқы белгілері де бар. Әр пысықтауыш сөздің өз алдына жауап беретін сұраулары бар. Олар тысқы белгісі болады. Қай пысықтауыш екенін ішкі, тысқы белгілерімен тауып аламыз.

Мезгіл пысықтауышы

Мезгіл пысықтауышы амалдың мезгілін көрсететін сөз болғандықтан, «қашан?», «қай уақыт?» (жалғаулы-жалғаусыз) сұрауларға жауап береді. Мезгіл пысықтауышы болатын сөз таптары:

Әуелі — мезгіл пысықтауышы болатын — мезгілдік үстеу.

Мысал: Мана қар жауды. Не жауды? — қар. Қар не етті? — жауды. Қашан жауды? — мана.

Екінші — мезгіл пысықтауышы болатын — мезгілдік үстеуге айналған зат есім. Мысал: Ертең боран болар. Не болар? - боран. Боран не етер? - болар. Қашан болар? — ертең.

Үшінші — мезгіл пысықтауыш болатын — мезгілдік үстеуінің орнына айтылған зат есім.

Мысал: Хатшы күні бойы жазды. Кім жазды? хатшы. Хатшы не қылды? - жазды. Қанша уақыт жазды? - күні бойы.

Төртінші – мезгіл пысықтауыш болатын – зат есім жана да сан есіммен косылып екеуі.

Мысал: Оқу он сағатта басталды. Не басталды? – оқу. Оқу не қылды? – басталды. Қай уақытта басталды? — он сағатта.

1-інші мысалда — «мана», 2-інші мысалда — «ертең», 3-мысалда — «күні бойы», 4-інші мысалда — «он сағатта» деген сөздер болған амалдың мезгілін көрсетіп тұр. Жана «қашан?», «қанша уақыт?», «қай уақытта?» деген мезгіл пысықтауыштың сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер мезгіл пысықтауышы болады.

«Мана» - мезгілдік үстеу, «ертең» - мезгілдік үстеуіне айналған зат есім, «күні бойы» — мезгілдік үстеу орнына айтылған зат есім, «он сағатта» дегеннің - оны — сан есім, сағаты — зат есім.

Мекен пысықтауышы

Мекен пысықтауышы амалдың орнын көрсететін сөз болғандықтан, «қайда?», «қайдан?», «қалай?» деген сұрауларға жауап береді.

Мекен пысықтауышы болатын сөз таптары:

Әуелі — мекен пысықтауышы болатын – мекендік үстеу.

1) Мысал: Атты әрман бара жатыр. Кім бара жатыр? - атты. Атты нешік? - бара жатыр. Қайда бара жатыр? — әрман.

Екінші - мекен пысықтауышы болатын — мекендік үстеуге айналған зат есім.

2) Мысал: Тыста тықыр естілді. Не естілді? — тықыр. Тықыр не қылды? — естілді. Қайда естілді? — тыста.

Үшінші - мекен пысықтауыш болатын — зат есім өз қалпында.

Мысал: Қапаш қалаға кетті. Кім кетті? — Қапаш. Қапаш не қылды? — кетті. Қайда кетті? — қалаға.

Төртінші — мекен пысықтауышы болатын — мекен үстеуіне айналған есімдік.

Мысал: Мұқан мұнда келді. Кім келді? — Мұқан. Мұқан не қылды? — келді. Қайда келді? — мұнда.

Бесінші — мекен пысықтауышы болатын — үстеу орнына айтылған есімдік.

Мысал: Оспан осыннан аттанды. Кім аттанды? — Оспан. Оспан не қылды? — аттанды. Қайдан аттанды? — осыннан.

Алтыншы — мекен пысықтауышы болатын — үстеуге айналған зат есім.

Мысал: Қонақ тысқа шықты. Кім шықты? – қонақ. Қонақ не қылды? — шықты. Қайда шықты? — тысқа.

Жетінші – зат есім мен үстеуге айналған көсемше қосылып мекен пысықтауышы болады.

Мысалы: Қалашы елге қарай бұрылды. Кім бұрылды? — қалашы. Қалашы не қылды? — бұрылды. Қалай қарай (қайда) бұрылды? — елге қарай.

1-інші мысалда — «әрман», 2-інші мысалда «тыста», 3-інші мысалда «қалаға», 4-інші мысалда — «мұнда», 5-інші мысалда — «осыннан», 6-ыншы мысалда — «тысқа», 7-інші мысалда — «елге қарай» деген сөздердің бәрі амал орнын көрсетіп тұр жана «қайда?», «қайдан?», «қалай қарай?» (қайда) деген мекен пысықтауыштың сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер мекен пысықтауышы болады.

«Әрман» — мекендік үстеу, «тыста» — мекендік үстеуіне айналған зат есім, «қалаға» — зат есім, «мұнда» — мекендік үстеуге айналған есімдік, «тысқа» — үстеуге айналған зат есім, «елге қарай», «елі» — зат есім, «қарайы» — үстеуге айналған көсемше.

Сын пысықтауышы

Сын пысықтауышы амалдың сынын көрсететін сөз болғандықтан, «қалай?», «қалайша?», «қайтіп?» деген сұрауларға жауап береді.

Сын пысықтауышы болатын сөз таптары: Әуелі – сын пысықтауыш болатын – сынаулық үстеулер.

Мысал: Тазы түлкіге әрең жетті. Кім жетті? – тазы. Тазы не қылды? – жетті. Кімге жетті? – түлкіге. Қалай жетті? – әрең.

Екінші – сын пысықтауыш болатын – үстеу орнына айтылған зат есім.

Мысал: Құс ұшар жүйесімен аспандағы. Не ұшар? — құс. Құс не қылар? – ұшар. Қай құс? — аспандағы. Қалай ұшар? — жүйесімен.

Үшінші – сын пысықтауыш болатын – үстеуге айналған зат есім. Мысал: Бала шалқасынан құлады. Кім құлады? — бала. Бала не етті? — құлады. Қалай құлады? – шалқасынан.

Төртінші – сын пысықтауыш болатын — үстеу орнына айтылған зат есім. Мысал: Әскер жаяу жүрді. Кім жүрді? — әскер. Әскер не етті? — жүрді. Қалай жүрді? – жаяу.

Бесінші — сын пысықтауыш болатын – үстеуге айналған есімдік. Мысал: Омар олай ойламады. Кім ойламады? – Омар. Омар не қылды? — ойламады. Қалай ойламады? — олай.

Алтыншы — сын пысықтауыш болатын — сан есім. Мысал: Балшы ноқатын төрт-төрттен санады. Кім санады? — балшы. Балшы не қылды? – санады. Нені санады? — ноқатын. Қалай санады? — төрт-төрттен.

Жетінші — сын пысықтауыш болады — көсемше.
Мысал: От саулап жанды. Не жанды? — от. От не қылды? — жанды.
Қалай жанды? — саулап.

1-інші мысалда — «әрең», 2-інші мысалда «жүйесімен», 3-інші мысалда — «шалқасынан», 4-інші мысалда — «жаяу», 5-інші мысалда — «олай».

6-ыншы мысалда — «төрт-төрттен», 7-інші мысалда «саулап» деген сөздер амалдың сынын көрсетіп тұр жана да «қалай?» деген сын пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер сын пысықтауышы болады.

«Әрең» — сынаулық үстеу, «жүйесімен» — үстеу орнына айтылған сын есім, «олай» — үстеуге айналған есімдік, «төрт-төрттен» — сан есім, «саулап» — көсемше.

Себеп пысықтауышы

Себеп пысықтауышы амалдың себебін көрсететін сөз болғандықтан, «неден?», «неге?», «неліктен?», «не себептен?» деген сұрауларға жауап береді.

Әуелі — себеп пысықтауыш болатын зат есім. Мысал: Атасы аштан өліпті. Кім өліпті? — атасы. Атасы не қылыпты? — өліпті. Неден өліпті? — аштан.

Екінші — себеп пысықтауыш болады — есімше. Мысал: Бала ұялғанынан қызарды. Кім қызарды? — бала. Бала не қылды? — қызарды. Не себептен қызарды? — ұялғанынан.

Үшінші — себеп пысықтауыш болатын — үстеуге айналған есімдік.

Мысал: Сондықтан от жанбады. Не жанбады? — от. От не қылды? — жанбады. Неліктен жанбады? — сондықтан.

1-інші мысалда — «аштан», 2-інші мысалда — «ұялғанынан», 3-інші мысалда — «сондықтан» деген сөздер амалдың себебін көрсетіп тұр жана да «неден?», «не себептен?», «неліктен?», деген себеп пысықтауышының сұрауларына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер себеп пысықтауышы болады.

«Аштан» — зат есім, «ұялғанынан» — есімше, «сондықтан» — үстеуге айналған есімдік.

Мақсат пысықтауышы

Мақсат пысықтауышы амалдың мақсатын көрсететін сөз болған соң, «неге?», «не үшін?» деген сұрауларға жауап береді.

Мақсат пысықтауышы болатын сөз таптары:
Әуелі — мақсат пысықтауыш болатын — етістік.

Мысал: Жұрт өлең тыңдауға жиылды. Кім жиылды? — жұрт. Неге жиылды? — тыңдауға. Не тыңдауға? — өлең.

Екінші — мақсат пысықтауыш болатын — етістіктен есімге айналған жана да «үшін» жалғаулық қосылған сөздер.

Мысал: Жігіт қыз таңдау үшін жүріпті. Кім жүріпті? — жігіт. Жігіт не қылыпты? - жүріпті. Не үшін жүріпті? - таңдау үшін. Не таңдау үшін? — қыз.

Үшінші – мақсат пысықтауыш болатын – зат есім.

Мысал: Біреу танысына қонаққа барыпты. Кім барыпты? — біреу. Біреу не қылыпты? — барыпты. Кімге барыпты? — танысына. Неге барыпты? — қонаққа.

1-інші мысалда «тыңдауға», 2-інші мысалда — «таңдау» (үшін), 3-інші мысалда — «қонаққа» деген сөздер амалдың мақсатын көрсетіп тұр жана «неге?», «не үшін?» деген сұрауларға жауап беріп тұр. Сондықтан бұл сөздер мақсат пысықтауышы болады.

«Тыңдауға» етістік, «таңдау» есімге айналған етістік, «қонаққа» — зат есім.

Бұратана сөздер

Бұл айтылған сөйлем мүшелерінен басқа сөйлем маңайында жүретін бұратана сөздер болады. Ол бұратана сөздер екі түрлі. Бір түрі сөз арасына керек жерінде қыстырыла айтылатын сөздер. Бұлар қыстырма сөз деп аталады. Қыстырма сөздер сөйлем ішіндегі басқа сөздерімен үйлеспейді, байласпайды. Алып тастағанда орны ойсырай қоймайды.

Екінші түрі сөз бетін біреуге қарата, қадап сөйлегенде айтылатын сөз. Бұлар қаратпа сөз деп аталады.

Бұлар да сөйлем ішіндегі басқа сөздермен үйлеспейді, байласпайды.

а) Қыстырма сөз

Ауру, әрине, жақсы нәрсе емес. Әзірге, шүкір, жаман емеспіз. Бұл сөйлемдерге қыстырылып айтылып тұрған қыстырма сөздер «әрине» мен «шүкір» деген сөздер. Бұлар басқа сөздермен үйлесіп, байласып тұрған жоқ, құр қыстырылып тұр. Оны алып тастағанда, сөйлемге келе қоятын кемшілік жоқ. Мәселен: «Ауру жақсы нәрсе емес» десек немесе «әзір жаман емеспіз» десек, «әрине» мен «шүкір» деген сөздердің орны үңірейіп жоқтығы сезіліп тұрған жоқ.

б) Қаратпа сөз

Қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда! Сөз тыңдаңыз, әлеумет! Әй, Әлжан, қайда барасың? Құдай, онда! Онға баста... Мұнда қаратпа сөз болатындар: «қызым», «келінім», «әлеумет», «Әлжан», «құдай», үйткені сөз беті соларға қаратылып айтылып тұр.

Сөйлем мүшелерін айыруға керек сөйлем мысалдары:

Сөйлем мүшелерін айырту жүзінде сөйлем мысалдарымен үш түрлі іс істеледі: 1) Өлеңмен жазылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру. 2) Сөйлем ішіндегі мүшелерін айырту. 3) Сөйлемнің қажет болған түрлерін оқушылардың өзіне тапқызу.

Ат арыды, тон тозды. Бұлт шықты, жел күшейді, дауыл болды, күн жауды. Күн батты, ымырт жабылды. Қасқыр шапты, қой үрікті, ит шулады. Егін шықты, астық арзандады, ел тоғайды.

Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады. Жомарт жоқтығын білмейді, жүйрік тоқтығын білмейді. Жақсы жатырқамайды. Аңқау андамайды, әңгі тындамайды. Жалқау жаратпайды. Ауру аздырады, суық тоңдырады. Үлкен бастар, кіші қостар. Ескі жаңа болмас, жаман жақсы болмас. Шірік шірітеді, бұзық бүлдіреді.

Біреу екеу болмас, екеу үшеу болмас. Аларманға алтау аз. Жүзді мың жығады. Түгел төртеу, ала алтауды алады. Қырықтан елу көп. Біріншісі берді, екіншісі алды.

Мен келдім Мырзалының ордасына. Сен маған қарамадың. Ол саған атын бере алмайды. Өзім бара алмадым, сөзім жете алмады. Олар көшіп кетті, біздікі еру қалды. Өзі жығылған өкінбейді. Еттің бәрі қазы болмас, иттің бәрі тазы болмас. Бұлар бүгін жүреді, олар ертең кетеді.

Сөздің расын айтпақ керек. Көпке ұнамақ қиын. Ат ұстаған азабынан құтылар. Асыққан жетпес, бұйырған кетпес. Ас қадірін ашыққан білер, ат қадірін асыққан білер. Беруші бесті қимайды, алушы алтыны азсынады. Ескерген ескі асынан сақтайды. Ұялған тек тұрмас. Атқанның құсын жатқан байланар. «Тағы» жуан айтылады, «әбден» жіңішке айтылады. «Тіпті» — нықтаулық үстеу, «адамша» - сынаулық үстеу. «ма», «ба» сұрағанда айтылады. «да» екі мағанада айтылады. Отырғандардың құлағына «ойбай» естілді. «Айтақ» қойылды, «аттан» естілді. «Шәуім-шәуім» — одағай арқылы — жалғаулық «менен» — мен болған «таман» жақындауды көрсетеді. «Көрдім» деген көп сөз, «көрмедім» деген бір сөз.

Ашу — кәпір, ақыл — дос, ақылыңа ақыл қос. Жақсы сөз сүйіндіреді, жаман сөз күйіндіреді. Ақымақты үйрету — өлгенді тірілту.

Оқу түбі – тоқу, өнер алды – қызыл тіл. Тыймаған ауызда бәле бар. Тіл қылыштан өткір. Адам сөзінен жазар, сиыр мүйізінен жазар. Жүздің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал. Тауды, тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар. Тамақ тоқ, көйлек көк, уайым жоқ. Аузы жаман елді былғар, аяғы жаман төрді былғар. Жастық — мастық. Оңқа ойын бұзар, тентек жиын бұзар. Жаман еркек той бұзар, жаман әйел үй бұзар. Елсіз көлге бақа айғыр. Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы. «Ел біледі» деген күлер, «өзім білем», деген бүлер. Ел құлағы елу. Алдыңғысы алты, кейінгісі жеті. Сөйлеген – мен, тыңдаған сен. Берген — өзі, алған — өзі, Малың — анау, ұрың — мынау. Сан сұрауы «неше?», сын сұрауы «қандай?». Дәйекшілі үстеу - «әрі», дәйекшісіз үстеу – «бері». «Ол»-дан туған олай, «бұл»-дан туған бұлай, «сол»-дан туған солай. «Білемін» деген «бүлемін» деген. Жомарт ер жоқтығын білмейді, жүйрік ат тоқтығын білмейді. Ит тойған жерін іздейді. Ер туған жерін іздейді. Жүк ауырын нар көтереді, қаза ауырын ер көтереді. Жақсылыққа жақсылық - әр кісінің ісі-ді, жамандыққа жақсылық — ер кісінің ісі-ді. Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді. Бітімі жаман қамысты су ішінен өрт шалар, туысы жаман жігітті түйе үстінен ит қабар. Есек семірген күні иесін тебер. Жақсының шарапаты тиер тар жерде, жаманның кесепеті тиер әр жерде. Жақсы жүрген жеріне кент салады, жаман жүрген жеріне өрт салады. Жорға жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады. Жаман ерден жайдағым жақсы, жаман қатыннан бойдағым жақсы. Өзі ұры жұрттың бәрін ұры дейді, өзі қар жұрттың бәрін қар дейді. Өзі өле-өлгенше ақпын дейді. Көп жортқан түлкі терісін алдырады. Алдырған анасының қойнын ашады. Шығасыға иесі басшы болады. Халқы жаманның биі азады, қатыны жаманның үйі азады. Жанын аямаған жау алады, малын аямаған дау алады. Сөз жүйесін табады, мал иесін табады. Шоқпарды сала алмаған өзіне тигізеді. Тау белгісі тасында, бай белгісі асында. Ақыл мен жан — мен өзім, тән — менікі. Мені мен менікінің мағынасы екі. Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан.

Бұл тойда топтан озған мен айтамын. Сөйлемес бөтен қазақ мен тұрғанда. Аузымда тәңірі берген жел тұрғанда. Той қылмақ бұл дүниенің зейнеті еді. Бір баланың зарынан жиын тойға бармадым. Құлдан көрдім қорлықты, жалшыдан көрдім зорлықты.

Майқара Қарасайға бітер қалың. Қошалақ семіртеді арғын малын. Қарасай Қошалақты мекен еткен. Бір жылы Кенесары ағаларым, қаңтарда Қошалақты мекен еткен, Жайлауға Торғай суын көктей өткен. Қарасай, Қошалақтың қара отына, Наурызбай, Кенесары мал семірткен. Қасында Төлеңгіті жүз қаралы үй. Жігіттің айтқаны өлең, тартқаны күй. Кәсібі — жортуылдан мал әкелу. Қанына жақсы ат тартқан алады сый. Жиылған

атақты аттар талай жерден, Барлығы асқан жүйрік тайпалы елден. Бір күні бір үш жігіт атқа мінген. Тұсаулы жауыр торы оттап тұрған. Желқом ер жерде жатыр басы сынған. Үшеуі жөнеледі елге таман, бір жігіт, бір ат олжа, өздері аман. Үшеуі бишараны ортаға алған. Қарасай ел жағына кейін салған. Біз сені Кене ханға апарамыз. Тайынан бұл торымды бағып едім. Үкіні құйрық, жалға тағып едім. Түн қатып үш-төрт күндей олар жүрді. Еліне хан Кененің жақын келді. Үшеуі ол жігітке жауап берген. Хан Кене зекет алады көшкен елден. Жатпайды жігіттері ханның текке. Жолыққан жортуылшы шығар шетке. Семізін келген малдың сойып жеген. Олжада жетім-жесір малдан артық: келеді халқы олардың тарту тартып. Халыққа Кене жатыр қорқу салып. Төңіректе ел қалмады бағынбаған. Бақыты Кене ханның қабындаған. Бұл күнде күшті боп тұр Кенесары. Кенеге бағынған ел қойдан жуас, Қыстауға Жыланшыққа мекен салдық. Биыл қыс қатты болды, жұтап қалдық. Жаппаста Жылгелдінің баласы бай. Айдарға мал, артарға атаны сай. Бесінде бұл төртеуі елге келді. Алыстан ел қарасын көзі көрді. Жайылған Қарасайды жүзқаралы үй. Бишара тұтқын жігіт ой ойлайды. Ортада қатар тіккен үш ақ орда. Алыстан көрінеді жігіт сорға. Үй сайын байлаулы ат, қара найза. Белдеуде қыстырылған бір-бір дорба. Далада Кенесары жүрген екен. Төртеуін Кенесары көзі көрді. Айтады сонда тұтқын: Алдияр, хан! Қорқады қаһарыңнан неше мың жан. «Ерлікпен мені байлап алдым» деген, тақсыр-ау, жігітіңнің сөзі жалған. Мен, тақсыр, ұйықтаймын деп ғапыл қалдым. Үшеуің қандарыңа өтірік айтпа. Жерімде ұйықтап жатқан байлап алдың. Қапы қалдым, атыма міне алмадым. Білекке қылышымды іле алмадым. Тақсыр-ау, астымда атым жүйрік желден. Жарыста озушы едім қалың елден. Мақтаған тұтқын жігіт осы ма атың? Әлгі желден жүйрік асыл затың? Мәстекті тайыншадан оза алмайтын, жібермес жүйрік десең ердің датын. Жүйрік жоқ алты алашта торы атымдай. Баяғы қолда ықтияр тұрған күнде. Атыма алмаушы едім екі жүз тай. Не пайда! Торы атыммен қаша алмаймын. Елестеп белден белге аса алмаймын. Кене хан Ордасына қарай жүрді. Арқанда жауыр торы тойып алған. Қызарып күнбатысқа күнде барған. Қызарып таң атады шығыс жақтан. Көрсетті күнде нұрын шашыратқан. Құйынған шық суына шалғын мен қау. Терлеген орман ағаш, бақшамен бау. Биік шарлап ұшады бозторғайлар. Түндік жабық, киіз үй іші самал. Қорада қыймылдас бір қара мал. Бәйтөбеттер ұйқыда: дыбысы жоқ. Тәтті ұйқыда барлығы жаралғанның, естілмес дыбысы шығып жалғыз жанның. Күн сәске көтерілді сағым жүріп. Желге үйездеп тұр жылқы келіп. Түндігі Кене ханның ашылады. Халыққа хан жарлығы шашылады. Аты жүйрік талапкер қусын дейді. Кене хан бір тұтқынды қашырады. Бір шаншып жеткен жерде жоқ қылуға. Найзасын өткір қылып

қайраған бар. Хан үшін ту түбіне жайған кілем. Патшайы көрпе төсеп қойған білем. Торы атқа тұтқын жігіт қамшы басты. Ілезде жауыр торы белден асты. Қырық адам бір адамды қуып кетті. Шандағы шапқан аттың көкке шықты. Қуғыншы кешке жақын қайтып келген. Жүйрігін жауыр аттың айтып келген. Сәске түсте киіз үй іші салқын. Салқын қымыз қыздырар қазақ халқын. Сыйлы-сыйлы Кененің жігіттері жиылысқан. Ордаға ердің бәрі. Хан атасы төрде отыр Өтетілеу, босағада топталған нөкерлері. Осындай әурелікпен жаз өтеді. Қараңғы түндері ұзақ күз жетеді. Ауылдың жігіттері кезек-кезек, қасқырдан қойды түнде күзетеді. Арқаннан Құбақанды шешіп алдым. Қойшының желқом ерін оған салдым. Өткен қыс Жайық бойын жағаладым. Жаппасым, сөйлер сөзге кен екенсің. Еліңнен шығып жүрген ер екенсің. Арамза аңқау елге заңқой болған, Кеншімбай деген молда сен екенсін. «Көпті сөкпе, кенді төкпе» деген қайда? Байқадым өнеріңді сен екенсің. Атаңыз есітемін қара көзді. Айтасың маған неге жаман сөзді? Жүсіпбек, Төрекемен асқан заңға. Жүргенде жол бермейді тірі жанға. Жақсысын сіздің елдің көріп жүрмін. Тең келер осыларға кісің бар ма? Жаппасым, сен мақтама Мырқыңызды. Әуелі Мырқы бұзған ырқыңызды. Жаппасым, мен де айтайын бас адамды, мақтайсың қай-қайдағы нас адамды.

Ит жаманы иесін қабар. Қара таудың басынан көш келеді. Қара көзден мөлтідеп жас келеді. Үш жүзге біздің қазақ бөлінеді. Осылай шежіреден көрінеді. Болмайды кемшіліксіз ешбір халық. Бәрінен кейін қалған қазақ анық. Басқа жұрт біз секілді жалқау емес. Ғылыммен қараңғыны етер жарық. Оқуға жұрттың бәрі емес құмар. Айырсын оқушылар мағанасын.

Сатады қызды қазақ мал орнына. Ол Кебек мықты болған жас басынан. Тоқаң да тастамайды өз қасынан. Он бесінде Кебектің аты шықты. Мың қарға залал қылмас бір сұңқарға. Әкімдер жаңа өспірім жастан болды. Басына ұрылардың бостан болды. Әуелі қор болғанның бірі билік. Мен көрдім неше жүйрік даналарды. Орысша жазуларын көрді көзің. Жүректі ұйықтап жатқан ән оятар. Құдая, құдіретіңе таң қаламын. Жолында бір ғашықтың зарланамын. Ішімді ғашық оты күйдіреді, сыртыма шығаруға арланамын. Ақ ерке алма мойын, қалды кейін. Қолымнан жібек баулы ұшты тұйғын. «Татбир жоқ тағдырына» деген мысал. Дүниеде айырылмаған кімнің досты? Қайғанда Жақып ұлы Жүсіп өткен. Жүсіпке Зылиқаны ғашық еткен.

Ғашыққа қапа көрмек бастан тағы. Ой түспек бір-біріне достан тағы. Мақсатын осылардың етті қасыл. Әуелде тағдыр құда қосқан тағы. Ғазиза, хат жазамын, жаным сізге. Біраз күн бара алмадым себеппенен. Өлеңмен білдірейін қалым сізге. Досыңның екі болмас айтқан серті. Түбінде

терезенің «көкек!» деген: «Қам қалма – бастан дәурен өтеді» деген. Қарағым, сапар шектің бөтен елге. «Қош» айту қиын болды кетер жерде. Бұл жерде қатар жүрген төртеу едік. Төртеуіміз мәжілістің көркемі едік. Төртеуіміз келуші едік күнде кешке, ақ сұңқар бала ителгі аршын төске. Қарағым, бөтен елге сапар шектің, досыңды бірге жүрген зар еңіреттің.

Қуаныштың ақыры болды мұндай. Алдымнан қарсы келдің ханзада қыз! Әр өнер, еркем, сізден табылады. Құрбыңыз еске алғанда сағынады. Жамандар ақылынан жаңылады. Ішім толып барады қайғыменен. Айырылмаспын деуші едім сүйгенімнен. Басымда тұр бар қайғы дүниедегі, өлеңменен айтамын күйгенімнен. Ел іші өсек, ғайбат қаптап жүрген. Жаманның етек-жеңі тар сықылды. Сүйеді жамандарды кейбір сабаз, бүгінді аудармайтын нар сықылды. Сипаған сиыр білмес қызметінді. Сыйлаған жаман білмес құрметінді, әрқалай бір сияпат еткен жаман, болады атқарғандай міндетінді. Кейбіреу сөйлейтұғын от басында, ол күні ешбір жан жоқ оған теңдес. Құр кеуде көтергенмен ұзамайды. Үйдегі түздегімен тура келмес. Мен, жасымнан атандым Мұса Жаяу. Жақсылық жамандықпен тұрсын таяу. Шорманның Мұстапасы атымды алған, Сол себептен атандым Мұса Жаяу. Кенесары, Наурызбай-хан Абылай баласы. Әуелі мекен қонысы – Көкшетаудың панасы. Жазғы жайлау өрісі – о да соның даласы. Өңшең бұзық, қанішер, қасына ерген қарашы. Ақырында не болды? Қырғыздан жетті қазасы. Кенесары ер болды. Ел ішінде бір болды. Асуы қиын бел болды. Қарсы келген адамның, көзінің жасы көл болды. Алатаудың жырасы қазулы дайын көр болды.

Күмісті садақ, алтын оқ Кенекем жауға жолықты. Асаулар үзер шідерді. Кене хан үзді күдерді. Қабағы ханның түнерді. Қырғызға көше үдерді. Оңайлықпен қазаққа, Асуын қырғыз бермеді. Қарабалта Соққылық аңғарына шаң асты, қырғыз, қазақ екі жар — жалғыз жолға таласты. Сол уақытта Хан Кене ақылынан адасты. Ойдан атқан зеңбірек тау басына жетпеді. Ей, Бұғабай, Бұғабай! Амал тапшы бұған-ай! Былтыр өзің келгеннен, ханның алдын жарлығын. Тайғақ кешу тар жолда. Қолдың алдың жабдығын. Бір ізіңнен жүргіздің үш алаштың барлығын. Қысылғанда әрқашан, білінуші еді нарлығын. Осы сапар, Бұғабай, қырғыздың көрдім құрығын. Қырғызға лық, толыпты. Басытау мен төбенің. Салатұғын алдыма Бұғыбай басшы ер дейді, адыра қалғыр Алатау! Асуы қиын бел дейді. Кене хан сонда сөйлейді. Кетпесін жауға ар дейді. Қолдағы өңшең батырдың. Іріктеп бәрін ал дейді. Екі-үш жүздей батырмен, ойранды барып сал дейді. Қиын жерде қандарға, болады көмек қарашы. Қысылған жерде әркімнің, болады Алла панасы. Аз кісіге жақсы ғой, Алатаудың арасы. «Мақұл» деді Хан Кене Наурызбайдың сөзіне. Сол

уақытта Науанның, жан көрінбес көзіне. Отыз жігіт жөнелді, тамам қолдың бектері. Наурызбай кетті бектермен, тау басына барғалы. Тау басына қырғыздың қамалын бұзып алғалы. Кенесары бастығы, етекте тұрып қалғалы. Талап қылып ұрынды, тыңнаң бір жол салғалы. Қол көрінбес шаң болды. Алатаудың арасы. Қара ағаштай көп қазақ, ханға болдың қарашы. Ойда Қоқан, қырда орыс, әкім болды қаласы. Кімнен таяқ жегендей, біздің қазақ баласы, алдырып жүрген дұшпанға, өз аузының аласы. Дін мұсылман баласы! Бірге міндік кемеге, үш алаштың баласы. Байұзақ датқа түсінді. Бұл жауаптың тегіне. Ханның көңілі соғып тұр. Тыңнан бір жол салуға. Қалайда енді бет қойды. Тау басына баруға. Ұят шығар төреден, бөлініп кейін қалуға. Осыны айтып Байұзақ, қамшы болды нөкерге. Талап қылды Байұзақ, бір басшылық етерге. Түсе қалдық бәріміз. Жабыр-жұбыр қол қойдық. Жасымыз бен кәріміз. Тау басынан шу шықты. Отыз көкжал бөрімен, Наурызбай төре ол шықты. Болжал-болжал көрінер: Жау жоғары, біз төмен. Жеткен екен қамалға Наурызбай сынды сұр перен. Қарқарадай астында Байұзақ берген Көкдөнен. Күншығыс жаудың шетінен, Қамалға кірді көлденең. Өр қояндай бұлтиған, Көкдөнен ат астында, Көрұғлыға бергісіз отыз көкжал қасында Наурызбайдың ерлігін, Қырғыз, қазақ сөкпеді. Төренің алдын орады. Жаяу мерген төккелі. Алып шықты үш жүзден, айғыр менен биесін. Бөліп берді бәріне сыбағалы тиесін. Абылай аспас асуға Кенекем дүкен құрғаны, Кенекем келді біз үшін, үш алаштың қорғаны. Аянбай бүгін іс көрсет, Таманың батыр Құрманы. Денедегі шыбын жан ар намыстың құрбаны. Жар бола гөр, біздерге. Атамыз өткен Абылай! Сендер едің қанатым. Меңдібай, Дулат, Ағыбай! Дабылың асқан үш жігіт. – Шәкір, Жәуке, Төлебай. Ұмтылыңдар, ерлерім! Екі жүз үйдің мекені – Ақсудың аяқ саласы. Сегіз мыңдай бар еді. Соңғы қолдың шамасы. Он екі мың әскердің көбі Дулат халқы еді. «Егескенді мұқатпақ — Кене ханның салты еді. Мерген тұтқан ұлығы. Мәделі деген сарт еді. Ақауыз деген арғымақ. Мәделі берген ат еді. Қара қыстау шүңгірге. Ығысқан қырғыз қамалды. Қазақтың қолы сыймайды Алатаудың бауырына. Дулатты хан айдады. Өшіккен қырғыз жауына. Түсіп жатыр ен қырғыз Кене ханның ауына. Он мың кісі ат қойды Кекіліктің тауына. Бұл сапарда жар болды, Хан Абылай бабасы. Қырғызға лық толыпты, Алатаудың арасы. Ей, Наурызбай, ер төрем, Қарайып, жүрмін қаныма. Не жазығым бар еді, Кенесары ханыңа. Алмаған ары қалды ма, Қырғызда оның тағы да. Абылайдың тұсында қылған ісің жөн келген. Қыстай шаптың елімді. Малымды салдың телімге. Балалы арқар баурайда, баласыз арқар маңырайды. Мейрімсіз мұнша не қылдың: Көп мұсылман зарлайды. Не себептен Қан кене қырғызға мұнша өшікті. Ақ қалпақты қырғыздан Қазаққа берді несіпті. Жақсы айтасың, Кәрібоз, тату

едік сенімен. Сен білмейсің, Кәрібоз, мойнындағы жаранды. Тіпті де үміт қылмаймын, сендегі қатын баладан! Жолығыпты аңсызда, Ержан батыр аранға. Енді мұнда тақсыр Хан, тұрмағымыз арамды. Қолға толды Самсамен, Қызылсудың кемері. Шығар мезгіл таянды, ат пен ердің өнері.

Бедер кірді майданға, Қырғыздың бір баласы. Батырлардың майданда, қызбас болды ойыны. Қайғыға толды бұ сапар, қазақтардың қойыны. Сегіз кісі жөнелді, Наурызбайдың соңынан. Шабалмайды қазақы ат, тас пен таудың тоңынан. Бедер менен Наурызбай, жақындасып барысты. Астарына мінген ат, ауыздықпен қарысты. Ат үстінде алысты, найзаменен «салысты. Бір-біріне жабысты, керегедей қабысты. Бедер барып жығылды. Күрең қасқа аттың сауырынан. А, құдайлап шулады, үш алаштың баласы. Шанышқан екен Наурызбай, Ер Бедерді жүректен. Науан бұ жол ағытты, ерлігінің тиегін. Кене хан қақты иегін, Бұқарбай батыр әкелді, ер Бедердің сүйегін. Олжа Болат баласы Ораз кірді майданға. Ер Бедердің артынан. Баяғы сөзден Ағыбай Қарайған екен қанына. Әзір оңға қарап тұр. Наурызбайдың жұмысы. Әзір аса біткен жоқ хан Кененің тынысы. Қара ала атты бір қырғыз, Жанқараш бектің інісі, Жекелеп кірді майданға. Батыр екен мұнысы. Наурызбай қарсы шабады. Жеке шыққан батырға хан иек қақты нөкерге. Алдында әскер жоқ болды. Зеңбіректің аузына Селдірсирек дөп келді. Сегіз кісі ұшырды. Селдірсирек шетінен. Бір атты атып ұшырды Қолдың арғы бетінен, Көңілі бітті Науанның. Тұз татырған еріне. Науан тағы жөнелді Таудың төскей өріне. Жөңкіліп жүрген қырғыздың Наурызбай үстін қаптады. Жалғыз барған төрені бәрі тегіс атқаны. Лап қоя шапты қырғыздар, Мергеннің атын бергелі. Аллалап жүрген қырғыздың желі туды оңынан. Ай мүйізді қошқардың бөрі тартты қоңынан. Мұрттай ұшты Ақауыз бір мылтықтың оғынан. Наурызбайға лап қойды, Қалың қырғыз шоғынан. Қызылсу мен Дауанның аңғарынан шаң асты. Төреден қазақ адасты. Қырғыз, қазақ екі жақ – Наурызбайға таласты. Қияда жүрген Бұқарбай атына қамшы бір басты. Бұл екеуін қорғауға Ағыбай сыртын айналды. Бұқарбай мен Наурызбай мінгесулі бір атқа, Бұлардың қолы байланды. Жалғыз өзі Ағыбай, қорғауға әлі келмеді. Қолындағы жарағын оңды-солды сермеді. Атасы данды — Абылай Бұқарбай мен Науанға. Өшікті қырғыз жабылды-ай. Кертайлақ атты жеткізді. Жәуке менен Төлебей. Шұбыртпалы Ағыбай. Талайды шанышты жүректен. Ала бір таудың жылғасы, Бауырында ойнар құлжасы. Тар жерде жолдас болады. Ерлердің найза құрдасы.

Белсеніп жауға шабады. Жігіттің жанға мырзасы. Сүйегімнен бұл таңба өле-өлгенше қалмайды. Мен айтайын бір мысал. Төрелер мен қазаққа жақындады бір қысаң. Ержан түсті қырғызға, О да болды бір нысан. Ендігі жерде сөйлейін. Болған істі бастағы. Жұрттан бұрын

Нысанбай. Жоқ сұмдықты бастады. Қобызы қалды қосшыда, Түзеді бетті қашқалы, Өз басын ғана құтқармақ, Ойламады басқаны. Бұл сапары қазақтың. Болмады қабыл тобасы. Рүстем мен Жуатай — Төренің нағыз баласы, Үндес болды қырғызбен. Он екі мың дулатты, қашырды түнде расы. Қазақтың көбі қырылды. Мойнына болсын жазасы. Сол барғаннан төрелер. Елге қайтып келмеген. Топшысынан үзілді. Екі бірдей қанатым!

Пайда үшін біреу жақын бүгін таңда. Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық. Саналы жан көрмедім, сөзді ұғарлық. Осы күнде осы елде дәнеме жоқ. Байлар да мал қызығын біле алмай жүр. Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр. Естілер де ісіне қуанбай жүр. Қарындас қара жерге тыға алмай жүр. Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр. Жетіліп жаз жайлауға қона алмай жүр. Күз күзеуде жанжалсыз бола алмай жүр. Қыс қыстауың қып-қызыл о бір пәле. Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр. Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр. Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ. Бәрі де шаруаға келеді олақ. Олардың ойында жоқ малын бақпақ. Бір дәурен кемді күнге боз балалық. Жастықта бір күлгенің бір қаралық. Күлкі баққан бір көрер бишаралық. Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер, уайым — ер қорғаны, есі барлық. Қыйысы бұл дүниенің қолы тарлық, е-е-ге елірме, боз балалар! Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық. Алдында уайым көп шошынарлық. Ақыл керек, ес керек, мінез керек. Ері ұялар іс қылмас қатын зерек. Өзін-өзі күндейді. Мәз болады болысың. Арқаға ұлық қаққанға. Өзгелерді біз емес түсірмекші қақпанға. Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге. Көкірегінде болсын көз. Жүрегі айна, көңілі ояу. Сөз тыңдамас ол баяу. Өз өнері тұр таяу. Ұқпасына сөзді тез. Абілет басқан елер ме, сөзге жуық келер ме? Байлаулы емес ақыл-ой. Бай сейілді, бір пейілді. Елде жақсы қалмады. Жөнді-жөнсіз сөз теңеусіз. Бас пен аяқ бір қисап. Кетті бірлік, сөнді ерлік. Енді кімге беттемек. Өтті өмір, қайтты көңілім, Бұл дүниенің ісіне. Түсті мойын, толды қойын, ақты сел. Мен паң едім, Бейғам едім, Ешнәрседен қайғысыз. Тез дерттендім, Кейде өртендім, Кейде мұз. Заман ақыр жастары [бар]. Қосылмас ешбір бастары (бар). Саудасы ар мен иманы. Қайрат жоқ бойын тыйғалы. Күлмендеп келер көздері. Қалжыңбас келер өздері. Қайғы шығар ілімнен. Ыза шығар білімнен, зар шығады тілімнен. Ақыл бітпес дәулетке. Дәулет бітпес келбетке. Бас алқа сөз сенде жоқ. Ел қағынды. Мал сабылды, Ұрлық-өтірік гу де гу, Байы баспақ, биі саспақ. Әулекі аспақ, сыпыра қу. Бұрынғы түсті еске. Көрінбе ел көзіне, әсте қорқақ. Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ. Анда-санда құтырған жаман емес. Жұрт бала: еш нәрсесін тартып алма. Тар жерде жайпалудан танба әр кез. Кеудесі толған қулық ой. Бәрі де пысық езбе емес. Құмары оның айт пен той. Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын. Қазақтың өзге

жұрттан сөзі ұзын. Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін. Көздің жасы жүректің қаныменен ерітуге болмайды ішкі мұзын. Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас. Еңбек қылмас, еріншек адам болмас. Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас. Асаған, ұрттағанға ез жұбанар. Сенімді дәулет емес ол қуанар. Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста, Малға достың мұңы жоқ малдан басқа. Аларында шара жоқ алдамасқа. Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар. Мақтамапты ешкімді бұл күнде көп. Туғызған ата-ана жоқ. Туғызарлық бала жоқ. Толықсып жүрер шама жоқ. Жастарға жаппас жала жоқ, қартаң шалда сана жоқ. Бір сұлу қыз - келіншек, жүр соңында. Деген сөз: «бұқа буға, тентек «дуға». Хан қарық боп түсіп жүр айқай-шуға. Жар тастан қыз құлапты терең суға. Сән, салтанат жұбантпас жас жүректі. Епке көнер ет жүрек сату емес. Есерлер жас қатынды тұтады екен. Мал өмірді жаңғыртпас, Құдай ұрғыр. Құрбыдай қош тұттым жасың мен кәріңді. Ортаға көп салдым өзімде барымды... «Ұяламын» дегені көңіл үшін. Ұсақ қулық бір ғана өмір үшін. Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар. Жаңа сүйгіш адамзат «көрсен қызар». Өзің үлкен, қылығың бала-шаға. Балаша мәз боп жүрсен тамашаға. Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы. Қиыннан қиыстырар ер данасы. Айтушы мен тыңдаушы — көбі надан. Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы. Қазаққа өлең деген бір қадірсіз. Былшырақ көрінеді ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап. Туғанда дүние есігін ашады өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денең. Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен. Өлең деген әр сөздің ұнасымы. Қарны тоқ хаса надан ұқпас сөзді. Көп тойда сөз ұғарлық кісі де аз-ақ. Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, Көкірегі сезімді, тілі орамды. Жаздым үлгі жастарға бермек үшін. Сөз айттым Әзірет-Әлі айдағарсыз. Мұнда жоқ алтын иек сары ала қыз. Батырдан барымташы туар даңғой. Көңіл құсы құйқылжыр шар тарапқа. Салған ән - көлеңкесі сол көңілдің. Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар. Оның тәтті оралған мәні оятар. Баламды медресеге біл деп бердім. Түбінде тыныш жүргенде теріс көрмедім. Келдік талай жерге енді. Кіруге қалдық көрге енді. Күңгірт көңілім сырласар. Сұрғылт тартқан бейуаққа. Жасымда албырт өстім ойдан жырақ. Ой кіргелі тимеді ерік өзіме. Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей. Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр. Жүрегім менің қырық жамау. Қайғысыздың бәрі асау. Алдымызда айла жоқ. Дүниені, көңілім, кезесің. Құлпырған жасыл жер жүзі. Айттым сәлем, каламқас. Саған құрбан мал мен бас. Сенен артық жан тумас. Бір өзіңнен басқаға ынтықтығым айтылмас. Асыл адам айнымас. Сізде сымбат (бар), бізде ықылас (бар).

Сөйлем түрлері

Жалпы түрлері

Болымды сөйлем

Не жайынан да болса болдыра, бар қыла сөйлеген сөйлем болымды сөйлем деп аталады.

Мысал: Еділ бойы тоғай бар, тоғай толған ноғай бар. Бурыл атта бұғау бар, оны да кесер егеу бар. Сом темірге балға бар, сомсынғанға Алла бар. Хас жорғадан тортақ туар, хас батырдан қорқақ туар, хас шеберден шорқақ туар. Сай сайға құяр. Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге мал тұрар. Көп қорқытар, терең батырар. Үлкен бастар, кіші қостар.

Болымсыз сөйлем

Не жайынан да болса болдырмай, жоқ қыла сөйлеген сөйлем болымсыз деп аталады.

Мысал: Жер жұтуға тоймайды, от отынға тоймайды, кісі ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды. Жалғыз ағаш үй болмас, жалғыз жігіт би болмас. Тез қасында қисық ағаш жатпас. Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес. Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ. Сиыр сипағанды білмес, жаман сыйлағанды білмес. Өткен келмес, өшкен жанбас. Түбі бірге түтпейді. Шам жарығы түбіне түспес. Соқыр көргенінен жазбас.

Толымды сөйлем

Тұрлаусыз мүшелері бар сөйлем толымды деп аталады.

Мысал: Өлген келмес, өшкен жанбас. Берген алар, еккен орар. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Көп қорқытады, терең батырады. Арзанның сорпасы татымас. Соқыр көргенінен жазбас. Ағаш көркі — жапырақ, адам көркі — шүберек. Қоянды қамыс өлтірер. Сай сайға құяр, бай байға құяр. Тентек шоқпар жияр. Ат аунаған жерінде түк қалар. Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар. Асыл тастан шығар, ақыл жастан шығар. Алтын, күміс тас болар, арпа, бидай ас болар.

Толымсыз сөйлем

Тұрлаулы мүшесінің біреуі немесе екеуі де жоқ болса, сөйлем толымсыз деп аталады.

Мысал: Ит тойған жеріне, ер туған жеріне. Барымен базар, жоқты қайдан табар. Ақыл жас ұланнан, жүйрік тай құнаннан. Күлме досыңа,

келер басыңа. Асың-асың, асыңа береке берсін басыңа. Асың барда ел таны, атың барда жер таны. Ауру астан, дау қарындастан. Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала. Шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңнан қалған құл емес. Баланы жастан, қатынды бастан.

Жалаң сөйлем

Тұрлаулы мүшелері ғана бар сөйлем жалаң деп аталады.

Мысал: Ел қонды. Ат аунады. Қой маңырады. Аспан ашық. Ет жасық. Қымыз сусын. Көп қорқытады, терең батырады. Үлкен бастар, кіші костар. Өлген келмес, өшкен жанбас. Ат тепті, қасқыр қапты. Ат азар, тон тозар. Отын бар, от жоқ.

Жайылма сөйлем

Тұрлаулы мүшелерінен басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлем жайылма деп аталады.

Мысал: Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады. Қоянды қамыс өлтірер, ерді намыс өлтірер. Сай сайға құяды, бай байға құяды. Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада. Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады. Екі қатын алғанның дауы үйінде, жаман қатын алғанның жауы үйінде. Қатты жерге қақ тұрар. Жүйріктен шабан туады, жақсыдан жаман туады. Қаратаудың басынан көш келеді. Мен келдім Мырзалының ордасына, сөз айттым қасындағы молдасына. Үйіңе сөйлес қылдым кеш уақытта. Кеш мезгіл келе жатты екі кісі. Қазақтың қазақ иісі тұрған шақта. Алаштың баласына керегімсін.

Айтылуына айырылатын түрлері

Айтылу түрлеріне қарай сөйлем төрт түрлі болады.

Сұраулы сөйлем

Сұраулы сөйлем деліп жауап сұралғанда айтылатын сөйлем аталады.

Мысал: Сен тамақ іштің бе? Үйде кім бар? Соншама бұл бидайдың дәні көп пе? Суымды неге былғап ылайлайсың? Мүмкін бе ылайлауға осы арадан? Әкенді алдыңдағы танимысың? Үшеуін асырауға көп керек пе? Осындай елде уақиға азғана ма? Бөшкенің қайсысының пұлы қымбат? Тура жол сонан артық табамыз ба? Мысық жан, бұл жердегі жұрттар қандай? Залалдан басқа нәрсе істедің бе? Оңай ма арыстаннан алу ақтап?

Шымшық мақтанды ма, ойнады ма? Құныңа тұрар ма сол жеген тауық? Тауықпен мен бе жалғыз ойнайтын? Күймей ме біреу үшін біреу отқа? Сұрау сөйлемдерінің соңынан сұрау белгісі (?) қойылады.

Лепті сөйлем

Лепті сөйлем деліп аталатын адам көңілі күйі, жан жайымен сөйлегенде, мәселен, жан ауырғанда, не кенелгенде, таңданғанда, сұқтанғанда, кейігенде, есіркегенде, күйінгенде, сүйінгенде, қорыққанда, қуанғанда айтылатын сөйлемдер. Бұлар айтылғанда жай айтылмай, лепті үнмен айтылады. Сондықтан лепті сөйлем деп аталады.

Мысал: Уф, Алла! Бітті қаным! Шықты жаным! Ей, шіркін, жақсылықты білмейтұғын! Жарайды, бәрекелді, сабаз-ай! Я, раббым! Сол уақытта деді арыстан. Жасаған жалғыз жан ие-ай! Қайран, еркін замандарың! Дариға, ол заманның бәрі өтті! Алда сорлы бишара балалар! Әй, жасынан өлген екен аналары-ай! Тамаша қарағанға нұрың қандай! Мынау көз, мынау мойын, мұрын қандай! Өлген екен, апырым-ай! Қу бақсы! Өтірікші. Алжыған шал! Атымды айырыпсың босқа менен. Қаннан қан, еттен етім, бауыр жұртым! Уа дариға, өттің бастан қызық жас! Өттең дүние-ай, қалғаным ғой айырылып! Алақай-ай, атам келді ғой!

Лепті сөйлемдердің соңынан леп белгісі (!) қойылады.

Тілекті сөйлем

Нәрсенің болғанын, істің істелгенін көңіл тілеген орында айтылатын сөйлем түрлері тілекті деп аталады.

Мысал: Балалар, оқуға бар, жатпа қарап! Ал, келдік жаман жерге, енді сақтан! Жолама сол жақтағы өзенге аққан! Сөйлеп қал, қызыл тілім! Көруге жазғай еді, қақ Тағалам! Қолда, өңшең әруақ! Қош сау бол, Қарқаралы, жуылмаған. Айдай бер қалса адамың қуылмаған! Әлди-әлди, ақ бөпем! Жылама, бөпем, жылама! Тілің тарт!

Көрінбей жоғал шапшаң көзіме енді! Әманда сақтан! Айғырсып момындарға ақыр, інім! Ашып айт, бүкпей бәрін еш қаймықпа! Не болар. Айтшы бақсым Құдай сүйген. Достарым осындай бір іс етелік. Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал. Айт балыққа: ақсүйек етсін мені. Келіңдер, боз балалар, атты алыңдар!

Көңіл тілегі түрлі айтылады: 1) Бұйрық түрде. 2) Өтініш түрде. 3) Үгіт (ақыл) түрде. 4) Жай тілек (мұрат) түрде. Айтылуы түрлі болған соң, тыныс белгілері де түрлі қойылады. Әр түрдегісін алып, тыныс белгілерін қойып қарайық.

1) Бұйрық түрдегісі

Келіндер, боз балалар, атты алыңдар!
Жетектеп тоғайыма ап барыңдар!
Жабыңдар жабуына түкті кілем,
Тазалап, жуып, тарап, баптаңыздар!
Жеміне ең қалаулы сұлы алыңдар!
Бұлақтың суымен әм суарыңдар!
Ізіңмен үйге кірмей, қайт балыққа!
Ақсүйек етсін мені – айт балыққа!
Көрінбей жоғал шапшаң, көзіме еңді!
Кет, шық!
Бар, Жүгір! Ұш!

2) Өтініш түрдегісі

Даусыңды тым болмаса, бір шығаршы!
Кезек бер бір азырақ сөзге тақсыр!
Достарым, осындай бір іс етелік
Жастарды жетім қалған кісі етелік.
Езгілер орманда да бар екенін
Осындай сауап іспен көрсетелік!
Айта гөр қайырымды ер бар болса!..
Сала түс әлде болса, бітегене!
Не болар? Айтшы, бақсым Құдай сүйген!
Ашып айт, бүкпей бәрін. Еш қаймықпай!
Бақыл бол, серік атым іренжіме!
Жайымды бір шыбындай қи, ақсақал!

3) Үгіт (ақыл) түрдегісі

Балалар, оқуға бар, жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ.
Аяғын көріп, асын іш,
Анасын көріп, қызын ал.
Биік таудың төбесін көріп, түбіне барма.
Жақсының атын есітіп, үйіне барма.
Кісі ақылымен бай болғанша,
Өз ақылыңмен жарлы бол.
Еңкейгенге еңкей, басың жерге жеткенше,

Шалқайғанға шалқай, төбең көкке жеткенше.
Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме.
Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле.
Оқ жетпес жерден қылыш суырма.
Қол көтермес шоқпарды белге қыстырма.

4) Жай тілек түрдегісі

Жасаған болғай панамыз көруге жазғай еді.
Есен-сау келгей едің.
Қақ бендесі біздей, сірә, болмасын.
Біздей болса, бұ дүниеге келмесін.
Арманменен інім шөлде өлмесін.
Қайта алмадым жорықтан, бұ дүнияда жолықпан.
Құдай қосқан қосағым ақыретте кез келсін.
Ертеменен қой өрер, жайылғанын жұрт көрер,
Жайылғаны шашыңның соған, балам көрінсін.
Жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр болсын.

5) Жай сөйлем

Сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлемдердің бәрі жай сөйлем деліп аталады.

Мысал: Ат ерінді келеді, ер мұрынды келеді. Өзің қойған зекетші, біздің елде Жүзбай бар. Жана мұның жолдасы қара тамыр Дадан бар. Еріп жүрген соңында қырық-отыздай адам бар. Шоңмұрын деген молда бар. Төлеген деген жорға бар. Атына жемді ілуге алты еннен қылған дорба бар.

Құрылуынша айырылатын түрлері

Сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық болады. Бірі – ішкі, бірі – тысқы. Тысқы жақындық сөйлемдерді бір-біріне жанастыру жүзіндегі жанастық. Ішкі жақындық – мағана жүзіндегі жақындық. Мағана жақындығынан басқа жақындық жоқ сөйлемдер іргелес деліп, мағана жақындығынан басқа қисын жақындығы бар сөйлемдер құрмалас деліп аталады.

1) Іргелес сөйлемдер

- 1) Күн ашық. Тоғайлар шат. Ың-жың орман.
- 2) Күн кеш болды. Ат болдырды, ел көрінбеді. Батыр сайын деді.

3) Біссімiлдә безгелдек! Бұлай жатсын дуадақ! Сыбағама қоңыр қаз. Үлесiме үш үйрек. Екi сартқа бiр тартар, аққуды батыр-екең атар.

1-iншi мысалға алынған сөйлемдер арасында жақсы күннiң жайын сөйлеген ой iргесiнiң ғана бiргелiгi бар. 2-iншi мысалға алынған сөйлемдер арасында кеш уақытта болған уақиға жайын сөйлеген ой iргесiнiң ғана бiргелiгi бар. 3-iншi мысалға алынған сөйлемдер арасында үлес кiретiн сөйлеген ой iргесiнiң ғана бiргелiгi бар.

Сүйтiп, үш мысалдың үшеуiндегi сөйлемдер бiрiне-бiрi тек ой iргесiмен ғана жанасқаны болмаса, бастарын қосып тұрған басқа еш нәрсе жоқ. Сондықтан бұлардың аралары да бiрiне бiрi қосылмай, ашық-ашық үзiлiп айтылады. Жазғанда араларына үлкен тыныс белгiсi (.) қойылады. Iргелерi жақын болса, ортаншы тыныс белгiсi (;) қойылады.

2) Құрмалас сөйлемдер

Сөйлемдердiң құрмаласуы екi түрлi: 1) Сыйыса құрмаласу. 2) Қиыса құрмаласу. Сыйыса құрмаласса, сөйлем сыйысулы құрмалас делiп, қиыса құрмаласса, сөйлем қиысулы құрмалас делiп аталады.

1) Сыйысулы құрмалас

1. Қарабай мен Сарыбай аңға шықты.
2. Екi дос бiрiн-бiрi сүйдi, құшты.
3. Қолға алды татулықты, араздықты.
4. Далада, ойда, қырда, орман-тауда сау қалған жан болмады бұл iндеттен.

Бұл сөйлемдердiң әрбiрi бiрнеше сөйлем сыйысып құрмаласқаннан болған сөйлемдер. Мәселен, 1-iншi сөйлем екi сөйлем сыйысып, қосылғаннан болған: қосылмай бөлек тұрғандағы түрлерi мынау: Қарабай аңға шықты. Сарыбай аңға шықты. Бұларды екi қайта айтып жатпас үшiн, екеуiн сыйыстырып қосып, бiр-ақ айтқан. 2-iншi сөйлем де екi сөйлем сыйысып, қосылғаннан болған. Қосылмағандағысы мынау: Екi дос бiрiн-бiрi сүйдi. Екi дос бiрiн-бiрi құшты. 3-iншi сөйлемде екi сүйдi. Екi дос бiрiн-бiрi құшты. 3-iншi сөйлемде екi сөйлем сыйысып, қосылғаннан болған. Қосылмағандағысы мынау: Қолға алды татулықты. Қолға алды араздықты.

4-iншi сөйлем төрт сөйлемнiң сыйысып, қосылғанынан болған. Қосылмағандағысы мынау: Далада сау қалған жан болмады бұл iндеттен. Ойда сау қалған жан болмады бұл iндеттен. Қырда сау қалған жан болмады бұл iндеттен. Орман-тауда сау қалған жан болмады бұл iндеттен.

Сыйысулы сөйлемдердің белгісі — бірнеше мүшелері бір өңкей болу. Мәселен, 1-інші сөйлемде екі мүшесі бір өңкей: Қарабай, Сарыбай — екеуі де бастауыш. 2-інші сөйлемде де екі мүшесі бір өңкей: сүйді, құшты — екеуі де баяндауыш. 3-інші сөйлемде де екі мүшесі бір өңкей: татулықты, араздықты — екеуі де толықтауыш. 4-інші сөйлемде төрт мүшесі бір өңкей: далада, ойда, қырда, орман-тауда — төртеуі де мекен пысықтауышы. Сыйысулы сөйлемнің бір өңкей мүшелерінің аралары кіші тыныспен (,) айырылады.

«Мен», «жана», «жана да» деген сөздер араларында тұрған шақта ғана кіші тыныс қойылмайды.

Сыйысулы құрмалас екі түрлі айтылады: 1) Шұбалаң түрі. 2) Ықшам түрі.

Шұбалаң түрі

Мен бүгін ерте тұрдым, жуындым, киіндім, шай іштім, сабаққа бардым.

Ықшам түрі

Мен бүгін ерте тұрып, жуынып, киініп, шай ішіп, сабаққа бардым.

Қиысулы құрмалас

Қиысулы құрмаласқа келсек, бұлар біріне-бірі тең болып та, бірінен-бірі кем болып та қиысады. Қиысулы құрмаластағы сөйлемдер тең болса, салалас құрмалас деліп аталады. Тең болмай, бірінен-бірі кем болып қиысса, онда қиысулы құрмалас сабақтас деліп аталады.

а) Салалас сөйлем

Салалас құрмаластың қиысуы 5 түрлі болады: 1) Жиылыңқы. 2) Қайырыңқы. 3) Айырыңқы. 4) Сұйылыңқы. 5) Қойылыңқы.

Егерде бірнеше сөйлемнің қиысуы бірыңғай, бір беткей болса, жиылыңқы қиысу болады. Мәселен: «Үлкен бастар, кіші қостар» немесе «Ел де жатты, ай да батты».

Егерде алдыңғы сөйлемге кейінгі сөйлем қарсы мағаналы болып қиысса, қайырыңқы қиысулы болады. Мәселен: «Қылыш жарасы бітер, сөз жарасы бітпес» немесе «Мен бардым, сен үйде болмадың».

Екі ұшты мағаналы сөйлемдер қиысқан жерде айырыңқы қиысу болады. Мәселен: «Не сен тұрарсың, не мен тұрармын». Не болмаса, «Не атың жазым болар, не ер-тұрманың шығындар».

Егерде маңызды, нығыз айтылған сөйлемді басқа сөйлемдер, баяндап тұрса, ол сұйылыңқы қиысу болады. Мәселен: «Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа» не болмаса, «Шалқайғанға шалқай, пайғамбардың ұлы емес, еңкейгенге еңкей, атаңнан қалған құл емес».

Егерде алдыңғы сөйлемдерді кейінгі сөйлем қорытып айтса, қойылыңқы қиысу болады. Мәселен: «Не өгіз өлер, не арба сынар — екеуінің бірі болар». Немесе «Мал да керек, жан да керек, білім де керек — бәрі де керек». Не болмаса, «Көк шалғын, ағаш, бұлақ — бәрі жақсы».

Салалас сөйлемдердің аралары әуелі кіші тыныс — теріс үтірмен айырылады. Екінші ортаншы тыныс — үтірлі нокатпен айырылады. Сұйылыңқы, қойылыңқы жалғасу бар жерде қойылтушы сөйлемнің алдына ұзын сызық (—) қойылады. Сұйылтушы сөйлемнің алдында қос нокат (:) қойылады.

1. Мұндай сұйылыңқылық алдыңғы сөздің мағанасын артқы сөздер бәшелегенде болады.

2. Мұндай қойылыңқылық бөлек-бөлек сөздердің басын қосып бір буған сияқты етіп айтатын орындарда болады.

Төте жазуда теріс (') таңбаланғанымен, қазіргі әліпбиде кәдімгі (,) үтір

б) Сабақтас сөйлем

Сабақтас сөйлемнің белгісі — бірнеше сөйлемнің бірігіп, біріне-бірі сабақталып, байланысып айтылуы. Сөйлемдер сабақталып біріккенде, бірі басыңқы болып, екіншісі бағыныңқы болып бірігеді.

Басыңқы сөйлем

Басыңқы сөйлемнің бағыныңқы сөйлемнен гөрі сөйлемдік қасиеті молырақ. Басыңқы сөйлемді өз алдына оңаша алып айтқанда да, мағанасы толық, ой тыңғылықта айтылып біткен болып тұрады. Мәселен: «Халыққа жағайын десең, қазаның болсын». Мұнда басыңқы сөйлем «қазаның болсын» деген сөйлем, «қазаның болсын» дегенде, ой айтылып, тынып біткендікті көрсетеді. «Халыққа жағайын десең» деген сөйлемді алсақ, мұнда айтылатын ой бітпей қалады. Сөйлем тыңғылықсыз болып шығады. Сондықтан мұндай сөйлемдер екінші сөйлемге сүйеніп қана сөйлем даражасына кіреді.

Бағыныңқы сөйлем

Бағыныңқы сөйлем — бітпеген шала сөйлем. Басыңқы сөйлем болмаса, толық мағана оның өзінен шықпайды. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің шылауындағы ғана қосшы есебіндегі сөйлем. Басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында болса, бағыныңқы сол мүшенің атымен аталып, сол мүшенің сұрауына жауап береді. Мысал алып қарайық:

а) Бастауыш бағыныңқы сөйлем

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер». Мұнда басыңқы сөйлем — «алдыңа сол келер». Енді қарайық: бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында екен. Оны білу үшін, басыңқы сөйлемді алып, сұрау саламыз. Алдыңа не келер? — атаңа не қылсаң, (сол). Сол — басыңқы сөйлемнің бастауыш мүшесі. «Атаңа не қылсаң» деген бағыныңқы сөйлем

мұның шылауында болып, мұның кемтігін толтырып тұр, жана «не?» деген бастауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем бастауыш бағыныңқысы болады.

Бағыныңқы сөйлемнің белгісі – бітпеген шалалығы.

б) Анықтауыш бағыныңқы сөйлем

«Кімнің жерін жерлесен, соның, жырын жырларсың». Мұнда басыңқы сөйлем — «соның жырын жырларсың», бағыныңқы сөйлем - «кімнің жерін жерлесен». Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында екендігін білейік. Оны білу үшін, басыңқы сөйлемді алып, сұрау саламыз.

Кімнің жырын жырларсың? — кімнің жерін жерлесен, (соның). Соның – басыңқы сөйлемнің анықтауыш мүшесі. «Кімнің жерін жерлесен» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында болып, кемтігін толтырып тұр жана «кімнің?» деген анықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем анықтауыш бағыныңқысы болады.

Анықтауыш сұрау жалғыз «кімнің?» емес, онан басқа да сұраулары бар. Мәселен, «қандай?», «қанша?», «қайсы?». Бұл сұрауларға да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер болса, олар да анықтауыш бағыныңқысы болады.

Мысал: Түсі қандай болса, ісі сондай болды. Ісі, қандай болды? — түсі қандай болса, (сондай). 2) Күші қанша болса, әркім сонша көтермек.

Әркім қанша көтермек? — күші қанша болса, (сонша). Сол сияқты тағы басқалар.

п) Толықтауыш бағыныңқы сөйлем

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың». Мұнда басыңқы сөйлем — «ұшқанда соны аларсың», бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны білу үшін, мұнда да басыңқы сөйлемді алып, сол арқылы сұрау саламыз. Ұшқанда нені аларсың? — ұядан не көрсең, (соны). «Соны» — басыңқы сөйлемнің толықтауыш мүшесі. «Ұяда не көрсең» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр жана «нені?» деген толықтауыш сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем толықтауыш бағыныңқысы болады.

Толықтауыш сұрауы жалғыз «нені?» емес, басқа сұраулары да толып жатыр. Мәселен, «кімді?», «кімге?», «неге?», «кіммен?», «немен?» тағы басқалары. Солай болған соң, жалғыз «нені?» деген сұрауға ғана емес, толықтауыштың басқа сұрауларына да жауап берген бағыныңқы сөйлемдер толықтауыш бағыныңқысы болады.

Мысал: 1) Кім жалқау болса, жоқтық соған жолдас. Жоқтық кімге жолдас? — кім жалқау болса, (соған). 2) Кіммен ауылдас болсаң, сонымен қауымдас боларсың. Кіммен ауылдас болсаң — (сонымен) осы сияқты тағы басқалары да.

с) Мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы

Қашан жер отаяды, мал сонда сүтейеді. Мұнда басыңқы сөйлем — «мал сонда сүтейеді», бағыныңқы сөйлем — «қашан жер отаяды». Бұл бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны білу үшін, басыңқы сөйлемді алып, сұрау салу керек.

Мал қашан сүтейеді? — қашан жер отаяды (сонда). «Сонда» — басыңқы сөйлемінің мезгіл пысықтауышы «қашан жер отаяды» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр жана «қашан?» деген мезгіл пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем мезгіл пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Мезгіл пысықтауышының сұрауы жалғыз «қашан?» емес, «қашанға дейін?», «қашаннан?» деген сұраулары да бар. Солай болған соң, бұл сұрауларға да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер мезгіл бағыныңқысы болады.

Мысал: 1) Қашанға дейін ұйқым келмесе, соған дейін отырамын. Қашанға дейін отырамын? — қашанға дейін ұйқым келмесе, (соған дейін).

2) Қашаннан өзім жүре бастадым — сонан бері малдың өңі кіре бастады. Қашаннан малдың өңі кіре бастады? — қашаннан өзім жүре бастадым, (сонан бері). Солай тағы басқалар.

ж) Мекен пысықтауышының бағыныңқысы

Егін қайда болса, береке сонда болады. Мұнда басыңқы сөйлем - «береке сонда болады». Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұрғанын білейік. Оны білу, басыңқы сөйлем арқылы сұрау саламыз. Береке қайда болады? – егін қайда болса, (сонда). «Сонда» - басыңқы сөйлемнің мекен пысықтауышы. «Егін қайда болса» деген бағыныңқы сөйлем мұның шылауында тұр жана «қайда?» деген мекен пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем мекен пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мекен пысықтауышының сұрауы жалғыз «қайда?» емес, «қайдан?», «қалай қарай?» деген де сұраулары бар. Сондықтан бұл сұрауларға жауап беруші бағыныңқы сөйлемдердің бәрі мекен пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Мысал: 1) Алдыңғы арба қай жерден жүрсе, соңғы арба со жерден жүреді. Соңғы арба қайдан жүреді? – алдыңғы арба қай жерден жүрсе (со жерден).

2) Жел қай жаққа қуса, қаңбақ солай қарай домалайды. Қаңбақ қалай қарай домалайды? – жел қай жаққа қуса, (солай қарай). Басқалары тағы солай.

ш) Сын пысықтауышының бағыныңқысы

Қалай бақсаң, атың солай жүрмек. Мұнда басыңқы сөйлем – «атың солай жүрмек», бағыныңқы сөйлемнің қай мүшесінің шылауында тұр? Оны білуге сұрау салайық.

Атың қалай жүрмек? – қалай бақсаң, (солай). «Солай» - басыңқы сөйлемнің сын пысықтауышы. «Қалай бақсаң» деген бағыныңқы сөйлем «солай»-дың шылауында тұр жана «қалай?» деген сын пысықтауышының сұрауына жауап беріп тұр. Сондықтан бұл бағыныңқы сөйлем сын пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Сын пысықтауышының «қалай?»-дан басқа да сұраулары бар. Мәселен, «қалайша?», «қанша?» жана басқалар. Солай болған соң, жалғыз «қалай?» сұрауға емес, сын пысықтауышының басқа сұрауларына да

жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер сын пысықтауышының бағыныңқылары болады.

Мысал: 1) Қалайша үлгі пішілсе, солайша киім тігілмек. Киім қалайша тігілмек? — қалайша үлгі пішілсе, (солайша).

2) Қанша іс қыла білсе, сонша жұмыс өнбек. Жұмыс қанша өнбек? — қанша жұмыс қыла білсе, (сонша). Басқалары тағы солай.

қ) Себеп пысықтауышының бағыныңқысы

Олар көше алмайды, үйткені көлігі жоқ. Мұнда басыңқы сөйлем — «олар көше алмайды», бағыныңқы сөйлем - «үйткені көлігі жоқ». Бұл бағыныңқы сөйлем қандай сұрауға жауап берер екен?

Олар неге көше алмайды? — үйткені көлігі жоқ. Бұл бағыныңқы сөйлем «неге?» деген сұрауға жауап беріп тұр. Бұл сұрау — себеп пысықтауышының сұрауы. Сондықтан бұл себеп пысықтауышының бағыныңқысы болады.

Себеп пысықтауышының «неге?»-ден басқа да сұраулары бар. Мәселен, «неден?», «неліктен?», «не себептен?». Бұл сұрауларға да жауап беруші бағыныңқы сөйлемдер себеп пысықтауышының бағыныңқылары болады.

Мысал: 1) Қар аз болған соң, су сонан тасымады. Су неден тасымады? — қар аз болған соң, (сонан).

2) Малы жұтап қалған соң, ел сондықтан жүдеді. Ел неліктен жүдеді? — малы жұтап қалған соң, (сондықтан).

3) Не себептен мал қырылды, сол себептен жұрт аш болды. Не себептен жұрт аш болды? — не себептен мал қырылды, (сол себептен), басқалары тағы солай.

д) Мақсат пысықтауышының бағыныңқысы

Орақшы шөп шабайын деп, тоғайға барды. Мұнда басыңқы сөйлем — «орақшы тоғайға барды». Бағыныңқы сөйлем - «шөп шабайын деп». Орақшы тоғайға не үшін барды? — шөп шабайын деп. Бұл бағыныңқы сөйлем «не үшін?» деген сұрауға жауап беріп тұр. Ол «не үшін?» деген сұрау — мақсат пысықтауышының сұрауы. Сондықтан «шөп шабайын деп» деген бағыныңқы сөйлем мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мақсат пысықтауышының сұрауы жалғыз «не үшін» емес, «неге?» деген сұрауы да бар. Сондықтан бұл «неге?» деген сұрауға да жауап беруші бағыныңқы сөйлем болса, о да мақсат пысықтауышының бағыныңқысы болады. Мысал: 1) Өлең тыңдағысы келіп, жұрт жиылды.

Жұрт неге жиылды? — өлең тыңдағысы келіп. 2) Бата бермекші болып, ақсақал қолын жайды. Ақсақал қолын неге жайды? — бата бермекші болып. Мұнда ілтипат ететін бір нәрсе мынау: «неге?» деген сұрау себеп пысықтаушысында да, мақсат пысықтаушысында да бар. Солай болған соң, тек «неге?» деген сұрау бойынша себеп пысықтаушының немесе мақсат пысықтаушының бағыныңқысы екендігін білуге болмайды. Мұнда мағанасына қарау керек. Егерде бағыныңқы сөйлем істің себебін айтып тұрса, себеп пысықтаушының бағыныңқысы болады, егерде істің мақсатын айтып тұрса, мақсат пысықтаушының бағыныңқысы болады.

Мысал: 1) Көшпекші болып, ауыл үй жықты. 2) Түйе жоқ болып, ауыл көше алмады.

1-інші мысалда: Ауыл неге үй жықты? - көшпекші болып. Бұл мақсат пысықтаушының бағыныңқысы болады, үйткені үйді көшу мақсатпен жықты.

2-інші мысалда: Ауыл неге көше алмады? - түйе жоқ болып. Бұл себеп пысықтаушының бағыныңқысы болады, үйткені көше алмаудың себебі — түйе жоқ болғаны, яғни, неге көше алмады? — түйе жоқ болғаны себепті.

е) Шартты бағыныңқы

Көсеу ұзын болса, қол күймейді. Мұнда бағыныңқы сөйлем — «қол күймейді», бағыныңқы сөйлем — «көсеу ұзын болса». Қалай етсе (не етсе) қол күймейді? көсеу ұзын болса; қол күймеудің шарты - көсеу ұзын болуында. Ішінде шарты болғандықтан, бағыныңқы сөйлемдер шартты бағыныңқы деліп аталады.

Шартты бағыныңқының белгісі сұрауында емес, ішінде шарт болуында. Сондықтан шартты бағыныңқыны сұраумен емес, шарт барлығынан табамыз.

Мысалы: 1) «Топпағы зор болса, киіз қазық жерге кірер». Мұнда киіз қазық жерге кіруіне топпағы зор болу шарт (шарт топпақтың зор болуында). Сондықтан «топпақ зор болса» деген сөйлем шартты бағыныңқы болады.

2) Берсең, аларсың. Мұнда алудың шарты беруде (сен берсең саған басқалар да береді).

з) Ереуіл бағыныңқы

Тартса да бар күштерін аямай-ақ, аслан жүк орнынан қозғалмады. Мұнда басыңқы сөйлем — «аслан жүк орнынан қозғалмады». Бағыныңқы

сөйлем - «тартса да бар күштерін аямай-ақ». Бағыныңқы сөйлем «жүкті тартты» дейді, басыңқы сөйлем «жүк қозғалмады» дейді. Сөйлем мазмұны бір-біріне қарсы ереуіл келіп тұр. Сондықтан мұндай басыңқы сөйлемге ереуіл келетін бағыныңқы сөйлем ереуіл бағыныңқы деліп аталады.

Ереуіл бағыныңқының белгісі пәлен етсе де, пәлен болса да деп ереуіл раймен айтылады.

Мысал: 1) Күні бойы қараса да, таба алмады. 2) Қыс қатты болса да, мал аман шықты.

Ықшамдау

Бағыныңқы сөйлемдер екі түрде айтылады. 1) Толық түрде. 2) Ықшам түрде. Толық түрде айтылған бағыныңқы сөйлемдердің бәрін болмаса да, көбін-ақ ықшам түрге айнадыруға болады. Ықшамдау деп сол толық түрден ықшам түрге айналдыру айтылады. Қазақ тілінде толық түрінен де ықшам түрі көбірек жүреді. Бағыныңқы сөйлемнің көбі ықшам түрге айналғанда, басыңқы сөйлемге сіңісіп, жоғалып кетеді. Жазғанда бағыныңқы сөйлемнің толық түрі мен ықшам түрінің қай қолайлысы, көркемі алынады. Сондықтан ықшам түрінен толық түрі көркем болып шықпайтын болса, онда сөйлемдерді ықшамдаудың қажеті жоқ. Жана да ондай сөйлемдер ықшамдалмайтын сөйлемдерге саналады. Бағыныңқы сөйлемді ықшамдауға болады: 1) зат есім арқылы, 2) сын есім арқылы, 3) етістіктің есімше түрі арқылы, 4) етістіктің көсемше түрі арқылы.

Мысал: 1) Түсі қандай болса, ісі сондай болады. Бұл – толық түрі. Ықшам түрінде айтқанда, «Ісі түсіндей болады» дейміз (зат есім арқылы). 2) Ит жүйрік болса, оны түлкі сүймес. Мұны ықшамдап айтқанда, «Ит жүйрігін түлкі сүймес» дейміз. (Мұнда сын есім арқылы) 3) Қалай пішілсе, киім солай тігілмекші. Мұнда ықшамдап айтқанда, «Пішілуінше киім тігілмекші» дейміз (мұнда етістік зат есімге айналған түрі арқылы). 4) Атаңа не қылсаң, алдыға сол келер. Мұны ықшамдап айтқанда, «Атаңа қылғаның алдыға келер» дейміз (мұнда етістіктің есімше түрі арқылы). 5) Олар көше алмады, үйткені көлігі жоқ болды. Мұны ықшамдап айтқанда, «Көлігі жоқ болып, олар көше алмады» дейміз (мұнда етістіктің көсемше түрі арқылы).

1-інші мысалда «түсі қандай болса» деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, «түсіндей» деген жалғыз ауыз сөз болып, басыңқы сөйлемге сіңісіп кетіп тұр. 2-інші мысалда «ит жүйрік болса» деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, «ит жүйрігін» деген екі ауыз сөз болып, басыңқы сөйлемге сіңісіп тұр. 3-інші мысалда «қалай пішілсе» деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, «пішілуінше» деген бір ауыз сөз болып сіңіріп тұр.

4-інші мысалда «атаңа не қылсаң» деген бағыныңқы сөйлем жоғалып, «атаңа қылғаның» деген екі ауыз сөз болып, басыңқы сөйлемге сіңісіп тұр. 5-інші мысалда «үйткені көлігі жоқ болды» деген бағыныңқы сөйлем ықшамдалып, «көлігі жоқ болып» деген бағыныңқы сөйлемге айналып тұр. Мұнда алдыңғы сөйлемдер сияқты бағыныңқы сөйлем жоғалып кеткен жоқ, тек ықшамдалған. Оның себебі көсемше арқылы ықшамдалуында. Көсемше арқылы ықшамдалған бағыныңқы сөйлемдер өз алдына сөйлемнің күйін ықшамдалған күнде де жоғалтпайды.

Толық түріндегі бағыныңқы сөйлемдер мен басыңқы сөйлемнің арасы теріс үтірмен айырылады. Ықшам түріндегі бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемге сіңісіп жоқ болып кеткенде, ешбір тыныс белгісімен бөлінбейді. Егер де бағыныңқы сөйлем ықшамдалғанмен, басыңқы сөйлемге сіңісіп кетпей, өз алдына сөйлем күйінде қалса, онда толық түрдегідей теріс үтірмен айырылады.

3) Қыстырынды сөйлем

Кейде бір сөйлемнің ішінде екінші сөйлем қыстырылып айтылады. Сондай қыстырылып айтылған сөйлемді қыстырынды дейміз.

Мысал: 1) Бүгін, Құдай біледі, жауын болса керек. 2) Әзір, Аллаға шүкір, жаман емеспіз. 3) Осы жолы, асылық болмасын, алып келерміз-ақ.

1-інші мысалда «бүгін жауын болса керек» деген сөйлемнің ішіне «Құдай біледі» деген сөйлем қыстырылып айтылып тұр. 2-інші мысалда «әзір жаман емеспіз» деген сөйлемнің ішіне «Аллаға шүкір» деген сөйлем қыстырылып айтылып тұр. 3-інші мысалда «осы жолы алып келерміз-ақ» деген сөйлемнің ішіне «асылық, болмасын» деген сөйлем қыстырылып айтылып тұр.

Сондықтан «Құдай біледі», «Аллаға шүкір», «асылық болмасын» деген сөйлемдер «қыстырынды» болады. Қыстырынды сөйлемдер қыстырушы сөйлемдерден теріс үтірмен айырылады.

4) Келтірінді сөйлем

Сөйлегенде я жазғанда сөйлеуші я жазушы бұрынғыдан қалған мақалды немесе біреудің айтқан сөзін келтіре сөйлейді не жазады. Сондай келтіріп айтқан не жазған мақалдар, болмаса біреудің сөздері келтірінді сөйлем деп аталады.

Мысал: 1) Нақыл сөз: «Әлін білмес әлек» деген осындай әуре болған жаннан қапты. 2) Бір күні бұлбұл құсты есек көрді. Қасына сөз айтпаққа жақын келді. «Сыртыңнан сайрағыш деп жұрт мақтайды. Тыңдайын,

достым, біраз сайра» деді. 1-інші мысалда келтірінді сөйлем - «Әлін білмес әлек» деген мақал. 2-інші мысалда келтірінді сөйлем — «Сыртыңнан сайрағыш деп жұрт мақтайды, тындайын, достым, біраз сайра» деген есектің сөзі.

Келтірінді сөйлемде мақалды немесе біреудің айтқан сөзін айтушы не сол айтылған күйінде өзгертпестен айтады, не өзгертіп мағанасын, мазмұнын ғана айтады.

Бірінші түрде айтылса, мақал не біреудің сөзі төл сөз деліп аталады.

Екінші түрде айтылса, төлеу сөз деліп аталады.

Мысал: 1) Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: «Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста, солардың бәрі-дағы әдемі әнге тауықтың айғырындай емес ұста». Мұнда «мақтаулы»... дегеннен бастап, «ұстаға» дейін бәрі есектің сөзі өзгерместен алынып айтылып тұр. Сондықтан бұл төл сөз болады. 2) Шал тұрып орнынан есен-аман, жақындап жұмыскерге келді таман, әумесер ақылы жоқ, ит, доңыз деп, байғұсты балағаттап сөкті жаман. Мұнда «әумесер»... дегеннен бастап, «деп»-ке дейін шалдың не дегенін нақ айтқан күйінде келтірмей, жай әңгіме түрінде мазмұнын ғана айтып өткен. Мұнда шалдың төл сөзі «мес, төлеуі ғана айтылған. Сондықтан бұл төлеу сөз болады.

Төл сөздер қабатша (« ») ішіне жазылады. Төлеу сөздерге тыныстар жай сөйлемдерше қойылады, Мәселен: Шал айтты: «Көрмеймісің не еткенінді? Желігіп жындануға жеткенінді? Бардай-ақ әкең құны сонша шаншып. Терісін іске алғысыз еткенінді». Шалдың бұл сөзі төл сөз болған соң, қабатша қойылып тұр.

5) Орамды немесе өрнекті сөйлем

Сөйлегенде ойды тақ-тұқ қысқа айтып, білдіретін орын да болады. Ойды ұзын айтып, орағытып келіп білдіретін орын да болады. Ұзын айтқанда ой дәуірлеген бетімен барып, қайтатын түрі болады. Сөйлеудің сондай түрлері орамды деліп аталады.

Түсінікті болу үшін мысал алып көрсетелік.

Мысал: 1) Байлыққа кім тұрғанда, Досан тұрған; Қасында Байжан сымам қоса тұрған; Қорадан он төрт мың қой бірдек өрген? Аламан шеннен шыққан Асан тұрған; Шапса қылыш өтбейтін Мұсам тұрған, Сөйлейді маған неге осы антұрған?» Мұнда басынан бастап «Мұсам тұрған...» деп айтқан жерге келгенінше ой дәуірлеген бетімен келеді. Онан әрі «сөйлейді... дегеннен бастап, ойдың беті келе жатқан жөнін тастап бұрылып кетеді.

2) Қисапсыз бай болсаң да Қарынбайдай, Сақи боп мал шашсаң да Атымтайдай, Патшадай Әмір-Темір дін түзепті». Болсаң да Әйдік батыр арыстандай. Болсаңда, Жиреншедей сөзге шешен, Ақырда жатар орның тар лақат жай. Мұнда ойдың дәуірлеуі «шешен» деген сөзге дейін келіп, беті сонан арғы жерде бұрылады.

3) Ыстамбул патша болсақ да Құддыс Шамға, Бұқар мен үкім етсең де Үндістанға, Ағылшын, Қытай, Мәскеу, Румды алып, Дін түзеп әмір етсең де бұл жианға. Тұтсаң да жеті ықылымның бәрін тегіс, Кіресің ақыр бір күн көрстанға. Мұнда ой дәуірлеуі «тегіс» деген сөзге дейін келіп, онан арғы жерде беті бұрылады.

4) Қосылып бірнеше адам, ортақтасып, Ой салып ортасынан дүкен ашып. Саудасы, жұғымды боп байып әбден, Шат болып көңілдері судай тасып, Ақшаны төбедей қып үйіп қойып, Үлесіп отыр еді шуылдасып. Үйі жанып барады деп хабар берді, Жүгіріп келіп біреуі түсі қашып. Мұнда ойдың дәуірлеген беті «шуылдасып» деген сөзбен бітіп, сонан әрман беті бұрылады.

Жазу қосымша белгілері мен тыныс белгілерінің жалпы ережесі

1) Кіші сызықша « - » (тіркестіру белгісі).

Бұл белгі: 1) Бір сөзді екінші сөзге тіркестіретін орында қойылады, сөзді олай тіркестіру екі сөзді қосақтап, бір сөз (қос сөз) қылып айтатын орындарда келеді. Мәселен, төсек-ағаш, жүк-аяқ, құрт-құмырсқа, аяқ-табақ. 2) Сөздің бір бөлімін екінші бөліміне тіркестіру керек болған орындарда қойылады, ондай тіркестіру көбінесе, сөздің бөлімдері жазып келе жатқан жолға түгелімен сыймай, сыймаған бөлімін екінші жолға шығару қажет болған жерде келеді. Ондай орында қойылған тіркестіру белгісі сөздің екі жолдағы бөлімдерін тіркестіріп қосып оқу керектігін көрсетеді. Жана да тіркестіру белгісі сөздің жалғауы мен екі арасына бөтен сөз келіп қыстырылған жерде, мәселен, демеу келіп қыстырылған жерде келеді. Мұндай орында тіркестіру белгісі сөзді жалғауынан айыруға болмайтындығын, бірінен-бірін айырмай тіркестіріп оқу керектігін көрсетеді.

(Жақсы-ақ-пысың? Жалғыз-ғана-мысың?).

2) Үлкен сызықша « — » (жұмақтау белгісі).

Бұл белгі бытыранды ұғымдарды шоғырландырып, жалқыланған ұғымдарды жалпыландырып, теңелерлік нәрселерді теңеп, балап айтатын орындарда қойылады. Мәселен: Көк шалғын, ағаш, бұлақ — бәрі жақсы. Қасқыр — аң. Ақымақты үйрету — өлгенді тірілту.

3) Ноқат (нүкте) «.» (ұлы тыныс).

Бұл белгі: 1) Әбден біткен ойлы сөйлемдерді бір-бірінен айыратын орында қойылады; 2) Мақала, кітап басының атауларынан соң қойылады; 3) Қысқартқан сөздің соңынан қойылады; 4) Келте-келте қысқартылып айтқан сөйлемдердің соңынан қойылады.

4) Үтірлі ноқат (нүкте) « ; » (орта тыныс).

Бұл белгі: 1) Сөйлемдердің ішкі жақындығы күшті болған жерде қойылады. Сөйлемдер арасында ондай жақындық ортақ ой айтылған немесе нәрсе тұтас суреттелген жерде келеді (Шақшам жақсы еді, тау текенің мүйізінен істелген тақысы еді; қырық қой, төрт ат істеген кісінің ақысы еді; сексен маржан көзі бар еді, тоғыз ат болар деген істеген кісінің сөзі бар еді); 2) Сыйысулы құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары демеулермен құраспай, алды-алдына тұрған жана да қастарында тұрлаусыз сөйлем мүшелері немесе бағыныңқы сөйлем болған орында қойылады (Берген ақыны азсынып, істеген кісі тау жайлаймын деп наршамды алды; ой қыстаймын деп шотымды алды; қыр қыстаймын деп балтамды алды; қалауым деп бөрте атымды алды; жау шапты деп төрт атымды алды; қайқы келген қара атымды алды; тілік құлақ сары атымды алды).

5) Теріс үтір «,» (кіші тыныс).

Бұл белгі:

- 1) Бұратана сөздерді бөлек шығару үшін қойылады;
- 2) Сыйысулы сөйлемдердің бір өңкей мүшелерінің арасына қойылады;
- 3) Бағыныңқы сөйлемнің жігін басыңқы сөйлемнен айыру үшін қойылады;
- 4) лепті сөйлемдерде одағайдан кейін қойылады;
- 5) бір сөз не болмаса сөйлем қайта-қайта айтылған орында қойылады.
- 6) Қос ноқат (қос нүкте) «:» (бәшелеу белгісі).

Бұл белгі: 1) Алдыңғы сөйлемдегі пікірді, кейінгі сөйлем ыдыратып (сиретіп, ұсақтап, сұйылтып) сөйлейтін орындарда қойылады. Олай сөйлеу жалпы түрдегі ұғымды жалқы түрлі ұғымға айналдырған жерлерде келеді. (Біздің екі үйіміз бар: жаз тігетін киіз үй, қыс кіретін там үй. Балтамен түрлі жұмыс істеледі: ағаш кесіледі, отын бұталады, қазық қағылады, ойық ойылады, тағысын тағылар істеледі); 2) Келтірінді сөйлем алдында қойылады (Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: «Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста. Солардың бәрі-дағы әдемі әнге тауықтың айғырындай емес ұста»).

7) Сұрау белгісі «?»

Бұл белгі жауап сұраған сөйлемдердің соңынан қойылады.

8) Леп белгісі «!»

Бұл белгі:

1) Лепті сөйлемдерден соң қойылады;

2) Тілекті сөйлемдердің бұйрық, өтініш түрлерінің соңынан қойылады;

3) Тілекті сөйлемнің үгіт түріндегісінің қаратпа сөзділерінің соңынан қойылады. (Бар! Жүгір! ұш! Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал! Айта гөр, қайырымды ер бар болса! Балалар, оқуға бар! Жатпа қарап).

9) Көп нокат (көп нүкте) «...» (қалдыру, тастау белгісі).

Бұл белгі сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзіп бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылады.

10. Қабат үтір « » (қабатша қос тырнақ)

Бұл белгі: 1) Төл сөздердің жігін ашу үшін алды-артынан қойылады («Бекер ме» қасқыр айтты «менің сөзім?»);

2) Кітап, журнал, газет аттарына қойылады (Қызыл Ордада «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналы шығып тұр);

3) Бір нәрсені сөз қылғанда, айырып айқын көрсету үшін қойылады (леп белгісі «!» лепті сөйлемге, сұрау белгісі «?» сұраулы сөйлемге қойылады);

4) Бір нәрсені теріс мағанада атау үшін қойылады. Мәселен: Жолдас емес адамды «жолдас» деп атау теріс атау болады. Сондай орындарда «жолдас» деген сөз қабатшамен жазылады.

11) Жақша «()» (қамау белгісі)

Бұл белгі:

1) Бір нәрсені хабарында болдыра кетейін деген орындарда қойылады. Ондай сөздер айта кетейін деген ой сөйлем келе жатқан әңгіменің жүйесінен тысқары бүтіндеу болған орындарда келеді (Сөйлейді ойланбай-ақ аю шолақ) аюлар күшке мықты, ойға олақ). Қойлардан ала түсті құтылғандай бар деймін бұған оңай жалғыз жол-ақ);

2) Алдағы сөзді артқысы түсіндіре өтетін жерлерде қойылады. Ондай кездер жат сөзді немесе жаңа сөзді оқушы түсінбес деген орындарда болады. Мәселен, пән сөздің мағанасы жат (сөздің ана тіліне аударғандағы мағанасы жаңа). Мекеменің атауының мағанасы, тағысын тағы сондайлар жақшаға қамалады.

Сөйлем түрлерін айыруға керек сөйлем мысалдары:

Сөйлем түрлерін айырту жүзінде сөйлем мысалдары мен үш түрлі іс істеледі:

- 1) Өлеңмен айтылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру.
- 2) Сөйлем түрлерін айырту.
- 3) Сөйлемдердің керек болған түрлерін оқушыларға тапқызу.

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар, құлағын біреу салмас, біреу салар. Теп-тегіс көпке оның оңай емес, кейіне жарамаса, кейіне жарар. Мінсіз таза меруерт су түбінде жатады. Су түбінде жатқан зат жел толқытса шығады. Адам да, ұшқан құс та, аң да – жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да, кішкене қоңыз да жүр, жүгін сүйреп барады, аралар да ұшып балға. Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы, сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған. Өзенде балықшылар ау қарап жүр; тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған. Арабтың Набек деген жалғыз аты – сол екен болған малы, мүлкі заты. Дайырда күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ. Е, жаным, мен жолаушы жолым алыс; адам жоқ бұл маңайда маған таныс. Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін. Тартады аққу көкке, шаян кейін. Бұлардың машақаты аз болмады, жұмысы орнына кеп мәз болмады. Тартса да бар күштерін аямай-ақ, аслан жүк орнынан қозғалмады. Оншама ол жүк артық ауыр емес. Құр сырттан пәлен деу де тәуір емес. Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас, әуелі бірлік керек болсақ жолдас. Біріңнің айтқанына бірің күтпей, істеген ынтымақсыз ісің оңбас. Түсер ме есі дұрыс күндіз торға? Кім күлмес бостығыңа сен жаманның! Мен соған қол беремін түстесіме! Амалы саған ғана мол адамның, пысықсып көгершінім отырғанда, қалыпты өзі түсіп қыл тұзаққа. Ақылың қайда кетті, данышпаным? Табалап мұнан бұлай күлме, жаным! Ат

достым, жүгім ауыр, халім бітті емеспін жүре алатын енді тіпті. Зорығып жолда өліп қалатынымын, алмасаң ауыстырып біраз жүкті. Ат оған ешбір жауап қайтармайды, ауырлап жүгін есек қайқаңдайды. Қараңдар, шара бар ма мына сорға?! Аяғын ат келеді басып зорға. Өкініп өткен іске ат келеді. Мен қате еткен екем-аһ! - деді. Күш кеміді, айбынды ту құлады. Кеше батыр — бүгін қорқақ ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде. Қан суынған; жүрек солғын соғады. Бірлік елдің, ерлік, қайрат, бақ, ардың — жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың. Ой-пырмай! Алла-ай жасаған, қысылды ғой шыбын жан! Қуат кеміп барады. Сауықшыл есіл елім-ай! Сарыарқа сайран жерім-ай? Күмістей таза суы бар — айдын шалқар көлім-ай! Қиналдың-ау, шыбын жан! Тоқталсайшы ыстық қан! Қарлығаш, қайран жарым-ай! Қарашығым, жаным-ай! Құлағыма келеді алыстан ащы зарың-ай! Түсті ғой қысым жаным! Тұншықтым ғой қаныма! Жаралы құба жонда кім зарлаған! - Бұл - қазақ тәңірге зар еткен қазақ, қиналып қанды азап шеккен қазақ! Әйтеуір қанды азаптан құтқарар деп оқыған азаматын күткен қазақ. Кеудеде от, іште жалын, көзде жас. Күні, түні қайғы жұтқан сорлы бас. Сабан төсек, тым қараңғы жатағы, наны қара, шайы қара, қарыны аш. Өкенді алдындағы танымсың? Балам, сен байқап қара ашып көзін! Кезек бер бір азырақ сөзге, тақсыр! Тақсыр-ай, еш жазығым жоқ ғой менің, жәбір ғой біреу үшін күйдіргенің!

Үндеме! Жетер! Қазір пұрсатым жоқ тұруға ақ, қараңды тергеп сенің! Алда, сорлы, бейшара балалар-ай! Жасынан өлген екен аналары-ай! Көбелек, шыбын аулап күн көрерлік, жоқ екен пақырлардың шамалары-ай! Әй, құстар, тындаңыздар құлақ салып! Кезекпен жем тасыңдар ұшып барып. Үшеуін асырауға қанша қиын? Етіндер аз күн қайыр бөліп-жарып! Көкек құс, жүнің түлеп жүр ғой бекер! Азырақ жетім үшін жұлсақ нетер? Қайырдың бұл дүниеде жетімге еткен, басқа іс сауабына бар ма жетер? Бозторғай, қарап тұрма сен де текке! Жүресің босқа шарлап ұшып көкте! Даладан тоғайлардан тамақ ізде! Бұлардың үшеуіне көп керек пе? Сар мойын, ер жетті ғой балаларың! Бәледен Құдай сақтар бірер-жарым! Бұлардың күндіз-түні жанында бол! Жоқтатпай пақырлардың аналарын! Сандуғаш, не қылайын сені қайрап! Қоярсың оқтын-оқтын өзің сайрап! Көңілін бір азырақ көтермекке. Зарлының жетім қалған соры қайнап! Достарым, осындай бір іс етелік! Жастарды жетім қалған кісі етелік! Езгілер орманда да бар екенін. Осындай сауап іспен көрсетелік! Дариға, мен бай болсам жұрттан асқан! Үйлерді салдырар ем қандай тастан. Бақыл бол, серік атым іренжіме! Дамыл ал! Қош-аман бол! Мені ұмытпа! Аяғым тимес алтын үзеңгіңе. Келіндер, боз балалар, атты алыңдар! Жетектеп тоғайыма апарыңдар! Жабыңдар жабуына түкті кілем! Жеміне ең қолайлы сұлы алыңдар! Бұлақтың суымен суарыңдар.

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да. Алдамаған кім қалды тірі жанда? Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім. Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей, сала алмас. Білгенге маржан, білмеске арзан, надандар баға (баһра) ала алмас. Қиналма бекер, тіл мен жақ! Көңілсіз құлақ ойға олақ. Нысап, ұят, терең ой. Ойлаған жан жоқ, жауып қой! Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын. Өтірік, шағым толды ғой, ойланар уақытың болды ғой. Кеш деп қайтар жол емес, Жол азығым мол емес. Бір кісі мыңға, Жөн кісі сұмға, әлі жетер заман жоқ. Қадірлі басым, Қайратты жасым айғаймен кетті, амал жоқ! Қош, қорықты елің. Қорқытқан сенің өнерің қайсы, айтып бер! Бауырыңа тартқан, сырынды айтқан сырласың сыртты айналар. Не ол емес, бұл емес: Менің де күнім күн емес! Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды. Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес. Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды. Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай. Жапырағынан айырылған ағаш, қурай. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды. Соқыр, мылқау танымас ешбір жанды. Үсті-басы ақ қырау, түсі суық, Басқан жері сықырлап келіп қалды. Ол күледі, мен де есалаң күлемін. Ол жылайды, мен де жасым төгемін. Әйел өледі, мен де бірге өлемін. Қыс болды, бақша да өлді, гүлдер солды. Өтер жылдар, қартаямыз, Бірте-бірте құрып шамдай сөнерміз.

Ішім өлген, сыртым сау, бүгінгі дос — ертең жау. Нансаңыз ағам да жоқ, інім де жоқ. Уа ғайри нашарлықтан мінім де жоқ. Нақақтан мені, тақсыр, күйдіресіз. Жауыздық сізге ойлаған күнім де жоқ. Ол саған әлде күйеу, әлде құда (Сүймейді қой атаулы мені жүдә). Жә бөлең, жә жиенің, жә нағашың — әйтеуір саған ұқсас еді о да. Айттырған періште ме, яки жын ба - әйтеуір өзен сөзі шықты шынға. Алаштың адамының бәрі мәлім. Кім қалды таразыға тартылмаған. Дегендер мен жақсымын толып жатыр, жақсылық өз басынан артылмаған. Тұмсығымен шапты да, қанның миын шақты да әтеш кетті аспанға. Арбасынан қан ұшты, кеудесінен жан ұшты.

Айлаға, ашуға да жақтым шырақ. Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым, етек басты көп көрдім елден бірақ. Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті. Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей. Мен келмеске кетермін, түк өндірмей.

Халыққа жағайын десең, қазаның болсын. Момынның есебін қу табады, қудың есебін Құдай табады. Жер таусыз болмайды, ел даусыз болмайды. Тай жаманы жорға болады, адам жаманы молда болады. Жаңылмас жақ болмас, сүрінбес тұяқ болмас. Бұрынғының кісісі — бүгінгінің кішісі. Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз, ер жігіт бірде малды, бірде малсыз. Ердің ерлігін білмеген Құдайдың бірлігін білмейді. Ат баспаймын деген жерін үш басады, ер көрмеймін деген жерін үш көреді. Адаспаймын деген жігітті қараңғы тұман адастырады.

Ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер, ер басына күн туса, етігімен су кешер. Ер өтірік айтпайды, ел өтірік айтады. Ердің атын жә аты шығарар, жә қатыны шығарар. Есепдар болмай, бай болмайды, есерсоқ болмай, ер болмайды. Алып анадан, ат биеден туады. Уайым түбі теңіз, батасың да кетесің, тәуекел түбі қайық, мінесің де өтесің. Арғымақ аттың құйрығы — әрі жібек, әрі қыл; қас жақсының белгісі — әрі мырза, әрі құл. Бай болайын деген жігіт айырбасшыл келеді; адам болайын деген жігіт қарындасшыл келеді.

Жаңбыр жауса, жердің ырысы, жақсы туса, елдің ырысы. Биік таудың төбесін көріп, түбіне барма, жақсының атын естіп, үйіне барма. Жорғаның қадірін желгенде біледі, жақсының қадірін өлгенде біледі. Жаманның айтқаны келмейді, сандырақтағаны келеді. Ит құтырса, иесін қабар, торғай құтырса бүркітке шабар. Арық малды асырасаң, аузы-мұрныңды май етер, жаман кісіні асырасаң, аузы-мұрныңды қан етер. Жаманның үсті су болса, кеппестей көрер, жаманға мал бітсе, кетпестей көрер. Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас; жаман кісіге мал бітсе, жанына қоңсы кондырмас. Жақсыға айтсаң, бітірер, жаманға айтсаң, жітірер. Жақсыдан жаман туады бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады адам айтса нанғысыз. Хас жақсының белгісі — өз үйіне өзі құл; хас жаманның белгісі — өз үйіне өзі сый. Жақсыға берсең асыңды, жақсы сыйлар басыңды; жаманға берсең асыңды, итке тастар басыңды. Жүйрік шабан болады, мойнынан жал кетсе; жақсы жаман болады, қолынан мал кетсе. Қарға мақтанып, сұңқар болмайды; есек мақтанып, тұлпар болмайды. Кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол. Жалғыз жүріп жол тапқанша, көп кісімен адас. Жалғыздың жағы жоғалса да, табылмайды, көптің оғы жоғалса да, табылады. Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды. Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды. Еңкейгенге еңкей, басың жерге жеткенше, шалқайғанға шалқай, төбең көкке жеткенше. Өзі біткен жанжалды, жаным десең болмас па; алты ұл тапқан қатынды ханым десең болмас па? Атадан алтау туғанша, жалғыз туса не етеді, елге тұлға болғалы; қарағайға қарыс бұтақ біткенше, еменге айыр бұтақ бітсе не етеді — құсқа тұғыр болғалы. Өзіңнен тумай, ұл болмас, сатып алмай құл болмас. Жетімшілікті көп көрген үш шақыртпай «ә» демес, ашаршылықты көп көрген өзі тоймай «мә» демес. Ақ сұңқардың баласы, алдына қоймай жем жемес. Арғымақ аттың баласы, аз оттап, көп жусайды; асылдардың баласы аз сөйлеп, көп тыңдайды. Ағайынның қадірін жалалы болсаң білерсің. Ата-ананың қадірін балалы болсаң білерсің. Ағайынды жамандап туғанды қайдан табарсың; арғымақты жамандап, буданды қайдан табарсың. Басқа елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол. Ел ағасыз болмайды, тон жағасыз

болмайды. Мал бітпес деп, ерден түңілме, шөп бітпес деп жерден түңілме. Мал таппас жігіт болмас, тұрарын айт. Бас екеу болмай, мал екеу болмас. Ат аунаған жерінде түк қалады.

Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме. Ат аяған жерге қарар, құс аяған көкке қарар. Құтты қонақ келсе, қой егіз табады. Ешкі егіз тауып қойдан аспас, ит егіз тауып, елден аспас. Бір биенің емшегі екі, бірі кетсе, сүті жоқ; бір түйенің өркеші екі, бірі кетсе, күші жоқ. Түйе қашып, жүктен кете алмас. Алты күн атан болғанша, бір күн бура бол. Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін. Бағың жүрген шағында, жапалақ салсаң, қаз ілер, бағың қайтқан шағында, лашын салсаң аз ілер. Жемесе де май жақсы, бермесе де бай жақсы. Жарлылық, сені қайтейін, жандай досты жат еттің, кәрілік, сені қайтейін, сөйлер сөзге мат еттің. Бай қасына көшіп бар, байымасаң маған кел; қу қасына көшіп бар, қуылмасаң маған кел. Ұрлық қылсаң жалғыз қыл: екеу болсаң, бірі айғақ; өткел өтсең, бұрын өт: арттан өтсең, жол тайғақ. Айтысқан соң дау емес пе, алысқан соң жау емес пе? Тапқан қуанса да, таныған алады. Әлі келген алып та, шалып та жығады. Би айтқанды құл да айтады, құл аузының дуасы жоқ. Ақылы жоқ басқа адырайған көз бітеді, дуасы жоқ ауызға сылдыраған сөз бітеді. Ерден елтірі даулап алсаң да теңдік. Арлы арына қараса, арсыз «жеңдім» дейді. Қонғанша қонақ ұялады, қонған соң қонақ иесі ұялады. Қонақ аз отырып көп сынайды. Қонақ келсе ет пісер, ет піспесе, бет пісер. Барында батып іш, жоғында сатып іш. Жақсы ас қалғанша, жаман құрсақ жарылсын. Кісі қандай болса, асы сондай. Жетімнің аузы асқа тисе, мұрны қанайды. Ақымақ алдындағы астан үркіп, аштан өліпті. Жоғалып табылған мал олжа, ауырып жазылған жан олжа.

Көзімен көріп бәрін де, Нысанбай мұны жырлаған. Тұсау көрмей ешкімнен, Хан еді мойны сынбаған. Ерегісіп қырғызға, Хан ойынды шыңдаған. Сол елменен күшейіп, Төрелер жайды қанатты. Аттансын деп жан қалмай, жұртқа салды санатты. Сегіз жүз кісі іріктеп Ылғи батыр манапты. Ақсу деген өзеннен шапты Олжа Болатты. Тау суындай сарқырап, Байұзақ келді төменнен. Көңілі бітті айқасып, Наурызбай асыл беренмен. Тұс-тұсынан құралып, Қырғыздың қолы кернеді. Бесінге дейін атысып, Қазақтың әлі келмеді. Қырғызды түріп шыға алмай, Батырлар сонда бір састы. Үйінде ермек қалдырмай, Қырғыз шыққан айдатып. Қыл құйрық қып бәрін де қару-жарақ сайлатып. Қызықсын деп Асуға Қазына төкті жайнатып. «Келсең кел» деп ақырып, Сары ала туын жайратып. Қырғыздарды жөңкілтіп, Төскейде атын ойнатып. Асуын тастап көп қырғыз, Бас қамын қылып, кетпеді. Ашуланып бұл жерде, (Хан) алдырды, екі түйені. Шөгеріп салып түйеге зеңбірегін сүйеді. Тұрғызып: қойып атса да, Күмпілдеп, тауға тимеді. Алатаудан аса алмай, Қазақтың қолы

байланды. Осы бүгін күн батпай, Көрсетші қанат жайғанды. Тау басында қырғызға, Бір тигізіп найзамды. Тау басына жете алмай, Болмай тұр-ау санымыз. Жабырқаған секілді, Көңілі ашылмай жанымыз. Көңілің соқса, Науажан, ханнан жауап алыңыз. Томағамды сыпырып, Қамау тасқа салыңыз. Байұзақ аттан түскен соң, Қасына түсті ханымыз. Ханымыз аттан түскен соң, Төгіле қалды арымыз. Бұзбасақ та ол тауды, Түсе қалдық бәріміз. Сол уақытта қарасақ, Тау басынан шу шықты. Қаптаған қара тұмандай, Мұнарланып, бу шықты. Бу десек мылтық түтіні (екен). Шөке атым жер бармай-ақ, Айырылды ханың еркінен. Қойға тиген бөрідей, Қырғызға салды кесірді. Ақ кіреуке бек сауыт, Таза жүрсе тот алмай, Мылтықтың оғын жібермес Шығыршығы жұқармай. Жарасалық дегенде, Бергендей қырғыз бар малын. Қол алдында жүргенде, Қырғыздың бір данасы, Наурызбайға кез болып, Тұра қалды жанаса. Ашуын бұған басса деп, Жерімді саған тастадым. Олжа қылып қайтсын деп, Малымды саған тастадым.

Қонысты орыс алған соң, Кенекем ауған жерінен, Бауыры суып ол жақта, Қарашы болған елінен. Он екі кісі жіберді, Жеке батыр ерімен. Бізге қоныс берсін деп, Қоқының салған көлінен. Екі ай жатты тұтқын болып Жанқараш, Жаттай бегіңнен. Қорған болып халқына Әркім шықсын табында. Айбатың асып тұрғанда, Айтарсың төре, сөзіңді. Алтын жығаң қисайса, Қырғыздар ояр көзіңді. Күнім туса көрермін. Бұйрық болып Құдайдан Қазам жетсе, өлермін. Ержан кеткен түн қатып, Хан болған соң өкімді. Төрт жүз кісі бөлініп, Қалың топтың шетінде, Барлап қарап келгелі, Жау бар ма деп бетінде. Келіспестей көрінді. Наурызбайды бөлген соң. Қырғыздың қолы көбейіп, Жақынға келіп төнген соң. Байұзақ датқа сөйлейді, Ашуланып ақырып. Халқына қарап сөз айтты, Оң-терісті сапырып. Не қылып шықпай отыр деп, Батырларын шақырып. Дулаттан шыққан батырдың Талайына батырып. Шыдамады Наурызбай Киіміне қиналып, Тұра келді орнынан, Шыбықтай белі бұралып. Арасы алыс дауыстап, «Бар ма, мұнда кел» деуге. Екінші рет атқанда, Бір керемет білінді. Ұрмай-соқпай зеңбірек Ортасынан бөлінді. Кертайлақ қолға тиген соң, Мініп алды Наурызбай. Сегіз кісі бас қосып, Су бойында ұрысты. Тоқтата алмайды көп жауды, Үстіртке ойнап шығысты.

Әл кетіп жығылуға таянғанда, Жалынып атқа есек сөз айтады: «Ат достым, жүгім ауыр, қалым бітті. Емеспін жүре алатын енді тіпті. Зорығып жолда өліп қалатынымын, Алмасаң ауыстырып біраз жүкті».

Бір көлдің емен айтты қамысына, Сыбайлас көптен бергі танысына: «Жаратқан мені Құдай сонша артық, Мықты деп жер жарылатды дабысыма». Өгізді суға тойған бақа көрді, Секіріп жолдасына жетіп келді. Боламын мен де сонау өгіздей деп, Жел тартып, ісіп-кеуіп, орнын керді.

Сұрады жолдасынан толдым ба деп, Өгіздей анау тұрған болдым ба деп. Бұрынғы мықтылықты бұлай қойып, Тырнаға сөз сөйлейді кішілікпен. «Шырағым, дүниеде ұмытпайын, Құтқарсақ мені қазір осы дерттен». Суырып сүйекті алып тастап еді, Үп деп, қасқыр сонда көзін ашты. Құтқарған зор бәледен тырнасына. Ол бірақ көрсетпеді ықыласты. Еңбегін бер деп тырна сұрап еді, Қасекен сау күндегі әнге басты: «Не дейсің? Ойын ба осың, шын ба, тырна? Қажауға мәжнүн жоқ саған мұнда. Ақы алып өзгелерден дәндеп қапсың. Қой, тырнам, ойнап мені әуре қылма!» Танысы мұны көріп келе жатқан, Астында өгізі бар са-ан тартқан. Көзіме күні бойы көрінбеп ең, келесің сөйле деді сен қай жақтан. Сонда бұл мұрнын көкке көтереді, Адамсып маңызданып жөтеледі: «Жер жыртып күні бойын, шаршап келем. Мазалап сұрап саған не керегі?» Мәз болып мақтағанға насаттанып, Қайтпасын деп ойлайды сағы сынып. Алыстан арып-ашып іздеп келген, Байғұстың кетсін деді көңілі тынып. Өтірік мақтағанға қарға еріп, Қарқ етті пәрменінше жағын керіп. Қаңғырған, тамақ іздеп бір аш бөрі Қозыға жетіп келді жайнап көзі. Жемекке кінә қойып сол арада, Жала ғып, міні қасқыр айтқан сөзі: «Сен, қозы текке қарап жүре алмайсың! Соқтықпа маған десем, тіл алмайсың. Мойныңды қазір жұлып алайын ба! Суымды неге былғап ылайлайсың?». Қозы айтты: «Қасқыр тақсыр, тоқта азырақ! Тергеңіз кінәм болса, әділ бірақ. Ізіңіз жатқан жерден төмен келіп, Іштім мен жүз қадамдай қашығырақ...». «Орманға балтасымен келді мұжық, Аралап ағаш тандап жүрді кезіп. Япырым-ай, аман қалсақ жарар ед деп, Жанынан көрген ағаш тұрды безіп. Мұжыққа бір жас ағаш айтады сөз: «Құдайдан тілеуші едім келтір деп кез. Мың да бір алғыс саған берер едім, Осы үлкен ағаштардан құтқарсаң тез...». Ол қанша пайда тапты жалғыз тұрып, Өзгенің әлек етіп, бәрін қырып. Ағашта қурап тұрған әл болсын ба? Келіп дауыл соғып еді, қалды сынып. Сонда оған сынып жатқан жылан келді. Өзіңе бәле тілеп алдың деді. Қорғаушы жаныңдағы ағаштардың. Кінәсіз бәріне ылаң салды деді. Пананды желден, күннен қорғап тұрған, Қырғызып өзің жалғыз қалдың деді. Алланың арам пейіл сүймес құлы, Отыңа өзің жаққан жандың деді. Әмиян күндіз-түні болды қолда, Ас ішу, дамыл алу болмады онда. Алтынды бөлек-бөлек үйіп отыр. Өзі мен өзі кеңес құрып сонда. Мінікей, — деді — енді мен де баймын, Байлармен жұрттан асқан сайма-саймын. Құдайым бермегенде жаттым ұйықтап, Тұрғанда құдай беріп неге ұйықтаймын? Шығарсам, қазір алтын үй алатын. Онан соң бір жүз мыңын бие алатын. Көшкенде жүктерімді атқа артам ба? Тағы да алтын керек түйе алатын... Сиыр мен мынау алтын қойға деді, Аналар қатын алсам, тойға деді. Жұмсармын мұнан соңғы алтындарды. Қаражат киім-кешек бойға деді. Ал енді өгіз тұрып мәңірейді, Көз жасы ағыл-тегіл еңірейді.

Қиянат кісі ақына қылман деуші ем: Азғырды шайтан залым мені дейді. Барып келсе, Ертістің суын татып, Беріп келсе, бір арыз бұтып-шатып, Елді алып, Еділді алып, еліреді, Ісіп-кеуіп қабарып келе жатып. Әрі-бері айналса, аты арықтап, Шығынға белшесінен әбден батып. Сұм-сұрқия, қу, білгіш атанбаққа, Құдай құмар қылыпты қалжыратып. Шын көңілмен сүйсе екен; кімді сүйсе, Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе. Қырмызы, қызыл жібек боз балалар, Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе. Жоқ болса қатыныңның жат өсегі, Болмаса мінезінің еш кесегі, Майысқан бейне гүлдей толықсыған, Кем емес алтын тақтан жар төсегі. Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса, Күнді уақыт қызартып, Кеп жиектен асырса. Күңгірт кеңілім сырласар Сұрғылт тартқан бейуаққа. Алыстан сермеп, Жүректен тербеп, Шымырлап, бойға жайылған. Қиуадан шауып, Қисынын тауып, Тағыны жетіп қайырған. Толғауы тоқсан қызыл тіл, Сөйлеймін десең, өзің біл. Қайнайды қаның, Ашиды жаның, Мінездерін көргенде. Жігерлен сілкін, Қайраттан, беркін деп насиқат бергенде. Ұятсыз, арсыз салтынан, қалғып кетер артынан. Ит үрсе, бала таяғын ала қуады, итпен кектесіп. Ұрысқансып, «ой!» деп, «ұят» деп, «қой!» деп, үлкендер тыяр «тек!» десіп. Оны білсең, мұның не? Мен де ұят іс қылдым де. Күйдірген соң шыдатпай, қоя ма екен жылатпай. Оюын ойып, орындап қойып, тор салғандай әрнекке, Қиыннан қиып, қиырдан жиып, құрап сөзді термекке. Еңбекке егіз тіл мен жақ, Ерінбесең сөйлеп бақ! Именіп көптен шақтық қып, Еппен тасалама ойыңды. Ашынса етің, ашылмақ бетің, Кірі көмбей бойыңды. Жүрегіңнің жарасын, көрсет жұртқа карасын. Сайраған тілмен, зарлаған үнмен құлағы жоқ кереңді, ұқтыра алмай сөз әуре, тек тұра алмай, біз әуре. Жаңбыр жаумай, жауса қар, жұрт жұтайтын түрі бар. Мұны көріп көзіміз, Бірігер деп сөзіміз, Кен болар деп балшықты, Көл болар деп шалшықты, Біз үмітпен қазып ек.

Жанға көңіл қалып тұр, Жан бұл күйге салып тұр. Тәнге көңіл қалып тұр, Тән шыдамай, арып тұр. Ет пенен қымыз беріп, сөйлеп көрсең, Айтқаның жұртқа балдай татыр, інім. Ақылың Аплатондай болса дағы, Қымыз бен еті жоқ құр-тақыр білім. Ағаның ақыл айтқаны мақұл: жаны ашыған жақындық. Миллетке қызмет — жұмлеге міндет; ұйқыны аш! дер ек; Надандықтан қаш! дер ек. Болмайды өндеп: дұшпан тұр күндеп, «Миллетке қызмет» — «жұмлеге міндет» деп айтарсыз өзіңіз, Миллеттен безу, әйтпесе төзу, шын болса сол сөзіңіз. Қараңғылық бұққанда, Қызарып күн шыққанда, Күн отынан туғанмын. Жүрегімді, жанымды, Иманымды, арымды Жалынменен жуғанмын. Жүрегім де, жаным да от, Иманым да, арым да от. Жарқырап от боп туғаннан (берік), Белімді бекем бұғаннан бері. Қараңғылық дұшпаным. Жауыздықты жамылған, Қарынға құл боп табынған, Қорсылдаған доңыздай, Көкті көрмей, көр болған, Сүйгені

сасық жер болған соқыр. Сасық қоңыздай күн батысқа жүрейін. Дұғада бол, алтын Алтай, қарт анам! Алып ата қуды жолын ер балаң. Ақ шашыңды, көкірегінді иіскеуге, Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам. Азамат, анау қазақ қаным десең, Ұжмақтың суын апар жаным десең. Болмаса, ібіліс бол да у алып бар, Тоқтатам, тұншықтырып зарын десең.

Тіл жұмсар

(Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы
танытатын бірінші кітап)

Қызылорда – 1928

Қазақстан Оқу комиссариатының білім ордасы

БАЙТҰРСЫН ҰЛЫ АҚЫМЕТ

ТІЛ ЖҰМСАР

**Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы
танытатын І-ші кітап**

Білім ордасы І-нші басқыш мектепте ұстауға ұйғарған

Қазақстан баспасы
Қызылорда, 1928 жыл

§ 1. Дәйектеме

Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектер бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп өте үлкен машина секілді құрал.

Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс, құралды жұмсап жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды.

Солай танығаннан кейін ананың да, мынаның да құрал жұмсауы, оны таныуы бірдей сияқты болып шығады. Бірақ асылында олай болмайды. Мәселен: машина бөлшектері жасалған заттардың қасиеттерін, олар үйлесуінен шығатын тетік заңдарының жайын жақсы білетін жұмсаушының машина тануы мен тек өз тәжірибесі арқылы машинамен танысқан адамның машина тануы – екеуі бірдей болмайды. Машина жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білгенде, мынау тіпті, білмеуі мүмкін.

Жалпақ жұрттың құрал тұтынуы, көбінесе екінші жолды болады. Тіпті машиналарын, пішен, егін машиналарын қолданушылар солардың ішкі, сыртқы бөлшектерін, тетіктерін біліп отырып жұмсамайды, жүргізетін, тоқтататын сияқты жұмсауға керегі бар тек тысқы бөлшектері мен тетіктерін біліп қана жұмсайды. Бұлардың да машина біліп алатындары болады, бірақ оны құрал жұмсау жүзінде көп тәжірибе көргеннен кейін біледі.

Бұл күнде бала үйрету табиғи жолы-тәжірибе арқылы білім алатын осы айтылған соңғы жол деп танылады. Жаңа да ел мектебі – білімді түптеп білдіріп, мамандар шығаратын мектеп емес, жалпы тұрмысқа жұмсалатын жалпақ түрдегі білім беретін мектеп. Сондықтан үйреті жүзіндегі кәзіргі жаңалықтың негізі – үйрету, әсіресе бастауыш мектептерде үйрету, тәжірибе жолымен білу.

Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімінің, шеберлігінің керек орны өздігінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай өту үшін, керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне шағындап беру мен бетін белгілеген мақсатқа қарай түзеп отыру.

Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім - «Тіл – құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа.

«Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерінен, тетіктерінен балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады.

Бұл айтылған «Тіл – құралдан» «Тіл жұмсардың» негізгі басқалығы, мұнан өзге де бала шамасына шағындағандықтан туған басқалықтар бар. Оларды мұнда түгендеудің қажеті жоқ, үйткені «Тіл жұмсармен» үйреткенде, әрқайсысы өзінің орны-орнында көрінбекші. Мұнда тек басты-бастыларын ғана көрсете өтсек болады.

1. Әріптен басқа жазуда қолданатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгретін қарап біреу олай, біреу былай деп атайтын еді. Мұнда соларға ат қойылды. Мұндағы ат тек сүгретіне қарай емес, жұмсалатын орнына қарай қойылады. Мәселен: тыныстық (.), жапсарлық (.), қосарлық (-), тастарлық(-), дәлдеулік (« »), сұраулық (?), лептеулік (!).

Тыныстық – дауыстың тынатын жеріне қойылатын белгі.

Жапсарлық (,) – дауыс тынбай, тек сөз арасы көбірек ашыла айтылатын жерге қойылатын белгі. Сөз арасының олай ашылуы көбінесе сөйлемдер қосылған жапсарлық жерінде болады.

Қосарлық (-) екі- сөзді қосу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосу керек болған орында немесе біріне-бірі жедел екі сөз қосарынан айтылатын орында, не болмаса бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі.

Тастарлық (-) – жазбай тасталған сөздің орнына қойылатын белгі.

Дәлдеулік (« ») – бұлжытпай дәлдеп жазып көрсетерлік жерде қойылатын белгі.

Бұлардан басқа «Тіл жұмсарда» екпіндік /V/, еместік /+ / деген белгілер бар. Олар балалар оқуға төселгенше, сөздерді айырғанша уақытша қолдан тұтынатын белгі (баспада олар болмайды).

2. Сөйлем атына кірген өзгеріс бар. Мәселен: жапсарлы сөйлем деген ат бар. Бұл атпен құрылуынша айырылатын толып жатқан сөйлем түрлерінің бәрі аталады. Тек жапсарлық қойылатын сөйлем болса, бәрі жапсарлы сөйлем деп бір-ақ атпен аталады.

3. Сөз аттарына кірген өзгеріс бар. Мәселен: 1) «Қосар сөз» деген бар. Бұл – қос сөздердің басқа сөздердің қосарынан біріне-бірі жедел

айтылатындарына қойылған ат. Бұған қатар-қатар, жалт-жұлт, шымшытырық, бірін-бірден, алысып-жұлысып, тағысын тағы сол сияқты сөздердің бәрі кіреді.; 2) «Қосынды сөз» деген бар. Ол бұрынғы «жалқылауыш» қос сөз деген аттың орнына алынып тұр. (белбеу, қарағұс, жүк-аяк); 3) «Үйір сөз» деген бар. Бұл – айтқанда қосынды сөз сияқты айтылатын, бірақ ондай бір ұғымды емес, екі ұғымды көрсететін сөздерге қойылатын ат. (Қара айғыр, ақ өгіз, сұр тай).

4. Дыбыс түрлерінің атына кірген өзгеріс бар. Дыбыстар естілу қуатына қарай жіктеліп, соған қарай ат қойылып тұр. Дыбыс естілу жағынан төрт даражалы: 1) Дауыс (немесе айқай). 2) Үн. 3) Сыбыс. 4) Сыбыр. Дауыс пен үнді айыру қиын емес (дауыстама, үндеме дегенде, екеуінің мағынасы бір емес), сыбыс пен сыбыр – екеуі бір нәрсе емес (сыбырлағанда пыш-пыштаған сыбыс естілуі мүмкін, бірақ сөзі басқа адамға естілмейді).

Балаларға бұрынғыдан көрі осы түсінікті болатындықтан, дыбыстар осы негізбен жіктеліп, түрлеріне осыған қарай ат қойылады.

1) ا (а), و (о), ؤ (ұ), ه (е), ی (и) бұрынғыша дауысты деп аталады.

2) ر (р), ك (ң), ل (л), م (м), ن (н), و (у), ي (й) үнді дыбыстар деп аталады.

3) ج (ж), ز (з), س (с), ش (ш), غ (ғ), گ (г) сыбысты дыбыстар деп аталады.

4) ب (б), پ (п), ت (т), د (д), ق (қ), ك (к) сыбырлы дыбыстар деп аталады.

«Тіл жұмсардың» кәзір екі бөлімі ғана шығып тұр. 1-інші бөлімдегісі көбінесе әріптер мен әріп белгілерін түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз белгілері мен сөйлем белгілерін жаза ілу. Дәйекшіні керек қылмайтын дыбыстардың әріптерін білу. Сөздің жекелік, көптік түрлерін тану. Көбінесе айтылатын сұрау сөздермен танысу. Жеңіл сұрауларға жауап жаза білу. Жеңіл бүркеулерді (.....) аша білу. Сөзге үйлесетін сөз теріп ала білу. Оңай туатын сөздерді туғыз білу. Сөзді сипырға цифрға), сипырды сөзге айналдыра білу. Тасымалдаумен танысу.

Бұл бөлімде бақылау мен мәнісін білу жағынан тура тұтыну тәжірибе жағы басым болып отырады.

Жана бір ескертетін нәрсе – 1-інші бөлімде берілетін тіл тану білімі «Әліп-бидегі» әңгімелермен байланысқан. Оны сол іретше басқа кітаптардағы әңгімелермен байланыстыруға болады. Мұнда тек байланыстыру жолы, жөні осы іретше болу тиістілігіне үлгі үшін байланыстырып көрсетілген.

«Тіл жұмсардың» 2-інші бөлімінде 1-інші бөлімдегілердің көбі қайта келеді. Бірақ олар пысықтау ретінде емес, анадағы білімдерді тереңдетіп, аудандарын кеңейтіп білдіру ретінде келеді.

Оның үстіне жаңадан сөйлемдердің түрлерін тану, сөздердің, дыбыстардың негізгі түрлерін тану, орын талғайтын дыбыстармен танысу, сыбайлас дыбыстардың бір-біріне ететін әсерлерімен танысу, дауыс екпінін тану кіреді.

Бұл бөлімде істеу жүзінде байқаумен алған білім жұмсау жүзінде іске алып, бақылау мен жұмсау екеуі теңбе-тең бірдей жүріп отырады.

Адағында айтып өтетінім – емле үйретуге «Тіл жұмсардың» екі бөліміндегі қолданыстық нәрсе (материал) жеткілікті.

Соның бәрін балалар дұрыстап жұмсап, түгел қолданып өтсе, емленің 90% шамасын білуге дыбыс жүйелі. Оны білу үшін буынды жақсы тану, дұрыс буындай білу, сөздің буындарын біліп отырып жазуға әдеттену ғана керек. Оған «Әліп-би» мен 1-інші «Тіл жұмсар» көлеміндегі нәрсе де, мезгіл де, білім де жеткілікті. Онан арғысы 2-інші «Тіл жұмсар» мен толықтырып, үшеуінің көлеміндегі нәрседен емленің 90% ілімін толық алуға болады. Онан әрі қалған 10% білімін 3 –нші «Тіл жұмсар» беруге тиіс.

Сүйтіп, бақылау мен жұмсау тәжірибе жолымен, «Тіл жұмсардың» үш бөлімінің беретін білімін алғанда, балалардың сауаты емле жағынан толық жеткілікті болмақ.

§ 1. Әріптер мен белгілер

ا /a/ ب /б/ پ /п/ ت /т/ ج /ж/ د /д/
ر /р/ ز /з/ س /с/ ش /ш/ غ /ғ/ ق /қ/
ك /к/ گ /г/ ئ /ң/ ل /л/ م /м/ ن /н/
و /о/ و /ұ/ و /ү/ و /у/ ه /е/ ي /і/ ی /й/
ء - - « » ، : ; ! ? ...

§ 2. Әріп белгілері

Нүкте (.), үтір (,)

ب (б) پ (п) ت (т) ر (р) ز (з) س (с) ش (ш) || ك (к) ئ (ң) || و (о) و (ұ) و (ү) و (у) ی (і)
ي (й)

Осы әріптердің бір-біріне ұқсастары бар. Бірақ ұқсас болғанмен, нақ бірдей емес. Оқығанда да бірдей айтылмайды.

Бір-бірінен солар нендей белгілермен айырылып тұр?

Төмендегі «Бекіш әңгімесі» дегенді көшіріңдер (жеңілдік үшін екі нүктені сызықша (–) түрінде жазыңдар. Үш нүктені тұмсықша түрінде үстіңгісі былай < астыңғысы былай> жазыңдар).

Бекіш әңгімесі

Ауыл қасында қала бар. Қалада базар бар. Базарда тауар сатылады. Ауыл базарға мал сатады. Бапам базарға бақырауық атаңды сатты. Бірғауым ақша алған. Ақшасына бірталай мата алды. Матадан апам маған шапан тігіп береді. Бірақ тез арада бітпейді дейді.

Ертең налог салуға бапам қалаға барады, маған жақсы кітап әкеп береді.

(«Әліп-би» 76-бет)

Әріп пен дыбыс бір ме?

Қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі.

Ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?

1. Жұмыс.

Жоғарыдағы әріптерді түрлерінің ұқсастығына қарай сұрыптап, тап-табымен бөлек-бөлек жазыңдар. Нұсқа: **б** (б) **п** (п) **т** (т) ... (ұқсас емесін алмайсыңдар).

2. Жұмыс.

Әріптерді дыбыс жақындығына қарай сұрыптап, тап-табымен жазыңдар. Нұсқа: **б** (б) **п** (п) **т** (т) **д** (д) (Мұнда да дыбыс жақындығы жоқтары алынбайды).

§ 3. Сөйлемдер

Ақыш хатынан

(«Әліп-би» 77 бет)

Қадірлі Қатыш апатай!

Мен әріптің бәрін танымын. Қандай сөз болса да оқимын. Жазуым қандай екенін осы қаттан байқарсыз.

.....

Мен сүгретті де тәуір саламын. Бояуым таусылып келеді. Бояу алып бересеңіз екен.

Ақыш

Осыны оқығанда дауыс неше рет тынады? Әр тынғаны бір «сөйлем» деп аталады.

Мен тақтайға бір әңгіме жазайын. Сендер «Мұғалім әңгімесі» деп ат қойып, дәптерлеріңе көшіріңдер.

Дәмеш мектепте оқиды. Мектептен үйіне түрлі әңгімесі бар кітаптар апарады. Әңгімелерін үйіндегілерге оқиды. Оқығанын басқалар тыңдап отырады.

Балалар түсінбегендерін сұрайды. Дәмеш түсіндіріп береді.

Жазғандарыңды оқыңдар. Мұны оқығанда дауыс неше рет тынады? Тынғанда дауыс кәйтеді? Мұнда неше сөйлем бар дейсіңдер?

§ 4. Сөйлем белгілері **Тыныстық (.); Жапсарлық (,)**

Мұғалім әңгімесінде әріп нүктесінен басқа жерге қойылған нүкте бар ма? Олар сөйлемнің қай жерінде тұр? Тынатын белгіге не деп ат қою [керек]? Төмендегі «Мәкеш әңгімесі» дегенді үтір біткендерін түгел қойып көшіріңдер.

Мәкеш әңгімесі

Күзге қараған кез. Күндіз жылы, түнде салқындау. Ай жарық.

Қораның шетіне алтыбақан құрдық. Төрт баладан кезекке бөліндік. Бір кезекке мен, Жұмаш, Тұраш, Нұраш төртеуіміз кірдік. Екінші кезекке Үміт, Дәмет, Мұрат, Мұқаш төртеуі кірді. Зұлқаш, Зұлпынын, Ұрқия, Құбаш төртеуі бір кезекке кірді. Ұсақ балалар көп үстінен тебетін болды.

Екі бала тебеді, екі бала жібереді. Біреулер қатты жібергенде қорқады. Қорыққандарға күлеміз.

Осында әріп үтірлерінен басқа үтір бар ма? Олар қалай қойылған? Сөз арларының бәріне де қойылған ба? Қандай араларына қойылған?

Осы әңгімені оқығанда, сөздердің үтір тұрған аралары мен үтір тұрамаған аралары қалай оқылатынын байқаңдар.

Қайсысында сөз арасының жігі көбірек ашыла оқылады.

Сөз арасының алыстайтын жігін көрсететін белгіні не деп айту [керек].

§ 5. Сөздер

Сен тұр! Қозына бар. Сен тұр! Қойыңа бар. Сен тұр! Жылқыңа бар.
Сен тұр! Сиырыңа бар.

Сұрау. Осында неше сөйлем бар? Әр сөйлемнің ішінде неше сөз бар?
Ертең ауылым көшеді. Уық буын шешеді. Ала тайым ойнайды. Қара
тоқтым қашады.

Сұрау. Мұнда неше сөйлем бар? Әр сөйлемнің ішінде неше сөз бар?

Атан түйе маң басқан,
Шудаларын шаң басқан.
Екі өркешін қос басқан,
Төрт аяғын тең басқан
Тілін тікен теспеген

Сұрау. Мұнда неше сөйлем бар? Әр сөйлемде неше сөз бар?

Қой сүйеді баласын қоңырым деп,
Іштемені білмеген момыным деп.
Ешкі сүйер баласын ұлағым деп,
Тастан тасқа секірген шұнағым деп.

Сұрау. Мұнда неше сөйлем бар? Әр сөйлемде неше сөз?

§ 6. Сөз белгілері

1. Дәйекші (ء).

ا (а) ب (б) پ (п) ت (т) ج (ж) د (д) ر (r) ز (з) س (с) ش (ш) غ (ғ)
ق (қ) ك (к) گ (г) ئ (һ) ل (л) م (м) ن (н) و (о) ؤ (ұ) ة (у) ه (е) ي (і)
ي (й).

1. Жұмыс.

Әріп басына бір-бірден дәйекшілі сөз тауып жазыңдар. (Кітаптан қарап
табасыңдар).

Дәйекшілі сөз таба алмаған әріптеріңді бөлек шығарып жазып
көрсетіңдер.

2. Жұмыс.

Қандай сөздерге дәйекші қойылмайды? Неге қойылмайды?
Қорытынды жасандар.

3. Жұмыс.

Төменде екі сөздің арасында бір төл сөзден қалай етіп қайсысына теліп айтуға болады?

Қалай етіп қайсысына теліп жазуға болады? Айтыңдар жана жазып көрсетіндер.

болды {үшке {жауын	сұр{ет {байтал	ұрды{ит {доп
боз{шұлғау {ат	ұны{естілді {ақ	мас{жаңа {әбден
тос { піскен {қолың	бөрі{аш {ақ	тұз{қараңғы {ашшы

§ 7. Буын

Буыншы әріптер (а, о, ұ, е, и)

Төмендегі жаңылтпаштардағы сөздерді буынға бөліп жазыңдар.

Жаңылтпаштар: Асаттар аз асатар.

Ораз аз озар.

Бұл ұлақ – ұлы ұлақ.

Есен, есен бесен.

Ылайдың, ылайына ыластанба.

Буындағаннан кейін жалғыз өзі буын болып тұрған әріптерді бөлек шығарып жазыңдар.

Бөлек шығарғаннан кейін жалғыз өзі буын болып тұрған әріптерді бөлек шығарып жазыңдар.

Бөлек шығарғаннан кейін, кітаптарыңда кез келген сөздерді буындап қараңдар – әлгілерден басқа жалғыз өзі буын болатын басқа әріптер бар ма екен?

Жалғыз өзі буын болатын әлгі әріптер болса, олар кіріспеген сірә буын жоқ болса, буын жасайтын әріптердің қайсысы болғаны?

§ 8. Буыншы әріптер

Буын түрлері

Асқа барған қатындар,
Алшандамай қайтыңдар.
Алдында торпақ көрінсе,
Жылдам маған айтыңдар.
Тойға барған қатындар,
Тойтаңдамай қайтыңдар.

Топ сиырдың ішінде
Торпақ көрсең айтыңдар.

Осындағы сөздерді буынға бөліңдер. Бөлгеннен кейін буыншы әріптер басына келген буындарды бір бөлек шығарып жазыңдар. Ортасына келген буындарды бір бөлек шығарып жазыңдар. Аяғына келген буындарды бір бөлек шығарып жазыңдар.

Шығарғаннан кейін буындардың түріне қарап ат қойыңдар. Буын түрін айырғанда, буыншы әріптердің тұрған орнына қарай айырыңдар.

Буыншы әріп басқалардың ортасында қамауда тұрса, ол буынға «бітеу» деп ат қойыңдар; буын аяғы буыншы әріпке тірелсе, ол буынға «ашық» деп ат қойыңдар; буын буыншыдан басқа әріпке тірелсе, ол буынға «тұйық» деп ат қойыңдар.

§ 9. Бітеу буын

Буыншы «Ї» (и)

Төмендегі сөздерді буынға бөліп, ашық буындарын бір бөлек, тұйық буындарын бір бөлек, бітеу буындарын бір бөлек шығарып жазыңдар.

Апам асық береді.
Асығын мұзға бердім.
Мұз суын берді,
Суын қара сиырға бердім.
Қара сиыр сүтін берді.

Жазған буындарыңды айтып қараңдар. Қандай буында «и» әрпінің дыбысы анық естілмейді?

Дыбысы анық естілмегенмен, ол буынға «и» әрпі жазыла ма?

Сүтін пісіріп едім,
Көбелек келіп күрп етіп,
Көбігін ішіп ол кетті.
Жапалақ келіп жарп етіп,
Жармысын ішіп ол кетті.

Қарға келіп қарқ етіп,
Қалғанын ішіп ол кетті.
Сауысқан келіп сақ етіп,
Сарқып ішіп ол кетті.

Атакем келіп еді, қаспағын қырып беріп қарқ қылдым.

Осындағы сөздерді буынға бөліп, буындарын сұрыптаңдар. Буындардың бір әріптілерін бір бөлек, екі әріптілерін бір бөлек, үш әріптілерін бір бөлек, төрт әріптілерін бір бөлек шығарып жазыңдар.

§ 10. Буыншы әріптер

Дәйекші (ء)

Қозы _____ көзі
Қосыл _____ көсіл
Қазыр _____ кәзір

Қорық _____ көрік
құрақ _____ күрек

Осында екі жақтағы сөзде де буыншы әріптерге қарасаңдар, жазылуы бірдей, айтылуы бірдей ме?

Торы _____ төрі
Сұр _____ сұр
Тұр _____ түр
Ал _____ әл

Сан _____ сән
Ары _____ әрі
Бұр _____ бүр

Бұл сөздерде буыншылар жазылуы бірдей. Айтылуы қандай? Қатар-қатарымен оқып қараңдар.

Енді бір жағындағысына дәйекші қойып, бір жағындағысына қоймай оқып қараңдар. Айтылуы өзгере ме? Жоқ па?

Айтылуы өзгергенде, солардың мағынасы өзгере ме? Жоқ па?

§ 11. Қ, К Әріптері

Дәйекші (ء)

Төмендегі буыншы әріптердің дәйекші қойғанын қалай айтасыңдар? Қоймағанын қалай айтасыңдар?

ا (а) ا (ә) و (о) ء (ө) ء (ұ) ء (ү) ى (ы) ئ (і) ء (е) ء (е)

Осында дәйекші қойса да, қоймаса да айтылуы өзгермейтін бар ма? Ол дәйекшіге көнбейтіні қайсысы?

Қол _____ көл
Құн _____ күн
Қары _____ кәрі

қон _____ көн
құт _____ күт

Осы сөздерді, әуелі, осы тұрған күйінде оқыңдар. Сонан соң дәйекші қойып оқыңдар. Дәйекші қойғаннан айтылуы өзгере ме?

Енді бас әріптерін сызып тастап, көшіріңдер де, бір жақтағыларына дәйекші қойып, бір жақтарына дәйекші қоймай оқыңдар. Сөздердің айтылуы, жана да мағанасы өзгере ме? Жоқ па? Енді өзгертін болса, манағы дәйекшіге көнбеуі неден болғаны?

Сүйтіп, қай әріптер кіріскен сөзге дәйекші қою керексіз болады?

Ескерту. غ (ғ), گ (г) әріптері ق (қ), ك (к) дыбыстарының азғын түрінің әріптері. Сондықтан ق (қ) ك (к) керек қылмаған дәйекшіні бұлар да керек қылмайды.

иі, уы буындардың жазуы

Қаламның суреті	конверттің суреті	қазақ киімін Киген қыздың суреті
-----------------	-------------------	----------------------------------

(«Әліп-би» 78-бет)

Көшіру

	<i>апа</i>	<i>хат</i>	<i>қалам</i>
Ақыштың	апатайы	хаты	қаламы
Менің	апатайым	хатым	қаламым
Сенің	апатайың	хатың	қаламың
	<i>қағаз</i>	<i>бояу</i>	<i>сүгірет</i>
Ақыштың	қағазы	бояуы	сүгіреті
Менің	қағазым	бояуым	сүгіретім
Сенің	қағазың	бояуың	сүгіретің

Сөздің жекелік,
көптік түрлері

Ойнап жүрген балалардың суреті	Бір баланың суреті
--------------------------------	--------------------

(«Әліп-би», 79-бет)

балалар (көп)

бала (жеке)

Жекесі. Апа. Бояу. қағаз. Қалам. Қат. Сүгірет. Мектеп.

Көбі. Апалар. Бояулар. Қағаздар. Қаламдар. Қаттар. Сүгіреттер. Мектептер.

Жекесі. Қала. жол. адам. Кісі. Таныс. Қазақ. Жылан.

Көбі. Қалалар. жолдар. Адамдар. Кісілер. Таныстар. Қазақтар. Жыландар.

ыйы, йі жазуы

Тақтаның суреті

Тақтаның суреті

Жұмыс

Мақандардың тақтайы, біздің тақтайымыз

Бой. Үй. Сөз. Жиылыс. Нәрсе. Қаулы.

Мақандардың бойы, үйі, сөзі, жиылысы, нәрсесі, қаулысы

Біздің бойымыз..... нәрсеміз.....

Сіздің бойыңыз..... нәрсеңіз.....

Көшіру. «Біздің тәртіп» деген әңгімедегі шығарған қаулыны көшіру керек.

Сұрау

Күннің суреті	В.И. Лениннің суреті	Айдың суреті
------------------	-------------------------	-----------------

(«Әліп-би», 81-бет)

Сұрау. Бұ не? Бұл кім? Бұл не?

Жауап

Мақалдарды оқы: Білегі толық бірді жығады, білімі толық мыңды жығады.

Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ.

Сұрау. Қандай адам бірді жығады? Қандай адам мыңды жығады?

Жауап

Сұрау. Бірді жығуға не керек? Мыңды жығуға не керек?

Жауап

Сұрау. Күн қалай? Ай қалай? Жақсы қалай?

Жауап

Көшіру. Сен қара, мен жазайын.

Мен қарайын, сен жаз.

(ы, й, ый, ійі). Сен оқы, мен тыңдайын.

Мен оқиын, сен тыңда.

Мен көрсетейін, сен таны.

Сен көрсет, мен таниын.

Сен құй, мен жуайын.

Мен құяйын, сен жу.

Мен қашайын, сен қу.

Сен қаш, мен қуайын.

Көшіру.	Қара	Қарау	Жаз	Жазу
(у,ыу)	Оқы	Оқу	Айт	Айту
	Тыңда	Тыңдау	Көрсет	Көрсету
	Таны	Тану	Қой	Қой (қою)
	Сұра	Сұрау		
	Жұу (жу) —	жұу (жуу).		

Сөз туғызу. Нашар-нашаршыл

Кедей -	Қазақ -
Бай -	Орыс -
Жұрт -	Татар -
Ұлт -	Өзбек -

Жауап жазу.

Қардың түсі қандай?
 Ұнның түсі қандай?
 Сүттің түсі қандай?
 Қанның түсі қандай?
 Күйенің түсі қандай?
 Көмір [дің] түсі қандай?
 Құрақ түсі қандай?
 Қамыс түсі қандай?

Осы сұрауларға толық жауап беру керек.

Көшіру.

Мұраттікінің шаруасы. Біздікінің шаруасы. Сіздікінің шаруасы.

« отыны	« отыны	« отыны
« малдары	« малдары	« малдары
« аттары	« аттары	« аттары
« сиырлары	« сиырлары	« сиырлары

Жауап жазу.

Мөңірейтін не? Қарға қаңқылдайды
 Кісінейтін не? Сауысқан кәйтеді?

Сұрау. Кәйтеді? Маңырайтын не? Қаз кәйтеді?

Боздайтын не? Тырна кәйтеді?
 Үретін не? Торғай кәйтеді?
 Мияулайтын не? Маса кәйтеді?

Түйе. Ит. Ешкі ұлақтайды.

Ұлақ. Сиыр. Қой кәйтеді? деген сөздердің жазуы

Жылқы кәйтеді?
 Сиыр кәйтеді?
 Түйе кәйтеді?
 Ит кәйтеді?

§ 12. Қосарлық (-) Есімдегі сүгірет

Киіз үйдің іші. Төрінде жүк-аяққа жиған жүк. Оң жақта төсек-ағаш. Үстінде көрпе-жастық. Төсек-ағаштан бері аяқ-табақ. Онан бері қазан-ошақ.

Сол жақта төсек-орын жоқ. Жерде келі мен келісап жатыр. Керегеде жүкке таяу ер-тұрман ілулі тұр. Онан берірек қамыт-доға ілулі тұр. Босаға жанында кетпен-шот сүйеулі тұр.

Осында сызықшамен қосылған сөздерді бөлек шығарып жазыңдар.

Шәкірт әңгімесінен

Сабақтан шыққан соң жиылыс жасап жібердік. Кеңесіп мынандай қаулы шығардық:

1-інші, бәріміз тату болайық.

2-інші, біріміз-бірімізге көмектесейік.

3-інші, құр бетімізге шулай бермейік.

4-інші, әсіресе сабақ үстінде тыныш отырайық.

Мұнда сызықша немен нені қосып тұр?

Жұмбақтар: Жалт-жұлт етеді; жалмай жұтады (у...)

Шым-шытыр, шиедей қотыр (жол...)

Күлдір-күлдір) жарғағым қартайғанша тозбайды (құла...)

Қатар-қатар тас қойдым, жирен атты бос қойдым (т... т)

Мұнда қосарлық белгі неге қойылған?

(«Әліп-би», 83-бет)

Сөз тудыру.

Тәртіп	— тәртіпші	Ән	—
Қой	— қойшы	Өлең	—
Түйе	—	Оқу	—
Жылқы	—	Оқыту	—
Мал	—	Үйрету	—
Аң	—	Үйрету	—
Етік	—	Қат	—
Балық	—	Күзет	—

Жауап жазу.

Тәртіп, тәртіпші, жиын, шүберек деген сөздердің жазуы

Жиылыс қайда болған?

Не туралы болған?

Тәртіпті неге керек қылған?
 Кейде бор нағылған?
 Кейде шүберек нағылған?
 Немесе орындықтар кәйткен?
 Тәртіпші сайлау керек деген кім?
 Кімдер жиылған?
 Жиын ағасы кім болған?
 Тәртіпшінің міндеттері нендей?
 1-нші..... 4-нші.....
 2-нші..... 5-нші.....
 3-нші.....

§ 13. Тастарлық (-) **Шәкірт әңгімесінен**

Мұғалім сабақ сұрағанда, Мұрат білмеді.

- Сабақты неге білмейсің? Оқымадың ба?
- Қолым тимеді, ағатай!
- Не істедің?
- Үй шаруасына айналыстым.
- Сенен басқа үй шаруасын істейтін адам болмады ма?
- Әкем үйде жоқ. Жолаушы кеткен. Апам ауырып жатыр.
- Отыра ғой, шырағым.

Осында ұзын сызықша (-) қандай-қандай айтпай тастаған сөздердің орнында тұр?

Мұғалім сабақ сұрағанда, Мұрат білмеді.

Осы сөйлемнің ішінде неше сөз бар?

- | | |
|-------------------|-------------------|
| 1 – не деген сөз? | 4 – не деген сөз? |
| 2 – не деген сөз? | 5 – не деген сөз? |
| 3 – не деген сөз? | |

Мұнда тастарлық белгі (-) нендей тасталған сөздің орнында тұр?

Сөз туғызу.

(«Әліп-би», 84-бет)

Сайла – саулау
 Жаса –
 Бақыла –
 Қой –
 Бол –
 Тұр –
 Кеңес –

Тазалық – тазалықшы
 Камитет –
 Сайлау –
 Жасау –
 Бақылау –
 Қою –
 Болу –

Кеңесу –

Тұру –

Жауап жазу.

Жиылыс қашан болған?

Қайда болған?

Нендей қаулы жасалған?

Әуелі

Екінші.....

Үшінші.....

Ішіне не жазылған?

1 -

5 -

2 -

6 -

3 -

7 -

4 -

Буындау.

Мынау сөздерді буындаңдар.

Келемеждеймін. Жарамсақтанатын.

Жұмыс.

уы, ууы Ой. Сайлау. Үй. Сайлану. Мінез.

Жұмыстың, ойы, сайлануы, үйі, сайлануы, мінезі.

Менің ойым

Сенің ойың

Сөз туғызу.

Ұқып – ұқыпты

Салақ - салақтық

Құнтақ -

Олақ -

Жинақ -

Кесір -

Еп -

Жалқау -

Буындау.

Мынау сөздерді буындаңдар.

Сайын. Дәйім. Уайым. Қойып. Жуып. Қояды.

Көшіру. Ұу. Дүу. Сұу. Бұу. Құу. Жұу.

ұу, уу Ұуат. Сұуат. Бұуаз. Құуат. Жұуан.

ұуы Ұуық. Суық. Бұуын. Құуық. Жұуық. Сұуып.

Бұуып. Құуып. Жұуып. Тұуып. Сұуыр.

Бұуылдық. Құуырдақ.

Жұмыс. Сабақтас.

Жолдас.

Құрдас.

Мырзаш	менің	
»	сенің	
»	Әліштің	

Менің жұмбақ жолдасым бар.	Мырзаш жаман ұялды.
Сенің жұмбақ бар.	Мен жаман
Әліштің жұмбақбар.	Сен жаман.....
Біздің жұмбақбар.	Біз жаман.....
Сіздің жұмбақ.....бар.	Сіз жаман.....
Мықандардың жұмбақ....бар.	Мықандар жаман.....

Буындау. Мынау сөздерді буындаңдар.

Жұмыс.

Қойшы қой бағады.

Жылқышы

Етікші.....

Егінші.....

Балықшы.....

Әнші.....

Өлеңші.....

Мұғалім.....

Дәрігер

Қатшы.....

Көсеумен от көсейді.

Оқтаумен

Тұтқышпен.....

Топпақпен.....

Қауғамен.....

Айырмен.....

Қырықтықпен.....

Кетпенмен.....

Сүйменмен.....

Күрекпен.....

Көшіру. Мақал.

(«Әліп-би», 88-бет)

Көзің ауырса, қолың тый.

Ішің ауырса, тамағың тый.

Жұмбақ. Тій десем тіймейді,

Тійме десем тійеді.

(«Әліп-би», 89-бет)

Буындау. Сүгіреттеріміз. Құлаққаттарымыз. Есімдеріміздің.

Қабырғаларында. Түгендеуіштері.

(«Әліп-би», 90-бет)

Жұмыс. Өз бөлімінің түгендеуішін жасау.

(«Әліп-би», 91-бет)

Көшіру. Алысып-жұлысып, айтысып-тартысып, тістесіп-тебісіп, ұрысып-керісіп.

Шөп-шалам, жүн-жұрқа, тері-терсек, бау-шу, қыл-қыбыр, жаман-жұман, жаман-жәутік.

Буындау. Мынау сөздерді буындап, бұтарлап өткеннен кейін жатқа жаздыру.

Мұрнымызды жыбыршытып түшкіртті,
Тамағымызды жыбыршытып жөткіртті.
(«Әліп-би», 92-бет)

Көшіру. Неше сағат. Нешінші сағат?

1 сағат 7 сағат 1-сағат 7-сағат

2 сағат 8 сағат 2-сағат 8-сағат

3-сағат 9 сағат 3-сағат 9-сағат

4 сағат 10 сағат 4-сағат 10-сағат

5 сағат 11 сағат 5-сағат 11-сағат

6 сағат 12 сағат 6-сағат 12-сағат

Жұмбақ. Айналар күннің көзін бір диірмен
Жасалған оң жағынан күн көрінген.
Ішінде қылдан нәзік бір жібі бар,
Ол жіпті қолы сынғыр кім иірген?

(«Әліп-би», 93-бет)

Жұмыс. Сан сөздерді сипырға (цифрға) айналдырыңдар.

Неше ірет?.....Нешінші ірет?

Бір ірет?.....бірінші ірет

Екі ірет?екінші ірет

Үш ірет.....үшінші ірет

Төрт ірет.....төртінші ірет

Бес ірет.....бесінші ірет

Алты ірет.....алтыншы ірет

Жеті ірет.....жетінші ірет

Сегіз ірет.....сегізінші ірет

Тоғыз іреттоғызыншы ірет

Он ірет.....оныншы ірет

Сипырларды сөзге айналдырыңдар.

1-2 ірет бір-екі ірет

5-6 ірет.....

2-3 ірет.....

6-7 ірет.....

3-4 ірет.....

7-8 ірет.....

4-5 ірет.....

8-9 ірет.....

Көшіру. Ай аттары Өктәбр, нойабыр, декабір, ғынуар, пебірал, март, әпірел, май, үйін, ағус, сентәбір.

(«Әліп-би», 94-бет)

Буындау. Жиылыста. Міндетімізді. Қуанғанымызды.

Көшіру. Кітаптан комитетші міндетін көшіру.

Бақылау.

Сен қара. Басқалар да қарау керек.

Сен қой. Басқалар да қою керек.

Сен жүр. Басқалар да жүру керек.

Сен кел. Басқалар да келу керек.

Сен көрсет. Басқалар да көрсету керек.

Сен атқар. Басқалар да атқару керек.

Сен ескерт. Басқалар да ескерту керек.

Сен жаса. Басқалар да жасау керек.

Осында бір олай, бір былай айтылып өзгерген сөзді шығарып жазыңдар (олай айтылған түрін де, былай айтылған түрін де алу керек).

Нұсқа: кара – қарау.

Жұмыс. Күз белгісін жазған тәртіппен қыс белгілерін жаздырту.

Сөз туғызу. Ұзын – ұзаю Қысқа – қысқару

Аз - Көп -

Суық - Жылы -

Ашық - Жабық -

Алыс - Жақын -

Биік - Аласа -

Жоғары - Төмен -

Түзу - Қисық -

(«Әліп-би», 94-бет)

Буындау. Жайылатын. Жапырақтарының. Күземдерін. Киімі. Үрпип.

Көшіру. «Күз» деген әңгіменің ішінде сызықшамен қосып жазған сөздері бар сөйлемдерді көшіру.

Айтқаннан жазу

(жат жазу). Лек-лек үйрек ұшып барады,

Қатар-қатар қаз ұшып барады.

Тізбек-тізбек тырна ұшып барады,

Топ-топ торғай ұшып барады.

Құрастыру. Балалар Жапырақтар Жыл құстары

Әйелдер Егіншілер Жұрт Құрт.....

Құмырсқа Астық сатып жатыр. Қора-қопсы түзетіп жатыр. Жылы жаққа ұшып барады. Сарғайған. Жоғалған.
(«Әліп-би», 97-бет)

Көшіру.

Күн суытты. Ылғи қара суық. Күз жуық. Өте-мөте су суық.

Су сұуу керек. Су сууы сүмбіледен басталады.

Қурай қураған . Ағаштар жапырағынан айрылған. Балалар шулай жүгіруден қалған.

Итке сорпа-су тимейтін болған.

Жұрт жүк-сайманын буып таңған.

Көшуге ыңғайланған. Сен жүк-сайманды бу.

Отау да жүк-сайманын буу керек.

Кеткен елдің соңынан қуу керек.

(«Әліп-би», 98-бет)

Көшіру. Қолыңды қайта-қайта ійю керек. Илікпесе былай ій, сонда оңай ійіледі.

Борды түй, былай түйіу (түю) керек. Сонда оңай түйіледі.

Борға майды құй. Былай құю керек.

Сонда жақсы құйылады. Енді иле. Иі әбден қансын.

Иі болмаса жақсы жабыспайды.

Осымен терезенің ашық-тесігін бітендер.

Бітелмеген жері қалмасын. Істеп болған соң, қол жуу керек.

(«Әліп-би», 99-бет)

Көшіру. Жетім.

Әке-шешесі жоқ.

Апа-қарындасы да жоқ.

Ағайын-туғаны жана жоқ.

Құда-андасы тағы жоқ.

Айтқаннан жазу
(жат жазу).

Жетім, Тоны шұрық-шұрық

Етігі жыртық-жыртық.

Шапаны жалба-жалба.

Етегі жырым-жырым.

Бөркі тесік-тесік.

Қолы жара-жара.

Бет-аузы қотыр-қотыр.

(«Әліп-би», 100-бет)

Жаттау. «Біздің Ысқақ».

Жатқа жазу. «Ой, мерген-ақ» деген өлеңді жаттау керек.

Жаттағаннан кейін жатқа жазу керек.

(«Әліп-би», 101-бет)

Құрастыру. Ешкі ... Сиыр ... Түйе ... Мысық ... Ит ... Жылқы Адам
Мөңірейді. Үреді. Айқайлайды. Боздайды. Өкіреді. Кісінейді. Ұлиды. Ән
салады. Маңырайды. Шыңғырады. Бақырады. Ақырады. Осқырады.
Ырылдайды. Бырылдайды. Мияулайды.

Жалғаулау. Бапа. Іні. Түс. Етік. Көз. Жеңеше.

Менің.....

Сенің

Оның.....

Қайсысын қайда жалғау.

-сам, -сем

Нұсқа: аш – ашсам,

шеш - шешсем

Жат -

айт -

Кет -

қара -

Іш -

кес -

Ойан - ...

тұр -

(«Әліп-би», 102-бет)

Айтқаннан жазу. «Саулық заңының» «Істеу» деген бөлегін мұғалім
айтқанынан жазу.

Жұмыс. Оқу бөлмесіндегі құлақ хаттардың аттарын жазу.

Нұсқа: бөлмеміздегі құлақхаттар:

1)пионер заңы

2).....

3).....

(«Әліп-би», 103-бет)

Көшіру. Кеше сызықшама жасадық. Менің жасаған сызықшамда
10 жастағы еркек бала мен қыз бала сызық басына бір-бірден келді.
9 жастағы, 8 жастағы еркек балалар сызық басына бес-бестен келді.
9 жастағы, 8 жастағы қыз балалар сызық басына алты-алтыдан келді.

(«Әліп-би», 104-бет)

Жауап жазу. Қандай баланың үсті-басы бор-бор болады?
Қандай шәкірттің бет-аузы сия-сия болады?
Қандай қатынның үйі шаң-шаң болады?
Қандай адамның беті-қолы күйе-күйе болады?

§ 14 Тасымалдау

Мына сөздер жолға сыймаса, қалай тасымалдайсыңдар?
Жазып көрсетіңдер.
Күн-бақпамызды. Әйдігіндей. Өлеңдерімізді. Белгілерін. Сүгіреті.
Нұсқа: күн – бақпамыз; күн бақ – памыз; күн бақпа – мыз

Көшіру. Дәптерлеріңді сызықпен ортасынан қақ бөліп төмендегі әңгімені көшіріңдер. Сызықтың оң жағына жазғандарың сызықтан аспасын. Бос орын да қалмасын. Сыймаған сөзді алдыңғыша тасымалдап жазыңдар.

Нұсқа:
Түн суып, жылы көрпе жамылып жатамыз. Таңертең суықтан қорынып, төсектен тұрғың келмейді.

Апам да ертеңгілік тұрғанда бүрі сіңкіреп тұрады. Даладан келгенде, суықтан шіміркеніп келеді. От жағып алақанын отқа қақтап, «қылышын сүйретіп қыс келеді. Балалардың жылы киімі етігі жоқ» деп айта береді. От ала келген қатындар да соны айтады.

Төмендегі «Күзем» деген әңгімені көшіріңдер, жазғанда жолдың аяғында бос орын қалдырмай жазыңдар.

Күзем
(«Әліп-би», III-бет)

Байдікі күзем алады десіп жүрді. Бір күні таңертең тұрсақ, байдың үйінің алдында қойлар көгендеулі тұр. Үлкендер белдеріне ескі шекпен, жаман-жұман киім байланып алған. Біреулері қырықтық қайрап отыр. Біреулері қой жығып жатыр. Біреулері қой қырқып отыр.

Балалардың ересектері көгеннен қой әкеліп беріп жүр. Кішкентайлары жүн жинап жүр. Мен де келіп жүн жинастым. Қап толған соң қолдасып көтеріп, үйге апарып төгеміз.

§15. Нөмір (№)

Төмендегі сөздердің тастарлық белгісі (-) тұрған жерінде жазбай тастап кеткен әріптер бар. Сол жазбай кеткен әріптерді сендер орнына қойып көшіріңдер.

№ 1		№ 2		№3	
Оң жағында «у» қалған, сол жағында «ы», «і» қалған		Оң жағында «й» қалған, сол жағында «ы», «і» қалған		Оң жағында «ы» «і» қалған, сол жағында «й» қалған	
аса-	асау-	а-	ай-	ау-л	а-ыл
саба-	сабау-	ба-	бай-	бау-р	ба-ыр
ата-	атау-	та-	тай-	ау-з	а-ыр
ұза-	ұзау-	жа-	жай-	жау-н	жа-ын
түзе-	түзеу-	са-	сай-	сау-қ	та-ыз
еге-	егеу-	то-	той-	қау-с	қа-с
Оқы-	Оқу-	Қо-	Қой-	Қу-с	Қу-ын
Таны-	Тану-	Ү-	Үй-	Тұу-с	Бү-ір
Тасы-	Тасу-	Құ-	Құй-	Бұу-н	Ү-ір
Жекі-	Жеку-	Сы-	сый	Сұу-қ	Тү-йін
Бекі-	Беку-	Кү-	Күй-	Ұу-қ	О-ық
Жібі-	Жібу-	І-	Йі-	Жар-қ	Сұ-ық

Жоқ әріптерін орнына қойып көшіргеннен кейін осы сөздерді буынға бөліп айырыңдар. Сонан кейін буындап жазыңдар.

Нұсқа: а-сау, са-бау ...

Мұнда да тастарлық белгісі тұрған жерде жазбаған әріптер бар. Сендер соларды орнына қойып көшіріңдер.

№ 1		№ 2		№3	
Оң жағында «р» қалған, сол жағында «у» қалған		Оң жағында «й» қалған, сол жағында «ы», «і» қалған		Оң жағында «ы» «і» қалған, сол жағында «ы», «і» қалған	
Бү-	Бұ-	Ар-	Ары-ды	Ты-	Тый-н
Тұ-	Тұ-	Қар-	Қары-ды	Қы-	Қый-н
Жұ-	Жұ-	Қаб-	Қабы-ды	Жы-	Жый-н
Қу-	Құ-	Оқ-	Оқы-ды	Сы-	Сый-р

Сұ-	Сұ-	Тоқ-	Тоқы-ды	А-	Ай-л
Ұ-	Ұ-	Тас-	Тасы-ды	О-	Ой-н
А-у	А-у	қас	Қасы-ды	Кі-	Кій-м
Жа-у	Жа-у	Жер-	Жері-ді	Ті-	Тій-с
Құ-у	Құ-у	Жек-	Жекі-ді	Бі-	Бій-к
Бұ-у	Бұ-у	Жіб-	Жібі-ді	И-	Иі-н
Тұ-у	Тұ-у	Бек-	Бекі-ді	Ке-	Кей-н
Са-у	Са-у	Ір-	Ірі-ді	Со-	Сой-л

Осылардың жоқ әріптерін қойып көшіргеннен кейін екі буындысын теріп алып бөлек шығарып буындап жазыңдар.

Нұсқа: а-рыу, а-уыу ...

Мақалалар

Жазу мәселесі

Ғ.Муси мырзаның сөзіне түгел жауап қайырмай, жалғыз-ақ аяғындағы пікірінен қорытып шығарғанменен, айғақ жері турасында сөйлеймін. Ол екеуміздің айырылатын жеріміз: ол у орнына **و**-ды алады да, о үшін «**و**»-ды алалық, иаки басқа бір белгі жасалық, мәселен, **و**-дың құйрығын қайырып қойалық дейді. Мен у-дың орнына **و**-ды аламын, о-ның орнына **و**-ды аламын. Менің олай еткенім: о дыбысы қазақ сөзінде анық толық дыбыс, ноғай тілінде біздің о дыбысы келетін жерлерімізге толық у келеді, мысалы: біз **اوت** (от) дейміз, ноғайлар **اوت** (ут) дейді. Біздер **توق** (тоқ) дейміз, олар **توق** (туқ) дейді. Бұл сөздерді осылай жазсақ, біз өзімізше о етіп оқуымызға кемшілігі жоқ, ноғайлар өзінше у етіп оқуына кемшілігі жоқ. У біздің қазақ сөзінде қысқа айтылады: біздің у дыбысымыз келетін жерде ноғайларда да қысқа у келеді. Мысалы: **جور، تور** ноғайлардың «Ақ жол» журналында қарасаңыз, **و** әм **و** қаріптерін нақ бізше жазып отыр; ол бірімізден-біріміз көріп алып отырған емес, екеуімізді бір жерден шығарып отырған түрік тілінің табиғаты. Қысқасы, о-ның орнына **و**-ды алып, у-дың орнына **و** алғаннан қазақ тіліне келер кемшілік жоқ. Қайта ноғаймен ереуіл келмесе пайдасы бар. Ереуіл келмесе ықтималы бар жерде ереуіл келудің қажеті жоқ.

Бұл **و**-дың Ғ.Муси мырзаға ұнамайтын жері: **و** үстіне үтір қойып жату қиын дейді. Онысы онша дәледі сөз емес деймін, үйткені орыс сөздері үшін **و** үстіне үш нүкте қойып **و** ғып жазуды қиынсынбағанда, қазақ сөзіне дегенде **و** үстіне бір үтір қойыу қанша қинар екен. Керек болған соң **ج**-ды **چ** етуді, **ز**-ды **ژ** етуді, **ك**-ны **ڭ** етуді қиынсынбаған жол бар емес пе? Солардан бұл қанша қиын?

2-ші айрылатын жеріміз: ы дыбысының қарпі сөздің басында, ортасында қалмай жазылсын дейді. Мен ы дыбысының қарпі **ي** болсын да, ол сөздің аяғында қалмай жазылсын, басқа орындарда ол жазылмағанда, сөздің мағанасы бұзылып, кемшілік келерлік болса, жазылсын деп едім. Оқуға кемшілік болмаса, сөздің мағанасына кемшілік келмесе, жазуға жеңілдігі болса, ы дыбысының қарпін жазбағанда не залал көреміз деген ойым еді. Мысалы: **ايرکينچيليك، قيسمشلق** қаріптерін түгел жазсақ, бұлай жазылмақшы: **ايرکينچلك، قيسيمچيليق**. Осы сөздерді **ي**-сіз жазсақ та мағанасы бұзылмайтын болған соң, **ي**-ді жазбасақ та болмай ма? деген едім: мысалы: **ايرکينچلك، قسيمچلق** деп жазсақ кемшілік болар ма?

3-ші айырылатын жеріміз: мен е дыбысына **ي، ي**-лерді аламын, F.Муси мырза **ي، ي**-лерді алайық дейді. Мен **ي، ي**-лер сөздің бас буынында жазылсын, басқа буындарында **ه، ه** жазылсын деймін. F.Муси мырза сөздің айағынан басқа жердің бәрінде жазылсын, айағында ғана **ه، ه** жазылсын дейді. Меніңше, мысалы: **چورە گ کيلدی، کيرە ك، کيسە ك، ايسە ك** деп жазбақшымын, оныңша: **جوړه گى، کلدی، کریک، کیدی، کسک، اسک**. Ноқат қойудан қоймай жазудың жұмысы аз болғанмен, оның жаттығы мол емес пе? **ك چيله ك، انسه ك جيته ك** деп жазсақ, бұрынғы шелек, есек, жетек деп жүрген күйінде оқыр, егерде **چك، چك، چك، چك** деп жазсақ, жетек, шелек, есек мағанасында оқымай, жетік, шілік, есік мағанасында оқулары ықтимал. Мен хәріфтерді өзгерткенде, қалық жатсынбай, қат білетін адамдар үйретпей-ақ оқып кетерлік болғандай ғып өзгерттім. Бұрынғы **ي، ي**-лерді оқып жүргендер **ي، ي**-лерді оқып кетеді, бұрынғы **و**-ды оқып жүргенде **و**-ды да оқып кетеді; **ي، ي**-лерді үйретпей, е, ы деп оқып кетер деп айта алмаймын.

Мен **ي، ي** бұл белгілерін былтыр әліппе жазып жүргенде, е емес, ы орнына алмақшы болып бір ұйғарып, тағы да ол ойдан қайтып едім. Мысалы: **مسق،ارق، ارس** деген сөздерді **ميسیق، اریق، ایریس** екеуін де оқшылар бірдей оқиды ғой деп **ي، ي**-лерді алмай тастап едім. Түбінде бұл белгілер алынатын болса, е дыбысына емес, ы дыбысына алуға лайық: үйткені ы орнына алсақ, жұртқа үйретусіз қабылдануы ықтимал.

Жазу тәртібі

Оқу керек. Оқу керек емес деп ешкім айтпайды. Сондықтан даулы нәрселер турасында жұрт бір итпаққа келіп жеткенше, даусыз нәрсе оқуды тәртіпті жолға түсіру жайындағы ойымызды жұрт алдына салалық.

Қазаққа керек оқу екі түрлі: бірі – мұсылманша оқу, бірі – русша оқу. Осы күні алты-жеті жыл русша оқығандарымыз дұрыстап русша сөйлей алмайды әм жаза алмайды. Русша жақсы білуге он-он бес жыл керек. Ондай уақыт оқуға жалпақ жұрттың бәрінің қолы жете алмайды. Сондықтан русша оқудан көрі жалпақ жұртқа керегірек әм қолы жетерлік оқу жайын айтамын. Мұсылманша оқуға, мұсылманша болғанда қазақша оқуға, оншама көп жыл керек емес. Не үшін десеңіз, русша оқығанда тіл үйренуге кететұғын уақыттар басқа нәрселерді үйренуге керек уақытқа ауысады. Сондықтан русша 6-7 жыл оқып білетұғын білімдерді қазақша үш жыл оқып білуге болады. Русша оқып дұрыстап қат жаза білуге аз болса 8-9 жыл керек. Қазақша дұрыстап қат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тіліменен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, оныменен жүріп қат жаза білуге жеткенше русша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі, қазақ тіліменен оқытпай, ноғай, түрік, парсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, мый ашып, балалар әуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құралменен іс істегенде көпке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы сондай, жан қинамайтұғын болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек? Соны сөйлелік.

Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тіртібі болуы шарт. Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (қарпі) бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ; бір белгіменен әлде неше түрлі дыбыстарды жазамыз. Мысалы: -менен жазамыз бес түрлі дыбысты, «**С**»-менен жазамыз үш түрлі дыбысты. Балаларға әр түрлі айтылатұғын сөзді бір түрлі айтып жазып қойып, әр түрлі айтып оқу керек дегеніміз зорлық емес пе? «Бірдей жазылған сөзді қалай әр түрлі оқысам дұрыс болады» деп бала қиналмай ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп, жөнге салу керек. Сонан соң, сол жөнменен құрал сайлау

керек. Жазу тәртібі менің ойлауымша болса жарар еді деп, жұрт алдына саламын.

Қазақ тіліндегі дыбыстар әм олардың жазу белгілері (қаріптері). Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты.

Дауысты дыбыстар: ا (а), و (о), ؤ (ы), е (е).

Дауыссыз дыбыстар: ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), غ (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ئ (ң), ل (л), م (м), ن (н). Жарты дауысты дыбыстар: ؤ (у), يه (й). Бұл дыбыстардың ішінде қ әм ғ дәйім жуан айтылады, г, к, әм е дәйім жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың әр қайсысы екі түрлі айтылады: бірде жуан айтылады, бірде жіңішке. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір қаріп, жіңішке айтылғанына бір қаріп керек десек, мысалы: ت - س، (Араб тілінің жуан с, т дыбыстарының таңбалары жазылуы керек.) сықылды, онда 19 дыбысқа 38 қаріп керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын ق менен غ -ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын ك , گ әм يه -лерді қосқанда, әммасына 43 қаріп керек болар еді. Араб әліппесінде 43-ке жететұғын қаріп жоқ. Өзге жұрттың әліппелерін қазақ қабыл алмайды. Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб қаріптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб қаріптерінің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса, қалай амалын таппақ керек? Мұның амалы менім ойлауымша мынау:

Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Иағни дауысты дыбыстар жуан айтылса – олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса – дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың қаріптерінің жуан иә жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, дауыссыз дыбыстардың да жуан иә жіңішке айтылмағын айырғанымыз.

Дауысты дыбыстарымыз: ا، و، ؤ، ی -лердің жіңішке айтылуы үшін алатұғын белгіміз мына «ء» (знак предупреждающий), бұл белгі дәйекші болып сөздің алдында тұрған жіңішкелік белгісін көріп, ол сөздің ішіндегі дауысты дыбыстардың жіңішке оқылса, оларменен қатар дауыссыз дыбыстар да жіңішке оқылады, мысалы:

ارمان – ء ارمان، تور – ء تور، تۆر – ء تۆر، توری – ء توری

Жіңішкелік үшін бір белгі алсақ, 43 түрлі дыбысты дұрыстап жазу үшін 28 белгі (қаріп) жетеді. Сонда қазақ сөзіне жазылатұғын қаріп-белгілер мынау болады:

ء-یه - ی-ؤ-و-ن-م-ل-ڭ-گ-ك-ق-غ-س-ز-ر-د-چ-ج-ت-پ-ب-ا-ا

Бұлардың ق, غ, ه, ه-лардан басқалары жіңішкелік белгісі «ء» тұрса – жіңішке оқылады. Ол тұрмаған жерде әман жуан оқылады.

Мұнан басқа араб қаріптері – араб, парсы иә басқа түркі тілдеріне керек болса да, қазақ сөзін жазу үшін керегі жоқ.

43 түрлі дыбысты 28 әріп-белгіменен қалай жазып, қалай оқу жайын айтайын:

5 дауысты дыбыс үшін керек мынау жеті белгі: ا (a), و (o), ی (y), ی (ы), ه, ه (e). Оларды жіңішке айту үшін бір белгі «ء» әм сүйеу болатұғын бір белгі ا (тайақ) «ا» сөздің басында «ء» менен тұрса ا (a) болып оқылады (мысалы ай – луна – قمر, « » жоқ болса, ا (a) болып оқылмайды. Онда сүйеу қисабында басқа әріп қасына қойылғаны. Мысалы: ор (канал) - өр (подъем горы), اير, ادم дегендей орындарда «ا» сөздің ортасында « » жоқ болса да «ا» болып оқылады. Мысалы: «ا, قازاق, قالماق, قالقا, قارا, اшық, анық дыбыс, оны қалдырып жазудың тіпті жөні жоқ. Мысалы: (тағам-ды) «تاماق» «تاماق» деп жазсақ, قاراودی – قراو деп жазсақ, ادم - ادمی деп жазсақ. Қасыл кәләм, менің ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, иағни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың әріпін жазу, естілген дыбыстың әріпі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керекті ғылым нақу иә ғылым сарп жолыменен ыспат етілсін.

«ا» жазылған сөздің алдында «ء» тұрса «ا» жіңішке айтылады (сән) بوقاي, (боқай) ابدان, (әбден) ءان, (ән) ءسان, (тоғай) توغاي, (қоға) قوغا деген сөздерде ب-ның, ت-ның, ق-ның соңында естілетұғын дыбыстың белгісі. «و» - қазақ тілінде анық, ашық дыбыс, оны қалдырмай жазуға керек. «و» жазған сөздің алдында «ء» тұрса, «و» жіңішке оқылады: (бөз) ءبوز - (боз) بوز, (төр) ءتور - (тор) تور, (өт) ءاوت - (от) اوت деген сөздердегі сықылды.

«و» (y), ازو (азу), قارو (қару), جابو (жабу) деген сөздерде ز-ның, ر-ның, ب-ның соңында естілетін дыбыстың белгісі. «و» сөздің бас буынында қысқа әм көмескі естіледі: قوراو (құрау), قولاق (құлақ), قورغاق (құрғақ) деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын әм анық айтылады. «و»-дан «ز»-ды айыру керек. «و» - жарты дауысты дыбыс.

Бір, تۇورا, تاويق, تاۋ. Бұл дауысты дыбыстардың соңынан ғана айтылады: «ۋ» сөздің бас буынында анық әм ұзын естілсе, ол «ۋ» менен «ۋ» қатар келгендіктен үнде «ۋ» әм «ۋ» екеуін де жазуға керек. Сөздің бас буыннан басқа жерде «ۋ» ұзын қысқа естілсе де, жалғыз «ۋ» жазылады: اچولانو (тану), اچو (ашулану), تاتوليق (татулық), تاتولاسو (татуласу) деген сөздер сықылды. Қысқасы, сөздің бас буынында «ۋ» ұзын әм анық естілсе, екі әріппенен жазарға: «ۋۋ», «ۋۋۋ» дегендей. «ۋ»-ды «ۋۋ»-дан айыру үшін үстіне «ۋۋۋ» қойамыз. Себебі: «ۋ» менен «ۋۋ»-ның жазылуы ұқсас болғанменен, айтылуы ұқсас емес. Мысалы: قوي (қоймал), деген сөзбенен قوي (шәй күй) деген сөздердің мағаналары қандай басқа болса, айтылуы әм сондай басқа. «ۋ» - сөз ішінде қысқа естілсе де, қалдырмай жазатұғын дыбыс. «ۋ» жазылған сөздің алдында «ۋۋ» тұрса «ۋۋۋ» жіңішке айтылады: ءاور - اور دегендей. بۇر - ءور, تۇر.

«ۋ» дыбысына тура келетін араб әліппесінде әріп жоқ. Сондықтан мұның нүктесіз «ۋ» белгісін аламыз. Оны сөздің айғағында ғана жазып, басында, ортасында тіпті жазбаймыз. Жазбасақ та болады дейтініміз: «ۋ» сөздің басында, ортасында бек қысқа әм көмескі айтылады, барлығы, жоқтығы аз сезіледі. Сондықтан сөздің басында, ортасында жазбасақ, онан келер кемшілік аз. Мысал: جلتو, جلم, قرغن, قو, قن деген сөздерде «ۋ» жазсақ та, жазбасақ та бірдей оқимыз. Аяғында «ۋ» анық айтылады. Онда жазбасақ болмайды: الدى, ارى, مالى, جانى, قانى деген сөздерде «ۋ»-ді жазбай, ... جانى, قانى деп, оқуға болмайды. «ۋ» өзі сөз басында жазылмаса да сүйеніш таяғы «ۋۋ» жазылады: اچقور, اسقرو, ازغار, ارغاق, انتق, اقتن деген сөздер сықылды. «ۋ» жазылған сөздің алдында «ۋۋ» тұрса, «ۋۋۋ» жіңішке айтылады: بارى - ءبارى, بوزى - ءبوزى, سانى - ءسانى дегендей.

«ۋ»-ден «ۋۋ»-ді айыру керек. «ۋۋ» - «ۋۋۋ» сықылды дауысты дыбыстардың соңынан айтылатұғын жарты дауысты дыбыс. Мысал: اي, بوي, قوي, قى, «ۋۋ»-дауыссыз дыбыстардың соңында келсе, ол жерде жазылмайтын «ۋۋ» бар болғаннан. Мысал: قىن, تىن, قىقم, تىين, قىين, قىيىم деген сөздерді бұлай жазар едік: قىين, قىيىم.

«ۋۋۋ» дыбысына тура келетін әріп араб әліппесінде жоқ. Бұл дыбысты осы кезде сөз басында былай «ۋۋۋۋ» сөздің айғағында, ортасында былай «ۋۋۋۋۋ» иә

былай «ه» жазып жүрміз. Мұны осы жөніменен жазып, бірақ қайсысы қай орында жазылады, тәртіпке түсіріп әм басқа дыбыстан айтылуы басқа болған соң әріпі де басқа айырылса екен деп ойлаймын. Сол үшін былай «ا» жазылатұғын дыбыс «ا» енді былай жазылса деймін. Мұнан араб әріпін өзгертіп, түрін бұзатынымыз аз, жазудың тәртіпті болмағына пайда көп. Әсіресе бала оқытқанда үйретуге әм үйренуге жеңілдігі бек зор болар еді.

Негізі жол: айтуы басқа сөздерді басқа жазу. Бұлай болғанда: «ايت» деген сөзбенен «ايت» деген сөзді бірдей жазсақ, жолсыздық болмай ма? Бұл екі сөздің мағынасы қандай басқа болса, айтылуы әм сондай басқа.

«ا» сөздің бас буынында ғана жазылады. Өзге орындарда «ه» жазылады. Қосылмайтын әріп соңынан «ه» орнына «ه» жазылады. «ا» жазылатын орындар: اير, غير, جيم, تيك, басқалар, «ا» жазылатын орындар: تزه, كره, «ه» жазылған орындар: كه له كه, توبه, كيمه, چيله ك, ايسه ك, «ه» жазылған сөздердің алдына «ا» қойылмайды, себебі, бұл олсыз да жіңішке айтылатұғын дыбыс.

Дауыссыз дыбыстар үшін біз мынау әріптерді алып тұрмыз:

پ, ت, ج, چ, د, ر, ز, س, غ, ق, ك, گ, ل, م. Мұнан көрінеді осы күнде қазақ сөзіне көбінесе жазылып жүрген «ا» пенен «ا» -ларды алмағанымыз жоғарыда айттық. Екі түрлі айтылатұғын дыбыстардың әріпін «ا» тұрмаса жуан оқимыз деп. Бұлай болғанда «ت»- ны тұрмаса (()) сықылды жуан оқимыз. «س»-ны «ا» тұрмаса, (()) сықылды жуан оқимыз. Сондықтан «ت» болған соң, (())-ның, «س» болған соң (())-ның әм «ج» болған соң «ژ»-ның керегі жоқ.

«ش»-ны алмай «ج»-ны алғанның мәнісі қазақ тілінде жазылған кітаптар, журналдарды қарасаң, «ش» жазылған қазақ сөздері тіпті аз, жоқ есебінде, көбіне «ش» орнына «ج» жазылыпты. Басқа түркі тілдерін қарасаң, бізде «س» келетұғын сөздерге оларда көбінесе «ش» келетұғын көрінеді. Бізде «ش» келетұғын сөздерге оларда «ج» келетұғын көрінеді. Мысал: قانچا – قانشا, اقچا – اقشا, تاش – تاس, قاش – قاس, باش – باس. «ش» дыбысы қай тілде болса да «س»-дан көрі «ج»-ға жақын. Сондықтан «ا» дыбыстарының белгісіне «ج»-ны алдым. Мұны алғаннан кемшілік келмейді, қайта ұнамдырақ болады. Мысал: ايکينچی деп жазу قانشا деп жазудан ұнамдырақ, قانچا деп жазу - قانشا деп жазудан ұнамдырақ. «ق» әм «غ» жазылатұғын сөздің алдына «ا» қойылмайды.

Оны қойғанменен олар жіңішке айтылмайды. «ك» әм «گ» жазылатұғын сөздің де алдына « » қойылмайды, ол қойылмаса да бұлар жіңішке айтылады.

Тобы бөтен болса да, қазақ тіліне сіңген, қазақтың өз сөзі болып кеткен араб иә парсы сөздері бар. Мысал: арабтан алған адал – халал, арам – қарам, әл – қал. Парсыдан алған ән – аһн, қожа – қоажа сықылды сөздер. Бұлар бұрынғы қалбында емес, өзгерілген. Міне, бұ сықылды сөздерді қазақ тілінен қуып шығару ма? Иә болмаса сақтау ма? Мұны көп білсін! Мен өзім сақтау жағындамын. Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады. Осы жобаменен әліппе бастырмақшымыз. Сол себепті оқушылардан ұнатпаған жерін көрсетіп, ұнарлығын айтса екен деп өтінемін.

Дыбыстарды жіктеу туралы

1927 жылғы «Жаңа мектеп» журналының 2-ші нөмірінде басылған Елдестің «Қазақ дыбыстары» деген мақаласы туралы төмендегі пікірімді айтқым келеді.

Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасиеттеріне қарай жіктеу керек. Қазақтікі сияқты заңы азбаған тілдің айтылуы жүзіндегі дыбыс жіктері сөз жүзінде білінетін дыбыс қасиеттерінің жіктерімен түйісетін көрінеді.

Айтылуына қарай жіктегенде қазақ тіліндегі дыбыстар дауысты, дауыссыз болып екі айырылады.

I. Дауыстылар: а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, т.

II. Дауыссыздар: б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, к, қ, г.

Дауысты дыбыстар өзара толық дауысты, шала дауысты болып екі айырылады.

1) Толық дауыстылар: а, е, о, ұ, ы.

2) Шала дауыстылар: р, ң, л, м, н, у, и.

Толық дауыстылары кең шығысты, тар шығысты болып, олар да екі айырылады.

1) Аңғал түрлісі: а, е, ы.

2) Қымқыру түрлісі: о, ұ.

Шала дауыстылары ауыз шығысты, мұрын шығысты болып олар да екі айырылады.

1) Ауыз шығыстылары: р, л, у, и.

2) Мұрын шығыстылары: ң, м, н.

Ауыз шығыстылары босаң жолды, қысаң жолды болып екі айырылады.

1) Босаң жолдылары: р, у, и.

2) Қысаң жолдысы: л.

3) Мұрын шығыстылары босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі болып үш айырылады.

1) Босаң бөгеулі: ң.

2) Қысаң бөгеулі: н.

3) Тұйық бөгеулісі: м.

Дауыссыз дыбыстар босаң жолды, қысаң жолды болып екі айырылады.

1) Қысаң жолдылары: п, т, с, ш, қ, к.

2) Босаң жолдылары: б, ж, д, з, ғ, к.

Қысаң жолдылары ашық жолды, тұйық жолды болып екі айырылады.

1) Ашықтары: с, ш.

2) Тұйықтары: п, т, к, қ.

Босаң жолдылары да ашық, тұйық, тұйықтау болып үш айырылады.

- 1) Ашықтары: ж,з.
- 2) Тұйықтары: б,д.
- 3) Тұйықтаулары: ғ,г.

Сүйтіп қазақ дыбыстар көшелеп көрсеткенде былай болады: а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, и.

I. Дауыстылары: а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, и.

II. Дауыссыздары: б, п, т, ж, д, з,с, ш, ғ, к, қ, г.

1. Толықтары: а, е, о, ұ, ы. 2) Шалалары: р, ң, л, м, н, у, и.

1. Ауыз – ш, р, л, у, и.

- 1.Аңғал – а, е, ы.

Босаңы – р, у, и.

2. Қымқырулысы – о, ұ.

Қысаңы – л

1. Қысаңдары: п, т, с, ш, қ, к.

- 1) Ашықтары: с, ш.

- 2) Тұйықтары: п,т,к,қ.

2. Босаңдары: б, д, ж, з, ғ, г

- 1) Ашықтары: ж, з

- 2) Тұйықтары: б,д

- 3) Тұйықтаулары: ғ,г.

Бұлардың бірінен-бірінің шектерін айыратын не нәрсе десек, ол нәрселер мынау болады.

1)Дауыстылар мен дауыссыздардың шегін айыратын жіктеу жалғауы «мын», жалғаулық «мен» дауыстылардан соң «-мын», «-мен» дауыссыздардан соң «-бын», «-бен», («-бын», «-пен»).

Дауыстылардың өзара шегін ашып толық дауысты, шала дауысты кылып айыратын тәуелдеу, жіктеу жүзінде толық жатқан нәрселер бар, оларды түгендеп жатпай, мына жағынан да айыруға болады:

Толық дауыстылар буын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында келеді, соңында келеді. Толық дауыстылардың өзара шегін ашып, аңғал деп, қымқырынды деп айыратын мынасы:

Аңғалдар орын талғамайды.

Қымқырындысы бос буыннан басқасында келмейді. Шала дауыстылар да өзара, әуелі дыбыстардың шығу орнына қарай ауыз шығысты, мұрын шығысты болып екіге айырылады, екінші шығу орны басқа болғандықтан, арасының шегін ашатын басқа нәрселер де бар. Ауыз шығыстылары септегенде «-дың», «-дан», -мен, жіктегенде «-мыз»-бен келеді.

Ауыз шығыстылардың жігін ашып, біреуін босаң, екіншісін қысаңдап айыратын айтылу түрінен басқа нәрсе – босаң сөз басында келмейді, қысаң – келеді.

Мұрын шығыстыларын да босаң, қысаң, тұйық деп айыратын айтылу түрінен басқа нәрсе – босаңының сөз басында келмеуі; Қысаңының

алдындағы дыбысқа әсер етуі (аздыруы), тұйығының алдындағы дыбысқа әсер етпеуі (аздырмауы).

Дауыссыздарға келсек, бұлар да өзара жіктеліп, бірнеше түрге айырылады. Бұлай айырылуы айтылу түріне қарай болғанымен, басқа да жігін ашатын нәрсе бар. Қысаңдары мен босаңдары біріне-бірі жуыспайды; екеуі қатарынан келмейді. Қысаңдарын ашық, тұйыққа бөліп екі айыратын нәрсе – ашықтарының азбайтыны, айнымайтыны, тұйықтарының азатыны, айнитыны.

Босаңдарын ашық, тұйық, тұйықтау деп айыратын айтылу түрінен басқа нәрсе – ашықтары сөздің басында да, аяғында да келуі; тұйықтары сөз аяғында келмеуі; тұйықтаулары сөз басында да, аяғында да келмеуі.

Түсінікті болу үшін көшелеп көрсетсек, бұлай болып шығады.

Дыбыстар

I. Дауыстылары: а, р, ң, и, м, н, е, о, ү, у, ы, и

Міні мен баламын, ермін, тыңмын.

1. Толықтары: а, е, о, ұ, ы
буын ішінде дауыссыздың
алдында да, соңында да келеді.

2. Шамалары: р, ң, л, м, н, у, и буын
ішінде дауыссыздың соңында
келмейді.

1) Ауыз ш. (р, л, у, и)
«-дың», «-дан», «-мыз»

2) Мұрын ш. (м, н, ң)
«-ның», «-нан», «біз»

1) Аңғалы – а, е, ы. Орын
талғамайды.

1) Босаңы – (р, у, и). Сөз
басында келмейді.

1) Босаңы – ң. Сөз
басында келмейді.

2) Қымқырын – о, ү. Бас
буыннан басқасын сүймейді.

2) Қысаңы – л. Сөз
басында келеді.

2) Қысаңы – н. Алдындағы
дыбысқа әсері бар.

3) Тұйығы – м. Алдындағы
дыбысқа әсері жоқ.

II. Дауыссыздар: б, п, т, ж, д, р, с, ш, ғ, қ, к, г -бын, -бен, көп; -азбын, -сізбен, атпен... (-пін, пен)

1) Қысаңдар: и, т, с, ш, қ, к босаңға
жуыспайды (босаңмен бірге қатарынан

2. Босаңдары: б, ж, д, з, ғ, и. Қысаңға
(Қысаңмен бірге қататынан
келмейді).

1)ашықтары: с, с азбайды, айнымайды.	2)тұйықтары: (п,т,қ,к) азады, айныйды.	1)ашықтары: - ж,з. Сөздің бас, аяғы демей келе береді.	2)тұйықтары: б,д. Сөздің басында ғана келеді.	Сөздің басында да, аяғында да келмейді.
--	---	--	--	--

Тіл дыбысына қатысатын мүшелердің қайсысынан шыққан дыбыс жоғары жіктеудің қайсысына келеді екен, онысын да қарап өтелік.

Дыбыстың шығуына қызмет қылатын өкпе, кеңірдек, тамақ (жұтқыншақ), мұрын, түрлі мүшелеріменен ауыз. Ауыз мүшелерінің ішінде де көбінесе қызмет қылатын – тіл. Тілдің қатыспайтын дыбысы жоқ. Төменде тілдің аты қатысқан дыбыс атаулары бар жерлерді тілдің қатысатын жерлері сол жерлер екен деп ұқпасқа керек. Қай сөзде болса дыбысқа түр беріп, тіл дыбысы болып шығуына тіл қатыспай қалмайды. Басқа мүшелер тілдің жұмсайтын құралы, ылаждаушы (амалдаушы) есебіндегі нәрселер болады. Дыбыс жасауға жем беретін – өкпеден кеңірдек арқылы келетін ауа. Сол ауаны бірде ананы, бірде мынаны сепке алып, керегіне қарай олай да, былай да жіберіп сөзге керек түрдегі дыбыс қылып шығаратын – тіл. Сондықтан да «сөз» «сөйлеу», «айту», «хабар» дегеннің орнына көбінесе «тіл» аты жұмсалады. Мұны сөз қылып отырғандағы мақсат сол – егерде дыбыс атына тіл аты, немесе басқа мүшенің аты қатынасса, ол тіл тілден немесе аты қатысқан мүшеден қана шыққандықтан емес, бұлардың басқадан көрі басымырақ қатысқанын ғана көрсетеді.

Жоғарыдағы жіктеулер дыбыстардың азайтылуына қарай істелген. Айтылу түрлері басқа-басқа болатыны түрлі мүшенің түрліше қатысуынан. Сол қатысу түріне қарай дыбыстардың біреулері еркін, біреулері қымтырына, біреулері қақтыға, біреулері имене, біреулері қысыла, біреулері бөгеле өткелден өткен сияқты болғанда, біреулері олай да өте алмай не сүзіліп, не қамалып қалып қойған сияқты болып шығады; өткелсіздер дауыссыз дыбыстар болып шығады.

Сүйтіп, дыбыстарды мүшелердің қатысу түріне қарай қай дыбыс қалай жасалатынын көрсете жіктесек, мынау түрде болып шығады.

I.Өткелділер

Бұлар, әуелі ауыз арқылы, екінші мұрын арқылы өтетін болып екі айырылады.

1) Ауыз арқылы өтетіндері:

а,е,ы – ауыз мүшелерінің күшіне онша тиместен еркін өтеді.

о, ұ-ны айтқанда ерін едәуір қымқырылады. Сондықтан бұлар қымтырын өтеді.

у,и – ерін жабылуға бейім болғандықтан, жабылып қала ма деп имене өтеді.

2) Мұрын арқылы өтетіндер:

м – ерін бөгеліп жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді.

ң – тамақта бөгеп ауызға қарай жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді.

I.Өткелділер

1. Қамалатындары: б,п - ерінге қамалады.

б,п – ерінге қамалады.

т,д, - тіске қамалады.

қ,к – тамаққа қадалады.

2.Сүзілітендер:

с,ш,ж,з, - тіл ұшы мен таңдайда сүзіліп шығады.

ғ,г – тіл түбі мен тамақта сүзіліп шығады.

Сүйтіп дыбыстарды мүшелердің қатысуына қарай жіктеп, көшелеп көрсетсек, мынау түрде болады:

а,б,п,т,ж,д,р,з,с,ш,ғ,к,қ,г,ң,л,м,н,о,ұ,у,е,ы,и

1.Өткелділері: а,р,ң,л,м,н,о,ұ,у,е,ы,и

1.Ауыз арқылы өтетіндері:

а,р,л,о,ұ,у,е,ы,и.

1) еркіндері – а,е,и.

2) қымқырындысы – о,ұ

3) именіштілері – а,ұ,и

Қақтықпалары – р

1) Бөгелістісі – л

II.Өткелсіздері: б,п,т,ж,д,з,с,ш,ғ,к,г

1.Қамаулысы: б,п,т,д,қ,к

1.Ерін қамаулысы – б,п,

2.тіс қамаулысы – т,д

3.Тамақ қамаулысы – қ,к

2.Мұрын арқылы өтетіндері:

м,н,ң.

1) ерін бөгеттісі - м

2) тіл бөгеттісі - н

3) тамақ бөгеттісі – ң

2. Сүзілулісі: с,ш,ж,з, ғ,г

1. Таңдау сүзулілер: с,ш,ж,з

2. Тамақ сүзулілер – ғ,г

Бұлай жіктеуге бұрынғыдан артық қанша қолайлылық барлығы келесі жолы айтылады.

Қызыл-Орда 19 28/IV 27

	I. Өткелділері	I. ауыз	1) еріндері	2) қымқырындылары	3) именіштілері	4) қақтықпалары	5) бөгелістілері	2 Мұрын арқылы өт.	1) ерін арқылы өт.	2) тіл бөгет.	3) тамақ бөгет.	II. Өткелсіздері	4) қамаулылары	1) ерін қамаул.	2) тіл қамаул.	3)тамақ қамаул.	II. сүзулілері	Тардай сүзул.	Тамақ сүзул.
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
I.Дауыстылар:																			
1.1.Толық дауыстылары																			
1.аңғалы																			
2.қымқырулысы			е	и															
2.Шала дауыстылары					о	ү													
1.ауыз шығыстылары																			
1.босаңы				и	ұ	р													
	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
1																			
2.қысыны							л												
2.Мұрын шығыстылары																			
1.босаңы												ң							
қысаңы											н								
тұйығы									м										
II.Дауыссыздары																			
1.қысаңдары																			
1.1)ашықтары													ш				с	ш	
2)тұйықтары														т	қ	қ			223

2.босаңдар ы																		
1)ашықтар ы												ж				з	ж	
2)тұйықтар ы												б			д			
3)тұйықтау лары																г	ғ	

Дыбыстардың айтылуына қарай жіктелген жүйесін мүшелер қатысу түріне қарай жіктелген жүйесімен шағыстырсақ, былай түйіскенін көреміз

Емле туралы

(Қысқартылып басылды)

Емле конференциясы қарсаңында

Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай).

1. Таңба жүйелі емле – арғынға дөңгелек тауып алайық. Қыпшаққа «жіп» таңба алайық деген сияқты немесе «бірге» мынадай: «1» белгі, «екіге» мынадай «2» белгі алайық деген сияқты, не болмаса пәлен белгі алайық деп дыбыс басына әріп арнаған сияқты, тіл іліміне тірмей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі, емленің бұл жүйесін алып-алмау жағын сөз қылмай өтеміз, өйткені жоғарыда емлеміз қалай жасалса да, негізі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс дедік.

2. Тарих жүйелі емле – баяғы бір жасаған түрінде қолданып, дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де, өзгерместен әдеттенген бойынша қолданылатын емле. Ондай емледе бір дыбысқа арналған әріп, тіл дыбыстары өзгеріп кеткендіктен, бірнеше дыбыстың ортасындағы орта таңба болуы мүмкін. Бір дыбысты жазуға бірнеше әріп жұмсалуды мүмкін немесе дыбысы жоғалып кеткен әлі күнге жоғалмастан сөз ішінде жазылып жүруі мүмкін. Емлеміз бұл жүйелі болу-болмауын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

3. Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда «қорада бір қара ат тұр екен» деген «ат» деген сөздерді ауыздан шығуынша «қарат», деп жазбай қара ат» деп жазады. Сол секілді ауыздан шыққанда, «солай болсигеді» болып естілсе де, жазғанда «солай болса игі еді» деп, «болса», «игі», «еді» деген сөздердің тегіне қарап жазады. Бірақ осы күнгі емлемізше жазу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болуға тиіс.

4. Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда ауыздан бір түрлі болып шығады, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екі түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде «ақ», «көк» деген сөздердің айтылуынан көруге болады. Осы сөздерді оңаша жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады. Сол араға «өгіз» деген сөзді жалғас айтсақ, әлгі сөздеріміздің аяғы айнып, екінші түрлі естіледі (Ақ өгіз – ағ өгіз, көк өгіз – көг өгіз).

Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығуынша жазу түрін тілдік ілім-білім жүзінде қолданбаса, өнер-білім жүзінде еш жұртта қолдану жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жерлеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік. Жаңа емлешілер емле үйренуге жеңіл болу үшін дыбыс жүйелі болу тиіс дейді: керек орындарға ғана туыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жоғарыда айтып өттік. Олай болса жаңа емлешілердің емле жобасының бұрынғыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз жалғаса айтылғандағы дыбыстарының естілуінше жазу тиіс дейді (бұрынғы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естілуінше жазылатын). Бұл бір. Екінші, үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей ауыздан шығуынша жазылсын дейді. Бұрынғы емлемізде ондай дыбыстар ауыздан шығуына қарамай, тегіне қарап жазылатын. Мысал үшін бұрынғы емлеше жазу мен жаңа жобаша жазылу арасындағы айырымын бірнеше сөз алып көрсетіп өтейік. Алдыңғысы бұрынғыша, соңғысы жаңаша жазылған сөздер болады: Тұрғанбай – Тұрғамбай, қонған – қоңған, көнген – көңген, інге – іңге, бара алмайды – баралмайды, келе алмайды – келалмайды, келе алмай тұрмын – келалмайтұрмын, бүрсі күні – бүрсігүні, бұрнағы күні – бұрнағыгүні, жазды күні – жаздыгүні, тұзсыз – тұссыз, бассыз, басшы – башшы, ізші – ішші, қазса – қасса тағы сондайлар.

Мұнымен емле үйренуге оңай бола ма? Көз тануына, қол жүруіне жеңіл бола ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақындар ма? – Жоқ. Олай болса, бұрынғыдан мұның несі артық дей аламыз? Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертуге мағана бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертуге мағана да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып қамалатындарына не көз салмайды-ау деймін.

Кілең туыс жүйелі емле болсын дегенде, «балалы», «тұзлы», «атлы», «баланы», «тұзны», «атны» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде «сөзшең» дегенді «шөшшең» деп, «ізшілер», «ісшілер» деген сөздердің екеуін де бірдей «ішшілер» деп, «кигізсе» дегенді «кигіссе» деп, «кигізше» дегенді «кигішше» деп, «жазса» дегенді «жасса» деп, «қызса» дегенді «қысса» деп, «сезсе» дегенді «сессе» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы бола ала ма? Екі жүйені де аралас тұтыну керек деушілер, керегіне қарап екеуін де тұтыну керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына

ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?

Одан басқа тағы бір байқалып тұрған нәрсе-сөздерді қосып жазуға құмарлық. Ол құмарлықтың ар жағы неге барып килігетіндігіне тағы көз салынбайды-ау деймін. Мәселен: «бара алмайды» дегенді «баралмайды» деп жазу керек дейтін бар. Бұл қосылып айтылып тұрған сөздердің біреуі көсемше етістік, екіншісі көмекші етістік екен. Бұл екі түрлі етістіктің бірлесіп айтылуы ылғи бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды.

Онан көбірек болып бірлесетін орындары болады. Менің ойымша, копа қардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бұрынғы емленің кеміс жерлері болса, соларын тексеріп, соларын ғана түзеу. Басқа түріктерге жазу тіліміз түсінікті болу үшін мүмкіндігінше жанастыру жағына қарап икемдеу. Осы күнге дейінгі тұтынып отырған емлеміздің кемшілігінің бәрін түзеп, жоғарыда айтылған туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай өтетін екеуінің арасынан жол тауып беретін төменгі ұсыныс болады деймін:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.

2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.

3. Үйлестіктен дүдәмәл естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.

4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.

5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз бәрі де қосарлық (-) белгімен жазылу.

6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.

7. Үйір айтылатын зат есім мен сын есім бөлек жазылу. Қосынды сөзге айналғандары басқа қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылу. Сын есімнің шырай күшейткіштері де қосарлықпен (-) жазылу.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу.

Мұның әрқайсысын бас-басына баяндасақ мынау болады:

1. «Әрбір түбірлі сөз» дегенде мағана жағынан алмай, тұлға жағынан алып, өз алдына түбірі бар сөзді айтып отырмын. Қазақ тілінде екі сөз, үш сөз, төрт сөз қатта бес сөз бірлесіп, бір ұғым, бір мағаналы болып келуі жиі ұшырайды. Мәселен, «кете берер», «кете берер ме?», «кете берер ме екен?», «кете бере алар ма екен?», «кете бере алмай отырғанымды-ау».

Осыларды бірге айтылғанына қарай біріктіріп, тұтастырып айтып, естілуінше тұтастырып жазу емлені оңайлатпайды. Сондықтан әрқайсысын түбір-түбірімен айырып алып, оңаша шығарып айтып, сондағы естілуінше айтамыз.

Осылай жазғандар үйренуге де, көз тануына да, басқа түріктер оңай түсінуіне де жеп-жеңіл болады.

2. «Азған сөз», дегенде «үйтіп», «бүйтіп», «сүйтіп», «әйтседе», «әйтпесе», «бұрнағы», «бүрсі», «белбеу» деген сияқты сөздерді айтамын. Сөздің азып өзгеруі бар, айнып өзгеруі бар. Соңғысы дыбысы айнып, бірде олай, бірде бұлай айтылуынан болатын өзгеріс. Солай болған соң күйінде айнымай қалатын сөзді айтамыз.

3. «Үйлестікпен» дүдәмәл естілетін дыбыстар деп б-п-т-д-ж-ш-с-з-ш-з-с-н сияқты айтылуында ұқсастық, үйлестік бар дыбыстар жанындағы басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленіп немесе өздері қатар келіп, бірін-бірі күңгейлеп не болмаса біріне-бірі үйлес болған соң бірінің орнына бірін алмастырып айтуы мүмкін болатын орындарды қайсысы екені ашық айтылмайды. Сондай орындарда күңгейленбейтін айқын жерде келтіріп айтып, сондағы естілуінше жазу. Мәселен: «Қасекең сау күндегі әнге басты» дегенде «басты «деген жіктеу жалғауында «т» естіле ме, «д» естіле ме? – дүдәмәл, ашық емес. Қасындағы «с» дыбысының әсерімен күңгейленіп анық естілмей тұр.

Күңгейлеп тұрған дыбыстар аулақ, басқа жерге қойып айтып көру керек. Мәселен, «Қас екең сау күндегі әнге алды» десек, қай дыбыс екені анық естіледі сол сияқты септеу жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмәлдік болады. Мәселен: бастың ба? – басдың ба? басты ма? – басды ма? баста ма? – басда ма? бастан ба? – басдан ба? Дүдәмәл, анық емес. Мұнда да әлгідей жалғауларды әсер етіп тұрған дыбыстан құтқару үшін аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек. Мәселен, балдың, малдың, қардың, қаздың, балды, малды, қазды, қарды, балда, малда, қарда, қазда, балдан, қардан, қаздан. Қай дыбыс екені мұнда анық естіліп тұр. Бұлар үйлер дыбыстар, басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленгенде болатын дүдәмәлдік.

Енді үйлес дыбыстардың әсерімен күңгейленгенде болатын дүдәмәлдікті мысалмен көрсетелік: «мылтық атты». Мұнда да жіктеу жалғауы не болатыны дүдәмәл болып тұр: -ты ма? -ды ма? белгісіз, анық емес. «қымыз ашшы», «су кешше», «киім пішше», «құс ұшша», «құлын қашша» аяғына қосылып тұрған рай белгісі дүдәмәл: ше ме? са ма? ша ма? бұлар үйлес дыбыстардың бірін-бірі күңгейлеуінің бір түрі. Бұлардың анығына жету үшін алдыңғы айтылған әдіс істеледі. Мәселен, «мылтық алды» десек, не жалғау екені ашылады. «Қымызға қанса», «су сепсе», «киім кесе», «құс қонса», «құлын қуса» дегенде рай белгісінің қандай екені анық ашылады. Үйлес дыбыстардың бірін-бірі күңгейлегенде болатын дүдәмәлдіктің екінші түрі бар. Олар мынау сияқтылар: «кұрған тешше», «басқан ішше», «төккен тұсса», «тұздақ тұссыз», «қазан ашшы»,

«нан кешші», «көссіз көбелектей», «ішшілер ізіне түсті», «ішшілер ісін тоқтатты», «башшылар баж басты», «башшылар алға түсті».

Сөздің бұл жалғауларында емес, негізіне әсер ету, негізін күңгейлеу болғандықтан, сөздің негізін айқын шығарып, айтқандағы естілуінше жазу. Үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылу мүмкіндіктен болатын дүдәмәлдік мынау сияқтылар: Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған-жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, міңген – мінген, сеңген – сенген, күңге – күнге тағысын тағы сондай сөздер. Бұлардың қайсысы дұрыс? Әрине, соңғылары дұрыс. Ұйткені, «қорғам», «арғым», «тасқым» деген сөзден шықпағаны, қорған, арғын, тасқын деген сөздерден шыққаны көрініп тұр. Онан кейінгілеріне келсек, бұларда әсер етіп тұрған «ғ» мен «г» дыбыстары.

Олардың әсерінен құтылса болғаны, дүдәмәлдік жоғалады. Мәселен, «қоныс», «қондық», «жону», «жондым», «жанып», «жанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде», «күндік» дегенде, дүдәмәлдік жоғалып, «ң» немесе «н» екені анық көрініп тұр.

4. Қосымшалар дегеніміз – жұрнақтар мен жалғаулар. Олар бұрын да солай (бірге) жазылатын.

5. Қосалқы сөздер (демеулер) білімпаздар сиезіне дейін қосарлық белгімен жазылып жүрді. Білімпаздар сиезі бөлек жазылсын дейді. Оқу жағына қолайсыздық ететін болған соң енді қосарлықпен (-) жазылуы қолайланып тұр. Қосарынан айтылатын қос сөз, қосар сөз – бұлар бұрын да қосарлық (-) белгімен жазылатын. Бұлар туралы өзгеріс жоқ. Мәселен: құрт-құмырысқа, бақа-шаян, аяқ-табақ, төсек-орын, бала-шаға, келін-кепшек, қысылып-қымтынып, құрап-сұрап, артып-тартып, ырғап-жырғап тағысын тағы да сондай сөздер бұрын да осылай қосарлық белгімен жазылатын.

Қосынды сөз бұрын «Тіл құралда» қос сөздің біріне саналып, жалқылаушы қос сөз деп атанып келіп еді. Былтырғыдан бері атын ықшамдау үшін, балаларға үйреткенде жеңіл болу үшін қосынды деп атайтын болды. Балалар үшін шығарған «Тіл жұмсар» кітапшаларда солай аталған. Бұлай бір өңкей болса, қосыла жазылатын, бір өңкей болмаса, араларынан қосарлық (-) белгісі қойылып жазылатын. Мәселен, қолғап, жүк-аяқ, төсек-ағаш, тұс-киіз, тұстартпа, келі-саб, балтасап, қаламсап, қаласбас, қазоты, Ақ-төбе, Ақмола, Қызылжар, Атбасар тағысын тағы сондай сөздер. Енді бұлардың бәрі де қосарлықпен (-) жазылады.

6. Жалғаулықтар бұрыннан бөлек жазылатын. Олардың жазылу жағы солай қалады. Мұнда қосымша ескерту есебінде айтылып отырған

бөлек жазылуынан басқасы жалғау ережесінше деген сөз. Олай айтылып отырғаны мынау: жалғаулықтардың кейбіреулері алдыңғы сөздің аяғындағы дыбыстың әсерінен жалғауларша айнаиды. Мәселен «менен», «мен», «бенен», «бен» болып айтылғанда бұлардың арасында дүдәмәлдік жоқ. «бенен», «бен» алдындағы дыбыстың әсерімен «пенен», «пен» сияқты болып естілгенде дүдәмәлдік туады. Сондай жерде анығын жалғаулардың дүдәмәлдігін ашатын жолмен айыруымыз керек.

7. Үйір айтылатын сөздер бұрыннан бөлек жазылатын. Мәселен: бұл ат ала байтал, ақ нар, құла құнан, тоз шелек, жез құман, күміс жүзік тағысын тағы сондай сөздер. Үйір сөзден қосындыға айналған сөздер туралы көрсетілген белгілі жол жоқ еді. Сондықтан бұларды әркім әр түрлі жазуы мүмкін еді. Енді бұларға да тәртіп жасау үшін ашық айтылып отыр. Үйір сөздің қосындыға айналғаны да қосарлықпен жазылады дегенде төмендегі сөздердің төмендегіше жазылуы айтылып отыр: ақ-сақал, ала-бота, сасық-қурай, май-шағыр, боз-жусан, боз-торғай, боз-бұға, қара-құс, көк-құтан, ақ-қу, ала-қарға, қара-қарға, торы-ала қаз тағысын тағылар осылай қосарлық (-) белгімен жазылады.

Шырай күшейткіштері деп таңдаулы шырайдың басына сөздің өзінен алып күшейту үшін қосатын буындар айтылып отыр.

Мәселен: қып-қызыл, сап-сары, үп-үлкен, ып-ықшам, ып-ыңғайлы, біп-биік, сып-сида, шіп-шикі тағысын тағы сондайлар. Бұлар бұрын да солай жазылатын, қосып жазу керек деушілер болғаннан мұндай сөз болып отыр.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бұрыннан жазылатын. Онда өзгеріс жоқ. Тек бір жазу керек деушілер болғандықтан, айрықша сөз болып отыр. Бұған қосымша түрде айтып ескертіп өтетін нәрселер мыналар:

1. Лепестен, лебізден шыққан сөздер шыққан лепес пен лебізіндегі айтылған қалпынан айнамай жазылу. Лепестен шыққан сөздер деп одағаймен бірлесе айтылатын сөздерді айтамыз. Мәселен: «Ой, пәлі», «А, құдай!», «А, пірім-ау!», «А, пірім-ай».

Лебізден шыққан сөздер деп «кет әрі», «әпер бақан», «көріпкел», «ұр да жық», «барса келмес», «найзамды әпер», «шаш ал десе бас алар» деген сияқты сөздерді айтамыз.

2. Есімшелі қосынды сөздер де қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылады. Мәселен: Қой-бағар, Тай-мінер, Жылқы-айдар, Қой-айдар, Тау-соғар, Көп-жасар, Ит-алмас (жалқы есімдер), бір-санар, бір-тартар, бутартар, ат-шабар, бес-атар, құс-қонбас, ит-кірмес, жел-кесер (жалпы есімдер).

3. Дүдәмәлдігі ашылмастай орындарда сондай дүдәмәлдік ашылған орындағы тәжірибе бағытымен жазу. Мәселен: «аспан ба?» «асбан ба?» -

дүдәмәл екен, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып алу болмайды екен. Сол сияқты сөздер өте көп болмағанымен, қазақ тілінде ұшырайды: дұспан-дұсбан, оқпан-оқбан, кетпен-кетбен, шекпен-шекбен тағысын тағылар.

Бұлардың «п» мен «б» дүдәмәл болған орындағы ашылуы ылғи «б» жағына болғандықтан, «б»-мен жазу. Түбін қарап тексергенде де, солардың көбі «б»-мен жазуға тиіс болып шығады. Мәселен: «асбан», «дұсбан», «данышбан», «кетбен» деген сөздер «асман», «дұшман», «данышман», «кетмен» деген сөздерден шыққан: «м» дыбысы «б» дыбысымен алмасып отырады. «Қақбан», «қақба», «қақбақ», «өкбе», «оқыбан» секілді сөздерде «қақбан», «қақба», «қақбақ», «өкбе», «обқан» дегеннен дыбыстары алмасу мен «б» дыбысты сөз екені көрініп тұр.

4. «Ы» әрпі бітеу буындарда да қалмай жазылу, «қарт-қарыт», «арт-арыт», «жұрт-жұрыт», «сырт-сырыт», «кұрт-құрыт» дегендегі сызықша мен қосақтап қатарлап қойған сөздердің айтылуы бірдей емес. Бітеу буынға «ы» жазсақ, бұлар бірдей жазылатын болады: бірдей жазылса, бірдей естіледі деген болып шығады.

5. «Асыу», «алыу», «барыу», «келіу» дене сөздерді «сұу», «шұу», «тұу» деген сияқты етіп, аяғына ұу келтіріп жазамыз деушілер бар. Олардың бәрі де жете тексермегендіктен айтылып отырған сөздер. «Алып» демей, «алұп» деп, «асыб» демей «асұб» деп, «барып» демей «барұп» деп, «келүп» демей «келұб» деп жазатын болсақ, алұу, барұу, келұу деп жазуға болады. Олай жазбай алып, асып, барып, келіп деп жазатын болсақ, «у»-дың алдына «ұ» (ү) жазудың орны жоқ. Мұндай «у» сөздің аяғына «б» есебінде құралып тұрған дыбыс немесе «алыс, беріс, барыс, келіс» дегендерді сөздердің ішіндегі «с» есебінде қосылып тұрған сөз. «Алыс» деген «алыу», «барыс» деген «барыу», «келіс» деген «келіу» деген сөздерден айырым аяқ дыбыстарында ғана, басқа жеріне айырым жоқ. Егер алұс, барұс, келұс деп жазсақ, онда «алұу», «барұу», «келұу» деп жазу дұрыс. Бірақ «алұс», «барұс», «келұс» деп атпаймыз ғой. Егерде «ұ» (ү) мен «ы» (і) дүдәмәл естілетін болса, ол дүдәмәлдік «ы» жағына қарай шешіліп отырады ғой. Мәселен «тан» деген, «таны» деген, «жан» деген, «жаны» деген, «тас» деген сөздерді алып, аяқтарына «п», «с», «у» қосып туынды сөз жасасақ, аяғы дауысты дыбыс болса, «ы» арқылы қосамыз: танып, таныу, таныс, жанып, жаныу, жаныс, тасып, тасыу, тасыс. Осында «у» дыбыстың келіп кірерлік орны бар ма? Қай жерден келіп кіріспекші?

6. р, л, у, и әріптерінің алдында «ы» әрпі жазылып-жазылмауы естілуінше: есілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: лыпа, леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лоқылдап, Ленин, Лепсі деген

сөздердің алдында келген «л» тап-таза «ы»-сыз естіліп тұр. Оған «ы» жазудың керегі жоқ. «Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғи» деген сөздерде «л» алдында «ы» анық естіліп тұр. Егерде осы айтылған сөздердің өздерін дауға салушылар болса, онда әркімнің құлағы әр түрлі еститін болғаны немесе әркім солай естіледі деп ұғып әдеттеніп қалғаны. Ондай дау болған орында өлең өлшеуімен ашылады. Онан басқа ашылатын кілтін әзірге ешкім тапқан жоқ. Өлең арқылы тексергенде «р», «и» сөз басында тіпті келмейтін көрінеді, «у» жалғыз-ақ «уақыт» деген сөзде келетін көрінеді. Онда да қазақтың «ұуақытты» қысқартып кей «ұуақ» деп айтатындығынан немесе жазудағылар «уақыт» дегенге айналдырғаннан болады. Қалайда жалпы ереже бұлар турасында естілсе, «ы» жазу естілсе «ұ» «жазу, естілмесе жазбау. Мәселен: ұру, ұрықсат, дұрыс, ырыс, ырым, ырғақ, ыржаң, ірі, ірімшік деген сөздердің басында «ұ», «і» бар екеніне дау болмас. Болса қалай етеміз? - Әрине, өлеңмен болмаса басқа шара жоқ.

«И» дыбысы жалғыз-ақ «иә» деген сөзде келетін көрінеді. (Иәки де «иә»-мен тұқымдас). Оның өзінде оқығандар болмаса, жай қазақтар «жә» деп айтатын көрінеді.

«И» туралы жалпы ереже: естілсе «ы» жазылады, естілмесе жазылмайды. Даулы болса, өлең арқылы ашылады. Осымен емле ережесі туралы әңгіме бітеді.

Тіл қисыны (Яки лұғат қисыны)

Тіл қисыны дегеніміз асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі-өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатынын көрсету.

Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат – топырақ болса, оны біріктіріп илейді, илеген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, кірпішінен де болады. Бірақ көбінесе кірпіштерінің қалауынан болады. Кірпіш қандай жерде қалай қаланып, қандай үй болып шығуы жасаған жобаға қарай болады. Неғұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шықпақ.

Сөзден құрастырып пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Топырақтан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстан құралып сөз жасалған. Кірпіштен қалап түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп, түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен. Балшық жаман болса, кірпіші жақсы болмайды, кірпіш жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл рас. Бірақ кірпіш жақсы болса да, қалауы жаман болса, онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты тілдің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сөз құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас. Бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде. Неғұрлым сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым үй де сәулетті әдемі болып шығатыны сияқты, неғұрлым жазушы қиялға бай, пікірге шебер болса, соғұрлым шығарған сөз пікірлі, әсерлі, әдемі болып шықпақ. Жақсылап үй сала білу үшін сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың сыр-сипатын, қасиетін жақсы білуі тиіс: кірпіштің түрлі қалауларын жақсы біліп, белгілеген жобамен үйдің түрін келістіріп шығару жағын жақсы білуі тиіс. Мұның бәрін жақсы білу үшін сәулет өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Сондай-ақ тіліндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек. Дыбыстың,

сөздің, сөйлемнің сыр-сипатын тану, заңдарын білу – бұл үйге керек заттардың сыр-сипатын білу сияқты нәрсе. Керек заттарын сайлап алып, үй салуға кірісу – дыбыстың, сөздің, сөйлемнің жайын біліп алып, солардың әрқайсысын дұрыстап орнына жұмсап, пікірлі әңгіме шығаруға кіріскен сияқты болады. Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс. Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі. Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікір айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әртүрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Бәрінің де ой мақсаты бір. Бәрінікі де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әр түрлі сөз қолданып сұрайды. Сол сияқты әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздердің әрқайсысын әр түрлі қолданады. Қысқасын айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөз сол адамның тілі болады.

Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны деп айтылады.

Сөз талғау

Шығарма тілі екі түрлі болатындығы жоғарыда айтылған еді. Оның бірі ақын тілі деп, екіншісі әншейін тіл деп аталады деп едік. Бұл екі тілдің арасындағы айырмасы мынау: әншейін тіл көбінесе сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талдайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне, көрнекті, әуезді болу жағын да талғайды.

Шығарма сөз өңді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарттары мынау:

1. Сөз дұрыстығы

Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін керек:

1) Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну.

2) Сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру.

3) Сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру.

2. Тіл тазалығы

Тіл тазалығы дейтініміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу.

Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мынау түрлі сөздерден қашқан:

а. ескірген сөздерге жоламаған.

ә. жаңадан шыққан сөздерден қашқан.

б. өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан.

в. жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге жоламаған.

Қазақ әдебиеті қатып-пісіп, жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп, ол жағынан қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ біздің мықтап қашатынымыз жатшылдық (жат сөзшілдік).

Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа ауызы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айырылып қалуы ықтимал. Сондықтан, мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздердің даярлығына қызықпай, ана тілімізден

карастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының салты орындалған болады.

3. Тіл (лұғат) анықтығы

Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық мағыналы болу үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт атайды. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз.

Лебіз анық болуына мынандай орындарда кемшілік келмек:

а) Лебіз мағынасы екіұшты ұғарлық болып айтылғанда.

Мысал:

Жаман қатын алсаңыз,
Төркініне бере алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Жөнді жауап айта алмай
Жалғанда қор болады.

Мұнда «жалғанда қор болады» дегенді екі түрлі ұғуға болады: «Төркініне бере алмай, төсегіне жата алмай» байы «қор болады» деп те ұғуға болады. «Тең құрбысы келгенде жөнді жауап айта алмай» қатыны «қор болады» деп те ұғуға болады.

Сол сияқты, мынау да екіұшты лебіз:

«Абай ұрыға қас еді, ұры ауылының маңына жолмаушы еді».

Мұнда «ұры ауылының маңына» Абай «жоламаушы еді» деп те ұғуға болады. «Ұры Абай ауылының маңына жоламаушы еді» деп те ұғуға болады.

Абайдың мына сөзін де екі түрлі ұғуға болады:

«Қисық болса, закон бар, судьяға беруге, ол да уезднай емес қой, алуға теңдік сенуге».

ә) Сөйлемдер шұбалыңқы айтылып, бір басыңқы қасында көп бағыныңқы сөйлем болса, немесе сөйлемдердің құралуы, құрмаласу, сабақтасулары шатақ түрде болса, әйтпесе, тыныстар орнына қойылмаса.

Мысал:

1) «Өз әкесі Құнанбай... уақытындағы елдің құр мұсылманмын дегеннен басқа, діннің не екенін білмей қан жеп, неше түрлі ырымдарға табынып жүргеніне қатты тыю салып, анық шарифат қоспаған істі қылған ғайырғы бұзықшылық іс қылғандарға бек ауыр жаза салып, халыққа ауыл

басы молда ұстатып, қадары қал ғылымның жолын көрсетіп, үлгі салған еді».

2) Соңғы уақытта Абай өзі өлеңінің өнер екенін біліп жаза бастаған соң бұрынғы ақындар надандықпен өлеңді өнер орнына ғибрат үшін айтпай тіленшілік орнына айтқандықтан ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ордасында бағасы кеткендігін айтып, өзін олардың ретінен басқа қылып, алмақ пайда үшін емес, халықты ұмтылтып, көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп, өлең шығарған.

3) Сол себепті жазушылықтың өзі де екінші дәрежеде қалып салақ болып, берірек ұлғайыңқыраған кезінде, өкініш түсіп, жасында ғылым жолында болмай, қазақтың айқайымен жүргендіктен, кешірген өмірінің, жазған өлеңінің ретсіз болып, яки ғибрат алмаққа жарамайтындығын, ақылға сыйымсыз жері болса, кейінгі замандағы сынаушы жастардан өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өткен өмірін айтып, надан елдің ішінде неше түрлі машақат, әурешілікпен бойды ыза кернеп, өткен қатам болса аяп, аз сөге көріңдер деп жазғаны – «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма...».

4) Сөздер өз мағынасында жұмсалмай, басқа мағынада жұмсалғанда меңзеу, өрескел болса, мәселе:

Таулардан бұлақ ағар сарқыраған,

Күмістей сәуле беріп жарқыраған, - дегеннің орнына, «таулардан сарқырап, жарқырап, ақ күміс ағады» десе...

5) Адам сөздерді аңдап айтпаса, мәселе, «ол едің адамының бәрі азулы» дегенде, адамның бәрі азып болғанын айтқаны ма? Болмаса, «Адамының бәрі мықты, азулы айғырдай» дегені ме? Анық емес.

6) Сөз орынға қойылғанда, мәселен, күндерде бір күн Сатемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырысқа тамның төбесіне қарай домалап барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі.

Мұнда «бір аяғы ақсақ құмырысқа деген сөз құмырысқаның бір аяғы ақсақ екендігін көрсете ме, болмаса аяғы ақсақ бір құмырысқа деген мағына ма – белгісіз.

4. Тіл дәлдігі

Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. Тіл дәлдігін бұзатын амәндес сөздер.

Амәндес сөз деп мағынасы жақын сөздер айтылады. Мәселен, батырлық, ерлік, батылдық, өткірлік, өжеттік деген сияқты сөздер. Мұның жүректілікті көрсеткенімен, әрқайсысының өз алдына өңі бар. Өңін танымай, яки аңғармай, бірін бірінің орнына айтса, лұғат дәлдігіне

кемшілік келтіреді. Және де тіл дәлдігіне мынадай орындарда кемшілік келеді.

1) Сөйлем ішінде орын алып, оралғы болудан басқа қажеті жоқ сөздер кірсе.

Мысал:

а) Кейбіреулер дүние қуғыш, мал жиғыш, пайда қылғыш келеді.

ә) Өз көзімен көріп. Көз алдымнан атқарып келіп отырмын.

б) Оның қалыптанған ерте тұратын әдеті бар еді.

Бұл үш мысалдың ішінде алып тастаса орны ойсырамайтын сөздер: «мал жиғыш», «пайда тапқыш», «көз алдымнан атқарып», «қалыптанған» деген лебіздер. Бұлар сөйлем ішінде тұрғанда ғана толық болуына келтіріп тұрған пайдасы жоқ.

2) Ойы қарайлас сөйлемдер қатар айтылғанда, мәселен:

3) «Мен қартайған шағымда, байы жоқ деп баққан жоқ, күйі жоқ деп күйген жоқ, қайраты жоқ деп қарасқан жоқ, әлі жоқ деп асырған жоқ» деген сияқты. Бұлай айтудың сырты көркем сияқты көрінсе де, ішкі мағынасы пікірді толықтырмай, тек сөздің сөйлемнің қарасын көбейтеді.

5. Тіл көрнектілігі

Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде сөзі толық түсінікі болу үшін дерексіз заттарды деректі затша, бернесіз заттарды бернелі затша сипаттайды, жансыз затты жанды заттай ғамалайды. Ақ көңіл, шолақ ақыл, арам ой деу, яки күн бүркіп тұр, найзағай ойнады, су қайтты деу, я болмаса, қазанның құлағы, ошақтың бұты, үйдің төбесі деу дерексіз заттарды деректі затша, жансыз заттарды жанды затша, бейнесіз затты бейнелі затша қалыптау, ғамалдау, бернелеуден шығып, әдетті сөзге айналып кеткен. Мұндай сөздер жалғыз әдетті түрінде емес, әдейі де айтылады. Мәселен, Мағжанның «Толқын» деген өлеңінде толқынның толқығанын бернелеп, түсінікті түрде көрсету үшін әдейі жанды нәрседей ғамалдап, былай дейді:

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады
Толқын мен толқын жарысад;
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен.

Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландай жүзге бұралып,
Жарға жетер ентелеп.

Осы сияқты өң берілген сөздер, көрнекі тіл делінеді. Тіл көрнекі болу үшін дерексіз нәрсе деректі нәрседей, жансыз нәрсе жанды нәрседей суреттеліп, адамның сана-саңлауына келіп түсерлік дәрежеге жетуі керек. Қалыпты түріндегі ондай дәрежеге жету үшін түрлі әдістер істеледі. Ол әдістер негізгі түріне қарай үш топқа бөлінеді:

- 1) көріктеу,
- 2) меңзеу,
- 3) әсерлеу.

Қай әдіс жақсы?

Жалғыз әліпби үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше қолданған түрлерін сөз қылсақ, әдіс түрлерін айтып түгесе алмас едік. Бүтін Жаурыпа әдісқойларының тұтынған әдістерін түгендемек түгіл, жалғыз орыстың ғана әдісқойларын алып сөз қылар болсақ, оның өзі әлденеше сан журнал бетін аларлық сөз болар еді, сөз созылып ұзаруынан қашып, орыс әдісқойларының бірін де өткен сандарда сөз қылмай өтіп кеттік.

Бұған дейін сөз болған әліп үйрету жүзіндегі әдістердің негізгі түрлерін алып, солардың қайсысы жақсы деп сауал қояр болсақ, оған ешкім мынасы жақсы, мынасы жаман деп кесіп айтып, тура жауап бере алмайды.

Орыс данасы Лев Толстой: (бала оқытып тәжірибе жасаған адам) «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болу; керек орында жоқ әдісті табу да қолынан келу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек; оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» дейді. (Лев Толстой «Үйрету әдістері туралы»).

Толстой олай десе, өзгелердің де тәжірибе жасағаннан кейін келген қарары онан алыс емес. Әдіс турасындағы басқалардың да пікірлерін қорытып қысқасынан айтқанда, әр әдіс өз орнында жақсы деген пікір болып шығады.

Бұл не деген сөз болады?

Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды.

Кей жұрттар жазу үшін әріп алмаған, таңба алған. Кей жұрттар жазу үшін әріп алғанмен, әріптері тілі өзгергендіктен бұл күнде тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін болған. Кей жұрттардың әуелде дыбыстарына әріп арнауында шатақтық бар болғандықтан, сөздерінің жазылуы мен айтылуы екі басқа, кей жұрттардың тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп белгілеуге болмайды. Сондықтан оның да сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында басқалық болады. Кейбір жұрттардың тіліндегі дыбыстары мен әріптері екеуінің арасында сәйкестік

күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында да сәйкестік күшті болады.

Жазу үшін әріп алмай, таңба алған жұрттың бірі, мәселен, қытай. Мұның жазуы біздің таңбамыз түрлі. Бізде оо (арғын), // (қыпшақ), Ү (төре). Қытайда = (ауыз) ʘ (ит). Ауыз таңбасы мен ит таңбасы қатар тұрса, мәселен, былай = ʘ «үреді» деген сөз болады. Біздің жазуымыз әріпше болмай таңбаша болса, біз де арғын таңбасы мен төре таңбасын қатар қойып /ооҮ/ «арғын төресі» деп оқыр едік; қыпшақ таңбасы мен төре таңбасын қатар қойып / //Ү / «қыпшақ төресі» деп оқыр едік.

Қытай жазу жүйесінің мысалы осы. Бұл жазуша сауаттағанда, мұғалімнің дыбыспен де, әріппен де жұмысы жоқ. Әр сөзге арналған таңбаны танытса, сол таңбаларды қойдыра білсе, қытайша оқуды да, жазуды [да] біліп сауаттанғаны.

«Ауыз» деген, «ит» деген, «үреді» деген – үшеуінің жазуын оп-оңай үйреніп алдық. Қытайша хат білу (сауаттану) қиын дейтіні қайда? Қиын жазу ұшыраған кезде, «қытай жазуы» деп мазақтайтындары қайда? Жоғарыда мысалға келтірген 2-3 сөздің таңбасын тану да, таңбасын қою да оп-оңай емес пе? Қиындығы қайда?

Мұның оңай болып тұрғаны – алған сөздің аздығынан. Қытай тіліндегі сөздің саны 10, 20, 30 болса, хатта 100 болса да, қытайша сауаттану оңай болар еді. Ондай болса, сөз саны 10 мың, 20 мың, 30 мың болса, ондай көп сөздің әрқайсысына арналған таңбасын тануға көп уақыт керек. Ондай көп таңбаны ұмытпай баста сақтау үшін, басты көп әурелеу керек. Қытай тілінде 50 мың таңбасын жатқа білгенде ғана қытайша кәміл сауатты адам болмақ. Ойы жаттау [дың] оңай-жеңілін «Жаңа мектеп» журналының оқушылары шамалай жатар, басқа жүйелі жазулардың әңгімесіне көшейік.

Жазу үшін әріп алғанмен, ол әріптері тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін ағылшын, американ сияқты жұрттар. Бұлардың сөздерінің жазылуы мен айтылуы айрылып, алыс кеткендігі сонша, «ит деп жазып, шошқа деп оқиды» деген мақал болған жазу жүйесі нақ осылардікі.

Олардікінен гөрі тәуірлеу жазу жүйесі француздікі. Бірақ тәуірлеу дегенмен, мұның да оңған жері жоқ. Мұның әуелінде дыбыстарына әріп арнауында шатақтық көп. Французда әріп басына жасалған толып жатқан ереже бар; толып жатқан қосымша белгілер бар. 26 әріптің 100 шамалы ережесі бар. Ол ережелері бойынша бір әріп түрлі орында түрлі айтылмақшы. Кей әріптер тұрған орнына, қарай жазылғанмен, тіпті оқылмай да қалмақшы. Кей әріптер басқа дыбыстармен қатар келген жерде, тіпті дыбысынан айрылып қалмақшы. Анықтық үшін азырақ мысал келтіріп көрсетелік.

«Бе ау» (veau) деп жазады, оны «бо» деп оқиды.

«Орейлле» (oreille) деп жазады «орей» деп оқиды.

«Мой» (moi) деп жазады, «мува» деп оқиды.

«Коин» (coin) деп жазады «кувек» деп оқиды.

«Айгүйлле» (aiguille) деп жазады, «егуй» деп оқиды.

Тәуірлеу деген жазу жүйесі мынау болса, мұнан жаманның жазылуы мен айтылуы арасындағы сәйкестігі қандай болмақ.

Бұл сияқты жүйелі жазумен сөздің ішіндегі дыбыстарын айырып, дыбыстарына қарап жазуға болмайды. Олай болса, сөздің дыбыстарын айыра білудің қажеті жоқ. Мәселен, «егуй» деген сөзді «айгүйлле» деп жазатын болса, «мува» деген сөзді «мой» деп жазатын болса, ол сөздердің дыбыстарын айырудың керегі не?

Сондықтан ағылшын, америка, прантсуз (француз) жазуларының жүйесі әріпті болғанмен, мағанасы таңба жүйелі жазуға жақын. Мұнда да сөзді дыбыстарына қарай әріптерін қойып жазбайды, тек әріптерден құрап сөздің таңбасын салады. Мұндай жазулар мен қытай жазуының арасындағы айырмасы тек таңба суретін құрауында ғана: қытайлар сөз таңбасын әріп деп ат қойылмаған сызықтардан құрайды, ағылшын, американ, француздар сөз таңбасын әріп деп ат қойылған сызықтардан құрайды.

Тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп арнауға болмағандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуы бөлектенген жұрттың мысалы — орыс халқы. Орыс тіліндегі дыбыстарға сәйкестеп әріптер белгілеу мүмкін емес: «сақал» орысша «барада» (борода), «сақалдар» дегенде «бороды» (борода) дейді, «тырма» орысша «барана» (борона), «тырманы» дегенде «борыну» (борону) дейді.

Бізде көпше жалғау, немесе басқа жалғау қосылғанда, тек жалғау қосылғаны болмаса, сөздің басқа тұлғасы мен тұрпаты өзгермейді. Орыстікінде ондай емес: тек жалғау қосылып қана қоймайды, бүтін тұлға-тұрпаттарында өзгеріс кіреді. «О» дыбысы «а» дыбысына, «а» дыбысы «ы» дыбысына орыста айналып кете береді.

Сөздің дыбыстары сондай өзгергіш болған соң, орыс тіліндегі сөздердің дыбыстарына сәйкестеп әріп алуға болмайды. Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды.

Мұндай жазуы бар жұрттың кей сөздерін дыбыстарына қарай жазуға болады, кей сөздерін дыбыстарына қарамай, тек жатталған түрінде ғана жазуға болады. Мәселен, орыстың бір сөзін дыбыстарына қарай жазсаң, он сөзін жатталған түрінде жазасың. Солай болған соң орыс жазуы сияқты

жазуларға сөздің дыбысын айыра білудің керектік жағынан керексіздік жағы басым болып шығады.

Дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті. Жазудың мысалы біздің қазақтікі мен қырғыздікі. Бұлардың тіліндегі дыбыс басына арналып әріп алынған, әріп таңылған дыбыстан қайда тұрса да айрылмайды. Сөздері жазылғанда көбінесе-ақ сөзінің ішінде естілетін дыбысына қарай жазылады. Орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына карамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына жазылып, бір сөз ғана дыбысына карамай жазылады.

Солай болған соң бізде сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра білу өте керек. Сөздің дыбыстарын дұрыс айыра біліп, оларға арналған әріптерді қоя білудің өзімен де үйренуші емлеміздің аз болса 60-70%-ін біліп қалады.

Біздің жазу жүйемізбен ағылшын, америка, француз жазу жүйесінің арасы алыс. Олардікі қытайдың таңба жүйелі жазуына жақын. Он сөзінен бір сөзінде де болса сәйкестік бар, бізге біртабан жақын жүйелі жазу орыстікі. Онан да гөрі бізге жақын жүйелі жазу италиянікі дейді (оның да сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында сәйкестік көп деп айтылады).

Сүйтіп, жоғарыда айтылған сөзден мынадай нәрсе байқалады: Әуелі, жазу екі негізді екендігі: 1) Таңба негізді. 2) Әріп негізді. Екінші, әріп негізді жазулардың емле жүйелері түрлі-түрлі болатындығы. Үшінші, емле жүйелеріне қарай, әріп негізді жазулардың таңба негізді жазуға жақыны да, алысы да бар екендігі.

Осы күнгі қолданып отырған емлелердің бәрі төрт жүйеге бөлінеді: 1) Таңбаша жүйе. 2) Дағдыша (тарихша) жүйе. 3) Туысша жүйе. 4) Дыбысша жүйе.

Таңбаша емле – таңба негізді жазумен тәртіптес, негіздес емле, мәселен, қытайдікі.

Дағдыша емле – баяғыдан бері жазып келе жатқан қалыпты қолданып отырған емле, мәселен, ағылшынша.

Туысша емле – сөздің тек басына карамай, басқа түбірлес, туыстас сөздердің де айтылуына қарайтын емле, мәселен, орысша.

Дыбысша емле – сөз дыбыстарының естілуінше жазу жолын қолданатын емле, мәселен, италиянша, немісше, қазақша.

Бұл айтылған емле жүйелерінің бәрі де әріп негізді жазулардың емле жүйелері. Бұлардың біреулері таңба жүйелі жазуға жақын болатыны көрініп тұр. Сөздің айтылуы мен жазылуының арасы алыстаған сайын емле тәртібі таңба негізінен жақындамақшы. Сөздің айтылуы мен

жазылуының арасындағы сәйкестік күшейген сайын емле тәртібі таңба негізінен алыстай бермекші.

Емле тәртібінің жүзіндегі жақындық, алыстық сауаттау әдісінің жүзінде де болмасқа мүмкін емес.

«Ауыз» деген сөзді мынадай (=) таңбамен жазатын қытай дыбысты әдіспен үйретер ме?

Ондай таңба салмағанмен, «ит деп жазып, шошқа деп оқыған» сияқты «мой» деп жазып «мува» деп оқитын емле тәртібі бар. Ағылшын, американ, француз сынды жұрттарға дыбысты әдісті қолдану қолайлы бола ма?

Олар түгіл, «борода» деп жазып «барада» деп оқитын емле тәртібі бар орыс сияқты жұрттарға да дыбысты әдісті қолдану қолайсыз болатын орындары көрініп тұр.

Солай болған соң бұлардың бәрі де сөзді таңбаша жазып отырған соң, немесе таңбаша жазуға жақын түрде жазып отырған соң, таңбаша үйрету әдісін қолданып отыр, «Тұтас сөз» әдісі деген сол «таңбаша үйрету» әдісі болады: бұл әдісше әріппен жазылған сөз таңба мағанасында көрсетіліп, таңба есебінде үйретіледі.

«Сақал» деп жазып, «сақал» деп оқитын, «тырма» деп жазып, «тырма» деп оқитын дыбысша емлесі бар қазақ, қырғыз сияқты жұрттарға дыбысты әдісті қолдану тиістігіне дау болмасқа керек еді, үйткені – басқа да дыбысша емлесі бар жұрттар дыбысты әдісті қолданып отыр. Мәселен, италиян жұрты.

«Тұтас сөз» әдісін не мәніспен қолданып отырғандарына назар салмай, тек басқалар қолданып жатқанда, бізге де қолдану керек деушілер бар. Рас, «тұтас сөз» әдісін бізге қолдануға болады. Бірақ біз ағылшын, американ, француздарша шарасыздықтан, ең болмағанда орыс қадары мұқтаж болғандықтан, оны қолданбаймыз, дыбысты әдіспен үйретуден «тұтас сөз» әдісімен үйрету қолайлырақ. Оңайырақ болса, қолданамыз. Олай болса, әуелі қайсысы қолайлы деген сауал қойып, соған берілген жауапқа қарай қайсысын қолдану тиісті болатындығын айту жөн.

Сауаттауға қайсысын қолайлы десек те қолайлылығын сипаттайтын тиісті дәлелдері боларға керек.

Сауаттауға әдістерін тексеру үшін, әуелі, сауаттылық дегеннің не нәрсе екенін, оның негіздік жағы қайсы, негіздік емес жағы қайсы, онысын ашып алу керек.

Сауатты адам деп қандай адамды айтамыз? – Оқи да, жаза да білетін адамды айтамыз.

Сауаттылық негізі оқу ма, жазу ма – мұны ашсақ, сауаттау әдісі қайсысынікі болатынын да ашамыз; үйткені – сауаттылықтың негізі не нәрсе болса, сауаттау әдісі де соныкі болу керек.

Оқи біліп, жаза білмейтін адам бола ма? – болады. Ескіше үйренгендердің көбі-ақ оқи біліп, жаза білмейтін. Ондай адамдарды толық сауатты деуге бола ма? – Болмайды. Ондайлар шала сауатты адамдар.

Жаза біліп, оқи білмейтін адам бола ма? – Жоқ. Жаза білетіндер оқи да біледі. Олай болса сауаттылық негізі оқу бола ма, жазу бола ма? – Әрине, жазу болады.

Сауаттылық негізі жазу екендігін сауаттылықтың шыққан жолы да көрсетеді. Сауаттылықты оқу мұқтажы тудырмаған, жазу мұқтажы тудырған. Мұқтаждық жазуды тудырған, оқу жаза білумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі асылы жазу болып, оқу соның бетіндегі нәрсе болып шығады.

Осы айтылғандардың бәрі сауаттылық негізі оқу емес, жазу екендігін сипаттайтын дәлелдер.

Сауаттылық асылы оқу болмай, жазу болса, сауаттау әдісінің де асылы оқудікі болмай, жазудікі болу керек.

Ол не деген сөз болады? Ол – сауаттау әдістерін сынағанда, оларға оқу үйрететін әдіс деп қарамай, жазу үйрететін әдіс деп қарау керек деген болады, жаза білдіруге қолайлы әдіс – оқи білдіруге де қолайлы болады, үйткені негіздік нәрсе, – жазу, оқу жаза білумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі нәрсе.

Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек.

Әріптердің бәрін шапшаң жазуға жарағанда, жазған әріптерін атауға жарағанда, екінші түрде айтқанда – шапшаң жаза білген де, шапшаң оқи білгенде, сауаты ашылды, сауатты адам болды дейміз.

Сауаттау әдісі дегеніміз – соны білдіруге жұмсалатын түрлі әдістердің шумағы болады.

Жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу; Оқу – әріптердің дыбыстарын айта тізу.

Әдісін алғанша қай істе болса қиын болады. Әдісін алған соң, қайсысы да болса оңайланады. Істің шапшаң істелу күйге жетуі, қайта-қайта істеліп, дағдыға айналған кезде болады.

Сауаттану жас балалардың жүруге үйренгені мысалды: Бастапқы кезде балалар аяғын бір басып, бір тұрады, онан соң апыл-тапыл басып жүруге жарайды. Онан кейін ақырын да болса кәдімгідей жүретін болады.

Онан әрі жүгіруге жарайды, жүгіруге жарағаннан әрі жарысқа түсіп, жүрісті өнер есебінде қолдану даражаға жетеді.

Балалар түгіл үлкендерді алсақ, олардың да бір нәрсемен жүруге үйрету жолы нақ әлгідей. Ши-аяқпен (Коньки) сырғанақ тебуге үйренгенде, үрелікпен (Ролик) немесе белетсепетпен (Велосипед) (Құраст.) жүруге үйренгенде, бірден сырғытып кете алмайды. Бастапқы кезде жүру әдісін алғанша, олар да балалар секілді өз денесін өзі билей алмай, мүшелері өзіне көнбеген сияқты, өзі жұмсаған жағына жүрмеген сияқты болып, әр ісін бөлек-бөлек аңдап, әр қозғалысын бөлек-бөлек алып, санап істеген сияқты болады. Әдісін алғаннан кейін батылырақ қимылдайтын болады, онан әрі батылырақ жүретін болады, онан соң қалай болса, солай жүретін болып әбден төселеді, төселгеннен әрман (қарай) басқалармен жарысып өнер салыстырарлық даражаға жетеді.

Сол сияқты сауаттанарда балаларға болсын, үлкендерге болсын әдісін алғанша сөздің ішіндегі дыбыстарын танып, айырып шығару да қиын, бөлек-бөлек дыбыстарды құрап-қосып, сөз қылып айту да қиын.

Әдісін алғаннан кейін айырудың да, қосудың да қиындығы жоғалады. Онан өрі тек жаттығу, төселу ғана қалады. Жаттығу, төселу үшін істің қайта-қайта істелуі ғана шарт.

Жазу да, оқу да бір істеліп қана қойылатын іс емес, мектепте күнде керек болып, күнде істеліп отыратын іс.

Сондықтан мектептен шыққанша жазу мен оқуға балалар төселмек түгіл, әрі барған сайын қайсысын да болса өнер түрге айналдырып, әдемілеп жазу, безендіріп оқу қолынан келетін болады.

Сауаттау әдісінің қызметі жазу мен оқу әдісін алғанша бастапқы кезде болатын қиындықты кеміту, не жоғалту үшін, жүруге үйренгенде балаларға беретін сүйеніш арба сияқты, ши-аяқ тебуге үйренгендерге беретін сүйеніш шана сияқты көмек беру.

Енді үйрету табиғи жөнімен жүріп, үйрену әдісінің жолымен жүріп отырып, дыбысты әдіс пен тұтас сөзді әдістің жолдарына келейік.

Дыбысты әдіспен үйрету жолы – әлгі айтылған үйренушіге сүйеніш арба, сүйеніш шана беріп үйрету жолы. Мұнымен үйренетіндер жүру әдісін алмай тұрғанда, бойын билей алмағандықтан арбамен, шанаға сүйеніп қозғалған сияқты жылжиды. Соларға сүйеніп жүріп бойын үйретіп, мүшелерін жаттықтырып әдісін алу сияқты болады. Бірақ аяғын бір басып, екі басып, ақырын жылжыса да, өздігінен өз мүшелерін жұмсаса, өз денесінің қуатымен жылжиды. Бұлай жылжыған уақыт әр қимылды мүшелері өзі істеп, өз басынан кешіріп сезіп, түйіп отырғандықтан, қимыл тетігін тез аңдап, әдісін тез алады.

Дыбысты әдіспен үйрету жолы – мысалмен түсіндіріп суреттегенде, осы болып шығады.

Тұтас сөзді әдіспен үйрету жолына келсек, ол – арбаны өзіне беріп, соған сүйендіріп, өзін қозғалтып, өзін жүргізіп үйрету емес, арбаға тіркеп, біреу сырғытып жүргізіп, жіберіп отырып үйрету сияқты. Немесе шанаға тіркеп, біреу сырғанатып жіберіп отырып үйрету сияқты. Өз күшімен жылжымай, басқаның күшімен бара жатқан соң, сырттан карағанда жүре білмейтін баланың жүрісі жүре білетін баланың жүрісі сияқты көрінеді. Ши-аяқ тебе білмейтін адамның сырғанағаны тебе білетін адамның сырғанағанындай болып көрінеді. Бірақ жүргізіп жүрген қуат біткен жеріне дейін барады да, одан өрі жылжымай тұрып алады, жылжу үшін әрдайым біреудің күшін керек қылады. Үйткені, әрбір жүріп келген жеріне өз денесінің қуатымен жүріп келмейді, біреудің жүргізген қуатымен келеді. Мұнда дайым біреу жүргізіп, басқаның қуатымен қозғалып отырған соң, өз санасының ісімен жұмысы өз денесінің қуаты аз қатысқандықтан, қимыл тетігін тез аңдап, әдісін тез ала алмайды.

Тұтас сөзді әдіспен үйрету жолы – мысалмен түсіндіргенде осы болады. Осындай мысалға келтірген жүруге, сырғанақ тебуге үйрету әдісінің екі жолын сауаттау әдістерінің мысалына алмай, жас баланы жүруге, үлкенді ши-аяқ тебуге үйретудің әдісі болған нақ өз қалпында алып сынға салсақ, жүрумен сырғанақ тебуді үйретуге жоғарғы екі әдістің қайсысы жақсы дер едік? Әрине, алдыңғысы жақсы екендігіне дау жоқ. Солай болған соң алдыңғы әдіске ұқсас дыбысты әдісті, соңғы әдіске ұқсас тұтас сөзді әдісті екеуін де ешбір тілге, емлемен әліп-би жүйелеріне матастырмастан өз алдына оңаша тұрған күйлерінде алып тек қана асылын тиісінше тексеріп қарасақ, дыбысты әдіспен үйрету жолының артықтығы да даусыз нәрсе болып шығады.

Егерде тұтас сөзді әдісті дыбысты әдіспен төмен бола тұрса да, керек қылатын болсақ, онда басқа жұрттардікіндей тіліміздің, емлеміздің, әліпбиіміздің жағдайына қарай, шарасыз керек қылатын орнымыз боларға керек.

Ондай шарасыз керек қылатын орнымыздың бар-жоғы қазақша сауаттау әдісін көрсеткен кезде білінбекші.

Келесі әңгімелеріміз қазақша сауаттау әдісі туралы болмақшы.

Басқарма. Жазушының дыбыс әдісі мен тұтас сөз әдісін сынаған ойларына, көзқарасына басқарма қосылмайды. Ол ойларын бір жақты жаңылысы бар деп біледі. Мұндай мәселе әлі қазақ оқытушыларына соны болғандықтан, бұл мақала пікір алысу ретінде басылып отыр. Әдіс жұмысымен таныс адамдар, педагогтар бұл туралы пікірін жазуын өтінеміз. Басқарма соңғы нөмірлердің бірінде өз ойын да жазбақшы.

Жалқылау (айырыңқы) әдіс

Жалқылау әдіс – жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату.

Жалқылау әдістің жалпылау әдістен артықтығын қуалайтын пікір 18-ғасырдың аяғында туады. Бастап туған жері – Франция. Бастап қуаттаушылар бұл әдістің артықшылығын былайша дәлелдеген: бір нәрсемен баланы таныстырғанда, оның бөлімдерінен бастап таныстырмаймыз, тұтас тұрған тұлғасында таныстырамыз. Мәселен, шапанмен таныстырғанда жеңінен, жағасынан, етегінен, өңірінен бастап таныстырмаймыз, шапанның өзін алып көрсетіп таныстырамыз. Оқу үйреткенде де сөзді әріптен, буыннан бастамай, сөздің тұтас тұрған тұлғасынан бастап үйрету керек дейді.

Бұларша оқу үйрету үшін әліп-би кітабы болсын, басқа кітабы болсын – бірі де керек емес, түсінікті сөздерді алып балаларға түсіндірумен балалар сөздерді танып, оқып кетеді. Мағынасыз әріптерді, ежіктерді жаттаудан мағыналы сөздерді жаттау балаларға жеңіл де болады, көңілді де болады дейді.

Францияда мұндай пікір туып тарай бастағанда, немістерде де осы пікірге келушілер болды.

Неміс әлімі Гедике деген жалқылау әдісін қуаттаушының бірі болып пікір таратады. Ол қуаттағанда былай дәлелдейді: дүние танып, білім білуіміздің бәрі жалқылау әдіс жолымен болады? Дерексіз заттардан деректі затты бұрын танимыз, мүшелерін тұтас тұлғасынан бұрын танимыз. Балаға оқу үйрету де сол жолмен болу тиіс, оқу үйрету балаларға түсініксіз әріп сияқты дерегі кем нәрседен басталмай, түсінікті тұтас сөзден басталу керек дейді.

1791 жылы Гедике тұтас сөзбен үйрететін әліп-би кітабын шығарады. Бес жасар қызын сонымен үйретіп үш айда сауатын ашып, кітап оқитын етеді. Үш айда сауат ашып, кез келген сөзді оқи білерлік ету – о заманда болмайтын оқиға.

Бір әріпті үйрету үшін бір Гедике неше сөз алады? Мәселен: «а»-ны үйрету үшін бізше болғанда мынадай сөздерді алған: ар, азық, арғын, ас, ақыл.

Кітаптың бірінші бетіндегі бірінші жолдағы сөздер осылар болмақ. Басқа жолдардағы сөздер басқа болмақ, бірақ олардың ішіндегі «а» әрпі болмақ. Бұлардың «а-сы» басында келмейді, ортасында, аяғында келеді. Басында «а» келетін ату сөздер өз алдарына бір жол болып екі-үш жолдан кейін қайта-қайта келіп отырады. Елеулі болу үшін «а» әрпі бірде қызыл, бірде қара бояумен басылған. Үйрету тұтас сөзді оқудан басталады.

Мұғалім 1-жолдағы сөздерді бір-бірлеп көрсетеді, оқиды; балалар көрсеткеніне қарап, мұғалімнің айтқанын олар да айтады, солай етумен балалар әлгі алған бір жолдағы бес сөзді бірден танып көрсеткенде айтарлық, айтқанда көрсетерлік дәрежеге жеткенде, сөздің буынын қайыруға түседі: онан әрі буынның әріптерін айыруға түседі.

Оны былай істегені мұғалім бірінші сөзді алып, «а-р» екеуін қоспай жіктерін ашып айтады да, неше бөлініп, айтылып тұр деп сұрайды, сонан соң әр бөлімін бөлек айтқызады. 2-ші, 3-ші, 4-ші, 5-ші сөздерді де солай етеді. Бәріні де басындағы дыбысы бірдей болып, басқаларынікі ондай болмаған соң «а» дыбысы айрықша болып шығады. Сонда бұл дыбыстың әрпі мынау деп, «а» әрпін көрсетеді. басқа сөздерге де басқа әріптермен таныстырғанда істейтін әдісі осылай болған. Балалар бір беттегі сөздерді танып, оқырлық даражаға жеткенде, 2-ші беттегі сөздерге түскен.

Мұның тәсілі жеке балаларды оқытуға жараса да, мектепте көп баланы оқытуға жарамсыз болып шыққан. Негізгі кемшілігі сөзді жаттау, сөз әріптен, буыннан мағыналы, балаларға түсінікті болғанымен, не үшін бұлай «ат» етіп сызған нәрсе ат болып оқылуға тиісті, онысы балаларға түсініксіз, сондықтан бұл әдіс те іске асып жарымайды, бірақ жалқылау әдіс пікірі өшпейді.

Жалпылау әдіске жан беріп, күшейткен атақты француз оқытушысы – Жакото. Жакото үйрету – асылында үйренуге дағдыландыру дейді. Баланың үйрену талабын қоздырса, білімнің бәрін басқаның көмегінсіз өзі-ақ алады. Балаға талаптық тәрбие беру үшін басынан табиғат жолымен үйрету керек. Табиғат жаратқан нәрсесін тұтас түрінде жаратады. Табиғат нәрсесін әуелі адам да тұтас түрінде түйеді. Бала оқытушы дәйім осыны есіне сақтау керек. Балаға ән үйретпек болсақ, әуелі дауыстың түрін (нотасын), дауыстың даражасын (тонын), сонан соң барып әнін үйретер ме едік. Әуелі әннен бастап үйретер ме едік дейді. Баланы өсімдікпен таныстырсақ, гүлінен, жапырағынан бастап таныстырамыз ба? Айуанмен таныстырсақ сүйегінен бастап таныстырамыз ба? Тұлға түрінде алып таныстырамыз ғой. Бала үйреткенде сол жолмен үйрету керек. Нәрсенің бөлшегінен бастап үйретпей, тұтас тұлғасынан бастап үйрету – дерексіз заттан бұрын деректі затты алып таныстыру дейді.

Мұның да дәлелі алдыңғылардікіндей, бұ да әліп-би кітабы керек емес дейді. Бала үйретуге арықша кітаптың керегі жоқ, кез келген кітап жарайды. Кез келген кітаптың бір бетін алып, ішіндегі сөйлемдерді оқытып, оларды сөзге бөліп оқытып, сөздерді буынға бөліп оқытып, буындарды әріпке бөліп оқытып таныстырса, сонымен бала оқуды үйреніп алады, өйткені әліп-би әрпінің бәрі кітаптың бір бетінен табылады дейді.

Жакотаның әдісін өзгертіңкіреп осы күнде де қолданып отырған да бар. Американ әдісі деп айтылып жүрген әдістің негізі – Жакотанікі.

Жакоташа үйрету реті былай болмақ:

Кітаптың алған бетіндегі әуел келетін, мәселен, мынадай сөйлем екен – «қалаға жақын жердің бәрі жиын».

Осы сөйлемді мұғалім кеспе әріптен жасап, тақтай бетіне тізіп қойып, дауыстап әрі сөзін қолымен көрсетіп оқиды. Содан соң оны балалар оқығанда, бәрі дауыс қосып көптеп те, жеке де оқиды жаңа да қалыпта ретпен оқымай, сөздерді есе қосып былайша оқиды.

Қалаға

Қалаға жақын

Қалаға жақын жердің

Қалаға жақын жердің бәрі

Қалаға жақын жердің бәрі жиын.

Осылай оқу балалар сөйлемнің ішіндегі кез келген сөзді танып алатын болғанша істеледі.

Содан кейін мұғалім басындағы сөзді алып, кеспе әріптен буынға бөлген түрде бөлек шығарып қояды да буын-буынға бөлгілеп оқиды. Балаларға да осылайша оқытып, сөз бірнеше бөлініп айтылатынын айтады. Сөздің бәрін осылай оқытып, солай айттырып болғаннан кейін, пәлен буынды, түген буынды көрсет дейді. Пәлен буын қай сөзде, түген буын қай сөзде деп сұрайды. Пәлен буыны бар, түген буыны бар сөзді көрсет дейді. Пәлен сөздің бас буыны, аяқ буыны қайсысы деген сұраулар болады.

Сөйтіп бір сөйлемнің өзінде балалар буынның бірнеше түрімен танысып қалады.

Әріппен таныстыру үшін де істейтін тәсілі осы. Бір буынды алып, мәселен, «ла»-ны алып, екі арасын ашып қойып, арасын бөліп оқиды, балаларға оқытады. Неше бөлініп айтылатынын сұрайды. Басындағы, аяғындағы әріп әрқайсысы не деп аталатындығын айтады, оқығанда қалай айтылатынын айтады. Содан соң білген әріптерін басқа сөздерден тапқызады. Содан әрпі екінші, үшінші тағысын тағы буындарды алып, істейтін ісінің реті бәрі осылайша болады.

Бір сөйлемді солайша үйреніп болғаннан кейін басқаларын алып, бұлайша үйретеді. Жалғыз қойылатын шарт – 1) балалар үйренген нәрсесін нық білу, ол үшін оқу сабағын дәйім басына бірінші сөйлемнен бірінші сөйлемнен бастап отыру, 2) жаңа сөйлемді оқытуға алғанда ішінде келетін бұрынғы таныс буындар мен таныс әріптерді балалардың өздері көрсетуі керек.

Сөйтіп, он шақты сөйлемді оқи білген кезде балалар бір жағынан әріптерді, бір жағынан буын түрлерін танып алып, бір жағынан оқуға жаттығып, әрмен қарай өз беттерімен оқуға жараған.

Жакото оқытуға ұста, әдісінде шеберлік толық болғанмен, Гедикенің әдісіндегі кемшіліктен бұл да құтыла алмаған. Ол кемшілік – оқыған сөздерін неге солай оқылатынын білместен жаттау. Ол кемшілігіне қаламай Жакотоның әдісі тәуір-ақ жайылған. Немістер Жакото әдісінің мәніне түсінгеннен кейін, Жакотоның әріпті әдісін дыбысты әріпке аудару шарасын қарастырады. Сөйтіп, бір заманда дыбысты жалқылау әдіс пен дыбысты жалпылау әдіс – екеуі қатар өркендеп күшейген кезі болған. Онан әрі барып екеуі қосылып бір әдіс түріне түскен, онысы жалқылау-жалпылау әдіс. Ол келесі жолы сөз болмақ.

Жалқылаулы-жалпылау әдіс

Бір жерде жалпылау, бір жерде жалқылау әдісі деп жүріп, ақырында екеуі жалқылаулы-жалпылау әдісі болып бірігеді. Бұл әдістің өзі қолдану жүзіндегі баспалдақтарына қарай бірнеше түрге бөлінеді.

1.«Шағын сөзді» деген түрі. Мұның асылы балаларға шағындап алған әр сөздің оқуы мен жазуын білдіру. Мұны әуелі қолданушылар Погел, Томас, Белме деген неміс оқытушылары, сонан басқалар алып түрліше қолданады. Бірақ, бәрінің негізі мынау болады:

Әліп-би кітабы болмақ, ол кітаптың ішінде: 1) сүгіреттер болмақ, 2) сүгіретті нәрселердің атын көрсететін баспа да, жазба да сөздер болмақ, 3) сол сөздерге ұқсас басқа да сөздер болмақ, 4) үйретілген әріптерден жасалған сөздер, сөздерден жасалған сөйлемдер, сөйлемдерден жасалған қысқа-қысқа әңгімелер болмақ, 5) түгел күйінде әліп-би ретімен жазылған әріптер болмақ. Бұл соңғысы үйрету үшін емес, әріп біткеннің бәрі үйретіліп болғандығын көрсету үшін қойылады.

Осылайша шығарылған әліп-би кітаптары бірінен-бірі негізгі жағына емес, 1) шағындап алған сөздің сандары жағынан, 2) сөздердің түрлері жағынан, 3) сөздердің орналасуы жағынан, 4) оқуға алынған әңгімелері жағынан алынады.

Үйрету көшесі былай:

1. Әліп-би кітабының 1-і бетінде тұрған сүгіретті оқытушы тақтайға салады да, сол нәрсенің жайынан әңгіме қозғайды. Әңгіме балаларды қозғайды. Балалар мен оқытушы әңгімелесе-әңгімелесе барып, сол нәрсе турасындағы жұмбақтар, өлеңдер сияқты нәрселерді айтқызады немесе өзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы – алынған нәрсені балаларға анық танытып білім береді, сөйлесуге бойын да, тілін де үйретеді.

2. Салынған сүгіретті балалар дәптерлеріне көшіреді. Бұл көшіру балаларды сүгірет салуға үйрету емес, салғандары ұқсасын, ұқсамасын әркім әлінше салса болғаны. Мұның пайдасы сүгірет салуға балалар әуес болғандықтан, сүгірет салғандарына мәз болып өздері рақаттанады, қарындаш ұстауға қолдары үйренеді.

3. Сүгіреттегі нәрсенің атын көшіру. Оқытушы сөзді тұтас күйінде тақтайға жазады. Балалар дәптерлеріне көшіреді. Көшіруден бұрын былай ету керек дейді: Оқытушы тақтайға жазып жатқанда, балалар қарап бағып отырады. Жазып болған соң, балалар орнында отырып, оқытушының жазуына еліктеп, жазған сияқты болып, сұқ қолдарымен тақтай бетіндегі жазу бойымен жүргізеді. Сонан соң барып қарындашпен дәптерлеріне жазады.

4. Сөздің дұрыстарын айыру. Ол үшін оқытушы тиісті сөзді алады да, дыбыстарын анық етіп ашық дауыспен айтады. Әсіресе, кезінде үйретуге керек болып тұрған дыбысты айқындата айтады.

5. Сөзді әріптен бұтарлау. Ол үшін оқытушы әріп араларын ашығырақ жазады. Балалар соның ішінен үйретіп жүрген әріпті танып алып, бірнеше рет жазады. Солай бірнеше әріпті танығаннан кейін оқытушы енді әр әріпті жеке күйінде алып тақтайға жазып, бұл қай сөзде, қандай орында тұр деп сұрайды. Балалар әліп кітабына жазылған әріпті сөздің ішінен танып көрсетеді.

6. Әріптерден сөз жасау. Балалар 4-4 әріпті танитын болғаннан кейін солардан құрап, сөз жасайды.

7. Баспа тану. Ол үшін жазба сөздің астына баспа сөз қойылып, екеуінің әрпі салыстырылады.

Шағын сөзді алыңғы әдістерше не әріп жаттатып, не сөз жаттатып, балалардың басын қатыру жоқ. Жұмыстың бір ұшы оқытушыда, бір ұшы балаларда болып, бұлардың басы білім құятын тек ыдыс есебінде болмай, немесе бір жағы адамша, бір жағы машинаша істемей, екі жағы да зер салып істейтін болады.

Мұнысы алдыңғы әдістерден артық бір жері болмаса, екінші бір артық жері – аз сөзді оқи білумен балалар көп сөзді оқып кетуге жарайды. Сондай артықтығы болғандықтан, бұл әдіс мәдениетті жұрттың бәріне де жайылады. Жұрт өзінің тілінің, емлесінің жүйесіне қарай түрліше ыңғайлап қолданады. Сондықтан пәлен әдіс, түлен әдіс деп түрлі атпен аталады. Атына қарамай, затына түптеп қарағанда бәрінің негізі бір болып шығады. Орыстарда түрлі атпен аталған әліп-би кітабы үйрететін әдістер, татарлардан, мәселен, түрлі атпен аталған әліп-би кітабы үйрететін әдістер, біздің қазақта да әліп-би кітабымен үйрететін, олардың бәрі де шағын сөз әдісінің негізінен құр емес.

II. «Жазу-оқу» деген түрі. Былай деп біреулер жазу мен оқу екеуін қабат үйретуді айтады, біреулер оқуды жазу арқылы үйретуді айтады. Әдістің затына соңғы мағынада айтулары дұрыс келеді. Өйткені – бұл әдісті қолданушылар оқу үйретуді оқудан бастау дұрыс емес, жазудан бастау дұрыс дейді.

Мұны былай дәлелдейді: «Жазу жоқ кезде оқу жоқ. Оқудан жазу дүниеге бұрын келген. Оқуды жазу тудырған» дейді.

Оқу білмейтін адамды үйреткенде жазу мен оқудың пайда болған жолымен жүру керек дейді.

Бұл әдістің өзі онша дүниеге көп жайылмағанымен, өзге жайылған әдістерді түзетуге дақылы болды. Мұнан бұрын оқу алда жүріп, жазу соңында жүруші еді. «Жазу-оқу» әдісі шыққаннан кейін екеуі қатар

жүретін болды. Оқытушылар үйретуді оқудан бастаса, әдістер оқытқанын жаздырып отыратын болды; жазудан бастаса жаздырғанын, не жазғанын оқытып отыратын болды.

Бұл «жазу-оқу» әдісін орыстар, орыстан үлгі алған Ресейдегі басқа жұрттар көп қолданады.

III. «Дыбысты әдіс». Дыбысты әдіспен үйреткендегі істелетін істің негізгі бес түрлі:

- 1) балалармен әңгімелесу
- 2) оқу үйретуге де даярлайтын жұмыстар
- 3) сөзден дыбыстарды айырып шығару
- 4) әріптермен таныстыру
- 5) білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу

Әңгімелесу. Бұл балалардың бойын үйрету үшін істеледі. Әңгімелескеннен кейін балалар оқытушыға үйір болады, оқытушы балалардың жайларын біледі. Әңгіме арқылы балалар мектептегі нәрселердің аттарымен, жүру-тұру жүзіндегі тәртіптерімен танысады.

Оқуға даярлайтын істер. Бұл - әуелі, «сөз» деген ұғым мен «дыбыс» деген не нәрсе екенін білдіру. Екінші, сөздің ішіндегі дыбыстарды айырту.

«Сөз» деген ұғымды таныту үшін оқытушы балаларға бір нәрсені айтады. Оның атаған нәрсесі туралы өзі бір нәрсе айтып, неше сөзбен айтылып тұрғанын сұрайды. Мәселен, балалар «тақтай» деген болса, оқытушы «тақтай үлкен» дейді де, балалардан неше сөзбен айтылып тұр деп сұрайды. Сол жөнмен бірнеше рет сөздер, сөйлемдер алынып, сұралып өткеннен кейін сөздің не екенін біліп кетеді.

«Дыбыс» ұғымын таныту үшін істелетін тәсіл екі түрлі болады. Біреуі былай: оқытушы бір дыбысты айтады да, айтқаным не дыбыс деп сұрайды. Балалар естіген дыбысын айтады. Тағы бір дыбыс алып, тағы солай сұрайды, балалар сұрағанын айтып береді. Солай бірнеше рет істелгеннен кейін балалар «дыбыс» деген нәрсенің не екенін ұғады. Екінші тәсіл былай істеледі: балалардың көзін жұмғызып қойып оқытушы бір нәрсені сылдырлатады, немесе тықылдатады. Бірақ не істесе де балалардан «не естідіңдер?» деп сұрайды. Балалар естігенін айтады. Сонан оқытушы бір дыбысты айтады. Мұны да не естідіңдер деп сұрайды. Балалар естігенін айтады, солай бірнеше ірет істеп, бірнеше ірет сұрағаннан кейін «дыбыс» деген немене екенін балалар ұғады.

Дыбыс айырту үшін оқытушы өзі не балаларға бірдеме айтқызады. Сонан бір сөзді алады да, соны әуелі буындап бөлектеп айтады. Буындап бөлектеп айтқанда буын жіктері ашылып, әр буын бөлектеніп естіледі. Солай бірнеше сөзді алып айтқаннан кейін балалардың құлағы сөз буынын айыратын болады.

Буынды айыра білгеннен кейін дыбыстарын айыруға түседі. Ол айыруға қолайлы буын табылатын сөздерді алып, әуелі буынға бөледі де, сонан өзінің керек қылған буынын алып, дыбыстарын бөлектей айтады, немесе әнге салған сияқты созып айтады. Балалардың тез айырып үйренуіне соңғысы қолайлы. Буынды созып айтқанда оның ішіндегісі нендей дыбыс екені біліне қалады. Мәселен, «ара» деген сөздің «ра» деген буынын алып, әр дыбыспен созып айтса, әуелі «р», сонан соң «а» естілетіндігін құлақ қазір айырады. Мұндағы бір керек нәрсе, ол – алғашқы кезде алған буындардың әріптері созылатын болу тиіс: ол дыбыс айыру жұмысын көп жеңілдетеді.

Дыбысты айыра білгеннен кейін оларды қоса білуге кіріседі. Дыбыстарды қосып буын жасап, буыннан сөз жасау керек дейтіндер де бар, оның керегі жоқ дейтіндер де бар. Керек деушілердің пікірі екіге бөлінеді: біреулері әріп көрсетуден бұрын балалар сөзді дыбыстан құрап жасай білу керек дейді, екіншілері – дыбыс құрастыру әріптермен таныстырылып, соларды құрастырып, сөз қылып, қосар жерде істелу керек дейді. Әуелі, бұл үш түрлі пікірдің дыбысын құрастыру керек емес дейтіндер дұрыс емес. Дыбысты әдіс болмасқа керек десе, онда жөн, ал дыбысты әдіс болса, онда дыбыстарды қостастыру болмаса, ол шала болмақ. Екінші әріптерді құрастырып оқыр кезде істелу керек деген пікір де дұрыс емес. Онда кеш болады, онда еш пайдасы тимейді. Олай болғанда сөздің дыбыстарын айырып үйретудің де қажеті жоқ, оны жазу кезінде істетуге болады.

Сөздің дыбыстарын айыра білу – соңыра жазуға керегі бар нәрсе, дыбыстарды құрастырып сөз қыла білу – ол соңыра оқуға керегі бар нәрсе. Дыбысты дыбысқа қосу әріпті әріпке қосудан жеңіл болады. Үйрету жеңілінен басталу керек. Ол үйретудің негізгі дабыл жолы.

Әріптермен таныстыру. Сөздің дыбыстарын айыра бергеннен кейін түрлі дыбыстарды қосып сөз қыла білетін болғаннан кейін әріппен таныстыруға түседі. Әріппен таныстыру іреті әріптердің әліп-би кітабындағы тұрған іретінше болады. Әліпби кітабының басындағы бөлек әріптер, мәселен «а», «с» болса, сол әріптер бар сөзді алып, дыбыстарын айыртады. Сонан соң пәлен дыбыстың таңбасы мынау деп әрібін көрсетеді. Дыбыс таңбасы әріп деп аталатынын да айтады. Сонан кейін жаздырады. Басқа әріптердің арасынан іздеп таптырады.

Сонан кейін танытқан әріптерінен құрастырып, сөз қылып оқытады. Дыбыстарды айырту, құрастырып сөз қылу дұрысталып істеліп, балалар әбден әдісін алған болса, сол дыбыстардың әріптерін құрастырып, сөз қылып оқуға балалар қиналмайды. Бір-екі сөзді әріптен құрап оқығаннан кейін тез әдісін алады. Алғашқы кезде сөзді ылғи буындап қостырып

оқытады. Сонан буындап оқып әдістенеді. Буындап оқу жаттыға бара қалыпты оқу түріне түседі.

Алдағыда Европа жұрттары соңғы кезде қолданып жүрген америка әдісі деген жалқылаулы-жалпылау әдісінің «тұтас сөзді» тағы бір түрін айтып, сонымен әдіс жалпы тарихын аяқтайық.

Бұл – ескі емлелі жұрттың шығарған, ескі емлелі жұрттың қолданып отырған әдісі. Ағылшын, француз жұрттарының емлелері араб емлесі сияқты ескі болады, ескі емлемен жазылған сөздің жазуымен оқуы бір-біріне сәйкес болмайды. Мәселен, арабтар «тырқы» деп жазып «тараққи» деп оқиды. Ағылшын мен француз емлесі онан да сорақы: біз олардың емлесінше жазатын болсақ, «жой» деп жазып, «жуа» деп оқыр едік. Ондай емлесі бар жұртқа дыбыстың құны шамалы: сөзді сүгіретін жаттап оқумен танып оқиды, әріп тек сүгірет мүшесінің орнына жүреді.

Бұл күнде бұл әдісті әр жұрт өз тілінің, емлесінің ыңғайына қарай әртүрлі тұтынып отыр. Нағыз өзінің шыққан жері Америкада тұтынуы былай:

Жылдың ортасына дейін кітап қолдану жоқ. Балалар оқытушының тақтайға жазғанын ғана оқумен барады. Оқу әріптен, не дыбыстан басталмайды, тұтас тұрған сөздерді оқудан басталады, Мәселен, бір бала шегіртке ұстап әкелген екен.

Оқытушы: «Не әкелді?» - деп балалардан сұрайды. Балалар: «Шегіртке әкелді», - дейді. «Шегіртке әкелді» деген сөйлемді оқытушы тақтайға жазады. Өзі оқиды, балаларға оқытады.

Сонан соң шегіртке деген сөзді кірістіріп, басқа сөйлемдер алады. Оны жазады, оқиды, оқытады. Сүйте-сүйте «шегіртке» деген сөздің жазуы қайта-қайта ұшырап, балалардың жаттарында қала-қала барып, әдбен таныс болып, бірден танитын болады. Бірден танитын болса, бірден оқитын болғаны. Басқа сөздердің де оқуын солай іретше үйретеді.

Солай етумен жарты жылдың ішінде 125 шамалы сөзді танып оқитын болады. Екі айдай сөздің дыбыс жағына жоламайды. Онан әрі ғана, балалар бірсыпыра сөздің оқуын енді біліп болды ғой дегенде барып, сөздің дыбыстарын айырта бастайды.

Дыбыс айыртуға тұқымдас сөздер алынады. Тұқымдас сөздердің дыбыстарының көбі бірдей болады. Дыбыс айыртуға түсерде жаңа айыртылған сөздер тұқымдастығына қарай сұрыпталып, бірінің астына бірі сатыланып жазылады. Соларды көре-көре, оқи-оқи жүріп сөздердің бәрінде де ұшырайтын ортақ дыбыстардың үнін де, әріптерін де айыратын болады.

Американың жазуға үйретуі де оқуға үйрету сияқты әріптен басталмай, бүтін сөздің жазылуынан басталады. Бірақ жеңілдік үшін бастапқы кезде әрпі аз сөздер алынады.

Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпбиін жақтаған байандамасы

Байандама қазақ тілінде болсын дегендерге менің алдымдағы байандамашы орыс тілінде болсын, үйткені жұртты үгіттеу, үйіру үшін жасалып жатқан мәжіліс, орыс жолдастардың да қатысуы керек деп еді, үйдесе баяндамасы пән туралы емес, үгіттеу, үйіру түрінде болып шықты.

Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алып сөйлемекшімін.

Ең әуелі аңғартып өтетін бір нәрсе сол – латын әрпін алу деген – тіршілік мұқтаж қылғаннан, ділгерлік қысып туғызып отырған мәселе емес.

Ділгерлік қыспақ түгіл, еш уақытта әншейін керек қылған нәрсеміз емес.

Керек қылмағанымыз – қажетімізге жарататын басқалардікінен анағұрлым артық әрпіміз болғандықтан.

Әліп-би деген асылында адам арқылы жетпейтін нәрсе емес. Әліп-бійде бірден мәдениет түрінің төбе басына шығарып жіберетін адам білместей айрықша қасиет те, жасырын сыр да болмасқа тиіс.

Әліб-бій деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арналған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы.

Олай болса, әліп-би сынға түсіп жақсы-жаман жағы тексерілуге әбден келетін нәрсе болып шығады.

Қазақ алдақашан тілде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы.

Тағы немене керек?!

Жоқ! Араб әрпін тастап, латын әрпін алу керек, араб әрпі қолайсыз деп алдақашан аты шыққан әріп, онымен жақсылап емле түзуге болмайды, онымен баспа ісін жақсылауға болмайды, оны жазу машиналарына, осы күнгі шығып жатқан түрлі өнер құралдарына орнатуға болмайды, оларға араб әрпі ыңғайсыз дейді.

Солай деп әріп мәселесін алдымен қозғаған әзербайжандықтар ойлаған еді. Солай деп өздерін жаңашыл, өзгелерді ескішіл көретін біздің латыншылдарымыз да ойлайды.

Мұнда адасқандық болмаған күнде де анығына жетпегендік бар екені шексіз, өйткені іс жүзінде көріп отырғанымыз олар ойлағанындай

емес. Сондықтан назарларыңды салыңқырап карасандаршы деп айтуға хақымыз бар деп білемін.

Араб әрпінен жасап алған әліп-биімізге жер жүзінде әліп-би баласы жетпейді. Араб әрпімен түзеген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі жетпейді. Мұны ешкім бекер деп айта алмайды. Араб әрпін жазу машинасына, әріп теру машинасына орнатқанын көріп отырмыз.

Түзелген араб әрпі жазу машинасына бір түгіл, екі түрлі әріп қоюға болатын етіп отыр, әріп теру машинасында екі суретті әріп қоюға болатындығына көз жетіп отыр. Түзелген әріп терушілердің де бейнетін жеңілдетейін деп тұр. Бұрын кассы үлкен болған соң, тұрып теретін еді, енді кассы кішірейген соң, отырып теруге болады. Отырып терсе тез шаршамайды, шаршамаса жұмыс өнікті болады. Әрі кассы ұясы аз болған соң, теру оңайланады. Ол жағынан жұмыс тағы өнікті болады.

Осының бәрі араб әрпінің қай жағынан болса да, қалай жұмсаймын десе де келе беретін, көне беретін ыңғайлы, қолайлы әріп екенін көрсетеді.

* * *

Түрік жұртының 90%-і баяғыдан бері араб әрпін пайдаланып келеді. Әрқайсының араб әрпімен жасалған хат мәдениеті бар (хат мәдениеті деп әріпке қатысы бар нәрсенің бәрі айтылады, мәселен: сауаттылық, оның жүзіндегі дағдылы өнер-білім, ілім, емле, үйрету әдісі, баспа істері, баспа мамандары, жазба мамандары, жазылған, басылған барша сөздер, тағысын тағы сондайлар).

Хат мәдениеті бар халыққа бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Бірте-бірте барып алып кетуге бірталай уақыт керек, бірталай артық тұрған қаржы керек. Бірталай артық тұрған адамның күші, ісі керек. Әуелі ондай қаржы, күш пен іс екі әріппен бірдей қатар оқыту, сауат ашу істеріне керек. Екінші, баспа дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылып шығып жатқан нәрселердің бәрі екі әріппен бірдей басылып шығып тұрмақ. Мұның аты екі шығын болмақ, екі жұмыс болмақ. Артық қаржы, артық күш бұған керек.

Мұндай екі шығын, екі жұмысты көтергендей қаржы мен қайрат қазақ түгіл түріктің қай жұртында да болса жоқ.

Латын әрпін бірден алып, бірден соған түсіп кетуге, одан да көп қаржы мен қайрат керек. Ондай бірден табыла қоятын мол қаржы мен қайрат түрік жұрттарында тағы жоқ. Бірден мұғалімдердің бәрін латынша үйретіп, бірден баспаханалардағы әріптерді латынға айналдырып, адамдарын латынша үйретіп, оқу кітаптарын латынша бастырып, арабша сауаттыларды латынша сауаттандырып жіберу адамның керек қылуын

былай қоя тұрғанда да, он шақты күнде, он шақты миллион қаржымен біте қоятын жұмыс емес.

Солай болған соң әріп алмастыру деген жеңіл мәселе болып шықпайды. Бұл – ел жағынан да, елдің шаруасы жағынан да ауырлығы зор мәселе екендігін еске алып отырып шешетін нәрсе. Үстін қарап, ат үстінен айтқандай, сөзбен, жеңіл шеше қоятын мәселе емес. Салақ қарауға болмайтын салмақты мәселе.

Латын әрпінің араб әрпінен гөрі көзге көрініп тұрған артықтығы, бадырайып тұрған пайдасы болса екен; онда ел көңілденіп, қолдап жебеп, көтермелеп бірдеме етер деп дәмеленер едік. Ондай артықтығы, пайдалылығы жоқ.

* * *

Араб әрпін латын әрпіне алмастыру мәселесі қозғалғаннан бері көп адам екеуін салыстырып, теңеп қарап, артық-кемін тексеру, зерттеуге түсті. Екі әріп те жеткілікті дәрежеде терең тексеріліп, терең зерттелді. Сол терең тексеру арқасында екі әріптің де бұрын назар салынбай, еске алынбай жүрген көп сындары, сипаттары көзге түсті.

Менің мұнан былайғы сөздерім – жалғыз өз пікірім, я өз тапқандарым емес, көптің көздеп, үңіліп, зерттегенінен табылған нәрселер. Екі әріпті теңестіріп, артық-кемін тексеріп, өлшеуге салғанда, таразының табан тірейтін нәрселері мыналар боларға тиіс:

1. – тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?
2. – қайсысымен басылған, я жазылған сөз оңай оқылады?
3. – қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?
4. – қайсысы баспаға қолайлы? (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы да сонда).
5. – үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?
6. – көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

Әуелі, тіл дыбысына жеткілікті болу-болмау жағынан салыстырып қарайық. Араб әрпінен қазақ әліп-биіне 14 әріпті өзгертпестен дайын күйінде алдық. 5 әрпіне ереже қосып алдық.

Латын әрпінен ең өзгертпестен алдық дегенде 15 әріп-ақ алған. Басқаларын өзгертіп алып отыр. Сөйтіп алғанда, 7 әріп өзгертіп алуға жараған, басқалары тіпті жарамаған соң «ң» мен «й» дыбыстарына ойдан шығарып, таңбаларын алып отыр. Бұған қарағанда тіл дыбысына жеткілікті болу жағынан араб әрпі артық болып шықты.

Оқуға оңай жағынан алып көрейік.

Оқу жағынан алғанда қандай әріппен басылған я жазылған сөз болса да сүгірет есепті. Бұ жағынан қытайдың сүгірет жазуы да, басқалардың әріппен жазылған жазуы да бірдей, жалғыз-ақ сүгіреттің құралған жөні ғана басқа. Сауаты ашылған адам жазылған я басылған сөзді әрпіне қарап оқымайды, бүтін тұрған сүгіретін танып оқиды. Таным адамды көргенде мынау пәленше, анау түгенше деген сияқты, әр сөзді тұрпатына қарап танып айтады. Неғұрлым сөз сүгіреті көзге елеулірек болса, соғұрлым жылдам танылып, шапшаң оқылмақшы. Әріп сөз сүгіретінің көзге елеулі болу, болмауына себеп болмақ, сөзді бірінен-бірін айыруға көмегі тимек.

Латын әрпінің асылы – екі түрлі сызық, тік сызық, сопақ шеңбер сызық. Латын жүйелі әріптердің бәрі осы екі түрлі сызықтың түрліше үйлесіп құралуынан шыққан. Латын жүйелі әріппен басылған сөздердің жолына қарап тұрсаңыз, екі сызықтың арасымен теп-тегіс тартқан нәрсе сияқты болып көрінеді. Ілуде біреуі ғана болмаса, қатардан шығып тұратыны аз болады. Үстіне қоятын қосымша белгілері де аз болады.

Немістің Майман деген профессоры, басқа сондай сана заңын тексеріп, тәжірибе жасаған адамдар мынаны байқаған: басылған сөздердің ішінде не төмен, не жоғары сойдыып қатардан шығып тұрған әрпі бар сөздер, немесе үстіне қойған қосымша белгісі бар әріп кіріскен сөздер тез танылып, шапшаң оқылады екен.

Араб әріптері өз ішінде сап түзеген солдат сияқты сымға тартқандай, екі сызық арасында қысылып тұрған әріп те болмайды. Жолы бір сызық бойымен тартылып, жалғыз сызықтан жоғары да, төмен де ылғи асып шығып отырады. Оның үстіне қойылатын қосымша асты, үстінде белгілері, нүктелері болады. Мұнда бірдейлік, бір өңкейлік, бір беткейлік жоқ. Мұның әріптерінің бірі биік, бірі аласа, бірі ұзын, бірі қысқа келіп, сөз әлпіне айрың-үйрің ашық сүгірет береді. Бір жағынан онысы, екінші жағынан қойылатын қосымша белгілері сеп болып, сөз сүгіретін көзге елеулі етіп, тез танытады, тез оқытады. Әріптердің бір өңкей, бір беткей тұру-тұрмауы оқуды ауырлату-жеңілдету жағына қанша сеп болатынын мынау мысалдан көруге болады.

Бір ыңғай, бір беткей қойған, бір өңкейленіп тұрған бірнеше таяқша сүгіреттерін алайық та, сонымен саны да, алатын орны да, бойы да бірдей бірақ қойылуы бір ыңғай, бір беткей емес, сондықтан олар өңкейленіп тұрмаған екінші таяқша сүгіреттерін алайық та, аналардың астына мыналарды қойып санап қарайық,

IIIIIIIIII

Қайсысы санауға оңай болар екен. Әрине, төменгісі санауға оңай.

III// III//II

Латын әрпінен басылған кітап я газетті алып, араб әрпінен басылған кітапты я газетті алып қарасаң, қайсысындағы сөздердің әріптерінің әлпі таяқшалар сүгіреттерінің қайсысының әлпіне ұқсайды?

Әрине, латындікі жоғары, арабтікі төменгі әліпті. Араб әрпінің ол артықтығы жалғыз баспада ғана емес, жазбада да артық болып тұрады. Өйткені араб әрпімен басылған сөзбен жазылған сөздің арасында айрымы аз болады. Онда оңай оқылса, мұнда оңай болады.

Жаман жазылған хаттарды айыруға келгенде де, араб әрпі латын әрпінен артық. Мұнда да әріптің тұрпаттары мен түрлі қосымша белгілері көп көмек болады.

Латын әліп-биіне ұлы әріп болатынын артықтығына дәлел еткісі келетіндер бар. Оның ұлы әрпінің пайдасынан зияны көп екеніне көз салмайтындар ғана солай ойлайды. Әріп санын көбейтетінімен, әріп кассаларын үлкейткенімен, әріп теру, жазу машиналарын қиындататынымен, сауаттандыру ісін ауырлататынымен ісі жоқ адамдар ғана латын әрпінің ұлы түрін ұлы қасиеті деп ойламақшы.

Балаларды орысша оқытып жүргенде ұлы әріпке қарғыс айтпасақ, алғыс айтпайтынбыз, әріп терушілер де ұлы әріпке алғыс айтпайтын шығар.

* * *

Жазуға қайсысы қолайлы? – енді сол жағына келейік.

Сөздік оқығанда тұтасынан оқысаң, жазғанда да көбінесе тұтасынан жазамыз. Сондықтан екі әріпті сынға салғанда әріп басының жазылуына қарамай, тұтас сөздің жазылуына қарай сын тағамыз.

Сауатты адам жазғанда қол дағдысымен жазады. Жазып отырғанда әр әріпті ойлап барып жазбаймыз, қолымыз дағдыланған күйімен өзі кетеді. Ойың әріп тізімінде болмайды, сөз түзуінде болады. Көз жазылғанның дұрыс-терісін бақылаумен ғана болады, неғұрлым сауаты көбірек ашылған адам болса, оның көз бақылауынан көрі көз дағдысы басым болмақ. Мұны дыбыс жүйелі емлесі жоқ жазудан көру қиын емес. Мәселен: «**مح**» (Махмуд) деген сөзді жазғанда, қолың өзі жазып кетеді.

Оқыған уақытта адамның көзіне күш түсіп, етіне күш түспейді. Жазған уақытта көзіне күш түспей, етіне күш түседі.

Жазуға қай жазу ыңғайлы болатынын айыру үшін, басқа жұмыстар жүзінде қолға күш түсетін істерден жасалған ілім тәжірибелерін алып қарау керек болады.

Латын жүйелі әріппен жазылғанда қол қимылдау бағдары сағат тілінің жүретін бағдарына қарсы келіп отырады. Сол ыңғайына қарай жазу жолы да оңнан солға қарай жүреді.

Машина айналдырған жұмыскерге, қол машинамен тіккен әйелдерге қарап тұрсақ, бәрі сағат тілінің бағдарымен айналдырады. Қалай да қолмен айналдыра – үйілдіре қайта-қайта істелетін жұмыстардың бәрі де мәселен: инемен тігу, арқан есу бәрі де, сағат тілінің бағдарымен істеледі, оңнан солға қарай жүреді. Оның бұлай істелетіні қол талмау үшін. Қайта-қайта көбірек қимылдағанда ыңғайсыз жағына қимылдаса, қол тез талады. Мәселен: орысша жазғанда қолдың талғаны білінеді, қазақша жазғанда білінбейді.

Болонский деген орыстың тәрбие ғалымы қолдың әлгідей еткенде талмайтыны ұсақ бұлшық еттерінің бітісінен дейді. Менің оған қосатыным – қарды жаюдан, жию жеңілірек. Солдан оңға қарай жазғанда қол қардың жайылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын қиындайды. Оңнан солға қарай жазғанда, қол қардың жиылатын жағына қарай жылжиды, жылжыған сайын жеңілденеді. Қол тыныққан есепті болып, талмайды.

Олай болса, араб жазуын оңнан солға қарай жазылады деп айыптаушылар тесе қарап тексермей, құр босқа сөйлейді.

Қай жазумен жазғанда қолдың қимылдауы қандай болатынын да азырақ айтып өту тиіс болады.

Латын әрпімен жазғанда қолдың қимылының бәрі ірі, толық болып отырады. Араб әрпімен жазғанда стенограф жазумен жазған сияқты қолдың қимылы көбінесе ұсақ болып келеді. Ирегінің ұсақтығы жазуды жеңілдетіп, шапшаң жазуға қолайлы. Сондықтан да ұсақ иректі жазу стенографке алынған.

Араб әрпіне сын тағушылардың жаңа бір кінәлайтын жері – нүкте көптігі. Нүкте жазуды ауырлатуға себеп болатыны рас, бірақ ол араб жазуының өз басын оңаша алғандағы кемшілігі, латын жазумен салыстырғанда қол сермелеуі, барша нүктелерін қосып есептегенде, латындікінен 25-30% кем болып шығады.

Араб жазумен жазғанда жалғыз ғана қолайсыздық қылатын – цифр жазуы. Санды үлкендете атауымызға қарағанда, жазуымыздың оңнан солға қарай жазылатын бағдарына қарағанда, санның үлкенінің цифрлары оң жақта, кішілерінің цифрлары сол жақта болуы тиіс еді. Одан келетін кемшілік аз болғандықтан, басқалардың ыңғайына қарап, көпке бірдей болатын ретпен жазып отырмын.

* * *

Жазу жайын сөйлегенде жазу машиналарын да сөз қылып өту қажет болады.

Соңғы кезге дейін араб әрпін жазу машинасына орнату ісі былай болып келіп еді: бір жағынан орыс машиналарының жүрісі араб жазуының бағдарына икемделуші еді де, екінші жағынан араб әрпі созылып, жиырылып, машина жүрісінің адымына икемделуші еді.

Бұл күнде Шайқали деген инженер әріпті емес, тек машинаны ғана әріпке ыңғайлайтын тетігін тапқан. Қазірде Қазанда машина жасайтын дүкен алып, әлгі инженер басына қойылып, іс жүргізіп жатыр. Олар жасап жатқан машиналарға татарша да, орысша да жазылатын етіліп, екі жұрттың да әліп-биі қойылған. Онысы екі тілмен іс жүргізетін біздің түрік жұрттарының мекемелеріне өте қолайлы болмақ. Тіршілік өнерінің артылуы тіршілік керек қылуына қарай болмақ.

Араб әрпінің өнер құралдарына айналысуы соңғы кездерде ғана бола бастауы тіршілік күйінің мәдениет, тарих, шаруа жағына байланысқан жағдайына қарай болып отыр. Патша заманында мекемелердің ісінің бәрі орыс тілінде жүргізілетін. Жай адамдар мәдениеті төмен болған соң, машиналармен жазуды керек қыла қоймайтын.

Өзгеріс болғаннан кейін әр жұрт республика болып, мекемелерінде істі өз тілінде жүргізетін болды. Оған машина керек бола бастады. Мұқтаждық бола бастап еді, мұқтаждықтың лажын табу шарасы да қарала бастады. Ол барып араб әрпін машинаға, машинаны араб әрпіне үйлестіруге түсірді. Ол үйлестіру жетіле, жетіле келіп, бір машинаға татарша-орысша екі түрлі әріп орнатуға болатын еткізіліп отыр.

Неғұрлым тұрмыс түрленіп, шаруа ұлғайып, қажеті өскен сайын, тіршілік әдісі де молайып, өнер ісі де ұлғайып, өсе бермек. Жиындар, топтар татар тілінде жасалуы, енді стенограф жазуын керек қылған соң, татарлар соны шығару шарасына кірісіп жатыр. Жазу дағдысы оңнан солға болғандықтан, стенограф жазуын да сол бағдарлы етіп шығармақ.

* * *

Енді қай әріп үйретуге оңай, сол жағынан салыстырып өтейік. Қай әдіспен болса да оқуға үйрету ақтығында сөз сүгіретін тану болып шықпақ. Сөздің баспа сүгіреті мен жазба сүгіретін таныта білдірсе, сол оқуға үйреткен болмақ.

Сөздің тез танылуы жағынан араб әрпінің латын әрпінен артық екендігін мана айтып өттік. Бұ жағынан араб әрпінде бір кемшілік бар еді. Ол енді жоғалайын деп тұр. Ол кемшілігі жалғау қосылғанда, сөз

сүгіретінің пішіні өзгерілуі еді. Мәселен, «қазақ» деген сөзге ілік жалғауын қоссақ, «қазақдың» болып, «қ» әрпінің пішіні өзгертін еді.

Латын әрпінде ол жоқ. Бірақ оның онан көрі де үлкен айыбы бар. Латын әрпі ұлылы-кішілі қосар таңбалы болады. Оның үстінде баспа әрпі мен жазба әрпі біріне-бірі ұқсамайтын түрде болады. Бір сөзде екі түрлі сүгірет болады. Біреуін танудың орнына екі-екіден тану керек болады. Сөйтіп әріптің екі баспа түрін, екі жазба түрін, сөздің екі баспа сүгіретін, екі жазба сүгіретін тану керек болады. Мұның аты бір жұмыстың орнына төрт, төрттен сегіз жұмыс деген болады. Арабтікінде ол жоқ.

Араб әрпін үйреткенде тағы бір артық жері – алғашқы кезде жазуға қол үйренуге сызылғанның жеңілдігі.

Латын әрпінің алғашқы кезде жақсылық қасиетіне саналса, саналатын жері баспа әрпінің даралығы. Бірақ ол қасиетінің өмірі аз. Өйткені әрі барған сайын сөзді әрпімен оқу жоғалып, сөздің тұтас сүгіретін оқу күшейе береді. Даралықтың пайдасы кеми береді. Сөз сүгіретін тез танытуға араб әрпі артық.

Сүйтіп, үйретуге жеңілдігі жағынан да араб әрпі латын әрпінен анағұрлым артық болып шығады.

* * *

Енді екі әріптің қайсысы баспа ісіне қолайлы, өнер құралына үйлестіруге оңтайлы, баспаға сыйымды, істі өндіруге икемді екен – сонысына келейік.

Араб әрпін баспаға айналдыру ХҮІ ғасырдың аяғында болған. Оны баспаға арабтың өздері айналдырмаған. Венеция шәріндегі италяндар айналдырған.

Олар араб әрпінің жайын білмегендіктен несін алып, несін тастау керек екенін біле алмаған. Араб әрпін жазуда тұрған күйінде алған да, турап-турап баспаға айналдырған. Әріптің жайын жақсы білмей баспаға айналдырғандықтан, арабтың 29 таңбасы 200-ден астам баспа таңбасы болып шыққан.

Бұл қалайша солайша көбейіп шыққан? Мұнша көбейіп шығуы мынадан болған.

1) Жазуда түйдектеліп жазылатын екі-үш әріпті айырмай, оларды түйдек түрінде әріп түйдегіне айрықша баспа белгісін жасаған.

Мәселен: «لج» етіп екі әріптен құраудың орнына «لج» деген жазу түріндегі түйдегін алып, өз алдына «لج» белгі алған. «لمج» дегенді де «لمج» етіп үш әріптен құраудың орнына оған да өз алдына «لمج» белгі алған. Сондықтан 200-ден астам баспа таңбасы болып шыққан.

Баспа әрпі сол күйінде мұсылман арасында тарап, XIX ғасырдың аяғына дейін түзелместен келген.

1882 жылы Петерборда Қырым татары Ілияс Бураганский, Қазанда Ғалиасқар Қамал мен Жүзейұлы дегендер кей әріптердің италяндар жасаған түрінен өзгертіп, баспа таңбасын жасайды. Оның баспа таңбасының саны кеміп, 150-ге түседі.

Одан әрі бірте-бірте түйдек таңбалары жоғалады. Одан баспа таңбасы кеміп, 100-110-ға түседі (қазақтікі 80-81).

1907 жылдан бастап италяндар бүлдірген жерлерін түзеу талабына кірісушілер болады. Оларша түзеу дегеніміз – әріп шегінің өзінің тиісті жігінен бөліп айыру болады.

Әуел бастап бұ жолда 1907 жылы талап етушілер Алпарұлы мен Рахманқұлұлы дегендер болады. Онан кейін 1921-1922 жылдарда Ыдырысұлы Мұхамбет те сол талапқа кіріседі. Соңғы жылдарда Бұрнашұлы мен Тоқайұлы (23-24 жылы) кіріседі.

Соңғы екеуінің жобасы қолайлы болып, баспаханаларға алынады. Бұлар баспа әрпін екі пішінге ғана түсіріп, кассы ұясын елуге жекткізген (қазақтікі 41), мұнымен қатар әріп таңбаларының бір-ақ пішінді ету талабы тоқталмай істеле береді. Ақтығында, ол талаптан толып жатқан жобалар туады. Сол жобалардың ішінен қазақта болған әнеугі кеңес әріп таңбаларын бір пішінге түсірген жобаларды қабылдады. Ондай жобалар Алпарұлынікі, Шарапұлынікі, Ыдырысұлынікі.

Жалғыз пішінді әріптен сөз сүгіретіне кіретін өзгерісі аз. Орыстың жуандық белгісін тастағандағысындай ғана сөз сүгіреті өзгереді. Оны алғаннан пайда есепсіз көп. Пайдасының есепсіз көптігі сол:

Әуелі, баспа әрпін кемітіп, татарлардікін 30-31-ге түсіреді, біздікін 24-25-ке түсіреді. Екінші, әріп жасау жұмысын жеңілдетеді (понсон, матрица жасау). Үшінші, өнер құралдарына қоюға өте ыңғайлы.

Төртінші, үйрету, әріп теру, басқанды түзету істерін жеңілдетеді.

Осыншама пайдасының орнына біздің жоғалтатынымыз – жалғыз-ақ сөз аяғында созып кеткенде шыққан әріп құйрығы. Онан басқа шығатын шығын жоқ. Енді латын әрпімен екеуін теңестіріп қарайық.

Латын әліп-биінде әріп ұлылы-кішілі болып, екі-екіден келеді. Латын жүйелі әріптер баспаға әбден икемделген, ол икемделуі Европа жұрттарының өздеріне даяр болғанымен, бізге даяр емес. Түрік жұрттары олардың даяр тұрғандарын сол күйінде алып пайдалана алмайды. Өйткені – латын әрпін өзгертпей алуға болмайды. Ең кем болғанда, 25-30 пайыз өзгертіліп алынады. Латын әрпін өзгертпей алуға болмаса, латын әрпі орнатылған машиналарды да өзгертпей сол күйінде алуға болмайды.

Оның мағынасы – өзгертпестен ешбір жазу машинасын, еш әріп теру машинасын алып, пайдалануға болмайды деген болып шығады.

Бір жақтан солай болса, екінші жақтан түрік жұртындағы қалалардың баспаханаларында өзгермеген латын әрпі де жеткілікті күйде табылмайды. Қызылорданы былай қойып, Қазан, Уфа, Ташкент, Самарқан шәрлерінде де табылмайды.

Әзербайжан латыншылдарды латын әрпінен әліп-би жасап, бастырайын дегенде ешбір шәрінде латын әрпін таба алмаған. Басқа жерден жасатып алдырғанша 5-6 ай өткен. Әріп келген соң латын әрпімен еркін тере білетін адам табылмаған. Қырық кісілік курс ашқан.

Көптен келе жатқан латыншылдары бар, жетілген кент мәдениеті бар, өнерлі кәсібі бар әзербайжандықтар әліп-би бастыруға соншама әурешілік шексе, басқа түріктер, «әсіресе, біздің қазақ сияқтылары оп-оңай дайын қып ала алмас. Әзербайжанның латын кассысында 46-47 ұя бар. Ұлы түрінікі де, кіші түрінікі де бәрі сонда. Латындікін алғанда қазақ кассысында 46-48 ұя болмақ. Бұл араб әрпінің үшінші түзілген күйіндегісінен төмен болып шығады (Бұрнашұлы мен Тоқайұлының түзетуі). Үшінші түзету бойынша қазақ кассасында 41 ұя болмақ. Соңғы түзету бойынша кассымыздан ұя 24-25 ғана болады. Ол латындікінен екі есеге таяу аз болмақшы.

Латын әрпінің баспаға сыйымы туралы қолымызда мағлұмат болмағандықтан, орыс әрпінің сыйымы турасындағы мағлұматтарды алып салыстырамыз. Өйткені – орыс әрпі мен латын әрпінің айырымы аз, екеуі бір жүйелі әріп.

Қалыпты баспа табағына орысша 12 кегелмен шпонсыз жиғанда, 10 кегелмен шпондап жиғанда, 40 мың шамалы әріп сияды. Бұл кітаптар үшін жиғанда. Газеттер үшін 10 шпонсыз жиғанда 50 мың шамалы әріп сияды.

Араб әрпінің ескі күйіндегі қалпында 12 кегел «нормал» түрі мен шпондап жиғанда 40 мың шамалы әріп сияды, 14 кегелмен шпондап жиғанда, 32-35 мың шамалы әріп сияды. Үшінші түрде түзілген әріптен сол шамалы сияды. Соңғы түзелген түрдегі әріптен оныншы кегелмен шпондап жиғанда 54 мың кітап жә газет әріпі сияды. Сегізінші кегелмен шпондап жиғанды 65 мың шамалы әріп симақ.

Ескі әріппен, үлкен кассымен тіреу салып жинағанда күндік жұмыстың өнімі орыстікінен 10-15 % төмен болады екен. Үшінші түрде түзелген әріппен жұмыс өнімі орыстікінен артық та емес, кем де емес – шамалас болған. Ең соңғы түзелген түрдегі әріппен жиғанда, жұмыс өнімі орыстікінен 10 % асқан.

Сөйтіп, баспа жағынан ескі әріп латындікінен төмен боп, түзетілген әріп артық болып шығады.

Араб әрпін теру машинасына орнату жағынан қолайлылығына келсек, оған ескі әріптер жарайды. Бакуде шығатын «Коммунистер газеті» Америкадан алдырған ескі әріпті теру машинамен теріліп шығып отыр. Түзетілген жаңа әріппен бір түгіл екі сүгіретті әріп қойылып машина шықпақ.

Енді көркемдік пен көзге жайлылық жағынан бір-екі ауыз сөз айту қалды. Көркемдік деген әркімнің көңіл талғауына қарайтын нәрсе, бірақ европа жазушылары латын әрпінің пішіндеме сызықтары сияқты көзге көрінетінін, араб әрпі, сызығы түрлі болғандықтан көзге көркем шырайлы көрінетінін айтқанын білеміз.

Көзге жайлы болу жағына келсек, мұнда қай әріппен жазылған жә басылған сөз оңай оқылса, сол әріп көзге зиянсыз жайлы болуға тиіс. Өйткені ондай әріп көзді талдырмайды. Көзді талдырмайтын оқуға оңайлық жағынан араб әрпі латындікінен артық екені айтылып өтті.

Әншейін үстін қарағанда араб әрпін түзету ісі дағдылы, қалыпты нәрсе сияқты болып көрінеді де, тура басқа әріпті алу төңкеріс есебіндегі нәрсе сияқты болып көрінеді. Төңкеріс немесе үлкен өзгеріс есебінде болып шығуы үшін жасаған өзгерістен өнетін үлкен пайда болуы керек.

Латын әрпінен өнетін үлкен пайда түгіл, кішкене де пайда жоқ.

Еуропа жұртымен бірдей болу мақсатымен аламыз десек, алу қиын болған себепті орыстар аяқ баспай отырғанда, біз сол мақсатпен істейміз деп айтудың қанша орны барлығын сөйлеп, көп сөз қылмасак та болар.

Латын әрпі сипыр түрдегі таңба болса, әріп бірлесітіру жағын сөз қылуға болар еді. Сипырды кім жазса да түсінеміз, түсіне беретін латын сипыры сияқты жә қытай жазуы сияқты жазу таңбасы емес.

Басқалармен ымыраластыруға келетін жерде ісімізді ымыраластырамыз. Мәселен, мана сипыр жазуын бөтендерге қарап, солдан оңға қарай жазамыз дедім. Оны олай жазу біздің жазу бағдарымызға теріс ыңғай келеді. Бірақ теріс ыңғай болғанмен, қолайсыздығы аз болған соң көптен шықпас үшін істеп отырмыз.

* * *

Жер жүзінде бірдей әріппен түрлі тілді жұрттардың жазуын бірлестіру керек болса, онда қытай жазуын алу керек. Оны алсақ онымен кім жазса да түсінесің. Латын әрпін алғанмен, өз тіліндегі мен өзге тұқымдас тілдегі ғана нәрселерді түсінесің. Оны латын әрпісіз де істеп отырмыз. Жаңа да бір айтатын сөз. Латыншылдар екі әріпті салыстырғанда араб әрпін баяғы Италия бұзған түрінде алып, түзетілген

әріп жағына әдейі жуымайды. Латынға алмастырғаннан енетін пайда көп болса немесе латын әрпін алу машақаты, шығыны араб әрпін түзетуден аз болып шығатын болса, оларды түзетуді менсінбей, латынмен болуы жөн дер едік. Ол жоқ. Араб әрпін түзетуге кететін шығын мен еңбек латынға көшу бейнеті мен шығынынан мың емес, миллион есе кем екені айрықша есеп қылмай-ақ айқын нәрсе.

Манағыдан бергі айтылғанның бәрінен жасалатын жалпы қорытынды мынау:

Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Онысын сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады.

Сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлылығы латын әрпінен артық.

Баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық.

Машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр.

Араб әліп-биінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле.

Сөйтіп, екі әріпті салыстырғанда, сап-саз, ап-айқын көзге көрініп тұрған сындары әріп алмастыру мәселесін дәріптеп көтеруге орын жоқтығын көрсетеді. Бұ сияқты мәселені көтеріп, уақытын шығын қылып жүргендер болса, оны еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қиял деп білемін.

Әліп-би түзеу – емле түзеу жағынан соңғы кезде істелген істер жемісті болып, бұ жағынан біз Европа, Америка жұрттарының алдында тұрмыз. Әріпті өнер құралдарына икемдеу жағынан да олардан асыратынымызға көз жетіп отыр.

Солай болған соң аз күшімізді алға шыққан жақтағы керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсауымыз жөн емес пе деймін.

Әлібби тақырыбты Ақметтің байандамасы

1 - Әлібби түзеу деген түрік жұртында көптен келе жатқан мәселе. Мәселе қозғалғаннан бері түрік әліббиінің түзелген жақтары да бар. Түрік әліббиінің түбі арабтан шыққанмен, түрік тіліне икемделіп, өзгеріс кіріп, таза күйінде тұрмағандықтан, мен оны, араб әліббиі демей түрік әліббиі деймін.

2 - Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліббиін тұтынып отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден өзгертіп алған әлібби иауропа жұрттарының тұтынған әліббиінің түбі көне семит әліббиі. Көне семит әліббиін өз тіліне үйлестіріп пінікіие жұрты алған; Онан грек алған, гректен латын, иаурыпа жұрттары алған. Түрік әліббиінің түбі де көне семит әліббиі. Онан көпеліктер алған, көпеліктен араб өз тіліне үйлестіріп алған, арабтан иран, түрік жана басқа мұсылмандар алған. Солардың қайсысы да бірінің әліббиін бірі алғанда, тұрған қалпында алмаған, өз тілінің дыбыстарына қарай өзгеріс кіргізіп алған, тіліне әліббидің артығы болса, алып тастаған, кемтігі болса әріп қосып толықтырған, дәл келмеген әріптер болмаса, оның не түсін өзгертіп, не дыбысын өзгертіп алған. Сондай өз тіліне икемдеп өзгеріс жасап алған әліббилеріне әр қайсысы өз аттарын қойып латын әліббиі, орыс әліббиі дегенде, түрік өз тіліне үйлестірген әліббиін түрік әліббиі деп, қазақ онан өз тіліне үйлестіріп алған әліббиін қазақ әліббиі деп атауға жолымыз болуға тиіс.

3 - Түрік жұрттары әлібби түзейміз десе, бәрі қосылып бір әлібби түзей алмайды; өйткені тілдеріндегі дыбыстарының түрлері бірдей емес. Дыбыстары бірдей болмаса, бәріне бірдей жалпылап әлібби жасауға болмайды, өйткені олай жасалған әліббидің не әріптері тұс келмеске тиіс, не әріптерінің дыбыстары тұс келмеске тиіс. Сондықтан түрік жұрттары үшін бір әлібби түзеу деген мәселені – бір әліббиді бәрі негізге алып, түрік жұртының әр қайсысы өз тіліне үйлестіру деп түсіну керек. Солай болған соң бізге ең әуелі, негіз боларлық әлібби керек; Сол әліббиді қарастырып табуымыз керек.

4 - Түрік жұрттары әліббиі жоқ жұрт болса белгілі – белгілі әліббилерді алар еді де, түрлі жағынан қолайлы қолайсыздығынан қарар еді де, ұнатқан біреуін алар еді.

Түрік жұрты ондай емес, көптен тұтынып келе жатқан әліббиі бар жұрт.

Көптен қолданып көзге үйір болып, көңілге сіңген, қалыққа тамыры таралған әліббиді тастай салып, басқа әлібби ала қойу оңай жұмыс емес. Солай болған соң түрік жұрттары бәріне бірдей негіз боларлық әлібби іздегенде, әуелі, өз әліббиінің ондай негіз болуға жарайтұн

жарамайтұндығын анықтап ашарға керек. Екінші өз әліббиі жарамаса, онан артық әлібби табарға керек. Үшінші, қолайлаған әліббиді түрік жұртының әр қайсысы өз тіліне үйлестіру керек. Әлібби түзеу жүзінде алдымен істелетүн осы үш жұмыс.

5 - Түрік жұрттарында әлібби түзеу мәселесі қозғалып жүрген себебі – бір кезде түрік жұртының бұтақтары өскен соң, бәріне бірдей шақ келмей жүргендігі, ол кемшілік түрік әліббиінде жоқ деп ешкім айта алмайды. Бірақ сол кемшілігі не даражалы кемшілік? Негізді кемшілік бе, некен-сайақ кемшілік бе? Екінші сөзбен айтқанда түрік әліббиін негізге алуға жаратпай шығарып тастайтүн кемшілік бе? Болмаса олай-бұлай түзетумен ондалатүн кемшілік бе? Осы жерін ашуымыз керек.

6 - Әлібби талғап бірін артық бірін кем дегенде, бірінде мін көп, бірінде аз дегенде, табан тіреп бағалайтүн бір тианақ болуы керек. Ол тианақ әлібби қасиеттерінен шығатүн нарқ боларға керек, ашып айтқанда онымыз әліббиді бұлды болсыз қылатүн сыпаттары боларға керек.

Менің ойымша жақсы әліббидің қасиеттері мынадай болуға керек:

1. Жақсы әлібби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері де қолайсыз; Бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем әліпби де қолайсыз болады.

2. Жақсы әлібби жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліббидің әріп сүгіреттері қиын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып уақытты көп алады.

3. Әліббидің жақсысы баспа ісіне қолайлы болу тиіс, әріпі тізгенде оңай тізілетүн, басқанда орынды аз алатүн әлібби баспа сөзді арзандатады.

4. Жақсы әлібби үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Әрпі сара жазуға оңай, баспасымен жазбасының сұуреті жақын әліпби үйретуге жеңіл болады.

Жақсы әліббиге ылайық бұл төрт сыпатқа келмейтүн әліббилердің бәрі де кемшілікті әлібби болмақ. Тұтынып жүрген түрік әліббиін бұлдағанымызда да, басқа әліббиді бұлдағанымызда да, осы төрт сыпат жағынан қарап бұлдауымыз керек.

7 - Тұтынып жүрген әліббидің о жер бұ жерін өзгертіп түзету деген оңай нәрсе; Тұтынып жүрген әліббиді тастап, басқа әлібби алу деген ол - өте қиын жұмыс. Оны істеуге көп қаржы керек. Ондай өзгеріс жасау: Істеуге адамы құралы сай, жұмсауға қаржысы мол, әлді жұрттардың қолынан келмек. Біздер сияқты анасы да мынасы да жоқ - мешеу жұрттарға бір әліббиді тастап екінші әліббиді ала қою оңай жұмыс емес. Солай болған соң, біз осы күнгі тұтынып жүрген әліббиімізді әбден тексеріп, негіз болуға тіпті жарамайтүн болғанда ғана, шарасыздықтан басқа әліббиді негізге алуымыз керек.

8 - Түрік әліббиінің қолайсыздығынан залал шегіп жүрген түрік жұрттарының әр қайсысы қандай кемшілігі бар екенін, ол кемшіліктері түзеуге боларлық кемшілік бе, болмайтұн кемшілік бе, - болмайтұн кемшілік бе, - ашу керек. Қазақ да, башқұрт да, ноғай да, өзбек де, түрікбен де, азырбайжан да түрік әліббиінің негіз болатұн – болмайтұн кемшіліктерін әбден ашса, сонда түрік жұрты болып, басқа әлібби іздеуге болады.

Оған дейін латын әліббиін аламыз деп, жасалып жатқан жобалар асыққандардың ісі болса керек.

9 - Мәселенің қазаққа қараған жағына келсек, біз түрік әліббиін түзеп, тілімізге шағындап әлібби жасағанымызға он жылдан асып барады. Қазақ әліббиі түрік әліббиін негізге алып, қазақ тілі үшін әлібби жасау оңай екендігін көрсетті. Қазақ басқа әлібби аламыз десе, өзгелерді еліктеумен аламыз демесе, өз әліббиі жарамағандықтан, шарасыз болып аламыз демейді. Қазақ тілінің дыбыстары анықталып ашылған, ол дыбыстарға әріп арналған. Әлібби деген осы болады. Біз әлібби түзейміз дегенде түрік әліббиін тілімізге келмеген соң тастап түзейміз демейміз, әліббиіміздің түзелмей қалған жағы бар; Сонысын ғана түзейміз дейміз.

10 - Түрік әліббиінің басқа түрі қолайсыз. Онысы баспа ісі жүзінде де, үйрету жүзінде де кемшілік қылады. Біздің баспа әріптеріміз жазба сияқты тіркесіп басылады. Иаурыпа жұрттарының, онан басқа да жұрттардың көбінің ақ баспа әріптері дара басылады. Дара әріп сара көрінеді. Жазба түрінде тіркесіп басылған да, әріптің баста, ортада, аяқта ұшырайтұн түрлерінің бәрі алынып, бір әріп бірнеше түр болып саралығы кемиді. Мұнан келетұн кемшілік, әуелі бір әріптің бірнеше түрде болуы әріп ұясын көбейтіп, әріп тізу жұмысын қиындатады; Екінші әріп саралығын кемітумен үйреткен шақта кемшілік қылады. Үшінші сол кемшілігінің кесірінен осы күнге дейін түрік жұрттары қол машина жасатып, тұтына алмай келді. Біз әлібби түзейміз дегенде әліббиіміздің осы кемшілігін түзетеміз дейміз.

Әлгі айтылған үш түрлі кемшілік бәрі келіп бір шұқырға құйатын кемшілік, әліббиіміздің баспа түрін даралаумен үш кемшіліктің үшеуі де жоғалмақшы.

11- Баспа түрін даралау қолдан келместей онша қиын да, көп те жұмыс емес. Әріп түрі дара мен тіркес екеуінің аралығында басылса оқуға болатұндығын көрсетерлік аз да болса тәжірибе бар. Қол машинаға жасалған әріптермен дара басылған сөздерді жылдам оқып кетпегенмен ақырында оқуға әр кімге де болады. Тануға болса, жылдам оқу деген көз үйренумен жаттығатын нәрсе, қол машинаға жасалған әріптер де көре-біле амалсыздықтан көніп отырған кемшіліктер бар.

Баспаға арнап жасаған әріптер де ол амалсыз жіберіліп отырған кемшіліктер болмайды. Сөйтіп қазаққа қолайсыздық қылып отырған түрік әліббиінің жалғыз ақ баспа түрі болып шығады; Сондықтан біздің әлібби түзейміз дегендегі істейтін ісіміз әріптердің баспасын дара түрге айналдыру болып шығады.

12 - Қазақ тіліне түрік әліббиінен қолайлы әлібби бар шығар, оны неге қарастырмаймыз, оны неге алмаймыз деуші бар шығар. Солай болған соң мәселенің бұ жағында үндемей өтуге болмайды. Соңғы кезде түрік тіліне өте қолайлы деп жүрген әлібби латын әліббиі. Бұл әліббидің түрік әліббиімен салыстырғанда артықтығы жалғыз ақ баспа түрінің даралығында; Басқа жағынан қарағанда кемшілігі көп, артықтығы жоқ. Жоғарыда айтылған жақсы әліббиге лайық төрт сыпат жағынан сынға алып, екі әліббиді қатар қойып қарап шықсақ екеуінің де артық кем жері белгілі болмақ.

13 - Жақсы әліббидің белгісінің бірі – тілге шақтығы деп едік. Әуелі екі әліббиді осы жағынан салыстырып қарайық: қайсысы қазақ тіліне сәйкесірек келеді екен.

Түрік әліббиінің қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз тігілей алынған әріптер:

А, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, и барлығы 19 әріп.

Бұрын дербес иемдеген дыбысы жоқ болып бірде олай, бірде бұлай жұмсалып жүргендіктен ережелеп бекітіп алып отырған әріптеріміз: ұ.

Латын әліббиін алуға жасаған жобаға қарағанда (Қалел жобасы), латын әліббиінен қазақ дыбыстарына тұспа-тұс келгендіктен өзгертусіз, ережесіз, тігілей алынатұн әріптер:

А(a), В(b), d (д), l(Л), m(м), n(н), o(o), p(п), r(r), s(c), t(т), z(z), k(к), g(г) – барлығы 14 әріп. Нақ тұспа-тұс келмегенмен жуықтығы барлықтан ережелеп икемдеуге келетұн әріптер: e(e), j(ж), i(и), u(y) – бесеу.

Қазақ дыбысына жуық келетұн де әріп болмағандықтан өзгертіп алынатұн әріптер: g(ғ), k(к), n(ң), ө(ұ) – төртеуі.

Мұның үстіне дербес бір әріп келмегендіктен, екі белгімен алынатұн ш дыбысының әріпі sh(ш) бар.

Бұл салыстыру жүзінде латын әліббиінен түрік әліббиінің анағұрлым артықтығы айқын-ақ көрініп тұр:

Түрік әліббиінен ережесіз, өзгертусіз 19 әріп қазақ дыбысына сәйкес келгенде, латын әліббиінен 14-ақ дыбыс сәйкес келіп тұр.

Түрік әліббиінен ережемен 4 әріп алынғанда, латын әліббиінен ережемен 5 әріп алынатұн көрінеді. Түрік әліббиінен өзгертумен алынған әріп біреу-ақ; Латын әліббиін алғанда ондай әріп төртеу болатұн көрінеді.

Түрік әліббиінде бір дыбысқа екі әріп алынбайды; Латын әліббиін алғанда ондайда болатұн көрінеді.

Жақсы әліббидің екінші сыпаты жазуға жеңілдігі деп едік. Енді ол жағынан да салыстырып қарайық.

Әріп суретінің оңай қиындығы да мүшесінің аз-көбі де қалам сермеуінен өлшенеді.

Қаламның бір сермеуімен жазылатұн әріп екі сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады, қаламның қысқа сермеуінен жазылатұн әріп ұзын сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады.

Бұ жағынан салыстырғанда да түрік әліббиінің анағұрлым артықтығы айқын екендігін көру қиын емес. Түрік әліббиіндегі қалам сермеу саны:

А(1/2-1), б(1-2), п(11/2-2), т(11/2-2), ж(11/2-2), д(1), р(1/2-1), з(1-2), с(1/2-1-3), ш(11/2-2-3-4), ғ(1/2-1), қ(11/2-2), к(2), г(3), ң(3), н(11/2-2), л(1), о(1), ұ(2), у(2), е(2-1), ы(1), и(11/2-2) барлығы 33-41; оның да көбі нүкте.

2) Латын әліббиіндегі қалам сермеу саны:

а(2), b(2), p(2), t(2), j(2), hs(2), d (2), r(2), z(2), s(2), g(2), k(2), k(4), g(3), n(3), n(3),m(3), l(1), o(1), ө(2), u(2), e(1), y(2), i(2) барлығы 53 сермеу.

Жақсы әліббидің екінші сыпат жағынан да түрік әліббиі анағұрлым артық болып шықты. Түрік әліббиінде қалам сермеуі 41, латында 53. Түрік әліббиінде сермеудің көбі нүкте сияқты қысқа сермеу. Қысқа сермеулі әріппен ұзын сермеулі әріпті жазу екеуі бірдей болмайды.

Жақсы әліббидің екінші сыпат жағынан да түрік әліббиі анағұрлым артық болып шықты. Түрік әліббиінде қалам сермеуі 41, латында 53. Қысқа сермеулі әріппен ұзын сермеулі әріпті жазу екеуі бірдей болмайды.

Жақсы әліббидің үшінші қасиеті – баспаға қолайлылығы деген едік. Бұ жағынан бәйгені латын әліббиі бұл бәйгені де ала алмайды.

Жақсы әліббидің төртінші қасиеті үйретуге жеңілдігі деп едік. Әлібби үйретуге жеңіл болады: 1) әріптерінің пішіні саралығымен; 2) баспа түрі мен жазба түрінің жақындығымен; 3) суретінің жабы сүгірейлігімен, - жазуға шеберлікті онша керек қылмауымен. Саралық жағынан түрік әліббиінің осы күнгі түрі латын әліббиінен төмен; өйткені баспасының бас, орта, аяқ түрлері әріп саралығын кемітетіндігі жоғарыда айтылды. Даралық жоқта әріпте саралықта болмайды баспасын саралағанда түрік әліббиі латын әліббиінен саралық жағынан да кем болмайды. Қатталатын әліббиі ұлылы-кішілі әріптерімен алынса, түрік әліббиі үйрету жағынан да артық болады. Түрік әліббиі дараланған шақта латын әліббиі ұлы әріпсіз болған шақта, екеуі саралық жағынан да үйретуге жеңілдік жағынан да теңеледі. Баспа түрі мен жазба түрінің жақындығы жағынан салыстырғанда, түрік әліббиі латын әліббиінен

озады: баспаға түрік әліббиінің жазба түрі алынған соң екеуінің арасында айырымы аз болатыны айқын нәрсе. Түрік әліббиінің баспасын даралағанымызда, осы күнгі дара түрі мен тіркес түрінің орталығанда етіп баспа әріптер жасалса баспа түрімен жазба түрінің арасындағы жақындық ілгеріде де сақталмақшы. Дара түрін олай жасау қолдан келетүн нәрсе.

Сүгіреттерінің жабы сүгірейлігі жағынан салыстырғанда түрік әліббиі латын әліббиінен тағы озады. Әріп жабы сүгірейлеу болса үйретуге келтіретүн жеңілдігі жазу үйреткен кезде болады. Бала болсын, үлкен болсын қат білмейтін адамның жазуға үйренбеген қолына әріп суреттері неғұрлым жабы сүгірейлеу келсе, - неғұрлым шеберлікті аз керек қылса, сол құрлым жеңілдік келтірмек. Латын әліббиінен көрі түрік әліббиінің жабы сүгірейлік көп екеніне ешкім таласбас деп екеуін қатар қойып қарап жатуды қажет көрмеймін, керек деушілер болса қатар қойып қарап өтуге де болады. Оның үстіне түрік әліббиінің жазу үйреткендігі келтіретүн тағы жеңілдігі – түрік әліббиінің 14 әрпін жазып үйренген соң, былайғы 10-ы үйретусіз жазылады. Сөйтіп манағыдан бергінің бәрін қорытып айтқанда, екі әліббиді салыстырып қарағандағы көргеніміз не?

Түрік әліббиінің латын әліббиінен кем жері баспа түрінің дара болмай, тіркес болғандығы. Басқа жағынан көбінесе түрік әліббиі артық болып шықты. Баспа түрін дараласақ, ол жалғыз кемшілік де жоғалмақшы. Әріпті даралау түрік әліббиін тастап латын әліббиін алудан әлбетте оңай болса керек.

15- Латын әліббиін алу деген сөз екі әлібби әбден тексерілгеннен кейін шығып жүрген сөз бе, тексерусіз тек алайық дегеннен шығып жүрген сөз бе – ол жағы маған қараңғы. Тексеріп қарасақ, латын әліббиінің түрік әліббиінен кемдігі болмаса, артықтығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға залалдан пайдаға бой ұрыу – жөні бар дұрыс іс оны әркім-ақ қостау тиіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда, оны дұрыс деп қостауға болмайды. Латын әліббиін аламыз деушілер ол әліббидің түрік әліббиінен не артықтығын айқындап ашбай, пайдалы екендігін байналап түсіндірмей тек пәлен-түгендер алып жатыр; бізде аламыз дейді. Еліктеу мен лепірту базары көтеріңкі нәрсе екені ырас; Бірақ біреу алып жатыр екен деп латын әліббиін алуға болмайды. Біреудің істегенін дұрыс, бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады; Тек еліктеуді маймылша еліктеу деп айтады. Тесе қарап тексеріп, түрік әліббиінен латын әліббиінің артықтығы мынау, пайдалылығы мынау деп көзге көрсеткен, ешкімді әлі көргенім жоқ. Көбінікі құр дүбірге қызу, дүрмекке еру сыйяқты көрінеді.

16- Латын әліббиін түрік әліббиінен кем де болса аламыз дер едік, Латын әліббиі иаурыпаның мәдениетті жұрттардың пәеді, сәнді

әдебиеттерін өзімен ала келетүн болса, яғни ол жұрттар бізбен тұқымдас тілі жақын болып, олардың газет, журнал, пән кітаптарын оқып кететүн болсақ, әліббиін алған мен тіліміздің арасында ешбір жақындық болмаған соң, латын әліббиінен ондай пайданы көре алмаймыз. Болмаса, латын әліббиін тұтынған жұрттар орыстың орнында болып, аузына қарап, әмірін күтіп, балаларымызға тілін үйретіп отырған жұрттар болса екен. Онда да латын әліббиін түрік әліббиінен төмен болса да, алуда мағана бар дер едік. Ең болмаса, латын әрпін тұтынған жұрттар мен көрші отырып, аралас-құралас болып, қатысып, қабысып, түйіндесіп жатқан істеріміз болса екен; Онда да пайда-майдасы тиердер едік. Мұнда ода жоқ. Тіпті қолайлығын қойып, сұлулығы үшін аламыз десек, ол жағынан да латын әліббиінің жеңіп шығуы нағайбыл; Өйткені сұлу жазу қолдың шеберлігіне қарайды. Қолы шебер адам екеуімен де сұлу жазады, қолы олақ адам екеуімен де жаман жазады жазбасы емес басбасының сұлулығы үшін аламыз десек, басба әріптің суреті шебер қолынан шығады, шебер қолынан екеуі де сұлу болып шығуы ықтимал.

17 - О жақ бұ жағына қарап латын әліббиіне қызығарлық еш нәрсе таба алмаймыз. Латын әліббиін алғанда, келтіретүн пайдасы жоқ болмақ, істейтүн зияны көп болмақ зияны сол – бұл «сау басқа сақина тілеп алуда» болмай ауру үстіне ауру тілеп алу болады. Біздің осы күнгі ауруымыздың зоры: Мешел өскендіктен мәдениет жүзіндегі мешеулігіміз; надандық, сауатты адамдардың, іс қыла білетүн адамдардың аздығы, қаржысыздық, тағысын тағы мәдениет жағынан кемшіліктер. Сол аурудың үстіне латын әліббиінің ауруы келіп жамалмақ.

Латын әліббиін аламыз деушілер сол қиялын қалай жүзеге шығарамыз дейді екен? Түрік әліббиін қалайша қалдырып, латын әліббиін қалайша жүргіземіз дейді екен? Осы күнгі азда болса түрікше сауаттылықты латын әліббиінің жолына құрбан қылып, түрікше сауатты адамдарымызды сауатсыздыққа айналдырамыз дей ме екен? Әйтпесе бала оқытуға күш құрал қаржы табылмай жатқанда, түрікше сауаттыларды бір күнде латынша сауатты қылып жібереміз дей ме екен? Болмаса, бұрынғы сауаттыларға газет, жорнал, кітаптарды түрік әліббиімен бастырамыз дей ме екен? Олай ойлайтүн болса, осы күні бір әліббимен бастыруға табылмай жатқан қаржыны латын әліббиі ала келеді дей ме екен?

Осылардың бәрін анықтап ашып, түрік әліббиін түзеуден латын әліббиін алудың оңайлығын көрсеткенше латын әліббиі түрік әліббиінен жұмысының жеңілдігі жағынан да бәйге ала алмайды, түрік әліббиін түзеу жұмысы жалғыз ақ басба әрпін даралау мен бітеді. Ол жұмыс латын әліббиін алудан жүз есе оңай болатұнына таласатүн адам табылар ма екен?

Қалам қайраткерлерінің жайынан

Орынборға шақырған қазақ қайраткерлерінің съезі адам аз келгендіктен съезд есебінде болмай, кішкентай ғана кеңес түрінде болып өткені озған номерлерінде жазылды. Орынборда отырғандар, о жақ, бұ жақтан кез келгендер болмаса, съезге елден адам келіп жарытпады: үш-ақ кісі келді. Съезге атын атап шақырған адамдар да келмеді.

Келмеу себептерін түрлі жоруға болады.

Келмеулеріне бір жағынан, жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шығар; екінші жағынан, Жүсіпбек жолдас сияқты керексіз съезд деушілік те себеп болған шығар; үшінші жағынан, қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы да себеп болған шығар; төртінші жағынан, өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шығар. Бұл көп «шығардың» ішінде көбінен себеп болатын соңғы екі «шығар».

Съезге келуге ынталы адамдар болса қаржы да табылады, керексіз съезд деп те айтпайды. Мұның бұлай болуы келуге ынталы адамдар болмағандықтан, Орынборды көруге табиғаты шаппағандықтан болып отырған хал. Бұрын Орынбор қазақтың пікір құбылысындай болған заманда, съез түгіл жайда Орынборға келіп, бас қосып, қазақтың қамын ойласып, қайғысына дауа қарастырып қайтатын ел азаматтары енді еріншектік етіп келмей отыр деуге болмайды. Мұның мәнісін әрірек, тереңіректен іздеу керек.

Қазақ қалам қайраткерлері қайдан туған, қашан шыққан деп сұрау қойылса, жауап қиын емес.

- 1) Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, таяқ жеген, орыс табанында езілген жұрттан туған.
- 2) Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау зар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан.

Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілту, ауырын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес; кемшілік көрген жұрттан туып, кемшіліктен құтқаруды мақсат етіп, ылғи сол жолда жұмыс қылған қазақ қалам қайраткерлері жұртшыл, ұлтшыл, яғни халқына жаны ашитын, халқының жаны ауырғанда жаны бірге күйзелетін, бауырмал болмасқа тағы мүмкін емес. Олай болмаған болмаса, онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады.

Қазақ баласын ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың бауырмал қалам қайраткерлері октябрь өзгерісі болғанда бірден интернационал (бибауырмал) болып өзгере алмады, өзгелердей

«алымсақтан бері» коммунист, интернационалист елім деп айтуға аузы бара алмады. Сондықтан бибауырмалдық жолға қызмет қылып, басшылық қыла алмады. Бауырмалдық жолында қаламмен қайрат етуін бибауырмалдық жолындағы үкімет хош көрмейтін болды. Сөйтіп, қазақ қалам қайраткерлерінің халінде дағдарыс болып, өзгерістен бұрынғы қарқындары қайтып, тартыңқырап қалды. Сол қайтқан қарқын әлі күнге қайта келіп жеткен жоқ. Бұрынғы қалам қайраткерлерінің бәрі де өзгерістен кейін қалам қайратына әлі белсеніп онша кіріскен жоқ.

Бұл айтылған себептің үстіне жамалған екінші себеп болды. Ол Қазақстанға ұлық болған адамдардың лағу-төңкеріс болса істің бәрі өзінен өзі істеліп, өзінен өзі өзгеріп кететіндей көруі. Қалыпты өзгертететін адамның ісі, яғни жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін ойламады. Төңкеріс болды, патша үкіметінің орнына совет үкіметі орнықты: қазақты билеген, патшаның оң қолы болған чиновниктер қалып, олардың орнына совет үкіметінің оң қолы болып коммунистер қазақты билейтін болды. Елдің төбесі өзгерді, төресі өзгерді. Онан былайғысын өзгертуге көп күш, көп іс, түрлі еңбек, қайрат керек, яғни істей білетін түрлі адамдар керек.

Қазақтың оқығаны аз, оның ішінде халық ісіне қатысып, жұрт үшін жұмыс қылған адамдар аз. Бірақ аз да болса, қазақта қызмет қылып ысылған, төселген адамдар, қазақтың ісіне қатыспақ түгіл қарасын көрмеген, атын есітпеген жат жұрттың адамдарынан гөрі, қазаққа көбірек пайда келтіретіні шексіз.

Ескі үкімет тұсында, қазақтың басына қаптаған қара бұлттай қалың пәле торлаған заманда, жұрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» деген таңба басылып, олар қораға жолатпайтын қотыр мал сияқты шетке шығарылып, әлеумет жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды.

Төбелеске шығатын адам сияқты, төсін ұрып, тұлданып «Жасасын бибауырмалдық!» - деген қазақ болса, қошемет айтып, қол шапалақтап, төбесіне көтеретін болды. Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтін болды. Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құрайды деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп, қалам қайратына кіріспек? Қалайша қаламды қолға алуға көңілі шауып, ықыласы түспек?

Қалам қайраткері – жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, я бояумен түсін өзгертіп, я түленмен түгін өзгертіп бибауырмал болмаса,

нақ ішін өзгертіп бибауырмал бола алмайды. Жалғыз қалам қайраткерлері емес, қазаққа жаны ашитын, басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Оны айтып отырса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Солай болған соң, я бауырмал деген сөзден қашып, бибауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін үндемей қарап отыруы керек: не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуі керек. Енді осыған жеттік.

Қазақ деп ауызға алмай, не болса о болсын, қараға қостық, не көрсе көппен бірге көрер деп отыруға болар еді, егер қазақ мәдениеті қасындағы халықтармен бірдей болса. Қазақ қасындағы халықтар: орыс, неміс, ноғай, жәуіт, ғайлар.

Бұлардың бәрінің де мәдениеті қазақ мәдениетінен жоғары. Мәдениеті жоғары халық – мәдениеті төмен халықты аз-көбіне қарамай жем қылатыны айдан анық, күндей жарық ақиқат. 200 миллион үнді халқын 50 миллион ағылшын жем қылып отырғаны, 500 миллион Қытайды өзінен он есе аз жұрттар әжуалап отырғаны – адам баласының теңдігі-кемдігі мәдениетіне қарай екендігін ыспаттайды.

Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, хатта ноғай мәдениетіндей болса да, «қазақ» деп айыра сөйлеп, ауыз ауыртып, әуре болмай-ақ, көппен бірдей көрер деп қояр едік. Қазақ айрықша сөз болатын халі айырықша болатындықтан.

Қазақ мәдениеті қасындағы жұрттан кем екенін біле тұра, мәдениеті кем халық мәдениеті зор халыққа жем екенін біле тұра, қазақты жемтік есебінде жей бер деп қазақ азаматтары тастай ала ма? Оны қазақ азаматтары істей алмайды. Оны істей алмаса, бауырмал деген сөзден құтыла алмайды. Олай болса, бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ ауыртып ауырламасақ керек.

Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп теңелуіне керек ісімізді қолға алып, қанаттамасақ, қазақ күнін қараң қылатын бибауырмалдық адам арасына жік салады, бауыр керек емес, «жасасын бибауырмалдық!» деп айқайлағанмен, адам баласының арасындағы құр айқаймен жоғалатын көрінбейді. Мәдениет жігін жоғалтпай өз жігін жоғалту оңай жұмыс емес. Бұл айқайдың қолынан келмейтін іс екендігіне көз жетті.

Алдымен бауырмалдық жігін жоғалту керек деп адасқандар адаса берсін, қазақ азаматтары мәдениет жігін жою жолындағы жұмысқа күшін, ісін сарп ету керек. Басқалармен мәдениеті теңеліп, жарыса, жармаса күнелтуге қазақ жеткен күні, қазақты қасындағылар қыңсылатуын қояды,

қазақ азаматтарының қазақ үшін айырықша қайғыруы, қаны қызуы жоғалады, бауырмалдық өзінен өзі жоғалады.

Мәдениет алға басуы тірнек ісі шеберленуімен, сана-саңылау күшеюімен болады. Тірнек ісінен шыққан шеберлікті өнер дейміз, сана-саңылау күшінен шыққан білімді ғылым дейміз. Бұл екеуі де іштен адаммен бірге туатын нәрсе емес, үйренумен табылатын нәрсе. Үйрену дегеніміз – оқу. Сөйтіп, мәдениет жүзінде халықтың алға басуы, алдағы жұрт пен арттағы жұрт арасындағы мәдениет жігі жоғалуы оқуға келіп тіреледі.

Қазақта оқу ісі қалам қайраткерлеріне қарап тұрғаны, олар не істеуге керектігі өткен номерлерде басылған съезге арналған мәселелерде айтылды. Мұнда айтайын дегеніміз: қалам қайраткерлерінің бас қосып бақыршылығын сөйлесуі. Қалам қайраткерлерін июнь съезіне «топалаң уақытындағы той» емес, топалаң келмеуіне амал қарастырайық деген ой еді.

Съезд июньде болмады деп қою керек емес, июньнен басқа да айлар, күндер көп, әлі де болса бас қосып сөйлесу, қалам қайраткерлерінің ұйымын жасау керек. Жазушыларымыз бытыранды болмай, ұйымдасып, бірлесіп іс істесе, бәлкім істері берекелі, өнімді болар. Өзгеріс болғанымен өзгермей тұрған қазақта қалып көп, қашаннан бері қазақ ішіне сіңіп, орнығып қалған қалыпты өзгерту оңай нәрсе емес. Бас өзгерді, бастық өзгерді, төре өзгерді, басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық көбеймесе, кеміген жоқ. Жеуге жеңіл тұрғанды жеу – табиғи іс. Тіске жұмсақ болған соң, қай уақытта да жеуге қазақ жеңіл болып тұратыны мағлұм. Қазақты бұрын жегендері әлі жеп отыр, бұрын зорлық қылғандары әлі де зорлық қылып отыр. Өзгеріс кімге жағымды, кімге жағымсыз болып шыққаны көзі бар адамдар көрерлік, есі бар адамдар білерлік болды. Өзгерістің негізі тартыс, талас болған соң тіршілікке қайым біткен қайраттыларға, күн көруге ептілерге, дүние жиюға құмар адамдарға жағымды болғанымен, момындарға, ақ көңіл, анайы, аңқауларға жағымсыз болғаны шексіз.

Ақкөңілдік, анайылық, аңқаулық табиғаттан да болады, тәрбиеден де болады, яғни мәдениет жоғары-төмендігінен де болады. Көбінесе мәдениеті төмен жоғары жұрт ақ көңіл, анайы, аңқау келеді. Сондықтан да мәдениеті жоғары жұртпен араласқан жерде алдауына, арбауына түсіп жем болады. Қазақ жеріндегі халық көбінесе қазақ пен орыс. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны шексіз. Ол жем болудан мәдениеті жетілгенше құтылмайды. Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады.

Үкімет тарапынан қазақтың қазіргі күтетін көмегі – мәдениеті жетілгенше басқалардың зорлығынан қорғау, мәдениеті көтерілуіне қолдан келген жәрдемін аямау. Солай болған соң қазақ үкіметі құр декретін көбейтумен бола бермей, қазақтың мәдениетін күшейту жағына көз салып, көбірек күшін жұмсау керек.

Мәдениет күшейеді өнер-білім күшімен, өнер-білім күшейеді оқумен. Оқу ісі сабақтас әдебиетпен. Оқу әдебиетті күшейтеді, әдебиет оқуды күшейтеді. Оқу мен әдебиет бірін-бірі қолдап, бірін-бірі көтермелеп, бірін-бірі сүйрейді. Оқусыз әдебиеттің күні жоқ, әдебиетсіз оқудың күні жоқ, қазақта оқу да, әдебиет те жаңа ғана көктеп көзге ілінген күйде тұр. Оның өсіп, үлкейіп, гүлденуі үшін көп іс, көп күш керек. Сол көп істі қолынан келгенше істейтін, сол көп күш шамасынан келгенше сарп ететін қазақ қалам қайраткерлері.

Ол қалам қайраткерлері бұл күнде өз жұмысында емес, өзге жұмыста жүр. Оларды өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу қазақ үкіметінің міндеті: қалам қайраткерлерінің жұмысы – әдебиет, әдебиетсіз оқу қуаттану жоқ, оқусыз мәдениет қуаттану жоқ, мәдениет қуаттанбай қазақ қорлықтан, зорлықтан құтылу жоқ. Орыстан қазақтың көріп отырған отаршылығы, омыраулығы қазақ мәдениеті орыс мәдениетінен төмен болғандықтан. Азаттық асылы мәдениетте, мәдениет күшеюінің тетігі оқу мен әдебиетте.

Түрікшелер құрылтайы

Түрікшелердің 1-нші құрылтайы февральдың 26-нда басталып, марттың 6-да жабылды. Түрік нәсілді жұрттардың өкілін жібермегені аз болар. Қалмақтар да адамын жіберген. Бір шеті Стамбул, екінші шеті Қиыр Күншығыстағы Жақыт – сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды. Бұрын қағаз жүзінде білісу болмаса, көрісуі жоқ түрік жұрттары бірін-бірі жүзбе-жүз көріп танысты.

Түрікше ілімдерден академия мүшелері: Бартольд, Олденбург, Крымский, толып жатқан жаңа тағы профессорлар болды. Бөтен мемлекеттерден неміс профессоры Менсель, мажар профессоры Майсереш, анатол түрік профессоры Көпірлі-зада мен Құсайын-зада болды.

Құрылтай қарауына арналған 14 бапты мәселе еді. Соның әрбірінен 4-5, қатта 8-9 баяндамалар жасалды. Бірақ мәселе көп болғанмен, құрылтай шақырушылардың көбінесе көздегені латын қарпы екендігі құрылтайды ашушылардың да, үкімет тарапынан құттықтаушылардың да сөзінен көрініп тұрды.

Солай болған соң қарыпқа қатысы бар мәселелерге көбірек зер салынып, солар көбірек талқыға түсіп, басқалары ат үстінен айта өткен сияқты болды.

Құрылтай програмындағы мәселелер мыналар еді:

1) Түрік жұрттарының тариқын тану жүзіндегі істердің кәзіргі күйі мен келешектегісі. Баяндамашылар: Бартольд, Баруздин деген профессор, татар тариқшысы Убайдуллин Әзиз.

2) Түрік жұрттарының мәдениетін зерттеу ісінің кәзіргі күйі мен келешектегісі. Баяндамашылар: Руденко, Майсереш, Миллер профессорлар мен Шурсен деген.

3) Түрік тілдерінің өзара жаңа мұғал (монғол), тунгуз, пин угор, жапон тілдерімен тұқымдастығы. Баяндамашылар: Шобан-зада мен Кинко деген профессорлар.

4) Түрік тілдерін тану жүзіндегі істің кәзіргі күйі мен келешектегісі. Баяндамашылар: Самойлович, Малов, Ашмарин деген профессорлар.

5) Емле [нің] жалпы негізі. Баяндамашы: Щерба профессор. Түрік емлелері. Баяндамашылар: татар қалам қайраткері Ибраһым ұлы Әлімжан, әзірбайжандық Аға-зада деген.

6) Пән сөздерінің жүйесі туралы. Баяндамашылар: Шобан-зада профессор мен Зиенат деген. Түрік тілінің пән сөздері туралы. Баяндамашылар: Зайналы, Одабаш, Байтұрсынұлы.

7) Әліп-би сыны пән жағынан, әліп-би сыны іс жағынан. Баяндамашылар: Яковлев, пен Жирков профессорлар. Түрік әліп-билері туралы. Баяндамашылар: Мамет-зада, Шарапұлы Әлімжан, Алпарұлы, Төрекұлұлы, Бердіұлы, Омарұлы.

8) Ана тілін үйрету әдісіндегі жаңа ағымдар туралы баяндамашы Щерба профессор. Түрік тілін оқыту әдістері туралы баяндамашы Епенді-зада.

9) Түрік әдебиет тілдерінің жетілуі туралы. Баяндамашы: Көпірлі-зада профессор мен Әкімұлы Нығымет.

10) Түрік әдебиет тілдерін тану жүзіндегі істің кәзіргісі, алдағысы. Баяндамашылар: Көпірлі-зада, Менсель профессор, Сағадидұлы Абдырақман.

11) Түрікші мекемелердің кәзіргі құрылған түрлерімен жақында істейтін істері туралы.

12) Өлке тану ісінің әдістері. Баяндамашы: Ольденбург.

13) Түрік жұрттарының мәдениет жүзінде соңғы кездегі жетілісі. Баяндамашы: Павлович.

14) Ұйымдасу мәселесі.

Осыншама толып жатқан мәселелер туралы толып жатқан баяндамалар қайсысы қай түрде жасалып, қалай қаралып, өткенін бейнелеп айтуға орын тар болғандықтан жана да құрылтайда не болып, не қойғаны турасындағы барша мағлұматтар түгелімен бәрі басылып шығатын болғандықтан, құрылтай қабарын түгел сөйлеймін демей, оқуға қатысы көбірек мәселелер ғана турасынан азырақ айтып өтпекпін.

Ол мәселелер: 1) емле; 2) пән сөз; 3) әліп-би; 4) ана тілін оқыту әдісі турасындағылары.

Бұл мәселелер туралы әуелі орыс ілімдерінің пән пәтуасы түріндегі баяндамалары болып, сонан кейін басқалардың баяндамалары болып отырды.

Емле туралы пән пәтуасын сөйлеген Щерба профессордың сөзі қысқалап айтқанда мынау болды.

Төрт жүйелі емле бар: 1) дыбыс жүйелі; 2) туыс жүйелі; 3) тарик жүйелі; 4) таңба жүйелі;

Дыбыс жүйелі емле – сөзді айтылуынша жазу (қазақ пен қырғыз емлесі дыбыс жүйелі болады). Туыс жүйелі емле – сөздің тек айтылуына қарамай, тегіне де қарай жазу (орыстікі туыс жүйелі емле). Тарик жүйелі емле – қашаннан жазып келе жатқан қалыпша жазу (арабтікі, араб емлесін өзгертпей қолданушылардікі, ағылшын, француз, немістердікі тарик жүйелі емле болады). Таңба жүйелі емле – сөз орнына таңба салу (қытай

жазуы, бұрынғы екі сулықта болған аққаттардың, шумерлердің сүйір жазулары).

Бұл емлелердің ең жақсысы – дыбыс жүйелісі; үйткені бұ жүйелі емле үйренуге жеңіл. Емле жеңіл болуы тәрбиешілік жағынан да, бұқарашылық жағынан да артық. Жақсы емленің қасиеті үйренуге жеңілдігі мен ойды дұрыс ұқтыруы.

Онан соңғы жақсы емле – туыс жүйелісі. Ең қиыны тарих жүйелісі мен таңба жүйелісі деді.

Ибраһымұлы Әлімжан жасаған баяндамасында емле жеңілдету жүзінде түрік жұрттарында не істелгенін, қайсысының емлесі қай күйде тұрғанын, емле қай түрде болуы керектігінайттып өтті. Емле түзету жүзінде түрік жұрттарының алдағысы қазақ, арттағысы әзірбайжан, анатоли түркі болып шықты. Басқалары соның екі аралығында болды. Құрылтай дыбыс жүйелі емлені, керегіне қарай туыс жүйесімен үйлестіріп алуды қабыл етті. Әзірбайжандықтар араб қарпымен дыбыс жүйеліемле жасауға болмайды деп ойлайтын көрінеді. Сондықтан олар дыбыс жүйелі болған соң, латын қарпысыз болмайды деп, дыбыс жүйелі, латын негізді деген сөзді керек емес десек те болмайды, көпшілік қолында болған соң қыстырып өткізді. Ол жерде пікіріміз айырылатынын мәлім еттік те қойдық.

Пән сөздері туралы баяндаманың бірі менікі болғандықтан, өз баяндамамның да мазмұнын қысқасынан айта өтейін. Баяндамадағы айтқаным: пән сөздері жағынан да басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу даражаға жеткен.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін, жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында қабылданғаны айтылды.

Сол жол басқа түріктер қолдануына да теріс болмас делінді.

Құрылтай қарары да осы негізді болды. Бірақ жалғыз қазақ емес, басқалар да қолданатын болғандықтан, біздің қолданған тәртібімізге қосқандары мынау болды: түрік жұрттары тілдерінің жақындығына қарай топталып бөлінсін, пән сөз топ ішіндегі жұрттардың бәріне ортақ түрде алынсын.

1-інші басқыштағы мектептерде қолданатын пән сөздер әр жұрттың өз тілінен алынуы абзал; 2-нші басқыштағы мектептерде қолданатын топқа ортақтастырып алған пән сөздер болсын. Жоғары мектептерде әлемге жайылған Европа пән сөздері қолдансын делінді.

Латын қарпын қолдаушы 7 баяндаманың екеуін ілім пәтуасы түрінде екі профессор жасады. Яковлев профессор әліп-би қандай қасиеттерімен жақсы болатынын, не үшін латын қарпын қолдайтынын айтты. Оның айтуынша, жақсы әліп-би тіл дыбысына түгел жету керек, қарып белгісі аз болу керек. Бұл екі қасиет – қазақ әліп-биінен табылатын қасиет. Қазақтан басқа да ондай әліп-би бар деп айтпады. Дәйекші қойып қарып белгісін азайту – бұл табылған ақыл деп. Латын қарпын жақтайтыны латын қарпы – жайылып келе жатқан қарып, арабтікі тоқталып қалған қарып деді. Онан басқа латын қарпының араб қарпынан пәлендей артықшылығы бар деп айтқан жоқ.

Жирков профессор араб қарпының сұлулығын, бірақ баспа істері жағынан қолайсыз жағын, қазіргі жеңілдетуге жасап жатқан өзгертулер араб қарпының сұлулығын бұзатындығын сөйледі. Мұның сөзінше баспаға жеңілдету мақсатпен араб қарпының сұлулығын бұзудан да өзінен безу артық деген пікір ұғылды. Латын қарпымен араб қарпын салыстырған жерінде арабтың ескі қарыптарын алып салыстырғандықтан, айтқан сөздері дәлелді бола алмай шықты.

Бұлардан кейін баяндама жасаған латыншыл бес кісінің бесеуі латын қарпы мен араб қарпын салыстырғанда (тістеріне жұмсағырақ болған соң) арабтың ескі қарпын алып салыстырумен болды. Көбі түк дәлелсіз болды. Араб әліп-биінің кемшілігі деп көрсетуге алған нәрселері біздің мұнан 15-16 жыл бұрын басын ауыртқан араб емлесінің кемшіліктері болып шықты.

Біздің 10-шы жылдарда шығарып ескі ұсқы қоймасына тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгерту ниетке жаңа ғана кіргенін өздерінше бір артықша жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен. Тарих жүйелі араб емлесінің тас талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпымен-ақ дыбысжүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабарсыз екен. Олар арабтың емлесін бұзудан қарпын тастау оңай; қарпын тастамай, емлесін бұзуға болмайды деп ойлайды екен. Араб қарпынан латын қарпына көшеміз деуінің ең негізгі себебі осы екен. Қазақ, қырғыз, башқұрт, татар араб емлесін бұзғаннан араб қарыптары қираған жоқ, қайта түзеліп жақсы бола бермекші. Бұл басқаларға мүмкін емес нәрсе сияқты көрінеді. Мәселен арабтың « **خَبَد** » деген сөзін арабтың бес қарпымен « **جَاد** » деп жазуға болмайды. Латынның ғана бес қарпымен жазуға болады.

Араб қарпын қолдаушы екі баяндама болды. Оның да бірі, мәселен, Алпар ұлының баяндамасы, араб пен латын қарыптарының жақсы-жамандығын сөз қылмай, араб қарыптарына баспа жағынан жеңілдету мақсатпен жасалып жатқан өзгерістер туралы. Ол өзгерістермен жасалған тәжірибелер араб қарыптарын түбінен қопармай-ақ түрін азырақ өзгертумен да баспа жағының кемшілігі жоғалып, басқалардан артық болмаса, кем болмайтынын айтып, қандай өзгеріс жасалғандарын көрсетті. Өзгерткен қарыптардың ірілері осы күнде қолданылып, ұсақтары құйылып жатқандығын мәлім етті.

Араб пен латын қарыптарын таразыға тартқандай салыстырып, артық-кем жақтарын ыспаттап көрсетіп, арабтікін тастап, латындікін алуда түк мағына жоқтығын айтып сөйлеген баяндама асылында жалғыз Шарап ұлы Әлімжандікі болды. Латынға қарсы баяндама, сөйтіп, біреу-ақ десек те болады. Бірақ бір де болса, бірегей болды. 2 сағаттан астам айтылған баяндаманың мұнда жүзден бірін сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан тек ұшығын ғана көрсетіп өтемін.

Баяндамашы мәселені асылынан алып, алшысынан қойып бастады. Ол айтты: біздер сөз қылып отырғанымыз – «әліп-би қалау» мәселесі емес, «әліп-би алмастыру» мәселесі, «әліп-би қалау» деген мен «әліп-би алмастыру» деген – екеуі бір емес. Түрік жұрттары әліп-биі жоқ жұрттар болса, алдына салған әліп-билерді қарап-қарап, ұнатқан біреуін алар еді. Түрік жұрттары – тұтынып отырған әліп-биі бар жұрттар. Көбінің әліп-бимен байласқан әдебиеті, мәдениеті бар. Тұтынып отырған әліп-биді тастап, бөтен әліп-биге көшкенде, қанша сауатты адамдар сауатсызға айналмақшы, қанша мұғалімдер қайтадан қат үйренбекші, қанша баспақаналардың қарыптары жаңадан жасалып, жаңадан құйылмақшы, қанша қарып тізушілер қайтадан үйренбекші, қанша қаржы шықпақшы, қанша еңбек сарп етілмекші. Осыншама құрбандықтың бәрін өтегендей алмастырып алатын әліп-биде бұрынғымыздан анағұрлым артықшылық болу керек. Сондай артықтық алатын әліп-биде бар ма екен деп алып, екі әліп-биді түрлі жағынан салыстыруға түсті.

Екі әліп-бидің де артық-кем жерлерін әншейін сөйлемей, әр түрлі ілім тәжірибелерімен ыспаттап, даусыз дәлелдер келтіріп баяндады. Ақтығында латын әліп-биінде көп құрбандықты өтерлік аса артықтық болмақ түгіл, араб әліп-биінен де көрі кемшіліктері көбірек болып шықты, бірақ құрылтай дүкені жасаушылардың қолында болғандықтан, күн бұрын қолайлап бәрін икемдеп қойғандықтан, қазанның құлағы қазаншының қалаған жерінен шықты: «Латын әліп-биінің артықтығына құрылтайдың көзі жетті. Енді алу-алмау әр жұрттың, әр мемлекеттің ықтиярында» деген қарар көпшілікпен өтті.

Қанша ыспат, дәлелдер болғанын түбінде құрылтай жұмысының мағлұматтары басылып шыққанда, әркім өзі көре жатар. Қарып мәселесі турасында қазақ тарабынан айтқанымыз мынау болды: біздер мәдениет жүзінде кейін қалған жұрт болғандықтан, мәдениет қуатымыз да, мал қуатымыз да шағын, сол шағын қуатымызды қазірде өте-мөте керек нәрселерге ғана жұмсап жатырмыз. Қазіргі бізге өте-мөте керек нәрсе – оқу кітаптары. Бар күшімізді соған салып жатырмыз. Басқа керек нәрселер де толып жатыр; оларды қоя тұрып, өте керегін істеп жатырмыз. Қарып жағынан өте-мөте керек болып қысып тұрған мұқтаждық жоқ. Осы құрылтайда айтылған пән пәтуаларынша ең жақсы емле де, ең жақсы әліп-би де біздікі болып шықты. Емле мен әліп-би жағына келгенде, біз орыстан да, немістен де, француздан да, ағылшындардан да алда тұрғанымыз мәлім болды. Азғана күшімізді озған үстіне озамыз деп, озып тұрған жерімізге жұмсауымыз керек. Бізге жаны ашитындар қарып тауып береміз демей, мектептерімізді бұзау мен қозы алатын үйлерде пысынатпай, соларға үй салып берсе екен делінді.

Қарыптан соңғы жасалған баяндамалар талқыға түсіп сөз болмастан комиссияға жіберіле берді. Ана тілін оқыту әдісі ғана сөз болыңқырады, басқалары тіпті айтыс ашылмастан комиссияға кетіп отырды. Ана тілін оқыту әдісі туралы баяндама жасаған Щерба профессордың айтқан сөзінің қысқаша мазмұны мынау болды: осы кезде ана тілін оқытуға қолданатын әдіс мынау: дыбыс негізді әдіс, тұтас тұлғалы әдіс (америка әдісі дейтін). Қай әдісті қолдану қолайлы болуы емле жүйесіне қарай: дыбыс жүйелі емлені қолданушыларға дыбыс негізді әдіспен оқыту оңай, тарик жүйелі емлені қолданушыларға тұтас тұлғалы әддеспен оқыту оңай. Тұтас тұлғалы әдіс – ағылшын емлесінің ауырлығынан туған әдіс, Ағылшын емлесі тарик жүйелі. Дыбыс негізді әдіспен ағылшын емлесін үйрену азап, қатта мүмкін де емес. Дыбыс негізді әдіс дыбыс жүйелі емлеге өте қолайлы. Емлесі дыбыс негізді құрттар қолданған жерде үйретуге ең жеңіл, жемісі тез пісетін дыбыс негізді әдіс екені ақиқат.

Тұтас тұлғалы әдістің өзін оңаша алып, дыбыс негізді әдіспен салыстырғанда, түк артықтығы жоқ. Жазылуы мен айтылуы – екеуі екі басқа, ағылшын емлесіне дегенде ғана тұтас тұлғалы әдістің артықтығы бар. Біздің орыс әдісшілерінің тұтас тұлғалы әдіске әуестенетіндері дыбыс негізді әдістен көрі оны көрнекірек дейді. Асылында, дыбыс негізді әдіс тарик жүйелі ағылшын емлесіне қандай қолайсыз болса, тұтас тұлғалы әдіс дыбыс жүйелі емлесі бар жұрттардың қолданылуына да сондай қолайсыз болады деді.

Құрылтай түрік жұрттары үшін дыбыс жүйелі емлені қабыл алған соң, оған қолайлысы дыбыс негізді әдіс болған соң, осы әдісті қабылдап қарар шығарды.

Ана тілін оқыту турасынан шығарған қарарға тағы да кірген баптар болды. Оның өте-мөте ескерерлігі мынау болды:

- 1) Ана тілін үйрену жағын жақсылау үшін түрік жұрттарының әр тілі анық танылуы керек. Тіл іліміне жетік білімпаздар шығару үшін оқытушы даярлайтын орта мектеп пен жоғарғы мектептерде тіл сабақтары мектептерде тіл сабақтары елеулі орын алу керек.
- 2) Бірінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүзінде қалық әдебпеті басым боларға керек.
- 3) Екінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүйелі ілім түрінде өз алдына оқытыларға керек.
- 4) Әдебиет 2-нші басқышта әлеумет тану ілімімен бірге кез келген түрде де, жүйеленіп әдебиет траиқы түрде де оқытылу керек. Тарик түрінде оқытылғанда ана тілінің әдебиетінен басқа ағайын жұрттардың әдебиеттерімен таныстыру керек.
- 5) Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағана, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағана жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.

Оқуға қатысты көбірек осы төрт мәселе сөзімен құрылтай әңгімесін тоқтатамын.

Выступление на первом всесоюзном тюркологическом съезде

Байтурсун. (Аплодисменты). Прежде всего надо поставить вопрос: что требуется от правописания. Требуется, чтобы это правописание удачно, точно передавало звук языка. Второе – чтобы это правописание для изучения было легким. Вот это два основных требования. Здесь возникли споры. Одни говорят, что правописание имеет связь с алфавитом, другие говорят – не имеет. На самом деле правописание имеет связь с алфавитом только в том случае, если алфавит несовершенный. Возьмем, например, русский алфавит. В русском алфавите есть недостатки, например «ё», «ю», «я». Дальше Профессор Щерба говорил: «хвастался и хвастался». Отчего это так смешивается? Оттого, что для звука «а» нет соответствующего знака. Теперь возьмем слова: «дарю» «даю» - вы видите совершенно разное произношение «ю». Значит, в русском алфавите нет соответствующего знака. Теперь возьмем слова: «тебе», или, например: «чтение», или «доброе» – тут как будто слышен звук «е», а когда говорят: «тебе» получается «тибие». Значит, в русском алфавите нет соответствующего знака для звука «е». Если алфавит несовершенный, тогда действительно это несовершенство будет влиять на правописание, а когда алфавит совершенный в том смысле, когда для каждого звука имеется соответствующий, определенный знак и этот знак никогда не меняется, то это другое дело. Теперь следующий вопрос. Что здесь положить в основу? Взять ли принцип этимологический, или исторический, или же наконец, фонетический? Мне думается, что самое идеальное правописание – это фонетическое. Если прибегают к другим правописаниям, то делают это по совершенно другим основаниям. Правописание большей частью зависит именно от языка, от свойства языка. Если возьмем, например, язык русский, употребляющий этимологический принцип, то мы должны сказать, что этот язык хаотический, анархический, потому что одни и те же слова, при изменении ударения, принимают совершенно другие формы. Например «вада», «воды», ударение изменилось, где раньше стоял звук «а», теперь появилось «о». Это самый анархический, хаотический язык. Где дело так обстоит, там действительно необходимо прибегать к этому этимологическому принципу. Я другие языки хорошо не знаю, но хорошо знаю из наших языков киргизский и казахский. Эти языки –самые стройные. Здесь звуковые законы очень строги, каждый звук в конце слова дает такую же реакцию, какую дает химический элемент. Это самый совершенный, самый стройный язык. Если у других тюрков точно такой же язык, то нет никакой необходимости принимать за основу именно

этимологический принцип. Далее, в отношении обучения правописанию. Идеальное правописание – это фонетическое. Фонетическое письмо практически мы, казаки, применяем уже несколько лет, и результаты получаются блестящие. Поучившиеся год по нашему алфавиту пишут в такой же степени грамотно, как окончившие 4-летку в русской школе, окончившие 4-летку пишут точно так же грамотно, как окончившие русскую 9-летку. Сами судите, до какой степени этот фонетический способ письма облегчает обучение. Вот в отношении социального значения для того чтобы грамотность стала доступной, эта грамотность должна быть при обучении очень легка для населения, а фонетическое письмо при обучении грамоте облегчает не только дело обучения детей, но даже и взрослых. Здесь я должен коснуться исторического принципа письма. Есть тюркские народы, которые до сего времени не могли отрешиться от традиции. Возьмем, например, азербайджанцев и османцев – они до сего времени держатся исторического принципа письма. То, что к нам перешло от арабов, они консервативно до сего времени держатся этого, они считают святотатством изменить его. Так относиться нельзя! И при этом, относясь так, они еще винят других, что другие будто бы консервативны. Я должен это сказать здесь, потому что многие думают, что если мы держимся за арабский алфавит, то мы консервативный элемент. Нет. Со «священным» письмом давно покончили. В отношении применения фонетического способа для слов из других языков я должен сказать, что мы берем слова из других языков для наших надобностей хотя не для научного употребления, а в народном разговоре. Если возьмем слово «ажол», это киргизы считают своим словом, никогда не говорят, что это арабское «гакол» предали казаки именно свое слово. Также много слов теперь новых. Слово «комисар», казаки говорят «комюссер». Что же это мы для европейцев должны оставить это слово в том виде, в каком они при этом произносят? Но казакская артикуляция не выносит такой конструкции слов. Поэтому мы все иностранные слова будем брать в таком виде, чтобы это было легко для произношения казаков. Точно так же и другие тюркские народы не должны считаться с происхождением слов, а должны считаться с говором, с артикуляцией населения (звонок председателя). Я многое пропускаю, только скажу одно, что здесь, когда открывали съезд, т. Агали - оглы итд. Павлович говорили, что будто бы сам алфавит мешает прогрессу, а если возьмем языки, например русский, русское письмо в сравнении с нашим – это китайское письмо. Тут приходится заучивать, зазубривать каждое слово, точно так же как английский, немецкий и французский языки, в сравнении с нашей грамотностью это

есть именно китайская грамота. Мы заучиваем только 24 звука, а они же все, что есть на этом языке, должны заучить. На каждом языке, сколько слов, столько должны припоминать изображении этих слов. Почему? Потому что их письмо не передает правильно ни одного звука.

Байтурсун. (Аплодисменты). Доклад мой будет о том, как мы, казакские научные и литературные работники строим терминологию для литературы и народа, во вторых, какого принципа мы придерживаемся в выработке терминологии.

1. Основные мои мысли по выработке терминологии мною высказаны в тезисах, в котором, полагаю, все делегаты съезда знакомы. Настоящий мой доклад к ним ничего нового в основе не прибавят. Он будет носить скорее характер разъясняющий, конкретизирующий основные мысли нежели их дополняющий. Изложенные в тезисах положения настолько очевидны, что едва ли они могут вызвать недоумение разве только сжатость изложения может внести некоторую неясность для правильного понимания высказанной мною мысли, поэтому я в своем докладе базируясь на высказанном мною в тезисах основных мыслях, намерен развивать последнее в пределах необходимой конкретизации.

2. То, что в наше время лучшим фундаментом в жизни является культурный фундамент, и что, поэтому, вся жизнь современных передовых государств строится на фундаменте культуры, я думаю, это бесспорно. В самом деле, кто же может отрицать то, что там, где культура слаба, земля приносит меньше урожая, машины работают хуже, промышленность и торговля мало развиты, борьба с болезнью и смертью малоуспешна, природа подчиняется мало или совсем не подчиняется и стихийные ее силы для людей разрушительны и разорительны. В наше время культура есть глубокая жизненная потребность. Не основанная на культуре жизнь подвержена всяким случайностям. За примерами далеко не приходится идти. Еще свежи в нашей памяти ужасы голода 21-22 г.г. А сколько было таких голодовок до этого? В жизни России такие голодовки встречаются часто. Чем объяснить подобное явление, при неисчислимых и неисчерпаемых природных богатствах страны? Конечно, малокультурностью населения. Всякая повторяющаяся два года подряд засуха возвращает наших земледельцев в первобытное состояние, одна только неблагоприятная зима делает то же самое с нашим скотоводством. Это определенно, со своей очевидностью говорит о слабости в нашей стране культуры, когда она еще не подчинила себе природы. При высокой культурной форме земледелия и скотоводства, того, что сказано, не было бы.

3. Современная культура не есть создание одной какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения имеются заимствования, и на смещения их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной нации другой, и примерном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смещения культур.

Культура, как продолжение естественного развития благоприятных условий. Этих именно условий для развития культуры находящихся в России тюркских народностей не было. Единственный народ, у которого они могли бы позаимствовать кое-что, оказался не имеющим никаких сходных с ними форм быта и вдобавок еще оказался господствующим с правительственным верхом, державшимся по отношению к инородцам политики порабощения, обрусения, оправославливания. Последствием этого получилось полнейшее недоверие к правительству и неприязненное отношение ко всему русскому, а вместе с тем и к русской культуре. С другой стороны, некоторые тюркские народности, успевшие набраться духа религиозной нетерпимости, чуждались вообще всего немусульманского и рабски подражали всему мусульманскому, что также неблагоприятно отозвалось на развитии их собственной культуры, скажем хотя бы литературы.

4. Русская духовная культура, благодаря политике русского правительства, до последних десятилетий не оказала никакого влияния на развитие духовной жизни тюркских народностей в России. Заимствование духовной культуры происходило между самими тюрками. Здесь-то именно пришли на помощь те сходные стороны их быта, о которых я уже говорил. Тюркские народности перенимали духовную культуру друг у друга гораздо легче, чем у русского, но только перенимать-то им друг у друга было нечего. Единственное, что возможно было им перенимать друг у друга - это учение религии и письменность. Так как ни одна область культуры так тесно не связана с духовной жизнью как язык, то вместо с религией и письменностью стала проникать и литература светского содержания, а вместо с последней незаметно заимствовались слова из чужого языка. Языки постепенно испещрялись, терялись природные обороты и формулы, словам, получилось полнейшее засорение собственных языков. Избегнуть этого несчастья могли только те тюркские народности, где религия и письменная литература не могли пустить свои

корни глубоко. Например, у казаков и киргизов религия не имела духовно-поробощающего влияния, и духовная литература большого распространения среди них не имела. Благодаря этому, язык и следовал собственному ходу своего естественного развития.

5. Из сказанного видно, что на развитие культуры у тюркских народностей в России повлияли порабощенное положение их в светской, и в духовной жизни. Теперь же, по освобождении от того и другого порабощения, тюркские народности стремятся заимствовать все стороны современной культурной жизни. Заимствуя предметы духовного и материального быта высшей культуры, они должны заимствовать и понятия, и идеи.

Для выражения этих понятий и идей лексикон родного языка далеко недостаточен. Перед всеми тюркскими народностями встала необходимость либо заимствовать слова из чужого языка, либо приспособить лексикон своего языка для выражения перенимаемых понятий и идей высшей культуры, т.е. выработать терминологию языка.

За отсутствием у меня достаточных сведений о работах по выработке терминов у других тюрков, я могу говорить лишь о положении этого дела, у нас, казаков: остальных же тюрков я буду касаться лишь мимоходом, при рассмотрении вопроса терминологии с принципиальной стороны.

Как сказано в тезисах к моему докладу, до революции 1905 г. Нам, казакам, печатать на родном языке ничего не разрешалось. Лишь после этой революции на казакском языке начали выходить брошюры, журналы, газеты, учебники. Рядом с этим шла работа по изучению природы казахского языка с фонетической и грамматической стороны. По реформе алфавита, соответственно фонетическим требованиям, по составлению грамматики. Словом, казакский язык за короткий промежуток времени стал принимать обработанный определенный вид, допускающий при употреблении сознательный контроль над собою.

Мы казаки, с самого начала возникновения своего печатного слова стали держаться своего принципа, чем другие. Мы имели в виду всегда народную массу и старались, чтобы произведения печати были в полной мере доступны всем мало-мальски грамотным казакам, а через них и неграмотным. Мы старались, чтобы каждая мысль, брошенная в толпу населения, могла быть подхвачена каждым, чтобы зародить в массе интерес к знанию и зарядить его сознанием для правильного понимания окружающей действительности.

Первым условием, необходимым для достижения этой цели, мы считаем доступность языка произведений для массы. В силу этого

приходилось выражать на родном языке и такие понятия и идеи, которых раньше у народа не было и которым теперь поневоле пришлось облечься в казакские слова и выражения.

С развитием печатного слова пришлось прибегнуть к созданию особого органа для объединения терминов; без этого одно и то же понятие могло облечься в разные слова, в разных конструкциях. Для выработки единой терминологии у нас при Академическом Центре существует комиссия, которая во избежание засорения языка варваризмами, должна строго придерживаться определенных принципов. Последние одобрены и приняты первым съездом казахских научных работников, происходившим в Оренбурге в июне месяце 1924 года. Эти принципы следующие:

а) для терминов предпочтительно перед другими брать казакские слова в полне соответствующим данному понятию значением. Это делается во избежание расслоения языка, т.е. для того, чтобы не получился язык верхов и язык низов, или, вернее, язык грамотных и язык неграмотных. Для нас, казаков это имеет весьма важное значение: протсент грамотных у нас незначителен, организованных общественных чтений и лекций для населения у нас пока не имеется, как слушатели, так и чтенцы у нас в полном смысле случайные. Для того, чтобы чтение газет, журналов, брошюр и т.п. произведения печати, где бы и кем бы не производилось, могло принести пользу, язык должен быть понятен для широкой публики. Только при таком положении незначительный протсент грамотных людей может обслужить значительное количество неграмотных.

б) В случае отсутствия в казахском языке подобного рода слов, заимствовать таковые из родственных казахскому языков. Это делается тем соображением, что: 1) большинство слов родственных языков хотя не имеют общих форм, но имеют общие корни, следовательно, они и для понимания легче и для слуха и для выговора не так чужды, как слова неродственного языка, 2) тюркские народности имели и имеют постоянное общение между собою, а потому большинство слов одного языка, даже без наличия общих корней, может быть знакомо представителям другого языка.

в) Общеупотребительные мировые термины могут приниматься, но с соответствующими природе казахского языка изменениями. При наличии казахских слов, могущих заменить их, должны помещаться оба, чтобы право выбора предоставить обществу. Под общеупотребительными терминами мы подразумеваем современные общераспространенные европейские термины, но не арабские. Мы принимаем их предпочтительно перед арабскими в силу того, что мы приобщаемся

сейчас не к арабской культуре, а к европейской. Все достижения европейской культуры в полной мере могут быть выражены европейским же языком. Но заимствованные термины должны подчиняться нашему казахскому говору, т.е. на них должны распространяться звуковые законы нашего языка, исходящие из привычных артикуляций языка. Для того, чтобы иностранные слова сделать нашими, это необходимо.

г) Все неказахские слова, не согласующиеся с природой казахского языка, точно должны подвергаться изменениям соответственно казахскому говору. Это значить, во-первых, что во всех неказахских словах, с чуждыми казахскому языку звуками, последние заменяются соответственно нужными звуками, во-вторых, суффиксы в неказахских словах заменяются казахскими, в-третьих, двойные чуждые казахскому языку окончания должны измениться в пределах требуемого языком удобства произношения, например, Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай, покров – боқырау, Адамовский – Адамау и т.п.

Благодаря принципу, охраняющему язык от варваризма, мы казаки, имеем в настоящее время единый казахский язык, т.е. наш язык не делится на язык народной и литературный, на говор простонородья и интеллигенции. Без этого с нашим языком получилось бы то же, что и с языком других тюркских народов, имеющих печатное слово с давних пор. Как говорят народные массы у анатолийских турок и азербайджанцев, мне известно. Если они говорят на том же языке, на каком пишут, то несомненно у них тюркского осталось очень мало. Тюркский элемент в их, так называемом, литературном языке представляется мне истрепанным, искаленным, тощим грамматическим скелетом, обвешанным всевозможными чужими словами. После анатолийско-турецкого и азербайджанского наиболее испещренным языком является, по-моему, татарский язык, имеющий с давних пор письменную литературу. Это тоже один из языков, злоупотребляющих варваризмами. Узбекский литературный язык представляется мне тоже в достаточной степени засоренным языком. Крымский литературный язык тоже. У башкир литературный язык только что рождается, причем замечается стремление и у них к ограждению своего языка от варваризмов. На тот же путь вступила туркменская литература. Одним из языков, свободных от иноязычного влияния и от варваризмов, является киргизский язык, который в отношении выработки литературного языка придерживается того же принципа, какого наш казахский.

В заключение мне остается сказать, что я нахожу правильным положенный нами в основу литературного языка принцип, потому что это есть самый вернейший путь к тому, чтобы сделать печатное слово

доступным народной массе. А печатное, слово, как я говорил в тезисах и говорю в докладе, играет весьма важную роль в деле поднятия культурного уровня массы. Уровень своей культуры мы должны измерять не количеством знания, накопленного в верхах, а областью распространения его в низах. При современном мировом характере хозяйства и конкуренции, борьба за существование без высокой культуры – что война безоружных с вооруженными. С каждым днем становится все очевиднее, что всякая область деятельности должна иметь свою усовершенствованную технику и специальные знания. Правильное и успешное развитие современной общественно-хозяйственной жизни возможно только при высоком культурном уровне всего населения. Крупная промышленность, составляющая особенность нашего времени, требует высокого культурного уровня рабочих. Сельское хозяйство, составляющее основу нашего благосостояния и благополучия, требует высокого культурного уровня сельского населения. Всякого рода «заций» и «ций» советизация, колонгизация, электрофикация, индустриализация и т.д. – все это такие вещи, которые требуют активного участия массы и нуждаются, в свою очередь, в гибкости и подвижности ее ума, а эти свойства не развиваются, когда человек замыкается только на одном физическом труде. Знание и труд две разделимые, ежеминутно сплетающиеся стороны одного и того же процесса. Знание есть орудие для активных целей человека, без знания участие массы в общественном строительстве будет не активное, а пассивное. В делезаряжения народной массы знанием большую роль играет правильно поставленное печатное слово, которое, прежде всего должно быть доступно массе.

Это одно. А есть еще другое. Мы, тюркские народности, как в большинстве своем далеко оставшие от высоко-культурных народов, шествовать с ними рядом, нога в ногу, по пути прогресса пока не можем. Многие предметы их высокого культурного быта, как материального, так и духовного, для нашей массы пока будут недоступны. Мы от высоко культурного быта, как материального, так и духовного, для нашей массы пока будут недоступны. Мы от высоко-культурных народов отделены толстою стеною различия языка, которая при нашем стремлении к приобщению к европейской культуре во многом будет мешать нашему свободному движению в эту сторону. Культурные силы и культурный уровень тюркских народностей не одинаковы. В то время, когда одни тюрки будут преуспевать в своем культурном развитии, другие могут отставать. Для того, чтобы они могли пользоваться друг у друга достижениями, хотя бы в области духовной культуры, необходимо, чтобы произведения их печати были доступны друг-другу. Первым шагом в этом

направлении было бы освобождение тюркских языков от господства варваризмов. По-моему, правильно поступили бы все тюркские народности, став на казакскую точку зрения в отношении выработки терминологии и литературного языка. Этим путем каждый из нас разгрузив свой язык от балласта чужих слов и очистив его от засоренности влиянием чужого языка, сделали бы доступными произведения своей печати и своей народной массы, и другим тюркским народностям.

Қазақша сөз жазушыларға

Бұл күндері адамдардың сөйлесетін тілдерінің түбі мұнарланған сағымдай алысқа барып жоғалады. Қанша қадалып қарасақ та, көзіміз оған жетпейді. Қай тілдің де болса қайдан шығып, қалай ғұмыр шеккенін ешкім анық білмейді. Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап емес, жүз жылдап емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзын ғұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып, өзгертілмеген тіл жоқ: я азып өзгерілген, я асып өзгерілген, ел бұтақтап ескен сайын, тіл де бұтақтаған. Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әртүрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан. Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әртүрлі халықпен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінің түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған, мақсұт – сол жікті бітеп жалғау болса, оған түзуді қисық деп, дұрысты қате деп қыңыр жолмен кірмей, тура жолмен келу керек. Шөнкі дұрыс пен қатені, қисық пен түзуді айыруға жаратқан көкіректе көз бар. Қате қайда, дұрыс қайда – қаралық. Дұрыс емле менен қате емлені айыруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар дейім: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ, емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын, емле – жазу үшін шығарған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының аяғы болып шығады. Түрік тілінің бәріне хомуми емле болу керек десек, түріктің қай баласында азбаған тұнық тіл, түзу емле болса, соны аларға керек. Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ.

Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кемітіп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ақ, ол емлесі дұрыс па, қисық па, қаралық.

Ең әуелгі біздің қисық көрінетін емлеміз «лер» орнына «дер», «тар», «лар» (жіңішке сөздерде «дер», «тер», «лер») деп жазғанымыз. «Үш түрін жазғанмен, «лар» деп бір-ақ түрін жазса болмай ма?» деген. Бұл дұрыс болар еді, егер де сөздің бәрінің аяғы дауысты дыбыспен біте берсе. Сөздің аяғы дауыссыз дыбыспен де бітетін жері болады, һәм сондай жерде қазақта «лар» орнына «дар» я «тар» жазылады. Дауыссыз дыбыстан соң да «лар» жазсақ, болмай ма деген сөз, мәселен, «қараймын», «сөйлеймін» деп жазған соң, «бараймын», «бираймын» деп жазсақ болмай ма деген сықылды, я болмаса «малдай», «малда» деп жазған соң «малындай», «малында» деп жазбай – «малыдай», «малыда» деп жазсақ болмай ма? деген сықылды. Сондай-ақ «балалар», «аналар», «аталар» деген сөздер «лар» мен жазылады деп «маллар», «нанлар», «атлар» деп жазу керек деген сөз «бараймын», «бираймын», «малыдай», «малыда» деп жазу керек дегенмен бірдей. Сөздің ұшығы бірде дауысты дыбысқа тіркеледі, бірінде дауыссыз дыбысқа тіркеледі. Дауысты, дауыссыз дыбыстың ауанына қарай сөздің ұшығы да өзгеріледі. Қазақ бұл екі орнын да айырады. Тіл табиғатынан қарағанда қазақтың солай істеуі дұрыс: «мал» - «малдай» дегенде («н») жоқ; «малды» - «малындай» дегенде «н» неге қосылады? Әрине, «малы» деген сөздің аяғы дауысты дыбыс болғандықтан қосылып тұр. «Малы» дегеннен шыққан ұшықтарды «мал» дегеннен шыққан ұшықтармен бірдей істеу керек десек, тіл табиғатына дұрыс келе ме? Сондай-ақ «бала», «ана», «ата» һәм «мал», «нан», «ат» деген сөздердің бәріне де «лар» бірдей болу керек деген емес. Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген; сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған. Мәселен, «малдар» деп айтып көріңіз, «маллар» деп айтып көріңіз. «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады. «Маллар» дегенде тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алуымыз қиын. Бұл орынсыз жерде тұрған «л»-дың айтуға кемшілігі, естуге кемшілігі тағы бар. «Малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірілмей, тиіп кәнә өтеді, «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастайды. Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады. Қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады. Дұрыстыққа салып тура көзбен қарағанда, тіл турасында күйінерлік іс қазақта емес, басқа түрік балаларында. Ашық дыбыстары [н] көмескі дыбыстарға, көркем дыбыстары [н] ажарсыз дыбыстарға алмастырып, тілдің сиқын бұзып, сынын кетірген басқа түріктер. Даусты дыбыстардың ашық я көмескі болмағы – ауыздың көп я аз ашылуынан болады. Ауыз көп ашылғанда шыққан дыбыс ашық болады, ауыз тарылғанда шыққан дыбыс тұйықтау болады. Ауыз еркін ашылғанда

шыққан дыбыс «а» барша дыбыстан ашық; сонан соң ауыздың тарылуына қарай екінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жәй тарылса (Ә), дөңгелектеніп тарылса, «و» (о), онан әрі тарылғанда, үшінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жәй тарылса; «ی» (и), дөңгелектеніп тарылса, «ۇ» (у) дыбыстың ашықтығы қай дәрежеде болса, көркемдігі де сол дәрежеде болады. Сондықтан 1-дәрежедегі я 2-дәрежедегі дыбыстарды үшінші дәрежедегі дыбыстарға алмастырсақ, сөздің де көркі сол дәреже төмен түседі. Сөздің көркі төмендесе, тілдің де көркі төмендейді; жоғары дәрежедегі дыбысты төмен дәрежедегі дыбыстарға алмасытырп тілді аздырған кемшілік татар тілінде көп. Мәселен: «ا» (а) дыбысын «ә» (ә), «ي» (и)-ге алмастырған: «و» (о) дыбысын «ұ» (у)-ға алмастырған орындар көп. «ا» (а)-ны «и»-ге алмасырған жерлері: «алмай» (алмай) деген сөзді «алмій» (алмай) деп, (ә)-ні «ي» (и)-ге алмастырған жерлері: «кет» (кет)-ті «يَت» (кит), айт (эйт) «ايت» (ит) деп, «و» (о)-ны (у)-ға алмастырған орындары: قول (қол)-ды قۇل (кул), اوت (от) اؤت (ут) деп.

Бұлайша тілді бұзуға себеп болған нәрсе – жазу. Араб әліппесіндегі харіптер түрік тіліндегі кей дыбыстарға тура келмеген. Ол дыбыстарды жазуға басқа дыбыстардың харіптері жұмсалған. Түрік тілінде «و» (о) дыбысы бар, араб әліппесінде оған харіп жоқ; түрік тілінде «ә» (ә) дыбыс бар, оған тура келетін арабта харіп жоқ. Сондықтан «о» дыбысын «у»-мен жазған, «э» дыбысын «и»-мен жазған. Бұл дыбыстар айтылуынша оқылмай, жазылуынша оқылған. «А» дыбысы «и» дыбысына алмасуына себеп болып, түрік сөздерін де араб емлесімен жазамыз деген, мәселен: карамай – карами.

Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта. Дұрыс емес деген «дің», «ды»-ларды һәм дұрыс деген «ның», «ны»-ларды алып қаралық. Мен айтамын: «ның», «ны» дұрыс емес, «дың», «ды» дұрыс деп. Неге десем: тіл табиғатына қарағанда «ны» келерге керек дауысты дыбыстардан соң, қазақта солай «ның», «ны» дауысты дыбыстардан соң келеді. Аяғы дауысты дыбыспен біткен һәм аяғы дауыссыз не жарты дауысты дыбыспен біткен сөздерді алып қарасақ, солай екендігі көрініп тұр. Мәселен:

мал – жарты

малдың – жартының

малды – дартыны

малдан - жартыдан

малдай - жартыдай

малда – жартыда

Дауысты дыбыстардан дауыссыз дыбыстар көп. Қағида азына қарап емес, көбіне қарап жасаларға керек. Қазақша дауыссыз дыбыстан соң бәрінде «д» кіріп тұр; дауысты дабыстан соң екі-ақ жерде «н» кіріп тұр,

үш орында «д» кіріп тұр. Қағиданы аздан шығармай, көбінен шығаратын болсақ, дауысты дыбыстан дауыссыз дыбыстар көп; «н» келетін орыннан «д» келетін орын көп, қалайша қазақ тіліндегі «дың», «ды» дұрыс емес, «ның», «ны» дұрыс деп айтамыз.

Онан әрі: «нан» дұрыс емес, «ндан» дұрыс деген – о да даулы сөз, табиғатқа салғанда екеуі де дұрыс, жолға салғанда екеуі де дұрыс емес, мәселен:

жол бойынша боларға керек:	табиғат қалауынша:
атасыға	атасына
атыға	атына
қолыға	қолына

Сондай-ақ қазақтың «нан» етіп айтуға: табиғат қадауынша: қазақтың табиғат тартуынша: жол бойынша:

атасы	атасындан	атасынан
аты	атындан	атынан
қолы	қолындан	қолынан

деп айтылады. Табиғатына қарамай, жолға түсіру керек болса: «атасына» демей, «атасыға» деп жазу керек, «атасынан» демей, «атасындан» деп жазу керек. «Атасыға» деп жазған татарларды көрмеген соң, біз де «атасынан» деп жазып жүрміз.

Бұлардан басқа пысық көрінетін: «ма», «ме» орнына «ба», «бе» жазғанымыз; «ш» орнына «с» жазғанымыз. Бұларды қазақ айтады: солай айтылатын боған соң, солай һәм дейміз. Османылар «бін» дейді, біз «мен» дейміз, османылар «уар» дейді, біз «бар» дейміз; османылар «дағ» дейді, біз «тау» дейміз. Осы сөздердің қайсысы дұрыс? Османыларға сендердің «бін», «уар», «дағ» дегендердің дұрыс емес, «мен», «бар», «тау» деп жазу керек дейміз, жөн бе? Сол сықылды ба, бе дұрыс емес, ма, ме дұрыс деп айтудың жөні жоқ. Солай: ма, ме, яки ш жазса да түсінер; ол бірақ қазақша болмас. Татарлар неге «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, «атасына», «атасындан», «атасындай» деп жазады? Атасыға – атасындан – атасыдай деп жазса, түсінбес пе? Әрине, түсінеді, бірақ солай жазбайды. Олай жазса татарша болмайды. Қазақ та солай: ның, ны, лар, лық, лы орынсыз жерлерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; жөнге тілдің өзі табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған. Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойса, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң, оның түбі ол тілді бұзу, өзгерту болады. Қазақ тілін

өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп ашып айтарға керек. Емлесін қата десек, тастап бізге келер деген ой – қата: ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық қазақта көз жоқ дегендік болады.

Егер де Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлығ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады. Азбаған асыл тілден емле шығарып соған қарап басқа емлелерді түзету керек.

Ақтығында айтатыным: бұл күнде жазылып жатқан кітаптарда, газеттерде, журналдарда қазақ тілінде болсын, татар тілінде болсын анықталған қағидалы емле жоқ. Қағида жоқ болған соң, қисық, түзу емле деп айтуға да жол жоқ. Тұтынып жүрген емлеміз сап түзеген солдаттардай болғанша, мұндай сөзді қозғау түзелуімізге себеп болады. Сондықтан бұл сөзді қозғаған Хасан Ғали әфендіге алғыс айтамыз.

«Қырық мысал», «Маса» тұрасында айтатыным: олар халық үшін жазылған нәрсе, халық айтуынша жазылған. Өз тілімізден шығарып емле түзегенше, халықтың айту ауанынан шықпаймыз. Басқаларда даяр емле бар ғой, соны алайық деп, қисық емлеменен тілімізді қисайтпаймыз. Тілдің ауанына қарамай, харіптің, емленің ауанына бұрып тілдің көркін бұзған, әдеби тілмен жазамыз деп, жат тілмен жазып, өз тілінен айрылған басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз. «Уақыт» пен «Шора»-ны оқығанда, қолымызға лұғат кітабын алып отырып оқимыз. Ойлаймын, арабша оқымағандардың бәрі де солай оқитын шығар деп.

«Уақыт» пен «Шорада» бастан аяғына шейін арабша сөз аз ба? Соларды лұғатдан іздеп отырып оқығанда, бастан-аяқ оқып шығуға қанша уақыт керек. Егер де нағыз түркі тілімен жазылса, арабша оқымаған адамдарға да лұғатсыз оқуға болар еді, оқығанда уақыты да көп кетпес еді.

Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісіз. Қазақ я құрып жоқ болар, я өз тілімен де өзгелердей тіршілік етер. 20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас.

Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек

Қаншама талпынғанмен, қаншама күшін салғанмен жеткілікті қылып школдар ашуға үкіметтің шамасының келмейтіндігі анықталып отыр. Қазақ республикасында ашылатын әр түрлі школдарда, кітапханаларда әм басқа оқу орындарында қызмет қылатын 2616 кісінің ғана расқодын көтермекші болып отыр. Бірақ оқу жұмысын жөндеп, балаларды тегіс оқытуға 20 мыңнан артық кісі керек. Бұлардың әм басқа расқодтары керек.

Оқу жұмысынң шығындарының көбін үкімет орындарындағы жиналатын әр түрлі салықтардан жұмсандар деп отыр. Бұл турада жұмыстың көбі губисполкомдардың мойнына ауады, бірақ олардың да жарылқауы, оқу жұмысына жеткілікті ақша берулері қалықтың байлығы, шаруаның жақсылығы әм салық тез, түгелімен жиналуымен байлаулы нәрсе. Осыған қарағанда, бұл орындарда жиналатын салықтарға сеніп отыруға болмайды. Сенгенмен губисполкомдар тезден аша алмайды. Оқудың мезгілі өтіп бара жатыр, балалардың бір жыл болса да оқусыз қалулары үлкен зиан екендігі белгілі. Бұдан былай ұйқыны қойу керек. Енді бұл жұмысқа қалықтың өзі кіріспесе, болмайды.

Бұрын Николай заманында бірнеше жыл ізденіп, шығынданып ашатын школды Кеңес үкіметі өзі-ақ ашындар деп ұран шақырып отырғанда, қалықтың үндемей отыруы – зор айып, күнә. Школдың расқодынан қашпай, бұрынғы жалдап молда ұстап бала оқытатын расқодты мойындарына алып, школ ашулары керек. Бұл жұмысты айаққа бастырып, орындап, ел арасындағы оқығандардың, ушител, мұғалімдердің мойындарындағы зор міндет – школды мынау реттермен ашу керек: бір ауылнай, не бір болыс ел күш біріктіріп, байға байша, кедейге кедейше үй басына салық салып, сол жиналған салық оқытушылардың әм басқа қызметкерлердің ақысына, школдың керек-жарағына міндетті болып, жергілікті оқу бөлімдерімен догоуор жасап, школ ашу керек. Бұл қалыпта ашылған школдардың оқыту, балаларға тәрбие беру тәртіптерін сырттан оқу бөлімдері бақылауға тиіс. Оқытушыларға ақы кәсіпшілер ұйымы белгілеген мөлшермен беріледі. Салық төлеп оқуға шамасы келмейтін кедей балаларына бірнеше орын қалдыру керек, оқу құралдарын: кітап, қағаз, қалам сықылды нәрселерді жергілікті оқу бөлімдері алуы тиіс.

Ауылдың жиі жерінде балалар үйлерінен келіп оқуға болады, бірақ ауыл сирек, әр жерде отырған болса, қыс күні әсіресе киімі жоқ кедей балалары келіп оқуға өте қиын. Сол себепті балалар көбірек ауылдарда школдың қатар бөлімдерін ашу керек. Бұл қатар бөлімдердің расқоды ортадағы школға деп елден жинаған салықтан берілуі керек. Бұл сықылды қатар бөлімдер ашуға, ауылдар өте сирек болып, аралары өте шалғай

болса, әрине, балалар келіп оқуға болмайды, соның үшін школдың жанынан балалар жатып оқитын үй (общежитие) не болмаса интернат ашылуы қажет. Интернат ашылғанда, бай балалары өз тамағымен келіп жатып, шамасы келмейтін кедей балаларына елден азық-түлік жинап беріп, сол үйде жатқызып оқыту керек. Мұндай интернат болмаса, кедей балалары оқи алмайды. Жоғарыда айтылған бойынша школды бір ауылнай не бір болыс ел болып ұйымдасып ашпаса, жеке бір кісі, иаки бірнеше кісі болып ашуға болмайды. Себебі, ондай школдарды ашушылар меншіктеніп, оқу-тәрбие жұмыстарын өздерінің дегенінше жүргізуге тырысып, үкіметтің школдар қақында шығарған жобаларын, тәртіптерін қолданбасқа мүмкін. Соның үшін жергілікті оқу бөлімдері бұл жұмысқа өте шұғыл қарауы керек.

Екінші, айтылып өткен реттермен ел арасындағы каператіп әм басқа ұйымдар школ ашуға кірісулері керек.

Осы жұмыстарды ілгері бастыруға елдегі сенімді азаматтар зор міндетті әм қалықтың өзі де бұл жұмысқа салқын көзбен қарамай, шығатын азын-аулақ шығынға көзді жұмып жіберіп кірісулері керек.

Мектеп керектері

Өткен нөмірде қазаққа қандай бастауыш мектептер керегін жазып едік, енді ол мектептерге не керек, сол жайынан жазбақшымыз.

Қазақ балаларын ана тілінде төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту жайын жақсы білетін мұғалімдер үш жыл оқытқанда бірталай білім үйретуге болады. Ана тілінде жазылған кітаптар, газеталар, журналдар о ғайри ана тіліндегі жазу-сызу бастауыш мектептен шыққандардың мүлкінде болады, иағни солардың бәрінен де пайдалануға қолынан келетін болады. Біздің қазіргі ел ішіндегі мектептерімізде жоғарғы айтылған шарттардың біреуі-ақ бар, ол бар дегеніміз – ана тілімен оқыту. Басқа шарттары орнына келмеген соң, үйренерлік білімнің көбін білмей, балалар азын ғана біліп шығады. Бізде қазірінде төте оқу жолымен оқыта білетін педагогика, методикадан қабардар мұғалімдеріміз жоқ қасында. Бастауыш мектепке керек құралдарымыз сайлы емес. Кесіп пішкен проғырамма жоқ. Сондықтан қазаққа қандай мектеп керектігін сөйлегенде, ол мектепке не керек екендігін де айту тиіс.

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі әм сондай болмақшы, иағни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан қабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы әм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді әм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы әм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі белгіленген проғырамма. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі иә мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз иә мерзімді өлшеусіз істелген іс олпы-солпы, иә артық, иә кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқаөткізбек үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, бастауыш мектепке үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім проғырамма деп аталады.

Өткен нөмірде біз айтып өттік, қазақ үшін ашылған орыс школаларының мұғалімдері, оқу құралдары сайлы деп. Біздің ана тілімізде оқылатын мектептеріміздің құралдары, мұғалімі сондай сайлы болуға тиіс. Сонда мектеп проғыраммасын үлгеріп, орнына келтіре алады. Мектепке керек нәрсенің бәрі сайлы болмаса да мектеп ақсайды, проғырамма бойынша үстіне артқан жүкті дұрыс алып жүріп, мерзімді жеріне мезгілінде жеткізе алмайды. Сондықтан мектеп керек болса, мектепке нәрселері де сайлы болуы керек.

Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығарға тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтан бұрынырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызда да жоқ. Қазақтардың өздері дарилмұғаллимат (педутшилише) ашып, мұғалімдерін сонан оқытып шығаратын заман алыс жатыр. Қолдан келмейтіндерін қойа тұрып, қолдан келерлігін дұрыстау тиіс. Орыс мұғалімдік школаларынан шығып, утшител болып жүрген қазақ жастары бар, мұсылман медреселерінен оқып, мұғалім болып жүрген қазақ жастары бар. Осылардың екеуі де толық мұғалімдікке жарайды, егерде бұлардың біреулері мұсылманша қат білу жағынан, екіншілері педагогика, методика жағынан кем соқпаса.

Осы күнгі орысша оқығандардың көбі мұсылманша қат білмейді, мұсылманша оқығандардың көбі педагогика, методикадан қабардар емес. Қазақтан тәуірірек школ әм медресе бітіргендер аз. Ол аздың үстіне орысша оқып, мұсылманша да білетіндері аз. Мұсылманша оқып, педагогика білетіндері аз. Жұртқа тәртіпті мектеп керек. Мектепке сайлы мұғалімдер керек. Мектептерге мұғалім боларлығымыз жоғарыда айтылған екі түрлі жастарымыз. Олардың сайлы мұғалім болуына жетіспей тұрған жерін бітегене жетістіру ғана қажет. Орысша оқығандардың мұсылманша қат білуіне бір-екі-ақ ай үйрену қажет, мұсылманша оқығандар педагогиканы дұрыстап үйренбегенменен методиканы біліп, жаңа усулдармен танысуына оған да бір-екі ай үйрену керек. Бұл бір-екі ай үйрену қайсысына да болса, қолдан келмейтін іс емес.

Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сийа, сауыт, отыруға керек нәрселер пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағырапия, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүниаға шығару керек. Біз бұларды уақыт жетуінше қолға алып істеп жатырмыз. Бірақ, бір жағынан, басқа жұмыспен байланулы болғандықтан, бір жағынан, басы ашық мәтбуғамыз болмағандықтан, тез үлгеріп бола алмай жатыр. Шыға бастағандарына өкпесі бар кейбіреулер сын таққан болып жатыр. Сынағанда біреулері тіпті қолына алып қарамай, екіншілері қараса да танымай сынап жатқан көрінеді. Әркім сынау керек өзінің жақсы білетін нәрсесін. Білмейтін нәрсені сынаймын деп, құр өзінің білмегендігін көрсетеді. Біреудің бір нәрсенің білетін, білмейтіндігі істегенде ісінен көрінеді. «Айқап» журналында «Оқу құралы» есімді қазақ әліппесіне сын тағып отырғандар

жана усулдарды білмейтін адамдар. Ол әліппе жазылған жана усулдардың ең жақсысы – усул сотие жолымен. Оқу кітаптары жазуларды оқыта білетін, усулдармен таныс мұғалімдер үшін. Машина әм басқа құралдар жасалады сол машина құралдардың тетігін біліп пайдаланатын адамдар үшін. Жұмсауын білмей кінә қойу көзілдірікке кінә қойған маймыл сияқты болады иә аузы қисық бола тұрып айнаға өкпелеген сияқты болады. Біз оқу құралдарының подретін алып істеп жатқанымыз жоқ. Біздікі жаман болса, жақсысын шығарындар. Жақсы шықса, жаман қалатын.

Бұл оқыту жайының таласы ақыретте не болады деп таласу емес, қазақ жерді олай иә бұлай алса, түбінде пәлен болады деп таласу емес. Олар алдағы нәрселер. Оқыту жайын кім жақсы, кім жаман білетіндігін көзге көрсетуге болатын нәрсе – педагогика, методикаларды кәміл білетін адамдардың алдында әліппе шығарушы әм сын тағушы, екі жағы сынға түссін, тұтынған усулы бойынша балаларға сабақ беріп көрсін. Таласпайтын орында талассын, ауыз ауыртпай соны істеу керек. Әйтпесе, біліп сын таққанымды, білмей сын таққанымды жұрт қайдан білсін деп мінеу – жұрттың бәрі жақсы мен жаманды айырмайтын ақымақ деп ойлаған болады ғой. Бұ жағын «Айқап» ойлап иә ойламай орын беретініне түсініп жете алмаймыз.

Петерборда осы күні болып жатқан кеңесте рухани істермен қатар мектеп мәселелері де қаралып жатыр, соңыра Думада да солай қаралмақшы. Ана тілімен оқытамыз деген пікір – кіли орыстан тегі басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігіне еш талас болмасқа керек. Назаров кеңесінде қазақта ана тілімен оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы шенеуніктер болған. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде оқытатын кітаптарымыз бар деп айтуға жарарлық болуымыз тиіс.

Оқу жайы

Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенінен көріп тұрамыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі – ойлап қараса, біздің қазаққа мағлұмсыз емес. Бұл заманда не нәрсе машинаға айналды. Қазақ биыл 5 теңгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 теңгеге қайта сатып алады. 10-11 сомға алып отырған былғары – былтырғы 4-5 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 5-6 сомдық шұғалар, торқалар – қазақтың бір пұтына 3-4 сом алып, сатқан малының жүні.

Қазақтың осы күні сатып алмайтын нәрсесі жоқ, сол алған нәрселерінің бірін де қазақ өзі істеген емес. Қазақ пайдаланып отырған шөп шабатын, киім тігетін машиналар, соқа-сайман, арба-шана, киім-кешек, ыдыс-аяқ бәрі де зауыт, фабрикаларда істеліп шыққан. Бұл істеліп шыққан нәрселердің сүйегінен іс ақысы он есе қымбат. Бұлай болғанда, қазақ басқа жұрттың өнерін қымбатқа сатып алып отыр. Мұнан 20-25 жыл бұрын қазақ Бұқар, Ташкентке түйемен кіре салып қанша пайда қылушы еді. Теміржол түскен соң ол пайда да қазақ қолынан кетті. Басқа жұрттарда өздерінің істеген нәрселері өз ішінде сатылып, жұмсаған ақша өз елдерінде қалып, шетке кетпейтін болса, оны жұртқа шығын деп есептемейді, тек бірінен-біріне ауысқанға санайды. Қазақ малының басқаларға кетпейтін орны жоқ. Жоғарыда айтылған шаруа туралы болсын, партияға мүбталла болсын, бәрінде де қазақтың байлығы осы көлденеңге, көк аттыларға түсіп, соларға жем болады.

Қазақтың шаруасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жағынан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тиісті сыбағасын қианат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік.

Осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызып, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүниенің бір шеті мен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған – ғылым, от арба, от кемелерді жүргізген – ғылым. Осыларды істеп отырған жұрттың бәрі де сондай болмаған. Бұлар да басында біздей, қатта бізден де өнерсіз болған. Халық жүре, оқи, талаптана келе осыншаға жеткен.

Әуелгі заманда жұрт шақар дегенді білмейді екен, далада аңша өсіп-өніп жүріпті, араларында «менікі-сенікі» болмапты, аңның терісін киім, етін тамақ, тарамысын жіп, сүйегін ине қылды, екі ағашты біріне-бірін үйкеп от шығарды. Жазу-сызуды көпке шейін білмеді, соңынан оны да ойлап тауып, басында аңның терісіне жазып жүріпті. Сөйткен жұрттар осы күні қандай тамаша іс қылып тұр!

Енді біздің қазақта оқудың көп-азын мөлшерлеу үшін мынау есепті көрсетеміз. Әр жердегі қазақтың өнер-білімі қаралас, сол себепті бір облыс, иаки бір уез елдегі оқудың таралуын көрсетсек, күллі қазақтағы оқуды шамалауға болады.

Торғай облысында 1912-нші жыл бірінші ғинуарға шейін 570 мың 109 қазақ тұрған, қазақ баласы оқитын 132 школ болған. Бұлай болғанда, әрбір 3 мың 561 кісіге бір школдан ғана келеді екен.

Қостанай уезінде 1909-ншы жылғы есеп бойынша 60 мың 594 еркек, 52 мың 63 әйел – барлығы 112 мың 657 қазақ болған. Бұлардан қазақша оқыған (қат танитын) еркек 6 мың 65, орысша қат танитын 690. Қазақша қат танитын әйел 379, орысша қат танитын әйел 29. Бұл есептен көрінеді: Қостанай уезінде қазақша қат танитын еркек әр бір жүз кісіден алтау, орысша қат танитын әйел әр бір үш жүз кісіден біреу, орысша қат танитын әр бір төрт мыңнан біреу екен. Бұл сипырлар қазақта оқудың тіпті аздығын көрсетеді. Қостанай қазағынан кейбір жерлердің қазақтары кем оқиды.

Қазақта орысша болсын, қазақша болсын оқу ісі жақсы тәртіпке қойылмаған. Қостанай уезіндегі 132 школдың 109-ы ауылнай школ. Қай жерде болса да қазақ үшін ашылған школдардың көбі ауылнай школ. Сонда оқыған балалар ілгері школдарға келіп оқымаса, тіршілікке пайдалы білім алып шыға алмайды. Азғантай үйренген орысша жазу-сызуынан қарайып, тілін тіпті ұмытып қалады. Қазақ баласы тәуірірек оқырлық школдарда қазыналық орын аз, өз күшімен оқытуға әркімнің шамасы келе бермейді. Екі класты школдар әр уезде бір-екеуден, оларға 30-дан артық қазақ баласын алмайды. Орта әм жоғарғы школдарда қазыналық орын бұл кезде жоқтың қасында. Әр облыстың қазақтары үшін университет, институттерден 2-3-тен артық орын жоқ. Бұрынғы ашылған орындар әр түрлі сылтаумен кеміген. Сүйтіп, тәуірірек оқитын орындардың қазақ үшін есігі бекіп, жолы жабылған.

Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді, тәртіппен оқытарлық мұғалімдері аз, оқу проғырамы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша

оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғаллимін (педутшилише) жоқ.

Орысша әм қазақша оқудың екеуінен де керегінше пайдалану үшін, қазақ әуелі әр нәрсенің асылына түсініп іс етерге керек. Күкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептерімізді тәртіпке қойу, қазақша оқуды қалыққа тарату - өз міндетіміз.

Жалпақ жұрттың қолы орысша оқуға түгел жетсін, оқымаған жан қалмасын, орта әм жоғарғы школдардан көбірек оқылсын десек, қазақтан қазынаға деп жиылған ақшалардың нендей орынға, оның ішінде оқу жолына қанша жұмсалатынын, күкіметтің осы күні қазақты оқытуға жұмсап отырғаны бізден жиылып тұрған ақшадан артық па, кем бе – соны білу керек. Егер кем болса, кінәлі күкіметке аудармай, кемін толтыру керек, ақшаны артық төлеп, пайдасын кем көретін болсақ, лайықты жолымен есептесіп, школдарды көбейттіріп әм жоғарғы школдардан молырақ орын аштыру тиіс.

Қазақ қалқында бұл күндегі орысша әм қазақша оқу жайы осы. Мұнан былай оқу әм оқыту мәселесі «Қазақ»-та түгел жазылып тұрмақшы.

Орысша оқушылар

5-інші ауғыста Орынбордағы киргизский утшителіский школаға кіремін деп келген талапкерлерге емтихан болды. Кіруге келген 80 кісі еді, оның жартысы қазақ, жартысы орыс балалары. Жаңадан аларлық қақында әм степендиа орны алтау-ақ екен. Келген 80 кісінің алтауынан басқалары ауқаты көтерсе өз жанынан оқымақшы. Өз жанынан оқитындар пәтерде тұрып, сонан келіп оқып жүреді, иә жылына 150 сом төлеп, школдан тамақ ішіп, киім киіп, сонда жатып оқуға да болады. Бай адамдарға жылына 150 сом көп ақша емес, кедейлерге күшінен келмейтін көп ақша. Солай болған соң дұрысы былай істемек еді: бай балалары өз жанынан оқып, жарлы балаларына қазына орнын беру еді. Оны істейтін біздің Торғай мен Орал облысында байлар жоқ. Қазына орнына бай балалары жарлы балаларымен таласа кіреді. Қазақ байларының қалыбын істемей тұрған Мамановтар көрінеді. Медреседе оқып жүрген балалардан зерек-зерек балаларды таңдап алып, мұсылманша болсын оқу оқып қайтуға жібереді екен. Сондай жіберген баланың бірі биыл киргизский учительский школға кірді. Бұрын «Медресе Ғалиада» оқып, былтырдан берлі орысша мұғалімдік ғылымын білу ниетпен утшителіский школа иә семинарияға кіру үшін орысша оқыған екен. Талапкерлерге керекті ақшасын беріп, оқуға жіберіп жүрген байлар да, олардың ақшаларын адалдап орнына жұмсап жүрген бала да жарайды. Бір жыл орысша оқып, бірден соңғы болып школға емтиқан еріп кірді. Жоғарыда айтылған алты бос орынның үшеуі қазаққа, үшеуі орысқа екен. Маманов талапкер қазынадан тиісті орнын емтиқаннан 5-інші болып келген бір жарлы баласына беріп, өзі Мамановтардан алатын ақшасының 150 сомын төлеп, школада жатып оқитын болды. Сөйтіп, биыл қазақтан келген қырық баланың төртеуі-ақ кірді, басқалары өз күшімен оқуға ауқаты жоқ болған соң, қазына орыны жетпеген соң еліне қайтты. Жылда утшителіский школаға 40-50 бала келеді, төртеу-бесеуі, яғни оннан бірі кіріп, басқалары оқуға (қаржы) таба алмай, еліне қайтады. Бұлар городской, губернский класты, селский школа бітіргендер. Олар оқырлық орындар шамалы; утшителіский школаға, семинария, адам фелдшері иә мал фелдшерінің школалары. Торғай мен Орал облысында фелдшерлік школалар жоқ. Семинариаларда қазақ степендиасы иә тіпті жоқ, иә бар болса аз, жоқ есебінде. Киргизский утшителіский школада қазына орны 60, оның жартысы қазаққа, жартысы орысқа деп, ол жағынан да үлкен ауыл үлкендігін қылатын көрінеді. Торғай мен Орал облысының қазағы дендеп, көбірек оқитын орны киргизский школа, бұған кіре алмай қайтқаны оқи алмай қалғаны. Бұлардың 5-6 жыл оқып білгені шала-шарпы мұсылманша

кат біледі, білмегендерінде ол да жоқ. Переуотшик, қатшылық орын-морын табылса жарады, табылмаса елде тұрып тіл де, жазу да ұмытылып, оқымаған қалпына түседі. Сана-саңылау түскендей иә мұсылманша, иә орысша жете оқыған жоқ: «аз білімін көпсініп, көп қазаққа епсініп», переуотшик иә қатшы болса, пысықсып тікектейтіндер осылардан шығады.

Жоғары әм орта оқулыларымыз аз болса да, шолақ оқулыларымыз тәуір бар. Ең аз болса қәр облыстан шолақ оқумен қалатын қазақ баласы 50-60 болады. Бұлардың қызметке кіргендері қазаққа епсінумен болады, үйіне тұрғанының оқығанынан жұрнақ қалмайды.

«Асыл тастан, өнер жастан» деуші еді, шырақ ұстап, жұрт алдына түсіп, түзу жолға бастайтын адамдар шығар деп, үміт ететін жастарымыздың жайы осы. Орысша оқығандарымыз дейтіні шолақ оқулылар болса, оларға өкпе жүрер ме? Егерде оқығандарымыз деп жоғары иә орта оқулыларды айтса, олар тіпті аз-ақ есепте емес пе? Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек. Үлкен үй салуға да қанша жұмысшы керек, жеті облыс қазақтың жұмысы үй жұмысынан ұлұғырақ емес пе? Жұмысшы аз болса, жұмыстың өнімі де аз, көп болмақшы. Егер де оқу іздеген талапкерлеріміздің қырықтан төртеуі ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырып далада қалып отырса, жұрт жұмысшысы көбейіп мандыр ма, жұмысшы көбеймесе, жұрт жұмысы ілгері басып өнер ме? Алты миллион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе? Бұ да сол сияқты емес пе?

Сол қаңғырып қалып тұрған балалар ұлттың ұлы емес пе? Балам деген жұрт болмаса, жұртым деген бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштармын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққан қазына, қазынаға борыштармыз деп жүр. Жастарды оқыту расқодынан қашып, қазынаға борышты қылып қойса, жастарда не жазық бар? Баланы ұлша тәрбиелесең ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең құл болмақшы. Айып...? Егерде осы күнгі орысша, оқығандардың арасында жұртым... шығып жатса, жұрттың өткізген ... төлеу үшін емес, адамшылық о... басынан атқару үшін. Мойындағы борышты білу білімі ісі, борышты төлеу – адамшылық ісі. Білім мен адамшылық екі басқа нәрсе, бірақ борышын білушілер көбейсе, төлеушілер де көбейуі ықтимал.

Жоғарыдағы айтылған сөздердің ақтығы мынау: әуелі, қазақ, жұртшылық етіп оқимын деген жастарыңды бүйтіп қаңғыртып қоймас үшін, қам қылыңдар! Ол үшін әм жердегі оқитын орындарда көбірек стипендия ашу керек, оны ашу қиын да емес, қымбат та емес. Баланы

оқыту ата-анасына ауыр болғанмен, жұртқа жеңіл. Екінші, стипендиаларды түрлі школдарда ашу керек. Қандай школдарда, қанша степендия ашу әм ...

Бастауыш мектеп

Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петерборда болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан «Қазақ» өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы. Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды, Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз. Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек деген мәселені шешерден бұрын, осы күнгі тұтынып отырған бастауыш мектептердің жарамды, жарамсыздығын тексеріп, сонан соң керек мектебіне түрлі болу жайын сөйлеу тиіс.

Әуелі ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақша қат білушілердің протсенті мұжықтардан жоғары. Осы күнгі тек қат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептен оқып, қат танып, жазу үйреніп шыққандар. Мұнан көрінеді: осы күнгі мектептер осыншама жайсыз, күйсіз қалыбында қалық арасына оқу, жазуды мұжықтар арасынан гөрі көбірек жайып атқаны, бұл мектептің қалыққа жақындығы, балалар білімді ана тілімен үйренгендігі.

Алайық енді орыс школаларын. Қазақ арасындағы орыс школалары ауылнай, болосной екі класты школалар. Бұлардан бітіргендер ілгері оқымаса, онда жоқ болып, шала оқумен қалады. Елде бір-екі жыл тұрса, оқығанның көбінен айырылып, оқымағандармен бірдей болып, оқыған еңбек бос кеткен есебінде қалады. Бұл күнде екі класты школа бітіргендерден ауылнай утшител, писарь болып жүргендері бар екені рас, бірақ бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек ғой. Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек. Осы заманда қат білмеген адамның күйі тіл иә құлағы, иә қолы, жоқ адамның күйімен бірдей; мұнан былай қат білудің керектігі онан да аспақшы. Бастауыш мектептен оқығандар писар, утшител, фелдшер, адуокат, содиа, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық қат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек. Егерде бастауыш мектептен оқып шыққандар ілгері оқымай, үйінде қалса, ұлт әдебиеті мен мәтбуғатының мүлкін пайдаланарлық даражалы біліммен қалсын. Әр оқимын деген қалде: мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы артқы оқудың негізі болуға

жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қиындығын жеңілтерлік демеу әм негіз болуға жарасын.

Жоғарыда айтылған қазақ ішіндегі осы күнгі екі түрлі бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің түрінен табылмайтын мектептер. Бірінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Қалық оқуды керек қылғандықтан, жаман да болса, «жоғынан бары артық» дегенмен істеліп отырған іс. Екіншісінде, иағни, орысша школаларда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ, сонысына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школалар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып, орыс әрпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі, балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс әрпімен оқысын дейді. Соның үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқытып, әрірек барған соң, кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді.

Өткен жыл 14-ші ийіуінде патша жарлығы бойынша шыққан прауилада Ресейдегі бөтен текті жұрттардың мектебінде бастапқы екі жыл ана тілінде оқылсын деген. Ол прауилаға Оқу министрі қол қойған. Оның бер жағында Қазақ округінде бір инспектыр попешителге жазған: утшителдер шуваш балаларын шубаш әліппесімен оқытпай, бірден орыс әліппесімен оқытқанды онай көреді деп. Оны попешител министрге жеткізген. Министр енді жазып отыр: шубаш мектебінде орыс әліппесінен бастап оқытқанды бек ұнаттым, бек келісті іс екен – деп. Сүйтіп, шубаш балаларын шубаш тілімен әм шубаш әліппесімен оқытпай, бірден орыс тілімен, орыс әліппесімен оқытуға министр батасын беріп отыр. Бастапқы екі жылда ана тілімен оқытуға тиіс деген прауилаға қол қойушы да министр, онан кейін ана тілімен оқытпай, бірден орыс тілімен оқытуды ұнатушы да министр. Бұл екі қағаздың қайсысы іске асып, қолдануда болмақшы? Қайсысы күкіметке жағымды болса, сонысы іске аспақшы. Күкіметке жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Ресей қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, күкіметке онан артық ұнамды іс болмас. Сондықтан 14-ші ийіуінде министр қол қойған прауиланы 16-нші нойабрде министрдің жазған қағазы жеңбекші. Ондай прауилалар іске аспай қалу үшін, бір миссионер инспектор жазса, болғаны: өз әліппесімен, ана тілімен оқытып отырсақ, қай уақытта жазу-сызу, тілі жоғалды? Тегі, бөтен жұрттар

тілінен, жазу-сызуларынан айырылып, орыспен бірдей болып сіңісу үшін, бірден орыс тілімен оқыту керек – деп. Бастапқы кезде ана тілімен оқыту тиіс деген сөз 1906-нші жылғы 31-нші март прауиласында бар еді. Осы күнге шейін ауылнай, болосной екі класты бастауыш мектептерде қазақ әліппесімен қазақша басталып оқылғаны еш жерде естілмейді. Себебі не? Прауила бойынша қазақ тілі мен қазақ әрпінен бастап оқыт деген отырған балалардың ата-анасы жоқ. Қалықтық өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң, утшителдер өз беттерімен ана тілмен, ұлт әрпінен бастап оқытамыз дей қоймайды. Сөйтіп прауила қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жоқ. Бұл айтылғанның бәрі де күкімет өз пайдасын көздегендіктен істеліп тұрған істер. Бастауыш мектептер жалғыз күкімет пайдасы үшін болмай, қалық пайдасы үшін де боларға керек. Күкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр қалыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң, бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, иағни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деген құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс. Араб әрпі ислам дінімен бірге келіп, қазаққа орнаған. Дінмен байласқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазақта газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газета, журналы шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда, қазақ тілі жоғалмас.

Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден күкімет безіп, тиісті бастауы мектеп екі жаққа да зиансыз, пайдалы болуын көздеу. Солай ойлағанда, көңілге ұнамды мектептің түрі, біздің ойымызша, мынау: Бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу. Мұжық жөнімен қала болған қазақтар бар, қазақ ретімен қала болатын қазақтар да болар. Қыстаулары жиын қазақтар да бар, қыстаулары сирек қазақтар да бар. Солардың бәріне бастауыш мектеп қолайлы болуға тиіс. Бәрінің де оқиян деген балалары, мектеп жағынан қолайсыздық болып, оқи алмай қалатын болмасқа тиіс. Сондықтан, әуелі, қазақ бастауыш мектебі екіге бөлінерге: Келіп оқитын, жатып оқитын мектептер. Келіп оқитын мектептер қала болған, иағни қыстауы жиын жерлерде болу, жатып оқитын мектептер әлі сирек отырған жерлерде болу.

Екінші, қыр мектебі әм қала мектебі болып бөлінерге. Қыр мектебі – ауыл мектебі, болос мектебі болып, о да екіге бөлінерге, ауыл мектебінде кілең қазақ тілінен оқылатын үш жыл оқу оқыларға, қалғаны кілең

орысша оқылатын екі жыл болос мектебінде оқыларға (тиіс). Болос мектебіне ауыл мектебінде бітіргендер алынарға (тиіс). Қала мектебі қаланың үлкендігіне қарай үш жылдық, бес жылдық оқулы боларға (тиіс). Жатып оқитын ауыл мектебі мен болос мектептеріне келіп оқи алмайтын балаларды ғана жатып оқитын есепке алуға (тиіс). Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағырапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы. Бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназиясының иаки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болу тиіс. Бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша иә орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды.

Қазақша оқу жайынан

Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытуға програмы (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқу жосықсыз һәм жосық жасауға болмайды да. Өйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқытын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана әліппе шыға бастады. Оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Әліппеден әрі оқытатын кітаптар әлі шыққан жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, жағрафия һәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан програм деген сөз әзір ертерек. Әуелі бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс.

Бұл сөзді қоя тұрып, мұнан бұрынырақ ескеретін бір жұмыс бар. Ол мынау: бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе, шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, ми ісіне де солай. Мал бағатындар мал бағуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағуын жақсы білерге керек. Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ... керек. Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқуға шыққан адамдардың қолында. Сол ақылға да дұрыс. Содия содиялық ғылымды оқығаннан болғанда, доқтыр доқтырлық ғылым оқығаннан болғанда, мұғалім мұғалімдік ғылымын оқып шыққан адамдардан болуы тиісті.

Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай, елді баға алмайтын мінін айтып жатырмыз, билерімізде содиядай әділдік жоқ, мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз доқтырдай ауруды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз, халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз. Бұлардың мінін айтқанда бала оқытуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те халықтық та – оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастарымыздың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық

түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс.

Қазақтың оқу жұмысы бұл күнде школада: қазақ балаларының бір парасы орысша оқып жүр, бір парасы ескі молдалардан оқып жүр, бір парасы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқи бастады. Орысша оқығандарды оқыту һәм тәрбиелеу ғылымы оқыған адамдардың қолында. Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет. Ескі жолдың оқуын сөз қылып, қозғамаймын. Бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрсе. Дүния тегеріші кейін айналмайды. Ескі мен жаңаның (оқытуға) шыдамдылығы бірдей емес. Ескі әлі-ақ тозып, жыртылып, пара-пара болып, тұтынудан шығады.

Жаңа жолдың оқуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, пікірлері жаңа. Ниеті – жұртына қызмет ету. Бұлар білгенін, тапқан-таянғанын жұртынан аяп қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алуға лайық адамдар. Әр жайдан хабардар, дүниеде не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жаюға нағыз қолайлы адамдар.

Бұлардың бір кемшілігі сол: бала оқыту ғылымын оқығандары ішінде кем болады. Сондықтан көбіне бала оқытуында кемшіліктері – қазақ мұғалімдері түгіл, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айыру жағына шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей, усул сотие жолымен жақсылап бала оқытуға болмайды. Менің көрген медресе "Ғалия", медресе "Хұсиниядан" шыққандардың азы болмаса, көбі қазақ тілінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб харыфына қарап есептейді. Араб харыфы дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды. Қазақ тіліндегі дыбысты жақсылап білмей, қазақ балаларын усул сотие жолымен жақсылап оқытуға болмайды.

Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқуды дыбыспен жаттықтырудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырудың оқуды, жазуды жеңілдетуге пайдасы көп екенін я білмегендік, я білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтыру – оқу мен жазу үйретудің негізі. Істің басы түзу басталса, барысы да түзу болмақшы.

Осы айтылған кемшіліктерін түзеу мұғалімдерге қиын емес. Қазақ тіліндегі дыбысты қазақ сөздерінің ішіндегі дыбыстарды айырып байқаумен білуге болады. Дыбыспен жаттықтыруды олай оқыта білетін

адамдардың оқытқанда істеген ісінен көріп үйренуге болады я білетін адамдардан 10-15 күн сабақ алып үйренуге болады.

Бұлардың бәрі де балаларды қинамай оңай оқытуға керек нәрселер. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы, балалары тез хат білсе, ата-аналары балаларын оқытуға ықыластанбақшы. Ата-анасы баласын оқытуға ықыластанса, оның оқуына керек расходты шығынсынбас еді. Сөйтіп, мұғалім жақсы оқыта білгені қазақ ішіндегі оқушыларды көбейтіп, оқу ісінің шапшаңырақ ілгері басуына күш берер еді.

Шаһзаман мырзаға

Мырза! Көзіңіз шатынап, шеке тамырыңыз шығып, аузыңыз көпіріп, таласқа кетіп барасыз. Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабырменен отырып, ойласып іс істелік. Қазақ тіліндегі дыбыстарды көп, я аз деп көрсетіп, борышыма берейін деп отырғаным жоқ ғой. Мақсат – сіз болып, біз болып, ақылдасып отырып, дыбыс басына хәріп белгілеп, жазуымызды бір жөнге салалық деген. Осы күнге һәркім һәр түрлі жазып жүр, бір жөнменен жазылатұғын жазу жоқ. Жазғанымыздың қата, дұрыстығын айырарлық емле жоқ. Оның жоқтығы қазақ тіліндегі дыбыстарға ашып-арнаған хәріптер жоқ. Бір сөзді екі түрлі жазады. Мысалы, сізде **اوزه ن – يوزه ن** екі түрменен жазып көрсеттіңіз. Соның екі түрін жазғанша бір-ақ түрін дұрыстап, кесіп айтсақ болмай ма? .. Сіздің жазған сөзіңізден байқаймын, қазақтың тілінде неше һәм нендей дыбыстар бар екен деп, һеш уақытта ойланып қарамағансыз. Өзгелердің қазақ тіліндегі дыбыстар турасында жазғанын оқымағансыз. Дыбыс пенен хәріп екеуін бір затқа санайсыз. Мен қазақ тіліндегі дыбыстарды айтамын, сіз арабтың хәріптерін алып келіп көрсетесіз. Сіздің қарауыңызша, араб хәріптеріне дұрыс келетін дыбыстар қазақ тілінде бар болмақшы, дұрыс келмейтін дыбыстар тіпті жоқ болмақшы. Олай болғанда арабтың хәріптері қазаққа келмей тұрған уақытта, қазақта һешбір дыбыс болмасқа керек ғой. Араб хәріпінен бұрын қазақ сөйлемеді дейсіз бе? Біз ойлаймыз, қазақ араб хәріпінен бұрын да сөйлей деп, сөйлеген соң дыбыстары да болды деп. Ол дыбыстарының араб хәріптеріне тура келетіні де бар, келмейтіні де бар деп. Бары, тегіс келмейтін себебі: араб әл әліппесі қазаққа деп арнап шығарған әліппе емес, араб тіліне арнап шығарған, һәр халықтың тіліндегі дыбыстардың ішінде бөлектік болады. Бірінде бар дыбыс, бірінде жоқ болуға ықтимал. Мысалы: **ح, ف, ه** дыбыстар арабта бар, қазақта жоқ. **ى** (ы), **ې** (Ә), **پ** (п) дыбыстар қазақта бар, арабта жоқ. Араб әліппесі өз дыбыстарына арнап шығарылған. Олардың дыбыстарының арасында «о», «ы», «э», **پ** (п) дыбыстар болмаса, бұл дыбыстарға тура келетін хәріптері де болмаса керек. Сіз қалай ойлайсыз? Араб әліппесінде тура келетін хәріпі жоқ дыбыстарымызды тіпті жоқ қылу керек пе? Негізінен ойлаңызшы, тіл хәріп үшін шығарған нәрсе ме? Болмаса хәріп тіл үшін шығарған нәрсе ме? Әлбетте, хәріп тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса хәріпі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ хәріпті іздеп табарға керек. Ол жалғыз бізде емес, өзге жұртта да болған, хәріпке бола тілді бұзбайды, тілге бола хәріпті

бұзып өзгертеді. Өзіңіздің көрсеткен хәріптеріңіздің ішіндегі «چ», «ث», «پ» осындай түсін бұзумен табылған әріптер емес пе?

Бұл – ойыңыздың негізгі қатасы. Негізгі қата болған соң, әрмен қарай басқасы да қата бола береді. Қазақ дыбыстарының бәрі де жарты дауысты дейсіз. Оны да қазақ сөзін алып, дыбысын қарамай, араб хәріптеріне қарап айтасыз. Мысалы: «Баран» деген қазақта да, руста да сөз бар (бар), «Бор» деген қазақта да, руста да сөз бар (бор), осындағы «а», «о» дыбысты тарын рустар жарты дауысты дыбыстар демейді. Олардың «о», «а» дыбыстарынан біздің «о», «а» дыбыстарымыздың неш кемдігі болмаса, біз қалай дауысты дейміз? Бұл дыбыстарды жарты десек, қандай дыбысты бүтін деп айтармыз? Қазақ тілінде тіпті «о» дыбысы жоқ дейсіз. **بور** - бор, **بوز** - боз, **جول** - жол, **اول** - ол» мұнан басқа да ішінде «о» келетін сөздер толып жатыр, бұларды қазақ сөзі емес дейсіз бе? Біз бұларды қазақ сөзі дейміз, һәм олардың ішіндегі дыбыстардың бәрі де қазақ тілінде бар дейміз. «Ы» дыбысы жоқ дейсіз. **از** - **ازی** (азы), **بار** - **باری** (бары), **جار** - **جای** (жары), **باس** - **باسی** (басы). Бұл сөздерді қазақ сөзі емес пе?

«Э» дыбысы қазақта «یه» емес, «ئه»-ге жақын дейсіз. Мен қазақ тілінде бұл дыбыс қандай екенін бек жақсы білемін, бірақ арабта тура келетін хәріп болмаған соң «یه»-менен жазалық деймін. Мұнан көрі «ئه»-менен жазу қолайлы десеңіз, олай да жазып көрелік. «ایر» деген сөзді сізше «ئیر» деп жазу қолайлы болмақ, «کيسه ك» деген сөзді сізше «كئره ك» деп, жазу қолайлы болмақ, «کيره ك» сізше «كره ك» деп жазылмақшы. Қайсысын жазу қолайлы һәм не үшін қолайлы, сіз айтпасаңыз, мен айта алмаймын. Астына екі нокатты қоюды қолайлағаным – бұрынғы жазып жүргенімізден тым алыс болмасын деген еді. «ئه» я «یه» қолайлы, көп ұнатқаны болсын.

Сіздің айтқаныңызша, «ث» «ؤ» қазақ дыбыстары болмақшы. «ث» ды қазақ тілінде бар дейсіз де, сөзіңізді ыспаттау үшін «журнал» деген сөзді көрсетесіз. Бұл сөз қазақ сөзі емес, француз сөзі ғой. «ث» қазақ дыбысы десеңіз, қазақ сөзінен тауып берерге керек. Әңгіме қазақ тілінде қандай дыбыстар бар һәм оларды қандай хәріптерменен жазу турасында. Француз дыбыстарын қоя тұрып, әуелі өз тіліміздегі дыбыстарға хәріп арнап, сөзді бір жерге қоялықшы, «ؤ» дыбысы қазақ тілінде бар дейсіз де, қай сөздерге жазылатынын көрсетпей, азырақ әдіс айтып бұлтарып кетесіз. «ؤ» дыбысы бар сөздер қазақта есепсіз көп болғандықтан жазып көрсетпеймін дейсіз. Есепсіз болса бәрін жазуға мүмкін емес, бірақ, бір-екеуін жазып көрсетсеңіз, қазақ тілінде «ؤ» дыбысы рас бар екенін көрер едік.

Көрсетпей тұрғаныңыз көптігінен емес, жоқтығынан болар. Олай әдіс жұмсайтын бұл ісіміз қазақтың сайлауы емес еді, бірақ өзіңізге ұнағаны сол шығар. Өзіңіз айтқан Ахметһази Мақсуди кітабында һәм «Төте оқу» кітабында осы екі дыбысты я ноғай, я қазақ сөздерінде бар деп, көрсетпеген ғой. «ژ»-ды рус сөздеріне жазған, «و»-ны араб сөздеріне жазған.

«ش» (ш), «چ» (ч) турасында сөзім бұрын айтылған. Не үшін «ش»-ны алмай «چ»-ны алғанымды жазғанмын, сонан басқа айтарым жоқ. Қазақта «ش» дыбысы бар һәм жалғыз, оған «ش» я «چ» - екеуінің біреуі-ақ алынады. Қайсысын алу қолайлы, көптің ұнатуы болсын.

چانا، چاڭ، چاڭراق، چال، چالا قانچا، اقچا، قاچاق

Осы сөздердегі «چ» қазақ айтқанда бәрінде де бірдей айтылады, өзгеше айтылатыны жоқ. Олай болғанда хәріпінде де өз басқалық болмай, бәрі я «چ» хәріпіменен жазылады, я «ش» хәріпіменен жазылады. Біреуіне «چ» біреуіне «س» жазылмаса керек.

« » менен « »-ны қазақ сөзіне керексіз дегенім мәнісі мынау: «ژ» (з) дыбысы қазақта біреу болса, «س» (с) дыбысы да біреу; «د» (д) дыбысы қазақта біреу болса, «ت» (т) дыбысы да біреу. «С» дыбысы һәм «т» дыбысы қазақта бір-бірден болса, оған екі-екі әріптен алып, арнау қажеті не? Сіз айтарсыз « » менен « » жуан сөздерге жазылады, «س» менен «ت» жіңішке сөздерге жазылады деп. Онда неге «س» менен «ت» -ны жуан сөздерге жазамыз. Мысалы:

باس، باسقه، جاس، جاقسى، ات، اتا، ايتو، جاتو

Бұлардың бәрі де жуан сөздер. Бұларға неге « » менен « » жазбай, (س) менен «ت» -ны жазамыз. Жуан сөзге кіріскен дыбыс жуан болып айтылады. (س) менен «ت»-ның һәмән жіңішке айтылмай, жуан да болып айтылуын көрсетеді. Бір дыбыс жуан да, жіңішке де айтылатын болса, оның екі түрлі айтылғанына екі хәріп алмаймыз. Ондай дыбыстардың жуан, жіңішке айтылу ықтияры дауысты дыбыстарда болады. Ол жалғыз біздің тілімізде емес, басқа тілде де солай. Өзіңіз ойлап қараңызшы! Осы күнде жазып жүрміз:

باس، باسقه، ... ايتو، ...

Бастапқы төрт сөзде «с» дыбысы екі түрлі жазылғанменен, айтылуы екі түрлі емес, жалғыз-ақ түрлі. Екінші төр сөзде «т» дыбысы екі түрлі жазылғанменен, айтылуы екі түрлі емес, жалғыз-ақ түрлі. Екі түрлі жазуымыздың пәлендей мәнісі бар деп айтып беріңіз! « » менен « »-ны қазақ сөзінен шығармалық.

Қазақта сөз екі түрлі: бір түрлі – жуан, екінші түрі – жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке болады. Жалғыз-ақ түрлі айтылатын дыбыстар екі түрлі сөздің бір-ақ түріне кіріседі. Һәмән жуан айтылатын дыбыстар екі түрлі сөздің бір-ақ түріне кіріседі. Һәмән жуан айтылатын «ق» менен «غ» жіңішке сөзге Һеш уақытта кіріспейді, Һәмән жіңішке айтылатын «ك» Һәм «گ» жуан сөзге кіріспейді. «س» менен (ت)-ның жуан сөздерге де, жіңішке сөздерге де кіріскені жуандық, жіңішкелік екі түріне де тұтынуға жарайтындығын көрсетеді.

Онан әрі айтасыз: «қағидасыз қойылған «ء» дәйекші белгіден не мағана шығады» - деп. Сіз не қағидамен «ا»-ның үстіне «ء» қойып отырсыз, мен де сол қағидаменен қоямын. Сіз қоясыз жалғыз «ا»-ны жіңішкерту үшін. Мен қоямын жалғыз ا емес, басқа да дауысты дыбыстарды жіңішкерту үшін. Сіз айтасыз: «жіңішкелік белгілері бек, жақсы ретке салынған» - деп. Оны ыспаттау үшін көрсетесіз «اوزه ن» яки «نوزه ن» (өзен) деген сөзді. Мұныңыз дұрыс ғой, егерде, (ө) дыбысты алғы сөздің басында келсе, сөздің орталысында келсе қалай жазылады деп, ретке салынғанын? Оны да айтуыңыз керек еді. Мысалы: جون (жон-арқа), جون (жөн-түзу, дұрыс), بوز (боз - түс), بوز (боз - шүберек) بول (бол-істе, бітір), بول (бөл-бөлекте) деген сөзімізді алалық. Бұлардың біреулері жуан, біреулері жіңішке. Жуандарынан жіңішкелерін айыру үшін не тәртіптер салынған, айтсаңыз екен. Менің «ا»-ні «ا»-тің үстінен алып сөз алдында қойғаным мәнісі – «ا»-ны жалғыз «ا»-тің үстіне қойсақ, жалғыз «ا»-ті жіңішкертуге ғана жарайды, өзгелерді жіңішкерту үшін де тағы басқа белгі алу керек болады. Мен оларға басқа белгі алынбай, осы «ا» бәріне де жарайтын болсын деймін. Олай болуы үшін «ا» жалғыз «ا»-тің үстінде тұрмай, сөздің алдында тұрсын деймін. «ا» қоюдың асыл мағанасы жіңішкерту ғой, болғанда «ا» жіңішкелік белгісі. Бұл белгі сөз алдында тұрса, келесі кейінгі сөз жіңішке екендігін біліп, жіңішке оқырға. Ахметһазиде хәріпті қалыңдату үшін үстіне нүкте қоймай ма? Ол не қағидамен қалыңдық нүктесін қойған?

Бұлардан басқа сізге күлкі көренген мынау болса керек: «менің айтқандарымды дұрыс емес дегендер наху, сарф қағидаларынан ыспат көрсетіп, дұрыс емес жерін айтсын» деген сөз. Наху, сарф дегеніміз тіл заңының ғылымы. Тіл болса, оның заңы боларға керек. Заңы болса, оның ғылымы боларға керек. Су тоңса – мұз болмақшы, хлор менен натрий қосылса – тұз болмақшы, бұлар табиғаттың заңы. Осындай

закон тілде де бар. Хлор менен натрий қосылса, тұз болатындығын байқау, қарау, іздеуменен тапқан. Тілдің де законы сол жолменен табылады. Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің законы емес пе? Осындай закон тауып жазсақ, айтсақ, ол наху, сарфтың қағидасы емес пе? Наху, сарфты мен грамматика мағынасында тұтынамын. Басқа жұртта грамматика үшке бөлінеді: фонетика, морфология, синтаксис. Менің бұрынғы жазған һәм осы жолы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы. Сіздің ойыңыздың қателігін мен көрсетерге керек, фонетикадан ыспат келтіріп. Менің ойымның қателігін сіз көрсетуге керек, фонетикадан ыспат келтіріп. Бұлай деп сізді тағы «қорқытамын». Сіздің қорықпайтын батыр екендігіңізді көрдім. Көре тұра қорқытатыным, өткен жолы шаншып алатын найзаңызбен бұлтарып кететін айдаңызды көрсеттіңіз. Бұлардан басқа өнерлеріңізді де көрмек үшін.

Мен ойлаймын сіз менім кейбір сөздерімді теріс түсініп, теріс кеттіңіз-ау деп. Сіздің қата түсінген жерлеріңіз мынау шығар деймін: әуелі мұсылманша оқудың бұлғалақ-шырғалағы көп деген, екінші – араб әліппесі дінменен байласқан, онан басқа әліппені қазақ қабылдамайды деген, үшінші – қазақ тілінен шығарып тасталатын хәріпті қазаққа тіпті білуге керегі жоқ – деп, айтады деген шығарсыз.

Русша, мұсылманша оқу жайын сөйлегенде басқалар емес, қазақ бұл оқуларды қалай оқып жүргенін айтамын. Басқа жұрттың мұсылманша оқуы кемелденген шығар, оған таласпаймын, бірақ қазақ арасында мұсылманша оқу, азын алмай, жалпақ көбін алғанда, баяғы «қызғаныш заманның» оқуынан алысқа кете қойды дей алмаймын. Усул жәдит яки төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол қазақ арасында аз таралған соң, біздің мақсатымыз да сол – оқуды қазақ арасына көбірек жаю. Усул жәдит жолын сіз 28 хәріп оқыту мағанасында ұқсаңыз, оныңыз қата, усул жәдит – жаңа жол. Ахметһази кітабында сіздің көрсеткен хәріптеріңізден басқарақ хәріптер бар. Мысалы: «ه، و، ی» оныменен Ахметһази усул жәдит жолынан шығып кетпейді ғой, біз де бір-екі белгі қосқаннан усул жәдит жолынан шықпаспыз.

Әлде сіз қазақ арасына усул жәдит жолы жайылып болды, мұнан артық ешнәрсе керек емес дейміз бе? Екінші, теріс жорыған сөзіңіз – араб хәріптерін алуға зорланады деген. Мен қиналғанымды білдірейін дегенім жоқ, сол сөздердің ішінде қиналдым, зорландым деген сөз жоқ шығар. Ол сөзді келтіргенім мәнісі – біреулер араб әліппесінен қазақ тіліне жақсырақ келетін хәріп дейді, хәттә басқа хәріптермен кітап шығарғандар да бар.

Мен соларға айтқан сөзім еді. Басқа хәріптер қазақ тіліне жақсы келсе де, оларды қазақ қабыл алмайды, басқа жаққа алаңдамай, керегімізді араб әліппесінен қаралық дегенім еді. Қазақ қабылдамағанда не үшін қабылдамайтын себебін айтайын деп, араб әліппесінің дінменен бірге байласып, сіңгендігін көрсетіп едім. Оны сіз не себептен теріс жорығаныңызды білмеймін.

Үшінші, қата түсінді ме дейтінім – қазақ тілінен шығарған хәріптер. Сіз бұларды, тіпті оқытпасқа керек деп, ойлады ма деп шәһәлланамын. Бұл хәріптерді балалар қазақ сөзіндегі хәріптерді біліп болған соң оқиды. Мысалы: татарларда тіліне керек емес деп, бүлік шығарған... хәріптерін « » оқытпай тастамайды, бірақ араб сөздеріменен оқытады ғой. Біз де солай етеміз.

Сөзіңізді бастапсыз «бірге қозғалайық» - деп. Не үшін бұлай сөз бастағаныңызға анық түсіне алмадым. Әлде сіз « » менен « » қазақ тілінен шықса, басқалардан айырылып кетеміз дейсіз бе? Тілімізде басқалық жоқ болып, хәріптерімізді басқаласақ, онда хәріптеріміздің басқалығы арамызға жік салады, арамыз ашылады – дер едік. Тіліміздің арасында жік болса, оны хәріппенен бітеп, жасыра алмаймыз. « »-ті шығармай тұрғанда жазатын едік: «сол солай», енді « »-ті шығарған соң жазамыз «سول، سولاي». Татарлар жазады: «شول، - شولاي» һәм «سولاي» деген сөздерің қазақ пенен татар түсініп жүрсе, «شول» «سول» һәм «شولاي» деген сөздерді түсіну олардан қиын болар ма екен? Біріміздің тіліміздегі бар сөз, біріміздің тілімізде жоқ. Сол сөздерді түсінуден « » яки менен жазып басқалаған сөздерді түсіну оңайырақ шығар деймін. Қысқасы, « » бұл екі хәріпті қазақ тілінен шығарғандағы жазуымыздың басқаланғаны артық болмайды. Бұрын да екі тілдің сөзіне хәрпіне қойып бірдей жазғанымыз жоқ. Мұндай басқалық «اير» - «ير»، «اوسباق»، «چلدراماق» «يواشيماق» бұрын да барады, тілімізді біріктіріп хәрпіне хәріп қойып жазалық десеңіз. Ол – басқа әңгіме, ол болмай «күр хәрпіміздің саны бірдей болса – бірге боламыз, саны басқа болса – бөлек кетеміз» - деген тіреусіз сөз.

Енді көресіз бе, Шаһзаман мырза?! Өзіңіз босқа көпіргенін. Айтқан көп сөзіңіздің бірі сұраған мәслихатымызға тура келмейді.

Менің білгенім осы. Мұның дұрыс емес жерін көрсетіп, қалай түзету ақылын айтып беріндер деп сұрадым. Білетін адамдар білімдеріңнен қарасыңдар дедім. Сіздей күлкіге көтермей, кекетпей-ақ, сізден білімі кем емес адамдар да, ақылын жай айтты. Мысалы: Бөкейханов әфенде айтты: «жарты дауысты یی һәм ؤ Англия тілінде де бар, оларға өз алдына басқа хәріптер алынбайды, неге десең, дауысты дабыстардың соңынан келетін

يى һәм ؤ жарты дауысты болады деген, қағидалары бар» - дейді. Сол қағиданы біздің тілімізге кіргізуге болады. Жарты дауысты يى һәм «ؤ» үшін хәріп белгілеп, арнамаймыз, екі хәріп кемиді, осындай орныменен айтқан ақылдан «етек-жеңімізді түріп қашпаймыз». Орынсыз айтылған нәрсені, сіздің көзіңіз шатынағанымен, істемейміз. Мен ойлаймын «бұдғалық-шырғалақ» деген сөзді оқыған соң-ақ, атыңыздың айылы шабына кетіп яки ері бауырына түсіп, тулауменен болып, жайғасып отырып ойланбадыңыз ғой деп. Я болмаса «жау келіп қалған екен» - деп, атыңызға міне, найзаңызда ала, аяқтарыңыз салақтап, етектеріңіз далақтап, шаптыңыз ғой, жалғыз мақсат – жауды мұқату да болып, бар өнеріңізді соған жұмсадыңыз деймін.

Жау жоқ, найзаңызды тастаңыз! Жайғасып отырып мәслихат беріңіз! Құрал сайлау керек дегенде, жауласудың құралы емес, оқудың құралын айтамын, оқу құралын сайлау оңай емес. Сіз болып, біз болып, өнерімізді осыған жұмсап, осы істі аяқтандырарлық. 28 хәріппенен жазып, бір-бірімізді түсініп жүрміз ғой деген сөз, қазақтың балаңды оқыт дегенде: «оқымай да өлмей, күн көріп жүрміз ғой» - деп, айтайын жауабы сықылды. Жазуымызда тәртіпсіздік, кемшілік барлығын жалғыз мен емес, басқалар де айтады. Еш кемшілік болмаса, ешкім сөз қылмас еді ғой. Қазаққа «пәлен ет, түлен ет» деп, солар күн көре алмай жүргеннен айтпаймыз, тіршілігенде кемшілік, ретсіздік болғаннан – түрлен, реттен, дейміз ғой. Сондай кемшілік, ретсіздік жазуымызда да бар, оны реттеу, жөндеу керек.

Жазуымыздың тәртіпсіздігі – оқу кітабын шығаралық десек, алдымыздан көлденең келеді. Бала оқытсақ, оқуға оралғы болады. Қазақша грамматика шығаралық десек, қадам бастырмайды. Сіз айтасыз – осы 28 хәріппенен де оқу кітаптары таралып жатыр – деп, оныңыз рас. Бірақ ол кітаптар да кемшілік бар ма, жоқ па? – педагогика, методикадан хабары бар адамдар байқайтын шығар. Қысқасы мынау ғой: қытайша жазу үйрену қиын дейді, сонда да оқып білдеі, бірақ қиын оқуменен оңай оқу бір емес. Біріне уақыт көп кетеді һәм көп қиналады, біріне уақыт аз кетеді һәм аз қиналады.

28 хәріппенен жазғанымыз жарамады-ақ болсын, соныменен жазылып шығып жатқан кітаптар оқуға қолайлы-ақ болсын, сын, бірақ жақсыданда жақсыны іздеу – алға басу. Ілгері басу керек емес – дейсіз, ә? Тараққиының да негізгі мағанасы – жақсыдан да жақсыны іздеу емес пе? Ауырды жеңілту, қиынды оңайлау емес пе? Бұл неше түрлі машина, от кеме, от арба жақсыдан да жақсыны іздегеннен табылған. Жел кемесі болса да, от кемеіні іздеген, ат арбасы болса да, от арбаны іздеген, енді көк

кемесін іздеп жатыр. Осының бәрі де жақсыдан да жақсыны іздеу, тарикқи жолы.

Қыңыр келмеңіз, мырза, түзу келіңіз Жазу түзету бірімізге емес, бәрімізге керек нәрсе ғой, «битке өкпелеп, тонын жаққан» сықылды, бірекі хәріпті қазақ тілінен шығарғаныма өкпелеп, ғұмуми істен қол сілкіп, безбеңіз! Жүк қасындағы «аққу, шортан, шаян» үшеуіне ұқсамалық!

... Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әртүрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазылған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып, жоғалуға ықтимал. Біз келімсек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз. Оқымасақ басқалармен қатар тіршілік ете алмайтынымыз сүттей ақ, күндей жарық. Оқығанда ісіміз осы қалпында болса, тіліміздің азып жоғалуы да анық. Қазақтың балалары қалай оқып жүр? Елде оқыса, он жыл оқып хат жазуды білмейтін ескі жолмен оқиды. Шаһарда оқыса, я сарт, я ноғай медреселерінде оқиды. Рус школында оқитыны русша кітап, үйренетіні русша жазу, қазақша көбі оқи да, жаза да білмейді. Мұсылман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тіл, оқығаны әдеби тілмен жазған кітап, жазғаны да сол кітаптың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араби, фарсы сөздер көп кірген тіл. Неғұрлым араби, фарсы сөздер көп қосылса, неғұрлым қара халық түсінуге ауыр, тіпті түсінбейтін болса, әдебиырақ болады деп тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тумаған, жаны жоқ тіл. Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз, қазақша жазсақ, әдеби тіл болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады. Русша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, русша жазғанымыз оңай дейді. Қысқаша, русша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі русша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады.

Бұлардың өз тілінен қорынып, жиренетін себебі не? Менің ойлауымша, бұл әдеттенуден бірі орысша, бірі әдеби тілмен оқып қазақша жазу әдетінде болмағандық. Әдетінде жоқ нәрсе қалыптан тысқары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілі мен жазу әдетінде болмаған соң русша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарын

да қазақша жазбайды. Бұлай істеулері ұнамды емес. Бірақ қазақ балаларын аталары осы күнгі оқытуына қарағанда «бұл неге солай» деп ғажаптанар да іс емес. Сегіз, тоғыз жасынан оқуға түссе, оқыған тілі басқа болса, жазғанда сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер? Мұнан былай да осы бетімізбен жүре берсек, ақтығында қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тілі жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлтақтамай осы бастан істің бетін тура жіберу үшін анықтап ашатын нәрсе мынау: қазақ тілін сақтау керек пе, болмаса русша болсын, басқаша болсын сөйлеуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса, жоғала берсін дейміз бе?

Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ» яғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтың әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады.

Бұл айтқанымыз русша, я басқаша оқымасын деген емес, русша тілін де білу керек. Бірақ өз тілінен жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, қиналып рус яки әдеби тілдерді үйренгендерге өз тілімен жазуды үйрену қиын деп ешкім айта алмас. Русша біздің де, әдеби тілді білудің де орындары бар. Біздің қарауымызша оларды өз орындарына жұмсау тиіс. Ақырында айтатынымыз, әдеби тілді сүйетін бауырларымызға газеттегі қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс. Аспандағанмен жерден алыс кете алмаспыз. Артылдық дегенмен елден алыс кете алмаспыз.

«Ов» туралы

Газет-журналдарымызда көбінесе «ұғлы, баласы, қызы» дегеннің орнына «-ов, -ва» жазылады. Бұл қазақ тілінде болмаған себепті құлаққа тіпті, ерсі естіледі, «-ов, -ев, -ин, -валар» жалғыз-ақ орыс қалқында бар деп айтуға болады, басқа Еуропа қалықтарында да жоқ. Бұларды орыстан көріп еліктеуіміз орынсыз, басқа жұрттың сөздерінің құйрығын әкеліп өз сөзімізге тағудың қанша қажеті бар? «-овтарды» орысша жазғанда қолдансақ та, қазақша «ұғлы, баласы, қызы» деп жазуымыз келіспей ме? Мұнан былай жұртқа өнеге беретін газет-журналдарымыз мұны ескерсе, қандай жақсы болар еді, қиындығы да болмас еді.

Студент Ыдырыс Оразалыұғлы.

Басқарма. Біз Ыдырыс мырзаның бұл пікірін мақұл көреміз, мұны елеусіз тастамасқа ықтиқад етерміз. Бұл туралы айтарлық бірер сөз бар. Біздің қазақ памилиа орнына өз әкесін атаса, «-ов, -ин, -ва, -на» орнына «ұғлы, қызы» деп жазуда ыңғайсыздық жоқ, «Ыдырыс Оразалыұғлы» деген секілді. Ал жұрттың көбі памилиа орнына үлкен әкесінің иә бабасының атын жазады, мысалы, «Ғалиқан Нұр Мұқамедұғлы Бөкейқанов» деген секілді. Мұндайда «Нұр Мұқамедұғлы» деу ыңғайлы болса да, «Бөкейқанұғлы» деп атасының ұлы қылып жазудың реті келмесе керек. «Ғалиқан Бөкейқан» делінсе, ретке келіңкірер еді: «Бөкей қан» деген руын атағандай болар еді, «Атығай, Қарауыл, Айдабол, Қаракесек» деген секілді. Қазақтың руының өзі орыстың памилиасына тура келді ғой. Енді бір әйел атын алайық: «Нәзипа Сағызбайқызы Құлжанова» дегенде, «Құлжан» деуіміз әм «Нұрғали Құлжанов» дегенде де «Құлжан» деуіміз, иағни әйелдің де, еркектің де памилиасын бір қалыпта атауымыздың ыңғайсыздығы болмас па? Және де, мұндайда «ұғлы, қызы» делінбей, әкесінің атын қалдырып, «Нұрғали Құлжан» иә «Нәзипа Құлжан» деп жазсақ, жай екі кісі аталып тұрған секілді болады әмілгері-кейін тұрғанынан байқалмаса, араласқанда қайсысы өз аты, қайсысы памилиасы екендігі білінбей қалса керек.

Памилианы жоғарғы айтқандай қылып қалдырамыз ба, жоқ басқа бір ыңғайлысын табуға бола ма, оқушылар, не айтасыздар?

ТІЛ ТУРАЛЫ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап.

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.

Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек.

Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген, ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз.

Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі.

Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек.

Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып түзілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Һәр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады.

Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс.

Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау.

Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап.

Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, кәсіби, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір.

20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті.

Әліп-би деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліп-би жақсы болмақшы.

Қазақ алдақашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындыкінен оңай, оңтайлы.

Сауатты адам жазғанда қол дағдысымен жазады.

Тіл білімі ереже жаттату түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек. Сөздің тұлға, мағына жағын тануға керегі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тиіс.

Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз; Бойыңды қысып, тәніңді құрыстырып тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем де әліпби қолайсыз болады.

Сөздің ең ұлығы – тарих!

Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек.

Жастардың оқу-тәрбие жұмысы түзелмей, жұрт ісі түзелмейді.

Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?!

Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз – зейін тілі.

Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылатын сөз.

Теңеу – ереуіл сөз.

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуы керек.

Өмірінің негізгі кезеңдері

А.Байтұрсынұлы 1873 жылы 25 қаңтарда қазіргі Қостанай облысы Торғай атырабындағы Сарытүбек деген жерде дүниеге келді.

1886-91 жылдары Торғай қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде оқиды.

1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебінде оқып, білім алады.

1895 жылдан Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы өңірлерінде бала оқытып, әділет үшін күреске араласа бастайды.

1905 жылы 26 маусымда Ахмет Байтұрсынұлы Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбайұлы, Міржақып Дулатов және біраз қазақ оқығандары Қоянды жәрмеңкесінде бас қосып, Петербордағы кіндік үкіметке қазақ халқының атынан құзырхат жолдайды. Бұл тарихқа «Қарқаралы құзырхаты» деген атпен енді.

1909 жылы шілде айында патша үкіметі тыңшыларының жаласымен Семей абақтысына алынып, сотсыз, үкімсіз, сегіз ай бойы қамауда жатады. Ақыры Қазақстанда тұру құқығынан айырылады.

1909 жылы Петерборда «Қырық мысал» кітабы басылып шығады.

1910 жылы наурыз айында Орынбор қаласына келеді.

1911 жылы Орынборда «Маса» атты өлеңдер және аударма мысалдар жинағы басылады.

1912 жылы Орынборда «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. Баяншы» оқу құралы жарық көрді. Бұл болашақ ұлы ғалымның қазақ тілінен жазылған алғашқы оқулығы болатын.

1913 жылы Орынборда «Қазақ» газетін шығарып, оның редакторы болды.

1913 жылы «Қазақ» газетінде «Жазу мәселесі», «Қазақша оқу жайынан», «Қазақша сөз жазушыларға» мақалалары жарияланды.

1914 жылы Орынборда «Қазақша әліппе: оқу құралы» кітабы жарық көрді.

1915 жылы «Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. Баяншы» оқу құралының екінші басылымы жарық көрді.

1916 жылы Ә.Бөкейхан, М.Дулатовпен бірге 1916 жылғы оқиғаға арналған «Алаш азаматтарына», «Қазақ жұртына», «Қазаққа ашық хат» мақалалары жарық көрді.

1917 жылы сәуірде Торғай облысы қазақтарының сиезін ұйымдастырып, оған төрағалық етті.

1917 жылы шілдеде Бірінші жалпықазақ сиезін ұйымдастырушылардың бірі болды. Осы сиезде «Алаш» партиясы құрылды. «Алаш» партиясы бағдарламасын дайындаушылардың бірі болды.

1917 жылы желтоқсанда Екінші жалпықазақ сиезіне қатысты. Мұнда Алашорда үкіметінің және оқу комиссиясының мүшелігіне сайланды.

1918 жылы Алашорда атынан Шәуешекке барды.

1918 жылы «Тіл – құрал (Қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық» кітабы жарық көрді.

1919 жылы наурызда Алашорда үкіметінің атынан Мәскеуге барып, Кеңес үкіметімен келіссөз жүргізеді.

1919 жылы «Жизнь национальностей» журналында «Революция и киргизы» мақаласы жарық көреді.

1920 жылы қазанда «Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін» атты әдістемелік кітабы жарық көрді.

1920 жылы «Тіл – құрал. (Қазақ тілінің сарфы)» кітаптары Қазан және Ташкент қалаларында жарық көрді.

1920 жылы Қазақ АКСР үкіметінің мүшесі.

1920-1921 жылдары Қазақ АКСР халық ағарту комиссары.

1920-1926 жылдары – Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Қазақстан Академиялық Орталығының жетекшісі, Ташкент, Алматы жоғары оқу орындарында профессор болып қызмет атқарады.

1921 жылы Қызылордада, Семейде, Орынборда, Ташкентте бірнеше оқу құралдары жарық көрді.

1922 жылы қазақ ұлтшылдығына арналған «Қалам қайраткерлері жайынан» мақаласы «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрді.

1922 жылы Ташкентте, Орынборда бірнеше оқу құралдары жарық көрді.

1922-1925 жылдары Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы.

1923 жылы «Қазақша жазу тақырыпты жаңа жазу ережелері», «Қазақша жазу туралы жаңа ережелер» атты Е.Омаровпен бірігіп жазған мақалалары жарық көрді.

1923 жылы Орынборда бірнеше оқу құралдары жарық көрді.

1923 жылы қазақ зиялылары елу жылдық мерейтойын атап өтті. Мерейтойда М.Әуезов, С.Сейфуллин тағы басқалар баяндамалар жасады. Қазақ зиялылары оны «Ұлт ұстазы» деп ұлықтады.

1924 жылы Орынборда, Қызылордада бірнеше оқу құралдары жарық көрді.

1924 жылы шілдеде Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіне қатысып, қазақ әліпбиіне байланысты негізгі баяндама жасады.

1925 жылы Орынборда, Қызылордада бірнеше оқу құралдары жарық көрді.

1925 жылы «Ақ жол» газетінде «Енді «қазақ» демей болмайды» атты мақаласы жарық көрді.

1926 жылы Қызылордада, Семейде бірнеше оқу құралдары жарық көрді.

1926-1928 жылдары Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтының мұғалімі.

1926 жылы Бакуде өткен түрікшілер құрылтайында негізгі баяндама жасады.

1926 жылы Ташкентте «Әдебиет танытқыш» кітабы басылып шықты.

1927 жылы Қызылордада, Семейде бірнеше оқу құралдары жарық көрді.

1927 жылы «Жаңа мектеп» журналында «Ана тілінің әдісі» мақаласы жарық көрді.

1928 жылы Қызылордада, Ташкентте бірнеше оқу құралдары жарық көрді.

1928 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры.

1929 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде «Емле туралы» мақаласы жарық көрді.

1929 жылы «Тіл жұмсар. Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытанын екінші кітап» оқу құралы жарық көрді.

1929-1934 жылдары – Архангельск облысында айдауда болды.

1937 жылы 8 қазанда қайтадан тұтқынға алынып, репрессий құрбаны болды.

1988 жылы ақталды.

1998 жылы республика бойынша туғанының 125 жылдығы кең түрде аталып өтілді.

Еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші

1912

1. Жазу тәртібі // Айқап. – 1912. - № 4-5. – 84-86 б.; 104-107 б.
2. Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. Баяншы. – Орынбор, 1912. – 15 б.
3. Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші кітап. – Орынбор, 1912. – 40 б.
4. Шаһзаман мырзаға // Айқап. – 1912. - № 9. – 212-214 б.; № 10. – 229-233 б.; № 11. – 251-254 б.

1913

1. Жазу мәселесі // Қазақ.- 1913. - №№ 34, 35, 36.
2. Қазақша оқу жайынан // Қазақ. – 1913. – 16 май.
3. Қазақша сөз жазушыларға // Шора. – 1913. - № 4. – 110-113 б.
4. Оқу жайы // Қазақ. – 1913. – 21 апр.
5. Оқу құралы. Қазақтан басқа түркі, ғараб, фарсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас. Екінші кітап. – Орынбор, 1913. – 52 б.

1914

1. Қазақша әліппе: Оқу құралы. – Орынбор, 1914. – 97 б.
2. Мектеп керектері // Қазақ. – 1914. – 17 май.
3. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Оренбург, 1914. – 53 б.
4. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Орынбор, 1914. – [сыртқы мұқабада – 1915 ж]. 120 б.

1915

1. «ОВ» туралы // Қазақ. – 1915. - № 102 /8ақпан/.
2. Оқу құралы. Усул сотиемен тәртіп етілген қазақша әліппе. «Бірінші жылдық кітап». Екінші басылуы. – Орынбор, 1915. – 96 б.

1916

1. Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші жылдық кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1916. – 98 б.

1918

1. Тіл құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918. – 32 б.

1920

1. Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін. – Қазан, 1920. – 15 б.
2. Тіл – құрал. 1 жылдық. 2 бас. – Қазан, 1920. – 50 б.
3. Тіл – құрал. 2 жылдық. 2 бас. – Қазан, 1920. – 48 б.
4. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Қазан, 1920. – 104 б.
5. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Ташкент, 1920. – 96 б.

1921

1. Оқу құралы. – Қызылорда, 1921. – 14 б.
2. Оқу құралы. 1-кітап: Үлкендер үшін. – Семипалатинск, 1921. – 24 б.
3. Оқу құралы. Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліппе. Бірінші кітап. Үлкендер үшін. – Семей, 1921. – 30 б.
4. Оқу құралы. Қазақша әліпби. – Оренбург, 1921. – 17 б.
5. Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-биге баяншы. – Ташкент, 1921. – 14 б.
6. Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. Бірінші кітап. – Орынбор, 1921. – 90 б.

1922

1. Қазақты ағарту халімізден // Ақжол. – 1922. – 14 шілде.
2. Қалам қайраткерлері жайынан // Еңбекші қазақ. – 1922. – 8 шілде.
3. Оқу құралы. 1-ші жылдық. 4-ші бас. – Ташкент, 1922. – 95 б.
4. Оқу құралы. 4-бас. – Ташкент, 1922. – 92 б.
5. Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліпб-би. – Орынбор, 1922. – 70 б.
6. Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-би. Бірінші жылдық кітап. Төртінші басылуы. – Ташкент, 1922. – 95 б.
7. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1922. – 90 б.
8. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. Екінші рет басылуы. – Ташкент, 1922. – 96 б.

1923

1. Қазақша жазу тақырыпты жаңа жазу ережелері // Қазақ тілі. – 1923. 22 наурыз (Е.Омаровпен бірге).
2. Қазақша жазу туралы жаңа ережелер // Еңбекші қазақ. – 1923. – 19 февр. (Е.Омаровпен бірге).
3. Оқу құралы. Букварь 6-шы бас. – Оренбург, 1923. – 126 б.
4. Оқу құралы. Қазақша әліп-би. Алтыншы басылуы. – Орынбор, 1923. 72 б.
5. Орысша оқушылар // Қазақ. 1923. – 15 авг.
6. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 46 б.
7. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 128 б.
8. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Бірінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 68 б.

1924

1. Әліппе астары. («Оқу құралы» деген қазақша әліп-би бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы). – Орынбор, 1924. – 26 б.
2. Оқу құралы (қазақша әліппе). Жетінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 72 б.
3. Сауат ашқыш. Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап. – Орынбор, 1924. – 114 б.
4. Тіл – құрал. 1-ші тіл танытқыш кітап-фонетика; Дыбыс жүйесі мен түрлері. – Қызылорда: Қазмембас.
4 бас. – Орынбор, 1924. – 48 б.
5 бас. – Орынбор, 1924. – 46 б.
5. Тіл – құрал. 2-ші тіл танытқыш – этимология: Сөздің жүйесімен түрлері. – Қызылорда: Қазмембас., 1924. – 128 б.
6. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. 48 б.
7. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. – Орынбор, 1924. 48 б.
8. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 128 б.
9. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Екінші басылуы. – 1924. – 67 б.

1. Әліп-би тақырыпты [Байтұрсынов] Ахметтің баяндамасы: Әліп-би тақырыпты Ахметтің жобасы // Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Оренбург, 1925. 55-65; 71-73 б.
2. Баулу мектебі // Жаңа мектеп. 1925. - № 1. – 22-27 б.
3. [1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде алфавит жөнінде жасаған баяндамасы] // Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Орынбор, 1925. – 55-65 б.
4. [1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде емле жөнінде сөйлеген сөзі] // Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Орынбор, 1925. – 27-31, 44, 47-48, 49, 53-55, 71-72 б.
5. [1924 жылы қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде ұсынған алфавит жобасы] // Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. Орынбор, 1925. – 73-75 б.
6. Оқу құралы (қазақша әліп-би). Жетінші басылуы. – Орынбор, 1925. – 72 б.
7. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Бесінші басылуы. – Қызылорда, 1925. – 39 б.
8. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші басылуы. – Қызылорда, 1925. – 122 б.
9. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен үшінші басылуы. – Қызылорда, 1925. – 73 б.

1. Әдебиет танытқыш. 1-ші басылуы. – Қызылорда-Ташкент, 1926. – 285 б.
2. Әліп-би: Жаңа құрал. – Қызылорда: Қазмамбас., 1926. – 116 б.
3. Әліппе: Үлкендер үшін. 1-кітап. – Қызылорда, 1926. – 83 б.
4. Латын әліппесінің керексіздігі // Еңбекші қазақ. – 1926. – 19 б.
5. Латын әрпін алу туралы // Еңбекші қазақ. – 1926. – 30 дек.
6. Оқу құралы. III-IV жылдарда оқылатын кітап (суреттері бар). – Қызылорда, 1926. (ішкі бетінде – 1925). – 412 б. (Т.Шонановпен бірге).
7. Сауат ашқыш. Дыбыс әдіс жолмен тәртіптелген қазақша әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін. 1-кітап. – (Семей), 1926. – 83 б.
8. Түрікшілер құрылтайы // Жаңа мектеп. – 1926. - № 7-8. – 43-50 б.
9. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертпей бесінші басылуы. – Қызылорда: Қазмамбас., 1926. – 39 б.
10. (Выступление в прениях) // Первый Всесоюзный тюркологический съезд. Баку, 1926. – С. 167-168, 286-289 (Об орфографии).

11. (Доклад о принципах казахской терминологии) // Первый Всесоюзный тюркологический съезд (г. Баку, 1926): Стеногр. Отчет. – Баку, 1926. – С. 203-208.
12. (Заключительное слово как докладчика) // Первый Всесоюзный тюркологический съезд. 26 марта 1926 г.: Стенографический отчет. – Баку, 1926. – С. 394-395.
13. (О принципах казахской терминологии) // Первый Всесоюзный тюркологический съезд. 26 марта 1926 г.: Стеногр. отчет. – Баку, 1926. – С. 203-208.
14. Тезисы о терминологии на тюркских языках // Бюллетень организационной комиссии по созыву I Всесоюзного тюркологического съезда. – Баку, 1926. - № 2. – С. 20-22.

1927

1. Ана тілінің әдісі // Жаңа мектеп. – 1927. - № 9. – 23-31 б.
2. Әліп-би: Жаңа құрал. Қазақстан білім ордасы мектепте қолдануға ұйғарған. Түрлі суреттермен басылған. – Қызылорда-Ташкент, 1927. – 116 б.
3. Әліп-би: Жаңа құрал. 2 бас. – Қызылорда: Қазмембас., 1927. – 116 б.
4. (Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліп-биін жақтаған баяндамасы) // Әліппе айтысы. – Қызылорда, 1927. – 16-29 б.
5. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Тіл құралы. 1-кітап. 7-ші бас. – Семей, 1927. – 38 б.
6. Жалқылау (айырыңқы) әдіс // Жаңа мектеп. – 1927. - №11- 12. – 45-49 б.
7. Жаңа әліппе. – Қызылорда, 1927. – 116 б.
8. Оқу құралы. 3-4 жылдарда оқылатын кітап. Екінші басылуы. – Қызылорда, 1927. – 412 б. (Т.Шонановпен бірге).
9. Оқу құралы. 3-4 жылдарда оқылатын кітап. Үшінші басылу (75 суреті бар). – Қызылорда, 1927. – 412 б. (Т.Шонановпен бірге).
10. Оқу құралы. 3-4 жылдық. – 3 бас. – Қызылорда, 1927. – 352 б. (Т.Шонановпен бірге).
11. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертіліп, алтыншы басылуы. – Қызылорда, 1927. – 39 б.
12. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Өзгертіліп, жетінші басылуы. – Қызылорда, 1927. – 39 б.
13. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Төртінші басылуы. – Қызылорда, 1927. – 73 б.
14. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен бесінші басылуы. – Қызылорда, 1927. – 73 б.

15. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен алтыншы басылуы. – Қызылорда, 1927. – 122 б.
16. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен жетінші басылуы. – Қызылорда, 1927. – 122 б.

1928

1. Ана тілінің әдісі // Жаңа мектеп. – 1928. - №9. – 23-31 б.
2. Әліп-би: Жаңа құрал. 3 бас. – Қызылорда: Қазмембас., 1928. – 116 б.
3. Дыбыстарды жіктеу туралы // Жаңа мектеп. – 1928. - № 5. – 65-70 б.
4. Жалқылаулы-жалпылау әдіс // Жаңа мектеп. – 1928. № 1. – 31-37 б.
5. Тіл жұмсар. Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын бірінші кітап. – Қызылорда, 1928. – 46 б.
6. Тіл – құрал. – Қызылорда-Ташкент, 1928.
7. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен алтыншы басылуы. – Ташкент-Қызылорда, 1928. – 72 б.

1929

1. Емле туралы // Еңбекші қазақ. – 1929. – 27 наурыз
2. Тіл жұмсар. Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын екінші кітап. Екінші рет, өзгертіліп басылуы. – Қызылорда, 1929. – (ішкі бетінді - 1928) 90 б.
3. Практическая грамматика. 2-ое стереотипное издание. Вторая книга. – Кызыл-Орда, 1929

Ғылыми түсініктемелер

Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). 1-жылдық. Орынбор, 1914 // Ахмет Байтұрсынұлы (Тіл - құралы). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2005, 3 том, 105-190 б.

Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). 2-жылдық. Орынбор, 1915 // Ахмет Байтұрсынұлы (Тіл - құралы). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2005, 3 том, 105-190 б.

Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III-тіл танытқыш кітап. Қызылорда, 1925 // Ахмет Байтұрсынұлы (Тіл - құралы). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2005, 3 том, 71-103 б.

Тіл жұмсар. Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын I-ші кітап. Қызылорда, 1928 // Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2005, 3 том, 283-308 б.

Жазу мәселесі // Ахмет Байтұрсынұлы (Әліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 244-246 б.

Жазу тәртібі // Ахмет Байтұрсынұлы (Әліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 238-244 б.

Дыбыстарды жіктеу туралы // Ахмет Байтұрсынұлы (Тіл - құралы). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2005, 3 том, 329-337 б.

Емле туралы // Ұлттың ұлы ұстазы (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). Құраст.: В.Қ.Күзембаева. Алматы: «Комплекс», 2001, 128-137 б.

Тіл қисыны // Ахмет Байтұрсынұлы (Әліппелер мен мақалалар). Әдебиет танытқыш. Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2003, 1 том, 176-178 б.

Сөз талғау // Ахмет Байтұрсынұлы (Әліппелер мен мақалалар). Әдебиет танытқыш. Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2003, 1 том, 179-184 б.

Қай әдіс жақсы? // Ахмет Байтұрсынұлы (Тіл - құралы). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2005, 3 том, 309-318 б.

Жалқылау (айырыңқы) әдіс // А.Байтұрсынов Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: «Ана тілі», 1992, 364-367 б.

Жалқылаулы-жалпылау әдіс // А.Байтұрсынов Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: «Ана тілі», 1992, 368-372 б.

Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпбиін жақтаған байандамасы // Ахмет Байтұрсынұлы (Әліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 252-266 б.

Әліпби тақырыбты Ақыметтің байандамасы // Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Құраст.: Ш.Құрманбайұлы. Астана: «1С-Сервис» ЖШС 2005, 1925, 72-82 б.

Қалам қайраткерлерінің жайынан // Ұлттың ұлы ұстазы (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады). Құраст.: В.Қ.Күзембаева. Алматы: «Комплекс», 2001, 75-81б.

Түрікшелер құрылтайы // А.Байтұрсынов Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: «Ана тілі», 1992, 411-416 б.

Доклад на первом всесоюзном тюркологическом съезде // Ахмет Байтұрсынұлы (Өліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 275-285 б.

Қазақша сөз жазушыларға // А.Байтұрсынов Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: «Ана тілі», 1992, 395-399 б.

Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек // Ахмет Байтұрсынұлы (Өліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 232-234 б.

Мектеп керектері // Ахмет Байтұрсынұлы (Өліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 301-304 б.

Оқу жайы // Ахмет Байтұрсынұлы (Өліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 288-291 б.

Орысша оқушылар // Ахмет Байтұрсынұлы (Өліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 291-294 б.

Бастауыш мектеп // Ахмет Байтұрсынұлы (Өліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 296-301 б.

Қазақша оқу жайынан // Ахмет Байтұрсынұлы (Өліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Құраст.: А.Ісімақова., Р.Имаханбетова., Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 294-296 б.

Шаһзаман мырзаға // А.Байтұрсынов Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: «Ана тілі», 1992, 387-395 б.

«Қазақ» газетінен // «Қазақ» газеті. Құраст.: Ү.Субханберлина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998, 14-15 б.

«ОВ» туралы // Ахмет Байтұрсынұлы (Өліппелер мен мақалалар). Бес. том. шығ. жин. Алматы: «Алаш», 2006, 4 том, 226-227 б.

МАЗМҰНЫ

Қазақ руханиятының көсемі, қазақ тіл білімінің атасы.....	3
<i>Оқу құралдары</i>	
Тіл (Қазақ тілінің сарфы). 1- жылдық.....	7
Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). 2-жылдық.....	39
Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. III-тіл танытқыш кітап	122
Тіл жұмсар.....	185
<i>Мақалалар</i>	
Жазу мәселесі.....	212
Жазу тәртібі.....	214
Дыбыстарды жіктеу туралы.....	220
Емле туралы	227
Тіл қисыны	235
Сөз талғау	237
Қай әдіс жақсы?.....	242
Жалқылау (айырыңқы) әдіс.....	250
Жалқылаулы-жалпылау әдіс.....	254
Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліпбиін жақтаған байандамасы.....	260
Әлібби тақырыбты Ақметтің байандамасы.....	272
Қалам қайраткерлерінің жайынан.....	279
Түрікшілер құрылтайы.....	284
Выступление на первом всесоюзном тюркологическом съезде.....	291
Қазақша сөз жазушыларға.....	300
Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек.....	305
Мектеп керектері.....	307
Оқу жайы	310
Орысша оқушылар	313
Бастауыш мектеп	316
Қазақша оқу жайынан	320
Шаһзаман мырзаға.....	323
«Қазақ» газетінен.....	331
«Ов» туралы.....	333
<i>Қанатты сөздері</i>	334
<i>Өмірінің негізгі кезеңдері</i>	337
<i>Еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші</i>	340
Ғылыми түсініктемелер.....	346

